

ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ

**ҚҰДАЙБЕРГЕН
ЖҰБАНОВ**

АЛМАТЫ, 2013

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесі баспаға ұсынған

«Ұлы дала тұлғалары» сериясының редакция алқасы

Филол.ғ.д., профессор М.Малбақов
ҚР ҮФА академигі Ә.Қайдар
ҚР ҮФА академигі Р.Сыздық
ҚР ҮФА академигі Ә.Айтбай
Филол.ғ.д., профессор Т.Жанұзақ
Филол.ғ.д., профессор Б.Әбілқасымов
Филол.ғ.д., профессор Н.Уәли
Филол.ғ.д., профессор А.Қ.Жұбанов
ҚР ҮФА корр.-мүшесі, филол.ғ.д., профессор З.Базарбаева
Филол.ғ.д., профессор Ж.Манкеева
Филол.ғ.д., профессор К.Рысберген

Жауапты редакторлар:

Филол.ғ.д., профессор А.Қ.Жұбанов
Филол.ғ.к., доцент С.Құлманов

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор – *Т.Жанұзақ*
Филология ғылымдарының докторы, профессор – *Ж.Манкеева*
Филология ғылымдарының докторы – *О.Жұбаева*
Филология ғылымдарының докторы – *А.Жаңабекова*
Филология ғылымдарының кандидаты – *С.Ш.Мадиев*

Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор
М.Малбақов. –Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. – 448 бет.

«Ұлы дала тұлғалары» сериясымен жарық көріп отырған бұл ғылыми-танымдық еңбекте қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін салушы, қазақ филологиясының тұнғыш профессоры, ағартушы-ғалым, қоғам қайраткері Құдайберген Куанұлы Жұбановтың өмір жолы, қоғамдық қызметі баяндады. Қ.Жұбановтың тіл білімі саласындағы еңбектері, ғылымға қосқан жаңалықтары мен соны тұжырымдары, қазіргі ғылыми парадигмамен сабактастыры, теориялық маңыздылығы талданып, ғалымның ғылыми тілдік тұлғасы жан-жақты ашылады. Сонымен қатар ғалымның көркем әдебиет, публицистика, әдістеме салаларындағы зерттеулері, аудармашылық, драматургтік, ақындық, суретшілік өнері туралы мәлімет беріледі. Ғалым еңбектері туралы қорғалған диссертацияларға шолу жасалып, жұбановтану ілімінің жалғастыры баяндады. Жұбановтар әулеті туралы деректер келтіріліп, абзal азамат, ұлтын сүйген ұлағатты үл Қ.Жұбановтың азаматтық тұлғасын ашу мақсатында жарының, жақын туыстарының және көзкөргендердің естеліктері беріледі.

Кітап тіл мамандарымен қатар, көпшілік оқырман қауымға арналған.

СӨЗ БАСЫ

Қарт тарихтың қай бетін ашсақ та, ұрпақ санасына ұлагат үлгілер сара жолдарға ұласқан соқпақтар сайрап жатыр. Елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу үшін жан аямай еңбек етіп, жанқиярлық ерлік көрсеткен тұлғалардың маңдай тери мен төгілген қанының табы айғызданған сүрлеулер.

УАҚЫТ. АДАМ. ҚОҒАМ.

ХХ ғасырдың басы... Қазақ елі... Тарих пен халық... Ұлан-байтақ жерде мамыражай өмір сүрген ұлы елдің ұлан-асыр өзгерістермен бетпе-бет келген кезі...

Тарих қазаққа рухани әлеміндегі асқақтатып, дүниеге танытқан таланттар беруден тарынбаған. Қараңыз, ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне көз салсақ, Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жақып Ақбаев, Халел Фаббасов, Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермеков, Құдайберген Жұбанов, Әміржан Сытдықов, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Қошке Кеменгерұлы, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Нәзір Төрекұлұлы, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Илияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Санжар Аспандияров, Темірбек Жұргенов, Ахмет Бірімжанов, Бақтыгереи Құлманов, Әли Көтібаров, Серәлі Лапин, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Бақытжан Қаратаев, Мәннан Тұрғанбаев, Ғұмар Қарашев, Мұхаметжан Сералин, Абдолла Байтасов, Ұзақбай Құлымбетов, Ораз Исаев, Сүлеймен Есқараев, Жанайдар Сәдуақасов, Мұхамеджан Тынышбаев, Коңырқожа Қожықов, Сейітқали Мендершев, Қабылбек Сарымолдаев, Қайсар Тәштитов, Жұмат Шанин, Рақым Сүгіров, Зарат Темірбеков, Тел Жаманмұрынов, Қажым Қасымұлы және т.б. сыңды алыптар шоғырын түйдек-түйдегімен сыйлағаны – бір бақыт қазағыма. Ғылым мен өнерге, мәдениет пен білімнің өркендереп өсуіне өлшеусіз зор үлес қосқан бұдан басқа да тұлғалардың еңбегі мен мирас еткен мұрасы ұшан-теңіз.

Өттең!... Қазақ халқына өзгерістер әкелген жаңалықтарға жанталаса ұмтылған ұлт көсемдері мен сұңғыла саңлақтары құйтұрқы саясаттың құрбаны болды...

Бір ғажабы – алаш зияллыларының қай-қайсысы да халқына қалтқысыз қызмет ете жүріп, ұлт мерейін асқақтатуға ұмтылған рухы биік жандар болатын. Сондағы сүйенері де, тірегі де – қазақтың тілі мен тарихы, мәдениеті мен өнері-тін.

Бұл турасында бүгінгі егемендік тұсында тарихи да, саяси да баға беріліп жатыр, ақиқаттың ашылмаған, аршылмаған қабаттары әлі де қазыла бермек. Ал біздің әңгімемізге тұздық болар мәселе – халқымыздың заманалар дүрбелене төтеп берер бірден-бір қаруы – тілі деп жанұшырған ғалымдар, олардың мәңгілік мұралары.

...1937 жылдың күзінен 1957 жылдың күзіне дейін жиырма жыл бойы нақақтан-нақақ қараланып, аталмай келген, қазақ аспанында «құйрықты

жүлдіздай жарқ етіп жоғалған» ұлт марқасқаларының ішінен қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін қалаушы, қазақ филологиясының тұнғыш профессоры **Құдайберген Қуанұлы Жұбановты** қайта тану 60-70 жылдардың тұсында көзкөргендердің естеліктерін жинаудан, өмірбаянын терендей зерттеуден басталды. Бұрын жарияланған еңбектері әуелі жеке мақалалар түрінде, 60-жылдардың сонында академиялық жинақ болып жарыққа шықты. Ғалымның жоғын іздеуге, халқына қайта табыстыруға мұрындық болған елеулі бір ұндеу академиктер – М.Әуезов пен И.Кенесбаевтың «Қазақстан мұғалімі – Учитель Казахстана» атты республикалық газетте 1957 жылы 5 желтоқсанында орыс-қазақ тілдерінде жарияланған «Қазақ лингвистикасының негізгі салушы» – «Основоположник казахской лингвистики» (1) атты мақаласы болды.

Ұлттымыздың данышпан жазушысы, адамзаттық гуманистік идеяны паш еткен өкілдерінің бірегейі – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезов профессор Қ.Жұбановқа арнаған «Ірі оқымысты» атты мақаласында: «...Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді...», – деген болатын (2, 358). Кеменгер ойшылдың бұл сөздері Қ.Жұбановтың көзін көрген үзенгілестері мен шәкірттері ғана емес, ғалым бейнесімен оның еңбектері арқылы ғана танысқан кейінгі үрпақ өкілдерін де бей-жай қалдырmasы хақ. Ғалымның атына жағылған ақтандақ аршылып, қалдырған қазынасы халқына қауышқанда ұлт зиялыштары, замандастары, шәкірттері еңбектерін екшелей отырып, баға беріп жатты.

Солардың бірі – академик Әбдуәли Қайдардың: «Профессор Құдайберген Жұбанов – өзінің қысқа ғұмырында бір өзі бір академиялық институттың атқаратын жүгін көтерген майталман ғалым» (3, 6), – деген ойы ғалымның биік мәртебесін айғақтап тұр. Шынында да, Қ.Жұбановтың сонау еткен ғасырдың 20-жылдардың ортасынан бастап, 30-жылдардың соңғы ширегіне дейін тындырып кеткен істері бұл күнде терең де өрісті ғылыми ойларға өзек болып отыр.

Құдайберген Жұбановтың өмірбаянын сөз еткенде еткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ зиялыштарының қоғам өміріне белсене араласып, әлеуметтік жүктөрді қоса арқалағанын айтпай кетуге болмас, әрине. Өйткені ар-ұжданы биік, көкірек көзі ашық алдыңғы саптағы зиялыштар тобы әрдайым әлеуметтік істердің басынан табылуды, қоғамның мәдениеті мен рухани өмірінің барлық саласына аянбай қызмет етуді өздерінің азаматтық борышы санады.

Қ.Жұбанов ағартушы, мәдениет және қоғам қайраткері, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі атанып, ғылым кенін еңсерді, қазақ филологиясының тұнғыш профессоры атанды. Ғалымның ҚазПИ-де лекция оқып, кафедра менгерушісі, кейін декан қызметтерін атқара журіп, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының лингвистика секторының менгерушісі (қазіргі Тіл білімі институты), «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» бас редакторы, Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты

жанындағы Методика, программа, оқу қуралдары секторының менгерушісі, Мемлекеттік термин комиссиясының тәрағасы, термин комиссиясы бюллетенінің редакторы, «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы, Халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі, Ұлттар мәдениеті институты ғылыми кеңесінің мүшесі болып, бірнеше жұмысты бірдей атқарғаны ет пен сүйектен жараптан адам баласының қолынан келер іс дегенге қайран қалмасқа шара жоқ. Бірнеше ғылыми-зерттеу институтының басшылары атқаратын міндепті Қ.Жұбановтың бір өзінің арқалауы ғалымның өз халқы үшін жанын аяマイ енбек етуі болса, екінші жағынан, ол кезде Қ.Жұбановтай оқыған әрі тума таланттардың тапшылығынан деуге болар.

1930 жылдардың бас кезінде жергілікті түркі тілдес республикаларда тіл білімін көтеру, ұлт кадрларын даярлау мақсатында сол республикаларға жұмыс істеуге орталықтан (Мәскеуден) түркітанушы ғалымдарды жіберу дәстүрі болған. Мысалы, Өзбекстанға В.В.Решетов пен И.А.Батмановты, Қырғызстанға К.К.Юдахинді, Қарақалпақстанға Н.А.Басқаковты, Түрікменстанға А.П.Поцелуевскийді жіберген. Бірде профессор Н.А.Басқаковтан жас зерттеушілердің бірі: «Сіз өзініздің ғылыми жолыңыздың басында неге қазақ, қыргыз тілдерінен гөрі қарақалпақ тіліне көбірек көңіл бөлдіңіз? Былай қарағанда, тілдер өзара өте жақын ғой, бәлендей қындық тудырмайтын еді ғой», – деп сұрағанда, ол кісі: «...Сіздерде А.Байтурсынов, Н.Төреқұлов, Қ.Жұбанов сияқты алыптары бар бүкіл әлем мойындаған керемет лингвистикалық мектеп түрді ғой...», – деп жауап беріпті. Атақты түркітанушының Қ.Жұбановты «әлем мойындаған лингвистикалық мектептің» маңдайында тұрган алыптардың қатарында атауы сол кездегі түркологияда ғалымның қандай рөл атқарғанын, оны түркология әлемінің қаншалықты мойындағанын көрсетсе керек.

Қ.Жұбановты қайта тану ісін туған інісі, академик Ахмет Жұбанов, академик М.Қаратаев, А.Ысқақов, F.Мұсабаев, М.Балақаев, Р.Сыздық, Ә.Қайдар т.б. бастап, ғылымдағы жас буын одан әрі жалғастырды. Алғашында «қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі» деп аталған Қ.Жұбановтың кейіннен сол ғылымның теориялық негізін салған бірегей оқымысты екені анықталды. Одан әрі Қ.Жұбановтың қазақ тілінің аясымен ғана шектелмей, ана тіліміздің тарихын зерделеу арқылы түркология әлеміне қалам сілтеген ғалым екені де мойындалды. Зерттеу жұмыстары одан әрі тереңдей түскенде Қ.Жұбановтың тек түркология аясында ғана қалып қойған зерттеуші емес, әлемдік тіл біліміне де құлаш жайып, үндіеуропа тіл білімі мен шығыстануды, яғни ориенталистиканы ұштастыра білген ғалым екендігі дәлелденді. «Қ.Жұбанов ғылым айдынының қай бағытын ұстанды?» дегенде, оның дәстүрлі лингвистиканың барлық салаларын қамти зерттегені, көне мәдениет көздерін этнолингвистикалық таным тұрғысынан зерделегені, сандық ұғымдарды мол пайдаланатын математикалық лингвистиканың алғышарттарын белгілеп кеткені, тіл тарихын халық тарихының терең қойнауларынан іздестіру үшін ескі орхон, араб, латын жазуларын қамти отырып, жапон тілінің иероглиф жазуын игеру арқылы қытай иероглифін

зерттеуге, сөйтіп, тарихтың өне бойында жатқан деректерге жол салуға үмтүлған майталман екендігі де мәлім болды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен және мақсаттық қаржыландыруымен қолға алынған «Ғылыми қазына» пәнаралық бағдарламасының «Ұлы дала тұлғалары» сериясы аясында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдар ұжымы дайындаған бұл еңбекте қазақ тіл білімінің дүниеге келуі мен теориялық тұрғыда қалыптасуы жолында адаптацияның қызыметін атқарған – Қ.Жұбановтың өмір жолы мен қызыметі турасында «Тұфырлы тұлға тағдыры» атты тарауда жан-жақты ақпарат беріліп, қайраткер қызыметі құжаттар тілімен баяндады. Аталған тарауды жазу барысында алғашқы жұбановтанушы, академик Р.Сыздықтың «Ғалым-азамат» (4) және К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов» (5) еңбектері пайдаланылды. Тарауды құрастыргандар – Қ.Жұбановтың әке жолын қуып, тіл ғылымын таңдаған кенже ұлы, филол.ғ.д., проф. Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов, жұбановтанушы, филол.ғ.к. Ж.Сұлтан, филол.ғ.к., доцент С.Құлманов.

«Жақсылының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген тараудың «Қ.Жұбанов – ғылым көгінің жарық жүлдэзы» атты бөлімінде қазақ тіл білімінің ғалым негізін қалаған салаларға (филол.ғ.к., доцент С.Құлманов), фонетика («Бірде бәсекен, бірде қатаң», филол.ғ.д., проф. З.М.Базарбаева), морфология («Сөз материалының түр сипатты», филол.ғ.д., проф. Ж.Манкеева, филол.ғ.д. А.Ә.Жаңабекова, филол.ғ.д. О.Жұбаева), синтаксис («Киынын тауып қаламасаң...», филол.ғ.к., доцент С.Құлманов), жалпы тіл теориясы («Тілтаным теориясы туралы тұжырымдар», филол.ғ.д., проф. Б.Хасанұлы), терминология («Толғауы тоқсан термин сөз», академик Ә.Айтбай, филол.ғ.д., проф. Т.Жанұзак, филол.ғ.д. Қ.Айдарбек, филол.ғ.к. Б.Жонкешов), орфография және әліпби («Әліпби деп аландалап, емле деп елеңдеген», филол.ғ.д., проф. Н.Уәли, филол.ғ.д. Қ.Күдеринова, филол.ғ.к. Н.Әміржанова), ономастика («Атаулардың астары», филол.ғ.д., проф. Т.Жанұзак, филол.ғ.д., проф. Қ.Рысберген) салаларына қатысты еңбектеріне ғылыми талдаулар жасалады.

Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулері көп уақыт бойы құрылымдық лингвистика тұрғысынан қарастырылып келгендейдігі белгілі. Алайда ғалымның қамшының сабындағы қысқа ғұмырында қалдырып кеткен мұраларына тереңірек үніле қарап, қазіргі тіл білімінің даму бағыттары, ұстанып отырған концепциялары тұрғысынан көз тастасақ, бүгінгі ғылыми ой-тұжырымдардың «мен мұндалап» жатқандығын аңғарамыз. Осы орайда «Соны сүрлеу» тарауы (филол.ғ.д., проф. А.Жұбанов, филол.ғ.д., проф. Ж.Манкеева, филол.ғ.д., проф. Қ.Рысберген, филол.ғ.д. А.Жаңабекова, филол.ғ.к. С.Құлманов, филол.ғ.к. Ж.Сұлтан, филол.ғ.к. F.Ермекбай) Құдайберген Қуанұлының ғылыми мұрасының қазіргі ғылымдағы маңызы мен жалғастығына, сабактастық сарынына арналды.

Қ.Жұбановтың көрнекті лингвист-ғалым бола отырып, көркем әдебиет мұхитына сұнгіп («Көркемдікті көздеген көреген көз», академик Ә.Айтбаев, филол.ғ.д., проф. Т.Жанұзақ, филол.ғ.д., проф. Ж.Манкеева), публицистика айдынында жүзгені («Қараңғыға «Ай» туғызған қаламгер», Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбановтың публицистикасы» атты кандидаттық диссертациясы негізінде дайындаған – кіші ғылыми қызметкер А.Барменқұлова), оқыту әлемінде шарықтағандығы («Ұстаз-ғалымның ұшқыр тағылымы», педагогика ғ.д., проф. Ф.Оразбаева), аудармашылық өнері («Тәлімгер тілмаш», академик Ә.Айтбай, филол.ғ.д. Қ.Айдарбек, филол.ғ.к. Б.Жонкешов, кіші ғылыми қызметкер Е.Бесіров), драматургтік, ақындық, суретшілік, оюышылық қабілеті туралы («Құдай берсе, құлай береді», Р.Сыздықтың «Ғалым азамат» және К.Кенжебав пен Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов» атты еңбектерінің негізінде дайындаған – филол.ғ.к., доцент С.Құлманов) «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты тарау кеңінен сыр шертеді. (Тарауларға тағылған атаулар Құдайберген Қуанұлының өз сөздерінен және Құдайберген Қуанұлына қатысты айтқан ғалымдар сөздерінен алынғандығын айта кеткен жөн).

Әрине, Қ.Жұбановтың ғалымдық, әдіскерлік, көсемсөздік және т.б. қырларын осы еңбек толық ашып береді деуден аулақпыз. Өйткені ғалымның ғылымдағы ғұмыры әрі қарай зерттеле бермек, жұбановтану ісі жалғаса бермек. Осы тұста «Өшпес мұра» тарауында ғалымның еңбектері туралы қорғалған диссертацияларға шолу жасалып (филол.ғ.к. Ж.Сұлтан), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті жанындағы «Жұбановтану» зертханасының (зертхана менгерушісі, филол.ғ.к. А.Е.Жұбанова), Ағайынды Жұбановтардың мемориалдық мұражайының қызметі (Мұгаджар аудандық Ағайынды Жұбановтардың мемориалдық мұражайының директоры Ұ.К.Мұхамбетова) баяндалды.

Кітаптың «Жұбановтар жұлдызы» тарауы, атынан көрініп тұрғандай, профессор Құдайберген Жұбановтың дарыны дарып, қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің төрінде есімдері шоқжұлдыздай жарқыраған Жұбановтар әuletіне арналды (филол.ғ.д., проф. Т.Жанұзақ). Ал соңғы «Есімі ел есінде» тарауында абзal азамат, ұлтын сүйген ұлағатты ұл – Қ.Жұбановтың азаматтық тұлғасын жарының, жақын туыстарының және көзқөргендердің естеліктері арқылы келер үрпаққа таныту мақсаты көзделді.

Еңбекті даярлау барысында осы шығармашылық топтың жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Жұбанов пен жұмыстың жалпы корпусын даярлап, стильдік өндеуден өткізген, жиналған материалдарды «Ұлы дала тұлғалары» сериясына бейімдеген филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Құлмановтың ерекше еңбек сіңіргендігін айту керек. Тіл білімі институты аталмыш еңбек материалдарын жинауга, жазуға, өндеуге және баспаға ұсынуға қолғабысын тигізген барша шығармашылық ұжым мүшелеріне зор ризашылығын білдіреді.

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология гылымдарының докторы, профессор
М.Малбақов*

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛІФТАҒДЫРЫ¹

Тамыры терең тектілік

Қ.Жұбановтың әкесі Куан Жұбанұлы Кіші жүз ішіндегі Әлім тайпасының Бұжыр аталығынан өрбіген Шекті деген белгілі рудан тарайды. Оның өз жұрты «Назар» деп аталады. Туып өскен жері – Мұғалжар тауы, Жем-Темір өзендерінің бойы, Ақтөбе өнірі. Дүниеге келген мезгілі 1873 не 1874 жыл болуы керек.

Қазақтың тарихын таразылай қарасақ, қай кезенде де көсіліп жатқан шұрайлы дағаға көз алартушылар аз болмаған деуге болады. Әсіресе, Қазақстанның Батыс аймағында жаугершілік көп болған. Сондықтан қазақтың ат жалын тартып мінген ұл баласы шетінен қолына қару алғып, елін қорғауға дайын тұргандығы ақиқат. Ел арасына тараған кеткен «Шекті шетінен батыр» деген сөз – осының айғағы. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны» қазақ қалай ұмытсын?! Қалмағын, шұршітің, түрікпенің, башқұртың, орысың, ноғайың – бәрі де – ол заманда жерімізге көз алартқан «ері етігімен су кешіп, аты ауыздықпен су ішкен» заманда Шектілердің шетінен батыр болмасқа амалы бар ма? Куан да сол батыр – Шектінің бір ұрпағы.

Әріректен бастасақ ... Әуезден Жәнібек атты жалғыз ұл туады. Жәнібек біреу болса да, бірегей болыпты. Сөзге шешен, зерделі, елін аузына қаратады. Халық оны бірде – би, енді бірде – батыр деп атайды екен. Ол да тегін емес. Өйткені Жәнібектің бәйбішесінен Атан, Тайлақ, Қожа, Қойлақ, Шалабай деген бес ұл туса, Мыңқой атты екінші әйелінен де бес ұл туады. Олар өз руының атына шешесі Мыңқойдың атын қосып атап, «Мыңқой Әуез» дейтін ел болып тарапады. Осындай көп ауылдың қожасы болған Жәнібек билік те жүргізген, жалпақ елді өз уысында да ұстай білген саясаткер ері көреген қолбасшы болған.

Кіші жүздің ханы Әбілқайыр қаза болғаннан кейін, орнына баласы Нұралыны хан сайлатпақ болып Бопай ханым ордаға әр елдің басшыларын жинағанда, сол жиынға Жәнібек те барған екен дейді елдің көнекөздері. Халықтың қолдауы қажет болғанда, елін соңына ерте алатын Жәнібектей адамды ханымның шақырғаны рас та болар. Жәнібектің ұлы Тайлақ та батырлығымен есімі ел аузында қалған адам. Ол талай жаумен айқасып жүріп, түрікпендермен болған бір қақтығыста қаза болады. Сол ұрыста ол

¹Қ.Жұбановтың өмірі мен қызметіне қатысты алғашқы жұбановтанушы, академик Р.Сыздықтың «Ғалым-азамат» (2004) және К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов» атты (2000) еңбектері пайдаланылды.

күшіне қоса, айласын да қолданып, аз әскермен көп қолды жеңген екен дейді айтушылар. Ұрыс теңіз жағасына жуық Мұғалжардың етегі жазыққа айналған жерде болса керек. Қасында шамалы ғана жігіті бар Тайлақ қаша ұрысып, жауды судың жиегіне әкеледі. Осы кезде тығылып тұрған қолға кездесіп, жау жеңіледі. Амал не, есіл ер елге оралмайды. Сол жазыққа жерленіпті. Тайлақтың артында Батыrbай, Ерубай, Қондыбай деген үш ұл қалады. Батыrbай жасынан әкесіндей батыр болуды армандайды. Найзаласып, қылыштасып үйренеді. Ат үстінен тұспейді, қасына қайратты жігіт-желең жинайды. Есет, Дәрібайлармен де бірге талай жорыққа қатынасады.

Батыrbайдың ақсауыты, құрал-сайманы Жұбанның кіші баласының үйінде кеңес заманына дейін сақталып келген екен. Тек, 1929 жылы тұн ішінде Ақжардың сұы көтеріліп кетіп, ауыл адамдары бала-шағасын аман алып шығады да, көптен бері ақ сандықта жатқан сауыт-саймандар қалып қояды. Ақжар сұы оны қай жағаға ағызып апарғанын кім білсін?! Бұл деректі Тәпеннің бәйбішесі Балбөпे әжей айтыпты...

Батыrbайдың заманы патшалық Ресейдің қазақ даласын жаулап алуға шындал кірісе бастаған кезі болатын. Және көршілес башқұрттар мен Еділ бойының қалмақтарын да үнемі қазақ еліне айтақтап отырған-ды. Ақ патша сол саясаты нәтижесінде қазақ жерін өзіне қаратып, Жем мен Елек бойына әр жерден бекіністер тұрғыза бастаған. Батыrbайға ерген қайратты ел азаматтары үнемі аттан тұспей, жортуда күн кешіпті. Қора-қора қой, үйір-үйір жылқы мен сиырларды ауылдан алыс, сай-салада жасырып бағады екен. Ауыл сыртына құзет қояды, қыр басынан қарауыл қарайды...

Зенбірекпен келген патша жеңдеттеріне найзамен, қылышпен жарактанған қазақ қолдары қашанғы төтеп берсін?! Нәтижесінде патша әскерлері жеңіп тынады. Ресейдің, Украинаның аш-жалаңаш шаруаларын отаршылар жалаң аяқ айда, қазақ жеріне толтырып жібереді. Босып келіп, атақоныстың шүрайлы жерлеріне қоныстанушыларды қазақтар «қарашекпен» деп атапты. Осының барлығы, бір жағынан, қазақ елінің шырқын бұзса, екінші жағынан, тың көрініс әкеледі. Қазақ даласында бекіністер көбейеді, теміржол салынады. Елдің жайлауы мен қыстауы шектеледі. Дәл осы кезде өмір сүрген Батыrbай баласы Жұбан өзінше шешімге келеді. Жұбан жасында мұсылманша оқыған, аздап орыс тілін де үйреніп, орысша өз бетімен сауаттанған екен. Ол «Шүрайлы жеріміз бен суымыздан айырылып қалмау үшін біз де бір жерге тұрақтайық, үй салайық, егін егейік», – дейді. «Қаракөл» деген жерге поселке салған орыстармен танысып, Терентий атты жігітпен достасып, «тамыр» болады. Жұбанның заманында жергілікті қазақ ауылдары мен орыс переселендерінің арасында жерге, суға таласқан ұсақ-түйек қақтығыстар болып тұрған, бірақ олар сол жергілікті жердің көлемімен ғана шектелген.

Жұбанның екі ұл баласы болады. Үлкені – Қуан, кішісі – Тәнірберген (ел арасында Тәпен атанип кеткен). Жұбанның бұл екі ұлы да – мұсылманша да, орысша да сауатын ашқан адамдар. Тәпен Темір-Орқаш өңірінде 1918 жылға

дейін болыс болған. Ол 1919 жылдың жазында қайтыс болады. Тәпеннен Нұрша (Нұрадин) атты жалғыз ұл, Батима, Рақима атты екі қызы туады. Қуан ел ағасы, ақылгөй адам болған. Қуаннан Құдайберген, Ахмет және Мұхаммеди атты үш ұл, Аққат, Дәмет, Ақиба атты үш қызы туады.

Ал қазіргі Мұғаджар ауданының Ақжар атты өлкесінде орта шаруа Қуан Жұбанұлының шаңырағында 1899 жылдың желтоқсаны ішінде дүниеге келген Құдайберген кейін келе, бүкіл қазақ халқының даңқты перзенттерінің біріне айналып, аты алашқа таралды. Ел ішінде оның замандастарының, үлкен-кіші ауылдастарының аңыз боп есінде қалған бір ерекшелігі бала жасынан білімге құштарлығы болған. Жасы 90-нан асып дүние салған тұған анасы Бибішынар Тағыбергенқызының және басқа да ауыл ақсақалдарының естелігі бойынша, дарынды Құдайберген есейе бастағаннан-ақ жазу-сызуға үмтүлған. Бұның үлкен қоғамдық-әлеуметтік сырты да болатын. Өйткені XIX-XX ғасырдың өларасында дүниеге келген жас заман дүмпуін ерте сезінген. Ол өзіне дейінгі қазақ қоғамының идеалы болған бозбалалық, сауықшылдық, әнші-күйшілік, серілік салттарды қызықтамай, жаңа XX ғасырдың аяқ алысына ілесіп, өнер-білім қуған. Бұған жаңа заманының беталысынан мол хабары бар әкесі мен ағалары да себепші болғанға ұқсайды. Өйткені ол кезеңнің өнерлі, іскер адамдары орыс-ноғай қалаларын аралап, кейбіреулері шетелдерге шығып, өнер-білім іздел, кәсіпкерлікпен айналысады дәстүрге енгізе бастаған.

Қ.Жұбановтың тұған інісі, белгілі композитор академик Ахмет Жұбанов өз естеліктерінде Жұбан балалары Қуан, Тәнірбергеннің үлкен үй, кіши үй болып отырған екі шаңырағы сол екі ғасырдың арасындағы өтпелі кезенде өз балаларын тек мұсылманиша емес, жәдит үлгісіндегі жаңа білімді игеруді, сонымен бірге орыс-татар тілдерінде шығып тұратын баспасөз хабарларын оқып-біліп отыруды күнделікті өмір салтына айналдырғанын айтады. Сондықтан Жұбан ауылының жастары сол маңайдағы өңге аймақтардан гөрі оқу-білімге ықыласты болғанға ұқсайды. Қуан шаңырағында 14 бала болыпты. Байтақ қазақ сахарасында туып, өсіп-өнген өз замандастарының басындағы жағдай жас бала Құдайбергеннің де басында болғаны сөзсіз.

Ағартушы әке

Өзі зерделі, көзі ашық Қуан «ендігі жерде қазақ баласы ата салтымен жүріп күн көре алмайды» деп үйғарады. «Жаңа заманының ағымына ілесу үшін халыққа оқу-білім қажет. Көзі ашық адам ғана аяғын заман ағымымен тең басады» деген тоқтамға келеді. Бұл ойын туысқандарына да айтып көреді. Олардан аса мықты қолдау таппаса да, ол өз ойынан қайтпайды.

Қуан мұсылманиша хат таныған адам бола тұра, өзі молдалық құрмажан, бірақ сол елден медреселі мешіт салдыруға атсалысып, қырғыздан келген Омар және Оспан атты ағалы-інілі оқымысты имамдарды жаңа мешітке шақыртқан. Қуан балалары да әуелі сол мешіттен оқып, сауатын ашқан. Бірақ Қуан бұнымен қанағаттанбайды, Темір-Орқаш болысында екі орыс-қазақ

училищесі ашылуға тиісті екенін естіп, Орынборға барып, сол училищенің біреуін өз аулынан аштыртуға рұқсат қағаз алады. Қуаның мектеп ашуды сұрап жазған арызы Орынбор мұрағатында сақтаулы. Бұл мектеп бір кластық деп аталатын, оқу мерзімі үш жылдық орыс-қазақ училищесі екен.

Қуаның өзгелерден ерекшелігі сол – балаларды оқыту үшін арабшаны шала білетін «дүмше молданы» емес, жаңа сипаттағы, көзі ашықмұғалімді іздестіреді. Ауыл адамдарының жаңалық атаулыны үрке қабылдайтын әдеті емес пе, әуелі балаларын «бұзылып кетеді» деп бермей қояды. Оған Қуан қыңа қоймайды, «жалғыз оқыса, ойын баласы ғой, зерігіп кетеді», – деп Құдайбергеннің қасына екі жас үлкен апасы Аққатты, қарындастары Дәмет, Зиба, Ағибаны, інісі Тәпеннің қызы Бәтиманы қосып оқытады. Балаларына ұстаздыққа Уфадағы жоғары дәрежелі «Фалия» медресесін бітірген, кейін «Қазақ КСР мектебіне еңбегі сіңген мұғалім» атағын алған Әбділлә Беркіновті, Троицкідегі мұғалімдер семинариясын бітірген, Совет кезеңінде Орқаштағы бір кластық орыс мектебінде ұстаздық еткен Хұсайын Ашығалиевті шақырады. Аталмыш мектепте біраз уақыт «Фалия» медресесін тәмамдаған, қазақтың белгілі жазушы-драматурги, журналисті Жиенғали Тілепбергенов те бала оқытқан. Бұл оқиға туралы қарт ұстаз Әбділлә Беркінов кейін былайша сөз етеді: «Сексеннің сенсең бөркін кисем де, осыдан жарты ғасырдан астам бұрынғы уақыттағы сол бір кездің суреттері сол қалпында көз алдында. Ашықұдықтан «Үміт» мектебін ашып, Хұсайын Ашығалиев екеуміз сабақ беріп жүрдік. Бірде орта шаруа Қуан екі баласын ertіп келіп, мектебімізге қосты. Үлкені Құдайберген, кішісі Ахмет осы «Үміт» мектебінде алғаш қалам ұстап, білім тарауларын ашты. Қуаның екі баласы да зеректігімен көзге түсті. Бір ерекшелігі – үлкені салмақты, ойшыл еді, ал Ахмет күлдіргі, ұтып сөйлейтін... Құдайберген он төрт жасқа келгенше осы біздің мектепте білім алды. Одан кейін сүйікті шәкірттерімнің бірі Жиенғали Тілепбергенов екеуі Орынбордағы «Хұсайнія» медресесінде білімін жалғастырды...» (5).

Ауылдан орыс мектебін ашу, онда үлдарына қоса, қыздарды да оқыту, Орынбордан, Уфадан қазақ, орыс және татар тілінде шығатын газет, журналдарды, кітаптарды жаздырып алу Ақжар өніріне Қуан Жұбанұлы әкелген алғашқы жаңалықтардың басы болатын. Бұл жаңалыққа ауыл адамдарының қайсыбіреулері қарсы болғанымен, көпшілік мақұл көреді. Мал басы әкесі Жұбаның тірі кезінде-ақ шағындалып қалған Қуан мал өсіргеннен ғері балаларын оқытуды жөн көреді. Өз баласын мал сонына салғысы келмеген Қуан басқаларды да қанағысы келмейді. Бұрынғы жылына бес киім, бір бұзаулы сиыр беріп ұстайтын қойшы, малшы, жылқышының орнына малды жалға беру амалын табады. Сөйтіп Қуан әр ауылдағы кедей отбасыларына малын қағаздатып, несиеге бөліп береді. Қуаннан мал алған адамдар мал басын түгел сақтайтын және жыл сайынғы төлдің тең жарымына ие болады. Малдың сүті де сол мал бақсан адамдардың ішіп-жеміне қалады. Сауын ретінде Қуан үйіне не бары 4-5 сиыр малын, сол шамалы бие ұстайды. Сондықтан үйіне қонақ келсе, қойды бір ауылдан, соғымды тағы біреуден

алдыртады екен. Бұндай еншілестіктен Куан үйінің малын баққан отбасылар әлденіп алады. Мұны көрген басқа ауылдың жалшылары өз қожайындарына наразылық білдірсе, олар Куанға реніш білдіретін де болыпты. Бірақ Куан өз өмірін сол кедей-кепшіктің күнкөріс халін ойлаумен өткізе керек.

Орташа дәүлетті Жұбан ауылында ағалы-інілі Қуан мен Тәпенді (Тәнірберген) ауыл-аймақтағылар «екі мырза» деп атаса керек. Бірақ олар елге билік құрмаған, әкелерінің: «Шырақтарым, би болмай-ақ, би түсетін үй болсандар да жарайды» – деген өсиетімен елге сыйлы, момын шаруаның жанашыры болудан әріге бармапты.

Куаның мектеп ашудағы «жаңалықтарына» іштей көнбісті болып келген ауыл адамдары оның тағы бір «жат қылышына» шыдай алмай, бітеу жараның аузы ашылып кетеді. Батыrbаймен бірге туған Қондыбай, Ерубай ауылдарының ақсақал-қарасақалдары, Куаның өзімен үзенгілес адамдар жиналыш: «Мына Қуанды жөнге салу керек. Батыrbайдың атағына дақ түсіргеніне қалай қарап отыра береміз. Ата-бабаның аруағына дақ түсіргені – бізді қорлағаны ғой» – деп, жамағайындар буырқанып, морт сынады. Сөйтеді де, оншақты кісі атқа мініп, Ақжарға қарай жол тартады. Ақсақал-қарасақалдың Қуан ауылына аттануына себеп болған нәрсе: «Қуан кенже қызы Ақибаны өз ауылындағы қиягелді кедей жігітке атастырыпты!» – деген хабар еді. «Бұл жолы Қуанды бетімен жіберместей, қысым жасап, бұрын-сонды ата-бабаларымыз қөріп-білмеген жат қылыштардан оны бездіреміз» деген ой болған. Елдің ақсақал, қарасақалы қанын ішіне тартып, қатуланып келеді...

Қойдың еті желініп, қымыз ішіліп, қонақтар көңілденгендей болған кезде, Қуан олардан бұйымтай сұрайды. «Ұша-төсін арқалаған жанғылыштың кедейіне Ақибаны атастыратындар, Қуан, саған не көрінді? Кедейлікке жаның құмар болса, өзің бол! Баланың бағын неге байлайсың? Бәрімізде де бой жетіп отырған қыз бар, соларға сен солай жол көрсетпек пе едің?» – деді біреуі. Қуанға бұлайша қатты сөз айтуға басқалардан гөрі өзінің құқы бар деп есептейтін Байнияз еді бұл. ...Қуан жайлап сөзін бастайды: «Намысқа қызып келген екенсіңдер, ағайын» – дейді ол қонақтарына. – Менің балама жандарың ашиды, оны білемін. Бірақ қай әке де өз баласына қастық ойламайды, оны сендер де білесіңдер! Біздің әкеміз – Жұбан кіндіктен жалғыз болғандықтан, қасына апа-қарындастарынан туған жиендерін жинады. «Жиенмен жиылып, күйеумен көбейген елміз» дейді екен ол... Өздерініздей жан-жақты, өніп-өскен адам болса, олай етпес те еді. Әкеміздің басына түскен жалғыздықты біз де аз қөріп жүрген жоқпыз. Тәпенді білесіңдер, елдің дау-дамайынан қолы босамайды. Оның өлім сарқытындағы болған жалғыз ұлы Нұрша аяғын жаңа ғана апыл-тапыл басты. Менің ұлдарым – Құдайберген мен Ахмет оқу сонында. Оларға «оқыма, мал бақ!» деп айта алмаймын. Заманың тетігі менің қолымда емес, құдайдың қолында. Аумалы-төкпелі заман өзгеріп кетсе, қолдан мал кетсе, балаларым маған ренжімей, кімге ренжиді? Екі қызым Ор бойына асып кетті. Енді кенже қызымды бай ауылға берем деп алысқа ұзатсам, қартайғанда Бибішынар

екеуміз қу тіземізді құшақтап қаламыз ғой», – дегенде, қонақтардың біреуі: «Мынау өзі сау ма? Мұхаммедин бар ғой», – деді. Қуан оған қарап: «Мұхаммеди ағаларынан қала қоймас», – деді де, сөзін одан әрі жалғады: «Сендер менің күйеу баламды кедей деп кемітіп, тексіз деп теперіш көрсетпексіндер. Шерін тексіз жігіт емес, «кішкене шекті» аталатын Баубектің Андағұл тайпасынан шыққан үш ағайынды, өнерлі адам. Өзі зергер, өзі етікші, өзі машина тігеді, әрі темір ұстасы. Еңбектің қай түрінен болса да қашпайтын тыңғылықты, мінезді жігіт. Күндердің күнінде, бір өнері болмаса, бір өнері пайдаға асып, баламды асырайды, оған сенем. Біздің көрген-баққанымыз мал болғасын, басқа тіршілік көзі барын білмейміз. Басқа елдер тері илейді, киім тігеді, былғары жасайды, аяқ киім, үсті киім тігетін фабрикалары бар. Кілем тоқиды, сабын қайнатады. Еттен, сүттен тағам жасайды. Өзі жеу үшін ғана емес, бұйымын сатып ақша табады. Біз бейнеттеніп баққан малымызды базарға айдан апарып, арзанға сатып жүрміз», – деп бір демін алады...

Құдайбергеннің әкесі Қуан, міне, осындай адам болған. Ол кісі 1919 жылдың күзінде қырық тоғыз жасында жүрек ауруынан дүние салыпты. Құдайберген әкесінің қаза болғанын «Қызыл штабта» жүріп естиді. Содан сәл ілгеріректе, жаз ортасында Қуанның бірге туған інісі Тәпен (Тәңірберген) де кенет ауырып дүние салған-ды. Әкесі мен артықша жақсы көретін ағасының басына Құдайберген өз қолымен ойып, құлпытас қойыпты. «1919 жылы Қуан, Тәңірберген Жұбан балалары дүниеден қайтты» деген араб әрпімен жазылған сөздер тоқымдай қызыл қайрақ тастың бетінде мөрдей басылып әлі тұр. Бұл биік төбедегі тас қорымның аты – «Қосуақтам».

Қуан, әрине, академик болған жоқ. Оның заманында қазакта академия да болған жоқ. Дегенмен өз кезеңі үшін Қуанның білімі мен ақылы халық академиясына барабар еді. Заманың ағымын байқап, өз балаларын жасынан оқу-білімге, өнерге баулып, жаңа өмірге дайындаі біліпті.

Зейінді шәкірт

Қырғыз Оспан ишанның Жобалдағы қызыл мешітінен бес-алты жасында арабша дәріс алған Құдайберген жаңаша мектепте өзгелерден озық тұрады. Жаңаша оқуға бейімділігін танытып, қабілетін көрсетеді. Құдайбергеннің ұлдары Ақырап және Есет Жұбановтар «Әке шаңырағының шырақшысы» атты естелігінде Оспан ишанның Жобалдағы қызыл мешіті туралы былайша сыр шертеді: «Темір-Орқаш болысының құм шоқылы, көлтабанды, қайың-терегі аралас өскен ағаш-талды Орқаш дейтін жағында ерте заманнан бір-екі ауыл көлемінде жатақ қырғыздар тұратын. Олар өз руларын Тата, Барак, Естек, Рысқұл деп бөліп санағаны болмаса, салт-санасы, тіл менғұрпы жағынан жергілікті қазактардан еш айырмасы жоқ, этникалық жағынан әбден сіңісіп кеткенел болатын. Дегенмен, соларды сағалап, басқа жақтан келіп қоныстанып қалатын келимсек қырғыздар да болмай тұрмайтын. Сондай бір ретпен ағайынды Омар, Оспан деген екі адам

Орқаштағы қырғыздардың ортасынәкеліп, Қотыртас деп аталатын тау жынысты бүйреттың Жобал деген тұмсығына қызыл қайрақ тастан мешіт үйінсалдырады» (6, 262).

Болашақ ғалым бала кезінен көркем әдебиетке қатты еліккен. Мұсылманша оқып, шығыс тілдерін жақсы игеруі оның Фердоусидің «Шахнамасы», Сағдидің «Гүлстаны», Низамидің «Ләйлә-Мәжнүні» сияқты шығыстың классикалық шығармаларын түпнұсқасынан окуына себін тигізеді.

Едәуір ұзақ жас жасап, соғыстан кейінгі жылдары дүние салған Ленин орденді қарт мұғалім Әбділдә Беркінов өзінің «Зейінді шәкірт еді ол» деген естелігінде: «1911 жылы Уфадағы медресе «Ғалияны» бітіріп қайтқаннан кейін білім нәріне шөлдеген қазақ жастарының көзін ашуды өзіме мақсат еттім. Сол кездегі бастаған сүйікті қызметтіммен 1955 жылы қоштастым. Осы өткен 44 жыл жас буынды тәрбиелеу жұмысында менің алдыннан көптеген дарынды жастар өтті. Міне, сол жастардың ішінде Құдайберген де болды... Ауыл ұстасы Сатыбалдыға қозылы қой беріп салдырған шым мектепке келіп-кетіп жүрген санаулы жастардың ішінен ұяң мінезді қараша бала асқан зейінді, ұғымталдығымен сол кезде-ақ көзге түсті. Сол жылдардың өзінде Құдайберген орыс тіліне соншалықты құмар еді. Сондықтан болар ол Орқаштың бір кластық орыс мектебінің мұғалімі Әжіғалиев Құсайыннан сабак алыш жүрді. Осы кезден бастап Құдайберген Жұрында, Күйік қаласында, Орынборда оқып, білім шынына қарай өрлей берді. Мен ұзақ ұстаздық өмірімнің бір жарқын беті Жұбановтарға қалам ұстасып қаратаңытқан кезім деп білемін. Кейінгі шәкірттеріме де осы қос ғұламаның қасиетті мінез-құлыштары, зеректігі жөнінде айтып, үлгіге ұстап отырдым. Ал Жұбановтарға ұстаздық еткенімді өзім мақтаныш етемін», – дейді (7, 301).

Құдайберген Жұбановтың тандамалы еңбектерінің бір томдық жинағына (8) кіріспе жазған академик И.Кеңесбаевтың бағалауынша, ғалымның батыс-шығыс тілдерін еркін меңгеріп, полиглот-ғұлама болуының ең бірінші себебі – оның терең де тиянақты орта білім алуында жатса керек. Алғаш бес-алты жасар кезінде ауыл молдасына «барып «тілін сындырып», жеті-сегізге келгенде ауылдан 25-30 шақырымдай жердегі «Қотыртас» аталатын құм төбенің қырғыздар жақ бетіндегі Жобал деген тұмсығына салынған Оспан ишаниның мешітінде үш жылдай оқыған, 14-15 жасында әкесінің макұлдауымен Орынбордағы «Хұсайния» медресесін тамамдаған Құдайберген Жұбанов араб, парсы, шағатай тілдерін тыңғыштықтап игеріп алған, яғни «мұсылманша» оқудың орта дәрежелі курсын мұқият аяқтаған.

Құдайберген қай жерде, қандай оқу орнында оқыса да, үнемі алдыңғы қатарлы шәкірт болады, «үздік» дегеннен басқа баға алмайды. Ахмет Жұбанов өзінің ағасы жайлы бір әңгімесінде: «Біз Жұрындағы орыс мектебіне Құдайберген екеуміз бірге келіп түстік. Бізге орыс тілін оқытатын жергілікті шіркеудегі поптың қызы еді. Кейін естідік, ол астыртын революциялық ұйымдармен байланысы бар адам екен. Мен оның сабактарынан көпшілігінде «жақсы» деген баға алатынмын. Құдайберген

болса, тек «ұздік» бағамен оқыды. Жақсы оқыған шәкіртін ұстаз да жақсы көреді емес пе... Құдайбергеннің сабак айтқанына риза болған мұғаліміміз оған әрдәйім «милый, мой милый!» деп тіл қататын», – деп сыр қозғайды. Бір ғажабы, Қ.Жұбанов өзі түскен ресми оқу орындарының бәрін уақытынан бұрын бітіріп отырған: бес жылдық Жұрын мектебінің төртінші-бесінші кластарын бір жылда, Електегі алты жылдық училищенің 5-6 класын бір жылда, «Хусайния» медресесін үш жылда тамамдап шыққан. Оның оқуға деген зейінділігі мен ғаламат алғырлығы, міне, осы жайлардан айқын көрінеді.

Сол кездері халық ағарту ісін прогресске жетелейтін жол деп ұққан жастар қазақ арасында бір шоғыр болып көріне бастады. Құдайбергеннің жас қүніндегі жақын досы Жиенғали Тілепбергенов те қазақ зиялыштары арасында осындағы бағыт ұстанған болатын. Ж.Тілепбергенов Құдайбергеннен ересектеу болған, сол кезде ол Галия медресесінде оқыған. Бұл жастарға жоғары білім берген жақсы бір оқу орны саналған әрі сол кездегі Ақтөбе атырабынан зиялыш қауымның шығуы мен жетілуіне зор ықпал еткен.

Қ.Жұбановтың 1914 жылы Орынбордағы Хұсайния медресесіне оқуға барып түсуіне, бәлки, осы кісінің (Ж.Тілепбергеновтің) берген ақыл-кеңесі де себепші болуы мүмкін. Осында жүріп ол жалпы білім беретін пәндерді тереңірек үйреніп, орыс тілін жетік менгере бастады және Ш.Х.Сарыбаев, Н.Манаев, Е.Жәрменов сынды абзал жолдастар тапты. Шамғали Сарыбаев кейін қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық курсын жазған әдістемеші ғалым атағына ие болды. Н.Манаев, Е.Жәрменов болса, халық ағарту саласында жемісті еңбек еткен белгілі қайраткерлер дәрежесіне көтерілді.

1917 жылы Жұрындағы екікластық орыс мектебін бітіргеннен кейін Құдайберген Орқаштағы біркластық орыс мектебінің мұғалімі Құсайын Ашығалиевтің кеңесімен Күйікқалаға (Илецк) барып, ондағы екікластық училищеге түсіп, білімін әрмен қарай жалғастырады.

«Құдайбергеннің осы Күйікқала сапарына аттануының өзі бір қызық жағдай болып еді, – деп еске алады ол кісінің бірге туған інісі – өнер ғылыминың докторы, Ұлттық ғылым академиясының академигі Ахмет Куанұлы Жұбанов. Со бір жылғы Куанның отбасындағы қыншылықтарға орай әкеміз Құдайбергенді оқуға жібермей, үй шаруасымен айналысады деп ауылда қалдырған-ды. Бір қүні әкеміз Құдайбергенді Жұрындағы теміржол стансасынан азық-түлік алып келуге жұмсаған еді, ағамыз теміржол стансасына жеткен бойда астындағы атын телеграф бағанына байлапты да, Күйікқала қайдасты деп келе жатқан бір пойызға мініпті де кетіп отырыпты. Стансаға барған ауылдың адамдары әкеміздің атын танып, бағаннан шешіп алып, үйге әкеп тапсырғанда Құдайбергеннің оқуға кетіп отырғанын бір-ақ білдік» (9).

Сонымен, Оспан ишанның мешітінен Құран үйренуден бастап, Күйікқаладағы орыс училищесінен орта білім тәмамдаған Құдайбергеннің білім алу жолындағы қадамының алғашқы кезеңі осымен аяқталды десек те болады.

Шығыстың ғұламаларының шығармаларын жата-жастанып оқыған жасқа Орынбордағы, Құйікқаладағы кезең орыс тілін жетік білуге септігін тигізеді. Осының нәтижесінде орыс тіліндегі бай әдебиетпен танысуға мүмкіндік алады. Кейін қазақ, орыс тілдерінде бірдей жүйрік жазуына осы кезендегі алған ілім-білімнің әсері мол болды деуге толық негіз бар. Құдайберген Жұбановтың білім деңгейі сол кезең үшін жоғары сапалы болғандығын айтқан жөн. Бұл жөнінде академик I.Кенесбаевтың былай дегені бар: «Қ.Жұбановтың алғашқы шәкірттік кезенде алған білімдері кейіннен оның жақсы тіл маманы болуына негіз болды. Бұл жылдарда ол құрылысы басқа араб, парсы және орыс тілдерін тәжірибе жүзінде игеріп алады. Құдайберген Жұбанов он сегіз жасқа толмай жатып түркі, араб және парсы тілдерінде сөйлей де, жаза да білген» (8).

Жігерлі жас маман

Әкесі Қуан мен ағасы Тәпен дүниеден өткеннен соң (1919) енді екі үйлі жанды асырау, үлкендеріне тірек, кішілеріне қамқоршы болу жиырма жастағы Құдайбергеннің басына түседі. Әрі қарай оқу дегенді енді жас жігіттің өзі де ойына дарытпайды. Қызмет істеуге кіріседі, бала оқытудан бастайды. Бұл Қазан төңкерісі жеңісінің алғашқы жылдары еді. Жаңа дәуір қазақ даласына енді-енді ене бастаған шақ болатын. Төңкерісті, жаңа орнаған жас кенес өкіметін бірден таныған жасөспірім Құдайберген ағартушылықпен қатар ауылда жаңа түрмис, жаңа құрылыс орнатуға белсене кіріседі. 1920 жылы Жұрындағы Қызыл штаб мүшесі болып, өз аулы Темірорқашта кенес тәртібін орнатысады. Құдайбергеннің осы еңбегі ескеріліп, Темірорқаш болысы Жұбанов ауылсоветі аталады. Бұл ауыл 1937 жылға дейін осылай аталып келді. Қазірде бұл – Орқаш елді мекені.

Орысша да, қазақша да сауатты Құдайбергенді көп ұзатпай Темір қаласына орналасқан уездік Совдеп өзінің аппаратына қызметке алдырады. Ол алғашында кеңестік бақылау бөлімін басқарады, уездік атқару комитетінің мүшесіне сайланады. Бұл кезенде әкімшілік жұмысын атқару мейлінше қын еді. Әншейінде атаға, руға бөлінгіш қазақ ауылдары өкіметке салық төлеу, мал өткізу науқаны басталғанда жік-жікке бөлініп, арыз-шағым қаптап кетеді. Осындай екіудай таластардың ақ-қарасын айырамын, әділдікті ұстанамын деп жүргенде, оның өзіне біреулер нақақтан бәле жауып, ісі тергеуге алынады. Тіпті түрмеге де жабылады.

Жазықсыз жапа шегуге сәл қалған Қ.Жұбановтың Мәскеуге жолдаған арызы бойынша төтенше комиссия шығып, жалған айыптаулар түгелдей бекерге шығады. Құдайберген Қуанұлы қайтадан уездік атқару комитетіне қызметке тұрады. Енді ол уездік оқу бөлімінбасқарады.

Бұдан соң Қ.Жұбанов 1922 жылдардан бастап Темір қаласындағы (Жұрыннан 35 километр жердегі) уездік ағарту бөлімінде инспектор болып істейді. Бұл кезде ол бір қағаздан екіншісіне цифrlар көшіріп отыратын

кеңсе қызметкері болуға емес, шын мәнінде жаңа қоғамның отты, ойлы мүшесі, халықтың ағартушысы болуға ұмтылады. Ол күнделікті өмірге ісімен, сөзімен араласады.

Темірде Құдайберген Жұбанов тындырған шаруалардың бір парасы хат танымайтындарды сауаттандыруға байланысты. Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің халықты жаппай сауаттандыру жорығын өткізу туралы қаулысы жарияланған тұс еді. Бұл мәселе аса маңызды да шұғыл шара саналған. Қайраткер осы жорыққа ерекше белсене араласады. Оқу жылы аяқталысымен уездің оң жақ еніріндегі Жем-Байсара болысын, Темір өзенінің төменгі ағысындағы Темір-Орқаш болысының ауылдарын аралап қайтуға елге шығады. Сол кезде уездік жұмысшы-батырақ қызметкерлері одағының уәкілі болып қызмет атқарған Хайрулла Мендібаевтың айтуынша, Құдайберген Қуанұлы әрбір мектепте екі-үш күн болып, мектептердегі жұмыс қорытындыларымен, сабак беру тәжірибесімен жақынырақ танысқан. Мұғалімдерге оқыту сапасын жақсарту жөнінде ақыл-кеңестерін берген. Ол сауатсыздарды оқыту ісіне ерекше көңіл бөлді. Қалаға арнайы адамдар жібертіп, сауатсыздарды оқытатын мектептерге қалам, қарындаш, дәптерлер алдырады.

1925 жылы Қ.Жұбанов Ақтөбе қаласының губерниялық халық ағарту органдында методикалық инспектор болып істейді. Сонымен қатар педтехникумда сабак береді. Сол кезде Ақтөбе губерниясы халық ағарту бөлімі менгерушісінің орынбасары болып істеген Қазақ КСР-ның еңбек сінірген мұғалімі В.Решетняк Қ.Жұбанов туралы былай дейді: «Орыс мектебінің методисі болып істеген Прокопий Кобой дегенді тәртібінің нашарлығы, мінезінің дөрекілігі үшін жұмыстан шығарып жібергеніміз әлі күнге есімде. Ол жылдарда оның орнын баса қойғандай методисті қазақ түгіл орыс мамандары арасынан таба қою оңай болмайтын. Бізді бұл қиыншылықтан құтқарған Құдайберген болды. Ол орыс мектептерінің методисі қызметін уақытша өз жұмыссымен қоса атқара тұрсам, қалай қарайсың дегенді. Өзі келіп айтты. Және де бұл жұмысқа мені сынақ мерзіммен алыңыздар дегенді өз аузымен айтқанын әлі ұмытқан жоқтын.

Алайда Құдайбергенді сыннан өткізудің бізге қажеті бола қойған жоқ. Әйткені түу дегеннен-ақ ол осы екі бірдей жауапты жұмысты мұлтіксіз атқарып, зор қабілеттілік танытқан еді. Бәрін де еш қиналмастан-ақ атқара білді» (10). Тіс қаққан, мол тәжірибелі шенеуніктің назарын өзіне аудартқан жігерлі жастың білімділігі мен еңбекқорлығы болатын.

В.Решетняктың айтуына сүйенсек, Құдайберген Қуанұлы сол кездің өзінде-ақ неміс, ағылшын, француз тілдерін үйренуге бар ынта-жігерін сала кіріскең. Алдымен ол бұл тілдерден сабакты қала мұғалімдерінен үйреніпті де, кейін өз бетімен оқып жаттыға бастапты. Осы жылдарда ол И.П.Павловтың, В.М.Бехтеровтың т.б. ғалымдардың еңбектерімен таныссып, бар ынтасын психология, педагогика, логика, рефлексология пәндерін тереңірек білуге ерекше ден қояды. Мәскеудің, Қазанның, Бакудің, Тәшкеннің, Петербордың Е.Д.Поливанов, В.А.Богородицкий,

И.И.Мещанинов, Ағамалы-оғлы сияқты лингвистермен хат алысып, пікірлесіп тұрады.

Алғашқы аспирант

1928 жылы көктемде білімді, қажырлы әрі ысылған тәжірибелі методист-педагог Қ.Жұбановты республиканың Халық агарту комиссариаты (кейінгі Оку министрлігі) сол кездегі астана Қызылордаға қызметке шақыртады. Бірақ ол мұнда ұзақ уақыт істемейді. Қ.Жұбанов 1929 жылдың басында ҚазПИ-дің қабыргасына түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер ретінде келіп, сол жылы Ұлттық кадрларды даярлау мақсатында Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасына оқуға жіберіледі. Осы жылдың ақпан айында інісі Ахмет екеуі (ол кісі Ленинград консерваториясына оқуға келген-ді) Ленинград қаласына келіп түседі. Қ.Жұбанов аспирантураға тұсу сынағынан өтеді. Сөйтіп, ол сол кезде «Түркологиялық семинар» деп аталған, акад. А.Н.Самойлович басқарған тіл ғылымы орталығында жазға дейін болып, жалаң оқу емес, зерттеу жұмысымен де айналыса бастайды. Дымқылды, сүйек солтүстіктің ауасы қырда, аңызақ құрғақта өскен Құдайберген Қуанұлының денсаулығына қолайсыз тиіп, 1929 жылдың жазында біраз түзелу үшін Қызылордаға қайтып оралады.

Алдына қойған мақсатын ақырына дейін аяқтамау – Құдайберген Қуанұлына тән емес. Тіл білімінен теориялық білімін толықтыруды ойлаған еken – орындау керек! Осылайша 1930 жылдың күзінде Ленинградқа қайта оралып, КСРО Ғылым академиясының Тіл және ойлау институтына (қазіргі Тіл білімі институты), ондағы «Яфетидологиялық семинарға» аспирант болып ауысады. Ленинградта оқыған жылдарында Қ.Жұбанов сол жерде қызмет еткен С.Е.Малов, И.И.Мещанинов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов сияқты ірі-ірі тіл мамандарымен танысады, кейбіреулерін тындалап, кейбіреулерінен оқып, тәрбие алады.

Қ.Жұбановтың ғылыми жұмыстары осы кезде – аспирант жылдарында – басталады. Академик Ахмет Жұбановтың айтуына қарағанда, сол оқу жылдарында Құдайберген Қуанұлы «Маррышылдық және марксшілдік» деген мақала жазып, оны проф. Алимовқа оқып береді («Қазақ әдебиеті», 1957 ж., 5 желтоқсан, № 49). Оқып жүрген кезінде жазған «Мағынасыз сөздердің мағыналары» атты жұмысын 1930 жылы Алматыда болған Қазақстанның өлкетану съезінде (кейбір мақалаларда бұл «Түркологиялық съезд» деп те аталған) көпшілік алдына ұсынады. Осыдан былай қарай Қ.Жұбановтың ғалымдық қызметі басталады.

Тұңғыш профессор

1932 жылы аспирантуралы аяқтап, жолдама алып Қ.Жұбанов Алматыға оралады. Ол мұнда Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы

қазақ педагогикалық институтының (ҚазПИ-дің) профессоры қызметіне тағайындалады. Сәл кейінрек, 1932 жылдың 1 қазанынан бастап директордың (ректордың) бүйрығымен қазақ тілі мен әдебиет зерттеулерін біртұтас шоғырландыру мақсатымен екі кафедра біріктіріледі де, оның менгерушісі болып бекітіледі. Осы қызметке қоса, оған аспирантураға шәкірттер даярлайтын қурстың бастығы міндегі жүктеледі. Ал 1934 жылдың қыркүйегінен бастап Қ.Жұбанов ҚазПИ-де тек кафедра менгерушісі ғана емес, декан міндегі де бірге атқарады.

ҚазПИ-де қызмет еткен жылдары беделді профессор Қ.Жұбанов Қазақ КСР Ағарту халық комиссариаты оқу-методикалық кеңесінің жетекшісі, КСРО Ғылым академиясының Қазақстан филиалы Лингвистика секторының менгерушісі секілді аса абырайлы жұмыстарды қоса атқарады. 1933 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ол Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты жаңындағы методика, программа, оқулықтар секторының бастығы болып қызмет етеді. Қазақ тілі жөніндегі тұнғыш монографиялық зерттеу жазып, алғашқы мектеп оқулығы мен оқу бағдарламасын жасайды. Ғалым Қ.Жұбанов қазақ филологиясы кадрларын даярлап, түлетіп өсірудегі қызметі өз алдына ұшантеніз. Республикалық дағы аты белгілі ірі-ірі ғалымдар өздерін Қ.Жұбановтың шәкіртімін дегенді мақтан тұтады.

1934 жылы тіл білімі салысындағы тұнғыш профессор атағына ие болған ғалым Халық ағарту саласындағы ерен еңбегі үшін 1935 жылды «Қазақстанның 15 жылдығы» атты құрметті белгімен наградталды. 1935 жылы Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшелігіне сайланады, көзіргішे айтқанда, парламент депутаты болады.

Қайраткер қызметі – құжаттар тілімен

Казіргі тарихнамада Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі Қазақстан мәдениет құрылышының белді қайраткерлерінің бірі ретінде негізінен 20-жылдардың аумағында аталаған жүр. 1963 жылды Қазақ ССР Ғылым Академиясы тарапынан жарық көрген «Қазақстан тарихында» мынадай сөздер бар: «Екінші бесжылдық жылдарында Қазақстандағы бірінші педагогикалық институт ірі оқу орындарынан саналып, маңызды мәдени ошақтардың біріне айналды. Мұнда әдебиет пен тіл білімінің, сондай-ақ, Қазақ ССР тарихының маңызды мәселелері қаралды. Институт профессоры Қ.Жұбанов жаңа қазақ орфографиясын жасауда үлкен жұмыстар атқарды. Сонымен қатар алғашқы оқулықтар, грамматика жөніндегі зерттеулер, диалектология, қазақ тілінің тарихы туралы мәселелердің бәрі Қ.Жұбановтан басталған болатын. 1936 жылы оның «Заметки о вспомагательных и сложных глаголах», «Из истории порядка слов в казахском предложении» атты еңбектері жарық көрді. 1937 жылды білікті, таланты мен творчестволық күшінің толысқан кезеңінде ол жазықсыз жаланың құрбаны болды» (11, 529-531).

Сонымен қатар бұл кітапта республикамызда 1935-1936 жылдар арасында жалпы атауы 200-ге жуық мектеп оқулықтары мен оқу құралдарының жарық көргендігі, олардың таралымы 3 млн. данаға жеткендігі айтылады. Бұл кездері аударма оқулықтардан тыс түпнұсқа қазақ оқулықтарының да баспадан шыққандығын айта келіп, соның мысалы ретінде проф. С.Асфендияровтың V-VI сыныптарға арнап жазған «Қазақстан тарихының очеркі», проф. Қ.Жұбановтың V сыныпқа арнап жазған «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығы және С.Сейфуллин мен Ө.Тұрманжановтың V сыныпқа арнап жазған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты басылымдардың болғандығы мысалға келтіріледі.

Ғалымның ес білгеннен кейінгі өмір жолы, үлкен ғылымның соңына түсіп, оқу білімге талпынуы қалай басталып, қандай бел-белестен өтті деген сұрақ оның өміrbаянын жинастырушы, ғалымдық талпыныстарын қызықтап, ізереуши адамдарға ой салады. Осы мақсатпен шұғылданудың нәтижесінде ғалымның ұлы Есет Құдайбергенұлы Жұбанов пен ғалым мұрасын зерттеушілердің бірі М.О.Миров мұрағат деректері негізінде Құдайберген Қуандылының өмір тарихының кейбір беттерін толықтыратын тың деректер ұсынды. Мәселен, болашақ лингвист Қ.Жұбановтың 20-жылдардың орта шенінде Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінде қызмет істей жүріп Мәскеу, Ленинград, Баку, Қазан, Ташкент қалаларындағы түркологияның көрнекі мамандарымен байланысып, түркі тілдерін зерттеуге өздігінен әзірленгендердің оның шығармашылық өміrbаянын жүртішілікқа таныстырған академиктер М.Әузев пен I.Кенесбаевтің және т.б. ғалым жайындағы естелік мақалаларында сөз етілгені көрсетіледі. Осы әңгімелердің растығын дәлелдейтін, тіпті, Қ.Жұбановтың ізденіс жолының нақты белгілерін нұсқайтын тың деректер кейінгі жылдары мұрағат сөрелерінен де табыла бастады. Мәселен, филология ғылымының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов Ташкендегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің мұрағатынан бірсызыра құжаттар тауып, олардың көшірмелерін Жұбановтану зертханасының қорына табыс еткен. Бұл құжаттардың жалпы көлемі машинка бетімен есептегендеге он үш беттік тігінді. Алайда, М.Мырзахметовтың айтуынша, Ташкент мұрағатындағы түпнұсқада бұның жалпы мөлшері іс қағаздары тігілген толық бір папка шамасы болса керек. М.Мырзахметов соның ішінен ірікте кейбір нұсқаларды ғана өз қолымен көшіріп алған. Тақырыптар бойынша бөліп атағанда қолда бар құжаттардың аттары мынадай: біріншісі – Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінің жанындағы жоғары оқу орындарына студенттер қабылдайтын іріктеу комиссиясына сол мекеменің инспекторы Қ.Жұбановтың өтініші. Онда арыз иесі өзінің инспектор міндетін атқаруға оқу білімі мен теориялық даярлығының жетімсіздігін ескере отырып, өзін Орта Азия Мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне педагогтік мамандық бойынша оқуга жіберуді сұрайды. Арыз 1926 жылы тамыз айының 8 күні жазылған. Келесі құжат сұраулық парасы деп аталады. Бұнда арыз иесінің аты-жөні, туған жылы, отбасы жағдайы, мамандығы, қай жерде қандай қызмет істегендігі, білімі,

туған жері, партиялылығы, оқуға баруға жолдаманы кімдердің бергендей, айлық ақшасының мөлшері т.б. мәліметтер бар.

Бұл екі құжат мұрағат материалының 3-4-беттерінде деп көрсетілген, 5-бетте Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінің жанындағы аттестациялық комиссияның ұсыныс хаты бар. Онда «арыз иесінің Ташкент университетіне Шығыстану факультетіне оқуға аттану жөніндегі өтініші қанағаттандырылсын» деген корытынды шығарылып, аттестациялық комиссияның төрағасы М.Дайрабаев қол қойған. Бұл құжат 1926 жылы тамыз айының 4 күні жазылған. Бұл хатқа 1926 жылы 10 тамыздағы мәжілістің №8 хаттамасының үзік көшірмесі, Құдайберген Куанұлының өз қолымен жазылған өтініші, №4006 ұсыныс хаты, №4005 куәлік тіркелген. Онда былай делинген: «Осыны ұсынуышы Қ.Жұбанов Орта Азиялық мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетіне Ақтөбе губерниясына бөлінген орындардың есебінен оқуға түсу үшін Ташкент қаласына бағытталған куәлікке ие болды». Іріктеу комиссиясының төрағасы М.Дайрабаев, хатшысы Болатов қол қойған.

1926 жылғы 10 тамыздағы мәжілістің №8 хаттамасының үзік көшірмесінің 1-тармағында Қ.Жұбановтың Шығыстану факультетіне баруға қажетті іссапарға жолақы сұраған өтініші қаралған. Қаулыда Ташкент қаласына Орта Азия Мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне іссапарға баруға рұқсат етілген құжатқа аттестация комиссиясының хатшысы Болатов қолы қойған. Алайда профессор Қ.Жұбановтың кейінгі өмірбаяндық жазбаларында оның Ташкент қаласына барып, Орта Азия мемлекеттік университетінде оқығандағы жайлы ешқандай дерек жоқ.

М.Мырзахметовтың койын дәптерінде жазылған мәліметтерде Орта Азия МУ мұрағатының 150-нөмірі, папканың аты көрсетіліп, Қ.Жұбановтың жеке басының құжаттары 1926 жылы басталған, көлемі 6 бет деген жазу берілген.

Халық жазушысы Ф.Ормановтың 1937 жылы қараша айының басында «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялаған «Профессор» атты очеркінде болашақ ғалымның 1928 жылдың жазында Ленинград қаласына барып, сондағы Енукидзе атындағы тірі шығыс тілдері институтының барлық пәнін тамамдап, экстерн ретінде емтихан тапсырып шыққандағы, сөйтіп қолына «тілші-түрколог» деген диплом алғандығы айтылған. Өзінің жеке басының мәліметтері тіркелген сауалнамалық деректерде ғалым: «Жоғары білімі – Ленинградтың Шығыс тілдер институты: одан кейін КСРО Ғылым академиясының аспирантурасы, мамандығын – лингвист, еркін менгерген тілдерім: қазақ, орыс, неміс, араб, парсы, түрік, маңғол тілдері», – деп, ал, қызмет орны – Халық ағарту комиссариатының Методика, программа, оқулықтар секторларының менгерушісі» деп көрсетеді. Бұл қызметті ғалымның 1933 жылдың бірінші қыркүйегінен бастап атқарғандығы туралы мәлімет Қазақ АКСР-нің Халық ағарту комиссариаты қызметкерлерінің тізімінен алынып отыр. «Тізімнің жасалу күні 1935 жылғы шілде айының 20-сы» деп жазылған. Бұл тізім Қазақстан мемлекеттік мұрағатының 81-қорында

сақталған [опись – 3, дело – 977, связка – 90, 21-22, списки, анкеты, сотрудников НКП за 1935 год].

Жоғарыда аталған Шығыс тілдері институтын бітіргеннен кейін Қ.Жұбановты республиканың Халық ағарту комиссариаты өз қарамағына шақырып алғып, сол жылды алғашында ҚазМУ (кейін ҚазПИ) оқу орнына ғылыми қызметкер етіп тағайындейді. Жеке басының өмірбаяндық деректері тіркелген парапшада Қ.Жұбанов бұл қызметке 1928 жылдың желтоқсанынан бастап ауысқандығын, содан әрі 1929 жылдың ақпан айынан бастап 1930 жылдың қыркүйек айы бойына Ленинградтағы Шығыс тілдер институтында, ал 1930 жылдың қазан айынан бастап 1932 жылдың қыркүйек айы өткеннен кейін КСРО Ғылым академиясының аспиранты, сол 1932 жылдың қыркүйек айынан 1937 жылдың қараша айы аралығында Алматыдағы ҚазПИ-дің кафедра менгерушісі әрі профессоры болғандығын көрсеткен. Бұл парапша ҚазПИ-дің мұрағатында оның жеке басының ісқағаздары арасынан табылған.

Жоғарыда аталған Халық ағарту комиссариатының мұрағатындағы сауалнамада Қ.Жұбанов өзі игерген шет ел тілдерінен неміс, парсы (иран), араб, түрік, монгол тілдерін атай отырып, КСРО халықтарының тілі деген графада: чуваш, грузин, түркі халықтарының тілін білемін деп жазған. Сондай-ақ, осы құжатта Құдайберген Жұбанов сайлау арқылы атқарған қызметтерім деп: а) Құлжа-Темір ауылдық советінің төрағасы (Ақтөбе губерниясы Термір уезі), ә) Темір аудандық Атқару комитетінің мүшесі және кеңестік бақылау комитетінің төрағасы; б) Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі деген мәліметтерді жазған.

Алайда Қ.Жұбановтың өмірбаянын жүйелеуші библиографтарға түсініксіздеу болып келген бір жайт – ғалымның аталған жоғарғы оқу орнын қай жылдарда тамамдағаны, онда қанша оқығаны және одан кейінгі уақытта аспирантураға түсү үшін Ленинград қаласына неліктен екі мәрте сапар шегуі болған еді. Себебі сауалнама түріндегі құжаттарда Қ.Жұбанов «жоғары білімім – Шығыс тілдері институты» деген сараң мәліметтен артық ештеңе жазбайды. Алайда Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі Р.Сыздықова өзінің «Галым-азамат» атты кітапшасында Қ.Жұбановтың аспирантураға жіберілу жөнінде айта отырып, былай деп жазады: «Бұл кезде республикамыздың алдында бірінші кезекте білімді маман ұлт кадрларын даярлау міндеті тұрды. Ол мақсатпен талапты жастарды жоғарғы оқуға тарту, бұрыннан бірқыдыру білімі балаларды әрі қарай баулу (аспирантураға, түрлі академияларға, Москва, Ленинград қалаларындағы жоғары оқу орындарына жіберу) ісі алынады. Сонда, 1929 жылдың 14 қаңтарына Қазақстан Халық ағарту комиссариатының коллегиясы «Жұбанов жолдасты ғылыми жұмысқа пайдалану туралы» мәселе қарап, бірнеше тілді жақсы білетін, қофамдық ғылымдардан мол хабардар Қ.Жұбановты Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасында оқу үшін командировкаға жібереді» (4, 13).

Бұл жайт жоғарыда аталған F.Омаровтың мақаласының және мұрағат құжаттарының негізінде анықталды. Ғалымның өмірбаянында жоғары оқу орнын бітірген жылдары аталмауының себебі – оның Ленинградтағы Шығыс

тілдері институтын экстерн ретінде бес айдың ішінде тамамдағанына байланысты екені белгілі болып шықты. Сондай-ақ, оның Ленинградқа іссапармен алғашқы баруы – аспирантураға түсү үшін өндірістік тәжірибе жинақтау (стажировка) мақсатында болуы ықтимал деген жорамал дұрысырақ. Атап айтқанда, Ақырап Жұбанов тапқан мұрағат құжаттары ішінен бұл жорамалды растайтын екі қуәлік бар. ҚазМУ-дің мөрімен куәландырылған, 1929 жылы 1 желтоқсанда берілген №1973 куәлікте былай деп жазылған: «Осыны ұсынушы Жұбанов Құдайберген Қуандыл ҚазМУ-дегі түркі тілдердің салыстырмалы тарихы кафедрасы бойынша ғылыми қызметкер болып табылатындығын куәландырамыз». Куәлікке қол қойғандар: Экімшілік бөлімінің менгерушісі – Кеплер, хатшысы – Мухин.

Бұл қызметте Қ.Жұбанов жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін істеген болса, сол кездері ол, жоғарыдағы қаулығы сәйкес, Ленинградқа өндірістік практикаға жіберілген деп білеміз. Бұлжөнінде ҚазМУ-де берілген келесі қуәліктеме нандағы мәлімет бар: «Дано сие научному сотруднику КазГУ Джубанову Худайбергену в том, что он действительно командируется в распоряжение Академии наук для производственной практики». Заректора – КазГУ Мансуров, секретарь – Мухин. [Штамп «КазГУ», №216. 11 п. –13 п.].

Ал, енді осыған жалғас берілген Анықтамада жоғарыдағы қуәлікке қол қойған Мансуров пен Мухин «Ленинградтың шығыс тілдері институтының аспиранты Жұбанов Құдайберген 1930 жылы ақпан айының 3-іне дейін ҚазМУ-дегі жұмыс бабына байланысты кідіргендігі рас», – деп жазады. Сөйтіп, Қ.Жұбановтың бұл жолғы іссапары біресе «өндірістік практика» делінсе, біресе «аспирантура» деп аталған тәрізді.

Жоғарыдағы сауалнамалардан Қ.Жұбанов бұл жолы Шығыс тілдер институтында бір жарым жыл (1929 жылдың ақпаны мен 1931 жылдың қыркүйегі аралығы) болып қайтқаны мәлім болып отыр. Ақырап Жұбанов тапқан мұрағат құжаттарында проф. А.А.Соколов 1930 жылы қаңтар айының 14-і күні ҚазМУ-дің басқармасына жазған өтінішінде өте шүғыл мәселе қойған. Ондабылайделінген:

В Правление КазГУ
от профессора тюркологии КазГУ
Анатолия Алексеевича Соколова

ЗАЯВЛЕНИЕ

Возглавляя ныне кафедру тюркологии КазГУ настоящим убедительно прошу Правление КазГУ о принятии самых срочных мер к скореешему откомандированию н/с КазГУ по кафедре тюркологии тов. Джубанова Худайбергена Куановича в Ленинград на предмет окончания им научной подготовки на тюркологическом семинаре ЛИЖВЯ.

Тов. Джубанов является весьма талантливым молодым, серьезным тюркологом-лингвистом, в работе своей умело увязывающим тюркологию с монголоведением на основах методологии. Являясь представителем школы академика Н.Я.Марра в тюркологии, и, тем не менее к величайшему сожалению, в весьма малой степени могу считать себя монголоведом и полагаю поэтому, что только путем скорейшего восстановления прерванных выездом из Ленинграда в Алма-Ата начатых уже занятий по монголистике у наших светил востоковедения: монголиста-профессора Владимирацева и монголиста-тюрколога в одном лице – профессора Николая Николаевича Поппе, тов. Жубанов сможет выработать от самого себя работника тюркологии, – могущего в ближайшем будущем принести громадную пользу делу тюркологической науки в Казахстане».

Проф. А.Соколов
14 января 1930г.
г. Алма-Ата.
Копия из архива КазПИ

Міне, проф. Қ.Жұбановтың 1930-1932 арасында КСРО Ғылым академиясының аспирантурасына аттануына осындай жағдай себеп болған. Сондықтан Халық ағарту комиссариатының қызметкерлері тіркелген құжатта «білімім жоғары, бітірген оқуым 1) Ленинградтағы Шығыстану институты, 2) Бүкілодактық Ғылым академиясының аспирантурасы, мамандығым – лингвист» деп көрсетіп, тәжірибе үшін (стажировка) Шығыс тілдер институтының академик А.Н.Самойлович басқаратын «Түркологиялық семинар» деп аталатын курсында өткізген біржарым жыл уақытын кейінгі сауалнамада атамаған.

Қ.Жұбановтың өз қолымен толтырған өмірбаяндық деректерінде ол КСРО Ғылым академиясының аспирантурасын 1932 жылдың қыркүйек айында тамамдаған. Сол 1932 жылдың қазан айында ҚазПИ-дің директоры Алманов және іс басқарушы Григорьев деген екі кісінің қолымен №130 екі бұйрық шыққан. Мүмкін, бұлар бір бұйрықтың екі тармағы болуы да ықтимал. Бірақ мұрағат қорында екі бөлек тіркелген. Сол бұйрықтардың алғашқысында: «тов. Джубанова X. назначить заведующим курсами по подготовке в аспирантуру» деген бір ғана сөйлеммен жас ғалымды аспирантураға даярлық курсының менгерушісі етіп тағайындаған. Ал дәл сол күні берілген және 130-нөмірмен тіркелген екінші бұйрықта жоғарыда аталған институт басшыларының қолы қойылып, Қ.Жұбановтың келуімен байланысты бірсыныра ұйымдастыру шаралары қарастырылғаны байқалады. Бұйрықтың мазмұны мынадай: «Қазақ тілі мен әдебиеті саласында кешенді жұмыстар жүргізу және кезек күттірмейтін проблемаларды ғылым түрғысынан талдау мақсатымен осы жылғы қазан айының бірі күнінен бастап қазақ тілі мен әдебиетінің біріккен кафедрасы ұйымдастырылсын. Кафедраның жетекшісі болып Қ.Жұбанов тағайындалсын». Содан әрі 1932

жылды желтоқсан айының 16-сы күні ҚазПИ бойынша берілген № 165 бұйрықта қазан айының 10-ынан бастап тіл әдебиет кафедрасын ұйымдастырганы және басқарғаны үшін Қ.Жұбановқа 1100 сом айлық тағайындалғаны, а) штаттағы қызметкер ретінде Қ.Жұбанов сол жылғы қазан айының 1-інен бастап жылдың жүктемесі 460 сағат болып белгіленгендігі сөз болады. Бұйрыққа Алманов пен Григорьевтардың қолы қойылған.

1932 жылды аспирантураны аяқтап, жолдама алғып Қ.Жұбанов елге оралғандығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Ол мұнда ҚазПИ-дің профессоры бола жүріп, басқа да бірнеше міндеттерді қоса атқарады. Қ.Жұбанов Алматыға келген соң КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының лингвистика секторының (қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) меңгерушісі болып тағайындалады. 1933 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ол Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Методика, программа, окулықтар секторының бастығы болып істейді. Бұл сектор сол кезде мектепке арналған оқу бағдарламаларын жасап, қазақ тілі оқулықтарын жазуды тікелей өзі жүргізетін.

Жаңадан табылған мұрағат деректерінде 1933 жылдың басынан бастап Қ.Жұбановтың ғылымды ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі өрістей береді. Атап айтқанда, оны ҚазПИ-дегі ұстаздық қызметкесі қоса академиялық ғылымға және Халық ағарту комиссариаты аппаратындағы ғылыми методикалық жұмыстарды басқаруға кірісуі кеңінен қарастырыла бастайды. Мысалы, 1933 жылдың ақпан айының 19-ы күні КСРО Ғылым академиясының Қазақстан филиалы бойынша берілген №22 бұйрықтың 9-бабында былай деп жазылған: «тов. Джубанова утвердить, согласно предложением комиссии казахского языка с 20.II.33 г. до освобождения из КИМЛ-а ставку выплачивать половинную, т.е. 200 рублей в месяц». Бұйрық соңында Барышниковтың қолы қойылған [Архив АН Каз ССР Ф.2. оп. 1а, дело – 1664. Книга приказов, стр. 313].

Бұл кезең КСРО Ғылым академиясының жергілікті жерлердегі база деп аталаған (бөлімшелерін) тірек пункттерін филиал дәрежесіне көтеріп, дербес бөлімшелер етіп қайта құру сәті болатын. Сондықтан академиялық ғылымдардың жүйесі бойынша бірнеше комиссия құрып, Қ.Жұбановты қазақ тілі жөніндегі комиссияның бірінші разрядтағы ғылыми қызметкер етіп жұмысқа тартқан. Бұл кездері Қ.Жұбанов ҚазПИ-дегі негізгі қызметінің үстіне Қазақстандағы Марксизм-ленинизм институтында қосымша жұмыс істеп жүргендігіне байланысты Академия филиалы оның өз қарамағына түгелдей ауысуын қажет етіп, сол кезеңге дейін еңбекақысын жартылай төлеп келген. Бұйрықтағы КИМЛ деген қысқарған сөз «Қазақ марксизм-ленинизм институты» деген атауды білдіреді. Академия филиалының қабыргасында Қ.Жұбанов Қазақстандағы тіл мәдениетінің құрылышымен айналысқан. Оның ауқымды ойлары мен өзекті ізденистері көп ұзамай жүртшылық назарына ілігеді. Сол 1933 жылғы қазан айының 21-і күні шақырылған КСРО Ғылым академиясы Қазақстан филиалының I сессиясында Қ.Жұбанов республика өмірінің әралуан салаларын қамтитын

проблемалар бойынша баяндама жасаған он ғалымның бірі болып сөз алады. Бұл жөнінде «Казахстанская правда» газетінің 1933 жылғы 22 қазан күні жариялаған хабарламасында былай делінген: «Кеше 21 қазан күні үкімет үйінің мәжіліс залында көптеген қонақтардың басын қосқан Ғылым академиясының Қазақстандағы бірінші сессиясы ашылды. Сессияны Ғылым академиясының Қазақстан филиалының төрағасы Ленинградтан келген академик А.Н.Самойлович үлкен кіріспе сөз сөйлеп ашты». Содан әрі сессияның жұмысшы және құрметті президиумдары сайланғандыры, А.Н.Самойлович бірінші сөзді филиалдың ғалым хатшысы Барышниковке бергендігі айтылады. Сессияның бұл күнгі мәжілісінде ғалым-хатшы Барышниковтың академия филиалының 1934 жылы орындауға тиісті жоспар жайындағы есепті баяндамасынан кейін тоғыз ғылыми баяндама тыңдалады. Республиканың экономикалық өміріне қатысты жеті баяндамада «Орал, Қарағанды проблемасының негізгі мәселелері», «Қазақстан гидрологиялық өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын байланыстыру», «Қазақстанның геологиялық құрылымы», «Ертіс құрылыштары», «Қазақстанда өсімдіктерді жерсіндіру проблемалары және ботаника бағының міндеттері», «Балқашты сумен қамтамасыз ету», «Балқаш өніріндегі руда базасы» тәрізді мәселелер талқыланды. Ал халқымыздың рухани өміріне байланысты жасалған екі баяндаманың авторлары профессор С.Асфендияров пен профессор Қ.Жұбанов болды. Алғашқы баяндама «Қазақ тарихы жайында» деп аталса, келесі баяндамада «Қазақстанда тіл мәдениетін көтерудің жолдары» жүртшылық назарына ұсынылды. Бұл мәселелер халқымыздың мәдени өмірінен бұдан соң да өзінің жалғастырын тапты. Академияның осы бірінші сессияда көтерген мәселелері Республиканың партия кеңес басшылығы тарапынан тиісті қолдау тапқаны аңғарылады. Мәселен, сол 1933 жылдың қараша айының 19-ы күні Халық ағарту комиссариатының мәжілісінде мынадай мәселелер қаралғандығы туралы мәлімет бар: а) Қазақстанның өлкелік партия комитетінің осы жылғықазан айының 25-сі күнгі №322 қаулысын жүзеге асыру туралы бұдан кейінгі мәселелер қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мақсаттарына арналған. Онда Қ.Жұбановқа байланысты қаралатын күн тәртібінің тәртінші және алтыншы тармақтарында, былай деп жазылған: 1) О реализации Постановления Крайкома от 25.X. за №321; б) Утвердить учебник по литературе IV год обучения; в) Программа«по казахскому языку для русских средних школ». Комиссия хатшысы Әубекіров қол қойған [Фонд – 81,оп. – 3, дело – 304, св.– 24, стр. 136. Пост., приказа, протоколы коллегии 1933 г.]. Осы аталған мұрағат құжаттарының 89-90-беттерінде Қазақстан Халық ағарту комиссариатының 1934 жылға арналған баспасөз жоспары тігілген. Онда орта мектеп үшін Қ.Жұбанов құрастыратын екі оқулықтың аты көрсетілген. Олар: «Қазақ тілінің тіл құралы грамматикасы» 5-жыл үшін Жұбанұлы (9 баспа табақ, тиражы – 10), «Қазақ тілі оқу құралы» 8-9-жыл үшін (жаңадан құрастырылады), 8 баспа табақ, тиражы – 5.

Бұл кезде Қ.Жұбановтың Халық ағарту комиссариатының аппаратында атқаралың қызметі «Методика, бағдарлама және оқулықтар секторының жетекшісі» деп көрсетілген, «с какого времени в НКП?» деген сұраққа «с 1.IX.1933г.» деп жауап қайтарылған. Алайда ол бұл кезеңде тек аппарат қызметкері ғана емес, сондай ақ Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі де болған. Мәселен, 1933 жылы желтоқсанның 20-сы күні толтырылған тізімде коллегия мүшелерінің жалпы саны 15 адам екендігі, солардың ішінде екінші болып комиссариаттың оқу ағарту программалары мен методика комиссиясының бастығы Қ.Жұбанов саналғаны жайында Қазақ КСР-нің Орталық Мемлекеттік мұрағатының 81-қорында анық айтылған. Тізімге қол қоюшы – Халық комиссариаты коллегиясының хатшысы Әубекіров [ЦГА КазССР. Фонд – 81,оп. – 3, дело – 304, св.– 24, стр. 130].

«Республикамыздың мемлекеттік терминкомының тұңғыш төрағасы» деген орыс тілінде жазылған мақаласында Р.А.Өрекенова мынадай жәйді баян етеді: «1933 жылы Мәскеуде механик, математик, академик С.А.Чаплыгин мен профессор Д.С.Лоттенің бастамасымен Ғылым академиясының жанында салалық терминология мәселелерін қарастыратын ұйымдарға көмектесетін Комитет (КАТТ) құрылды. Көп ұзамай, сол 1933 жылы біздің республикамызда да Халық ағарту комиссариатының жанынан бекітілген терминологиялық комиссия құрылды. Оның құрамына профессор С.А.Асфендияров, Б.А.Беремжанов және басқалары енді. Мемтерминкомың төрағасы болып профессор Қ.Қ.Жұбанов тағайындалды. Мемтерминком Қ.Жұбановтың басшылығымен бірінші рет қазақ терминологиясының басты теориялық мәселелерін қарастырды» (12, 170).

Жаңа өмірге қауап енуге тиісті жаңа сөздерді жасау ісіне ғылымның эр алуан саласындағы мамандарды жұмылдыру, олардың дайындаған материалдарын тіл білімі тұрғысынан реттеп түзету, көпшілік талқысына салу, практикада жүзеге асыру т.б. сияқты қыруар міндет Терминком комиссиясының, оның қажымаң төрағасы Қ.Жұбановтың мойнында болады. Осы салада ол термин жасау қағидаттары, термин сөздердің ерекшелігі, бұл жөндегі кемшіліктер мен қателіктер жайында бірнеше мақала жазады. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының жанындағы Терминологиялық комиссияның бюллетенін шығарады. Бұл бюллетень әліпби, орфография және терминология туралы практикалық та, теориялық та мақалалар, айтыстар жариялайды, ұсынылған немесе бекітілген терминдердің тізімін береді. Бюллетеньнің редакциясы атынан берілген материалдардың көбі Қ.Жұбановтың қаламынан шығады.

Ғалымның ұлы Ақырап Жұбанов тапқан мұрағат деректерінің ішінде осы мәселеге қатысты бірнеше құжаттар бар. Мәселен, Халық ағарту комиссариаты коллегиясының 1934 жылдың 5 ақпаны күні қабылдаған қаулысы терминком жұмысының мазмұны мен сипатын бірсыныра ашып береді. «По вопросу о дальнейшей работе терминкома» деп аталатын бұл қаулы 1933 жылғы қазан айының 25-сі күні қабылданған шешімге қосымша ретінде комиссариаттың коллегиясы атынан мына төмендегі шараларды

белгілеген: 1) Терминкомның 1934 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту; 2) Бастауыш мектептің оқу құралдарын шығаруға қажетті терминдердің ең кемі 60-70%-ын қамтитын бір термин сөздігін жасап, мамыр айынан қалдырмай баспаға әзірлеу; 3) Термин және емле мәселелерін талқылауға жүртшылыққа кеңінен қатыстыру мақсатымен осы жылғы ақпан айының 20-сына дейін ғылыми әдебиет қызметкерлерімен, тіл мамандарының кеңейтілген мәжілісін шақыру; Жұбанов жолдасқа мына төмендегі мәселелерге сәйкес ғылыми негізделген баяндама әзірлеу міндеті жүктелсін: а) қазақ тілі терминологиясын өрістету бағыты, ә) қазіргі қолданып жүрген емлемізге енгізілуге тиісті қажетті түзетулер. Сондай-ақ бұл мәселелерді баспасөз бетінде кең талқылау ісін ұйымдастыру К.Жұбанов пен М.Гаврилов жолдастарға міндеттелсін. 4) Жаңа орфографиямыз берілгенде терминологиямыздың жобасын әзірлеу үшін мынадай құрамда жұмысшы комиссиясы құрылсын: төрағасы – К.Жұбанов, мүшелері – С.Асфендияров, Тойғанбаев, Т.Шонанов, Малкиев және хатшысы – М.Гаврилов. 5) Термин және орфографияға байланысты барлық мәселелерді жүзеге асыру ісіне осы бастан кірісе беру мақсатымен даярлық жұмыстардың барлық түрлерін осы жылғы наурыз айының 15-інен қалдырмай аяқталуы тиіс. Бұл қаулыға Халық ағарту комиссарының орынбасары Жантілеуов қол қойған [ЦГА КазССР, фонд – 81, оп. – 3, дело – 304, л. – 27].

Халық ағарту комиссары Т.Жұргенов Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі ретінде терминком жұмысына тиісті Мемлекеттік мәртебе берген. Сондықтан терминком мәжілістері әрдайым комиссардың өзінің немесе оның бірінші орынбасарының қатысуымен өтіп тұрған. Бізге мұрағат сөресінен келесі жеткен осындай хаттамалардың бірі 1934 жылғы сәуір айының 2-сі күні жазылған. Бұндағы қаралған күн тәртібі Қазақ тілінің орфографиясы мәселелері деп аталған. Оған қатысқандар: Жантілеуов, К.Жұбанов, И.Кеңесбаев, Ү.Балқашев, Е.Омаров, Ә.Сытдықов, Мақашев, М.Гаврилов. Мәжілістің төрағасы – халық комиссарының орынбасары Жантілеуов, хатшысы – М.Гаврилов. Мәжілісте қазақ орфографиясын қайта құру жөнінде К.Жұбанов әзірлеген емле жобасы талқыланған. Баяндамашы осы өзі ұсынған қағидаларды дәйектейтін бірнеше тармақ ұсынған. Машина белгіленді.

Аталған мәжілісте Е.Омаров, Жантілеуов, И.Кеңесбаев, Ә.Сытдықов қысқаша сөз сөйлеп, пікір алысқан. Талқыланған мәселелерді қорытып, орфографияны жетілдіруге қажетті пікір түйіндеу үшін мәжілісте бес кісіден жұмысшы комиссиясы құрылады. Оның жетекшісі ретінде К.Жұбанов, мүшелері ретінде И.Кеңесбаев, Ә.Сытдықов, Е.Омаров, Ғ.Бегалиевтер белгіленді.

К.Жұбановтың ғылыми ұйымдастырушылық қызметіне тікелей қатысты тағы бір құжат – 1934 жылы қараша айының 27-сі күні болып өткен Мемлекеттік термин комиссиясы мен Халық ағарту комиссариатының бағдарлама-методика секторының бірлескен мәжілісінің хаттамасы.

Мәжілісті Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов өзі басқарып, оған бағдарлама-методика секторының менгерушісі әрі Мемлекеттік терминкомның төрағасы Қ.Жұбанов аталған сектордың ғылыми қызметкерлері: Ә.Мәметова, Ә.Сытдықов, Ғ.Бегалиев және терминкомның ғалым хатшысы М.Гаврилов қатысқан. Мәжілісте терминдерді жасау және бекіту, әсіресе оларды жазудың емлесін белгілеуге байланысты оқулықтар мен термин сөздіктерін баспадан шығару жайы туралы Қ.Жұбановтың хабарламасы тындалады [ЦГА КазССР, фонд – 81, оп. – 3, дело – 697, лл. 132-133 об.].

Ал халықаралық терминдердің мәселесіне байланысты «Қ.Жұбановтың ұсыныстары жоба ретінде қабылданып, тәжірибелі мақсатта іс жүзіне асырылсын және бұдан bylай сол ұсыныстар басшылыққа алынсын» деген қаулыға қоса, мәжілісте «Қазақтың қалың еңбекшілері арасында игеріліп, сінісіп кеткен халықаралық терминдердің орфографиясы бірізге салынып, ғылым тұрғысынан негізделсін» деген шешім қабылданады. Құжаттардан байқалатын нәрсе ол кезеңде терминология мәселесі өз алдына бөлек зерттелу объектісі болмай, тіл білімінің басқа да практикалық қажеттіліктерімен, әсіресе орфография мен әліпбиді жетілдіру шарттарымен, соның негізінде орта мектепке арнап әртүрлі сапалы оқулықтар шығару ісімен тығыз ұштасқандығы деуге болады. Сөйтіп, Қ.Жұбанов әрі бағдарлама-әдістеме жұмыстарын басқара жүріп, әрі Мемлекеттік термин комиссиясына төрағалық ете отырып, ол жұмыстарды өзінің ҚазПИ-дегі негізгі ұстаздық қызметімен тұтастыра келіп, бүкіл «ағарту майданы» атты мәдени құрылыштың қалың ортасында жүрген. Қаралып жатқан мәселелердің бірізділігіне қарай кейде оны негізгі қызметінен босатып алғып та ғылыми-методика, педагогикалық практика, оқулық жазу секілді істерге қатыстырып отырған.

Сондай деректердің бірі ретінде 1934 жылғы қараша айының 28-і куні Қ.Жұбановты іздестіріп, Халық ағарту комиссары Т.Жүргеновтің атынан ҚазПИ-ге жолданған телефонограмманы атауға болады. Бұл телефонограмма жоғарыда сөз болған 27 қарашада өткен мәжілістің ертеңіне берілген. Онда былай делінген: «Зав. програмно-методического сектора Наркомпроса товарищу Жубанову. Наркомпрос тов. Жургенов просить Вас быть у него в кабинете 28сего ноября в 9.00. часов утра для обсуждения неотложного вопроса терминологии, связанной с изданием учебников. В виду крайней срочности вопроса нарком просит Вас отложить всю другую работу, в том числе и лекции и обязательно принять участие в намеченном обсуждении. Вместе с этим захватить с собой и имеющиеся у Вас материалы, относящиеся к вопросу. Нарком – Т.Жургенев». [Фонд – 81, оп. – 3, стр. – 697, св. – 57, стр. 37. 1934 г. Материалы гостерминкома]. Құжатта телефонограмманы қабылдаған ҚазПИ-дің қызметкері Чернов деген кісінің қолы бар.

1934 жылға қатысты басқа мұрағат деректері де профессор Қ.Жұбановтың қызу еңбек үстінде өткен шығармашылық өмірін көз алдымызга елестетеді. Мәселен, Ұлт мәдениеті институтының тіл құрылышы

секторының меңгерушісі Қ.Жұбанов 1935 жылы арнайы жасаған жұмыс жоспарында мынадай тақырыптар көрсетілген: 1) Қазақ тілі фонетикасының тарихына байланысты зерттеудің жалғасы, көлемі – 2 баспа табақ, орындайтын – Қ.Жұбанов. Аяқтау мезгілі – мамыр, маусым, шілде. 2) Қазақ дыбыстарын диалектологиялық тұрғыдан шолу. Көлемі – 1 б.т., орындайтын – Қ.Жұбанов. Аяқтайтын мезгілі – қараша, желтоқсан айлары. 3) «Стилистика мәселелері» (ұжымдық еңбек), жетекшісі – Қ.Жұбанов, көлемі – 10 б.т. Аяқтау мерзімі – қазан, қараша, желтоқсан айлары. 4) «Әдеби тіл мәселелері», көлемі – 3 б.т. Орындайтын – Қ.Жұбанов. Аяқтау мезгілі – сәуір, мамыр айлары.

Мұрағат құжаттарының ішіндегі кейбір деректерде Қ.Жұбанов Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту шарасына да белсене қатысқандығы көрінеді. Баршамызға мәлім, осы аталған датаға орай Қ.Жұбанов 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының 11-12 сандарында «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты әйгілі мақала жариялад, ұлы ақынның болмысына баға беруі де жүртшылық тарапынан сол кезге шейін ескерілмей келген бірсыныра жайттардың басын ашқан болатын. Осыған орай, жүртшылыққа ой салатын тағы бір мәлімет мұрағат сөресінде сақталыпты. Ол – «Краткая выписка из стенограммы заседания посвященного обсуждению вопросов предстоящего юбилея поэта Абая Кунанбаева». Бұл мәжіліс 1934 жылы маусым айының 7-сі күні Алматыда Академияның қазақ филиалында болып өткен. Мәжіліс хат барынша қысқа жазылған. Онда жиналысқа төрағалық етуші профессор Баталов баяндама жасау үшін сөзді С.Мұқановқа бергендейі айттылады. Баяндамашы бір кездегі қоғам-мәдениет қайраткері Ж.Сәдуақасовқа сілтеме жасап, А.Байтұрсынұлының 50 жылдығынатаң өту кезінде оның көсем болған бес кісіні – К.Қасымовты, Ш.Ұәлихановты, Ы.Алтынсаринді, А.Құнанбаевты және А.Байтұрсынұлын атағанын еске салады. Бұл мәжілісте жарыссөзге шығып сөйлеген адамдар Қ.Жұбанов, F.Мұсірепов, М.Әуезов, С.Асфендияров, М.Жолдыбаев т.б. болған. Мәжілісхатта мынадай бір ескерту бар: «Соңғы аталған М.Жолдыбаев өзінің сөзінде Қ.Жұбанов пен М.Әуезовтің пікірлеріне дау айтты». Бұған қарағанда, Абайды танудың ең бір шырғалаң кезеңінде Қ.Жұбанов пен М.Әуезовтің ой-пікірлері үндес болған ба деген де жорамал көңілге келеді [ЦГА КазССР, фонд – 81, опись – 3, дело – 731, св.– 64. стр. – 70].

Міне, жоғарыда көрсетілген нақты құжаттардың деректері көрнекті ғалым Құдайберген Жұбановты тек «тіл маманы» деп танудың жеткіліксіз екендігін дәлелдейді. Өйткені ол шын мәнінде қазақ халқының қоғам және мәдениет қайраткері болды. Қ.Жұбанов жиындарда «әдемі сөз» сөйлеп, мінбеден «бой көрсетіп» кететін кербез шешен емес-ті. Ол істің адамы болатын. Сондықтан да болса керек, әріптестері мен замандастары, оның еңбегінен хабардар жүрт оның әрбір лебізіне ілтипатпен құлақ асатын. Мәселен, 1935 жылы одақтас елдердің Бүкілреспейлік XVI съезіне Қазақстан атынан делегат болып қатысып, Татарстанның мәдениеті туралы сөз сөйлеп,

Кеңестік Татарияның шарықтап өскендігін бір кезде Қазан татарларына ұстаз болған шетелдік халықтардың (Түркияның) өсу дәрежесімен салыстыра көрсетеді. Екпінді мұғалімдердің бірінші съезінде сөйлеген сөзінде Қазақстандағы халық ағарту майданының жаңа кезеңіне сай жаңа типті мұғалім кадрларын өсіруге, оқыту мен білім берудің ең тиімді жолдарын менгеруге шақырады. Бұл қысқаша стенограмма «Казахстанская правда» газетінің 1935 жылғы 27 қаңтарында шыққан №22 санында жарияланған.

1935 жылдың көктемінен бастап Мәдениет құрылышы қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық I съезін шақыру ісі сол кездегі Халық ағарту комиссариатының жүзеге асырған аса елеулі шаралардың бірі болған. Комиссариаттың Т.Жүргенов қол қойып, 1935 жылы 8 сәуір күні жариялаған №206 бұйрығы «О созыве казахстанского съезда работников культурного строительства» деп аталады. Республика өкіметімен партия ұйымының мәдениет құрылышы қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық съезд шақырылуы туралы қабылдаған қаулысына сәйкес Халық ағарту комиссары былай деп бұйырады: «1. 1935 жылы мамыр айының 20-сы күні Алматы қаласында мәдениет құрылышы қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық съезі шақырылсын. Оның күн тәртібінде мынадай мәселелер қаралсын: 1) Қазақстандағы мәдени революция; 2) қазақ тілі жайында: а) орфография; ә) термин; б) әдеби тіл мәселелері; в) мектеп жайында: 2. Практикалық шараларды талдап шешу үшін съезде қойылатын мәселелер мынадай секцияларға бөлініп қаралсын: а) қазақ грамматикасы; ә) мектеп; 1) мектеп жұмысының сапасы жайында (сабак оқыту жұмысын ұйымдастыру және оның әдістері, тәрбие жұмыстары, оқулық, бағдарлама, педагог-кадрлар мәселесі; 2) мектептерді ұйымдастыру және нығайту: интернаттар, үлгілі мектептер, қазақ орта мектептерін ашу; 3) мектептердің материалдық базасы. Тіл жайындағы материалды жедел даярлау міндеті Қ.Жұбанов жолдасқа жүктелсін». Бұйрыққа қол қойғандар – Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов және комиссариат хатшысы – Эубәкіров. [Фонд – 8I, оп. – 3, дело – 1075, св.– 100, стр. – 1, 1935 г. Приказ Народного Комиссариата КазАССР].

Халық ағарту комиссарының 8 сәуір күні берген келесі №205 бұйрығында күн тәртібінде талқыланатын мәселелерге қатысты барлық материалдар мен тезистер 13 сәуірге дейін даяр болуы керектігі айтылып, соған сәйкес грамматика жайында Ә.Сытдықовқа, орфография жайында Қ.Жұбановқа, терминдер жайында Ф.Бегалиевке, әдебиеттің тарихы мен теориясы мәселелері бойынша Ә.Мәметоваға тапсырмалар беріледі. Одан әрі съездің баяндамашыларын атайды. Олар: 1) Қ.Жұбанов – тіл мәселелері бойынша; 2) Жантілеуов – мектептің материалдық базасы жөніндегі мәселелер бойынша; 3.Баймаханов – мектептегі ұйымдастыру мәселелері бойынша; даяр болған материалдар мен тезистердің тізімі 15 сәуір деп белгіленген. Т.Жүргенов қол қойған бұл құжаттың шифры мынадай: [Фонд – 8I, оп. – 3, дело – 341, св.– 28. стр. – 34. Приказ НКП. 1934-35 гг.].

Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов қол қойған 1935 жылғы 17 мамырдағы №269 бұйрықта мәдениет құрылышы қызметкерлерінің съезінде

қаралатын ғылыми мәселелерді талдаш шешетін академиялық комиссия құру жайлы жарлық беріледі. Қ.Жұбанов осы комиссияның төрағасы болып тағайындалады. Комиссияның құрамында Ә.Ермеков, Т.Шонанов, Жаманқұлов, И.Кеңесбаев, Ш.Әлжанов, С.Жиенбаев, Қ.Тоғжанов, М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Әлібаев т.б. адамдар енеді. Комиссияның құрамында 35 адам болады [Фонд – 81 оп. – 3, дело – 714, св. – 61, стр. – 385. Приказ НКП, 1935.].

Бұл тұста Қ.Жұбанов Халық ағарту комиссариатынан тысқары мекемелерде де ғылыми жұмыстар атқарып жүреді. Мәселен, 1935 жылғы 17 мамыр күні Алматы қаласындағы Ұлт мәдениеті институты бойынша берілген №81бүйрықта аталған институтта іліми кеңес құрылған. Профессор Алманов басқаратын бұл кеңесте әліпби ретімен Қ.Жұбанов 6-шы болып тіркелген. Бүйрыққа Ұлт мәдениеті институтының директоры Атаянец қол қойған [АН КазССР. Архив №4, упр. 19].

Мұрағат қазынасында Мәдениет қызметкерлерінің I съезі жайында біраз деректер бар. Солардың ішіндегі Қ.Жұбанов есіміне байланысты құжаттардың бірі Қ.Жұбановтың баяндамасы бойынша қабылданған «Қазақ әдеби тілінің жай-күйі туралы» съездің резолюциясын ғалым өз қолымен дайындаған және съезде оқып берген. Ұзын саны 4 тармақтан тұратын бұл құжат былай басталады: «Заслушав доклад Жубанова К. «О состоянии казахского литературного языка», съезд работников культурного строительства Казахстана считает: ...».

Содан әрі съездің атынан барлық пәндер бойынша терминдерді жариялау ісі мемлекеттік терминкомға тапсырылып, терминология негіздерін белгілеудің принциптерін дұрыс деп табады. Баяндамада және жарыссөзде көрсетілген емледегі кемшіліктерді тез арада жойып, орфографияны жетілдіріп, тек қазақ сөздері ғана емес, термин сөздер мен кірме сөздердің жазылуын да жолға қою қажеттігі, сонымен бірге съезге емле жобаларының бірнешеуі келіп түскендіктен, оларды таяу арада қарап, барлық жобалар мен жүртшылық пікірлерінің ең тиімді жақтарын пайдалану қажеттігі съездің атынан Халық ағарту комиссариатына жүктеледі. Сондай-ақ орфография мәселелерімен бірге тыныс белгілерінің ережесін жасау қажеттігі атап көрсетіледі. Революцияның соңғы бабында қазіргі қазақ әдеби тілінде орын алған кемшіліктер мен қолайсыздықтардың себебі жұмыстың бұл маңызды саласына басшылық жасалмай, сол кездегі авторлар мен редакторлардың тілдің олпы-солпысына немкетті қарап, өздерінің жауапкершілігін сезінбегендіктен деп біліп, съезде бұл жағдайда қазақ тілінің дамуы мен жетілуін кідіртетін келеңсіз құбылыс деп бағалайды. Тілге деген жауапсыздық қарым-қатынастың кімнің тарапынан болғандығына қарамастан, съезд таяу арада баспа бетінде жарық көрген материалдарды тексеріп шығуды ғылыми-зерттеу мекемелеріне, ғылыми қызметкерлерге, жазушыларға және Жазушылар одағына тапсырады. Ұсынылған резолюция бірауыздан және еш өзгеріссіз мақұлданады [ЦГА. КазССР. Фонд – 81, опись – 3, дело – №1096, связка – №102. Проект постановлений ЦИК

Казахской АССР. Тезисы о резолюции первого съезда деятелей культуры, стр. 15].

Келесі бір маңызды құжат – аталған съездің қорытындысы жайында съездің секретариаты атынан Қазақстанның Халық ағарту комиссары Т.Жүргеновке жолданған жазбаша мәлімет. Көлемі машинка бетімен 11-12 парап шығатын бұл құжатта қазақ тіл білімінің практикалық мәселелері қай заманнан бері, кімдердің ат салысуымен зерделеніп, тиісті ұсыныстар мен шешімдер қабылдағанына, кемшілігіне бірсыныра байыпты шолу жасалған. Ерекше ескеруге тиісті жайт – тіл танудың әралуан кезеңдеріне лайық үлкен еңбек сініріп келген адамдар А.Байтұрынұлы мен Қ.Жұбанов болғандығы жайындағы әділ тұжырымдар [ЦГА. КазССР, фонд – 81, св. – 3, дело – 379, лл. 250-258]. Дау-дамайлы көп емле, термин мәселелеріне байланысты сол 30-шы жылдардың орта шенінде хатқа түсken бұл пайымдаулардың ғылым тарихы үшін мәні зор деп санаймыз.

Қ.Жұбанов есіміне қатысты 1935 жылдан сақталып жеткен басқа құжаттар – негізінен Халық ағарту комиссариатының және көпшілігінде Т.Жүргеновтің өзі қол қойған бұйрық-жарлықтар. Олардан байқалатын басты бір ағым жоғарыда аталған Мәдениет құрылышы қызметкерлерінің I съезінің ұсыныстары мен қаулыларын жүзеге асыруға бағытталған үлкен талпыныс тәрізді. Бұл ретте 1935 жылғы маусым айының 25-сі күні Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жариялаған №406-шы бұйрықты ерекше атап өтуге болады. Комиссар Т.Жүргеновтің өзі қол қойған бұл бұйрықтың жоғарғы бұрыштамасында: «Барлық облыстың оқу бөлімдеріне, халық ағарту қызметкерлері кадрларын, мамандарын жетілдіретін қазақ институтына, Қ.Жұбанов жолдасқа, «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің редакцияларына» деп жазылған. Бұйрықтың басындағы констатациялық бөлімінде былай делінген: «Реализация решения Первого съезда деятелей культурного строительства о борьбе безответственным обращением с казахским языком со стороны лиц, имеющих отношение к литературной и преподавательской деятельности, требует осуществления ряда мероприятий, в первую очередь по поднятию квалификации преподавателей казахского языка в школах и на курсах всех типов.».

Содан әрі осы бұйрықтың 1-2 және 5-тармақтарында Қ.Жұбановқа қатысты мынадай шараптар қарастырылады: 1) Қазақ АКСР-нің территориясындағы барлық жоғары оқу орындары мен техникумдарының қазақ тілі оқытушылары үшін, сондай-ақ Алматы қаласы мен барлық облыс орталықтарындағы орта мектептердің мұғалімдеріне арнап курс-семинар ұйымдастырылсын. 2) Қазақ тілі бойынша семинар ең әуелі Алматы қаласының оқытушылары үшін ашылып, оны басқару ісі Қ.Жұбанов жолдасқа жүктелсін. Жоғары оқу орындарының, техникумдар мен мектептердің қазақ тілі оқытушыларына аталған семинарға қатысадын олар үшін міндеттілігі және қазақ тілі пәнін жете игеруге немкетті қараушылық жағдайында кінәлі адамдарды жұмыстан босатуға шейін шара қолданатынымыз ескертілсін. Бұйрықтың соңғы 5-параграфында былай

делінген: «Тов. Х.К.Жубанову в 5-дневной срок представить мне на утверждение учебные планы и программы курсов и семинаров по повышению квалификации преподавателей казахского языка. Нарком Просвещения КазССР – Т.Жургенов [Фонд – 81, оп. – 3, дело – 714, связка – 61, стр. 586-587. Приказ НКП, 1935 г.]».

Бұдан кейінгі Т.Жүргеновтің қолы қойылған бұйрықтарда қазақ тілін пән ретінде оқыту жұмысын көтеру мақсаты көзделеді. Мәселен, оның 1935 жылы шілденің 9-ы күні берген №503 бұйрығында сол жылғы шілде айының 20-сынан бастап қыркүйек айының 1-іне дейін оқу-методика секторының менгерушісі Қ.Жұбановты қазақ тілінің грамматикасын жасау және комисариатқа келіп түсіп жатқан қолжазбаларды қарап шығу жөнінде берілген тапсырмаларды орындау үшін комисариаттың аппаратындағы жұмыстардан босату қажеттігі айтылады. «Берілген тапсырмаларды орындауға байланысты жолдас Қ.Жұбанов өзіне қажетті қызметкерлерді өз аппаратынан немесе комисариаттағы басқа қызметкерлерден босатып алу не қосымша жұмысқа тарту жолымен жұмылдыруға құқылы» делінген. Бұйрық мынадай сөздермен аяқталады: «Обязанность заведующего уч.-метод. сектором, на время отсутствия тов. Х.Жубанова, возлагаю на тов. А.Ситдикова» [Фонд – 61, оп. – 3, дело – 714, св. – 61, стр. 715. Приказ НКП, 1935 г.]. Бұл міндетті атқарып жүргенде, Қ.Жұбанов бар ынта-жігерін қазақ мектептерін ғылыми негізде жазылған сапалы оқулықтармен, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарымен аз уақыттың ішінде қамтамасыз етуге жұмсайды. Өзі жазып қоймайды, басқаларды да жұмылдырады.

Сол 1935 жылы 19 шілдеде берілген №496 бұйрықта Халық агарту комиссары Т.Жүргенов Қазақстан өлкелік партия комитетінің тиісті нұсқауларына сүйене отырып, жаңадан шығатын басылымдарды әзірлеу, өндіу, безендіру және сапасын жақсарту ісін тәртіптеу мақсатында мынадай бұйрық берген: «Приказываю под личную ответственность тов. Х.Жубанова перестроить работу по просмотру поступающей от Издательства учебно-методической литературы в соответствии с положением об авторском праве и постановлением СНХ РСФСР от 26 / III-1933 г., не допуская удлинения сроков просмотра свыше 5 дней и о каждом просмотре обоснованное письменное заключение представлять мне на утверждение». [Фонд – 81, оп. – 3, дело – 341, св. – 26, стр. 73,74,75. Приказы НПП, 1934-1935 гг.].

30-жылдардың іші жоғары оқу орындары пайдаланарлықтай қазақ тілі грамматикасының ғылыми курстарынан құр алақан кез болатын. Сондықтан Қ.Жұбанов тіпті алғашқы кезде ғылыми негізге біртабан жуық жазылған қазақ тілінің тұңғыш грамматикасы П.М.Мелиоранскийдің 1894-1897 жылдардағы кітаптарын («Краткая грамматика казак-киргизского языка», СПб, часть 1-я, 1894, часть 2-я, 1897) қайта басып шығартуды да ойластырады. Бұған неміс профессоры Бангтің француз тілінде жасаған түсініктемелері мен ескертпелерін орысшаға аудартып қоса бермек болады және өзі кітаптағы ғылыми транскрипцияны латын әліппесіне көшіріп, мысалдарын жаңғыртып, кейбір жерлеріне ескертулер жасауды

жоспарлайды. Бұл жұмысты 1937 жылдың жаз айларында үлгеріп істеп болатыны, проф. Банг жазған материалды француз тілінен орыс тіліне аударып берген ерлі-зайыпты Гавриловтерге гонорарды тіпті өз қалтасынан төлеуге бар екені Берденев дегенге 1937 жылы марттың 21 күні жазған хатынан байқалады. Бұл деректерді төмендегі құжаттар айғақтай түседі.

1935 жылғы тамыз айының 3-і күні берілген Халық ағарту комиссарының орынбасары Ибраимов қол қойған №556 бүйрықта баспадан 1935 жылы шығатын оқулықтардың жоспарына жоғары және орта педагогикалық оқу орындарымен орта мектептерге арналып және мұғалімдер жұртшылығы үшін мынадай енбектерді жоспарға енгізу қажеттігі айтылған:

1. Қ.Жұбановтың редакциясымен Банг пен Қ.Жұбановтың түсініктемелері мен ескертпелерін қосып П.М.Мелиоранскийдің қазақ тілінің грамматикасын; 2. Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі очерктерін» шығару ісі. Бұл аталған басылымдар биылғы жылдың жоспарынан шығарылып тасталған әдебиеттердің орнына енгізілетін болсын. [Фонд – 81, оп. – 3, дело – 714, св. – 61, стр. 792. Приказы НКП, КазССР, 1935 г.].

Осылайша тынымсыз еңбек еткен профессор Қ.Жұбанов Қазақстан Орталық атқару комитеті өзінің 1935 жылғы 4 қарашада қабылданған «Екпінділер мен үздік қызметкерлерді» «15 жылдық Қазақстан» атты белгімен наградтау туралы қаулысымен ерекше атап өтіледі. Халық ағарту комиссариаты ұсынған адамдар жайында осы қаулыда былай делінген: «За ударную работу в деле культурного строительства наградить значком «15 Казахстана» следующих товарищей: ...». Тізім бойынша Қ.Жұбанов бесінші болып наградталған. Қаулыға Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Ұ.Құлымбетов, хатшысы М.Жұмабаев қол қойған. [Фонд – 81, оп. – 3, дело – 731, св. – 64. №70 (План изд. худ. альбома). 1935 г.].

1936 жылы Қ.Жұбановтың қатысуымен орындалуға тиісті игілікті істер одан әрі жалғаса береді. Терминком жұмысы ендігі жерде Жаңа әліп кіндік комитетінің сол кезде қызы қолға алыш жатқан жедел шаралармен ұштасып проф. Қ.Жұбановтың білімдарлығы мен іскерлік қабілетті жаңа қырынан таныла бастайды. Бұл жайды мұрағат сөрелерінде сақталған ресми құжаттар нақты айғақтайты.

Мысалы, Республика Халық ағарту комиссариатының 1936 жылғы 9 қаңтарда жарияланған №28 бүйрығынан мынадай жайтармен танысамыз:

«1. Мемлекет термин комиссиясының бастығы Жұбанұлы Құдайберген жолдас емле, термин мәселелерін шешу және жалпы одактық жаңа әліп комитетінің ғылыми сессиясына қатысу, баяндама жасау үшін осы ғынуар айының 10-нан бастап Мәскеуге командировкаға жүріп кетсін.

2. Қаржы басқармасы жолдас Жұбан ұлының жол расходына жетерлікте қаржы беріп, жүргенінше даяр қылсын». Бүйрықта Қазақстан Оқу істерін басқару халық комиссарының орынбасары Ыбырагимов қол қойған. [Фонд – 61, оп. – 3, дело – 713, св. – 61, стр. 25. Приказа НКП 1935-1936 гг.].

Осы бұйрық шыққан күні Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ Қ.Жұбановқа оның іссапарына орайластыра қосымша тапсырмалар жүктейді. ҚазПИ-дің мұрағатында сақталған Қ.Жұбановтың жеке басының ісқағаздарында мынадай ресми куәлік бар. 1936 жылғы қантардың 9-ы күні берілген №8-ші бұл тарихи құжаттың өзіндік стилін сақтау үшін аталған мандатты түпнұсқа қүйінде орыс тілінде келтіріп отырмыз: «Предъявитель сего проф. Х.Джубанов командируется в гор. Москву. Ему поручается вести переговоры от имени КазПИ в НКП РСФСР по вопросу оформления ученых званий работников КазПИ, о программах, учебных планах специфических дисциплин, приглашать работников для КазПИ, заключив договора с приглашаемыми работниками об условиях работы, заключить сделки на приобретения литературы и иных оборудований для кабинетов языка и литературы КазПИ. Изложенное удостоверено надлежащими подписями и приложением печати. Директор КазПИ Бекжанов, Упр. делами Григорьев. [Архив КазПИ.Личное дело Жубанова Худайбергена Куановича].

Проф. Қ.Жұбановтың осы аталған іссапары нәтижесіз де болмағаны байқалады. Қазақ тіл білімінің практикалық жұмыстарын ұйымдастырудың ғалымның сан-салалы еңбектерінің көрінісі бізге баспасөзден де белгілі болды. Мәселен, 1936 жылы сәуір айының 18-і күні «Казахстанская правда» газетінде Бүкілодактық Орталық жаңа әліп комитетіндегі түркі-татар секторының менгерушісі Юманкуловтың ТАСС тілшісімен сұхбаты жарияланған. Онда Қазақ АКСР-нда тіл құрылышы бойынша 1936 жылға орындалатын шаралар жайы сөз болады. «Бүкілодактық Орталық жаңа әліп комитеті биылғы жылдың жоспарына», – деген Юманкулов, – қазақ тілін өркендетудің ең бір зәру мәселелерін енгізіп отыр». Содан әрі жоғарыда аталған Орталық комитет жаңа әліп қазақ комитеті мен және Қазақстан Халық ағарту комиссариатымен біргіп, алдағы жазда Республика аудандарына арнайы ғылыми-лингвистикалық экспедиция шығаратыны, сөйтіп қазақ халқының әдеби тілі мен сөйлеу тілінің даму барысын зерттейтіні, сондай-ақ қалың еңбекші бұқараның сауаттылық жағдайы тексерілетіні айтылған.

«Бұл экспедицияға біз үлкенмән береміз. Экспедиция жұмысын академик А.Н.Самойлович пен проф. Қ.Жұбанов басқарады», – дейді Юманкулов. Сонымен бірге бұл сұхбатта түркі-татар тілдері секторында проф. Реформатскийдің басқаруымен бір топ авторлардан құралған бригада орысша-қыргызша сөздіктің сөзтізбесін (словник) жасап жатқандығы, бұл жұмыстың да Қазақстандағы тіл құрылышы жұмыстарын өрістетуде үлкен мәні барлығы айтылады.

«Оның мәнісі», – дейді Юманкулов, – бұл сөз тізбені 1937 жылды аяқталуға тиісті «Орысша-қазақша сөздікті» құрастыру ісіне де пайдалануға болады». Одан әрі Юманкулов тілшісінде проф. Қ.Жұбановтың қазіргі кезеңде қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жасау ісімен шүғылданып жүргенін, бұл грамматиканың бірінші бөлігі – «Фонетика» биылғы жылды аяқталатындығын, ал қалған екі бөлігі морфология мен

сintаксисті 1937 жылы аяқтау көзделіп отырғандығын хабарлайды. Сондай-ақ биыл түркі тілді халықтардың және шеттен кірген (халықаралық, орыс т.б.) термин сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу мәселелері бойынша да ғылыми жұмыстардың басталатындығын айттып өткен. Сұхбат беруші Юманқұлов Бұқілодақтық жаңа әліп кіндік (орталық) комитетінің тарапынан істелетін жұмыстарға да тоқталып өткен. Оның айтуынша, биыл қазақ тіліндегі оқулық, ғылыми және методикалық әдебиеттердің библиографиясын жасау ісі және баспадан шығып жатқан еңбектерді рецензиялау жұмысы қолға алынбақ. Бұл жұмыста Ленинградтан Шығыстану институтының жаңындағы редакторлар мен аудармашылар курсары аспиранттарынан жекелеген қызметкерлер қатыстырылатындығы атап көрсетілген (13).

Біз сөз етіп отырған кезеңде, яғни 1936 жылы Қ.Жұбанов ғылымның шебер ұйымдастырушысы ретінде жоғарыда аталған Республика Халық ағарту комиссариатымен Абай атындағы ҚазПИ-ден тыс КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы бойынша «Академиялық сөздік жасаушылар» тобын белгілеу туралы 1936 жылы шілденің 14-і күні берілген №34 бүйректың үшінші параграфында: «аталған топтың ақша қаражатының түбөгейлі есеп-қисабы проф. Қ.Жұбановты сөздіктің бас редакторы етіп бекіткеннен кейін жасалады» делінген. Бүйрекқа Ұlt Мәдениет институтының директоры Атаянең қол қойған (ҚазССР FA мұрағатынан).

Сол 1936 жылы тамыз айының 31-і күні берілген №87 бүйректа жоғарыдағы Ұlt мәдениеті институты Академияның қазақ филиалына қосылатындығы айтылады. Содан кейінгі №92 бүйрек 1936 жылы 5 қыркүйек күні жарияланған. Онда а) тарих секторы; ә) әдебиет-фольклор секторы; б) тіл секторы бойынша филиалға қабылданатын бүрінші Ұlt мәдениеті институтының қызметкерлерінің аты-жөні және айлық жалақылары белгіленеді. Бүйрекқа қол қойған – С.Асфендияров. Ал 1936 жылы 29 желтоқсанда берілген №123 бүйректа проф. Қ.Жұбанов жоғарыда аталған тіл секторының менгерушісі болып сол жылғы желтоқсан айының 15-нен бастап бекітілгендей, айлық ақысының 700 сом болатындығы айтылған. Соған жалғас желтоқсан айының 31 күні берілген №124 бүйректа проф. Жұбановтың, жоғарыда көрсетілгендей, 15-ші желтоқсаннан бастап лингвистика секторының менгерушісі және осы секторға академиялық сөздік жасаушылар тобының қосылатындығы көрсетілген. Бұл бүйректардың бәріне қол қойған – FA филиалы төрағасының орынбасары С.Асфендияров [Архив АН КазССР. стр. 25-34. Фонд – 1, опись – 1 л., дело – 12, св. – 2.]

Жалпы, республикамыздың аға буын үлкен ғалымдарының бірі, Қазақстан тарихы жайындағы еңбектің авторы проф. С.Асфендияров, комиссар Т.Жүргенов сияқты, Академия филиалының күнделікті жұмысында Қ.Жұбановқа көп иек артатындығы байқалады. Мәселен, С.Асфендияровтың 1936 жылы қараша айының 2-сі күні берілген №113 бүйрекінде өзінің қарашаның 4-і күнінен бастап Мәскеу мен Ленинград қалаларына іссапармен жол жүретіндігі, сондықтан өзі қайтып оралғанға дейін филиал төрағасы

орынбасарының қызметін атқаруды Қ.Жұбановқа тапсыратындығы айтылса, 1937 тамыз айының 20 күні берген №52 бүйрықта ол былай деген: «Отъезжая в 2-х месячный отпуск, разрешенный мне, временное исполнение обязанности зам. председателя филиала возлагаю на члена Президиума профессора Жубанова. Заместитель председателя Казахского филиала Академии Наук СССР С.Асфендияров».

С.Асфендияровтың 1937 жылғы маусым айының 11-і куні берген №39 бүйрығында Академия қызметінің басшы қызметкерлеріне, ғылыми және ғылыми-техникалық құрамдағы, штаттағы адамдарға 1937 жылы белгіленген дербес айлық ақылардың мөлшері көрсетілген: филиалдың төрағасы, академик Архангельскийдің қосымша айлық ақысы – 800 сом, төрағаның орынбасары проф. С.Асфендияровтың негізгі айлық ақысы – 1100 сом, лингвистика секторының менгерушісі Қ.Жұбановтың қосымша айлық ақысы – 700 сом. Мәскеу Ғылым академиясының Қазақ филиалы бойынша 1937 жылы қыркүйек айының 11-ікүні берілген №72-ші бүйрықта әдебиет-фольклор секторы лингвистика секторының құрамына енетіндігі, сөйтіп ол бұдан былай тіл және әдебиет секторы болып аталатындығы айтылған. Сектордың менгерушісі проф. Қ.Жұбановқа бұрынғы әдебиет-фольклор секторының барлық ісқағаздары мен материалдарын қабылдап алып, келесі 1938 жылға арналған жұмыс жоспарында сектордың құрамында әдебиетшілердің тобын ұйымдастыру ісі тапсырылған. Бұл бүйрыққа КСРО Ғылым академиясы филиалының ғалым хатшысы Л.П.Мамет қол қойған. Бұл кезде тарихымыз үшін қаралы 1937 жылдың соңғы қасретті де қатерлі айлар жақындал қалған болатын. Бірақ проф. Қ.Жұбановтың мойнына жүктелген әржақты тапсырмалар әлі толастаған жоқ еді. Мысалы, Қазақстан Халық ағарту комиссариатының 1937 жылдың қараша айының 10-ы күні берілген №1674 бүйрығымен комиссардың орынбасары Аюпов «Ауыл мұғалімі» редакциялық комиссиясының мүшесі болып табылатын Қ.Жұбановқа қосымша қызмет есебінде аталған журналдың редакторы міндетін уақытша атқаруды жүктейді. [ЦГА, Фонд –1692, дело – 488, оп. 1, №8 а.].

Қ.Жұбанов тағдырының ең бір қисынсыз шиеленіскен, талқыға түскен сәті деп академияның қазақ филиалы бойынша 1937 жылдың қараша айының 19-ы күні берілген №98 бүйрықты атауға болады.

Онда филиалдың ғалым хатшысы Л.П.Мамет Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің 1937 жылдың қараша айының 14-і күнгі КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалының Ғылыми кеңесі мен Президиумын бекіткендігі туралы №1190-шы қаулысын жариялады. Бұл қаулы бойынша академия филиалының 35 адамнан тұратын ғылыми кеңесінің ішінде 18-ші орында, ал академия филиалының президиум мүшелерінің 13 адамнан құрылған мүшелері ішінде б-орында Қ.Жұбановтың аты аталған. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаев қол қойып бекіткен бұл құжат адам айтқысыз бір дүлей күштің әсерімен Қ.Жұбанов тұтқындалған 1937 жылғы қараша айының 19-ы күнімен дәл келіп тұр. Құжаттардан көріп отырғанымыздай, проф. Қ.Жұбановқа оны «халық жауы» деп тұтқындаған

күнге дейін сенімді әрі беделді қайраткер ретінде тапсырмалар берілген, ғалым ретінде академияның ғылыми кеңесінің, президумының мүшесі ретінде сайланған.

Содан көп ұзамай Ғылым академиясын қазақ филиалының №99 хаттамасымен 1937 жылы қараша айының 21-і күні проф. Қ.Жұбановты қызметтен босатып, мынадай бұйрық шығарылған: «Джубанова Х. с 20 ноября отчислить из штата». Ученый секретарь казахского филиала Академии Наук СССР Л.П.Мамет». Бұл құжаттың көшірмесін академия мұрағатының менгерушісі М.Бердихина Ақырап Жұбановқа 1965 жылы 12 наурыз күні (Архив. дело №106. упр. д.) табыс еткен.

Айыптау мен ақталу

Профessor Құдайберген Жұбановтың өмірі мен қызметіне қатысты деректі ғұмырнамалық еңбек жазған К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың деректеріне сүйенсек, Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі Қ.Жұбановтың ісі «В двух томах» деп көрсетілгенімен, ақырғы құжатына дейін онша қалың емес, шамамен 230 мәшінкелік паралтай көлемде, 1-том шамасында.

«Дело №11020 по обвинению Джубанова Х. по ст.58, п.п. 2, 8, 9 и II УК РСФСР» деген атының өзі кімнің болса да жүрегін шымырлатпай қойmas. Зерттеуші Т.Бейіскұлов Бейімбет Майлин ісінің нөмірі 11020-сыншы болғанын жазған-ды. Соған қарағанда, бұлардың ісі бір ортақ нөмірмен таңбаланған сияқты. Мұқабаның бетінде кездесетін басқа да нөмірлердің ішіндегі маңыздыларының бірі – «Архивно-следственное дело №955387» деген жазу тәрізді. Сондай-ақ «том №1», «начато 19 ноября 1937г., окончено 23 декабря 1937г.» деп жазылған. Сонда «халық жауы» деп әшкерелеп, атып жіберуге бір айдан сәл-ақ астам уақыт жеткілікті болғаны ма?!

Істегі алғашқы «Справка на арест Жубанова Худайбергена» деп аталатын анықтамаға Қазақстанның Ішкі істер халық комисариаты мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының бөлім бастығы Катков қол қойған. 1937 жылдың 15 қарашасындағы бұл құжатта былай делінген: «Достаточно изобличается в том, что является членом антисоветской националистической организации, связанной с троцкистами и правыми. Активно ведет антисоветскую националистическую работу. Необходимо Жубанова Х. арестовать и привлечь к судебной ответственности по ст. 58-10-11 УК РСФСР».

Мұны

18

қарашада ҚазКСР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік майоры Володъзко бекіткен. Сөйтіп, лейтенант Катков пен майор Володъзконың «ұйғарымымен» қазақтың біртуар ғалымының тағдыры шырғалаңға түсті.

Ертеңіне, яғни 19 қарашада мемлекеттік қауіпсіздік сержантты Хамидуллинге Қ.Жұбановты тінтіп, қамауға алуға №1022 ордер беріледі. Бұл ордерде профессор Қ.Жұбановтың Красин көшесіндегі 47-үйде тұратындығы

жазылған. Ордердің төменгі жағындағы «Оқыдым» деген жерге Қ.Жұбанов қол қойған.

19 қарашадағы «Тінту жүргізу протоколын» да Хамидуллин толтырған. Максимова

дегенніңқатысұыменмыназаттардыңәкетуғеалынғандығы жайында жазылады:

1. №106454 паспорт.
2. №0733638 кандидаттық партбилет.
3. №597 кәсіподақ билет.
4. №74 Қаз ЦИК мүшелік билет.
5. №1147 кәсіподақ билет.
6. «КСР 15 жылдығы» белгісін тағып жүргүре берілген №9273 күелік.
7. «КСР 15 жылдығы» белгісі.
8. Қаз ЦИК мүшелігінің белгісі.
9. Әр түрлі кітаптар – 3 дана.
10. Жалпы дәптерлер мен қойын кітапшалар – 5 дана.
11. Жазулары бар оқушы дәптерлері – 12 дана.
12. Әртүрлі қолжазбалар мен хаттар – бір бума.
13. Фотосуреттер – 13 дана.
14. Бір әуе винтовкасы.

Қ.Жұбанов тұтқындалғаннан кейінгі алғашқы құжат «Тұтқынның сауалнамасы» келесі күні толтырылған. Қ.Жұбановтың айтуымен жазылған бұл сауалнаманы кейінірек тергеуді жүргізген Мавлютов толтырған сияқты. Олай дейтініміз сауалнаманың соңына қолы қойылған да, фамилиясын жазуды «ұмытып кеткен». Сауалнаманың соңына Қ.Жұбанов қол қойған. Аты-жөні жазылғаннан кейін Қ.Жұбановтың туған жылы ғана керсетілген. Күні бос қалдырылған. Туған жері ретінде «Ақтөбе облысы, Жұрын ауданы, №9 ауыл» деп көрсетілген. «Тұрғылықты жері» ордердегі дерекке сәйкес келеді. Жұмыс істейтін жері «Ғылым академиясының филиалы және Қазақ педагогикалық институты» деп көрсетілген. Сосын «профессор-тілші» деп қосылған, «ғылыми қызметкер» екендігі жазылған. Сауалнаманың «барлық мүлкін (құрылыш, ауыл-шаруашылығы құрал-саймандары, өндейтін жердің көлемі, мал саны, салық мөлшері)» деген бағанаға «ештеңе жок» деп көрсетілген. Әлеуметтік жағдайын 1917 жылға дейін «орта шаруашылық», 1929 жылға дейін «қызметкер», қамауға алынған сәтіндегісін «қызметкер» деп көрсетілті.

Сауалнамадағы «патша әскеріндегі қызметі», «ақтар әскеріндегі қызметі», «Қызыл Армиядағы қызметі» деген бағанадардың барлығына «қызмет еткенім жоқ» деп жауап берілген. «Шыққан әлеуметтік тегі» дегенге «орта шаруа» деп жазылған. «Саяси өткендері» деген бағанаға «жоқ» деген жауап жазылған. «Партиялылығы» деген бағанада «1930 жылдан КП (б)К мүшесі, осы іс бойынша тұтқындалуына байланысты шығарылды» деп көрсетілген. Білімі «жоғары» делінген. 1923 жылы сотталғандығы да сауалнамадан көрініс тапқан.

«Семья құрамы» деген бағанада әйелінің шешесі Жаңылсын Әлімбетова – 61 жаста, әйелі Раушан – 38 жаста, қызы Мұслима – 13 жаста, ұлы Ақырап – 11 жаста, ұлы Есет – 9 жаста, қызы Қызгалдақ – 4 жаста, қызы Қырмызы – 2 жаста деп көрсетілген де, соңғы ұлы туралы «есімін білмеймін» деп жазылған (5).

Құдайберген Жұбановтың тағдыр-талайына әсер еткен «Постановление об избрании меры пресечения и предъявления обвинения» атты құжатты НКВД-нің 4-бөлімі 7-бөлімшесінің оперативтік уәкілі, мемлекеттік қауіпсіздік кіші лейтенанты Садықов 15 қараша күні, яғни қамауға алынардан бірнеше күн бұрын дайындаған. Мұнда мынадай қаулышиғарылған: «гр. Жубанова Х. привлечь в качестве обвиняемого по ст.58-10-11 и 13 УК, мерой пресечения способов уклонения от следствия и суда избрать содержание под стражей в следственной тюрьме НКВД КССР». Құжатқа 7-бөлімшениң бастығы, мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты Катков «келісемін» деп қолқойған. Бұлқаулыны 18 қарашада ҚазКСРІшкістерхалық комиссарының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік майоры Володъзко бекіткен. Қ.Жұбанов мұнымен 20 қарашада танысады. Осы Құжатта 13-тармақ мәшиқеге басылған жазуға қолмен қосылған. Әлдемәшіңдегебасқанадамұмытқалдырылған (солкездегі қырағылық пен бұлмұмкін немессияқты), әлдеістің маңыздылығын қүштейту үшін тергеуіштің әдейі қосқансыңайлы.

Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы 7-бөлімшесінің бастығы, лейтенант Катков 19 желтоқсанда, яғни қамауға алынғанына бір ай болғанда Қ.Жұбановтың жеке кітапханасына қатысты арнайы қаулы шығарады: «Все книги, принадлежащие обвиняемому Джубанову Х. изъять и сдать на хранение в комендатуру НКВД КССР, до решения суда о конфискации имущества».

Тергеу бітіп, соңғы қаулы шығарылған күні «Медицинская справка» толтырылған. Ондабылайделінген: «Мною, врачом следственной тюрьмы Русиной, произведен медосмотр содержащего под стражей в следственной тюрьме заключенного Джубанова Х., причем найдено сист. шум на верхушке. Практически здоров». 23 желтоқсанда жазылған бұл анықтамаға дәрігер Русина қол қойған.

Істегі негізгі құжаттардың бірі «Протокол допроса» болып табылады. Осындай үш хаттама бар. Алғашқысы, іле-шала 20 қарашада алынғаны – қысқа. Қалған екеуі – ұзақ. Біріншісі бір ғана сұрақпен бір ғана жауаптан тұрады. Алғашқы жауап алған – 4-бөлімнің оперативтік уәкілі Мавлютов. «Сіз, Жұбанов, советке қарсы ұлтшылдық үйымға қатысыңыз бар, оның тапсырмасы бойынша советке қарсы астырын жұмыс жүргіздіңіз деп айыпталасыз. Мұнда өзіңізді кінәлі деп мойындаісyz ба?» – деген саул қойылады. Мәшиқеге басылған жазбадан Қ.Жұбанов кеңес өкіметін күшпен құлатуды, Қазақстанды КСРО-дан бөліп алуды және Қазақстанда буржуазиялық-демократиялық мемлекет орнатуды міндет етіп қойған ұлтшыл үйымның белсенді қатысушысы болып шығады. Құжаттың соңына

«Менің сөзімнен дұрыс жазылды» деп Құдайберген Қуанұлы өз қолын қойған. Бұл қорлау мен азаптаудың түр-түрін көргендіктің, жаны күйзелгендіктің әсері деп білеміз. Тіпті 20 қараша деп кейінгі датамен көрсете салуы да мүмкін.

Істегі екінші тергеудің 30 қарашадағы тергеу хаттамасының әуелгі бірінші нұсқасы мәшиңкемен – 28 бет, қасында қолмен жазылған нұсқасы да бар. Мәшиңкеге басылғанына бет сайын астына Құдайберген Қуанұлының қолы қойылғанымен, 13, 14, 15-беттерде Қ.Жұбановтың қолы жоқ. Ал кейбір беттердегі бірер сөздерге түзету беріліп, «верить» деп жазылып, Құдайберген Қуанұлы қол қойған. Ең сонында Қ.Жұбанов өз қолымен «Протокол записан с моих слов. Правильность записанного подтверждаю собственноручной росписью» – деп жазған. Хаттаманыңсоңындартергеудіжүргізгендінатыжөніжазылған. Олар: НКВД 3-бөлімібастығыныңқемекшісі, лейтенант Гитлин мен 4-бөлімніңоперативтікуәкіліМавлютов.

Тергеудіңбасында-ақсұрақ: «БізСіздітергеудіңқолында бар материалдарғасәйкесқойылғанайыптауларментолығыменәшкереленгендігіңіз діескертеміз.

Сондықтан Сізгетергеугеашықжәнешыншылмәліметтерберебастауыңызгаұсы нысжасаймыз», – деп басталған. Іле-шала: «Сізтергеуалдындаашықайтасызба?» – дейді де, оныңжауабынкүтпестен: «Айтыңыз», – дептүқыртады. Осыдан-ақтергеудіңқалайдақаралау, іstemеген әрекетін мойындааттыру мақсатында жүргізілгендігінаңғаруқыннемес.

19 желтоқсанда жүргізілген тергеу хаттамасы мәшиңкеге басылған 15 беттен тұрады. Әр беттің сонында Қ.Жұбановтың қолы қойылған. Тергеуде кенес үкіметіне қарсы ұйымның С.В.Мрачковский, Н.И.Бухарин, Троцкий, Зиновьев, Рыковтармен қарым-қатынасын айқындау мақсат етілген. Мұнда Қазақ педагогикалық институтындағы ұйымның жұмысын әшкерелеуге тырысады. Қ.Жұбанов, Бекжанов және Ш.Әлжанов тұтастай пединституттағы ұлтшылдық ұйымға тікелей практикалық басшылық жасады делинді де, Т.Шонановтың тіл мен әдебиет факультетінде, С.Асфендияровтың тарих факультетінде, О.Б.Сарыбатыровтың жаратылыстану факультетінде, студент F.Мұратбаевтың (Қ.Тәштитовтің тапсырмасы бойынша) комсомолдар мен одакта жоқ жастардың арасында жұмыс жүргізетіндігін дәлелдеу міндет саналады. Сондай-ақ Қ.Жұбановтың Т.Жүргеновпен бірлесіп, грамматика оқулығын шығару ісін тежеп, оны уақытша тоқтату ықпал еткендігін, шығарылып жатқан оқулықтардың саяси және стилистикалық жағынан іске алғысыз екендігіне көніл бөлмегендігін, тіл жөніндегі оқулықтарды тек қана Т.Шонановқа, Әлібаевқа және А.Ысқақовқа жаздырығандығын дәлелдеу тиіс болған.

Іске тігілген 7 куәгердің тергеу хаттамалары толтырылған күндеріне қарамастан, қалай болса солай тіркелген. Бәрі де мәшиңкеге басылған. Көбінесе екінші, не көбейтілген данасы. Бір қызығы – куәгерлердің хаттамалары толық тігілгенімен, Құдайберген Қуанұлына қатыстысы тым аз, көбінесе басқалардың аты-жөнін келтіргенде тізімнің арасында жүреді.

Тергеу хаттамаларының алғашқысы 1937 жылдың ақпанында, ал соңғысы 17 қарашада толтырылғандығын ескерсек, Қ.Жұбановты ұзак уақыт бойы назарда ұстаған сияқты.

19 мәшінкелік беттен тұратын 1-куәгердің тергеу хаттамасы 8 қыркүйекте толтырылған. Тергеуді II рангілі мемлекеттік қауіпсіздік комиссары Залин, бөлім бастығының көмекшісі, аға лейтенант Розенфельд, 4-бөлімнің оперативтік уәкілі Оспанов жүргізген. Тергеу хаттамасының 14 мәшінкелік бетінің соңғы жағында ғана: «Сонымен қатар ҚазПИ-дегі ұйымға мүше тарту жөніндегі тапсырма Халық ағарту комиссариаты кадрлар бөлімінің бастығы Бекжанов пен ҚазПИ-дің профессоры Қ.Жұбановқа берілді. ҚазПИ-дегі контрреволюциялық қызмет туралы маған 1934 жылы профессор Қ.Жұбанов баяндады, өзінің Бекжановпен бірге ҚазПИ-де контрреволюциялық топ ұйымдастырғандығын айтты. Кейін мұны (соңынан ҚазПИ-дің директоры болып тағайындалған) Бекжанов та растады» деген жолдар бар.

Осы күәгерге 29 қарашада жүргізілген 17 мәшінкелік беттен тұратын қосымша тергеу хаттамасында 1935 жылы Алматыда мұғалімдердің съезі өткендігі айтылады. «Мұғалімдердің осы съезінде менің тапсырмам бойынша ұйымға жаңа адамдарды профессор Қ.Жұбанов та тартты, ол сол кезде ұйымға бірнеше адамды тартты, олардың аты-жөні қазір есімде жоқ», – дедінген.

Құдайберген Жұбановтың ісіндегі маңыздыларының бірі – 2-куәгердің 3 беттен тұратын тергеу хаттамасы. Мұнда ҚазМУ-ді өртеу туралы сөз болады. 2-куәгер Бекжановтың (ҚазПИ-дің директоры) қазақ тіліндегі оқулықтарды дайындау мәселесін сөз еткен болып, ұйымның жасырын мәжілісін өткізгендігін айта келіп, 1936 жылдың қазанының екінші жартысында өткен бұл мәжіліске қатысқан адамдарды санамалайды: Бекжанов, Қ.Жұбанов, Т.Шонанов, Ш.Әлжанов, Есқалиев, Әбубекіров, Берімжанов, О.Б.Сарыбатыров. Одан әрі былай жазылған: «Өртті жүзеге асыру жоспары ҚазМУ-дің химия лабораториясына оңай кіруге мүмкіндігі бар ҚазМУ мен ҚазПИ-дің химия факультеттері студенттерінің бір тобына жүктелді, олар әдейі өртемегендігін дәлелдейтіндей етіп жүзеге асырмақшы болады. Орындаушыларды Есқалиев бөлуге тиіс еді. Өртті бақылауды ҚазМУ-ге жақын жердегі 8 пәтерлік үйде тұратын Қ.Жұбанов, Ш.Әлжанов, С.Есқалиев және Т.Шонанов өз мойындарына алу керек болатын». Қалған күәгерлердің сөздері де осыған ұқсас. Қ.Жұбановтың есімі көбінесе ұзак тізімнің арасында ұшырасады.

«Репрессированная тюркология» кітабында Қ.Жұбанов ісіндегі ғалымға тағылған екі «нақты әрекетке» былайша тоқталады: «Во-первых, Жубанов наряду с Шонановым обвинялся в «подготовке террористического акта над Секретарем ЦК КП(б)К тов. Мирзояном» (л. 203). Речь шла о том, что будто бы в апреле 1937 г. «центр нашей антисоветской националистической организации, персонально Кулумбетов, Жургенев и Кабулов, дали задание шонановской террористической группе во время

первомайской демонстрации совершил террористический акт над Мирзояном выстрелом из нагана при подходе колонны КазПИ к трибуне, где должен находиться в то время Мирзоян» (л. 22). Жубанов якобы участвовал «в подготовке колонны КазПИ, которую необходимо было оформить таким образом, чтобы она не вызвала никакого подозрения и не говорила бы ничем о том, что эта колонна является колонной КазПИ» (л. 22)(14, 202-207). Алекіншісі – жоғарыда аталған Қазақ мемлекеттік университеті ғимаратын өртеуді ұйымдастырушылардың бірі болды деген айып.

«Тергеу хаттамасында» профессор Қ.Қ.Жұбановтың мына сөздерінің астарында терең ой жатқандығын аңғарамыз: «*Наши руководители кричали о вражеских кознях баев, о сопротивлении байства социалистическому переустройству Казахстана, науськивали на байство и без того ретивых активистов. Забывали при этом о том, что байство – цвет и сила казахского народа, что не беднота и голытьба кормили страну, а те же «презренные» баи давали государству скот, мясо, шерсть, кожу и хлеб. А теперь когда конфисковали байство, пустили по ветру неисчислимые богатства нашей страны, развалили веками сложившееся хозяйство Казахстана, теперь оставшись «у разбитого корыта», мы начали кричать о перегибах, об их последствиях, о необходимости их исправления и т.п.*».

Ғалымның «голошекин» кезеңіндегі асыра сілтеушілікке қатысты ойлары, біздіңше, өте батыл әрі қысынды айтылған. Оқырманның ғалымның мына ойларымен келіспеуі мүмкін емес: «*Вот и мы говорим, что были перегибы при Голощекине. Что значит эти перегибы? – Это значит – смерть значительной части казахского народа, и только казахского народа. Это лишение его единственного богатства – скота, посредством непосильных поборов, так называемой скотозаготовки. В результате была массовая гибель казахского народа. Русские в Казахстане не голодали и не умирали...».*

Қ.Жұбанов бүкіл қазақ халқының тауқыметті тағдырының себебін іздегендігі мына сөздерінен көрінеді: «...Сейчас исправляя перегибы, опять судим тех же казахских работников. Получается что и так, и эдак погибают казахские работники. При таком положении вымирание казахского народа неизбежно... За расстраниживание денег – людей судят, а почему же расстраниживание нации, целого народа не считается преступлением? Конечно, это дело не одного Голощекина. Все это происходит на глазах Советской власти, тем не менее она не обращает на это никакого внимания. Это потому, что она строит социализм и социализм она будет строить, если даже неизбежно жертвовать отдельными народами. Таким образом, казахский народ и явился жертвой социализма. Наша задача должна заключаться в том, чтобы защищать казахский народ от вымирания, от того, чтобы он не стал жертвой социализма...».

Біздің ойымызша, Қ.Қ.Жұбановтың жазалана (атылар) алдында айтқан мына сөзі ешкімді де бейжай қалдырmasы анық: «... при Советской

власти, и наша культура не может быть национальной, а неизбежно будет russифицирована. Если мы хотим, чтобы казахский народ не был жертвой социализма, то надо освободить его от этого социализма; а этого мы можем добиться только путем создания независимого буржуазно-демократического государства, чего бы нам это не стоило» (15, 49-58)

Сонымен 23 желтоқсанда құдыреті күшті Мавлютов тереңеудің аяқталуы жөнінде хаттама толтырады. Ондабылайделінген: «Я, оперуполномоченный IV отдела УГБ НКВД КССР Мавлютов, сего числа в порядке ст.206, УПК объявил обвиняемому по ст.58 пп.2, 8, 9 и 11 Джубанову Худайбергену, о том, что следствие по его делу закончено и дело направляется в суд, а также предъявил ему для ознакомления все следственные материалы по его делу».

Сол желтоқсанның 23 жүлдізында Мавлютов пен Гитлин қаулышығарып, ондағы тұжырымдармен Гитлин келіседі, Володъзко бекітеді. Оның қорытынды бөлігінде былай деп жазылған: «Предъявление Джубанову К. обвинения по ст.58 пп.10, 11 и 13 УК – переквалифицировать на ст.58 пп.2, 8, 9, 11 УК РСФСР, о чем объявить обвиняемому под расписку». Келесі күні, 24 желтоқсанда «Айыптау қорытындысы» да дайын болған. Айыптау қорытындысын 3-бөлімнің оперативтік өкілі, мемлекеттік қауіпсіздік сержантты Михайлова дайындаған және екі қуннен кейін халық комиссары Залин бекітеді. (л. 199-204).

Айыптау қорытындысы – 6 мәшінкелік бет. Алты мәселе бойынша айып тағылған:

«1. Состоял одним из активных участников антисоветской националистической организации, будучи завербован в нее в 1933 году одним из членов центра этой организации Жургеновым.

2. Участвовал в ряде совещаний актива антисоветской националистической организации, где обсуждались вопросы террористической-диверсионной деятельности.

3. Принимал активное участие в организации террористических групп и непосредственное участие в практической подготовке террористических актов над руководителями партии и правительства.

4. В 1936 г. по заданию центра антисоветской националистической организации являлся одним из организаторов поджога Казгосуниверситета, в результате которого университет пожаром был уничтожен.

5. Провел большую вербовочную работу в системе учебных заведений, завербовав в антисоветскую националистическую организацию ряд студентов Казпединститута.

6. Будучи профессором Казпединститута провел большую антисоветскую подрывную работу.

«Аталмыш құжаттың «Настоящее дело подлежит рассмотрению Военной Коллегии Верховного Суда СССР» дегенсоңғы сөйлемінекұзылқарындашпен: «в порядке закона от 1 декабря 1934 г. » деген жазуқосылған.

Осы тұста «Репрессированная тюркология» атты еңбектегі мына мәліметті түпнұсқасында келтіре кеткенді жөн көрдік: «Все обвинения стереотипны. Сказано, что Жубанов «встал на путь контрреволюционной борьбы с первых дней Октябрьской Социалистической Революции» (л. 201), хотя ни о чем конкретном, кроме участия в издании двух журналов, не говорится. ... Профессора-языковеда включили во всё ту же «организацию» во главе с Тураром Рыскуловым и другими... С большинством «диверсантов» Жубанов никак связан не был, но он действительно постоянно общался с наркомом просвещения Темирбеком Жургеневым» (14, 202-207).

Құдайберген Жұбановтың ісіне қатысты сот екі айдан кейін 1938 жылы 25 ақпанда Алматыда өтеді. Бұл – КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының көшпелі сессиясының мәжілісі еді. Төрағалық еткен – диввоенюрист А.Д.Горячев. Мүшелері: бригадиер Г.А.Алексеев пен А.И.Микляев. Хатшысы: 3 рангілі әскери заңгер Н.И.Шапошников.

Мәжіліс 18 сағат 20 минутта басталып, 18 сағат 40 минутта аяқталған. Осылайша Құдайберген Қуандыл Жұбановтың тағдыры бар-жоғы 20 минутта шешілген. Әскери трибунал болған соң сотқа куәгерлер де, өзге ешкім де қатыстырылмаған. Айыптау қорытындысы толық қайталанады да, үкім шығарылады: «Выездная Сессия Военной Коллегии Верховного Суда СССР приговорила Джубанова Худайбергена к высшей мере уголовного наказания – расстрелу с конфискацией всего лично принадлежащего ему имущества. Приговор окончательный и на основании постановления ЦИК СССР от 1 декабря 1934 г. подлежит немедленному исполнению».

Іске сондай-ақ үкімнің орындалғандығының дәлеліндегі анықтама тіркелген. НКВД-нің 1-арнаулы бөлімі 12-бөлімшесінің бастығы, мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты Шевелев қол қойған анықтамада былай делінген: «Приговор о расстреле Джубанова Худайбергена приведен в исполнение в гор. Алма-Ате 25.II.1938 г. Акт о проведении приговора в исполнение хранится в Особом архиве 1 спецотдела НКВД СССР том №8, лист №451».

... Проф. Қ.Жұбановтың «Алаш Орда» партиясында болмағандығы оны өлім жазасынан арашалап қала алмады, бірақ ақталуына септігін тигізді. Бұл турасында «Репрессированная тюркология» енбегінде былай делінген: «8 февраля 1957 г. военный прокурор подполковник юстиции Лукьянов составил заключение, завизированное 14 февраля помощником главного военного прокурора СССР полковником юстиции Павловым (л. 210-212). К этому времени «руководители организации» уже либо были реабилитированы, либо готовились к реабилитации. О трудах ученого «были получены отзывы... от кандидатов филологических наук Х.Махмудова и Х.М.Сайкиева, доктора филологических наук М.Балакаева и зав. сектором искусствоведения Академии Наук Каз. ССР Б.Г.Ерзаковича. Все эти ученые отзываются об опубликованных трудах Х.Джубанова положительно и заявляют, что они имеют определенную научную ценность и не содержат никаких антипартитных или антисоветских идей или положений» (л. 211).

Вывод: «Настоящее дело... внести на рассмотрение Военной коллегии Верховного суда СССР на предмет отмены приговора и прекращения дела в отношении Джубанова Худайбергена за отсутствием в его действиях состава преступления» (л. 212) (14, 202-207).

КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының сот құрамына төрағалық етуші, әділет полковнігі А.Костромин қол қойған, 1957 жылдың 15 қазанындағы № 4н-03949/57 анықтамасында былай делінген: «1937 жылдың 19 қарашасында абақтыға жабылғанға дейін Қазақ педагогика институтының тілші-профессоры болып жұмыс істеген Күдайберген Жұбановты Айыптау жөніндегі іс 1957 жылдың 3 қазанында КСРО Жоғарғы сотының Әскери алқасында қайтадан қаралды.

1938 жылдың ақпанындағы Әскери алқаның үкімі жаңаған ашилған жағдайларға байланысты бұзылды және іс қылмыстық құрамы жоқ болғандықтан тоқтатылады».

1958 жылғы 22 ақпанда Қ.Жұбановтың партиялылығы қалпына келтірілді.

Атылған уақыттан жиырма жыл өткен соң ғана, 1958 жылдың 9 сәуірінде КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясы төрағасының көмекшісі, юстиция подполковнігі Семик Алматы облыстық атқару комитетіне мынадай қатынас қағаз жібереді: «Прошу дать указание соответствующему отделу ЗАГС о регистрации смерти Джубанова Худайбергена 1899 г.р. наступившей 25 февраля 1938 г. выдаче свидетельства о смерти его жене Джубановой Р. проживающей по адресу: г. Алма-Ата, 13 линия, дом 232, кв.1.».

* * *

1990 жылдың 23 ақпанында Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ақтөбе педагогикалық институтына Қ.Қ.Жұбановтың есімін беру туралы» №72 Қаулысы шықты. Қазақ ССР Министрлер Советінің төрағасы Ұ.Қараманов қол қойған қаулыда былай делінген: «Дарынды ғалым-лингвист, қазақ совет тіл білімінің негізін қалаушы профессор Қ.Жұбановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақ КСР Министрлер Советі қаулы етеді: профессор Қ.Қ.Жұбановтың есімі Ақтөбе институтына беріліп, алдағы уақытта Қ.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе пединституты деп аталсын».

Бұған елден ерекше қуанған республиканың ғылыми жүргіштері болды. Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті Ж.М.Әбділдин, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-секретары Р.Б.Сұлейменов, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ә.Т.Қайдаров құттықтау хат жолдады. Онда мынадай жүрекжарды лебіз жазылған: «Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президиумы, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі, академияның А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлері Сіздерді Ақтөбе қаласындағы жоғары дәрежелі педагогикалық оку орнына данқты жерлестеріңіз – қазақ

филологиясының тұнғыш профессоры, қазақ совет тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін қалаған ғұлама – Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі беру салтанатымен қызу құттықтай отырып, өздерінің осы орайдағы зор қуанышы мен шынайы қанағаттанғандық сезімдерін, қалтқысыз көңілдерін білдіреді...».

Осы университеттің алдындағы даңғыл ағайынды проф. Құдайберген Жұбанов пен оның туған інісі академик Ахмет Жұбановтың атымен – «Ағайынды Жұбановтар» аталғандығы да ұлыларын ұлықтаған үрпақтың парызы деп білеміз. Осы жерде Қ.Жұбановқа көше атауының берілуіне Жұсіп Әлсейітовтің белсене атсалысқанын айта кетуміз керек. Ж.Әлсейітовтің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ә.Қайдаровқа біртуар ғалым Құдайберген Жұбановқа құрмет көрсетуге қатысты іс-шаралардың жүргізілуі, оған Ақтөбе және Ембі қалаларында көше атын беру туралы бірнеше хаты (02.04.1988; 07.02.1988; 04.08.1988; 04.11.1988; 27.01.1989; 29.11.1989) және Қазақстан КП Ақтөбе обкомының бірінші хатшысы Ю.Н.Трофимовқа жазған хатының көшірмесі (18.05.1988) Институт мұрағатынан табылды.

1998 жылдың 16 қарашасы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің тарихына алтын әріптермен жазылуға лайық күн. Қазақстанның тұнғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев *арага 60 жыл салып* туған елге тұғырлы мұсін болып оралған Құдайберген Жұбановтың университет алдындағы ескерткішіне гүл шоғын қойып тұрып, былайша толғанды: «Сіздер білім алып жатқан университет білім үшін, тұтастай алғанда лингвистика үшін, қазақ мемлекетінің тілі, мәдениеті, философиясы үшін қыруар іс тындырған ғалымның атында екендігі мақтаныш етуге лайық».

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

«Қ.Жұбанов – ғылым көгінің жарық жүлдзызы»

(Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы жайында)

Қазақ тіл білімінің түбегейлі зерттелуі XX ғасырдың 30-жылдарында қолға алына бастағаны белгілі. Қазіргі кемелденген қазақ ұлттық лингвистикасының осындай іргелі де қоғам өміріндегі аса маңызды ғылым саласына айналуының өзіндік ұзақ тарихы бар десек, оның қалыптасуына үлес қосқан ұлы тұлғалар әрқашан ұлықтауга лайық. Қазактың ұлттық ғылыми қалыптаса бастаған кезеңде тілтану майданына араласқан Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қазақ тіл білімінің тарихында еселі еңбек етіп, ғылым көгін көзбен шолып, соны салаларын саралып, тұщымды пікір айтқан қазақ халқының біртуар перзенті болды. Ғалым көзі тірісінде қазақ тіл білімінің көптеген салалары бойынша зерттеу жүргізіп, құнды тұжырымдар жасады, қазақтың ұлттық тіл білімінің қаз тұрып, ірге тебуіне мұрындық болды. Өз мүмкіндігін сарқа пайдаланып үлгермесе де, Қ.Жұбанов артына елеулі еңбектер мен өрелі ой-толғамдарын мирас етіп кетті. Бүгінгі күні ғалымның ғылыми мұрасы уақыт өткен сайын жаңа қырынан ашыла түсude. Әсіресе, Қ.Жұбановты қазақ тілінің ғылыми негізін қалаушы ретінде танытатын ой-пікірлері мен ғылыми тұжырымдамалары ғалымның еңбектерін оқып, елеп-екшеген сайын жаңа, тың жаңалықтармен толығып, айқындала, айшықтала түспек.

Оқып-білу бар да, сол білгенді игеру бар. Қажетке қабыстыра, бастамасын жалғастыра, барын пайдалана, жоғын толтыра игеру бар, игерту бар. Міне, Қ.Жұбанов мұрасын сөз еткенде, алдымызда тұратын басты нысаны осы болмақ. Бұл нысананы көздеудің бірнеше проблемасы, яғни шешімін, зерттеуін күтетін сәттері және бар. Профессор Жұбановтың лингвистика саласында қалдырған еңбектерін, дәлірек айтсак, қалдырғандарының біздің қолымызға жеткендерін әуелі оқып-біліп, содан соң дұрыс танып, толық игеру қажет.

Профессор Қ.Жұбановтың жалпы мұрасын, оның ішінде тілге қатысты жазғандарын ғылыми тұрғыда танытуда ғалымдарымыз көп еңбек сініріп келеді. Ғалым ақталысымен, 1950 жылдардың аяқ кезінен бастап, міне, жарты ғасырдан астам уақыт Қ.Жұбановтың қазақ мәдениеті мен ғылымның тарихындағы орны, еңбектерінің мазмұны мен мәні, ғалымның азаматтық, қайраткерлік бейнесі танылып, танытылып келеді. Әсіресе Қ.Жұбановтың 90, 100, 110 жылдық мүшелтойларына арналған конференция-жындарда жасалған баяндамалардың, баспасөз беттерінде жарияланған мақалалардың ғалымның лингвистикалық мұрасын жан-жақты талдап-танытудағы маңызын ерекше атау керек. Бұларда Қ.Жұбановтың ғылыми назарына іліккен әрбір тақырыптың қай еңбегінде қай қырынан сөз болғанын баяндаудан бастап, ол тақырыптың әрі қарай қалайша зерттеліп келе жатқаны, мұндағы ғалым

идеяларының қай тұрғыдан, қандай дәрежеде жүзеге асып отырғаны біршама кеңінен әрі кесіби сауаттылықпен талданған.

Ғалымның өмірі мен қызметін танытуда академик Р.Сыздық ерекше үлес қосып келеді. Әсіресе «Ғалым-азамат» («Қазақстан» баспасы) атты кітабында Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімінің әр саласындағы еңбектері көрсетіліп, олардағы талданған материалдар мен айтқан тұжырымдары кеңінен сөз етілген. Сондай-ақ академиктер М.Әуезов, И.Кеңесбаев пен Ә.Қайдаровтың, сондай-ақ қазақ тіл мамандары Қ.Есенов, Н.Оралбаева, А.Ибатов, М.Серғалиев, Б.Әбілқасымов, С.Исаев, Ә.Жұнісбеков, А.Әбдірахманов, Н.Уәлиевтердің және т.б. ізденістерін айрықша атау қажет.

Ал Қ.Жұбановтың өмірі мен шығармашылығына, азаматтық тұлғасын айқындауға арналған К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов» атты деректі ғұмырнамалық кітабы мен М.Жұбанованың «Жұбановтар әулеті және заман белестері» атты әссе-кітабы жұбановтандағы орны ерекше еңбек деп бағалауға лайық.

Қ.Жұбановтың ғылымның бір саласы – қазақ тіл білімінің көшбастары деп танығанда оның осы ғылымның теориялық негізін қалаған еңбегін атایмыз. Бұл – даусыз тұжырым, жалпы түрде қысқа қайрылған анықтама. Бұл бағаны қазақтың ұлттық тіл білімінің тарихына зер салып үңілген мамандар жақсы түсінгенімен, ол – қалың жүртшылыққа, оқытушылар мен студенттер қауымына мән-мағынасы бажайлап, ашып көрсетілетін тұжырым.

Алдымен, ғылымның белгілі бір саласы бастаудың неден алады? Бірден ғылыми теориялардың түзілісінен бе, жок, әлде практикалық мақсат көздейтін мектеп оқулықтары сияқты еңбектерден бе? Қазақ тіл білімінің теориялық негіздері лингвистикалық мектептердің қайсысынан сусынады, әрі қарай қай бағытпен дамыды? Осы сұрақтарға жауап іздеуді алдымызда тұрған бір проблема деп санаймыз. Өйткені, әсіресе, алғашқы сауалға дұрыс жауап берудің мәні зор. Бұл – тек біздің, қазақ тіл білімі тарихшыларының «басын ауыртатын» жайт қана емес, өзге де халықтардың ғылым тарихын сөз етуде де талас тудырып келе жатқан мәселе. Біздің міндеттіміз бұл түйінді әр халықтың мәдени-рухани тарихының өзіндік ерекшеліктерін дұрыс таба отырып шешу болмақ. Демек, Қ.Жұбанов мұрасын игеруде шешімін күтетін бірінші мәселе қазақ тіл білімінің қалыптасу, әрі қарай даму тарихын дұрыс зерттеу деп білеміз.

Профессор Құдайберген Жұбановтың бойындағы бар жақсы қасиетіне, білімдарлығы мен парасаттылығына, әсіресе туған тіл туралы еңбектеріне әбден қанық М.Әуезов пен И.Кеңесбаевтың: «Құдайберген Жұбанов – қазақ лингвистикасының негізін қалаушы» деп бағалауы тегіннен-тегін емес (1). М.Балақаевтың: «Қ.Жұбанов еңбектері арқылы қазіргі қазақ тіл білімінің іргетасы қалана бастады. Сондықтан оны біз қазақ тілін ғылыми жолмен зерттеу жұмысының негізін қалаушы деп танимыз», – деуі де бүкпесіз шындық (16).

Халқымыздың ардақты жазушыларының бірі F.Мұсірепов: «Құдайберген Жұбанов – ғылымның бірінші дәрежелі жарық жүлдзызы, аса

ірі филолог – ғалым», – деп бағалаған. Дарынды ғалымның еңбектерімен танысқан, не ол жайында жазылған қыруар мақалаларды оқып, қаныққан адам оның қазақ халқының ғылыми мен мәдениет, өнеріне сінірген еңбегінің ұшан-теңіз екеніне көз жеткізеді. Оған ғалымның ғылыми еңбектері, салиқалы зерттеулері толық айғақ.

Академик И.Кеңесбаев Қ.Жұбановтың еңбектері туралы былай деп жазады: «Оның қаламынан туған ғылыми зерттеулер өзінің нәрі мен мәнін, зәрулігін әлі күнге жоғалтқан жоқ. Ол кісінің «Из истории порядка слов в казахском предложении» (1936), «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах», «Күй» деп аталатын сериясы, түрлі мәслихаттар мен съездерде сөйлеген сөздері, «Буын жігін қалай табуға болады», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайында», шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер секілді қыруар зерттеулері арқылы мамандар арасында зор бедел, құрметке ие болғаны талассыз» (17).

Академик Әбдуали Қайдардың: «Қазақ жерінің перзенті, тамаша лингвист-ғалым, профессор Құдайберген Жұбанов – біздің мақтанышымыз, өйткені, ол Қазақстан лингвистикасының аспанынан нұрын шашқан шұғылалы шоғырдың ішіндегі жарық жүлдіздарының бірі», – (3) деп ағынан жарыла ақтарылуы кімді болса да бей-жай қалдырmas.

Құдайберген Жұбановтың қазақ ғылыми мен мәдениеті тарихындағы орны мүлде ерекше, өзгеше екенін белгілі ғалым Әнуар Дербісалин былайша атап өтеді: «...Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – халқымыздың мәдениет, ғылым, өнер тарихындағы аса бір жарқын құбылыс».

Ғылымның қай саласына қалам тербесе де Қ.Жұбановтың сол салаларда алғашқы болып қалам тербегенін ғалымдар былайша дәріптейді: «Грамматика ілімінің бастау көздері» (Н.Оралбаева), «Әдеби тіл хақындағы ауқымды ойлар» (Б.Әбілқасымов), «Кісі аттарының байыпты зерттеушісі» (Т.Жанұзақов), «Сөздің тұлғалану процесін зерделеуші» (Ә.Ибатов), «Абайтанудың сын сағатында» (М.Мырзахметов), «Унификатор лингвистической терминологии» (Ж.Молдажаров), «Первый председатель гостерминкома Республики» (Р.Өрекенова), «Қазақ терминологиясының түпқазығы» (А.Әбдірахманов), «Қазақ фонетикасының ғылыми курсын жасаушы» (Ә.Жұнісбеков), «Диалектілік құбылыстар төркінін тереңнен барлаушы» (С.Омарбеков) және т.б. Тұңғыш профессордың өмірі мен шығармашылығын зерделеген кейінгі зерттеу еңбектері – ғалымның ғылыми мұрасын тану мен танытудың күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқандығының, әрі қарай да жалғаса беретіндігінің, халқымыздың «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген ұлафатты сөзінің дәлеліндей.

Бүгінгі күні профессор Құдайберген Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген еңбегі әрбір тілші-ғалымның үстелдік кітабы болып табылады. Бұл кітапта тіл білімінің барлық салалары қамтылған және қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан жаңа бағыттардың негіздері де көрініс табатындығымен құнды. Осы еңбекті оқығанда ғалымның таланты мен

интуициясы таңғалдырады және оқыған сайын жаңа идеялар ашылып отыратынын көреміз.

Ең алдымен аса білімді ғалым ретінде К.Жұбановтың жалпы және орыс тіл білімінің де тарихын жақсы білгендігін айтумыз лазып. Ғалымның Швейцар ғалымы Ф. де Соссюрдің лингвистикалық тұжырымдамасын ұғынықты түрде жеткізгендігі, сол кездегі лингвистикалық бағыттағы озық мектептер бағдарын жақсы біліп, тіл біліміндегі логикалық ағымдарға, психологиязмге, формализмге т.б. сипаттама жасай отырып, оқырманды белгілі лингвистердің негізгі теориялық ережелерімен таныстырып, сондай-ақ олардың қызметтеріне баға беретіндігі бұл ойымызға айғақ бола алады. Проф. К.Жұбанов өз еңбектерінде И.А.Бодуэн де Куртенэ, Х.Штейнталь, О.Бетлинг, Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, А.Н.Самойлович, Н.Э.Вундцетель, Чобан-Заде, К.К.Юдахин, А.М.Пешковский, Ф.Ф.Фортунатов, А.Б.Шапиро, М.Н.Петerson, С.О.Карцевский, Н.Я.Марр, В.В.Бартольд, С.Е.Малов т.б. ғалымдардың еңбектеріне жүргіне отырып, олардың көзқарастарына сын-ескертпелер де келтіретінін байқаймыз.

Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі ретінде бірқатар салаға қатысты маңызды ғылыми еңбектер қалдырғаны көзі қарақты ғылыми қауымға ақиқат. Атап айтсақ, олардың қатарына: 1) фонетика, 2) грамматика (морфология және синтаксис), 3) ұлттық әдеби тілдің дамуы мен тарихы, 4) жазу емлесі, термин мәселесі, 5) оқулық мәселесі, бағдарлама, әдістеме, 6) мәдениет пен өнер мәселелерін жатқызуға болады.

Көріп отырғанымыздай, Құдайберген Қуанұлының зерттеу, шығармашылық, жалпы ізденушілік диапазонының анағұрлым ауқымды да кең екендігі қайран қалдырмай қоймайды. Ұлттық білім-ғылым жүйеленбеген, іргесі қаланбаған кезеңде қазіргі заман биігіне көтерілген тіл білімінің әлі күнге өзектілігін жоғалтпаған күрделі теориялық проблемалары жөнінде алғаш айтылған пікірлері ұлттық лингвистикадағы бүтін бір салалардың іргетасын салды десе болады. Яғни бұл – ғалымның көрегендігі, өз заманының қазақтан шыққан терең ойшыл-философ ретіндегі асқан білімділігі мен ғылыми түйсігінің жоғары болғандығының айғағы.

Тіл білімінің құрылымдық деңгейлері тұрғысынан бастасақ, қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесін алғаш көтерген – профессор Құдайберген Жұбанов. Ғалым ғылымға белсене кіріскең отызынши жылдары фонетиканың жалпы ғылымдағы орны ғылыми қауымның өзіне де түсініксіздеу еді. Зерттеу объектісіне дендеп ену де онайға соқпаған тұс. Құдайберген Қуанұлының Ленинградтың Бодуэн-Щерба идеясы дәуірлеп тұрған кезіндегі лингвистикалық мектебінен өткендігі игі әсерін тигізсе керек, оның еңбектерінен «тілдік қызметі бар дыбыстарды ғана зерттеу керек» деген қағидатты ұстанатындығын анғару қын емес.

1935 жылы Қазақстанның өлкелік баспасы Қазақтың ұлт мәдениеті ғылыми зерттеу институты еңбектерінің 1-томын жеке кітап етіп, жарыққа

шығарды. Ол үш бөлімнен тұрды. Тіл бөлімі бойынша профессор Қ.Жұбанов, тарих бөлімі бойынша профессор С.Асфендияров, әдебиет пен өнер бойынша А.Алманов редакторлық жасаған. Жинақ Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі фонетикасы тарихының зерттеу мәселесіне» мақаласымен ашылған еді. Бұл ғалымның 1933-1934 оку жылында ҚазПИ-де оқыған қазақ тілі фонетикасының тарихы жөніндегі лекциялар циклінің кіріспесі болатын.

Сондай-ақ Қ.Жұбановтың 1936 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының I бөліміндегі фонетикаға қатысты тарауы, «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» атты еңбегінің баспадан шығып үлгерген «Қазақ тілінің фонетикасы» (журналдың 16 беті) деп аталатын бөлімі, «Буын жігін қалай табуға болады?» (машинакамен 15 бет), «К постановке исследования истории фонетики казахского языка» (машинакамен 19 бет) т.б. еңбектері қазақ тілі фонетикасының ғылым ретінде іргесі қаланып, теориялық тұрғыдан зерттеліп, қалыптасуына негіз болды.

Проф. Қ.Жұбановтың қалам тербеген салалардың ішінен ғылыми еңбектерінің жартысынан астамы грамматикаға арналғандығын көреміз. М.Әуезов пен І.Кеңесбаев ғалымның «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегін: «Айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды қазақтың әдеби тілімен жазылған бұл еңбек қазақ тілі жөніндегі оқулық, еңбек жазатын көптеген авторлар үшін тамаша үлгі болды», – (1) деп әділ бағалады.

Профессор Қ.Жұбановтың қазақ грамматикасы төңірегіндегі соны ой-тұжырымдарына Ә.Т.Қайдаров пен А.Әбдірахманов 1998 жылы жазған «Тіл білімінің тарланы» мақаласында «Грамматика ілімі саласында ол топшылаған теориялық тұжырымдарды біз әлі күнге игеріп болғанымыз жоқ. ...бұғінгі тіл білімінде «осыдан отыз жыл бұрын академик А.Н.Кононов айтты» делінетін тұжырымдардың біразын жарты ғасыр бұрын профессор Қ.Жұбановтың айтып кеткені айқындалып отыр», – деген тұжырым жасайды (18, 7-13). Расында да, терең ойлы ғалымның осы салада (дұрысын айтқанда, бұл салада ғана емес) Қ.Жұбановтың ғылыми концепцияларының өміршеңдігін аталған және басқа да пікірлер, сондай-ақ ғасырға жуық жүргізіліп келе жатқан ғылыми зерттеулер дәлелдейді.

Қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі А.Ісқақов: «Бұл кітап өзінің құрылышы мен құрамы жағынан да, мазмұны мен талдау жүйесі жағынан да бұрын-сонды қазақ тілі грамматикаларының ғана емес, біздің елімізде шыққан өзге тілдердің грамматикаларынан да өзгеше еді», – деп, Қ.Жұбанов еңбектерін аса мақтанышпен дәріптер көрсетеді (19).

Филология ғылымының докторы, профессор Нұржамал Оралбаева аталмыш оқулықтың жетістіктеріне қеңінен тоқталады. «Алғашқы оқулық шыққаннан бергі аралықта қазақ тіл білімі өте жоғары дәрежеге көтерілді, мектеп грамматикасы да толығып, тұрақты қалыпқа жетті. Соған қарамастан, аталмыш грамматикадағы ережелер күні бұғінге дейін күшін жоймаған. Мұнда ескіріп, колданудан шығып қалған қағиданы көрсету қыын. Бұл жағдай грамматикадағы берілген ережелердің нақтылығын, дұрыс, дәл

алынғанын көрсетеді. Сондықтан олар өміршең болып, қазірге дейін мәнін жоймаған және жоймақ та емес» (20).

Қ.Жұбанов еңбектерінің ғылыми мәніне проф. Б.Қасым мынадай баға береді: «Қ.Жұбанов – лингвист-ғалым ретінде алғашқы ғылыми грамматиканың негізін салушы. Қ.Жұбановтың өмір жолындағы өнімді де, ғылыми ойға құрылған еңбектері қазақ тіл ғылымының дамуына қызмет етті» (21, 375).

Аталмыш еңбекті қеңінен қарастыруға талпынған зерттеуші А.Шәкиеваның «Көмекші және күрделі етістіктер хақында» мақаласындағы: «Біз сөз ететін еңбекті алғаш оқығаннан-ақ оның авторының лингвистикалық терең біліміне, тіл тылсымын нәзік те жете сезінетіндігіне қайран қаламыз. Профессор Құдайберген Жұбанов неміс, ағылшын, француз тілдері сияқты шетел тілдерін тек игеріп қана қойған адам емес, сонымен бірге олардың құрылымдық жүйе ретіндегі қалпын да жақсы білген. Сөйтіп, ол өзінің «Көмекші және күрделі етістіктер жөніндегі ескертпелерінде» неміс тілінен цитаталар келтіріп, неміс грамматикасының терминдерін емін-еркін пайдаланады», – деген жолдар көп нәрседен хабар береді. Зерттеушінің ойынша, ғалым алуан түрлі шетел тілдерінің грамматикалық құрылымдарын жақсы біле тұра, бөгде тілдердің даяр қалыбын өз ана тіліне жадағай әкеліп қондыра салмайды. Мұның өзі, бір жағынан, ғалымның тіл табиғатын сергек сезінетін тума қабілетін аңғартса, екінші жағынан, оның пәрменді лингвистикалық ой-толғамын, өз тұсындағы тіл ғылымының даму жағдайын терең де тубегейлі менгергенін танытады (5).

Бізді қоршаган орта, тіршілік әлемі танымдық оймен көз жіберсек те, ғылым салалары тоғысында алып қарасақ та бөлінбейтін тұтастық іспетті. Іспетті ғана емес, дәл солай, табиғаттан тыс, бөлек ешнәрсе жоқ. Ешкімді де, ешнәрсені де одан жеке алып қарау мүмкін емес. Қазіргі кезде кез келген тілдік құбылысты, зандылықты оның дүниенің көрінісі, бейнесі ретінде тұтас болмысынан іздеу үрдісі қалыптасуда. Олай болса, ғылымда дүниені танудың (тіл арқылы ма, өнер арқылы ма т.б.) тұтастық (концептуалдық) үрдісі қалыптасуы да зандылық. Осы тұрғыдан келгенде, қазір алуан түрлі қыры қарастырылып жатқан ТІЛ атты алып тұтастық та – өзіндік бір әлем. Осыны қазақ тіл ғылымының сонау бастауында тұрған Қ.Жұбанов көрегендікпен сезе білген, сездіре білген. Сондықтан профессор тілдің қай саласына қалам тартса да, белгілі бір тілдік құбылыстарды жеке қарастырып қана қоймай, оларды басқа тіл деңгейлерінің мәселелерімен бірлікті сипаттайды. Бұл жайында профессор А.Салқынбай: «Ғалым фонетика, морфология, синтаксис, лексика және семантиканы бір-бірінен бөліп алып, зерттеуге қарсы шығады. Олардың арасына «қытай қорғанын» тұрғызуға болмайтындығын ескереді. Мұның өзін тілдің және тіл ғылымының жүйелілік сипатын мойындауы, бағалауы деп түсінген абзал», – деп келелі ой тастайды (22). Қазіргі кезде жеке-дара індете зерттеліп, тереңнен актарылып жатқан тіл деңгейлерінің, тілдік құбылыстардың қыр-сыры әліге дейін толық ашылмай жатқанда оларды сонау тіл білімінің балаң кезінде біріне-бірін

байланыстыра, бірінен-бірін туғыза қарастыру нағыз білгір ғалымның, көреген данышпанның ғана қолынан келетіндігі дәлелдеуді қажет ете қоймас.

Қ.Жұбановтың бізге жеткен еңбектерінің алғашқысы – 1936 жылы орыс тілінде жазылған «Из истории порядка слов в казахском предложении» мақаласы. Автор мақаланың алғы сөзінде бұл еңбектің Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ тілінен курс оқу барысында және алғашында жариялау үшін емес, кейбір мәселелерді нақтылау үшін жазылғандығын ескертеді.

Академик И.Кеңесбаев пен Ф.Мұсабаев ғалымның атамыш еңбегінің ғылыми құндылығына төмендегіше баға береді: «Бұл еңбегімен Құдайберген Қуанұлы Жұбанов Одақ көлеміндегі атақты түркологтар қатарына қосылды. Өйткені бұл кітаптың көлемі шағын болғанымен, көтерген мәселелері қазақ тіл білімі аумағынан асып түсіп, бүкіл түрік халықтарына ортақ мәселелердің дұрыс шешімімен түйінделеді. Ол еңбектің басты қорытындысы қазіргі қазақ тілінде сақталған көптеген тұрақты сөз тіркестерін зерттей келіп, олардың басқа түркі тілдерінде бар екенін дәлелдей отырып, көне түркі тілдері ескерткіштерінде мұндай фактылар мол екеніне әкеліп бір саяды. Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің көпшілігі көне түркі тілінде болған атаулы сөйлем құрылышы (номинативный строй предложения) бұл тілдердің ең ерте кездерінде болған аса кәрі құрылышын көрсетеді деп қорытады. Сөйтіп алғашқы тіл тұсында болған сөйлемнің құрамы шылау, жалғаулары кедей, екі сөздің арасы көбінесе сөйлемдегі сөздердің орны арқылы ғана байланысқан еді. Соңдықтан түркі тілдерінде сөйлем мүшелерінің орны синтаксис мәселесінде шешуші мәні бар дейді. Мұндай қорытындыны бұған дейін ешкім айта алмаған-ды» (23).

Қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдарының бірі Мархабат Томанов ғалымның бұл еңбегі туралы: «Мұнда тек қазақ тілі тарихында ғана емес, бүкіл түркология тарихында бірінші рет (және әзірше соңғы рет) қазақ сөйлемі өзінің тарихи қалыптасу эволюциясымен түсіндіріледі. Зерттеуші түркі халықтары тілдері фактілерін тарихи салыстыру жолымен қазақ сөйлемінің алғашқы сипаты (немесе оның құрамындағы сөздердің бастапқы орналасу реті) шамамен қазіргі тіліміздегі *Ай сұлу*, *Күн сұлу*, *Таң жарық*, *Айжарық* композиттерінің құрамындағы сөздердің орналасу тәртібіндегі болған деп дәлелдейді», – деп жазады (24, 35-40)

Профессор М.Серғалиев: «... әр оқыған сайын жаңа, тың ой туындалп отыратын сияқты. ... Ғалым қазақ тіліндегі сөйлем құрайтын сөздердің орын тәртібіне егжей-тегжейлі тоқталады. Соның өзінде қазіргі тіл материалында емес, «архаистік сөз тіркестеріне» талдау жасайды. Одан да дәлірек айту керек болса, тіпті ғалымның жазып отырған осы ғасырымыздың 20-30-жылдарындағы емес, дәл бүгінгі таңда кез келген қазақтың айтып жүрген, әдеби тілімізден берік орын алған кісі есімдерін (кейде хайуанат аттарын да келтіреді) құрайтын сөздердің бір-бірімен байланысы туралы ғылыми талғамын алға тартады», – (25, 24-28) деп еңбекке кеңінен талдау жасайды.

Академик Р.Сыздықтың бұл еңбектің ғылыми құндылығын: «Ең алдымен, бұл тамаша этимологиялық (сөз төркінін) талдау үлгісі. Мұнда көптеген жұрнақтар мен түрбірлердің морфологиялық талдауы олардың фонетикалық құбылуын көрсетумен қатар жүргізіледі. Екіншіден, бұл жұмыс – салыстырмалы-тариhi әдістің таптырмас үлгісі; мұнда автор жалаң қазақ тілі емес, көптеген түркі тілдерін (көнелерін де, қазіргілерін де), сонымен қатар өзге системалы тілдерді, оның ішінде грузин, қытай монгол тілдерінен алынған фактілерді салыстыра отырып зерттейді. Үшіншіден, мұнда негізгі тақырыптан тыс өзге бірқатар тың пікірлер айтылған. Оларды автор негізгі тақырыбын дәлелдеу үшін жол-жөнекей айтып отырады. ... Төртіншіден, Қ.Жұбановтың бұл еңбегі – қазақ ономастикасын (адам аттарын) сөз еткен тұнғыш ғылыми жұмыс. ... Бесіншіден, «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі» деген еңбектің құндылығы – оның шын мәніндегі тұнғыш ғылыми сауатты зерттеу жұмысы екендігінде», – деп дәріптеуі түсініктеме беруді қажет ете қоймас (4).

Проф. Қ.Жұбанов өзінің бұл еңбегін жазуда М.Қашқаридың «Диуани лұғатын» (Ыстаңбұл басылымын), Әбу-Хаян Альгарнатаның «Kitab al-idrak li-Lisan al-Atrak» (бірінші Ыстаңбұл басылымын), Ибн-Муханнаның «Kitabu halijatul lisaan ve halebe-tu-l-insaan» (Ыстаңбұл басылымын және П.М.Мелиоранскийдің «Филолог-араб түрік тілі туралы» басылымын), Смирновтың «Кочубей Гюмюрджинский», Н.Ашмариннің «Подражание в языках Среднего Поволжья», Б.Л.Владимирцовтың «Монгол жазба және хакас халық тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбектерін және Н.Поппе мен Б.Л.Владимирцовтың монгол тілі туралы және 1929 және 1930 жылдары Ленинград қаласында оқыған басқа да еңбектерді пайдаланғандығын жазады.

«Аталмыш іргелі еңбектегі ғалымның теориялық тұжырымдары тілдік фактілерді тариhi дамуы тұрғысынан сарапқа салып, диалектикалық сипатта қорытынды шығару әдістері әлі де талай тіл мамандарын тамсандырып, болашақ зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейтіндігі даусыз», – дей келе К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай, –Еңбектің ең басты, діңгекті мәселесі – қазақ тілінің тариhi синтаксисі, оның ішіндегі сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің қалыптасып, дамуы барынша жаң-жақты қарастырылғандығымен тәнті етеді. Қайталанбас еңбекті тариhi синтаксисті зерттеушілер әлі талай қаузайтындығына сенім мол», – деп қорытады (5).

Профессор Қ.Жұбановтың «Ауыл мұғалімі» журналының 1937 жылғы 1-3 сандарында жарияланған синтаксиске қатысты «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайында» атты тағы бір еңбегі қазақ тіл біліміндегі шоқтығы биік дүниелердің бірі десек артық айтқандық болmas.

Академик Р.Сыздық «Ғалым-азамат» кітабында Қ.Жұбановтың көлемі бір баспа табақтай, мұрағаттан табылған «О построении речи в казахском языке» деген аяқталмаған мақаласы сөйлем ішіндегі сөздердің тіркесу қабілеттеріне, кейбір морфологиялық тұлғалардың синтаксистік қызметіне, сондай-ақ кейбір сөздердің мағынасы мен қолданылуына арналғандығын

айтады. Ғалымның айтуынша, бұл материал тезис болуы мүмкін, өйткені нөмірленген және әр алуан объектіні сөз еткен, өзі келте, бірақ өте қызық, ішінде өзіне дейін айтылмаған тың талдаулар мен пікірлер бар (4).

Қазақ терминологиясының жасалу, даму тарихына алғаш рет назар аударған да, оның көшбасшысы да профессор Қ.Жұбанов болды. Ол 1933 жылы құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы болып тағайындалды. Мемлекеттік терминологиялық комиссияның бюллетенін ұйымдастырып, оның 4 санын шыгарды. Бірінші санында «Қазақ әдеби тілінің терминологиясы жайында» атты мақаласын жариялад, қазақ терминологиясының басты принциптерін жасап берді. Ғалым көрсеткен он түрлі принцип барлық ғылым саласы бойынша термин жасау ісіне тікелей жол сілтеп, басшылыққа алынып келеді.

1936 жылы Қазақтың ұлт мәдениетін зерттейтін ғылым институтының еңбектерінің 2-кітабында «Тіл мәселелері» деген атпен орысша-қазақша тілтаным сөздізбесі жарық көреді. Бұл терминдердің жарық көруіне проф. Қ.Жұбановтың басшылық жасауы сөзсіз. Оны дерлік оқып, редакциялаған да болуы мүмкін.

Профессор Қ.Жұбанов қатысып, басшылық етуі нәтижесінде 1936 жылы жарық көрген жалпы саны 173 термин арада он екі жыл өткен соң жауапты редактор Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі Н.Т.Сауранбаев басшылығымен жарық көрген «Терминология сөздігі» (Бірінші кітап. –Алматы, 1948) атты сөздікте «Тіл ғылыминың терминдері» (жинаған Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты) берілген. Онда 1936 жылы профессор Қ.Жұбанов жарыққа шыгарған тіл терминдерінің біразы барын көреміз. Бұл сөздікке енген терминдерді қарауға С.Бейішев, М.Балақаев, І.Дүйсенбаев, Ә.Сыдықов қатысқан.

Ғалым «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» (1953), «Физика терминдері жайында» (1935), «Математика терминдері жайында» (1935) және «Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией» (1936) атты келелі мақалалар жариялад, терминология мәселесімен тынбай шүғылданып отырды.

Қ.Жұбановтың әліпби және жазу мәселесіне қатысты көзқарастарын оның «Әліппеміз бұқарашиб болсын», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «Қосар ма, дара ма?», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка», «Выступление К.К.Жубанова на научно-орфографической конференции в г. Кзыл-Орде» (02.04.1929) т.б. мақалалары мен түрлі жыындарда сөздерінен байқауға болады. Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулері негізінен қазақ әліпбін жасау, бөгде тілдің графикасын қазақ тілінің ішкі ерекшелігіне бейімдеудің тиімді жолдарын іздестіру, жүйелі жазу емлесін құрастыру, оны жетілдіру, орфоэпия мен орфографияның өзіндік белгілеріне сай қазақ тілі

дыбыстарының ерекшеліктерін көрсетеу, қазақ тіліне енген терминдердің жазылу зандалықтарын бір жүйеге келтіру, қазақ орфографиясының жетекші принципін анықтау және т.б. бағыттарда болды. Осы орайда ғалымның 1935 жылы жарияланған «Қазақ орфографиясын қайта қарау мәселесіне» атты мақаласын ерекше атап өтпеске болмайды.

Професор Қ.Жұбановтың қатты көңіл бөліп, ерекше күш салған жұмысының бірі – қазақ лексикографиясына қатысты жұмыстар. Оған дәлел 1930 жылдар оның тікелей басшылығымен «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» жасалып, оның бас редакторы болып тағайындалуы еді. 1959, 1961 жылдары жарық көрген екітомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» сол атамыш сөздіктің негізінде жасалған-ды.

Қазақ антропонимдерінің сан қырлы сырын тереңнен бағдарлаған профессор Қ.Жұбанов 1930 жылдардың басында-ақ бұған ерекше назар аударып, ғылыми зерттеу объектісі еткенін байқаймыз. 1936 жылы түркі тілдерінің ішінде қазақ және құмық кісі есімдері туралы проф. Қ.Жұбанов пен А.Сатыбаловтың (26) зерттеулері қатарласа жарық көреді. Проф. Қ.Жұбанов бұл еңбекті жазбастан бұрын-ақ кісі аттары туралы, жалпы атаулар жайында жазылған еңбектермен молынан таныс болғандығы байқалады. Ғалым кісі аттарының шығуы, оның ру, тайпа атауларынан соң пайда болуы күні бүтін ғылымда белгілі болып отыр деп жазды.

Қ.Жұбановтың ономастикалық мәселелерге арналған жұмыстары әр кез қазақ ғалымдары тарарапынан сөз болды. Мәселен, белгілі ономаст ғалым, профессор Т.Жанұзак ерте кезден қарастырса, ономастика саласында еңбек етіп жүрген маман Г.Мадиеваның мақаласы да Қ.Жұбановтың жалқы есімдер синтаксисіне арналған. Қ.Жұбановың еңбектерін жан-жақты тілтанымдық тұрғыдан саралаған зерттеуші Ж.Сұлтан ғалымның жалқы есімдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерделеген біраз құнды пікірлері бар.

Проф. Қ.Жұбановтың жалпы тіл біліміне қатысты көзқарастарын А.Жұбанова былайша топтап береді: 1) тарихи принцип; 1) психологизм; 3) тілдің қоғамдық сипаты; 4) тірі тілдер мен диалектілерге ерекше мән беруі; 5) тілді функционалды тұрғыдан зерттеуге негізделетін семасиологияция және морфологизация теориясы; 6) тілдік бірліктерді таңба және символ ретінде қарастырады; 7) тілдің жүйелік сипатын кең әрі жан-жақты зерделеп, тіл жүйелілігіне синхрондық сипатта ғана емес, диахрониялық тұрғыдан көңіл бөледі; 8) тіл статикасы мен динамикасын айқын ажыратып, осы кездегі жай-күйі мен тарихи өзгерістерін көрсетеді; 9) қазақ тілі мәселелерін салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде қарастырады; 10) тілдің «ішкі» және «сыртқы» тарихын ажыратады, яғни тілдің өзін, оның грамматикасын («ішкі») және тілді сөйлеуші халықтың тағдырымен, географиялық және этнографиялық ерекшеліктерімен, шет тілдердің әсерімен және т.б. байланыстыра зерттейді; 11) тілдің жалпы даму зандалықтарын қарастырады (27, 65-71).

Озі өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік істердің әрдайым басынан табылған, қоғамның мәдениеті мен рухани өмірінің барлық саласына аянбай

атсалысқан және мұны азаматтық борышы деп санаған Қ.Жұбанов қарапайым тілшілікten бастап, қоғамдағы келелі мәселелерді сөз еткен қаламгерден қазақ ғылыми публицистикасының бастауында тұрған қарымды публицист дәрежесіне жетті.

Қ.Жұбановтың ғалым-публицист ретінде жаңа заманда әдебиетіміздің арын арлап, мәдениетіміздің жоғын жоқтасты. Рухани жаңғыруды көксеген қауыммыздың мүдделері жолында іргелі істерді атқаруға да жарады. Осы тұста Мұхтар Әуезовтің өзі Имет Кеңесбаевпен бірігіп жазған мақаласында: «...Он был хорошим публицистом и журналистом, умел выражать свои мысли ярко и увлекательно», – деп атап көрсетті (1).

Әдебиет әлеміндегі көркемдікті тани білген Қ.Жұбановтың «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы 11-12 нөмірлерінде жарық көрген «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегі аяқталмай қалған мақала болса да, абайтану саласының бастауларында тұрған ерекше туынды ретінде бағаланады.

Әдебиеттану ғылымында Қ.Жұбановтың түркі әдебиеті тілін зерттеудің тамаша үлгісін көрсеткен деп бағалауға тұратын тағы бір еңбегі – Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» кітабы туралы жазылған қолжазба туындысы ғылыми айналымға енгізілді. Ол бірнеше рет жариялауға талпыныс жасалса да, түрлі себептермен баспа бетін көрмеген. Тұнғыш рет «Жұлдыз» журналының 1999 жылғы 8-нөмірінде, іле-шала Қ.Жұбановтың соңғы шығармалар жинағында жарияланды. Бұл еңбекте Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» Қазақстан халқының ескі мұрасы ретінде қарастырылады.

Құдайберген Жұбанов нендей тақырыпқа бой ұрса да терең, тың пікір қозғайды. 1936 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылып шыққан «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы (тіл мен тарих деректері)» атты очерк-кітабы оның тілші-ғалым ғана емес, музықадан да терең хабары бар екендігін аңғартады.

Қазіргі тіл ғылымында қалыптасқан «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сүйенетін, этностың тілдік қазынасын сол этностың рухани-мәдени, тарихи тұпнегіздерімен өзектес қарап, яғни адам табиғаты мен тіл табиғатын сабактастыра зерттейтін антрополингвистикалық парадигманы құрайтын когнитивті лингвистика, психолингвистика, этнолингвистика, паралингвистика, гендерлік лингвистика т.с.с. – қазіргі тіл ғылымының да жаңа бағыттары. Ал оның теориялық негіздерінің нышандарын проф. Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын зерделеу барысында табамыз.

Профессор Қ.Жұбановтың тіл білімінің қай саласына арнаған еңбегі болсын, бір жағынан, теориялық тұжырымдарының тереңдегімен құнды болса, екінші жағынан, стилінің қарапайымдылығымен, түсініктілігімен ерекшеленеді. Тіл тынысын тілдік һәм танымдық түйсікпен жіті бақылат, оның сан саласын саралауға және өз байқауларын өзгеше шабытпен сауатты жазуға келгенде Қ.Жұбановтан асқан тілшіні таба қою қын болар, сірә. Осы орайда ғалымның қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі ғана емес,

түркітаним әлеміндегі тұлға екендігі туралы проф. М.Томанов мақаласының «Құдайберген Жұбанов ғалымдық жолға түркілік компаративистиканың өкілі болып түсіпті» деп басталуы да тегіннен-тегін емес деп санаймыз (24, 35-40). Академик Ә.Т.Қайдар «Ел мақтаны» деген мақаласында жоғарыдағы ғалымның пікірін белгілеуде: «Бір ғажабы: ғұлама ғалымның топшылаулары мен теориялық концепциялары әрі нәрлі, әрі терең. Мәселен, ол тіл табиғатының нақтылы мәселелерін зерттей отыра, оның тамырын тереңнен қарастырады. Ол жайындағы ой-пікірлері әрі соны, әрі ауқымды да жан-жақты болып келеді. Тілдің кішкене ғана бір мәселесін зерттей отырып, ол түркология шеңберінде тұтас ой қозғайды» (3, 5-11).

Осы жерде Жұсіп Баласағұндай дананың:

«Галым бар дүниеде дана аталған,

Білімі халық жолын нұрга малған.

Қажетті керексізден кесіп тастар,

Галымдар тура жолға елді бастар», – дегені еріксіз еске түседі. Құдайберген Қуанулының «халық жолын нұрга бөлеген» білім нәтижесі оның өзі НКВД қапасында еш айыпсыз көз жұмғаннан бергі 75 жылда дабығінгідей басты әңгімеге арқау болуы, тағы да Жұсіп дана сөзімен айтсақ, атақты тұлғамыздың:

«Бір адамның бір адамнан парқы бар,

Ол айырма білімменен жарқырар», – деген деңгейде екенін әйгілейді.

Шығыс даналарының бірі:

«Білім – шипа:

Ақыл айтса, адам ойын ертетін.

Ерлер, игі бектер өтті ерте тым.

Таудай білім насиҳаты – шипа ғой,

Жанды тербел, көңіл күйін шертетін», – депті!

Сексен жылдай уақыт бұрын бүгінгі ғылымға негіз салған, құйрықты жарық жүлдіздай қысқа ғана тағылымы орасан тірлігінде артына, бүгінгі үрпаққа мол мұра тастан кеткен жаның өнегесі биігінен бүгінгімізге көз салып, ойша барласақ, оның тұлғасы өлшеусіз биіктей түседі екен!

«Бірде бәсек, бірде қатаң» (Қ.Жұбановтың фонетика саласындағы еңбектері жайында)

Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туралы тілші-ғалым Ә.Жұнісбеков: «Қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгел қамтып, оның жан-жақты ғылыми сипаттамасын берген ғалым қазақ тілінің фонетикасын пән ретінде қалыптастырыған санаулы қайраткерлердің бірі болды», – (28, 193) деп жазуы тұнғыш профессордың қазақ фонетикасындағы орнын айқындалат тұр. Ғалым жазған «Қазақ тілі грамматикасының» арнаулы фонетика бөлімі – осыған айқын дәлел. Бұл еңбекте дыбыс, дыбыстың саны мен сапасы, дауысты-дауыссыздар, олардың артикуляциясы мен акустикасы, дыбыстау

аппараты, буын, сингармонизм, екпін түгел сөз болады. Сөйтіп, еңбектің фонетика бөлімі бас-аяғы бүтін жүйелі тарауға айналған.

Зерттеуші Н.Сәдуақас профессор Қ.Жұбановтың қазақ фонетикасы мен оның терминологиясына қатысты ғылыми мұраларына жан-жақты талдау жасап, ғалымның қазақ тілі дыбыстарының саны мен сапасы, олардың жіктелуі, буын, сингармонизм, фонетика терминдері жөнінде тұжырымдары мен пайымдауларын қарастырды. Зерттеуші ғалымның ғылыми мұрасына баға бере отырып, «Қ.Жұбановтан бұрынғы тілші ғалымдар фонетиканы дыбыс жайындағы ғылым деп түсінетінін, бірақ табиғаттағы (күн күркіреуі, арба сылдыры т.б.) адамнан тыскары, қоғамдық қажеттіліктен тумаған (түшкіру, қырылдау т.б.), қоғамдық (музыка т.б.) және бір тілде сөйлеушілерге түсінікті (малды шақыру, жел шақыргандағы ысқыру т.б.) дыбыстарды фонетика тексермейтінін айтЫП, адамның пікір алышып, сөйлеуге қызмет ететін тіл дыбыстарын ғана өзінің зерттеу объектісі ететінін ескерtedі дейді. Ол ғалым: «*Фонетика – дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым*», – деп, проф. Қ.Жұбановтың қазақ лингвистикасында алғаш рет фонетиканың зерттеу объектісін көрсетіп бергендейгін айтады (29).

Қазақ фонетикасын зерттеуші А.Байтұрсынұлы, Ж.Досмұхамедов, Қ.Жұбанов ана тілінің дыбыс жүйесін көкірек көзімен түйсіну әдісін қолдана отырып, қазақы фонетика ғылымының негізін салды. Бұл жолда үшеуі де аянбай күресті. Мысалы, Қ.Жұбановша: «*Ундеңстік заңы ...дыбыстардың ...ымыраласуы*». Ол қазақ тілінің іргелі үндесім занылышын сақтауға атсалысты: «...*объявление войны против сингармонизма, как часто поступают ученые мужи из ВЦКНА (Всесозный Центральный комитет нового (латинизированного) алфавита – Б.Хасанұлы), равносильно объявлению войны против агглютинативного строя так называемых урало-алтайских языков*», – деді.

Қазақ тілі дыбыстарының буын ішінде үндесіп барып сөз құрайтынын аңғарған Қ.Жұбанов «қазақ тілі – буыншыл тіл» деп соны жаңалық айтқан болатын. Галымның «Ауыл мұғалімі» журналының 1934 жылғы 2-нөмірінде жарық көрген «Буын жігін қалай табуға болады?» деген мақаласында буын жайындағы айтқан пікірлерінің маңызы артып, бүгінгі күні тілшілер ұстанатын қағидага айналды деуге болады: «*Қазақ тілінің табигатын дұрыс тану үшін буын жүйесін жетеп білу керек. Буынды жақсы білмесең, емленіде білмейсің: сөз тудыру, сөз түрлендіру сияқты морфология негізін де ұза алмайсың, буынды білмейінше, сөз екпіні (ударение), сөз сазы (интонация) секілді сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарының да сырына қана алмайсың, буынды аңгармасаң, ажарлан сөйлеу, әсерлеп оқусияқты сабактарды да дұрыс алып бара алмайсың; буын жайына қанық болмасаң, өлең құрылысының негізімен дұрыс таныс бола алмайсың... Буын жүйесі қай тілде де белгілі орын ұстамақ. Әсіресе, қазақ тілінде оның маңызы өзгеше, артықша*».

Проф. Қ.Жұбанов буынды тілдің көп қырлы, күрделі құрылымдық жүйесі деп таниды да оған мынадай сипаттама береді: 1) буын мен емленің байланысы; 2) буын мен сөз тудыру; 3) буын мен сөз түрлендіру; 4) буын мен сөз екпіні; 5) буын мен сөз сазы (интонация); 6) буын және сөз мәнері («ажарлап» сөйлеу, «әсерлеп» оқу); 7) буын және өлең құрылышы.

Міне, ғалымның буынды орталық ұғым ретінде ала отырып, оны тілдің өзге жүйелерімен байланыстыруын *тіл* (язык) және *сөз* (речь) түрғысынан еki топқа бөліп қарауға болады. Бірінші – буын тілдік (языковой) құрылым: (структуря) буын мен сөз тудыру, сөз түрлендіру, сөз екпіні, сөз сазы (интонациясы). Екінші – буын сөз (речь) жүйесімен тығыз байланысты құбылыс: буын мен емле (жазба сөз элементі); буын және сөз мәнері (ауызша сөз элементі), буын және әсерлеп оқу, яғни жазба мәтінді (тексті) (письменная речь) ауызша мәтінге (текске) салу.

Қ.Жұбанов *дыбыс, буын, сөз, сөйлем* дегендердің тіл тарихында дүниеге келіп, шығуын бұлайша танып келудің себебі не деген мәселеге жауап береді:

Бірінші себеп – дыбыстар бір кездері, қазіргідей басы ашық, бөлектенген емес, бұлардың да жігі ашылмаған кезі болған шығар-ау деп ойға алмау;

Екінші себеп – еңбек техникасы өркендер, кірпіштерден үлкен-үлкен үй салып жатқанымыз сияқты, айналаға технология көзімен қарауға үйрендік, сөйтіп дыбыс та қаланып, кірпіш сияқты, сөз жасайтындаі көрінеді;

Үшінші себеп ретінде жазу үйренгенде әуелі дыбыстан бастап, сосын барып сөз жазу, бізді дыбыстар тілдің кірпіштері деп түсінуге итермелейтінін айтады (29).

Тіл білімінің фонология саласы ең күрделі де қызықты проблемалардың бірі саналады. Кез келген ғалым бұл салаға бара алмайды, себебі фонология – бір жағынан, нақты (математика сияқты), екінші жағынан, абстрактылы ілім. Қазіргі кездің өзінде де фонология саласын тілші ғалымдардың бәрі түгел игерді деп айта алмаймыз. Себебі қазақ фонологиясы әлі пән ретінде қалыптаспаған және жоғары оқу орындарына енгізілмеген. Қазақ фонологиясының алғашқы зерттеулері профессор Құдайберген Жұбановтың есімімен тығыз байланысты. Қ.Жұбановтың қазақ фонетикасына арналған тұжырымдамалары (дыбыстардың жіктелуі, олардың акустика-артикуляциялық сипаттамасы, буын мәселесі, үндестің заны) тілшімамандарға етене таныс.

Қ.Жұбановтың қазақ фонологиясының негіздерін салып, кейінгі үрпақтарға өз пайымдауларын танытып кеткендігі – тілші-фонологтар үшін үлкен медеу. Қазақ фонетикасы мен фонологиясын зерттеуде ғалым бағалы үлес қосты деп толық сеніммен айта алмаймыз. Түркі тіл білімінде де фонема туралы түсініктерді алғаш енгізген Қ.Жұбанов болды. Ғалым фонеманы дыбысқа қарағанда өзінің әртүрлі фонетикалық ортада байқалатын әртүрлі реңктерімен және қасиеттерімен ерекшеленетінін, яғни сөздер мен

тұлғаларды ажырата алатын дыбыстық тип бірлігі ретінде танып, ал фонеманың реңкін сол фонема өзі іске асатын жеке бір дербес бөлік болып табылатын шынайы айтылатын дыбыс ретінде түсінген. Қ.Жұбанов фонеманың сырын, оның дыбыстан айырмашылығын дұрыс байқағандығын баса айтудың керек.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын, дыбыстау мүшелерін, дыбыстардың саны мен сапасын жете зерттең, ғалым фонологиялық заңдылықтарын да ескерген. Фонемаға түсінік береді отырып, ғалым қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонология тұрғысынан қарастырган. Бір сөздің екінші сөзден өзгеше болуы үшін оның бір-ак фонемасы басқа болуы керек, фонеманың ең негізгі ерекшелігі – оның мағына айқындау қасиеті деп білген. «*Сөз ішіндегі дыбыстардың бәрін өзгерту шарт емес, біреуі өзгерсе де өзге сөз болады. Мысалы, мал, шал деген екі сөздің үйқастығы м, иш дыбыстардан басқаларының бірдей болғандығынан, м, иш бөлек дыбыс дейміз. Олар сөздің мағынасын өзгертті, басқа дыбыстарды өзгерткен жсок. Сөз бөлшектерінің дыбыстары бірдей болса, мағынасы да бірдей болмақ*», – дейді ғалым. Ғалымның дыбыстардың мағына ажыратушылық қасиеті туралы бұл ойлары қазақ фонетикасы үшін маңызын жоймақ емес.

Професор Қ.Жұбановтың бұл тұжырымдамалары еуропалық тілші-фонологтардың пікірлерімен сабактасып жатыр. Фонема мен дыбыс өзара функционалды жағынан ажыратылады: дыбыс бір мағыналы материалдық тұрғыдан ерекшеленсе, фонема көп мағыналы материалдық қасиетімен белгіленеді. Фонеманың дискредитациясы лингвистикалық бірлік ретінде парадигматика деңгейінде жүзеге асады, ал дыбысты бөлшектеу, оның сөз ағымынан бөлініп алынуы синтагматикалық деңгейде қарастырылады. Фонологияның негізгі заңдылықтары, дыбыс пен фонеманың байланысы және олардың арақатынасы жайындағы жалпы мәселелері Қ.Жұбанов еңбектерінен көрінеді. «*Әр сөзде бірнеше дыбыстан болгасын, сөйлеген сайын бірнеше дыбыстан шыгара беру керек болгасын, дыбыстың жалпы санының ұшы-қызыры болмайды. Бірақ, сөзде кездесетін дыбыстың бәрінің бірдей сапасы әр түрлі бола бермейді. Бір дыбыстың өзі әлденеше рет оралып соғып отырады. Кім сөйлесе де, не сөйлесе де, қанша сөйлесе де, бір сөйленген сөз болса, ондағы сапасы әр түрлі дыбыстар белгілі мөлшерден аспайды*», – дейді ғалым. Сондай-ақ ғалым фонологиялық бірліктің ерекшелігін дұрыс түсініп, оның тоналды тілдерінде тонема (эн) атқаратынын айтады: «*Ән Қытайда фонема орнына жүреді. Ma қытайша – ағаш, шиша, жылқы деген уш сөзді білдіреді. Ол мағыналарды ма сөзінің уш түрлі әнмен айтылуына қарап айырамыз. Олардың айтылулары: коңыр+аши; қоңыр+қоңыр; аши+қоңыр; аши+аши болып келеді. Біз ал деген сөзді сыйырлап айтсақ та, дауыстап айтсақ та бәрібір бір мағынада қолданамыз. Африкада Боспен (Бушмен) деген халықта составы (құрамы), дыбыстарының тәртібі де бірдей бір лебізді сыйырлап айтса бір мағынаны білдіреді; дауыстап айтса, екінші мағына береді. Демек, біз бұдан әр тілдің әнді пайдалануы да түрліше болатынын аңғарамыз*». Ғалымның

еңбегінен келтірген бұл сөздер оның дыбыс табиғатын терең түйсік арқылы тани білген биік эрудициясын көрсетеді.

Фонетиканың ең басты мәселесі – тілдің фонемалар жүйесін, фонемалар құрамын айқындау және оларға қатысты зандылықтарды жүйеге түсіру. Осы талаптар Қ.Жұбанов зерттеулерінде де негізгі нысанана алынғанын көреміз. Ол қазақ тілі дыбыстарын акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай топтап, дыбыстың саны мен фонологиялық қызметін анықтауға көп көңіл бөлген.

Белгілі бір тілдегі дыбыстың фонемалық қасиеті екінші бір тілде өзгеше түрде, басқаша айтқанда, фонема бола алмайтын дәрежеде кездесуі мүмкін. Дауыссыз дыбыстар қазақ және орыс тілінде жуан-жіңішке болып екі топқа бөлінеді. Бірақ олардың жуан-жіңішкелігі функционалды жағынан бірдей емес. Орыс тілінде жуан дауыссыз – бір фонема, жіңішке дауыссыз – екінші фонема. Мысалы: *мел* – *мель*; *мол* – *моль* сөздерінде [l]дыбыстарының жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажыратып тұр. Қазақ тілінде <I>дауыссыздың жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажырата алмайды, себебі бұл дыбыстардың фонематикалық қасиеті жоқ, олар орайласып бір дыбыс типін құрайды да басқа фонемаларға қарама-қарсы қойылады. Мысалы, [bol – b'öl']; [tol – t'öl'] деген сөздер дауыссыздардың жуан-жіңішке айтылуы арқылы ажыратыла алмайды, олар сөз ыңғайына қарай, бірде жуан, бірде жіңішке болып, қасында тұрған дауысты дыбыстар әсерімен ажыратылады, сонымен <I> дауыссызының екі вариацияда көрініс табуы көршілес дауыстыларға байланысты. Бұл дауыссыздардың жуан-жіңішкелігінің фонологиялық мәні жоқ. Орыс тілінде дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажыратып, айрыым белгі болып саналады, мысалы: [кон] (бір жол ойын), [кон'] (жылқы); және [тест], [тест'] деген сөздің де мағыналары жуан және жіңішке дауыссыздар арқылы ажыратылады.

Дауыссыздардың аталған қасиеттері Қ.Жұбановтың назарынан тыс қалмаған, осыған байланысты ғалымның пікірін келтірейік: «*Жуан-жіңішкелікті пайдалану да түрлі-түрлі болады. Мысалы, бірде жуан, бірде жіңішке болып келетін дыбыстар орыста да, бізде де, шуашта да бар, бірақ солардың өзі әр түрлі: орыстың жуан л дыбысынан біздің жуан л-мыз жуанырақ, орыстың жіңішке л дыбысынан біздің жіңішке л-мыз жіңішкерек. Біз жуан-жіңішкелікті былай белгілеп отырмыз: жуан естілетін л, жіңішке естілетін л».*

Қырғыз, якут, түрікмен тілдерін алсақ, мұнда дауыстылардың созылыңқылығы мен қысқалығы сөздердің мағынасын ажырататыны белгілі. Мысалы қырғыз тілінде: [mal] сөзі «мал» мағынасында айтылса, [ma:l] «мезгіл», «уақыт» мағынасында қолданылады. Сондай-ақ, якут тілінде: [ta:s] «тас» деген мағынаны білдірсе, [tas] – «сырт», «тыс» деген мағынаны көрсетеді. Қазақ тілінде созылыңқы мен қысқалықтың фонологиялық мәні жоқ. Қ.Жұбановтың бұл жөнінде де өз пікірі бар және ұзын-қысқа деген фонологиялық оппозиция жоқ екенін, оның фонеманы ажырата алмайтынын

да ғалым баса айтқан: «*Біз дауыстының да, дауыссыздың да ұзындығын фонема ретінде пайдаланбаймыз. Бір дыбыстың бір жерде ұзын, екінші жерде қысқа айтылуы кездесе берсе, екі сөзді бір-бірінен айырса фонема дер едік*».

Жан-жақты ғалым ретінде Құдайберген Жұбанов фонема теориясын, оның негізгі мәселелерін жақсы білген, себебі ол Санкт-Петербург университетінде оқып, Ленинград фонологиялық мектебінің принциптері мен қағидаларын ұстанған. Оны біз ғалымның келесі келтірілген мысалдарынан және теориялық тұжырымдарынан көреміз: «*Сөйлегендеге дыбыстымыз. Сөзді естігенде сол дыбыстарды естітеміз. Сөз көп. Бірақ, әр сөздің дыбысталуы әр түрлі. Сондықтан, сөз қаншама көп бола тұрса да, бірін-бірінен айыру қыын болмайды. Бір сөзді екінші сөзден айырганда, екеуінің дыбысталуында бір айырмашылық болғаннан айырамыз.*

*Быж-тыж қып бай-жуанды осы маңда,
Кенеледі-ау кедей біткен бүгін таңда! –
дегендегі маңда деген мен таңда деген бір емес, екеуі екі басқа сөз. Үйткені,
екеуінің дыбысталуы екі басқа, сондықтан, естілуі де екі басқа болып тұр»,
– дейді ғалым.*

Құдайберген Жұбанов фонеманың функциональды қасиетін, оның айырым белгілерінің қызметін, дыбыстан айырмашылығы мен таңбалануын терең түсініп, фонеманың сипаттамасы, оның атқаратын қызметі жөнінде ғалым өз пікірін байлайша білдіреді: «*Фонема бір сөз бен екінші сөзді айыруга жарайды. Бір сөз екінші сөзден өзге болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы жеткілікті, түгелімен өзгеше дыбысталуы шарт емес. Жоғарғы таңда деген сөз бен маңда деген сөздің бір-бірінен өзгешелігі бір-ақ бөлшегіндегі: біреуінің басқы бөлшегі – -т, біреуінікі – -м. Қалған жағынан дыбысталуы екеуінде де бірдей (бұл екі сөздің біріне-бірі үйқасып тұрғаны да ішіндегі бөлшектерінің көбінің дыбысталуы бірдей болғаннан)», – дейді ғалым.*

Қазақ тілінде фонема тек мағына ажыратушы қасиеттерімен ерекшеленетіндіктен, Құдайберген Жұбанов фонема дыбыстың жоғары сатысы екенін және әр дыбысты фонема деңгейінде қарастыруға болмайтынын дұрыс түсіндіреді. Сөз ағымындағы кездесетін дыбыстардың көбісі фонологиялық мәні жоқ қасиеттерімен ерекшеленеді және фонема бола алмайды, солардың ішінде тек мағына ажыратушы дыбыстар дербес фонема бола алады. Фонеманың негізгі ерекшелігін ғалым баса білдіріп кеткен және фонеманың варианттары, вариациялары жайында да жазып кеткен: «*Бабасөзіндегі соңғы б басқаша естіледі, сонда да бұндағы б – бір фонема. Сондай-ақ қайыр-хайыр дегендегі қ мен х – екі дыбыс болғанымен, бір фонема. Файзолла мен Пайзолла да солай. П мен Ф бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмагандықтан, оларды дербес фонема демейміз.*» Ғалымның келтірген мысалдарында фонеманың вариациялары жөнінде сөз болып тұр. Көршілес дыбыстардың ықпалына бағынатын фонемалар перцептивтік әлсіз позицияда тұрып, өзінің дыбысталуын өзгертіп, вариация

түрінде көрініс табады. Олар фонологиялық айырым қызметін атқармай, акустика-артикуляциялық жағынан ажыратылады. Сөз легінде естілетін нақты дыбыстар фонемалардың материалдық символы ретінде көрінеді. Тілдің фонологиялық қатарын ұздіксіз сөз ағымында кездесетін дыбыстар құрайды. Ұздіксіз сөз ағымының кейбір орнында фонологиялық мәнге ие болатын дыбыстар ұшырасады. Олар фонологиялық қатарлардың жеке фонемаларына сәйкес келеді.

Дегенмен сөйлеу тілінде мағына түрлендіру қызметтерімен бірге фонологиялық мәні жоқ дыбыстарды да табуға болады. Сондай-ақ сөз ағымының әр дыбысы фонологиялық және фонологиялық емес қасиеттердің жиынтығы ретінде көрінеді. Демек, әрбір дыбыс фонологиялық қасиеттерімен ерекшеленіп, бір фонемаға сәйкес келеді, ал бір фонема бірнеше дыбыстарда көрініс табады. Осы түрғыдан алғанда, профессор Қ.Жұбановтың фонема туралы тұжырымдамалары тіл біліміндегі фонема теориясымен сабактасып жатыр деуге толық негіз бар.

Профессор Қ.Жұбанов – қандай мәселені сөз етсе де, табигатта бар нәрселермен шенdestіре түсіндірудің шебері. Фонемалардың сырын дұрыс түсіндіру үшін ғалым оларды атоммен салыстырады және грек оқымыстыларының пікірлерін келтіреді. Олардың көзқарасы бойынша, «*дұниедегі барлық нәрселер бөлшектене алады, бөліне-бөліне келіп, ақырында, ең кішкене кесегі атомга келіп тіреледі*». XIX ғасырдың басында әлемдегі техникалық және жаратылыстану ғылымдары қарқынды дамығаны белгілі. Ғалымның айтуынша, «*оларды зерттеуге түрлі метод қолданылады. Объектив әдісімен іс істеме тілшілерге де жүқтый*». Зерттеу барысында ғалымдар өз пәндерінде ең кіші бірліктерді іздең, әрекет жасағаны мәлім. Құдайберген Жұбанов – өз заманындағы өзгерістерді сезіп, сол уақыттың сұранысына сәйкес тілдің ең кішкене бөлігін танытып, сипаттап берген ғалым. «*Дыбыс тілдің атомы болып саналады, атом – заттың бөлінбейтін, өзгермейтін, ең кішкене бөлшегі*», – дейді ғалым.

Сондай-ақ Құдайберген Жұбанов сөйленімнің мүшелену теориясына да үлес қосқан. Сөйленімнің мүшелену нәтижесінде оның сегментті бірліктері анықталады. Сегменттерге мүшелеуде оның қандай бірліктерге бөлінетінін, олардың өзара қалай байланысатынын, сөз құрамында орналасу ретін, дыбыс бірліктерінің қайсысы айрықша қызмет атқаратынын байқауға болады. Дыбыс бірліктерінің (фонемалардың) бір-бірімен тіркесуі сөз бен морфемалардың құрамында қарастырылады. Фонема дистрибуциясын зерттеу барысында, оның қай позицияда кездесетінін, қандай фонемалар бір-бірімен үйлесетінін және олардың өзара орын тәртібі мен санына байланыстылығы анықталады. Фонеманың іске асуына байланысты басым қызмет ететін дистрибуциясы мен әлсіз дистрибуциялар айқындалады. Шағын бірліктердің сөз мағынасын түрлендіру, сөз өзгерту қызметі тіл білімінің функциональды бағытын әрі қарай дамытуға үлес қосты. Фонемалардың үйлесуі мен реттелуі (дистрибуциясы) буынның құрылымдық ерекшеліктерімен, сөздің басы мен аяғының дыбысталу қасиеттерімен және

басқа да әр тілдің өзіндік факторларымен байланысты болады. Фонемалардың дистрибуциясы мен сөздің мүшеленуіне ғалым тарихи аспектіде қарайды «*дыбыс, буын, сөз, сөйлем дегендер тіл тарихында дүниеге келген*»... және оны бейнелеп сипаттайды: «*Кірпіштерден құрап үй саламыз, талдардан құрап шетен тоқымыз...* осыған қарай әр нәрсені тек құрастырудан, ұластырудан барып жарыққа шыққандай көреміз. *Дыбыстар да қаланып барып, сөз жарын (қабыргасын) қаңқитқандай көрінеді*». Келтірілген сілтемеден ғалымның ғылыми тұжырымды қарапайым түсінікті тілмен түсіндірудің қас шебері екендігін анфарамыз.

Фонеманы үш аспекті бойынша қарастыруға болады: **физикалық** аспекті, **физиологиялық** аспекті және **лингвистикалық** аспекті. Фонеманың физиологиялық және физикалық аспектілері оның акустика-артикуляторлық сипаттың қамтиды, ал лингвистикалық аспекті оның функционалды жағын қарастырады. Қ.Жұбановтың фонемаларды сипаттауда осы үш аспекті қамтылған. «*Қазақ тілінің қазіргі физиологиясын сөз қылмастан бұрын, физика жасынан қараганда, дыбыстың қозғалудан, толқыннан болатынын еске алу керек және толқын мен қозғалудың да белгілі бір шекте болуының, белгілі бір мөлшерде болуының шарты екендігін ұмытпау керек. Қозғалу үшін қозғау керектігін, ол қозғаушы күштің де турлі дәрежеде болатындығын ескеру керек*», – дейді ғалым. Бұл пікірден қазақ тілінің фонемалық жүйесін сипаттау барысында, ғалым фонемалардың дыбыстау мүшелерінің физикалық және физиологиялық ерекшеліктері мен жасалу жолдарын анықтап бергендігі айқын көрінеді. Артикуляциялық-акустикалық сипаттаулармен қатар фонеманың функционалды ерекшеліктері де көрсетілген. Демек, бұндай ғылыми тұжырымдар қазақ фонологиясын зерттеуде Қ.Жұбановтың елеулі жетістіктерге жеткендігінің бұлтартпас дәлелі деп есептейміз.

Қ.Жұбанов дыбыстау аппараттары *өкпе, ауыз, мұрын және кедергі мүшелер* деп, «*өкпе, сырнайдың көрігінше, ісініп-басылып, ауаны біресе сыртқа теуіп, біресе ішке тартып тұратынын*», ал ауыз, мұрын қыстары дыбысты зорайтып тұрса, ауа ағыны бірде еріннен, бірде тіс тұбі, не таңдай, не көмейден бөгеліп, кедергіленеді де, дыбыс та кедергісіне байланысты әртүрлі шығатынын айтады. Дауысты дыбыстарды шығаруда дыбыстау мүшелеріне, ал дауыссыздарды шығарған кезде ауыз ішіндегі кедергі мүшелерге күш түсетеңін дұрыс көрсетіп, олардың қызметін де дәл тани білген. Қ.Жұбанов дауыстыларда үн басым, дауыссыздарда салдыр басым, бірақ екеуіне де үн мен салдырдың қатысты екендігін айтЫП қана қоймай, осы ерекшеліктеріне қарай екі топқа жіктесе, бұлардан басқа, «*үні мен салдыры тен*» дыбыстарды сонорлар деп, олардың «*дауыстылардай өнделмейтінін, дауыссыздардай егізделмейтінін*» айтЫП, топтастырудында осы басты ерекшеліктерін көрсетеді. Қ.Жұбанов «*дыбыстау түріне қарай*» дауыстыларды толық дауыстылар **а, ә, е, о, ө, келте дауыстылар ы, і, у, у** және қосынды дауыстылар **ұ/үү, ый/ій** деп үш топқа бөлген. Қазақ тіліндегі дауыстылар жуан-жіңішкелігінің фонологиялық кезеңі болатынын дұрыс

аңғарған ғалым жазуда олардың әрбіреуі бір-бір таңбамен белгіленетінің айтып, ал қосынды дауыстыларда мұндай қасиет жоқ деп есептеп, **ұу/үү** – бір ғана **у**, **ый/ій** қосындылары **й** әріптерімен таңбалануын ұсынған. Жасалу түріне қарай *ерін дауыстылары* **о**, **ө**, **ұ**, **ү** және *езу дауыстылары* **а**, **ә**, **е**, **ы**, **і** деп топтастырған. Қазақ тілі дауысты дыбыстарын алғаш рет үш оппозициялық топқа бөліп жіктеген В.Радлов болса, оның ісі Қ.Жұбановтың ана тіліміздегі зерттеу еңбегінде жалғасын тапты. Қазақ тілі дыбыстарының *жсан-жіңішке*, *еріндік-езулік*, *ашиқ-қысаң* болып қарама-қарсы қойылуының фонематикалық мәні зор (29). «Дауысты дыбыстардың түріне қарай, жіктелуі мен жасалу түріне қарай жіктелуінің екеуін қосып, таблицаға салсақ, мынадай болады» деп, Қ.Жұбанов төмендегі кестені ұсынады:

	Ашық дауыстылар		Келте дауыстылар		Қосынды дауыстылар	
	ерін	езу	ерін	езу	ерін	езу
Жуаны Жіңішкесі Барлығы	о ө 2	а ə, e 3	ұ ұ 2	ы і 2	ұу ұу 2	ый ій 2

Қ.Жұбанов салдыр болып, я салдыры басым болып шығатын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар деп, оларға **п**, **б**, **с**, **з**, **ш**, **ж**, **т**, **д**, **к**, **ң**, **ғ**, **г** дыбыстарын жатқызады да, оларды үнді, үнсіз, үздіксіз, көмей, тіс, ерін дауыссыздары, жабысыңқы-жұысыңқы, сыйыр-сыйыс дауыссыздар деп бөледі. «Жабысыңқы дыбыстардың салдыры есікті жауып қалғандагы, я ашып қалғандагы секілді болады да, бір жауып, бір ашып тұрмасаң, дыбыс шықпайды. Бір жауып, бір ашып тұрганнан шыққан дыбыс болгасын үздік-үздік болып шыгады. Жұысыңқы дыбыстардың салдыры үздіксіз болатыны – мұнда сыйызығының тұтігінен өткендей, ая тар қуыстан сүзіліп өтеді де, жолы бекітілмейді. Сондықтан соза беруге келеді», – дейді ғалым.

Дауыссыз дыбыстардың жалпы кестесі төмендегідей болды:

Жасалу түріне қарай	Жабысынқы	Жұысынқы
Созымдылығына қарай	Үздікті	Үздіксіз
Дауысталуына қарай		Сыбыр Сыбыс
Үн түріне қарай	Үнсіз Үнді	қ к т с ш ғ г б д з ж
Шығатын орнына қарай	Көмей Ерін	Tic

Сол сияқты сонор дауыссыздарда да тұра жолды: **у**, **й**, айналма жолды: **р**, **л**, **м**, **н**, **ң** деп бөледі де, соңғыларына мұрын жолды айналма: **м**, **н**, **ң**, ауыз жолды айналма: **р**, **л** дыбыстарын жатқызады. «Сонорлардың шығатын орнына, жасалу түріне, шығатын жолына қарай жіктелуінің бәрін бір жерге жиып, таблицаға салсақ, мынандай болады», – дейді Қ.Жұбанов:

		Шығатын орындары									
		ерін		тіс				таңдай		көмей	
				Күрек тіс		азу					
Шыға тын жолы	ауыз	у	-	-	-	-	л	й	р	-	-
	мұрын	-	м	-	н	-	-	-	-	-	ң
	тура	ай нал ма	тура	ай нал ма	тура	ай нал ма	тура	ай нал ма	тура	ай нал ма	

Құдайберген Жұбанов дыбыстардың физикалық ерекшеліктері жөнінде де өз пікірін білдіреді: «*дыбыс болғанда (шыққанда) ауа бірде қоюлана, бірде сирекси жан-жаққа толқиды. Бұдан келіп құлақ пердесі әрі-бери қалтырайды. Ауа қоюланса, құлақ пердесі тартылады, ауа сиресе, құлақ пердесі сыртқа тебеді*». Міне бұл нағыз ғалымның дыбыс табиатын эксперименталды фонетика саласы пайда болмастан, заманауи технологиялардың көмегінсіз сезімталдықпен аңғарғандығын айғақтайты. Сондай-ақ дыбыстың күші, амплитудасы, жиілігі жайында да сөз қозғайды. Демек, ғалым дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасымен қатар, олардың акустикалық жағын да қарастырған.

Қазақ тіл білімі тарихында буын типологиясына сипаттама жасап, оның құрылымы жөнінде алғаш жан-жақты зерттеу жүргізген Қ.Жұбанов деп ауыз толтырып айта аламыз. Ол буын теориясын жасап, буынға анықтама беріп қана қоймай, «*Буын жігін қалай табуға болады?*» деген мақаласы арқылы ғылыми қауым әлі күнге бір шешімге келе алмай жүрген буын жігін анықтау мәселесі жөнінен де батыл пікір айта білген. Ғалым буынның төмендегі белгілерін атап көрсетеді: 1) дауысты дыбыссыз буын болмайды; 2) бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды; 3) дауысты дыбыс жалғыз өзі де буын бола алады; 4) бір буында үштен артық дауыссыз дыбыс болмайды; 5) екі дауыссыз бір буында қатар келетін болса, дауыстының соңынан ғана келеді. Еш уақытта алдында екі дауыссыз қатар келмейді; 6/ сөз ішінде дауыстыдан басталатын буын болмайды. Әр уақытта ортадағы, аяқтағы буын дауыссыздан басталады.

Профессор Қ.Жұбанов буынның осы белгілерін ескере отырып, «*буын жігін оңай механик түрде*» табуға болатынын да айтады. Ол үшін жазылған сөздің дыбыстарын аяғынан бастап, дауысты дыбыстан соң келген дауыссызды елемей өте шығып, әрбір дауыстының алдыңғы жағына бір

дауыссыз тастап бөле береміз, сонда неше бөлік шықса, сонша буын болады дейді. Оның пікірлері сингармонизмге арқа сүйеп, буын жігін ажырату жөніндегі пікірлермен ұштасып жатқанын байқаймыз.

Ғалым «жеке дыбыс жеке бөліп айтуға келе бермейтінін», дауыссыздар мен сонорлар алдынан не артынан бір дауысты дыбыс қоспай, бөлек айтылмайтынын және «дауысты дыбыс өзіне ерген дауыссыздары сонорларымен бірігіп, бір үйір болып, өзге үйірлерден бөлініп тұратынын» айтады. Буын фонологиялық бірлік десек, ал жекелеген фонемаларды бөліп айтуымыз лингвистикалық талдаудың талабынан туындаған. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым пікірі буын теориясы заңдылықтарын дұрыс көрсете білгендей танытады (29). Ғалым: «Сөзді бөліп-бөліп айту керек болғанда үйірі-үйіріменен бөлсе, дыбыстары өзгермейді, үйірін бұзып бөлсе, омыртқаны буынсыз жерден бөлгендергідей болып, сөздің дыбыстарының бірі үзіліп, біріне артық дыбыс қосылып, қалпы бұзылады<...>, сөзді дыбыстарының қалпын бұзбай, бөлшектегендеге пайда болатын дыбыс үйірлерін буын дейміз», – деп, фонетикалық бірлік ретіндегі буын категориясына тұщымды да нанымды анықтама берген.

Қ.Жұбанов қазақ тілінде буынды құраған дыбыс санына қарай бір дыбысты, екі дыбысты, уи дыбысты, төрт дыбысты буындар болатынын, дауысты дыбыстың бір өзінен тұратын буында дауыссыз да, сонор да болмайтынын, бұл екі дыбыс бір буын құрамында бір-бірден болуы да, екі сонор, бір дауыссыз болуы да мүмкін екендігін айтқан.

Қ.Жұбанов алғаш буын ішіндегі дыбыстардың тізілу тәртібіне қарай қазақ тілінде буынның алты түрі бар екендігін көрсетті:

1. Жалаң буын /Д-ы/;
2. Ашық буын /Дз/Ср + Ды/;
3. Женіл тұйық буын /Ды+Дз/Ср/;
4. Женіл бітеу буын /Дз/Ср + Ды + Дз/Ср/;
5. Ауыр бітеу буын /Ды + Ср + Дз/;
6. Ауыр бітеу буын /Дз/Ср + Ды+Ср + Дз/.

Профессор Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі буынды ішіндегі дыбыстарының тізілу тәртібіне қарай топтастыруши алғашқы тұлға болса, бұл бағыттағы зерттеулер кейінгі ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты. Тұркі тілдеріндегі буын бір буынды түбір сөздердің құрылышымен сәйкес келеді десек, академик Ә.Т.Қайдаров қазақ тілінде 1352 бір буынды түбір барын анықтады. Ол қазақ тіліндегі бір буынды сөздердің алты түрлі құрылымын /Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС/ көрсетеді.

Қазақ тіліндегі буын жүйесі тіліміздің негізгі заңдылықтарының бірі сингармонизммен тығыз байланысты екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы сингармонизм заңдылығы деп атап айтпаса да: «Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жінішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі жуан болады, жінішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жінішке болады», – деп (30), тіліміздің өзіндік ерекшелігін атап көрсетсе, Х.Досмұхамедұлы: «Қазақ-

қырғыз тіліндегі сөздің түбірі сингармонизм заңына бағынатыны анық», – деп, оған жалғанатын қосымшалар да түбірдің ынғайына бейім жалғанатынын айтқан болатын (31, 84).

А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі сингармонизмге бағынбайтын қосымшаларды алғаш атап өтсе, Қ.Жұбанов оларды жан-жақты талдап, жуанжіңішке түрлерін айырып, жазылу ерекшеліктерін анықтап көрсеткен. Қ.Жұбанов: «*Түбір дыбыстары мен қосымша дыбыстарының үндесу бағыты екі түрлі: бірінде – түбірдің соңғы дыбысының, не соңғы буынының ауанына қарай, қосымша дыбыстары өзгереді; екіншінде – қосымша дыбыстарының ықпалымен түбір дыбыстары өзгереді. Алдыңғысын үмттыла үндесу дейміз де, соңғысын **тартына үндесу дейміз**», – дейді.*

«Қазақ сөзін сөз етіп тұрған сингармонизм құбылышы екенін, ал сингармонизмнің иек артар тілдік бөлшегі буын екенін ескерсек, проф. Қ.Жұбановтың қаншалықты көрегендік танытқанын көреміз», – дейді проф. Э.Жұнісбеков (28, 193).

Қ.Жұбанов: «*Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі – түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингармонизмдейміз*», – дейді. Ол сингармонизм деп түбір мен қосымша аралығындағы дыбыстардың үндесуін қарастырған. Сондықтан түбір сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшаның да жуан, жіңішке келуін және екі аралықтағы көрші дыбыстардың үндесуін сөз еткен. Жалпы айтқанда, ғалым түбір мен қосымша аралағындағы барлық дыбыстардың да үндесуіне көніл болған. Атап айтқанда, ғалым түбір мен қосымша аралығындағы үндесу түрлері деп төмендегі мәселелерге назар аударған: 1) түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай; 2) түбірдің соңғы дыбысының үнді-үнсіз болуына қарай; 3) түбірдің соңғы дыбысы дауысты болғанда; 4) түбірдің соңғы дыбысы *л*-дан басқа ауыз жолды сонор болып, қосымшаның бас дыбысы *л* мен *м*-ның бірі болғанда; 5) түбірдің соңғы дыбысы *л* болып, қосымшаның бас дыбысы *л* мен *м*-ның бірі болғанда; 6) түбірдің соңғы дыбысы мұрын жолды сонор болып, қосымшаның бас дыбысы да, аяқ дыбысы да мұрын жолды сонор болғанда; 7) түбірдің соңғы дыбысы *к*, *қ*, *п* дыбыстарының бірі болып, қосымшаның бас дыбысы дауысты болғанда; 8) түбірдің соңғы дауыссызы сыйыр дыбыстары мен сыйыс дыбыстарының үндісі болып, қосымшаның бас дыбысы үнсіз болғанда; 9) түбірдің соңғы дыбысы сыйыр болып, қосымшаның бас дыбысы сыйыс болғанда; 10) түбірдің соңғы дыбысы мұрын жолды езушил сонор болып, қосымшаның бас дыбысы еріншил дауыссыз болғанда; 11) түбірдің соңғы дыбысы *н* болып, қосымшаның бас дыбысы *қ*, *қ*, *г* дыбыстарының бірі болғанда пайда болатын өзгерістер (8, 209-213.). Мұның өзі сингармонизм сөздің бүкіл өн бойында бірдей тембрдің сакталуын қамтамасыз етіп, сөз құрамындағы дауыстының да, дауыссыздың да бір сазбен айтылып, өзара үндесіп тұруы туралы фонетист-ғалым проф. Э.Жұнісбековтің тұжырымдарының негізі Қ.Жұбановтың осы сарындағы ойларының тамырында жатқандығын ангартады. Қ.Жұбановтың екпін мен

үндестік заң туралы ілімдерінің ғылыми тұрғыдағы маңызы өте зор. Лингвистиканың бұл салалары қай кезеңде болмасын ғалымдардың назарынан тыс қалмаған және сан қылыштар тұрғысынан түсіндірілп жүрген нысан болып есептеледі. Қ.Жұбанов оларды айтылатын сөзге негіз болып, оның құрамындағы бірліктерді бір-бірімен біріктіріп, туыстас просодикалық құралдар ретіндегі орнын қарастырады. Қ.Жұбанов еңбектерінде буын туралы ілімдер ерекше орын алған. Ғалым қазақ тіліндегі бар буындарды нақты талдап, буын құрылышының бірігу, орын аудису және т.с.с. өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сипаттамасын анық береді (29).

Қ.Жұбанов қазақ тілін, тек оның қазіргі заманғы жай-күйі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, тілдің пайда болу және бірте-бірте дамуы тұрғысынан, оның да, табиғат сияқты, өмір сүріп, үздіксіз қозғалыс пен өзгерісте болатындығына сілтей отырып қарастырады. Тілдің қазіргі заманғы жай-күйі оның ұзақ уақыт даму нәтижесі болып табылады. Тілдің әрбір дамуы кезеңіне қандай да бір жаңалық тән, ол, өз кезегінде, дамудың келесі деңгейіне өтуі кезеңінде аңғарыла бермейтін одан әрі қалыптасып-жетілудің негізін қалайды. Сонымен, Қ.Жұбанов қазақ тілін басқа тілдермен өзара байланысып-әрекеттесу тұрғысынан дамып-қарқындауын «*қазақ тілі туралы барлық уақытта да бір сарында айтуга болмайтындығын, ол жөнінде тек белгілі бір кезеңдегі қазақ тілі туралы сөйлем, сипаттау тиіс екендігіне*

Құдайберген Жұбанов дыбыстардың пайда болуына, фонетика-фонологиялық құбылыстар арқылы дамуына ерекше көңіл бөлген. Ғалымның пікірі бойынша, «*бір замандарда түркі тілдерінің дауыстыдан басталатын сөздерінің бәрінде де дауыстының алдында дауыссыз, сонор дыбыстардың бірі болған; әр сөзінің басындағы a дыбысы e болып та айтыла беруі мүмкін. Өйткені бұрынғы замандарда дауыстылар бірінің орнына екіншісі қолданыла берген*

Ғалымның бұл тұжырымдамалары кейінгі тілші-ғалымдардың пікірлерінен сабактастық тауып жатқандығын көреміз, олардың айтуынша, жалпы түрік тілінде вокализм өте кедей болған және дауыстылар тек буын құрушы қызметін атқарған.

Түркітанушылардың пікірлері бойынша, түркі тілдеріндегі фонологиялық құрылым моновокалды типпен ерекшеленіп, басқаша айтқанда, барлық дауыстылар бір-ақ дауысты фонеманың варианттары болған. Алтай дәуіріне дейінгі уақытта дауысты дыбыстар буын түзуші қызметінде ғана жұмсалып, морфонемаға сәйкес келсе, алтай дәуірінде түркі тілдері морфема және қосымшамен бірге агглютинативтік құрылышына жеткен.

Түркітанушылардың айтуынша, ататүркі тілінде дыбыстардың ұяң-қатаң (ғалымның пікірі бойынша, үнді-үнсіз) қасиеттеріне негізделген фонологиялық корреляция болмаған. Оның пайда болуы қатаң дыбыстардың позициялық ұяңдауымен байланыстырылады. Қ.Жұбанов бұл жөнінде: «*Үнділерді сыйырлат айтсаң, үнсізге айналады. Үнді-үнсіз парлары бұрын бір*

болып жүрген. *Tіпті алғашқыда қ, қ, т дыбыстары бір-бірінен ажыратылмagan. Қазір бізде – үнді бір фонема, үнсіз – бір фонема. Осы күнге шейін осы екеуінің ауыса беретін жерлері де бар, алтайда: пұс – пұзы, кес – кезеді (кеседі)».* Консонантизмнің күрделенуі негізгі фонемалардың ұяң аллофондарының фонологизациялануына және туыстас емес көршілес тілдерден келген кірме лексика, терминология жүйесінің дамуына қатысты болады. Қатаң дыбыстардың ұяңдау үдерісі – сөздің барлық позицияларында кездесетін құбылыс. Сөздің басында қатаң дыбыстардың айтылуы түркі тілдері тарихындағы өте ескі, ежелгі құбылыс және ұяң-қатаң дауыссыздар бір ғана <r> (p) – архифонемасына ие болып, оның әр кезеңдегі көріністері болып саналған. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз ортасында, соңында айтылатын дауыссыз [j](й) дыбысының тағы бір ізін көруге болады Ескі түркі тіліндегі [d](д) дыбысымен айтылған *edgiw, adyγ, idi* сөздері қазақ тілінде [ijgi], [ajuw], [ije] түрінде айтылып дыбысталады.

Қазақ тілінің дыбыстары бірден фонологиялық статусын алмағаны белгілі, олар тілдің даму кезеңіне сәйкес өзгеріп, толығып, функциялары кеңейіп, фонемалар деңгейіне көтерілген. Дыбыстардың фонема деңгейінде жұмсалуы, яғни фонологизациялануы тілдің даму барысында конвергентті-дивергентті құбылыстар арқылы жүзеге асады. Қазақ дыбыстарының дамуы тілдің жалғамалық (агглютинативтік) қурылышына және үндестік заңына негізделетіні белгілі жайт. Тілдегі жаңа фонемалардың пайда болуы адамның ойлау үдерісінің дамуы мен тілдің жаңа ұғымдармен және кірме лексикасының баюымен байланысты. Ғалымның пікірі бойынша, «*дыбыс өзгерістерін білу үшін бізben тілдес елдердің дыбыс заңдарын білу қажет. Қазақша бас, аяқ, әділем; чувашша buquerque, атақ, еділ. Бас дегендегі а дыбысы, чувашта ұу; бас – пұс, басы – пұзи, қаз – қас. Дауыстыдан бұрын с өзгеріп з болады. Қазақтағы кесер дегенді алтайда кезер дейді. Демек, оларда үнді мен үнсіз дыбыстар осы күнге дейін бір фонема болғанын көреміз. Қазақ арасында әлі күнге дейін жұмысты бітір деудің орнына жұмысты пітір деушілер бар. Бұл да б-п дыбыстарының бір фонема екендейін білдіреді», – дейді ғалым. Ғалымның бұл көзқарасы түркі тілдерін зерттеуші европа тілшілерінің және түркітанушылардың тұжырымдарымен үндес.*

Тілдегі бұл тарихи үдерістерді лингвист-ғалым терең аңғарған және тілдің даму барысындағы фонологизация құбылыстарын, яғни дыбыстардың функционалдық ең шағын лингвистикалық бірлікке айналғанын ескерген. Қазақ тілінің фонемалары ұзақ жылдар бойы қалыптасқанын, айырым белгілері сұрыпталып, әртурлі аллофондарда іске асырылатынын ғалым өз еңбектерінде жан-жақты ашып көрсеткен. Тарихи фонетикалық өзгерістер жайында ғалымның келесі пікірін келтіруге болады: «*Қатаң қ мен қ әрпінен ң пайда болған; жаздық > йаздығыз // йаздыныз; жалбақта > жалбаңда; қаз. қақпа; тат. қапқа; жалпы түрік. қапағ – қапуғ – қапық; қаз. жап – жасыл; тат. йәм – йәсия. Қазақ тілінде өкпе-өпке болып айтыла береді. Демек, қ-п, п-к, болып кездеседі*». Бұл мысалдардан «метатеза» құбылысын

да байқауға болады. Ғалым бұл терминді атамаса да, сол кездің өзінде мұндай құбылыстың бар екенін көрсетіп, оны әрі қарай арнары зерттеуге із салып кетті деп айта аламыз. «Еріндік дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі ауыстыра беретіндегін **жап**, **жабыл**, **жамыл**, **жаяып** деген мысалдардан да көреміз», – дейді ғалым. Түркітанушылардың пікірлеріне сүйенсек, ескі түркі тілдерінде сөз басында [m] (м)-ның орнына [b] (б) дыбысы сәйкес келіп қолданылған. Мысалы, түрікмен тілінде «ти» [туj] деген сөзге бұрын *bejnī* деген сөз сәйкес келген, әзіrbайжан тілінде «бет» деген сөзге *bäniz* деген сөз сәйкес келеді. Құмық тілінде «мойын» деген сөзге *bojin* деген сөз сәйкес келген. Кейін ескі түркі тіліндегі [b] дыбысының [m]-ға ауысуы туралы болжамға сүйеніп, оның заңдылығын табу қын емес сияқты болғанымен, оған қарсы гипотеза төмендегідей заңдылық туралы айтуға мүмкіндік беретін сияқты. Мысалы, әзіrbайжан тілінде [b] > [m]-ға көшуі, ауысуы үшін сөздің сол буыны синхрондық деңгейде мұрын жолды дыбыстан басталады: *män* – «мен», *min* – «мың» болуы керек, бірақ *bäniz* – «бет», *bejin* – «ми» болып тұр. Ал қазіргі қазақ тілінде ескі түркі тіліндегі *bojin* > *tojup* болып өзгерген. Түрікмен тілінде [b] > [m]-ға көшуі үшін тубірде дәл сол дауысты дыбыстан кейін ескі (бұрынғы) мұрын жолды дыбыстың рефлексі *men* (мен), *meniz* – бет, *maj* (ban) болуы қажет, бірақ *bejnī* (ми); *mojer* < *moner* < *bujuż* (мүйіз). Қазіргі қазақ тілінде *tijiz* (мүйіз) *bujuż*-дан ауысқан болар.

Көне түркі тілінің құрылымы түбір тілдердің типіне жақын тұрғандықтан, сондай фонологиялық құрылым моновокалды тілге тән, себебі ол уақытта грамматикалық қатынастар агглютинативтік қосымшалардан емес, әлі грамматикаланбаған, моновокалды морфемалардан тұрған. Осыған орай ғалым-зерттеуші өзінің пікірін де білдірген. «*Bir кезде қосымша деген болмай, тілде өңкей түбір сөздер ғана болғандығы байқалады. Қосымша қолданбайтын, өңкей түбір сөз ғана жұмсайтын тілдер осы күнде де бар*». Бұл пікір Құдайберген Жұбановтың салыстырмалы-тариҳи әдістерден де хабардар болғандығын растайды және XIX ғасырда өмір сүрген Франц Бопптың еңбегімен таныс болғандығын оның мына пікірінен аңғарамыз: «*1816 жылы немістің Франц Бопп деген адамы Европа тілі мен үнді тілінің дыбыстарын салыстырып барып, екеуін бір тіл деп білген. Бұл – европа-үнді тіл іліміне негіз салуышы адам*».

Бұл жерде айта кететін жайт – тариҳи фонетика салыстырмалы-тариҳи тіл білімінің фонетикалық құбылыстар тұжырымдамасына сүйене отырып дамығаны белгілі. Оның нәтижелері классикалық фонетикалық заңдылықтардың құбылыстары мен үдерістеріне негізделген. 1818 жылы дат тілшісі Расмуск Раск дыбыс өзгерістерінің құбылыстарын зерттеп, сипаттап берген болатын. Расктың бұл сипаттаған дыбыс құбылыстары кейін дауыссыздардың алға ілгерілеу заңы деп аталды. Ал неміс тілшісі Якоб Гrimm герман тілдерінің материалдарына негізделген Расктың дауыссыздардың алға ілгерілеу үрдісі туралы қағидасын дәлелдеген.

Құдайберген Жұбанов дыбыс пен әріптің ажыратылуы экспериментті фонетикалық зерттеулерге байланысты болатынын айтқан. Ғалым: «Әрбір

жеке дыбыстың қай жерде қандай болып ұшырайтынын анықтау үшін бүгінде ғылым түрлі аппараттар қолданып, эксперимент жолымен мәселенің түйінін шешіп отырады. Бірақ біздің қазақ тілі дыбыстары мұндай эксперимент зерттеу көрген емес», – деп, қазақ тіл білімі тарихында эксперименттік фонетика туралы алғашқы болып пікір қозғады. Рас, XIX ғасырдың аяғында пайда болған аспапты фонетиканың алғашқы жетістіктері фонологияның тууына себепші болды. Әртүрлі вариантта іске асырылатын дербес бірлік ретінде фонема деген ұғым сол уақытта пайда болды. Фонеманың мазмұны фонетика жүйесіндегі алатын орны мен атқаратын рөлі басқа тіл элементтеріне қатыстылығымен айқындалатын болды. Тарихи фонетикамен бірге диахрондық фонология да қарқынды дами бастады.

Ғалым-тілші ретінде Құдайберген Жұбановты дыбыстардың алғаш рет шығуы, пайда болу мәселелері ерекше қызықтырған. Ғалым бұл тұрасында: «Әнді дыбыстар бір нәрсені атап үшін, сөйлеу, сөйлесу үшін емес, табигатқа әсер ету үшін қажет. Біз адам болмастан бұрын да дыбысымыз болған. Ол кезде тіл дыбысын шығарайын дегендіктен емес, қорыққанда, шақырганда шығарғанбыз. Бұрындағы л мен р дыбыстарының бірлігі белгілі. Мысалы, корей *ат* дегенді *мал* дейді, *малдың* дегенді – *мари*. Ол заманда сөйлеу аппараттары еңбек бөліспеген. Тегінде ауыз – тамақ жесу үшін жасалған ғой. Қурайдың сыйызғы болуы үшін өспейтіні секілді, ауыз да сөйлеу үшін жаратылмаған. Тіл өзіне арналмаған материалды да пайдаланған (Кейбір құстар әзір ұяны пайдаланатындығы сияқты). Ауыздың қазіргі дәрежеге жетуі табигаттан емес, адамның өзі үшін еңбек етуінен. Тіл дыбыстарының да қазіргі дәрежеге жетуі үшін көп себептер керек болған. Арбау, айқайлау, құс шақыру, аң үркіту, қырман басында жел шақыру, табигатты балталау», – деген пікір айтады. Дыбыстардың пайда болу мәселесі жөнінде қазіргі тіл білімінде әртүрлі көзқарастар бар. Әйтсе де профессор өзінің ішкі түйсігі арқылы жарыққа шыққан пікірін бүкпесіз айта білген.

Демек, Құдайберген Жұбанов дыбыстардың пайда болуын тек тарихи фонетика-фонологиялық құбылыстардың өзгеруімен ғана емес, әлеуметтік-қоғамдық және физиологиялық-артикуляциялық себептермен байланыстырады. Байырғы замандарда сөз, сөйлеу әлі қалыптаспаған кезде адамдар бір-бірімен бейвербалды (сигнал, просодикалық тәсілдер) әдістер арқылы қарым-қатынаста болған және фонемалардың пайда болуынан бұрын бірнеше кезең өткен. Қазақ тілінің фонемалары ұзақ жылдар бойы қалыптасып, айырым белгілері сұрыпталып, әртүрлі аллофондарда іске асырылатын функционалдық ең шағын лингвистикалық бірлікке айналған.

Құдайберген Жұбанов қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуде салыстырмалы-тарихи, типологиялық әдістерді кеңінен пайдаланады және көне ескерткіштермен бірге тілдің синхрондық кесігін зерттеу жолын көрсетеді, себебі құнды ақпаратты тек жазба деректерден емес, тілдің қазіргі қалпынан да алуға болады. Басқаша айтқанда, ататілдің фонетикалық жүйесін түзу үшін – бір тілдің синхронды кесігін немесе бірнеше туыстас,

текес тілдердің әртүрлі синхрондық кесіктерін зерттең сипаттау керек. Осы жолмен қазіргі түркі тілдерінің белгілі фонологиялық құрылымдарына сүйене отырып, ретроспекция арқылы жалпы түркі тілдерінің ататілдік моделін құруға болады. Осы жөнінде ғалым: «*Изучение языка в движении, развитии делает необходимым условием принцип историзма. Поскольку история языка не достигается одним тем, что в состоянии дать письменные памятники, то не остается иного пути, кроме использования материалов, которые поставляет нам сам живой язык, в силу своей природы представляющий собой накопление всей предшествующей историей человечества*», – деген пікірі кейінгі зерттеушілер үшін «темірқазық» іспетті.

Қазіргі және көне түркі тілдеріндегі фонетикалық материалдарды салыстырғанда байқалған ерекшелік – ол **р** және **з** дауыссыздарының алмасуы. Бұл «ротацизм» деген құбылыс қазіргі түркі тілдерінде реликтілік фактілер ретінде сақталған. Қ.Жұбановтың назарынан бұл құбылыс та тыс қалмаған: «*Давно известное в турецких языках чередование р-з, наличное и в казахском в таких родственных образованиях, как көр-көз, семір-семіз, сір-сіз показывает нам, что некогда наш язык, собственно известный его слой, не знал фонетического различия звуков р-з, хотя эти различия существовали в языке*». Ғалымның тілдегі дыбыс алмасу құбылысы туралы бұл пікірлерін кейінгі морфонологиялық құбылыстарды тану мен танытуға ой тастаған тұжырым деп қабылдамауға құқымыз жоқ.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі бірден фонологиялық сипатқа ие болмағаны белгілі, ол тілдің даму кезеңіне сәйкес толығып, функциясы кеңейіп, фонемалық қызметке көтерілді. Кез келген тілдің фонематикалық жүйесінің дамуы – ол сол тілдің дыбыстық қорының үздіксіз дамуының белгісі. Фонеманың бөлінуі және қосылуы әсерінен, тілдің өркендер дамуының арқасында аллофондар өзінің дара мағынасына ие болады.

Бұл үдеріс адамның тілі мен ойлау үдерісінің байланысына қатысты тілдің жаңа мазмұнды лексикамен толығуынан деп білеміз. Алғашында дыбыстар бір фонеманың аллофондары, лексиканың баюымен байланысты пайда болған жаңа мағыналы сөз белгілі бір айырым сапа, белгі үшін бөлініп, жаңа сапалы екі жеке сөзді туғызады немесе қосылып, конвергенция әдісімен екі фонемадан жаңа бір фонеманы түзеді. Тілші-ғалымның тұжырымдамасы бойынша, «*каждый отдельный язык, каким бы он ни казался монолитным, представляет собой накопление, состоящее из вкладов множества языков, вкладов, вложенных на разных ступенях развития каждым отдельным «пайщиком» и в различной дозе, с различным правовым положением использованных слов, поэтому они, попадая в общую племенную или национальную мельницу, перемалываясь здесь, стираются, теряют свой первоначальный лингвистический облик, все больше и больше приближаясь к господствующему, так называемому общенациальному стандарту*». Сонымен, фонема – ең алдымен үздіксіз езгеріп отыратын тарихи категория.

Қазіргі белгілі түркі тілдерінің фонологиялық модельдеріне қарап, ретроспективтік әдіспен барлық көне түркі тілдеріне тән қайта құрылған

фонологиялық модельдерінің ерекшеліктерін анықтауға болады. Құдайберген Жұбанов фонемалар морфемалардың, сөздердің, грамматикалық тұлғалардың материалдық негізі болып саналатынын ескергенін көреміз: «*Для нас является верным то положение, что звуки существуют не вне слова, а в слове: следовательно, историю отдельных конкретных видов звуков следует изучать в истории изменения отдельных конкретных слов. Это неизбежно увеличит «этимологическую дозу» в нашей работе*», – деп, фонологиялық зерттеулердің негізінде тарихи грамматика, лексикология, этимология мәселелерімен айналысуға болатынына сенген.

Еуропа тілдерін білген Құдайберген Жұбанов Бодуэн де Куртенэ, Ф. де Соссюр, Н.С.Трубецкойлардың еңбектерімен танысып, жалпы фонологияның қағидаларын менгеріп, түркі (қазақ) тілдерінің фонетика-фонологиялық заңдылықтарын зерттеп, қазақ тарихи фонетикасының теориялық негізін салып, оны әрі қарай зерттеуге бағыт-бағдар берген.

Қ.Жұбановтың ғылыми-логикалық эрудициясы фонемаларды жіктелуінде, топтастыруында жақсы көрінеді. Дауыстыларды сипаттағанды ғалым қандай дыбыс дауысты болады деп өз сұрағына былайша жауап береді: «*Сөздің дыбыстаруының түрлі болатыны әр сөздің ішіндегі дыбыстардың түрлілігінен деп едік. Осы әр түрлі дыбыстың әрқайсысы тек бір-ақ түрде дыбыстарын қоймайды. Бір дыбыстың өзі әр орында әр түрлі – бірде бәсек, бірде қатан, бірде ұзын, бірде қысқа, бірде аиы, бірде солғын, бірде тегіс, бірде көтеріңкі-басылыңқы түрде дыбыстаруы мүмкін. Сөздің, осындағы, өзінше әні болады. Мысалы: жазба (кітап), (кітапты) жазба! (қыс па?) жаз ба? деген үш сөздің дыбыстаруының түрі де, тізілу тәртібі де бірдей. Сөз мүшелерінің саны мен реті де бірыңғай: ушеуінде де түбірдің дыбыстары же, а, з ушеуінде де бір-бір жамау мүше бар, оның дыбыстары да бірдей. Солай бола тұрса да, бұл үш сөздің дыбыстаруында айырма бар: ушеуінің әні үш түрлі. Сондықтан, дыбыстаруының түрі бір болса да, әні түрлі болгасын, бұл үш сөздің үш түрлі екенін сеземіз*», – дейді ғалым.

Қ.Жұбановтың бұл пайымдаулары интонация теориясымен ұштасып жатқандығында дау жоқ. Ғалым келтірген бір сөзден тұратын сөйлем хабарлы, лепті, сұраулы интонемалармен сипатталып түр және интонемалар сөйлем ажыратушы қызметін атқаратынын көреміз.

Бұл жерде қазіргі тіл білімінің жаңа бағыты **интонологияның** ең шағын бірлігі интонема жайында түсінік бермей кете алмаймыз. Сөйлемнің барлық түрлерінде де интонеманың өзіндік орны, атқаратын қызметі бар. Сөйлемнің қай-қайсысы болса да (бір сөзден тұрса да, мыс.: жазда) интонемасыз сомдала алмайды, себебі ғалымның айтудынша, «*бір сөздің өзі түрліше әнделе береді*». Қандай тілде болсын, ол тілде сөйлеушінің санасында сол тілдің негізгі интонемалары сақталып, сөйлесуінде үлгі ретінде қолданылады. **Иntonemаның** да **фонема** сияқты мағына ажырату қасиеті болады, оның негізгі қызметі сөйлемдерді сомдап, коммуникативтік мағынасымен эмоциялық түрлерін анықтау. Интонемалар фонемалар сияқты өзінің варианттарында өмір сүріп, солар арқылы нақтылы жүзеге асады. Сөз

ағымында сөйлеу жағдаятына байланысты интонема варианттары көрініс табады. Интонемалардың варианттары сөйлеу тілінің барлық түрлерінде қолданылады. Сондай-ақ интонема сөйлемді түзетін ең маңызды әмбебап факторлардың бірі деп айтуға болады. Ал интонеманың просодикалық тәсілдері барлық тілдердегі сөйлемнің әр алуан түрлерін сомдап қана қоймай, оларды жіктеуде және бір-бірінен ажыратуда, айыруда да зор қызмет атқарады.

Қ.Жұбановтың «дауыс сазына» қатысты пікірлері интонема теориясымен сабактасып жатыр: «*Дауыс сазы деген – қосалқы, қосымша қосып білдіретініміз сияқты, сөз мағынасының түрленгенін білдіретін бір амал болып шыгады. Сөйлемді хабар сазды, леп сазды, сұрау сазды деп таптастыру, сөйтін берген хабарына айтуышының өзі қалаи қарайтындығын өзінің көңілін қандай сазбен білдіргеніне қарай, қысқасы, сөйлемді дауыс сазына қарай таптастыру болады.*

Сондай-ақ ғалым дауыс сазының үш түрін көрсетіп отыр, олар хабар сазы (тиянақты интонема), леп сазы (лепті интонема), сұрау сазы (сұраулы интонема), оларға сипаттама береді. «*Дауыс тыныш бір қалыппен, әр сөз сөйлемнің қай мүшесі екеніне, қай орында түрғанына, хабарда қандай орын үсталғанына қарай, бұл әнінің өзі тағы өзгеріп (әнделіп) отырады*», – деп ғалым хабар сазды сөйлемді бейнелеп, мынадай мысалдар келтірген: *Жаз шықты. Күн жылы. Жуырда құс келіп болады.*

Профессор Қ.Жұбановтың сонау XX ғасырдың 30-жылдары айтып кеткен ойларын кейінгі эксперименттік-фонетикалық зерттеулердің нәтижелері дәлелдеп отыр. Бұлардың интонациялық тоны басында аздал көтеріліп, негізгі тон жиілігі сөйлемнің мағыналық өзегінде молайып барып, содан кейін жайбарақат тәмен түсіп барып тынады. Бір мүшелі хабарлы сөйлемдер көбінесе орта тоналды регистрде айтылады да, тоналды диапазоны мен интервалы шамалы болады. Тонның терминалды тәмендеуі де үдемеліктің азайып, минимальды мағынаға ие болуымен байланысты. Үдемелік пен негізгі тон жиілігінің сыйығы да өзара бір бірімен пропорционалды болады. Бір мүшелі хабарлы сөйлемдер әдетте онша қатты емес, орташа дауыспен айтылады. Мұндай сөйлемдердің аяғына қарай қарқынның жылдамдығы мен ұзақтылықтың сәл ғана молаюы байқалады. Хабарлы сөйлем **тиянақты интонемаға** сай келеді.

Ғалым леп сазы жайында: «*Сөйлеген сөздің тек хабар болу жағына ғана көздең қоймай, оның үстіне, бұл хабар сөйлеушінің өзіне белгілі бір турде әсер еткенін – қуантқанын, мұңайтқанын, таңдандырғанын, опындырғанын тағыда қоса білдіргісі келсе, сөйлеуші сөзін осы леп сазымен айтады. Мұнда дауыс, анағыдай тыныш әнделмей не көтеріңкі, не басыңқы, шұбалыңқы, не жиылыңқы турде, әйтеуір, бір есеппен айттылады*», – деп, тәмендегідей мысалдар келтіреді.

Апрай, мынау бір қызық екен!

Қап, кеше келмеген екенмін!

Жасасын, Кеңес елі!

Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағынасы мен интонациялық ерекшеліктері олардың лексикалық-грамматикалық айырмашылықтарына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Лепті сөйлемдер бүтіндей жоғары тоналды деңгейде болып, грамматикалық әдіссіз-ақ айрықша интонациямен айтылады. Олардың мағыналық өзегі сөйлемнің аяғына таман орналасады. Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағыналы сөздер ең көтеріңкі тонмен, максимальды үдемелікпен созылыңқы айтылып, сөйлемнің бірінші мағыналық өзегі болып табылады да, екінші мағыналық өзегі сөйлемнің сонында болады. Лепті сөйлемдердің бәрі дерлік эмоциялық-экспрессивті мағынаға ие болғандықтан, баяу қарқынмен, нық, айрықша реңкімен айтылып, лепті интонемамен беріледі. Лепті сөйлемдердің түрлері **лепті интонеманың** вариантарына лайық болады.

«*Бір нарсе жайынан ұрала сөйленген болса, сөйлем ұрау сазды болады. Ұрау есімдік, ұрау қосалқыларды сөзге қосып айтсақ та, қоспасақ та, бәрібір, ұрай сөйленсе, сөз осы әнмен айтылмақ*», – деп ғалым мынадай мысал келтіреді:

Каспийдің сұлулығы сұргылт құм ба?

Кавказдың сұлулығы зәулім шың ба?

Шылаулар (*ma/me, ба/be, na/ne*) арқылы жасалған ашық ұраулы сөйлемдердің интонациясын экспериментті зерттеулерге сүйене отырып бақыласақ, интонацияның негізгі тоны сол шылау арқылы жасалып, мағыналық өзек болып тұрған баяндауышқа дейін көтерілумен қатар, оның тонының жиілігі мен үдемелігінің де біршама молаятыны байқалады. Сөйлемнің басы мен сонына қарағанда, оның ортасындағы сөз буындарының айтылу қарқыны жылдамырақ болады. Шылаулар арқылы жасалған ұраулы сөйлемдер көбінесе интонацияның негізгі тон жиілігінің орташа регистрінде орташа дауыс күшімен айтылады. Ұраулық шылаулар арқылы жасалған сөйлемдер мағынасы мен құрылымына қарай **жалпы ұрақ интонемасымен** сипатталады.

Хабарлы сөйлемді, оның құрылымы мен лексикалық құрамын еш өзгертпей-ақ, ұраулы сөйлемге тек **интонация арқылы** айналдыруға болады. Олардағы айтылайын деп жатқан ойдың ұрау мағынасын жасау барысына лексика-грамматикалық көрсеткіштер қатыспайды, оны жүзеге асыруға интонация тәсілдері ғана қызмет етеді. Бұл сөйлемдердегі қойылған ұрақтың коммуникативтік жүргін толығымен өзіне артып тұратын – интонация. Осындай тәсілмен құрылатын ұраулы сөйлемдер мәнмәтін, сөйлеу жағдаяттары, түрлі коммуникативтік акт, яғни сөйлеуші мен тындаушының болғанын қажет ететін сөз әрекеттерінде орын алады. Ауызекі сөйлемде, диалогтарда интонация тәсілі арқылы жасалған ұраулы сөйлемдер жиі кездеседі. Лексика-грамматикалық көрсеткіштерсіз-ақ, тек интонация көмегімен жасалған ұраулы сөйлемдердің көрініс табуы аз уақытта көп ақпарат алуды діттейтін, осы мақсатқа байланысты аз сөзben көп мәлімет алуға, нақты сөйлеуден, тілдік формаларды үнемі пайдаланудан тұған қажеттілік деп түсінуге болады.

Қ.Жұбанов бұл құрылымдарды дәстүрлі сұраулы сөйлемдердің бір типі ретінде жеке қарастырган. «*Бірде сөз магынасын түрлендіру үшін жаңа сөз де, қосалқы да, қосымша да қоспай, сөздің тек әнін (сазын) құбылтамыз: Менің кітабымның түсікөк. – Көк? Қой қайдан көк болсын, қара шыгар. Міне, мұндагы екі сөйлемде де көк деген сөз бар. Бірақ алдыңғы сөйлемдегі көк пен соңғысының басындағы көктің айтылуында айырма бар. Үйткені алдыңғы сөйлемдегі көк мойындаи айтылған, соңғы сөйлемдегі бірінші көк сұрай, күмәндана айтылған. Сондықтан екеуінің әні екі түрлі болып тұр. Сұрау магынасын білдіру үшін кейде, осылай, сөзді сұрауга арналған әнмен айтамыз да қоямыз».*

Ғалым-зерттеуші келтірген мысалдардан байқап отырғанымыздай, сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік-семантикалық түрлері мәнмәтін мен сөйлеу жағдаятына байланысты сараланды. Ал интонациялық ерекшеліктері олардың мазмұны мен жасалу әдістеріне байланысты болады. Интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлемдердің просодикалық көріністерінің ерекшеліктері өтем қағидатын ұстанған теңелту заңына негізделеді. Бұл заң бойынша сұраулы сөйлемдегі бар коммуникативтік жүкті грамматикалық көрсеткіштер емес, интонацияға артатыны белгілі.

Қазіргі кезде антропоцентристік бағытқа қатысты сұраулы сөйлемнің бұл типі коммуникативтік синтаксис, функционалды грамматика аясында қарастырылады. XX ғасырдың бірінші жартысы үшін Қ.Жұбановтың сөйлеуші мен тындаушы, яғни ақпарат беруші мен қабылдаушыны ескеріп отыратын сөйлеу актісі ерекшеліктері туралы ой-пікірі жаңашылдық сарында болатын. Оның сөйлеу тілі туралы көзқарастары сөйлеу коммуникациясы теориясының қазіргі заманғы ережелерімен үндесіп жатыр. Ғалым тіл мен ойлаудың байланысы туралы пікірлерін тіл біздің ойлауымыздың нәтижесі екендігіне сүйене отырып айтады.

Проф. Қ.Жұбанов түркі лингвистикасында сөйлемнің предикативтілік белгілерінің ең маңыздыларының бірі ретінде интонация құбылыстарына алғашқылардың бірі болып көніл бөлді. Қ.Жұбановтың айтуынша, интонация сөйлем құрудың ең басты себепкер шарты, оның айтылу әуені мен ырғакты құрылымы және сөйлем коммуникативтілігі мен ондағы синтаксистік қатынастарды білдіру тәсілдерінің бірі ретінде түсіндіріледі; кейде оның айтылған сөз мағынасы мен эмоционалды-экспрессивтік қырын жеткізуіндегі бірден-бір құралы болуы мүмкіндігіне, яғни ғалым интонацияның семантика-синтаксистік және эмоционалды қызметтеріне нұсқайды.

Қ.Жұбанов интонацияның эмоциялық функциясы жайында біраз мәліметтер берген. Интонацияның бұл қызметі адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Ғалымның өз сөзімен айтқанда: «*Адамның көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді. Сондықтан сөздің әнінің арқасында хабардың өзін ғана емес, сөйлеушінің көңіліне сол хабардың қалай немесе қалай тиген қылышпен көрсеткісі келетінін білеміз. <...> Бұйырганды, жалынганды, опынганды, мақтанғанды, зекіргенді т.т. осындаіларды – бәрін көбіне сөздің сазымен (әнімен) білдіреміз. Дыбыс сазы*

болмаса, сөздер көп нәрсені білдіре алмай қалар еді». Сондай-ақ интонация сөйлем түрған адамның хал-ахуалы мен оның айтылып түрған ойға, жағдайға қалай қарайтынын да білдіреді. Сөйлемнің коммуникативтік мағынасымен бірге эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайды. Бұл функция адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Мысалы, сөйлеушінің айтылған ойды, жағдайды қолдайтын-қолдамайтыны, оған қуаныш-ренішпен, не мысқыл сезіммен қарайтыны интонация арқылы анықталады. Интонацияның бұл рөлі тілдегі модалдық мағынаны білдірумен шектесіп жатыр.

Интонация – күрделі құбылыс және бірнеше компоненттерден тұрады. Интонациялық компоненттердің ішіндегі ең маңыздысы әуен екені белгілі. Себебі қай тілдің болса да басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде сол тілдің өзіне ғана тән әуені маңызды қызмет атқарады да, ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады. Сөйлеу тілінің ағысын неше түрлі бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен және онымен қоса *kіdіріс*. Сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде олар үлкен қызмет атқарады. Грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге, оның нюанстарын анықтауға қатысады. Төртіншіден, оның сөз тізбектерінің синтагмалық акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде мәні зор.

Құдайберген Жұбанов әуенге ерекше көніл бөлген, оның айтуынша, «*тілдің музыкалық оформлениеисі (әуені) ортақ.* Сондықтан басқа халықтың тіліне түсінбесек те, сөз әуенінің қайғылылығын, не қуаныштылығын сезінеміз. Тіл-тілге ортақ ән де бар, әр тілдің өзіне меншікті басыбайлы әні де болады».

Демек, ғалым интонацияны барлық тілдерге тән әмбебап категория және оның әр тілдегі орны мен көріністерінің өзгешеліктері де бар екенін дәлелдейді. Интонацияның компоненттері тілдердің бәрінде қолданылатын универсалды просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады. Интонация компоненттерінің әрқашан белгілі бір ғана қызмет атқармай, көп мағыналы болатынын, өзара бірінің қызметін бірі атқара беретінін, демек, бір-бірімен қарым-қатынаста болатынын айтып кету қажет және олардың әрқайсысы негізгі қызметтерінен басқа түрлі қосымша міндеттерді де атқарады.

Интонацияның негізгі компоненті – әуенмен бірге К.Жұбанов екпін мәселесіне де біраз тоқталады. «*Сөз-сөздің жігіне дауыс тоқтай бермейді. Сондықтан, жалғыз түрган буындар бір сөздікі ме, жоқ әр сөздікі ме?* – Оны сөз екпінінен айырамыз. *Бір сөздің буындары бір-ақ екпінге қарайды*», – дейді ғалым. Осыны дәлелдеу үшін ғалым фонетистерге белгілі классикалық мысал болған *Суалмаған сиыр* және *Су ал, маған* деген сөйлемдерді келтіреді. Екпіннің сөйлемде атқаратын қызметі жайында «*екпін – бір сөздегі буындарды тарқаттай матастырып ұстau үшін керек болып шығады*», –

дейді ғалым. Мұнда екпіннің қызметі сегменттерді қосып тұруымен және олардың аражігін бөлуімен де ерекшеленеді. Ғалымның келесі мысалдары да екпіннің қызметін нақты көрсетеді: «**Жас+ат** деген екі буын тұр. Екеуінің басын қосып айтпақ болсақ, алдымен, бұл екі буын бір сөздікі ме, жоқ екеуі екі сөз бе? – соны ашып алуымыз керек. Екеуі екі сөз болса, осы түрган жасарын аша сөйлейміз. Онда **жас ат** (жас жылқы деген мәғинада) болады. Ал, бұл екі буын бір сөздікі болса, осы түрган жігін жаба сөйлейміз. Онда **жасат** (бір нәрсені істем) деген болады. Сөйтін, бір сөздің буындарын жылыстырып байланыстырамыз да, сөз-сөздің жігіне тұра келгенде жылыстырмай тоқтап, буын жігін аша сөйлейміз».

Сөз ағымы мүшеленгенде бірнеше синтагмадан тұратын сөйлемдерде **фразалық (синтагмалық) екпін** көрініс табады. Екпіннің әр түрлілігі мен айтылымның белгілі бір интонациялық кескіні сөздердің мағына жағынан осы тәрізді фонетикалық бірлікке (синтагмаға) үйымдасуын қамтамасыз етеді. Кез келген аяқталған сөйлемнің коммуникативтілік қызметі негізінде орын алған өзінің интонациялық орталығы болады, яғни ондағы синтагмалық (ырғақты) екпін, біріншіден, айтылымның коммуникативтілігін айқындал көрсетсе, екіншіден, айтылымдарды бір-бірінен ажыратып, жіктеуші қызметін атқарады. Синтагмалық екпін бүкіл айтылымды үйымдастыруда оның ең соңғы буынында орын тебеді. Синтагмалық (ырғақты) екпіннен басқа (бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажырататын) сөз барысын бөлек **сегменттерге мүшелеуге** қатысатын **ой екпіні** деген ұғым бар. Ой екпіні сөйлемдегі бір сөздің мәніне айрықша көніл аудара, күшетіп, басқалардан гөрі оның мазмұн жүргінің салмақтырағын көрсетіп тұрады. Бір жақтан, ой екпіні сөйлемнің семантикасымен, мазмұнымен тығыз байланысты болса, екінші жағынан, сөйлемнің мазмұны да ой екпіні арқылы өзгеріп тұрады. Ой екпіннің мағынасын ғалымның келесі мысалынан көруге болады.

Бұғін мен Жанғазыдан /хат алдым.

Мен бұғін / **Жанғазыдан** хат алдым.

Мен Жанғазыдан бұғін/ **хат** алдым.

Мен Жанғазыдан хатты/ **бұғін** алдым.

Бұнда Қ.Жұбанов орны еркін болатын мезгіл-мекен есім (үстей) туралы сөз етеді. Жылжып түрган үстей (бұғін) сөйлемнің *актуалды мүшеленуіне* қатысады. Бірінші екі сөйлемде ол *тема* құрамында болады. Соңғы екі сөйлемде үстей *рема* құрамында табылады. Қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі оның интонациялық кескіні болса, екінші көрсеткіші оның сөздерінің екі синтагма тема мен ремаға бөлініп, жаңа мағына беретін сөз ой екпінімен белгіленіп, сөйлемнің сонындағы баяндауыштың алдына барып тұруы. Сонымен, коммуникативтік мақсатқа қарай сөйлем актуалды мүшелер тема мен ремаға қалай бөлінсе де қазақ тіліндегі сөйлемнің баяндауышы тапжылмай сөйлемнің сонында, өз орнында тұратынын байқаймыз.

Сондай-ақ Қ.Жұбанов интонацияның сегменттерді қосу және бөлу қызметіне де назар аударғанын көреміз: «*Бір сөздің буындарының ара-арасын қоса сөйлейміз де, сөз сөздің жігіне тура келгенде буын жігін де аша сөйлейміз*». Интонацияның бұл қызметінің маңызы қазіргі замандағы өркендерген радио мен теледидардан сөйлеушілердің сөйлем түрлерін дұрыс мәнерлеп, олардың жіктерін ажыратып немесе қосып, сөздерін анық айтуында мәні зор. Интонация ғана сөйлемді синтагмаларға бөліп, оның ішіндегі сөздерді мағынасына қарай әрбір сөйлем мүшелерінің айналасына топтастырады. Сөйлемдегі кідіріс арқылы бір бөлек топтасатын сөздердің қай синтагмаға жататындығын, яғни ол сөйлемді аяқтайтын соңғы синтагма ма, әлде олай емес пе – осының бәрін тек интонация арқылы ғана ажыратуға болады.

Адам сөйлегендеге барлық сөздерді бір-біріне шексіз тіркестіре бермейді, кейде уақыт жағынан өте аз, кейде сәл де болса ұзақ тоқталып, кідіріс жасап отырады. Дауыс кідірісінің негізгі міндеттері мәтінді бөліп мүшелеу және сол бөлшектенген мүшелердің арақатынастарын айқындау, мағынаны түсіндіріп, жазылған мәтінді ажыратып оқу, түсіну үшін белгілі дәнекерлік қызмет атқару. Кідірістің лингвистикалық функциясы дегеніміз, оның бір бүтін мәтінді фразаларға, синтагма, ырғақты топ, сөздерге бөлуі ғана болып қоймай, сонымен бірге интонацияның басқа компоненттерімен қосылып сөйлемдердің түрлі мазмұндық, эмоциялық т.б. қарым-қатынастарын анықтауға қатысуы деп айтуға болады. Сөйлеу тілінде интонацияның нағыз кідірісі мен *хезитациялық* вокалданған *кідірістер* кездеседі. Олар сөйлеушінің алдыңғы фразадан кейін келетін фразаны ойлауы үшін немесе ол фразаның нәтижесін байқауы үшін қажет. Осы орайда ғалымның пікірін келтіруге жән санадық. «*Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толады. Тіпті бірінің бір білмеген, я болмаса, бірінің тілі мұлде жоқ болған уақытта да, ыммен (хезитациялық кідіріс – З.Базарбаева) ылаждан түсінісуге болады. Оның үстіне, сөз-сөздің жігін дыбыс сазымен бірде айырып, бірде қосып айтқасын, сөздің орны жылжып кеткені де онша байқалмайды. Сөздің әні де басқа жағынан үқсас сөздерді айырып тұрады. Дұрыс айтылмаганын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады*».

Сөйлеу тілінде әуен, қарқын, үдемелік тағы басқа сол сияқты интонациялық компоненттер айтылатын ойды түсіндіру үшін, қандайлық үлкен қызмет атқарса, жазу тілінде тыныс белгілері сондайлық маңызды қызмет атқарады. Сондықтан, сөз түсінікті болу үшін тыныс белгілерін «жаза» да, «оқи» да білу керек. Тыныс белгілері мәтінді көріктендірумен бірге тек грамматикалық құрылышының көрсеткіштері ғана емес, сөйлеу тіліндегі интонациялық компоненттердің де көрсеткіштері бола алады. Мәтінді оқығанда тыныс белгілері әуеннің көтерілуі мен бәсендеуін, қарқынның өзгеруінің көрсеткіштері болып, мәтінді бөлшектерге бөліп, мүшелеп, мазмұнын түсіндіру үшін үлкен қызмет атқаратынын айта кету керек. Қ.Жұбанов айтқандай, «*жазылған сөздің бөлиек-бөлиегін және*

тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ».

Сонымен фонология мен интонологияға қатысты ғалымның ой-түжірымдамалары келесі ұрпаққа бағыт-бағдар беретіні айқын көрінеді. Қ.Жұбанов сегментті және суперсегментті фонологияның басында тұрган ХХ ғасырдың бірінші ширегінде әлемдік тіл білімінде фонетика мен фонологияның аражігі ажыратылып, дыбыстардың функционалдық ерекшеліктері зерттеле басталды. Фонема теориясының және интонация ілімінің негіздерін салған Ф. де Соссюр, Бодуэн де Куртэне, Н.С.Трубецкой, А.М.Пешковский, В.А.Богородицкий, Л.В.Щербальармен бірге Қ.Жұбанов қазақ тілтанымында да фонология мен интонология ілімдерінің ғылыми-теориялық негіздерін анықтап, А.Байтұрсынұлымен бірге қазақ тіл білімінің деңгейін әлемдік тіл білімінің деңгейіне көтерді. Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері лингвист ғалымдардың арасында жоғары бағаланып, қазақ тілтанымының сегментті және суперсегментті фонологиясы дамуында ерекше рөл атқарды және қазіргі заманғы фонетикалық еңбектерде жалғасын тапты.

Сонымен, Қ.Жұбановтың тілдің жалпы мәселелерін дыбыс жүйесімен байланыстыра айтқан пікірлерін төмендегіше топтап көрсетуге болады:

- тілді тарихи диалектикалық даму тұрғысынан зерттеуді ұсынады;
- әрбір тілді сол тілді иеленуші халықтың тарихымен тығыз байланыста қарастыруды міндеттейді;
- тілді туыстас тілдермен және басқа тілдердегі ерекшеліктермен де салыстыра зерттеу жолдарын көрсетеді;
- сөздің этимологиялық жағын тексеруде фонетика занылыштарын білуді талап етеді;
- тілді зерттеуде сол тілдің ішкі занылыштарын ескеру керектігін айтады;
- фонетика тарихын тілдің жалпы тарихымен байланысты қарастырады;
- тілдің фонетика, морфология, синтаксис сияқты т.б. салалары бір-бірінен бөлінбей, тығыз бірлікті зерттелуі қажеттігін ескертеді;
- қазақ тілінің тарихын жазба ескерткіштер арқылы ғана емес, қазақ тілінің өзін қолдана отырып зерттеудің тиімділігін айтады (29).

Тұптеп келгенде, Қ.Жұбанов еңбектерінде тілтанымың жалпы мәселелерімен қатар бөлек жеке бір дара салалар бойынша зерттеулерінің айрықша терендігі мен әр типті құрылымды тілдердің дереккөздерін мейлінше мол қамти алуы анық байқалады. Ғалымның осындағы терең де мол біліктілігі тілдік құбылыстарды жан-жақты және ауқымды түрде зерттеуге септігін тигізген. Ғалымның алуан қырлы шығармашылық қызметі, ұлан-ғайыр білімі мен жан-жақты ғылыми ойсаналылығы өзінен кейінгі болашақ тілші-ғалымдар бойында шығармашылық шабыт қалыптастыруға сарқылмас қайнар көз болар аса бай ғылыми мұра қалдыруға мүмкіндік бергені сөзсіз.

**«Сөз материалының түр сипаты»
(Қ.Жұбановтың морфология саласындағы еңбектері жайында)**

Грамматикалық ұғымдар мәселесі

Профессор Қ.Жұбанов тіл білімі (Қ.Жұбанов «тіл ғылымы» деген терминді қолданады) салаларының ішінде, әсіресе, грамматикаға үлкен мән берген. Қ.Жұбановтың грамматикалық зерттеулеріне көз жүгіртсек, ғалымның бұл саланы: 1) дыбыс жүйесі (фонетика), 2) сөз тұрпаты жүйесі (морфология), 3) сойлем жүйесі (синтаксис) деп бөліп қарастырганын көреміз. Фалым өзінің «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» грамматиканың жекелеген салалары туралы айтудан бұрын, жалпы «грамматика» терминінің мән мазмұнын, зерттеу объектісін, сонымен қатар оның құрамына нелер, қандай категориялар кіреді? деген мәселенің басын ашуды мақсат етеді. Бұл ретте әлемдік тіл білімінің тәжірибелерін, атап айтқанда, Марр, Шапиро, Пешковский, Петерсен, Фортунатов, Ф. де Соссюр т.б. ғалымдардың ойттұжырымдарына сүйене отырып, тілдің грамматика саласының құрамдас бөліктері туралы, яғни «грамматиканың қандай пәндерден құралатындығы жайлышы» әлемдік тіл біліміндегі үш бағытты атап көрсетеді. Олар:

1) *Грамматика морфология және синтаксис салаларынан тұрады деп танушылар.* Бұл бағытты ұстанушылар «форманы жүйелі түрде ұсынуши батыста Фердинанд де Соссюр, Ресейде академик Фортунатов болды, ал Петерсен, Пешковский – солардан өрбігендер». Қ.Жұбанов бұл бағытты ұстанушыларды «формашылдар» деп атайды;

2) *Грамматикаға фонетика саласын да қосып атаушылар.* Қ.Жұбанов бұл бағыттың өкілі ретінде Богородицкийдің («ұнді-европа тілдерінің ғалымы, грамматика мәселесінде психологизм ағымын қолдаушы») «Орыс тілінің жалпы курсы» деген кітабындағы: «Грамматика – тіл ілімінің бір тарауы. Ол үш тараудан (білімнен) құралады – фонетика, морфология, синтаксис», – деген пікірлерін көтірді. Фалым бұл бағытты ұстанушыларды «психологистер» деп атайды.

3) *Грамматиканы үш пәннен (морфология, синтаксис және лексикология) құралады деп танушылар.* Ф. де Соссюр «формашыл» бағыттың негізін қалағанмен, грамматика салаларын атауда «тіл қалпының ішіне тілдің сөздігі де кіретін болғандықтан, лексикологияны да грамматиканың бір тарауы деп атайды.

Проф. Қ.Жұбанов әлемдік тіл біліміндегі грамматиканың құрамдас бөліктері туралы бағыттарды осылайша жіктеп көрсетіп қана қоймай, олардың әрқайсысына өзіндік пікір-көзқарастарын білдіріп отырады. Мәселен, Ф. де Соссюрдің сөз өзгерту құбылыстарын синтаксис құбылыстарынан бөлек қарагысы келген тұжырымдарына қарсы батыл пікір айтады: «Ф. де Соссюр сөз өзгерту құбылыстарын синтаксис құбылысынан бөлек қарагысы келеді, бұл екеуін грамматиканың екі бөлімі дегісі келеді, демек, бұдан іс шықпайды, өйткені сөз өзгерту құбылыстары деген –

сintаксистің кәдесін өтегу үшін, бір сөзбен екінші сөзді байланыстыру үшін жұмсайтын тілдік амалдары ғана» (8, 83).

Қ.Жұбановтың өзіндік көзқарасы, ойы бар, батыл, қайсар, өр мінезді ғалым екендігін танытатын тағы бір факті – Шапироның грамматиканың құрамдас бөліктері туралы ойларына сынни пікір білдіруі. Ғалымның өз сөзімен айтқанда: «Шапиро – бірде магынашыл, бірде формашил. Шапиро грамматиканың құрамын формашилдарша түсіндіреді, оның қандай пән екендігіне келгенде, тілдің құрылышын қарайтын ғылым дейді, мұнысында фонетика болмай шыгады; материалсыз құрылыш бола ма?

Шапиро құрылыш теориясын Маррдан алған, бірақ нендей құрылыш екендігін өзі де түсінбеген, сондықтан дыбыстарды шыгарып тастаған; грамматика морфология мен синтаксистен құралады, бұган дыбыс кірмейді деген қисыны ол формашилдардан алған. Шапироның пайымдаулары жоғарыдағы ағымдардың біреуінікі де емес, өзінікі де емес, қойыртпақ» (8, 83).

Қ.Жұбанов Маррдың грамматика туралы айтқан пікірлерін келтіре отырып, лексика грамматикаға кірмейді деген тұжырым жасаған. «Олай дейтініміз – грамматика даяр нәрсені қарамайды, ал лексика – даяр материал. Тіл (өзіне керектің) даярын, даяр емесін біледі, сөз мүшелерін біледі, ал біз солардан құрап аламыз. Демек, лексика бұрыннан дербес сөз болып, даяр болып тұрған соң грамматикаға кірмейді. ...Грамматика сөз құраудың техникасын қарайды; сөз материалының түр сипатын қарайды» (8, 90).

Қ.Жұбанов фонетиканы да грамматикамен тығыз байланысты сала деп таныған. Ғалым грамматиканың құрамына морфология мен синтаксисті ғана кіргізетін ғылыми бағыттарды біле тұра, «фонетика дыбыстардың ұстасу амалын қарайды, демек, морфологияның міндеттін қарайды, фонетика синтаксисті де қарайды», – деп, өзінің «Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінде фонетиканы морфология, синтаксис мәселелерімен бірге қарастырған. Бұдан біз Қ.Жұбановтың жалпы грамматика мәселесіне екі тұрғыдан келгендігіне көз жеткіземіз, бірі тар ұғымда, грамматика – морфология және синтаксис салаларынан тұрады, кең ұғымда ол фонетиканы да қамтиды.

Қ.Жұбанов қандай да ғылыми пайымдауларын болсын шетел, орыс ғалымдарының еңбектеріне сүйеніп жасаған. Сонымен қатар әлемдік тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарға сын көзбен қарай отырып, қазақ тілінің материалдары негізінде өзіндік қорытынды жасаған.

Әлемдік тіл біліміндегі түрлі бағытта өрбіген ғылыми теорияларды қазақ тіліне елеп-екшеп әкелген. Олардың дұрыс-бұрысын саралап, нақты тілдік фактілерге сүйене отырып, тілдік құбылыстар табиғатын дәл таныған.

Қазіргі қазақ тіл білімінде де «грамматика» ұғымы Қ.Жұбанов ғылыми негізін қалаған бағытпен қалыптасты. Оған дәлел – академиялық грамматикалардың Қ.Жұбановтың ізімен кең ұғымда тіл білімінің фонетика саласын да қоса қамтуы. 1967 жылы жарық көрген академиялық грамматика

(32), сондай-ақ 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» (33) фонетика саласына қөлемді орын берілген.

Қ.Жұбанов «Грамматика нені қарайды, қандай пәндерден құралады» деген тақырыпта қазіргі тілдік жүйедегі жаңа ғылыми ұғымдар ретінде қарастырылып жүрген біраз дүниелерді атап кеткен. Солардың бірі – тілдегі *синтагма*, *парадигма* ұғымдары. Ф. де Соссюрдің *синтагма реті*, *ассоциация реті* деген ұғымдар туралы айтқан ой-пікірлерін талдаپ, «*синтагма* – құрау дегенді білдіреді. ...Морфемдерден бастап, сөйлеуге дейінгі элементтердің тізбегі *синтагма қатары* болып табылады», – деген тұжырым жасайды. Ал қазіргі грамматикалық категорияларға қатысты «*парадигма*» ұғымын «*ассоциация қатары*» деп атайды (8, 87).

Қ.Жұбанов грамматика мәселелері туралы ой-пайымдауларында грамматикалық мағынаның сөз таптарымен арақатынасына да көніл аударған. Сөз таптарының ортақ грамматикалық мағына арқылы топтастырылатынын дәл көрсеткен. Ғалымның өз сөзімен айтқанда, «*Грамматика бұл терминнің мәнісі түрлі сөздердің жақын-алыстығын тергей, әр тобына белгілі форма тағатын, сөздер ауыл-үй қонғанда, оларға тиісті орын сайлап беретін ғылым саласы дегенді білдіреді. Сөздің грамматикалық мағынасы дегеніміз – сөз бен сөздің арасындағы осы жуықтықты көрсететін жағы. Сондықтан сөз бен атапдан заттардың, құбылыстардың ұқсастығын осы грамматикадан білеміз. Мысалы, *темір*, *агаш* дегендер конкрет заттар, сөзде (тіл ішінде) бұл екеуі ылғи бірөңкей формаланады, сөйлем ішінде бірөңкей қалыпта болады, зат есімнің тонын киеді. Басқа сөз таптары да солай. Демек, грамматиканың арқасында сөздердің жақындығын да біліп отырмыз» (8, 91). Бұл ретте С.Исаевтың «морфология лексикология сияқты жеке сөздердің нақты мағыналарын, олардың қайdan шығып, қалай қалыптасқанын, функционалдық-стильдік сипаттарын емес, сөздердің жалпы қасиеттерін, ортақ қасиеттері арқылы сөздердің белгілі топ құрай алуы мен түрлену, тұлғалану жүйесін, соның нәтижесінде пайда болатын жалпы мән-мағыналарды топтап, категориялық ерекшеліктерін зерттеп, сипаттайды» немесе «грамматикалық мағына сөздердің бір-бірінен бөлмей ортақ қасиеттер арқылы біріктіретін жалпы мағыналары болып табылады» (34), – деуі Қ.Жұбановтың жоғарыдағы ғылыми тұжырымдарының заңды жалғасы іспеттес.*

Қазіргі тіл білімінің грамматика саласында тілдік құбылыстарды «тіл» (язық) және «сөйлеу» (речь) тұрғысынан бөліп қарастыру қажет деген ғылыми теория қолдау тауып отыр. «Тіл» – тілдік бірліктердің жүйеде тұрғандағы қалпын нысан етсе, тіл бірліктерінің қолданыстағы қалпы – «сөйлеуге» (речь) жатады. Қ.Жұбановтың «грамматика сөз құраудың техникасын қарайды» деген тұжырымынан ғалымның грамматика саласын – «сөз құраудың техникасын қарайтын» – сөйлеумен (речь) байланыстырғандығын байқаймыз. Сондай-ақ Қ.Жұбанов «Түбір мүшенің өзгешелігі» деген тақырыпшада сөзді – хабардың белгілі бір бітім бөлшегі деп атайды. «Ал хабарласу жеке сөздерден құралады. Сөзben берілген

хабардың өзгешелігі – мұнда зат пен оның сипатын айыра таңбалаймыз. Демек, түбір сөз – заттың не істің әр алуан түрін не зат пен істің сипатының түрлерін айырып көрсететін таңба (заттың тек өзін, сипаттың тек өзін ғана білдіреді), ал сөйлеу дегеніміз – белгілі бір заттың, істің, сипаттың аттарын белгілі тәртіппен тізіп, бірімен-бірі байланыстырып барып солар арқылы хабар беру», – деп жазады (8, 110).

Қ.Жұбанов сөз мағынасы екі түрлі болады: *негіздік мағына*, грамматикалық мағына деп көрсетеді. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздің лексикалық мағынасын «негіздік мағына» деген терминмен атайды. Ғалымның өз сөзімен көрсетсек: «*Сөздің атау ретіндегі мағынасын негіздік мағына дейміз*» (8, 106). Қазіргі қазақ тілі грамматикаларында Қ.Жұбанов салған ізben сөз мағынасы лексикалық және грамматикалық мағына болып тұрақталып қалды. Бұдан қазіргі қазақ тіл білімінде тұрақты қолданыс тапқан терминдердің біразының Қ.Жұбанов еңбектерінен бастама алатындығына көз жеткіземіз.

Жоғарыда сөз болған Қ.Жұбановтың грамматика саласына қатысты ой-тұжырымдары ғалымның «Грамматика нені қарайды, қандай пәндерден құралады?», «Грамматика деген не?», «Ф. де Соссюрдің тілге көзқарасы», «Марр және грамматика», «Грамматиканы кім, қалай жазған», «Сөздің негіздік мағынасы мен грамматикалық мағынасы» деген бөлімдерде көрініс тапқан.

Сөз тұлғалары

Проф. Қ.Жұбанов сөйлем ішіндегі сөздер турға және бұрма күйде тұрады дейді. Мұндағы *тура* күй дегені – сөздің түрленбеген түбір күйі де, *бұрма* күйі деп отырғаны – сөйлем ішіндегі сөздердің басқа сөздермен байланысу үшін жұрнақ, жалғаулар жалғанып, түрленуі. Ғалым сөздердің сөйлеу материалы екенін, сөздердің сөйлемде турға және бұрма күйлерде келіп бір-бірімен байланысатындығын, сол арқылы ғана аяқталған ойды білдіріп, сөйлем құрай алатындығын айтады. Сондай-ақ жеке сөздердің сөйлем ішінде байланысуына қосымшалардан басқа, «*сөз бен сөзді байланыстырып, қынының келтіретін сөздерді*» жалғауыштар деп атаған. Олар – да, мен, үшін, сайын сияқты сөздер. Олар бұрма күйде тұра алмайды, өйткені бұларға жалғау жалғанбайды деп, бұл сөздердің түрленбейтінін атап көрсеткен (8, 160).

Қ.Жұбановтың *жалғауыштар* деп атап отырғаны – қазіргі грамматикалардағы *шылау* сөз табы құрамындағы жалғаулық, *септеулік* шылаулар. Ғалым сол кездің өзінде-ақ сөйлем ішіндегі сөздердің қалпын, сөздердің түрленісін, олардың бір-бірімен байланысын көрегендікпен байымдап, зерделей алған және оларға тілдік бірліктердің табиғатына қарай нақты уәждік белгілеріне сүйене отырып, ұтымды терминдермен атаған.

Қ.Жұбановтың грамматика саласындағы ерекше жаңалықтарының бірі ретінде осы күнге дейін тұрақты қолданылып жүрген «сөздің тұлғасы» деген

терминге қатысты айтуға болады. Ғалым сөздің сыртқы көрінісін «сөздің тұлғасы» деп атаған, ал сөздің сыртқы тұлғасының түрленуін сөз тұлғасының түрленуі болады дейді. «Сөз тұлғасының түрленуі, я сөздің түпкі магынасына жаңа магына үстене ушін ғана керек; я болмаса, сол сөзді басқа бір сөзбен байланыстыру ушін қажет», – деп, жұрнақ пен жалғаулардың сөйлемдегі қызметін ажыратып көрсетеді. Қазіргі грамматикаларда қосымшалар осы функцияларына қарай *жұрнақтар* және *жалғаулар* деп бөлініп жүр.

Грамматика жайлы қазіргі зерттеулер мен оқулықтарда сөздер ең алдымен – жалаң және құрделі сөздер, жалаң сөздер – *түбір* және *тынды* сөз, ал құрделі сөздер – *біріккен*, *кіріккен*, *қос*, *тіркесті* сөздер болып бөлінсе, Қ.Жұбанов «сөз тұлғаларын алты арысқа» бөліп көрсетеді. Олар: *түбір сөз*, *қосымшалы сөз*, *кіріккен сөз*, *қиоулы сөз*, *қосар сөз*, *қосалқылы сөз*.

Қ.Жұбановтың қосымшалы сөздер – жұрнак, жалғаулар жалғанып жасалған тынды сөздер, ал кіріккен сөздер дегені – қазіргі күні қолданылып жүрген *біріккен* және *кіріккен* сөздер. Ғалым осы күні «қысқарған сөздер» деп аталатын сөздер тобын «қиоулы сөздер» деп атаған. Ал осы күнгі «*қос сөздер*» терминімен аталатын сөздер тобын «*қосар*» сөздер деп атап, оларды өз ішінде «тендес қосар», «сөздес қосар», «матаулы қосар», «тіркеулі қосар», «*қосақты қосар*» деп бес топқа жіктеген. Қос сөздер қазіргі грамматикаларда қосарлама қос сөз және қайталама қос сөздер болып қана жіктелетінін ескерсек, Қ.Жұбанов жіктемесінің қазіргі қос сөздер жіктемесінен көп өзгешеленетіндігіне көз жеткіземіз. Қазіргі грамматикалардағы қос сөздердің барлығы дерлік осы аталған екі топтың ішіне сыйыстырылған. Ал бірақ қос сөздердің жасалу жолдары, Қ.Жұбанов көрсеткендей, сан қырлы.

Қазір қазақ тіл білімінде күшайтпе буын тек сын есімнің шырай формасы арқылы туады деген көзқарас қалыптасқаны белгілі. Ал профессор Құдайберген Жұбанов сын есімнің шырай формалары білдіретін мағыналарды «*П*» дыбысынан басқа да дыбыстардың қайталануы арқылы жасала алатындығын айтады. Мысалы, *қаз-қатар* сөзінің тіркестік құрылсысын талдай келе, былай дейді: «Бұл жерден мен *қаз және қатар* деген сөзді *көріп тұрган жоқпын*. Мұнда *сан-сары*, *қып-қызыл* сияқты *қатар* сөзі *қаз* деген күшайткіш буынмен айтылған» (8, 84). Дәл осында сөздер қатарына ғалым *қаз-қалпы*, *тас-талқан*, *тым-тырыс*, *жым-жырт*, *қым-құыт* сияқты сөздерді жатқызады. Бұдан екі түрлі жаңалықты байқауға болады. Бірі – бұрын қос сөздердің күшайтпе буынын жасаушы дыбыс тек қана «*n*» деп танылатын болса, енді соған «*з*» (*қаз-қатар*, *қаз-қалпы* дегендегі), «*c*» (*тас-талқан* дегендегі) және «*m*» (*тым-тырыс*, *жым-жырт*, *қым-құат* дегендегі) дыбыстары да қосылады. Сөйтіп, күшайтпе буынды қос сөздер жасайтын дыбыстар біреу емес, *n*, *з*, *c*, *m* болып төрт дыбысқа жетеді. Екінші, күшайтпе буындар тек қана сын есім түбірлерден жасалады делініп келсе, енді зат есім (*қаз-қатар*, *қаз-қалпы*, *тым-тырыс* дегендегі *қатар*, *қалпы*, *тырыс*) түбірден де, еліктеуіш сөздер (*жым-жырт* дегендегі *жырт*)

түбірлерінен де, етістік (қым-құат дегендегі қу) түбірлерден де жасалатындығы айқындалады (8, 84).

Ал жоғарыдағы жіктемедегі ғалымның «қосалқылы сөз» деп атаған тілдік құбылыстар туралы белгілі ғалым Н.Оралбаева былай деп жазады: «Сөз тұлғаларының ішінде ерекше көзге түсетіні – қосалқылы сөз. Сөздің бұл тұлғасы қазіргі кезде де әлі толық танылып болған жоқ. Сөздер сөйлемде бірімен бірі байланысты қолданылатыны белгілі. Сөздердің бірімен-бірін байланыстыратын – жалғаулар мен көмекші сөздер. Сондықтан олар сөйлемде өзі қатысты сөзben бірге қаралуы керек. Осы зандылықты профессор Қ.Жұбанов сол кездің езінде (1936) жақсы түсініп, оны қосалқылы сөз тұлғасы арқылы көрсеткен. Қазіргі терминмен айтқанда, ол – аналитикалық форма. Қазақ тілінде сөздің аналитикалық формасы барығында дәлелденген, бірақ ол грамматикаларда нақтылық көрсетіліп жүрген жоқ. Тек категориялардың аналитикалық тәсілмен жасалуы деген тұрғыда ғана қазіргі грамматикалардан орын алып жүр. Профессор Қ.Жұбановтың тілдің табиғатын жақсы түсінуі, теориялық негізінің өте тереңдігі ғана қосалқы сөз формасын (аналитикалық форманы) тануға негіз болғаны сөзсіз» (35, 120).

Академик Р.Сыздық Қ.Жұбановтың біріккен сөздер мәселесіне қатысты ой-тұжырымдарына ерекше баға береді: «Осы күнгі біріккен сөздер деп жүрген категориямыз о бастан қын мәселенің бірі екенін байқаймыз. Қ.Жұбанов бұған «біріккен сөз» емес, «кіріккен сөз» деген терминді қолданады да, оның негізгі белгісі етіп, «бүгінде ішкі жігін жоғалтып, бірігіп кетуді» алады: *ашу+тас-тың ашулас, кун+жеуз (дуз)* дегенниң *күндіз, ай+йуз-дің аяз, бел+бау-дыңбелбеу* болып жымдастып кетуін мысалға келтіреді. Ал *жер май, бес жылдық* сияқтыларды Қ.Жұбанов әлі кірігіп жетпеген деп табады» (4, 38).

Демек, біріккен сөздердің межесін белгілеуде Қ.Жұбанов тұрақты және айқын принцип ұстаған: дыбыстық, морфемдік (түбірлік, қосымшалық) деформацияға (өзгеріске) ұшырағандар ғана біріккен болады екен де, қалғандары күрделі сөздер ғана болып табылады екен.

Проф. Қ.Жұбанов кіріккен сөздерге «*заңды түрде бірікпей, әлдеқалаі арасының жігі бітіп қалған қосындылар да, қолдан айыруға келетін, қосақтау түрі белгілі заңда негізділген формалар*», – деген анықтама береді. Ғалым А.Айғабылұлы бұл пікірді, келтірілген мысалдарды талдай келе, «ғалым бұл жерде кіріккен сөздердің заңсыз құбылыс деген екі нәрсенің бетін ашып отыр. Біріншіден, талғамалы, кей сөзде ғана кездесетін дара құбылыс болуын ескертсе, екіншіден, «жамал амал» болмағандықтан, грамматиканың нысаны бола алмайтынын көрсеткен» деген, ғалымның морфонологиялық құбылыстарды тани білгіндігін айтады (36, 88).

«Қазақ тілінде біріккен сөздің жасалуы туралы» деген бұрын жарияланбаған, архивтен табылған 7 беттік орыс тілінде жазылған этюдінде зерттеуші түбірлердің бірігуі туралы мәселеге тереңірек баруды ойластырады. Мұнда түбірлердің тіркесіп барып, бірігіп кету құбылысын

жалғыз қазақ тілінен емес, латын, орыс, неміс, ағылшын тілдерінен мол-мол мысалдар алғып, салыстыра зерттемек болады. Бірақ, өкінішке орай, бұл материал да, Қ.Жұбановтың көптеген құнды еңбектері сияқты, әрі аяқталмай, әрі автордың өз қолымен өндөлмей, «черновик» қуйінде қалып қойған. Әйтпесе жоғарғы аталған тілдердің бірқатарын жақсы менгерген ғалым осы тілдердегі көріністерді салыстыра зерттей отырып, түбірлер бірігуінің жалпы тілдік теориясын (зандылығын) айтқан болар еді» (4, 46).

Професор Б.Қасым ғалым еңбектерін талдай отырып: «Қазақ тіл білімінде күрделі сөзге тұңғыш ғылыми дәйектеме берген профессор Қ.Жұбанов болды. Ғалым күрделі сөздер қанша сөзден біріксе де, кіріксе де тұтас бір мағынаны білдіреді, бір ғана заттың атауы болатындығын айтады. Күрделі сөздердің мәртебесін анықтаудың теориялық та, практикалық та мәні зор екенін тани біліп, олардың жасалу зандылықтарын анықтау және оларды іштей сарапап бөлу мәселелерін сол кездің өзінде күн тәртібіне қоя білді. Алайда, осы өзекті мәселе әлі де шешімін тапты деу қыын. Ондай кемшілікті ғылыми еңбектерден де, оқулықтардан да, терминологиялық сөздіктерде де (екі тілді салалық сөздіктер) тіпті, құнделікті баспасөз, ақпарат құралдарынан да байқауға болады. Мәселен, *атажұрт*, *атақоныс*, *атамекен* т.б. күрделі сөздердің түсіндірме сөздікте, орфографиялық сөздікте, қунделікті баспасөз беттерінде әртүрлі берілуінің өзі – осы мәселеленің қыын да өзекті екендігіне дәлел. Қ.Жұбанов біріккен сөздерді екі топқа бөліп, түбір тұлғасын сақтап біріккен сөздер және дыбыстық өзгеріске ұшырап барып біріккен сөздер деп қарастырады. Ғалымның бұл айтқан пікірлері қазақ лингвистикасында сөзжасамның түрлі бағытта дамуына өз үлесін қосқаны анық. Әсіресе, сөзжасамның үлкен саласы күрделі сөздердің қалыптасуына, дамуына, оның зандылықтарының бір ізге түсуіне себебін тигізді», – деген қорытынды жасайды (21, 345).

Г.Қосымова Қ.Жұбановтың күрделі сөздерге қатысты ой-пайымдаулары туралы былай деп жазады: «Сөз тұлғаларының ең күрделі түрі – күрделі сөздер жайлы түсінік беріп, күрделі сөздердің іштей грамматикалық мағына тудыратын түрлері мен лексикалық мағына білдіретін түрлерінің өзара жігін айқындал берген уәжі аса білгірлікten туындаған. Мысалы, қос сөздер құрамындағы компоненттер қайталанып келгенде тек грамматикалық мағына ғана (көптік мағынасы) болады да, қосарланып жұмсалғанда лексикалық мағына болатынын ақыл көзімен анықтады» (37, 38).

Қазіргі қолданыстағы түбір сөздерді Қ.Жұбанов «түбір» не «түп бөлшек» деп атایмыз дейді. Ғалым «қосымшалы сөз» деген терминді тек туынды түбірлерге ғана қатысты қолданбаған. Жалғау жалғанған сөздерді де «қосымшалы сөз» терминімен атаған. Мысалы: «көлшік» те, «көлде» деген сөз де – қосымшалы сөздер. Алайда бұдан Қ.Жұбанов туынды сөздерді сөз формаларынан ажыратып көрсетпеген деген түсінік тумау керек. Бұған ғалымның «*түбір негізді – түп негіздейміз, үстелі негізді – туынды негіз*

деп атайды деп, түп негізге көл сөзін, туынды негізгі көлишік сөзін жатқызамыз» деген тұжырымдары дәлел.

Професор Қ.Жұбанов сөйлем мүшелерге бөлінетіні сияқты морфологиялық түрғыдан талданатынын көрсетіп, сөзді құрайтын түбір, қосымша, қосалқы үшеуін «сөз мүшелері» деп атайды. «Сөз тек түбір сөздің өзі болса, бір мүшелі болады. Кірікken сөз, қиуолы сөз, қосар сөз, қосымшалы сөз, қосалқылы сөздердің бірі болса, көп мүшелі болады». Эрі қарай ғалым түбір мен қосымшалы сөздердің айырмасын былайша көрсетеді: «Сөздің түп мағынасын беретін – түбір. Түбірсіз жерде сөз болмайды. Түбір бір өзі түршіп та, басқа мүшелерді ертіп алып та сөз бола береді. Түбірден басқа мүшелер өздігінен сөз бола алмайды, тек түбірге жамалып түршіп, түбір сөзді толықтыруға жарайды». Ғалым түбірді «түп мүше», ал қосымшалы және қосалқылы сөзді «жамау мүше» деп атап, оларға мысалдар келтіре отырып, ерекшеліктерін көрсетеді.

Ғалым қосымшалы сөздерді жалғаулы сөз және үстеулі сөз деп екіге бөледі де, «бір сөзді басқа бір сөзben қындастыру үшін жалғанатын қосымшаны – жалғау», «сөздің түп мағынасына үстеме мағына қосатын қосымшаны – үстеу» деп атаған. «Түбір сөзге жалғау қосылса жалғаулы сөз болады, түбір сөзге үстеу қосылса, үстеулі сөз болады», – дейді (8, 166).

Қазіргі грамматикалардан айырмашылығы – Қ.Жұбановтың жүрнақтарды «үстеу» деген терминмен атауында. Қазіргі ғылыми грамматикаларда, оқу құралдарында тұрақты қолданыс тапқан «жүрнақ» терминін Қ.Жұбановтың «үстеу» деп атауының себебі не деген сұрақ туындары сөзсіз. Шындығында, жүрнақтардың бір жартысы, яғни сөзжасайтын жүрнақтар жалғанған сөзінен басқа жаңа мағыналы сөз жасайды. Ал жүрнақтардың бір тобы жалғанған сөзіне лексика-грамматикалық мағынаға ғана үстейді, яғни сөз жасамайды. Мәселен, етіс, шырай жүрнақтары сияқты «модификациялық қосымшалар» (38). Ал жүрнақтардың үшінші тобы жалғанған түбірге тек таза грамматикалық мағынаға ғана жамайды. Олар – шак, рай сияқты қосымшалар. Демек, жалпы жүрнақтардың табиғатында лексикалық немесе грамматикалық мағына үстеушілік қызметі бар. Қ.Жұбанов жүрнақтардың осы ерекшелігіне қарай оларды «үстеу» деген терминмен атаған болу керек. Бұл термин қазіргі қолданыста сөз табына қатысты қолданылғанымен, Қ.Жұбановтың оларды тілдік табиғатына дәл келетін терминмен атағандығы дау тудырмайды.

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі морфология мәселесіне қатысты назар аудараптық тағы бір жаңалық – ғалымның өзі атап отырған жалғау мен үстеулердің түбір сөзге жалғану реті туралы ғылыми ойлары. Ғалым еңбегінен үзінді келтірейік: «Қазақ тілінде қосымшаның бәрі түбірдің соңғы жағынан жалғанады. ... Үстеу мен жалғаудың екеуі де жалғанса, үстеу бұрын келеді де, ең соңынан жалғау келеді. ... жалғау, көбінесе, бір сөзде біреу-ақ болады да, бір жалғаудың үстіне екінші жалғау жалғанбайды (Ғалым бұл жерде бір категорияға жататын жалғауларды айтЫп отыр, мысалы, септік жалғаулар үй - ге - нің болып жалғанбайды). Үстеу бірінің

устіне бірі жалғана береді де, бір сөзде біреуі ғана болмай, бірнешеуі бола береді. Мысалы, **ор - ақ - шы - лық** десек, бір сөздің өзінде **-ак**, **-ши**, **-лық** деген уш үстенеу болады. Үстенеу нешеу болса да түбір мен жалғаудың екі аралығында ғана болады да, жалғаудан кейін келмейді. Жалғау түбірге де, үстенеуге де жалғанады. ... 1) қосымша түбір сөзге тығызырақ байланысқан. Сондықтан, қосалқымен қабат келсе, түбір жасында қосымша тұрады да, қосалқы аяқта кетеді... 2) қосымшаның бәрі де түбірден соң ғана келеді; қосалқының ішінде түбірден бұрын келетіні де бар» (8, 166).

Қосымшалардың түбірге жалғану реті туралы мәселеде ғалымның көрегендікпен айтқан тағы бір ой-тұжырымдарын кездестіреміз. Бұл **-да**, **-де-** жатыс септігінен кейін **-ғы**, **-ғі** жүрнағының және **-дай**, **-дей** жүрнағынан кейін жалғаулардың жалғануына (нардайлары, үйдайлары) қатысты айтқан «ескертулерінде» айқын көрініс тапқан. Жатыс септігінен кейін жалғанатын **-ғы**, **-ғі** жүрнағының сөзжасамдық (формажасамдық) қызметі туралы қазіргі грамматикаларда даулы пікірлер бар. Басқа түркі тілдерінде, айталық, татар тілінде бұл **-дағы**, **-дегі** қосымшасы тіптен септік жалғауларының парадигмасында көрсетіліп жүр (39). Сол сияқты көптеген ғалымдар бұл жүрнақтың жалғаудан кейін келе алу қызметіне қарай «екі функциялы» (40), «көпфункциялы», «функциялық қосымша» (34) сияқты терминдермен атаған. Ал қазақ тілі оқулықтарында аталған жағдайда **-ғы**, **-ғі** жүрнағы сын есім тудырып түр деп көрсетіледі. А.Ысқақовтың жоғарғы оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «Есімдерден сын есім тудыратын өнімді жүрнақтар» деген тақырыпта **«-қы**, **-кі**, **-ғы**, **-ғі** жүрнағы арқылы кейбір зат есімдерден, есімдіктерден, үстенеулерден, сондай-ақ жатыс септік формасындағы сөздер мен әредік шығыс септіктегі сөздерден туынды сын есімдер жасалады», – делініп, *түпкі*, *ішкі*, *төргі* сияқты сөздермен қатар, *сөйлегендегі*, *орталықтагы*, *заводтагы* сияқты мысалдар келтіріледі (41, 172). Қазіргі кездері аталған жатыс септігіне жалғанатын **-ғы**, **-ғі** тұлғасы туралы жоғарыда татар ғалымдарының септік парадигмасында, басқа да зерттеушілердің екіжақты қызмет атқаратындығы, нақты айтқанда, жатыс септігінен кейін жалғанғанда **-ғы**, **-ғі** жүрнағының форма ғана тудырып, жаңа сын есім сөз жасамайтындығы туралы айтқан пікірлердің бар екендігін ескерсек, Қ.Жұбанов өз кезегінде сол қазақ грамматикаларының алғашқы жазылу кезеңдерінде-ақ осы құбылысты көрегендікпен байқап, бағамдай алғандығына қуә боламыз. Сонымен қатар ғалым қосымшалардың орын тәртібіне қатысты бөлікте сын есім тудырушы **-дай**, **-дей** жүрнағының көптік, тәуелдік, тіпті септік жалғауларынан кейін жалғанатындығын атап көрсетіп қана қоймай, оны татар ғалымдарының ізімен септік жалғауы деп танып, «тендес септік» қосымшасы деп те атайды (8). Түркі тілдерінде бұл қосымшаны П.М.Мелиоранский септік жалғауы ретінде таныған. Ол өз еңбегінде **-дай**, **-дей** қосымшасын «сравнительный падеж» деп атайды (42). Ал осындағы форма тудырушы қосымшалардан кейін жалғанатын **-ша**, **-ше** қосымшасын Қ.Жұбанов «мензес септік жалғауы» деп көрсетеді. Шындығында да жоғары оқу орындарында оқытылатын оқулықтар мен оқу

құралдарында, тіпті мектеп грамматикаларында сын есім тудыруши жүрнақ ретінде көрсетіліп жүрген -ғы, -ғі, -дай, -дей сияқты функционалды қосымшаларға қатысты өзгерістер енгізуіміз қажет. Қ.Жұбанов та осы жүрнақтардың басқа жүрнақтардан ерекшеленетіндігін жақсы аңғарған. Тіпті септік жалғаулары ретінде атауының да үлкен ғылыми мәні бар. Ғалымның бұл ғылыми ой-топшылаулары келешекте грамматика мәселесі бойынша жазылатын көптеген ғылыми жұмыстың өзегіне айналары сөзсіз.

-дай/-дей қосымшасының екі жақты тілдік табиғаты, яғни оның көпфункциялы болып келуі түркі тілдерінде осы мәселе жөнінде түрлі бағыттардың қалыптасуына әкелді. Өйткені функционалды қосымшалардың ішінде -дай/-дей қосымшасының семантикалық өрісі өте кең. Ол дәстүрлі грамматикаларда айтылып жүргендей сөзжасамдық жүрнақ бола тұра, түрлі сөйлеу жағдаяттарына қарай сөз түрлендіруші, яғни форма тудыруши жүрнақтар сияқты функцияларды игеріп, басқа сөзжасам жүрнақтарынан ерекше сипатқа ие болады. Мәселен, бұл қосымша тәуелдік жалғауынан кейін де жалғана алады (баламдай), тәуелдік формадан кейін де жалғана алады (баланікіндай), -дагы/-дегі формасынан кейін де жалғанады (баладағыдай), -ушы формасына да жалғанады (баруышыдай), болымсыз формадағы есімшеге де жалғана алады (бармагандай) т.б.

-дай/-дей қосымшасының осындай тілдік қолданысы оның жалпы жүрнақ па, шылау ма деген сұрақтардың тууына түрткі болған. Осыдан бұл форманың шығу тарихына деген қызығушылық туған. Дәстүрлі тіл біліміндегі осындай күрделі мәселелерді шешуде Қ.Жұбановтың да зор үлесі болды. Қ.Жұбанов -дай/-дей қосымшасын «тендес септік» деп атап қана қойған жоқ, осы тұжырымын дәлелдейтін тілдік деректер де берді.

Ғалым -дай/-дей қосымшасының шығу төркінін монғол тіліндегі «од-шегін», од-тегін» сөздерімен байланысты қарастырады. Бұл сөздердің түпкі мағынасы – «бала» ұғымы. *Кішкентай, тек, ұрпақ, тұқым, көбею* сөздерінің арасында табиғи байланыс бар деп есептеген. Қ.Жұбанов салыстыру мәнін білдіретін -дай/-дей қосымшасын, кішірейткіш мәнді білдіретін -тай/-тей, -шақ/-шек, -ша/-ше қосымшаларының шығу төркінін *шаган, тегін, шегін* сөздеріне балаған. Қазақ тіліндегі «бала-шаға» қос сөзінің құрамындағы «шаға» сынарын, сондай-ақ «шағын» (кішкентай) сөздерін аталмыш сөздерден өрбіген деп көрсетеді. Қысқасы, Қ.Жұбановтың пікірінше, -дай/-дей қосымшасының шығу төркіні – «род», «происхождение» мәнін білдіретін «тек» сөзі. «Екі функциялы аффикстер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған Қ.Шаяхметов те бұл қосымшаның шығу төркінін «род» мәніндегі «тек» сөзінен шыққан деген Қ.Жұбановтың пікірін келтіреді.

Ал жалпы жинақтап, топтастырғанымызда түркі тілдері бойынша осы қосымшаның шығу тарихына қатысты мынадай ой-топшылауларды жіктең көрсетуімізге болады:

1) -дай/-дей қосымшасы «род», «происхождение» мәніндегі «тек» сөзінен қосымшаға ауысқан (Қ.Жұбанов, Қ.Шаяхметов, Б.Сағындықұлы т.б.);

2) -дай/-дей қосымшасы «жұғыстыру», «тию» мәніндегі «тег» етістігінен қосымшаға ауысқан (Н.К.Дмитриев, С.Исаев т.б.);

3) -дай/-дей қосымшасы «равный», «часть поры» мәніндегі «тен/тeng» сын есім сөзден қосымшаға ауысқан (Ж.Дени, А.Н.Кононов т.б.);

4) -дай/-дей қосысшасы «сказать» мәніндегі «де» көмекші етістігінен қосымшаға ауысқан (Г.И.Рамstedt, Хартман, Банг т.б.).

Көріп отырғанымыздай, Қ.Жұбанов қана емес, бұл қосымшаның шығу тарихына қатысты пікір айтқан ғалымдар өте көп. Алайда Қ.Жұбановтың пікірі осы қосымша туралы пікір айтқан түрколог-ғалымдардан нақты тілдік дәйектемелерімен ерекшеленеді. А.Жаңабекованаң функционалды қосымшалар мәселесін арнайы зерттеген кандидаттық диссертациясында осы қосымшаның шығу төркіні туралы Қ.Жұбановтың -дай/-дей қосымшасы «род» мәніндегі «тек» сөзінен шыққан деген пікірін қуаттай отырып, мынадай пікір айтады: «Біздің ойымызша, «тег» етістігін қазақ тіліндегі «дейін, шейін» шылауларының арғы тегі деп топшылауға болады. Ал -дай/-дей қосымшасының шығу төркіні «тек» есім сөз болу керек. Өйткені көне түркі жазба ескерткіштер тілінде қазіргі «сияқты» септеулік шылауының орнына «тек», «текті» септеулігі актив қолданылған. Мысалы, *Тәңрі тек қаган* – небоподобный (всевышний) каган. Қ.Жұбановтың «тек», «ұрпақ», «бала», «тұқым» сөздерін сабактастыруының ғылыми негізі бар (43, 53).

Қ.Жұбанов тұбір мен қосымша мәселесінде олардың тарихына да ерекше зер салып отырады. Бұл мәселеге «Өлі қосымша», «Өлі тұбір», «Қосымшалардың тарихы», «Тұбірлердің құралу тарихы» деген тақырыптарда арнайы орын берілген.

Осы орайда бір айта кететін нәрсе – Қ.Жұбановтың тілдік фактілер ретроспективтік әдіспен зерттеуге байланысты айтқанда, қолданған «палеонтология» термині туралы. Үлкен совет энциклопедиялық сөздігінде палеонтология – негізінен биологиялық ғылым, бірақ ол геологиямен тығыз байланысты туған термин деп көрсетіліп, былай деп анықтама берілген: «Палеонтология – лингвистическая и вспомогательная историческая наука, использующая языковые данные для получения информации об истории носителей языков и их материальной духовной культуры в дописьменный период» (БСЭ).

Проф. Қ.Жұбановтың осы анықтамамен үндесіп жатқан «палеонтология» терминін тілге қатысты қолдану себебін оның мына пікірінен толық түсінуге болады: «*Таким образом язык представляет собою накопление всей предшествующей истории человечества, отдельные этапы которой напластовались по порядку последовательности своего развития земли, оставили свои следы в виде последовательных отложений, пластов легших друг на друга чем и дают они о себе знать историкам земли*» (8, 404-405). Әрі қарай автор тілге осылайша палеонтологиялық барлау жасаудың табиғильтік, зандалықтың дәлелдейді. Біріншіден, палеонтология негізгі зерттеу нысаны етіп тек жазба ескерткіштерін емес, жалпы сол тілдің өзіндік,

ауызекі сөздің (речь) тілдік фактілерін алады. Екіншіден, сол тілдің (қазақ тілінің) өзіндік ерекшеліктеріне, ішкі даму зандалықтарына сүйенеді.

Осы жерде айта кететін бір жайт – Қ.Жұбановтың «палеонтология» терминіне берген анықтамадан оның европоцентризмді құптамайтындығын аңғарамыз. Бұл ойымызды ғалымның өз сөзімен жеткізейік: «Палеонтологией называется лишь такое прослеживание на речевом материале путей развития языка особыми приемами, чуждыми традиционным приемам индоевропеистики, но исходящими из специфики, природы самого языка, – приемами, учитывающими исторические условия развития языка. ... При бесспорной ценности этих работ как материала, все же они по достоинству своему стоят несравненно ниже, чем последующие (в чем не сомневался и сам Н.Я.Марр), так как иная, открыто индоевропейская методология не могла не отразиться и на самом результате исследований, не могла не снизить качества, не уменьшить правдивость в восприятии и воспроизведении исследуемой языковой действительности».

Әрине, қазіргі тіл білімінде «палеонтология» термині қолданылмайды деуге болады. Иә, басқа балама, жаңа терминдер пайда болған. Бірақ әңгіме оның атында емес, затында десек, проф. Қ.Жұбановтың қазақ тілін тарихи зерттеу туралы бұл тұрғыдағы ойлары өз жалғасын қазіргі құнгі зерттеулерден тауып отыр (Ә.Т.Қайдаров, А.Ысқақов, М.Томанов, А.Ибатов т.б. еңбектерінде). Әсіреле, түркі тілдеріндегі агглютинативті құрылыштың тарихи дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі түбірдің күйі мен құрылымына қатысты жұмыстар палеонтологиялық зерттеуді қажет етеді, осы мәселелердің дұрыс шешілуіне көмектеседі.

Осылайша палеонтологиялық зерттеудің нәтижесінде анықталған түбірлердің көпшілігі дыбыстық тұлғасы ғана сақталып, мағынасы құнгірттенген, дербестігін жойған «өлі» түбірлерді тірілту үшін олардың өткен дәуірдегі тұлғалық, семантикалық қалыпқа келтіруді реконструкция деп атап жүрміз.

Проф. Қ.Жұбановтың С.Аманжоловтың «Қазақ тіліндегі флексивтіліктің элементтері» деген мақаласына жазба ескертпесінде ұят және ұял сөздеріндегі **-л** және **-м** формаларының флексивті формаларға тек сырттай ғана ұқсас, ал табиғаты агглютинативті деп дәлелдейді: «...В сущности же ұят и ұял – образования агглютинативные. Агглютинативная их природа затемнена лишь тем, что здесь корень, более того производная глагольная основа ~ неживой...». Немесе, тағы сол мақалада: «... Но ведь мертвые основы глаголов **курес** «бороться» и **жарыс** «состязаться в бегах» от которых, если отнять живой по сей день суффикс взаимного залога **-с** остаются не употребляющиеся самостоятельно части: **куре** и **жар**. Но не объявляем же после этого глаголы **курес** и **жарыс** образованиями флексивного порядка» (Примечания автора к статье С.Аманжолова «Элементы флексивности в казахском языке»).

Сонымен, Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасына сүйеніп, қазіргі тілімізде көптеген сөздерді шартты түрде *тұбірсөз* деп қараймыз. Шын мәнінде, олар – «өлі тұбірлер» мен қосымшадан тұратын туынды тұбірлер. Ол диахрондық зерттеудің нәтижесінде анықталады. Бұл орайда бұйрық рай формасындағы етістіктер ерекше назар аударады. Осы формадағы етістік тұбірлерді диахрондық тұрғыдан қарау бұл көзқарасты өзгертіп, олардың көбінің құрамынан сөз тудыруши қосымшаларды ажыратады. Бұл қосымшаларсыз ол тұбірлер жаңа сөз жасауға негіз бола алмайды. Демек, түркі сөздерінің байырғы тұбір морфемасы бір буынды болғанмен, аффиксацияның нәтижесінде оның көбінесе екі буындыға айналуы тұрақты құбылысқа айналған. Бірақ екі буынды тұбірлердің қалыптасуын беріде болған құбылыс деп қарауға болмайды. Түркі жазу ескерткіштерінің ішіндегі ең ежелгісі болып есептелеғін Енисей жазбаларын зерттеуші И.А.Батмановтың, орхон-енисей, ұйғыр ескерткіштерін зерттеген С.Е.Малов, В.М.Насилов, Г.Айдаровтардың пікірінше, осы жазбаларда екі буынды тұбірлер де белсенді қолданылған. Ал, осындай этимологизацияға ұшыраған екі буынды тұбір сөздерді талдаудың, олардың құрамындағы «өлі» тұбірлерді «тірілтудің» (реконструкция) жолдары мен тәсілдері қандай?

Біріншіден, тұбірдің ұзарып, ия морфологиялық элементтерінің кіріккенін анықтау үшін оның жалаң, ежелгі нұсқасын табу қажет. Оны ескі түрік ескерткіштерінің материалдарынан, ескі түркілік қасиетін көбірек сақтаған алтай, чуваш тілдерінен кездестіреміз. Мысалы, «Ескі түркі» сөздігіндегі *-са-* /санай/, *-қыд-* /қыдыр/, *-мақ-* /мақта/ т.б. деп қолданылған. Сол сияқты қазіргі алтай тілінде *ит:* /итер/, *-тоз-* /тозан/, *-тақ-* /тақыр/ т.б. Чуваш тілінде *-қай-* /қайт/, *-жал-* /жалын/ т.б. фактілер сақталған.

Осы сияқты ешқандай аффиксіз жеке сөз ретінде қолданылатын жалаң тұбірлердің саны ескерткіштерде (кейбір қазіргі тілдерде де) көп емес. Оған себеп – бұл жазбалардың өзі ежелгі уакытты бейнелеген ескерткіштер емес екендігі. Бұл ескерткіштердің зерттелуіне зор үлес қосқан ғалым С.Малов ең ежелгі деп саналатын Енисей жазбаларының өзін V ғасырға жатқызады. Мазмұны жағынан басқалармен салыстырғанда ең байырғы болып саналатын Орхон ескерткіштерінің өзі III ғасырға жатады. Қазіргі тіліміздегі бір буынды тұбірлер сол фонетикалық айырмашылығы болмаса, ескерткіштерде сол күйінде кездеседі. Мұның өзі тұбір сөздердің морфологиялық, фонетикалық, семантикалық ынғайдағы өзгерістері негізінен Енисей, Орхон, ұйғыр ескерткіштерінің жазылу кезеңіне дейін болғанын көрсетеді. Көбінесе ескерткіштер тілінде тұбір екі формасында да (еш аффиксіз қарапайым ежелгі формасы, аффикстер жалғанған жаңа формасы) берілген: *са – санау*, *сан –сан*, *сана – сану*, *ба – байлау*, *бан – байлан*, *е – ойлау*, *еғ – ой* т.б. Бұл екі форманың біразға шейін қатар қолданылғанын көрсетеді.

Екіншіден, осы орайда «өлі» тұбірлерді анықтаудан да оған жалғанған аффикстерді айыру әлдеқайда женілірек. Яғни мұндай тұбірлерді тек өздеріне ұқсас сөздердің құрылымы бойынша ортақ сөз тудыруши модельдерін салыстырып, теориялық жолмен ғана қалпына келтіруге болады.

Ол үшін кез келген модельді алғып, сол арқылы жасалған екі буынды тұбір құрамынан өзара ұқсас, текстес әрі мағыналас грамматикалық форманттарды тұбір мен тұлға жалғасқан жігінен формалды түрде болса да бөліп алуымыз керек. Мәселен, *-ыр*, *-ір* модель бойынша жасалған *айыр-*, *ауыр-*, *өсір-*, *жасыр-*, *кідір-*, *құтыр-*, *асыр-*, *қашыр-*, *бітір-*, *кешир-* деген екі буынды императив етістіктердің құрамынан осы грамматикалық форманттың өзін бөліп қарасақ, *ай-*, *ау-*, *ес-*, *жас-*, *кід-*, *құт-* тұбірлерінің де сөз тудыруды қатысып отырғанын көреміз. Айырмашылығы – бірінші топтағы тұбірлер жеке дара қолданылады да, екінші топтағылар – ондай дербестігінен айрылған, мағынасы біз үшін бүгіндегі түсініксіз элементтер.

Бұдан шығатын қорытынды: бір модель бойынша жасалатын императив етістіктердің құрамында дербес тұбірлерімен қатар, «өлі» тұбірлер де бір кезде дербес сөз болғандығынан дерек береді. Өйткені тіл диалектикасына сүйенсек, тілде оның кәдесіне жарамайтын бірде-бір тұбір, тұлға пайда болмаса керек.

Осыдан жарты ғасыр бұрын (1936) қазақ тілі тарихи грамматикасының негізін қалаушы проф. Қ.Жұбановтың мектеп мұғалімі Ж.Жолаевқа жазған хатына көз жүгіртейік. Ол 1958 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 2-ші нөмірінде жарияланған: «...Өлі қосымша, өлі тұбір *V* класқа ауыр согатын сияқты, – депсіз. Сенбеймін. Меніңше, бұларды оқытпасаң, ауыр согатын сияқты. *V* класқа тұбір мен қосымшаны оқытпасаң, бала тұрып, ұят, оян деген сөздердің тұбірі қайсысы деп сұраса, не дейсін? Ұят тұмас тұбір десең, ұял = болғанда, *-т*-ның орнына **оят** = болғанда *-т* келіп *-н*-ның орнын қалай алды демей ме? Сонда, ұят-тың тұбірі – «өлі» ұя; *-т* есім жасаушы /**кит**, **құрыт** сияқты/ «өлі» қосымша; **оят**=тың тұбірі – «өлі» **оя**; мұндағы *-тқарат*= дегендегі сияқты өзгелік етістің тірі қосымшасы деп шыныңды айтқан оңай емес *не?*» (8).

Осылайша, бүгінгі тіл ерекшеліктерін талдау үшін тарихқа сүйене отырып, реконструкция жасаудың (жанғыртудың) нақты тілдік дәйегін де көрсетіп береді. Осыған орай: «Тілді диалектикалық тұрғыдан зерттеу үшін тарихи принцип қажет. Себебі тілдің тарихын жасауга жазба ескерткіштердің материалы жеткіліксіз. Сондықтан сол кезге дейінгі бүкіл тарихты бойына сақтаған тілдік фактілерді зерттеу жөн», – (8, 15) деп те ескерtedі. Міне, ғалымның ой-пікірінің мәртебесі көтеріліп, жаңарып жатқан ана тіліміздің теориялық мәселелерін былай қойғанда, бүгінгі күн талабының практикалық мәнінің мазмұнымен сай келіп жатқанына қайран қаласын.

Осы қағидаға сай қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы құнғырттенген этномәдени атаулардың тұбірлері сол тұбірлермен текстес, тұлғалас және мағыналас элементтердің алдымен өз тілімізден (ішкі реконструкция) одан табылмаған жерде көне жазба ескерткіштер тілінен немесе туыстас түркі тілдері мен оның диалектілерінен (сыртқы реконструкция) іздестіру мақсатында көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді (Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева т.б. еңбектерінде).

Олай болса, осы күні тарихи грамматика мәселесінің ең бір өзекті, маңызды, күрделі мәселесі болып табылатын «өлі тұбірлер» туралы бастама сонау Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алғып, тек қазақ тіл білімі аясындағы ғана емес, түркітанудағы ең өзекті мәселенің бірі – *тұбір құрылымы* мәселесімен үндеседі. Осы орайдағы А.Н.Кононовтың (фузия құбылысы), Н.А.Басқаковтың (түркі тұбірінің дыбыстық құрылымы), А.М.Щербактың (тұбірдің бірбуындылығы), Э.В.Севортаянның (түркі тұбірінің гомогенділігі) т.б. еңбектеріндегі маңызды ғылыми тұжырымдардың профессор Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі топшылаулармен сабактастырын байқаймыз.

Соның ішінде нәтижелерінің мәні мен қолданыстық сипаты қазақ тіл білімінің шеңберінен әлдеқайда кең академик Ә.Қайдаров, М.Томанов, А.Ибатов, Е.Қажыбеков, Ж.Манкеевалардың нақты да мол деректерге сүйенген теориялық-әдістемелік жүйесін қазіргі түркітану деңгейінде жетілген, қазақ тілін зерттеудің терең де кешенді әдістемесі мен ғылыми-зерттеушілік идеясын ұсынған профессор Қ.Жұбановтың зерттеу үрдісінің жалғасы деп ұққан жөн.

Бүгінгі таңда бұл мәселенің кеңіп, жаңа деңгейде қаралып жүргенін профессор Б.Сағындықұлының (түркі тұбірін танудағы ішкі флексия құбылысы), профессор А.Салқынбай (тарихи сөзжасам жүйесі), профессор Н.И.Букетованың (түркі тұбірі мен неміс тіліндегі реликтілік құбылыс) зерттеулері айғақтайды.

Қарап отырсаныз, ғалым назарынан тыс қалған бірде-бір тілдік құбылыс жоқ. Мәселен, зат есімге қатысты Қ.Жұбановтың септік парадимасындағы ілік септеу мен табыс септеудің ашық түрі және жасырын түрі, сонымен қатар барыс септеу мен шығыс септеудің жалғаусыз, жасырын түрде кездесетін орындары деп көрсеткен тұстарының үлкен ғылыми мәні бар. Бұл тілдік құбылыс қазіргі грамматикаларда «нөлдік форма» терминімен аталып, Ы.Маманов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева, Ж.Балтабаева, А.Омарова еңбектерінде зерттелді. Қ.Жұбанов осы нөлдік форма ұғымының алғаш ғылыми негізін қалаған, осы тілдік құбылысты көрегендікпен байқаған деуге әбден болады. «Қ.Жұбанов еңбектеріндегі нөлдік форма мәселесін арнайы қарастырған Ж.Балтабаева «Профессор Қ.Жұбанов септік жалғауларының бірде ашық, бірде жасырын келуі туралы» атты мақаласында ғалым еңбектеріндегі осы мәселені кеңінен сөз етеді. «Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі септіктердің бірде ашық, бірде жасырын түрде келетіндігін арнайы қарастырмаса да, тілде сондай құбылыстың бар екендігіне назар аударған. Ғалымның ғылыми еңбектерінен септік жалғауларының сөзде ашық, жасырын қолданылу жайындағы пікірлерді кездестіруге болады. Мәселен, ғалым құрастырған «Қазақ тілінің програмында» бұл мәселе «зат есімнің септелуі» деген тақырыпта қамтылған. Мұнда атау септік «септеусіз атау есім» деп беріліп, ілік, табыс, шығыс септіктерінің қосымшалы да, қосымшасыз да келетіндігі «ілік септеу мен табыс септеудің ашық түрі мен жасырын түрі. Жасырын түрдегі ілік пен табыс септеуді ашып алу жолы. Ашық түр мен жасырын түрдің

мағынадағы айырмасы. Барыс септеу мен шығыс септеудің мағыналары. Бұлардың жалғаусыз, жасырын түрде кездесетін орындары» деп көрсетілген.

Бағдарламадағы бұл жолдардан ғалымның септік жалғауларының бірде ашық, бірде жасырын келуі деген тілдік құбылысқа мән бергенін байқай отырып, ғалымның ғылыми мұрасы болашақта зерттеу нысанына айналатын тіл фактілерін қамтығанына тәнті боламыз», – дейді Ж.Балтабаева (44, 105-108).

Ғалым септік жалғауларының тасаланып келуін сөз еткенде олардың қосымшасыз формада қолданулары бірдей дәрежеде болмайтындығын да ескерткен, яғни ілік, табыс септіктерінің тасалануы жиі де, қалған септіктерде сирек кездесетіндігін айтқан. Сондай-ақ проф. Қ.Жұбанов септік жалғауларының түсірілетін орындарының бірі бірыңғай мүшелер екендігін, яғни қосымша бірыңғай мүшелердің соңғысына жалғанатынын нақты мысалдармен көрсеткен: *Ай мен күннің аманында. Балтабай, Қарпық, Маман, Салпықтардан улгі алған*. Ғалым септік жалғауларының тасаланып келетін орындарының біріне көркем шығарма тілін де жатқызған: *Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырса деп едім. Еңсели биік орда еріксіз кірсем деп едім. Қан сарқыты сары май еріксіз жесем деп едім*. Ғалым көрсетіп отырған бірыңғай мүшелер мен көркем шығарма, оның ішінде поэзия тілінде септік жалғауларының жиі түсірілетіндігі септіктердің қосымшасыз қолданылуының бір жолы ретінде кейінгі зерттеулерде статистикалық талдаулар арқылы дәлелденді», – дей келіп, Ж.Балтабаева өз сөзін: «Септік жалғауларының бірде ашық, бірде жасырын келуі деген мәселе де профессор Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алған деп санаймыз», – деп қорытады (44, 105-108).

Сөз таптары мәселелері

Қ.Жұбановтың морфология саласы бойынша жазған ғылыми ой-тұжырымдарының сүбелі бөлігі *сөз таптарына* арналған. Профессор Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру принциптерін айқындау ісімен тікелей айналыспаса да, грамматикаға қатысты түрлі еңбектерінен, орта мектептерге арнап жазған оқулығы мен бағдарламасынан бұл мәселенің де ғалым назарынан тыс қалмағанын көреміз. «Жанғазыға хатында» ғалым сөз таптастыру принциптері туралы өз пікірін қысқаша түрде барынша нақты, тұжырымды жеткізеді.

Профессор Қ.Жұбанов сөздерді таптастыру қағидатына қатысты маңызды пікірлерді алғаш рет былайша қозғайды: «*Біздің тілімізде 3 түрлі өлиеуді қабат алып отырған дұрыс. Үшеуінің бірдей сынына толса, сонда гана бұл пәлендей сөз табы деуіміз керек. Ол үшеудің бірі – мағына, екіншісі – морфология, үшіншісі – синтаксис*» (8, 140), – деп, бүгінгі күні қазақ тіл білімінде орнықкан сөз таптастырудың үш принципін атап көрсетеді. Сонымен қатар ғалым «жаксы сөзі бір-ақ түрлі сөз табы бола алады да, бір

өзі екі бірдей тапқа жата алмайды», – дей отырып, бір сөздің бір ғана сөз табына қатысты болатынын да алғаш рет дәлелдеген.

«Жалғыз мәнмен мәселе шешілмейді. Бұл – тіл, логика емес. Сөз табын ашу үшін әр тілдің өзінде әр мағына қалай формаланған? Осыны тиек қылу керек», – деп, профессор Қ.Жұбанов сөздерді таптастырудың семантикалық қағидатымен қатар морфологиялық принциптің маңызды екендігін дөп басып айта білген. Сөздерді таптастырудагы бұл пікірлер сонау XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы тіл біліндегі тұнғыш концепциялардың ілгері басқандығы болатын.

Ғалымның сөз таптарын топтастырған класификациясы қазіргі сөз таптарының жіктемесінен терминдік жағынан өзгешелеу. Ғалым алдымен сөздерді *мүшелі* және *мүшесіз* деп екі топқа жіктеп алады. *Мүшелі* деп атаған бөлікті *түбір* және *шылау* деп бөліп, одағайды *мүшесіз* деген тармақта көрсетеді. А.Ысқақовтың жоғарғы оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында сөз таптары: *атауыш сөздер, көмекші сөздер* және *одағайлар* болып жіктелген. Салыстырып қарайтын болсақ, Қ.Жұбанов класификациясында қолданылған *мүшелі* және *мүшесіз* деп аталған терминдердің одағай сөздердің басқа сөз таптарынан ерекшеленуіне қатысты алынғаны байқалады. Ал А.Ысқақов сөз таптарының жіктемесінде *одағай* деп өз атымен ғана атап, оны атауыш сөздер мен көмекші сөздерден бөліп көрсетеді. Одағай сөздер басқа сөз таптарынан құрам-құрылышы жағынан ерекшеленіп, оқшау сөздердің қатарында қарастырылады. Осы түрғыдан алғанда Қ.Жұбановтың оны «мүшесіз» деп атап, жеке топ етіп көрсетуінің үлкен мәні бар. (Өйткені басқа сөз таптары топтастырылғанда өз атымен аталмайды фой).

Сонымен қатар Қ.Жұбанов түбір сөздерді *есім* және *етістік* деп жіктеп, *есім* сөздерге *зат есім, сын есім, сан есіммен* қатар, қазіргі терминдерімізден өзгеше, *мезгіл-мекен есімдер* және *орынбасар* деп аталатын сөз табын атаған. Ғалымның *мезгіл-мекен есім* деп отырғаны – қазіргі *устеу* сөз табы. Қ.Жұбанов *устеу* деген терминді қазіргі *жұрнақ* терминінің орнына қолданған. Ал *орынбасар есім* деп отырғаны – қазіргі *есімдік* сөз табы. Ғалым бұл сөздерге ат қоюда да олардың басқа *есім* сөздердің орына қолданыла алатын тілдік ерекшелігіне сүйеніп, оны осы терминнің уәждік белгісі ретінде алып, *орынбасар есімдер* деп атаған.

Бұл айтылғандардан Қ.Жұбанов атап көрсеткен терминдер қазіргі грамматикаларда тап солай аталмағанмен, ғалымның тілдің грамматикалық жүйесіне қатысты ойлары мен жасаған класификацияларының тілдің табиғи сипатымен сабактасып жатқандығын көреміз.

«Қ.Жұбанов және қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру принциптері» атты мақаласында зерттеуші С.Мұхтаров ғалымның сөз таптарын жіктеуге қатысты ойлары туралы тұжырымды пікір айтқан: «Ғалымның қазақ тіліндегі сөздерді алдымен түбір, шылау, одағай деп бір деңгейде үлкен үш топқа бөлуінен жалпы тіл білімі тарихындағы сонау Платон, Аристотель заманында Александрия грамматистері жалғастырған, одан Еуропаға тарап, түркологтар

қолданған, кейін қазақ тілін зерттеушілер де пайдаланған дәстүрлі сөз таптастырудың ықпалы көрінеді. Қ.Жұбановтың осы жіктеуін кейіннен қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру принциптерін докторлық диссертациясының бір бөлімінде арнайы қараған А.Ысқақов та *атауыш сөздер, көмекші сөздер, одагай сөздер* деп ішінара өзгеріспен қолданады.

Професор Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі сөздерді таптастыруда бірінші орынға мағыналық (семантикалық) принципті қоюы да бүгінгі күні өзін ақтап отыр. Жоғарыда аталған үш принциптің әр тіл үшін шешушісі түрліше болып келетініне сәйкес, қазақ тілі үшін семантикалық принциптің маңызы ерекше екендігіне бүгінгі күні тіл білімінің жеткен жемісі тұрғысынан қазір көз жеткізіп отырмыз. ... Морфологияның ең өзекті мәселесі болып табылатын тілдегі сөздерді таптастыру принциптерін айқындау секілді күрделі мәселеде өзіндік пікір айтып, соны жол салудың сол кез үшін маңызы өте үлкен болуымен қатар, өзіндік қындығы да бар болатын. Осы маңызды міндетті профессор Қ.Жұбанов өзінің тума талант дарыны мен терең білімі арқасында ойдағыдай атқарып шықты. Бүгінгі күні қазақ тіл біліміндегі сөздерді таптастырудың орнықкан үш принципі – лексика-грамматикалық немесе семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптері кезінде Қ.Жұбановтың бұл мәселенің басын ашып беруінен тікелей бастау алады. Сондықтан ғалымды қазақ тіл білімінде сөз таптастыру принциптерін айқындау ісінде ғылыми негіз салушы деп тануымыз қажет» (45, 131-134).

Проф. Қ.Жұбанов зат есім мен сын есімдердің әлі де болса толық дараланып болмаған сөздер екендігін жақсы байқаған. «Ескерту: Сөз таптарының бір-бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар: **ағаш, темір сияқтылар** – зат есім болып, **жасы, ұзын сияқтылар** – тек сын есім болып, шекараларын түгел ашып болған таптар. Енді бұлардай емес, зат есім мен сын есімге ортақ, шөре-шөре есімдер де (әрі зат есім, әрі сын есім болатын) бар. Мысалы, **бала, жас, жарық, сұлу, бай, батыр, жарлы, кедей** т.б. Бұлар – әрі зат есім, әрі сын есім. Сондықтан **жасырақ, ұзынырақ** сияқты, **баларақ, жап-жас, жап-жарық, байырақ, батырырақ, жарлырақ, кедейірек** т.т. бола алады. Таза зат есімге бұл мүмкін емес: **темірірек, агаширақ** болмайды».

Сын есімдерге қатысты тың мәселелер ғалым назарынан тыс қалмаған. Профессор Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі барлық сын есімдердің белгілі бір жағдайларда заттануға қабілетті екендігін, сонымен қатар сын есімдік те, зат есімдік те қызмет атқара алатын кейбір есімдердің болатындығын ақыл-пайымына сай көрегендікпен айттып кеткен. Сонымен қатар ғалымның сын есімдердің септеліп, тәуелденуі сияқты ойларын қазіргі субстантивтену құбылысының алғашқы нышандары ретінде тануға болады.

Сын есімнің шырайлары туралы да ғалым тың ойлар айтқан. Нактырақ көрсетсек, Қ.Жұбанов шырайлардың мынадай түрлерін атайды:

1) жай шырай;

2) араластырмалы шырай (бірі тұра күйде, бірі шығыс жалғаулы күйде болады);

3) салыстырмалы шағын шырай (-рак, -рек, -леу);

4) жалаң шағын шырай (қызыгылт, қаралтым, көтеріңкі, созылыңқы);

5) таңдаулы шырай (өте қысқа, қып-қысқа, ұзын-ақ);

6) орта шырай (бір қос, бірсыныра, бірқатар, бір жөн, едәуір) (8, 382).

«К.Жұбанов А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанов, Қ.Кеменгерұлы еңбектеріндегі шырай түрлерін жасалу жолдарына қарай сарапай түскені байқалады. Мәселен, салыстырмалы шырай ретінде танылып келген **-рак/-рек** жүрнағының қатысуымен немесе оның жасырын келуімен, шығыс септігінің қатысуы арқылы жасалған түрін (*білімге кедей – білімге кедейрек, малға бай – малға байырак*) К.Жұбанов салыстырмалы шағын шырай, кесімді-араластырмалы шырай деп жеке-жеке топтарға бөледі. А.Байтұрсынұлы талғау шырайдың сын есімнің *көп* сөзімен тіркесуі арқылы жасала алатынан айтса, Қ.Жұбанов *бір қос, бірсыныра, бірқатар, бір жөн, бір дәуір, едәуір* сөздерінің қатысуымен жасалған шырайды *орталық шырай* деп бөлек береді.

Бұғынгі танда салыстырмалы шырай көрсеткіштері ретінде танылып жүрген **-лау/-леу** жүрнағы Н.Ильминский, М.Терентьев, П.Мелиоранский, Н.Созонтов, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанов, Қ.Кеменгерұлы еңбектерінде шырай қатарында берілмеген. Салыстырмалы шырайдың **-рак/-рек** қосымшасымен қатар **-лау/-леу** жүрнағы арқылы да жасалынатынын алғаш көрсеткен ғалым – Қ.Жұбанов. Ғалымның ойлары кейінгі грамматикалар мен оқулықтарда сабактастық тапқан. И.Кеңесбаев, С.Аманжолов. Ф.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде де салыстырмалы шырай көрсеткіштері ретінде **-рак/-рек** жүрнақтарымен бірге **-лау/-леу** қосымшасы да беріледі.

Қ.Жұбанов өзіне дейінгі еңбектерде сөз тудыруши қосымшалар ретінде танылып жүрген **-ғыл, -ғылт(-ым), -шыл, -ша** т.б. жүрнақтары мен **-ақ** демеулігін де шырай көрсеткіштері ретінде келтіреді.

-ақ демеулігін таңдаулы шырай көрсеткіші деп тануы жағынан да И.Кеңесбаев, С.Аманжолов еңбектері мен Қ.Жұбанов тұжырымдары өзара сабактас. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кеменгерұлы еңбектерінде бұл демеулік шырай көрсеткіштері қатарында берілмейді. Бұл орайда ғалымдар **-ақ** демеулігінің үнемі таңдаулы шырай мәнінде қолданыла алмайтынын, кейде шектеу (*өзи-ақ, жалғыз-ақ*) мәнінде де т.б. жұмсалатынын, кез келген сын есімге тіркесе алмайтынын ескерген болуы керек. Қ.Жұбанов 6 түрлі шырайды көрсетсе, С.Аманжолов, И.Кеңесбаев, Ф.Бегалиев, Н.Сауранбаев 3 түрлі шырайды көрсетеді.

С.Е.Малов ұйғыр жазбаларында, Манихей ескерткіштерінде **-рак/-рек** грамматикалық көрсеткіші кездесетінін айтса, М.Томанов **-рак/-рек** және **-лау/-леу** жүрнақтарының бір негізден өрбігенін, яғни **l>r, y>k** дыбыстық сәйкестігінің нәтижесінде негіз екі түрлі жүрнаққа жарылғанын көрсетеді. Н.Ильминский де **-лау/-леу** жүрнағы қазақ тіліне ғана тән екендігін айтады. Бұл пікірді Ғ.Мұсабаев та қуаттайды. Ендеше, **-лау/-леу** жүрнағы о баста -

рак/-рек жүрнағынан тарағанымен, кейіннен екі жүрнақтың да сақталып қалғанын көреміз.

Осы күнгі грамматикаларда шырай түрлері соңғы кездері үш не екі түрде ғана атальп жүр. Қазақ тіл білімінде салғастырмалы аспектіден «Сын дәрежесі категориясын» арнайы қарастырған Қ.Рысалды шырайдың түрлерін функционалды түрғыдан бірнеше мағыналық топқа жіктейді. Сын дәрежесінің салғастыру немесе салғастырусыз жағдайында айқындалуын басты ұстаным етіп алғып, шырайдың қазақ тіліндегі екі субпарадигмасын береді. Олар:

1) *Шырай категориясының қазақ тіліндегі бір субпарадигмасы:*

Тендік шырай – (*сендей*) күшті;

Салыстырмалы шырай – (*сенен*) күшті;

Асырмалы шырай – (*олардың іштеріндегі*) ең күштісі.

2) *Екінши субпарадигмасы:*

Жай шырай – *кіши, үлкен*;

Бәсендік шырай – *кішілеу, қызығылт, қартап*;

Күшейтпелі шырай – *өте, аса, тым, күшті* (46, 80).

Қазіргі тіл білімінің дамуы тіл бірліктерінің барлық деңгейді қамтитын кешенді мағыналық құрылымын айқындауды мақсат етіп отыр. Осы түрғыдан, Қ.Жұбановтың шырай түрлерін семантикалық реңктеріне қарай бөлшектеп, саралып, жіктеп көрсетуі бүтінгі лингвистикадағы жаңа ғылыми парадигманың сұраныстарына толық жауап берген болар еді.

Бүтінгі ғылыми грамматикаларда атальп жүрген **сан есім** түрлерінің барлығы дерлік Қ.Жұбанов еңбегінде де белгілі бір дәрежеде көрініс тапқан. Мәселен, ғалым топтау сан есімін арнайы көрсетпегенімен, жеті санына дейін -*ay*, -*ey* жүрнақтарының жалғана алатынын айтады. Болжалдық сан есім түрін көрсетпегенімен, реттік сандардың болжал түрлері деген тармақта олардың жасалу жолдарын толығымен сипаттап шықсан.

Қ.Жұбанов сан есім сөз табына қатысты реттік, есептік, жинақтау және бөлшектік сан есімдерді атайды да, реттік сан есімдерді өз ішінен *тең үлес түрі* (екі-екіден т.б.); *болжал түрі* (бес-он; бестер, он шақты т.с.с.) деп жіктейді.

Кейіннен ғалым еңбектерін басшылыққа ала отырып, И.Кеңесбаев, С.Аманжолов сол кезге дейін танылып жүрген төрт түрлі сан есім тобына (есептік, реттік, бөлшектік, жинақтау) топтау және болжалды сан есімдерін енгізіп, сан есімді 6-ға бөледі. Осы кезден бастап сан есімнің 6 түрлі мағыналық тобы танылып, бұл қазіргі қазақ тілінде де сабактастық тауып келеді. Соның нәтижесінде «Современный казахский язык» (1962), «Қазақ тілінің грамматикасы» (1967), А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» (1972) т.б. еңбектер мен мектеп оқулықтарында болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылуда.

Сондай-ақ зат есімнің *белгілі түрі*, *белгісіз түрі* деген терминдерді де қолданған. Белгісіз түрінде зат есімдерге *бір сөзінің* жалғанатынын айтады. Қ.Жұбанов көрсеткен белгілілік, белгісіздікке қатысты мәселе бүтінгі күні

функционалды-семантикалық белгілілік-белгісіздік категориясының зерттелуіне де бастама болды деп айта аламыз.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кеменгерұлы есімдіктерді жіктеуде белгілілік/белгісіздік оппозициясын негізге алған, яғни жеке адамды немесе топты көрсетсе – *шектеу* (А.Байтұрсынұлы), *анықтау* есімдігі (Қ.Кеменгерұлы), нәрсенің жоқтығын, белгілі еместігін немесе түгел еместігін білдірсе – *танықтық* (А.Байтұрсынұлы), *танықтау есімдігі* деп атаған. Екінші сөзben айтқанда, бүгінгі таңдағы өздік есімдігі, жалпылау есімдігі деп танылып жүрген есімдіктердің басын қосып, *шектеу, анықтау есімдігі* деп атайды да, белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін *танықтық, танықтау есімдігі* деп атаған. Кейінгі зерттеушілер анықтау, танықтау есімдіктерін ұсақ бөлшектерге жіктеуге тырысқан. Яғни А.Байтұрсынұлы, Қ.Кеменгерұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (*ешкім, ештеңе, ешибір*), анық белгілі еместігін, (*әлдекім, әлдене*) немесе түгел еместігін (*кейбір, қайсыбір*) білдіретіні сөз болса, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ф.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер – болымсыздық есімдіктері, анық белгілі еместігін білдірсе, белгісіздік есімдіктері, түгел еместігін білдірсе, алалау есімдіктері деп аталау, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен.

Қ.Жұбанов сөз таптары топтамасында түбір тапқа жоғарыдағы есімдерден кейін **етістіктерді** атаған. Етістік түбірін екіге бөледі: «таза түрі» (*окы, жаз*), «келімсек түрі» (*ойн-a, сарға-й, адам-сы*). Бұл қазіргі грамматикаларда *негізгі түбір* және *туынды түбір* деген терминдермен аталған. Осы тарауда ғалым етістіктің болымды, болымсыз түрлері туралы, сонымен қатар «етістіктің түп негізі мен болымсыздық түрлеуішінің арасына сыйыса алатын ұстеулер – *етіс ұстеулері* деп, етістің жеті түрі барын атады. Оған қазіргі құні *салт* және *сабақты* *етістік* деп атап жүргендерді түпнегіздің етістері деп көрсетеді. Мысалы, *салт* *етіс* (*жүр, ұйықта*) – табыс септеулі сөзді жетектемейтіндер; *сабақты* *етіс* (*жаз, ұр*) – табыс септеулі сөзді жетектейтіндер.

А.Байтұрсынұлы етістің 10 түрін (өздік (-**н**), ырықсыз (-**л**), ортақ (-**с**), *салт, сабақты, беделді (-дыр)*, өзгелік (-**ғыз**), шығыс (-**стыр**), өсіңкі (-**қыла**), дүркінді (-**ңқыра**)) көрсетсе, Қ.Кеменгерұлы 6 түрін (өздік (-**н**), ырықсыз (-**л**), ортақ (-**с**), *салт, сабақты (-т, -ыр, -дыр, -қыз)*, беделді (-**т, -ыр, -дыр, -қыз**), Қ.Жұбанов 7 түрін(салт (табыс жалғаулы сөзді жіктемейтіндер), *салт* *етіс* (*жаз, ұр*) – табыс септеулі сөзді жетектейтіндер), өздік (-**н**), ырықсыз (-**л**), ортақ (-**с**), өзгелік (-**ғыз, -тыр, -ыт, -ар**), өсіңкі -**ңқыра**) көрсетеді (47).

А.Байтұрсынұлы жіктеуіндегі беделді және өзгелік *етісті* Қ.Жұбанов жинақтап, өзгелік *етіс* түрінде беріп, мұның себебін былайша түсіндіреді: «Бұрынғы өзгелік *етіс* пен беделді *етісті* екеуін бір қостық. Үйткені екеуі де – өзге біреу арқылы істелетін *іс*. Өзге біреуге беделіңді *саласың* ба, қорқытасың ба – бәрібір. Тіл мұнысын *айырмайды*». Ал өсіңкі етісті *етіс* түрлерінің қатарында беруінің себебін, сүйенер дәйегін де атап көрсеткен.

«Өсіңкі етіс магынасы жағынан етіс емес, сонда да құрылышы жағынан (етіс үстендері сияқты мұның үстене түбір мен ма-ның аралығына тығылдырын болғандықтан) етіске ұқсас болғандықтан, жетінші етіске мұны да санаудық», – дейді (8, 382). Бұл айтылғандардан Қ.Жұбановтың тілдік топтарды, категорияларды айқындауда олардың семантикалықтарына ғана емес, формальды белгілеріне де ерекше назар аударып, дәйекті, дәлелді тұжырымдар жасағандығына куә боламыз.

Осы жерде айта кететін нәрсе – **-нқыра/-нкіре** жүрнақтарын Н.И.Ильминский «уменьшительная форма» деп атаса, «Грамматика киргизского языка» деген кітапта ол күштейткіш етіс («усилительный залог») көрсеткіштері ретінде берілген.

Проф. Қ.Жұбанов етіс түрі ретінде көрсеткен «дүркінді етіс» түрін де етіс қатарынан алғып тастайды. Мұның себебін дүркінді етіс тұлғасы **-ғыла/-гіле** жүрнағы барлық етістік түбіріне жаппай жалғана алмауымен түсіндіреді. «Бұрынғы дүркінді етіс (*ат-қыла, шап-қыла*) дегенді де шығарып тастадық. Үйткені, бұл бірді-екілі түбірде ғана болады да, етістік түбірдің бәріне бірдей жарамайды, мысалы, *окығыла, естігіле* деп айтпаймыз. Бірінде деген (*тепкіле* сияқты) сөзге болса, соны етіс деуге болмайды. Шынында *тепкіле* деген *теп-кі* деген есімге **-ле** үстене жамалып жасалған түр» (8, 384).

Демек, ғалым **-нқыра/-нкіре** мен **-ғыла/-гіле** жүрнақтарының семантикалық жағынан ұқсас болғанымен, түбірге жалғану мүмкіндігі жағынан бірдей еместігін таныған, яғни **-нқыра/-нкіре** жүрнағының етістік түбіріне жаппай жалғана алуы, ал **-ғыла/-гіле** жүрнағының етістік түбіріне талғап жалғануы ғалымның оларды екі бөлек категорияға бөліп қарастыруына негіз болған. Ғалымның аталған қосымшаларды етіс жүрнақтарына жатқызу-жатқызбауына байланысты айтқан тұжырымдары бүгінде жалпы сөзжасам мен формажасамның (морфология) арасын ажырататын негізгі критерийлер ретінде қалыптасып отыр. Сондай-ақ Қ.Жұбанов атап көрсеткен бұл жүрнақтар осы құнгі грамматикаларда «сыпат» категориясы ретінде, ал функционалды грамматикада аспектуалды семантиканы жасайтын негізгі тілдік құралдар ретінде қарастырылуда.

Етіс мәселесінде Қ.Жұбанов ой саларлық басқа да ғылыми пікірлер айтқан. Тіл заңдылығы бойынша, бір грамматикалық категория жүрнақтары бірінің үстіне бір жалғанбайды. Ал етіс тұлғаларының ерекшелігі – олар бірінің үстіне бірі жалғанып, бұл теорияға қайшы келеді. Осы белгісіне қарай зерттеушілердің бір тобы оны сөзжасам қосымшасы ретінде қарайды. Қ.Жұбанов етістердің осы тілдік табиғатын айқын аңғарып, тіпті етіс тұлғаларының үстемеленіп жалғанған түрін «*сагыс етіс*» деп атайды. Бірақ кейінгі еңбектерінде етістің бұл түрін етістер қатарынан алғып тастаған. «*Сагыс етіс* дегенді шығарып тастадық. Үйткені, бұл – ортақ етіс *пен* өзгелік етістің қосылғаны (айт-ыс-тыр). Етіс үстендері бірінің үстіне бірі жамала береді, мысалы, *жу-ын-дыр, бас-тыр-ыл* т.т.). Мұның бәріне

бірдей ат қоймай, ала-бөле ортақ пен өзгеліктің қосылғанын бөліп алудың орны жсок», – деген уәж айтады.

«Етістіктің түрлері» деп аталатын тараушада К.Жұбанов осы күні тұйық етістік немесе қымыл есімі, қымыл атауы деп аталып жүрген -у тұлғалы етістіктерді «тұйықша» деген терминмен атап, бұл туралы: «Мұның магынасы мезгілін ашпай, тұйық қалдырады, үстейі (тұғірлеуіші): ұу, ұу, ұ (қара-у, жаз-ұу, кел-ұу), мұның жіктелмеуі, тек септелетіні», – деп бұл етістік формасының нақты семантикалық мағынасын дәл көрсетеді және оның есімдерше септелетіні, етістік формасы бола тұра, етістіктерше жіктелмейтіні туралы да айтады (8, 384).

Есімше, көсемшелерді де етістіктің түрлері тараушасында көрсетеді. Фалым есімшелерді ең алдымен «тел есімше» және «сүйеншек есімше» деп жіктеп қарастырған. ««Тел есімше» деген атау олардың жіктеле де, септеле де алуына байланысты қойылды», – дейді фалым.

К.Жұбанов осы күні есімше формалары ретінде танылышп жүрген -ған/-ген, -атын/-етін, -мақ/-мек, -ар/-ер тұлғаларын *тел есімшеге* жатқызған. Фалым осы аталған есімше тұлғаларының әрқайсысының семантикалық мәндеріне қарай оларды түрліше атаған. Мысалы, -ған/-ген қосымшасын – откен шақ *тел, -мақ/-мек* қосымшасын – келер шақ *мақсат тел, -ар/-ер* – болжалды келер шақ *тел* деп шақтық әрі модалділік мағыналарына қарай атау береді. Ал -атын/-етін қосымшасына *дағдылы тел* деп атауы оның қымылдың өту сипатына қарай алынған. Сонымен қатар қазіргі дәстүрлі аталып жүрген есімше тұлғаларынан басқа -ғай/-гей, -қай/-кей (жазғай, айтқай) қосымшаларын *келершақ қосымша тел* деп атаған. Модальдық мағынаны негізге алдып қарғыс *тел(-ғыр: онбазыр)* деген есімше түрін де қосқан. Бұдан К.Жұбановтың өзі атаған есімше түрлері атауларының барлығының дерлік олардың түбір етістіктерге жалғанғанда үстейтін нақты мағыналық реңтеріне қарай алынғандығын көреміз.

Ал *сүйеншек есімшелерге* фалым қазіргі көсемше тұлғалары болып қаралатын -ғалы/-гелі, -ғанша/-генише тұлғаларын жатқызған. Бұдан басқа да тұлғалар сүйеншек есімше түрлері ретінде сараланып берілген. Фалым олардың қайсыбіріне болсын өз тарапынан сол тұлғалардың мағыналық реңкіне қарай шынайы терминдермен атаған. Нақты көрсетсек:

- 1) Откен шақ шектеуіш сүйеншек (-ғалы/-гелі: *мен оқығалы екі ай – «оқығаннан бері»* деген мағынада);
- 2) Келер шақ мақсат сүйеншек (-ғалы/-гелі: *мен оқығалы келдім – «оқу мақсатымен келдім»* деген мағынада);
- 3) Келер шақ шектеуіш сүйеншек (-ғанша/-генише: *сен бастаганшамен де келермін*);
- 4) Откен шақ орынсыз сүйеншек (-ғанша/-генише: *онда барғанша мұнда келсең болмады ма?*);
- 5) Себеп-соңшыл сүйеншек (-ғанмен: *жазғанмен бітіре алмассың*) (8, 385).

Осы күнгі көсемше құрамында қаралып жүрген *-ғанша*, *-ғалы* тұлғаларын ғалым есімше тобында бергенмен, сүйеншек есімшелердің жіктелмейтінін, өздігінен сөйлемді аяқтай алмайтынын, септелген сөздерше басқа бір етістік, не басқа бір сөзге сүйеніп қана тұра алатынын айтқан. Демек, ғалым бұл тұлғалардың көсемшелер сияқты сөйлемді аяқтай алмайтындығын аңғарған. Сондай-ақ ғалымның бұл тұлғаларды тел есімше мен көсемшелерден бөліп қарауының өзіндік мәні бар. Мәселен, ғалым *сүйеншек есімше* деп атап отырған жоғарыда аталған тұлғаларының барлығы тікелей жіктелмейді және сөйлемді аяқтамайды. Ал тел есімше тұлғалары (*-ған*, *-атын*, *-ар*) тікелей жіктеледі және сөйлемді аяқтайды.

Қ.Жұбановтың көсемшелерге *-ып/-ин*, *-а/-е/-й* жүрнақтарын жатқызуы қазіргі грамматикалармен сәйкес келеді. Қазіргі оқулықтарда ғалымның жоғарыда атаған *-ғалы*, *-ғанша* тұлғалары көсемшелер парадигмасында беріліп жүр. Ғалымның бұларды ажыратып көрсетуіне *-ып/-ин*, *-а/-е/-й* тұлғаларының жоғарыдағы *-ғалы*, *-ғанша*-лар сияқты сөйлемді аяқтай алмауы және олардың (*-ып/-ин*, *-а/-е/-й*) тікелей жіктеле алуы себеп болған деп ойлаймыз.

Ғалым көсемшеге жатқызған тұлғалардың барлығының мағыналық реңктеріне қарай атау беріп, көсемшениң бір түрі ретінде жіктеп көрсеткен. Мысалы, *-ып/-ин* – өткен шақ көсемше, *-а/-е/-й* – дағдылы көсемше деп атайды. Бұлардан басқа ғалым басқа да көсемшелер түрін атаған. Атап айтқанда: шарт көсемше (*-са/-се*); жиекше (*-ды/-ди*); төтенше: а) бүйрық төтенше (бүйрық райға қатысты 2, 3-жақты атайды); ә) көмекші төтенше (*отыр*, *тұр*, *жұр*, *жатыр* етістіктеріне қатысты) (8, 386).

Қ.Жұбанов етістіктерді *дара* және *қосынды* етістік деп жіктеген. «*Көмекші етістігі бар етістік қосынды етістік деп аталағы*», – дейді ғалым. Сонымен қатар ғалым бұл қосынды етістіктердің жасалу жолдарын да көрсеткен. Қосынды етістіктегі негізгі мағынаны беретін етістік көсемше не тел есімше формасында кездесетінін, ал жіктеліп, түрленіп отыратыны көмекші етістік екенін айтқан. Көмекші етістіктерді *төтение* (*отыр*, *жатыр*, *жұр*, *тұр*), *кеміс* (*е*, *де*, *бол*, *шыгар*), *толық* (*ал*, *сал*, *қал*, *жібер*, *бер*, *қой*, *таста* т.б.) деп үшке бөліп береді. Ғалым толық көмекшілердің әрі негізгі етістік, әрі көмекші етістік мәнінде жүре беретіндігі туралы: «*Толық көмекші дегендер – әрі жай етісті болып, әрі көмекші болып жүре беретіндер. Бұлар көп. Мысалы, хат жібердім десек, жібер етістігі жай етістік, мұнда өзінің негізгі мағынасында. Жолдасыма хат салып жібердім дегенде де жібер өз мағынасында. Ал, жаққа салып жібердім десек, жібер – көмекші. Үйткені, мұнда жіберу деген іс жоқ, салдыым өз мағынасында, айтып салдыым дегенде – көмекші. Үйткені мұнда салу жоқ*», – деп түсіндіреді (8, 388).

Кеміс (ій) көмекшілердің қатарында А.Байтұрсынұлы *е-* етістігін (*еді*, *екен*, *емес* т.б.) ғана берсе, Қ.Кеменгерұлы «быть», «существовать» мәнінде қолданыла алуына байланысты *е-* етістігімен қатар болетістігін де атайды. Ал Қ.Жұбанов аталған етістіктермен қатар *де*, *шыгар* етістіктерін де келтіреді.

Фалым бұл етістіктерді үнемі көмекшілік қызметте жұмсалып, алдындағы етістікпен бір сөйлем мүшесі ретінде жұмсалуын негізге алған сияқты. Қ.Жұбановтың көмекші етістіктерді топтастыруы атаулары әртүрлі аталғаны болмаса, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кеменгерұлы жіктеулеріне ұқсас.

Қарап отырсақ, Қ.Жұбанов құрделі тілдік бірліктердің тілдік табиғаты туралы да мәнді де, мағыналы ой-пайымдаулар жасаған. Сөйлем ішіндегі етістіктердің өзінің төл мағынасында немесе көмекші мағынада қолданылып тұрғандығын көрегендікпен аңғарып, қазақ тіл біліміндегі құрделі етістік ұғымының негізін қалаған. Профессор Қ.Жұбанов құрделі етістік категориясын зерттей отырып, жалпы етістік категориясының мәні мен мазмұнын, қызметін ерекше зерделейді. Қазақ тіліндегі құрделі етістіктер табиғатының құрделі екендігі сондай, кейде тіпті бір етістіктің қай жерден аяқталып, екінші етістіктің қай жерден басталатынын аңғару қыын дейді. Өйткені негізгі етістіктердің айтарлықтай бөлігі көмекшілік қызмет атқара алатындықтан, қандай да бір етістіктің көмекші немесе негізгі қызметте жұмсалатындығын ажырату қыындыққа соғады. Фалым осындағы ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да өзекті мәселені шешуге ұмтылады. «Мұны сауаттылық қарекетімізді өзгеше сапаға көтерген саналы әрекеттің бірі ретінде бағалауға тиіспіз» (25, 24-29).

Міне, Қ.Жұбановтың осындағы ғылыми ойларының бүгінгі грамматика ілімінің дамып-қалыптасуына қосқан ұлесі өте зор.

Қ.Жұбанов етістік мәселесінде оның шақ категорияның тілдік табиғатына мейлінше терең бойлаған. Етістіктің шақ категориясы тіл білімінің қалыптасып-дамуының бастапқы кезеңдерінде ғана емес, қазіргі ғылыми білімнің жетілген тұсында да өзекті мәселелер санатынан шықкан емес. Етістіктің шақ категориясын зерттеудің маңыздылығы туралы елуінші жылдары-ақ осы категорияны зерттеген ғалым Т.Қордабаев былай дейді: «Әдеби тіліміздегі шақ категориясы – әрбір саласы құрделі еңбекке тақырып боларлықтай көлемді, құрделі категория. Мұның ұшан-теңіз формалық байлықтары әр алуан мағыналық байлықтарымен ұштасып жатады. Сөз таптары категориясы ішіндегі етістіктің алдын орны қандай көлемді, құрделі, әр жақты, кең салалы болса, жеке сөз таптарына тән категориялар ішінде шақ категориясының алдын орны да сондай маңызды. Мұның ғылым дүрыс шешілуі – кезек күтуді көтермейтін теориялық жағынан да, практикалық жағынан да ерекше мәні бар, қазақ тілі ғылымының бүгінгі тандағы толғағы жеткен қажетті мәселелерінің бірі» (48, 37).

Сонау А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алдын шақ категориясы туралы ғылыми ойлар кеңестік дәуірде С.Аманжолов, С.Кенесбаев, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, одан беріде Т.Қордабаев, А.Ысқақов, Ү.Маманов, Ж.Тұймебаев т.б. ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты.

Ғалым шақ көрсеткіштерін жіктеуде олардың мағыналарына баса назар аударған. Сол себепті ғалым еңбегінде шақ түрлері де мағыналық әрекшеліктеріне қарай тарамдалып берілген. Ғалымның шақ түрлерін

сарапаудағы бұл жіктемесі «мағынаға баса назар аударатын» ономасиологиялық бағыттағы функционалды грамматиканың зерттеу мақсатымен үндесіп жатыр. Ғалым шақ түрлерін әдеттегідей үш топқа бөліп қарастырады да, әрі қарай оларды жік-жікке бөліп таратып береді. Өткен шақтың мағынасын сөйлеп тұрған кезден бұрын болған істі білдіру деп, оны тоғыз топқа бөледі:

- 1) Айғақ өнді өткен шақ (істің болғанына айтушы күә, айғақ бола сөйлейді (*жазыпты, оқымапсың, білмеппіз*));
- 2) Аулақ өнді өткен шақ (істің болғанын айта тұрып, өзі басы-қасында болмағанын қоса білдіреді (*жазған, оқыған соң, көргенбіз*));
- 3) Мойындау өнді өткен шақ (істің болған-болмағанын мойындағы сөйлейді (*жазған, оқыған соң, көргенбіз*));
- 4) Күмән өнді өткен шақ (*жазған шығар*);
- 5) Айғақ баяғылық (ертеде істің болғанына не болмағанына айғақ бола сөйлейді (*жазып еді*));
- 6) Аулақ баяғылық (сондай ертеде өткен істің болғанынан, не болмағанынан аулақ болғанын қоса білдіреді (*жазған екен*));
- 7) Әдетше баяғылық (ертеде өткен істің әлденеше рет болып, әдет болғанын айтады (*баруши едім, баратын едім*));
- 8) Опық баяғылық (ертеде өткен іске опына хабарлайды (*баратын едім*));
- 9) Арман баяғылық (*бармас па едім*).

Келер шақты төртке бөліп көрсетеді:

- 1) Кесімді келер шақ (*баратын, жазбайтын*);
- 2) Болжалды келер шақ (*барармын, оқымаспын*);
- 3) Мақсатты келер шақ (*жазбақпын*);
- 4) Тілекті келер шақ (1) *жазар едім*, 2) *жазайын* (тек I жақ қана).

Қазірде рай категориясында қаралатын *-са иғі еді* формасын өткен шақ пен келер шаққа бірдей жүретін *сенімсіз төл шақ* деп атайды.

Осы шақты дағдылы осы шақ (қазір ауыспалы осы шақ) және дәл осы шақ (қазір нақ осы шақ) деп бөледі. Ғалым дағдылы осы шақтың келер шақ не осы шақ екені төңірегіндегі басқа сөздерден көрінеді дейді. Мысалы, *Сиыр мөнірейді* – осы шақ, *Ертең сиыр мөнірейді* – келер шақ.

Дәл осы шақты өз ішінде төрт түрге жіктейді:

- 1) **Жалпы осы шақ (жазып жатырмын).** *Істің нақ осы кездे істеліп жатқан болуы да немесе көптен бері созылып келе жатқан іс болып үздік-создық жүріп жатқан іс болуы да мүмкін, осыны жалпы турде айтсақ, етістік жалпы осы шақта болады;*
- 2) **Кәдімгі осы шақ (жазып журмін).** *Ұзаққа созылған, үздік-создық істеліп келе жатқан істің жайын айтту керек болса, кәдімгі осы шақпен айтамыз;*
- 3) **Қазіргі осы шақ (жазып отырмын).** *Істемеуші дәл осы кезде іс үстінде екендігін көрсету үшін қазіргі осы шақ қолданылады;*

4) *Әзіргі осы шақ (жазып тұрмын)*. Дәл осы кезде болып жатқан және өзі сол қалпын жоймаган істі көрсеткіміз келсе, әзіргі осы шақпен айтамыз» (8, 388).

Ғалым осы шақ түрлеріне байланысты қазіргі грамматикаларда ауыспалы осы шақ деп аталатын түрін «дағдылы осы шақ» деп атап, нақ осы шақты «дәл осы шақ» деген атаумен береді. Сонымен қатар дәл осы шақ құрамын төрт қалып етістігінің негізгі етістікке тіркесуіне қарай олардың мағыналарын негізге алғып, кіші топтарға бөліп жібереді. Яғни автордың пікірінше, *жатыр* етістігі өзі тіркескен етістікке осы уақытта болып жатқан жалпы іс-әрекетті білдірсе, ал *журжатыр-ға* қараганда нақтылау, *отыр* етістігі аталған екі етістіктен де дәл қазіргі болып жатқан іс-әрекетті білдіреді, ал *тұр* тап қазір болып жатқан іс-әрекетті білдіреді. Ғалымның бұл жіктемесінен қалып етістіктерінің мағыналық реңктерін терең тани алғандығын көреміз. Сондай-ақ Қ.Жұбановтың келер шақ түрлеріне байланысты *кесімді* және *тілекті* келер шақ түрлері де басқа грамматикаларда айтылмайды. Және де өткен шақты тоғыз түрге бөліп қарастыруы да – ғалымның тілдік мағыналарды жете менгергендігінің айғағы. Шақтың ішкі мағыналық топтары көбейген сайын тілдік құралдардың функционалдық, жұмсалымдық ерекшеліктерін аша түсуге болады. Тілдік (грамматикалық) категорияларда парадигмалық қатардың көп болуы тілдегі функционалдылық құбылысынан туындайды (49, 128).

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі шақ категориясы туралы ойлар бойынша О.Жұбаева былай деп тұжырым жасаған: «Қ.Жұбанов – қазақ тіл білімінде шақ категориясы туралы танымның қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі. Ғалым өз тарапынан шақ мәнін аша алатындей жаңа атаулар ұсынумен қатар шақ категориясының түрлі қырын, реңкін дәп басып, анықтай білген. Ғалымның шақ категориясы туралы танымы етістіктің қырсырына ұңғылғынан түсіп, ерекшеліктерін байқауға, қалыптасқан қағидаларды түрлі қырынан зерделеуге мүмкіндік берері сөзсіз» (50, 120).

Академик Р.Сыздық өз мақаласында: «Қазақ тіліндегі *отыр, тұр, жур, жатыр* деген төрт етістік күллі өзге етістіктерден үш түрлі морфологиялық қасиетімен ерекшеленеді дейді алғашқы зерттеуші Қ.Жұбанов. Бірі – олардың жіктік жалғауларын тікелей қабылдай алатындығы; екінші – түбір күйінде тұрып таза Präsens-ті (осы шақты) білдіре алатындығы; үшінші – түбір күйінде тұрып Imperativ-тің (бұйрық райдың) II жағы мен Präsens-тің III жағын көрсететіндігі. Оның үстіне төрт етістік әрқайсысы осы шақты жасағанда, соның өз аясындағы әртүрлі мағынаны білдіреді. *Жатыр* етістігі іс-әрекеттің дәл сөйлеп тұрған сэтте емес, әйтеуір жалпы жүріп жатқан, ара-арасында үзілісі де болатын түрін көрсетеді: *Бейімбет бір үлкен роман жазып жатыр* (мысал Қ.Жұбановтікі – Р.Сыздық). Егер іс-әрекет сөйлеп тұрған сэтте орындалып жатса, қазақ тілі *отыр* етістігін жүмсайды; ұзақ іс-әрекет үзілістерімен жүріп жатса, қазақ *жур* көмекшісіне жүгінеді: *тұр-ға* келсек, ол соншама құрделі: осы сэттегі істі де, орындалып жатқан іс-әрекетті де білдіреді, дәл осы сэттегі істі білдіргендеге тек адамға байланысты

айтылады. Қ.Жұбанов өзінің «Көмекші, күрделі етістіктер туралы» деген орыс тіліндегі шағын кітапшасында төрт етістіктің осы сияқты семантикалық-функциялық дифференциациясын ең бір нәзік жерлеріне дейін талдап көрсетіп береді. Бұл – атақты төрт етістік (*отыр*, *жатыр*, *жүр*, *тұр*) туралы жазылған ең алғашқы ғылыми жұмыс», – деп ерекше атап көрсетеді (4, 46).

Професор М.Томановтың пікіріне жүгінсек: «Қ.Жұбанов көмекші етістіктер жайындағы өзіне дейінгі тарихи-теориялық зерттеулер айта алмаған, аша алмаған көмекші етістік семантикасы мен құрылышының басты ерекшеліктері мен зандылықтарын талдайды. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер жалғамалы тілдің құралдары бола тұрып, өз бойында синтетизмнің де көп белгілерін сақтағандығы тарихи талдау арқылы дәлелденді. Сондықтан да, кейде бір етістік түбірдің құрделенуі ме, әлде екі түбірдің синтаксистік тіркесі ме – осы жағын анықтау қазақ тілінің жүріп өткен жолының ерекшелігін анықтаумен тең түсіп жатады. Қазақ тіл білімінде бірінші рет Қ.Жұбановтың осы еңбегінде көмекші етістіктердің полисемантикалық және полифункционалдық сөздердің тобына жататындығы дәлелденді. Ал мұндай зерттеулер 30-жылдарда, тіліміз жаңа әлеуметтік жағдайларда дамудың қай бағытын үстану керек дейтін сұрақ бар шындығымен қойылған кезде аса мәнді еді» (24, 125.).

Професор Қ.Жұбанов «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» деген еңбегінде *отыр*, *жүр*, *тұр* және *жатыр* етістіктерін басқа күрделі етістіктердің ішінде барынша әмбебап және өнімділігі өте жоғары деп бағалайды. Аталған етістіктер басқа етістіктермен тіркесіп келгенде басқа тілге аударғанда мағынасын бір сөзben дәл беру мүмкін емес, бұл қасиет олардың көмекшілік қызметінен деп, олардың қандай тұлғалармен тіркесетіндігін және беретін мағыналық реңктерін алғаш рет ашып көрсетеді.

Професор Н.Оралбаева аталған еңбекте 1) көмекші етістіктердің түрлі грамматикалық қызметтері қарастырылғанын; осы шақтың жасалу жолының ғылыми түрде дәлелденгенін, осы шақтың көрсеткіштері ретінде *отыр*, *тұр*, *жүр*, *жатыр* көмекші етістіктері көрсетіліп, олар осы шақтың күрделі формалары деп аталғанын (бұл тұжырым кейін етістіктің аналитикалық формасы теориясының бастамасы болды); 3) түркология көлемінде күрделі көмекші етістік мәселесі тұнғыш рет көтеріліп, *келе жатыр*, *бара жатыр* сияқты мысалдар келтірлгенін; 4) қимылдың жасалу кезеңі (фазасы) мәселесі алғаш көтерілгенін айтады (51, 23-29).

Қ.Жұбанов көмекші етістіктердің жетекші етістіктерге үстейтін грамматикалық мағынасын шақ ұғымы, нақтырақ айтқанда, осы шақ арқылы түсіндіруге тырысады. Бірақ мұнда Қ.Жұбановтың қимылдың уақытқа қатысын шақ арқылы сипаттауда оның (қимылдың) ішкі созылыңқылығын көрсетеді. Бұл туралы ғалымның өзі көмекші етістіктер күрделі етістік құрамында осы шақ мағынасын ғана емес, негізгі етістік мағынасына қимылдың созылыңқылығын, дүркіндік мағынасын үстейтін сыпат (вид) формативтерінің де қызметін атқаратындығын айтады. Төрт қалып етістігін

біріктіретін ортақ семантика шаққа қатысты болса, ал айырмашылығы – қимылдың өту ағымын сипаттауында. Сондай-ақ ғалым жетекші етістік пен төрт көмекші етістік тіркесімділігі алдыңғысының лексика-семантикалық ерекшелігіне де байланысты болып келетіндігін дұрыс байқаған. Ғалымның мына пікірі осыны көрсетсе керек: «...*тұр* формативі дәл сол минутта өтіп жатқан қимылды хабарлау үшін: *жсанбыр жауып тұр* (дождь идет в данную минуту) және созылыңқы қимылды беру үшін қолданылады: *көптен беріжсанбыр жауып тұр* (дождь идет давно). *Отыр* етістігі мен *тұр* етістігінің қолданысындағы айырмашылық мынада: соңғысы сол сәттегі жасалып жатқан қимылды білдіреді. Алдыңғысы тек адам жүзеге асыратын әрекеттерді, өте сирек соган (адамга) тең келетін абстрактылы су拜ект іске асыратын қимылдарды білдіруде ғана қолданылса, екінші етістік әрекеттің іске асыруышына қатысты бейтараптылығымен, бәріне бірдей қолданыла беретіндігімен ерекшеленеді» (8).

Қ.Жұбанов осы еңбегінде жатыр етістігінің -ып/-ин/-н және -а/-е/-й тұлғасындағы *бар*, *кел* етістіктерімен тіркесіп, өзінің сөздік мағынасынан мүлде қол үзетіндігін және қимылдың үдемелік сипатын, сондай-ақ жасалу мен жалғасу үстіндегі процесті білдіретіндігін көрсетеді (8). Қ.Жұбановтың бұл еңбегінде айтылған осы жайтардың барлығы да қимылдың өту сипаты категориясының аясында қарастырылатын мәселелер (52).

Жұбановтанушы зерттеуші А.Омарова кандидаттық диссертациясында проф. Қ.Жұбановтың *отыр*, *тұр*, *жатыр*, *жур* етістіктерінің басқа етістіктерде кездеспейтін айрықша белгілеріне мынадай ғылыми сипаттама жасаған: 1) тек аталған төрт етістіктің ғана қазақ тілінде нақ осы шақ жасауга қабілеттілігі; 2) күрделі нақ осы шақ құрамында төрт етістіктің көмекші етістік болуы; 3) шақ, жақ жалғауын тікелей қабылдауы; 4) түбір қалпында рай мен шақ көрсеткіштері (2-жақ бүйрық рай, 3-жақ осы шақ, қалған етістіктер түбір қалпында тек 2-жақ бүйрық райды ғана білдіреді) болу мүмкіндіктерінің барлығы; 5) *отыр*, *тұр*, *жатыр*, *жур* етістіктеріндегі гапология құбылысының болуы; 6) төртеуінің де бір грамматикалық категория (шақ) көрсеткіші бола отырып, екінші бір грамматикалық категория (қимылдың өту сипаты) мағынасын білдіруге қабілеттілігі артады (53).

Қазақ тіл білімінің алғашқы даму сатысының өзінде-ақ қимылдың өту сипатына қатысты мәселелер арнайы қарастырылмағанмен, ол тілде мағыналардың бар екендігін ғалымдарымыз дәл таныған. Бұл категорияны етіс, көсемше, шақ категорияларының аясында қарастырып, нақты мысалдар арқылы қимылдың өту сипатына қатысты мағыналарды айқын көрсеткен. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбановтардың ізімен қимылдың өту сипаты категориясы әр кезеңде әр бағытта қарастырылып келеді. Сонымен катар бұл категорияның нақты тілдік табиғатына қатысты пікірлер де бірізді емес. Мәселен, А.Байтұрсынұлы еңбегінде бұл категорияның мағыналары етіс пен көсемшелерге қатысты сөз болса, Қ.Жұбанов бұл мағынаны шақ категориясының аясында сипаттаған. Ал одан беріде қимылдың өту сипаты

категориясы орыс тіліндегі «вид» категориясымен теңестіріліп, «сыпат» категориясы тұрғысынан қарастырылады. Бірақ қазақ тілінде сипат категориясы бар ма, жоқ па деген мәселе сол кезеңдерде даулы көзқарастар туғызған. Мәселен, А.Ысқақов пен Н.Оралбаева қымылдың ішкі сипатын білдіретін бұл категорияны грамматикалық (морфологиялық) категория құрамында көрсетсе, М.Балақаев семантика-сintаксистік категория ретінде қарастыруды ұсынады. Татар тілінің ғалымы В.Насилов бұл категорияны етістіктің сапалық-сандық сипатын көрсететін семантикалық категория деп атаған. Қазақ тіл білімінде, Б.Қапалбековтің пікірінше, қымылдың өту сипаты категориясының морфологиялық түрлену жүйесі жоқ, аналитикалық тәсіл арқылы берілетіндіктен, бұл категорияны синтаксистік категория ретінде тану қажет.

Қымылдың өту сипаты категориясын қазақ тіл білімінде алғаш сипат категориясы ретінде И.Ұйықбаевтың, функционалды-семантикалық категория ретінде салғастырмалы тұрғыдан З.Қ.Ахметжановың еңбегінде, сондай-ақ таза қазақ тілі материалдары негізінде М.Жолشاевың докторлық диссертациясында, жекелеген мәселелері Қ.Бибеков, Қ.Мұқамади, А.Шарапиденова т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелді. Сөйтіп, ғылыми даудамайдан кейін қымылдың өту сипаты категориясы семантикалық категория ретінде зерттеліп, тілдің тұрақты бірлігі ретінде таныла бастады. Ал бұл категорияның қазақ тілінің тілдік жүйесінен белгілі бір дәрежеде орын алыш, тілдік табиғатының айқындалуына қазақ ғалымдары А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінің орасан зор үлесі болды деп ауыз толтырып айта аламыз.

Осы ретте Г.Қосымовының Қ.Жұбановтың қалып етістіктеріне қатысты айтқан пікірлері біздің сөзімізді растай түседі: «Қазақ тілінің грамматикасында» ғалым төрт қалып етістігінің басқа етістікten айырылатын тұстарын жіті аңғарып, олардың үш түрлі белгілерімен ажыратылатынын тапты, мұнымен қоса қалып етістіктерінің ортақ қасиеттері мен өзіндік ерекшеліктерін контекстегі мағынасынан ізdep, себептерін аша отырып, алғаш рет дәлелдеп көрсетті. Қ.Жұбанов түсініктері қалып етістіктерінің өзі ғана жайында қалып қоймай, сонымен қоса шақ категориясы және күрделі етістіктердегі көмекші етістіктердің мағынасы мен қызметін анықтап, кейінгі дербес зерттеулерге негіз болды» (37, 38).

Қ.Жұбановтың сөз таптарының шығу тарихына қатысты ойлары – өз алдына бір төбе. Соның ішінде *одағайлардың* түрлері мен олардың пайда болу жолдары, шығу тарихы туралы айтқан пікірлері бүгінгі қуні қазақ тілі оқулықтары мен грамматикаларында айқын көрініс тауып отыр.

Проф. Қ.Жұбанов одағайлардың лексика-семантикалық ерекшелігін, олардың оқшау сөздердің бір түрі екендігін дәл таныған. Атау сөздерді таптасқан сөздер деп атап, олар бірнешеуі қосылып барып, хабар береді дейді. Ал одағайды таптаспаған сөздерге жатқызып, олардың жеке тұрып-ақ хабар бере алатындығын, ал құрылышы жағынан жеке сөз болғанмен,

атқаратын қызметі жағынан сөйлем не сөйлемдер жинағы болатындығын айтады.

Ғалым одағайларды үшке бөліп көрсетеді: *шаруашылық одагайлары, қатынас одагайлары, көңіл одагайлары*.

А.Ісқақов «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында одағайды арнайы сөз еткенмен, оның түрлерін нақты саралып, ашып көрсетпей, жинақтап қана берген. Жалпылама түрде көңіл-күй одағайы мен Қ.Жұбановтың қатынас одағайларына жатқызған біршама одағай сөздерді (*мә, әй, тек, тайт, жә, айда т.б.*) *ишират одагайлары* деп атаған. Ал «Қазақ грамматикасында» *көңіл-күй одагайлары, императивтік одагайлар, тұрмыс-салт одагайлары* деп бөлінген (33, 564).

Қ.Жұбанов бүгінгі күні нақты тілдік жүйеде көрсетіліп жүрген одағайлардың негізгі түрлерін дәл көрсеткен және сонымен қатар бұл тақырыпқа әжептеуір көлемде орын беріп, арнайы сөз еткен. Одағайдың түрлерін көрсетіп қана қоймай, олардың шығу тарихына да зер салған. Мәселен, ғалымның пікірінше, *әттеген-ай, мәссажан* деген одағайлар құрамындағы «т» және «с» дыбыстары – созылыңқы дыбыстар. *Әттеген-ай* одағайы – *ә деген-ай, мәссажан* одағайы – *мә, саған* деген қолданыстардан шыққан (8, 102).

Сондай-ақ Қ.Жұбанов малға қатысты қолданылатын шаруашылық одағайларының шығу төркіні туралы айтқанда, олардың қалыптасу мотивтеріне, уәждемесіне назар аударған. Мәселен, ғалымның пікірінше, шаруашылық одағайларының көбі бұрын белгілі бір мәлдүң аты болған. Ғалымның енбегінен бір ғана мысал келтіреік: «*Қазақтың қойға қаратпа айтатын «құрай!» одагайы еki түбірден біріккен: құра+ай. Соңғы -ай – шақыру қосыншасы. Түбірдегі құра – монголша қозы деген сөз. Монголдың құрақан сөзі де осы құра-мен байланысты, түбірлес. Соңғы -қан/-ған кішірейту: ботақан, бұзауқан. Сонда құра-ай дегендегі құра – қой мағынасында, ай – шақыру одагайы – әй!*; Алғашқыда қой-ай! деген қаратпа болған» (8, 128). Қ.Жұбанов мұндай уәждемелік, этимологиялық талдауларды осы сияқты етіп, басқа да одағай түрлеріне қатысты жүргізген. Бұл айтылғандардан тіл білімінің соңғы кезеңдерінің жетістіктері болып табылатын уәждеме теориясы мен этимологиялық зерттеулер сабактастыры сонау Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алатындығына көз жеткіземіз.

Сонымен қатар одағайлардың, әсіресе, көңіл одағайларының айтылуда интонацияға негізделетінін дәп басып айтады. Ғалым оны «ән» деп атаған. «*Ән – тілде көңіл райын білдіру үшін қажетті амалдардың маңыздысы. Көңіл одагайы көңіл райын білдіруге арналған, демек, оның әнінің түрі де ала-бөле*» (8, 133). Көңіл одағайларының айтылу кезінде әртүрлі фонетикалық өзгерістерге түсетеінін мысалдар арқылы дәлелдеп көрсеткен. Осындағы дыбыстық өзгерістерден кейін түбірге кірігу құбылысын ғалым «ұмтыла ұндесу» (*ә деген ай! – әттеген-ай!*) деп атайды. Қазіргі тілдік жүйеде бұл сөзжасамдық заңдылық «*кіріккен сөздерге*» қатысты қолданылады.

Қ.Жұбанов – қандай да болсын тілдік құбылысты бүге-шүгесіне дейін зерттеп, тұжырымды пікір айтқан ғалым. Ол одағайлардың сөйлемде басқа сөздерден айырықшаланып тұратындығын жақсы аңғарған. Сол себепті де «Одағай сөздердің тынысқа қатыстылығы» деген арнайы тақырыпта одағайлардың сөйлемдегі орын тәртібі мен тыныс белгілерін қоюдың зандылықтарын нақты мысалдармен дәйектеп, сипаттаған.

Бұған қоса ғалымның одағайлардың шығу тарихы мен жасалу жолдарына қатысты ой-пікірлері қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылыми парадигмада тұрған этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының зерттеу нысандарымен сабактасып жатыр. Бұған дәлел ретінде Қ.Жұбановтың «одағайлардың дені әуелде қаратпа сөз болып жасалған» деген тұжырымына қатысты ойларын айтуда болады. Ғалым былай деп жазады: «*Адамдар бұрын табиғат сырының күштерін білмеген. Сондықтан олар табиғатқа адамша (жанды затша) тіл қатқан. Желді ысқырып шақырған, құйынды қуалаган, ауруды көшірген, түрлі жақсылық-жамандықтың иесі бар деп түсініп, оларды бірде шошындырып, бірде тамақ беріп ырза қылып отырған. Әр рудың иесі, қорғаны бар деп есептеп, соларды жәрдемге шақыратын болған. Келе-келе осы ұғым-түсініктерден дін тұған. Одағайдың қаратпа сөзсіз (шақыру сөзінсіз) болмайтыны – сол әртүрлі табиғаткуштеріне: Ай, Күнге, малга т.т. қарап сөйлеп, соларға көңіл айттып, соларды жәрдемге шақырудан қалған қалдық. Кейін адам баласы оны ұмытып, әр одағай өзінің әніне қарай түрліше көңіл райын білдіретін сөз болып кеткен» (8, 135).*

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі одағай сөздер туралы мақала жазған Е.Дүзмағамбетов ғалымның одағай сөздердің жасалуына, шығу тарихына қатысты ойларына жан-жақты талдау жасайды (54, 176-178). Қ.Жұбановтың одағай сөздер туралы ой-тұжырымдары туралы Е.К.Жұбанов былай деп жазады: «*Жалпы лексикалық-грамматикалық тұрғыдан одағай сөздердің табиғаты профессор Қ.Жұбановтан бұрын да, соң да ғылым тезіне түсіп келе жатқаны мәлім. Алайда аталмыш категорияның мағыналық өзгерістері нақ Қ.Жұбановша мүшеленіп талданған емес. Орысша «семантическое членение» делінетін бұл лингвистикалық таным қазақ тіл білімінде әлі күнге сіңісе алған жоқ сияқты көрінетін сол одағай сөздердің түпкі шығу төркінін іздестірген» (55, 177).*

Қ.Жұбановтың одағайлардың шығу тарихына қатысты ойлары алғаш 1930 жылы Алматы қаласында болған Бірінші бүкіл Қазақстандық өлкетану съезінде жасаған «Мәнсіз сөздердің мағынасы» («Смысл бессмысленных слов») деп аталатын баяндамасында айтылған. Ғалымның осы баяндамасы туралы белгілі түркітанушы-ғалым М.Томанов былай деп жазады: «*Одағай сөздер тілдік ізденістердің ертеден келе жатқан объектілері екені ғылым тарихынан мәлім. Тіл-тілдің шығуы, алғашқы сипаты қандай дейтін тіл білімінің түбегейлі мәселесі де көп ыңғайда одағайлармен байланысты да қарастырылатыны белгілі. Ондай теорияны қазақ тілі материалдары негізінде қостап дәлелдеген, не болмаса жоққа шығарған Қ.Жұбановқа дейін де ешкім*

болған емес. Қ.Жұбанов болса, осы баяндамасында тіліміздегі толып жатқан мал атауларының қалыптасуына соларға байланысты айтылатын одағайлардың тікелей қатысы барлығын салыстырмалы-тарихи жолмен дәлелдеп берді. Бұл, әрине, ол кезгі қазақ филологиясы үшін ғана емес, жалпы түркология үшін де жаңалық болғанына сөз жоқ» (24).

Сөзжасам

Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің морфология саласы бойынша ғана емес, сөзжасам саласының қалыптасуына да зор үлесін қости. Ғалымның қосымшаларға, күрделі сөздерге, біріккен сөздерге, қос сөздерге, қысқарған сөздерге қатысты ойлары жаңа сала ретінде морфологиядан бөлініп, жаңа отау тіккен сөзжасам саласына да тікелей қатысты еді. Ғалым сөзжасамды сол кездері жеке сала ретінде атамағанмен, жаңа сөздік құрамды байытушы сөзжасамдық жүрнақтарды, сондай-ақ сөзжасамның аналитикалық тәсілі болып табылатын қосарлану, бірігу арқылы жаңа сөздердің жасалатындығын айтып кеткен. Сөз тудырушы жүрнақтар түрғысынан бір ғасырға жуық уақыт морфологияның құрамында ғана бой көрсетіп жүрген сөзжасам саласы қазақ тіл білімінің бүгінгі дамып-қалыптасу сатысында әжептеуір нәтижелерге қол жеткізді. 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ғылыми еңбектің жарық көруі үлкен саланың тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Үлкен еңбектің авторлары – Н.Оралбаева, А.Қалыбаева, Қ.Есенов, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, С.Нұрханов т.б. ғалымдар қазақ тілінің сөздік құрамының сөзжасамдық тәсілдер арқылы дамып-қалыптасатындығын, сөзжасам жүйесінің тіл байытудағы рөлі мен қызметін саралап көрсетті (56).

Сөзжасамның кейбір мәселелері алғаш қазақ тіл білімінде 30-жылдары Қ.Жұбанов еңбектерінде зерттеу нысаны болды. Сол кездің өзінде-ақ ғалым жүрнақтарды тарихи-салыстырмалы түрғыдан зерттеп, этимологиялық талдаулар жасаған. Жүрнақтардың сөзжасамдық қызметіне қатысты мынадай тұжырымды пікір айтқан: «*Большинство аффиксов, встречающихся в терминах, сохраняется и в казахском употреблении, но не будет выделяться органической частью основы*» (8), – деген сөздерінен Қ.Жұбановтың кейбір қосымшалардың екіжақты қызметін танығандығын көреміз. Үлкен жерде ғалым қолданыстағы грамматикалық формалардың жекелеген түбір сөздер жасау мүмкіндігі барын айтып отыр. Бұған қоса ғалым кейбір қосымшалардың сөзжасамдық тәсілдер арқылы түбір құрамына сіңіп, ажыратуға келмейтін дәрежеге жеткендігін тарихи түрғыдан ашып көрсетеді.

Сөзжасам қосымшаларының ең өнімдісі *-шы/-ші* жүрнағы екендігі белгілі. Қ.Жұбанов үлкен жүрнақ туралы: «*-шы/-ші ... обладающий чрезвычайно высокой продуктивности и широким полисемантическим диапазоном*», – деп өнімді қосымша екендігін атай отырып, оның кейбір сөздерде тарихи түбірлер жасауға қатысатындығын көрсетеді. Мәселен, қазіргі кезде бөлшектеуге келмейтін ұргашы сөзін ұрық және *-шы* морфемаларына жіктел,

бұл сөздің этимологиясын былайша түсіндіреді: «...из формы «уруг» образовалась «урга» /ұруғ – ұруғу – ұрга/ с присоединением аффикса **-ышы**, приняла вид «ургашы»» (8). Осы тәріздес қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің рең мәнін тудырушы **-ша/-ше** және **-шак/-шек** қосымшаларын **бала-шага** сөзінің құрамындағы **шага-шака** сөзінің қысқаруынан пайда болған деп анықтаған: «... если согласиться с положением о том, что суффикс уменьшительности **-шак/-шек**, **-ышык/-шик**, **-ша/-ше** восходит к слову «дитя», отсюда «маленький», то следует принять такие морфологические образования как «**құлын-шак**» – «жеребенок» и «**келін-шек**» – невесточка за образования синтаксические сочетания, состоящие каждое из двух слов: **құлын-шак** /жеребенок – дитя, жеребенок маленький/ и **келін-шек**/ невестка-дитя, невеста маленькая» (8). «К.Жұбанов және сөзжасам мәселесі» деген мақаласында Н.М.Алдашев ғалымның сөзжасам саласына қосқан ұлесі туралы былай деп жазады: «Қазақ тіліндегі жұрнақтардың сөз тудырушы және сөз түрлендіруші ерекшеліктерін, морфеманың сөзжасамдық қасиетін, қабілетін, жасалу жолдарын анықтауда профессор К.Жұбановтың айтқан пікірлері мен қазіргі кезеңдегі сөзжасамның зандалықтары үндес келетіндігін көреміз» (57, 116).

Тақырыптың түйінін К.Жұбанов еңбектерін арнайы зерттеген ғалымдардың бірі Ж.Тектіғұлдың (58) ғалымның қазақ тілінің грамматика саласына қатысты тұжырымдарымен аяқтауды жөн көрдік:

- 1) К.Жұбанов өзіне дейінгі және одан кейінгі оқулықтарда орын алғып келген кемшилік – бір сөздің сөйлемде атқаратын қызметіне қарай әртүрлі сөз табына жатқызылуының қисынсыздығын дәлелдей берді, яғни сын есім мен сан есімнің сөйлемдегі қызметін дұрыс шеше білді;
- 2) *сайын, төмен, арқылы, ең, тым, нақ* т.б. септеуліктері мен күшейткіш сөздерді ұстеу құрамынан шығарды;
- 3) қазақ тіл білімінде тұнғыш аналитикалық тұлғадағы сөз тіркестерінің барын анықтап, оны қосалқы деп атады;
- 4) бұрын тіл білімінде еленбей жүрген сөз құрамындағы морфемалардың орналасу орнын көрсетіп берді және сөз алды, сөз артында келетін көмекші сөздерді сол сөздің мағыналы бөлшегі, ажырамас элементтері ретінде қарау қажеттігін түсіндірді;
- 5) тілімізде тұлғасы күрделі көмекші етістіктердің (*отыр, жатыр, жур, тұр*) бар екенін дәлелдей, оның шақ категориясымен тығыз байланысты екендігін анықтап берді;
- 6) «біріккен сөздер» терминін «кіріккен сөздер» терминімен ауыстырып, олардың шекарасын белгіледі;
- 7) өлі түбірлер мен өлі жұрнақтардың шығу төркінін анықтап берді.

Ғалымның қазақ тіл ғылымының морфология саласына қосқан ұлесі осы санамаланып көрсетілген жаңалықтармен шектелмейді. «Сөз материалының тұр сипатын» айқындал берген ғалым еңбектері ешқашан өміршенендігін жоймақ емес.

«Қынын тауып қаламасаң...» (Қ.Жұбановтың синтаксис саласындағы еңбектері жайында)

Професор Құдайберген Қуандыл Жұбановтың қазақ грамматикасына қатысты алғашқы оқулықтардың бірі саналатын 5-сыныпқа арнап жазған «Қазақ тілінің грамматикасы» (жалпы морфология) еңбегінің бірінші бөлімі 1936 жылы жарық көреді. Аталған оқулықта ғалым қазақ тілінің грамматикалық құралымын формалық және мазмұндық жағынан егжеттегжейлі сипаттап береді. Ал кітаптың екінші бөлімі ғалымның репрессияға үшірауымен байланысты жоғалған.

Аталмыш грамматикада морфология, синтаксис, фонетика мәселелері қамтылып, теориялық материалдар ғана берілген. Қазіргі мектеп грамматикалық материалдарындағы сияқты жаттығулар бірге берілмей, жаттығу кітабы жеке шыққан. Ол жөнінде автор: «Бұл грамматиканың жастығындағы материалдары С.Жиенбаевтың «Грамматика талдау» кітабынан алынсын», – деген ескертпе береді.

Ғылым, ең алдымен, белгілі бір саладағы зерттеулермен айналысатын ғалымдарға арналып, осындай ізденістердің нәтижелері ғана көпшілікке тарайтынын ескерсек, қазақ тіл білімінің енді ғана қаз тұрып, тәй-тәй басып келе жатқан тұсында жүртшылыққа түсінікті болу үшін Құдайберген Жұбанов өзіне тән ерекше тәсілді қолданады. Ғалым грамматикалық, синтаксистік құбылыстарды қарастырғанда «белгілі бір материалдан зат құрастырып отырғандай, көзben көріп, қолмен ұстап, оның дәмін, иісін сезіп, қатты-жұмсақтық қасиеттерін байқап отырғандай танып», «... қарапайым «тілмен жазып тұрып, ол жазғанын ғылыми тұрғыда шығарады»... (59, 100)

Қ.Жұбанов ұлттық таным мен ерекше ойлауының арқасында грамматикалық атауларды (*тұбір сөз, қосымшалы сөз, кіріккен сөз, қияюлы сөз, қосар сөз, қосалқылы сөз; қосар сөздер* (кос сөздер), *теңдес қосар* (ага-іні), *сөздес қосар* (бара-бара), *маталы сөз* (көзбе-көз), *тіркеулі қосар* (шайпай), *қосалқы қосар* (қап-қара) және т.б.) ұлттық сипатта қалыптастырырды деп нық сеніммен айта аламыз. Проф. Г.Қосымова ғалымның осындай атауларды берудегі шеберлігін былайша дәріптейді: «Қ.Жұбановтың зерттеулеріндегі атаулар асқан дәлдігімен, таным терендігімен бағаланады; кейбірі қолданыста болмаса да, сол атаулар арқылы айтқысы келген ой-түсінігі кейінгі грамматикада анықтамалар мен ережелерді қалыптастырырды. Қ.Жұбанов зерттеулері өзіміздің зерттеушілерімізге ғана емес, өзге тілді зерттеушілерге де үлгі болды» (37, 40).

Демек Қ.Жұбановтың аталмыш оқулығы қазақ тілінің грамматикасына қатысты ең алғашқы теориялық еңбектердің бірі болуымен қатар, көпшілікке арналған нағыз ұлттық сипаттағы дүние болды деп нүктө қоюға болатын сияқты. Иә, ғалым не айтса да, ой-пікірін адамдардың тіршілігінен алыш, жүршылыққа түсінікті тілмен жеткізеді. Профессор Г.Қосымова Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі грамматикалық атауларды қалыптастырудың көрегендігін ғалымның пайымдаушылық қабілетінен, дүниені дұрыс танып-

білуінен деп тұсінеді: «Пайымдаушылық қасиет тапқырлыққа алып келеді. Қ.Жұбановтың грамматикалық атаулардың тілдік табиғатын дұрыс таныш, ұтқыр атау беруі пайымдағыштық қабілетінің жоғарылығынан еді» (37, 40). Осы пайымдаушылық қабілет пен тапқырлығының, шынайы ұлттық танымының арқасында ғалымның грамматиканы жазуда қолданған тәсілдерінің бірі грамматиканың зандағыштарын балаға таныс, өмір тәжірибесіне сай мысалдарға сүйене тұсіндіру болғандығы кез келген сөйлемінен байқалады. Мысалы, ғалымның сөз бөлшектері туралы айтқан ойлары соқырға таяқ ұсташқандай қарапайым тұрмыстық заттармен салыстырыла отырып жазылған. Тіпті оны оқыған бес жасар бала да тұсінерлік дерсің. Ғалымның өз сөзін келтірейік: «Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты. Ағаш, мас, кірпіш, балшықтарды қалаң болса, солай құрастырып, үйе салса, үй болмайды, тек үйіншік болады. Үй болу үшін қыйынын тауып қалаң, байлауын тауып ұсташтып; адам тұратын бөлме ме, мал қамайтын қора ма, астық жинайтын сарай ма? Қайсысы екеніне – керегіне қарай тиісті түр беру керек. Қыынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұсташпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз не тіпті сөз болмай шығады да, немесе, адамга арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөзің болмай, басқа бір сөз болып шығады» (8, 148).

Қ.Жұбанов грамматика саласының күрделі бөлігі саналатын синтаксис бөлігін «сөйлем жүйесі» деп өте кең көлемде қарастырғандығы аңғарылады. Ғалымның синтаксис мәселелеріне арнаған еңбектерін: 1) синтаксис мәселелерін арнайы сөз еткен зерттеулері, 2) синтаксистің зандағыштарын ғалым өзге сала проблемаларын талдау барысында қосымша дерек сапасында пайдаланып, тілген тиек еткен зерттеулері ретінде бөлуге болады (60, 204-207). Бұл – әрине ғылыми зерттеу нәтижесінде туындаған жіктелім. Бірақ оның астарында ғалымның әдіскер ретінде қолданған «жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға» қарайғы, индуктивті-дедуктивті әдістерін бағамдаймыз. Бұл әдіс түрлерінің атаулары ғалым өмір сүрген дәуірде айтылды ма, айтылмады ма, ғалымға таныс болды ма, жоқ па – ол жағы беймәлім, тіпті мәселе онда да емес. Ғалымның ішкі пайымдауының дұрыстығында, табиғат берген талантында.

Профессор Қ.Жұбановтың тіл білімінің салаларын бір-бірінен бөлек құбылыс ретінде емес, тілдік бірліктерді бір-бірімен байланыстыра, сабактас органикалық бірліктегі құбылыс ретінде қарастырғандығына синтаксистің лексикамен байланысын сыйба арқылы көрсетуін айтуға болады. Ғалым сөйлем мүшелерін «бірде құралса, екінші жолы таратылып, қайта құрыла беретін баспахананың харіптері сияқты» нәрсе ретінде сипаттайды. Біздің ойымызша, бұл жерде ғалымның негізгі пікірі сөз тіркесі синтаксисінің төнірегінде өрбитін сияқты. Тілдегі сөздер өздерінің тіркесімділік қабілетіне қарай өзгеріп тұратын болса, синтаксистен лексиканың ерекшелігі – ол тұрақты болып, «заттың атын өзгертуге болмайтындығында». «Сөйтіп тілдің бір басына сиысатын екі түрлі қайшылықтан – бутін мен бөлшектен – екі

жақтың тәндігі туады. Кейде бұл екі жақтың бірі басым болады (ала бер, тайга таңба басқандай, әй!). Бұл мысалдардың алғашқы екеуінде лексика жағы басым болып кеткен де, соңғысында синтаксистік жағы – хабар беру жағы – басым болып кеткен». Біздің пайымдауымызша, ғалым бүтін деп синтаксисті, яғни сөйлемді мензесе, бөлшек ретінде лексикалық бірліктерді қарастырган деп ұғынуға негіз бар.

Професор Қ.Жұбановтың лексика мен синтаксистің байланысына қатысты жасаған сыйбасын, ойларын теренірек зерделей келсек, олардан сөйлеудің туу механизмі жайлы ой қылаң беретіндей. Қ.Жұбанов мынадай ой тұжырымдайды: «Сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады. Сөздер жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқага жана аның тауып үйлесерлік болып жасалған. Өз басы атау болуга жаралған сөзді бүтін дейміз. Бүтін, әрине, бөлшек емес. Сөйтін тұра, олар құрамды бөлшек болып барып материал болып тұтас ой тұзызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз». Ғалым К.Қ.Садирова ғалымның бұл ойын: «Байқап отырғанымыздай, сөз – бүтін, бүтін бола тұрып хабар беруші бөлшек. Хабар (синтаксис) – бүтін, лексика – бүтін, сондай-ақ құрамды бөлшек. Үйлесім табушылар тобы – тіл деңгейлері», – деп түсіндіреді (60, 205).

Лексика мен синтаксистің бір-бірімен тығыз бірлігі туралы ғалымның мына ойы да аса маңызды: «Лексиканың атау ретіндегі, магына айырмашылығындағы кемшилігін синтагма толтырады (жылқышы) – бұл бір; лексиканың жарамды-жарамсыздығына байланысты кемшилігін де синтагма толтырады (жылқымның жарымы) – бұл екі». Ғалымның бұл тұжырымы лексикалық бірліктің морфологиялық формаларды пайдалана отырып, тіркесімділікке, яғни синтаксистік қатынастарға ұмтылу қасиетін мензеп тұр деп ойлаймыз. Бұл жерде ерекше атап өтетін жайт – ғалымның қазіргі тіл білімінде де қыр-сыры әліге дейін толыққанды ажыратылмай жүрген «синтагма» терминін өз орнына, дәл мағынасында пайдаланғандығы еріксіз таң қалдырады.

Сонымен қатар Қ.Жұбановтың жалпы грамматика туралы айтқан пікірлеріндегі назар аударарлық мәселе – синтаксистік қатынас тұрларін дәл тануы. Мысалы: «*Оқимын* деген бір сөзде объектік те, субъектік те, предикаттық та элементтер бар; бұл пәлсәфа жағы. Шынында, сөз біткеннің бәрі де адам үшін объект. Солай бола тұрып, адамның өзі де бір-біріне объект те, субъект те бола алады. ... Атрибут – өз беттілігі жоқ, тек қана біреудің менишікті белгісі. Объект – өзінен тыс деген сөз. Тақырып – субъект, сол тақырыпқа қатысты нәрсе – объект» (8, 86). Қ.Жұбанов сол кездердің өзінде-ақ, қазіргі грамматикалық ұғымдар саналатын жоғарыдағы объект, субъект, атрибут сияқты тілдік терминдерді философиямен сабактастыра отырып, ғылыми пайымдаулар жасаған.

Тіл білімінде «тіл» ұғымына берілген үш жүзден астам анықтаманы ой елегінен өткізе келсек, ол (тіл) ең алдымен қатынас құралы, яғни қоғамдық құбылыстың бір түрі деген тұжырым басымдық танытады. Әрине біз бұл

жерде тіл философиясы мәселесіне барудан аулақпыш. Дегенмен адамзат баласының «тіл» атты қасиеті әрбір ұлттың бойында, дүниетанымында өзімен бірге өмір сүретінін ешкім де жоққа шығара алмайды. Осы тұста ғалымның сөйлеудің, яғни синтаксистік құбылыстардың статикалық тілдік құбылыс болып қана қоймай, тілді қолданушының қажетіне жарайтын «жанды» құбылыс екендігін айқындаған ойын мына пікірлерінен аңғаруға болады: «*Сөйлеу – хабар беру, коллективтік көрініс. Бұган ең азы екі адам қатысуы керек*». Ғалымның сөйлеуге (синтаксиске) қатысты қай тұжырымын алсақ та, қазіргі тіл білімінде енді зерттеліп келе жатқан салалардың «ұштығы» жатқандығы аңғарылады. Мысалы, жоғарыдағы пікірден сөйлеу актісі (речевой акт) концепциясының нышанын аңғаруға болады. Ғалымның қазақ тіл білімінің енді ғана қолға алынып жатқан шағында жазған еңбектерінің өзінде де қалам тартқан тақырыбының қыр-сырын терең түсінгендерінің оның тілдік құбылыстарға берген атаулары мен терминдерінен көруге болады. Мысалы, ғалым «... сөз айттылған жерде сөйлесу болады, ал одагайларды айтқанда бір жақты сөйлеу бар да, екі жақты сөйлесу жоқ» дей отырып, сөйлеу мен сөйлесу терминдері арқылы диалогтық (екі жақты), монологтық (бір жақты) сөйлеуді дәл анықтағаны тәнні етеді.

Профессор Қ.Жұбановтың грамматикаға, әсіресе синтаксиске қатысты еңбектерін оқи отырып, кез келген зерттеуші өзінің зерттеу объектісіне қатысты маңызды тұжырымдар таба алады деген тұжырымға келеміз. Оны нақтылау үшін тағы да ғалымның өзін сөйлетеік: «*Сөйлеу деген – біреудің екінші біреуге хабар беруі. Сөйлеушінің тыңдаушиға беретін хабары өзіне әр түрлі әсер ететін болады. Өзінің бір жақын не дос адамының өлгенін хабарлап тұрса, бұл хабар сөйлеушінің өзіне қайғы туғызады. Өзінің бір жолдасының бір ірі табысын сөз қылып тұрса, бұл хабар сөйлеушінің өзіне қуаныш, шаттық енгізеді. ... Сөйлеуші бірдеменің жайын хабарлай тұрып, сонымен бірге, сол хабары өз басына қандай әсер ететінін де – қайғыратынын, қуанатынын, опындыратынын, т.т. да, көбінесе қоса білдіреді. Өйткені сөйлеуші тас емес, тірі адам, сезімі бар, жүрегі бар адам. Сондықтан оған дүниедегі болып жатқан әр түрлі құбылыстар әртүрлі әсер етпей қоймайды. Біріне қуанады, біріне салқын қанмен қарайды*». Үзіндіні ұзақ келтіріп отырған себебіміз: бір мәселені қозғаған келелі ой, үйлесімді жалғастық тапқан ой үзуге келмейді. Бұл – бір. Екіншіден, үзіндіде сөйлеу, сөйлеуші мен тыңдауши, иллокутивтік акт, модалдік мәғина сияқты мәселелер тізбектеле, бір-бірімен ғылыми сабактастықта берілген. Демек, Қ.Жұбанов сөйлеуді (синтаксисті) тек таза тілдік құбылыс ретінде қарастырмай, оны ойлаумен, сөйлеуші мен тыңдауши арасындағы иллокутивті қатынас, психологиялық құбылыс ретінде зерделегендігін байқаймыз. Шынында да, бұл тілдік, сондай-ақ экстралингвистикалық құбылыстар қазіргі кезде тығыз байланыста қарастырылып жатыр десек, коммуникативтік лингвистиканың бұл проблемаларының ғылыми сипатталуының бастаулары профессор Қ.Жұбанов еңбектерінде жатқандығы дәлелдеуді қажет етпейтін шындық екендігін айдан анық.

Қ.Жұбанов еңбектерін оқыған сайын қазіргі кезде ғана зерттеу нысаны болып отырған лингвистикамен ұштас ғылым салаларының «исі аңқып тұрады». Ғалым сөз бен ойды байланыстыра отырып: «нендей ойымды білдірсем де, бәрі де өзімнің білгенімді білдіру болып шықты. Ой деген адамның, өзі жайлы, болмаса, төңіректегілер жайлы білгені. Сөз деген – сол білген нарселерінің аты.

Сондықтан адам, заттар мен құбылыстар жайында білгенін(ойын) білдіргісі келсе, сол заттар менен құбылыстардың аттарын (сөздерді) айтып білдіреді – ойды сөзben білдіреді», – дейді. Ғалымның бұл пікірінің астарынан лингвистикалық бірлік саналатын сөздің туындауына психологиялық, танымдық «ой» ұғымын байланыстырумен қатар, ойды тіл арқылы көрінетін білімдер жүйесі ретінде түсінгендігін анғаруға болады.

Професор Қ.Жұбанов сөз тіркесі синтаксисін егжей-тегжейлі зерттей отырып, оны сөз қыны деп атайды: «Сөйлемде бір сөз болмай, бірнеше сөз болса, бұл сөздер бір-бірімен қындастырылуы керек. Қынын келтірмей құрастырған сөйлем сөз болмай, басқа бірдене болып шығады». Ғалым сөз тіркесі болу үшін төмендегі екі шарттың орындалуы керек екендігін айтады: «... Алдымен, әр сөзді орны-орнына дұрыс қою керек: тиісті орны аудысын кетсе де қынын келмейді.

Екінші, оның устіне, бір сөзді екінші сөзге байлан беретін жалгаулар бар, соны дұрыс жалғау керек; тиісті жалғауы жалғанбай қалса да, я теріс жалғанса да, сөздің қынын келмейді. Осы сілтемені оқи отырып, тағы да тандаңбасқа шарамыз қалмайды. Өйткені ғалымның, қазіргі терминдермен айтсақ, сөз тіркестерінің аналитикалық, синтетикалық және аналитика-синтетикалық жолмен байланысуын сол кездің өзінде-ақ түсінікті сөзben таратып бергеніне ешкім де шұбә келтіре алмас. Екіншіден, қазіргі қоғамда өзекті болып отырған қазақ тілін игерудің тәжірибесінде кез келген адамға (қандай кәсіп иесі болмасын, ия қандай жаста болсын) синтаксис сияқты күрделі ұғымды қарапайым тілмен түсіндіріп бергендігіне күә боламыз және бұл қазақ тілі оқулықтарына үлгі боларлық деп санаймыз.

Ғалымның сөз тіркесіне байланысты пікірінің құндылығы – сөздердің өзара байланысуында *жарыспалы* (параллельное) және *тізбекті* (последовательное) амалдарын ашып көрсетуінде. Сонымен бірге сөйлем мүшелерінің бірінші, екінші, үшінші және т.б. қатарда кездесетіндігі жайлы пікірлерінің мәні зор. Сөйлем ішіндегі сөздердің біразы бір-бірімен тікелей тіркессе, енді біреулерінің баспадақтап тіркесу мүмкіндігін де атап өтеді (61, 27-32). Осылайша сөздердің тіркесімділік қасиеті мен қабілетін «жіліктеп» көрсеткен ғалымнан кейін сөз тіркесі синтаксисі саласы туралы сөз айтудың өзі қыын, әрине, ғалымның пікірін басшылыққа ала отырып, оған қосыламыз деуден арыға аса алмаспсыз.

Құдайберген Куанұлы Жұбановтың өмірі мен шығармашылығын терең зерттеген К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай ғалымның сөз тіркесі синтаксисі жайлы концепцияларына төмендегіше баға беріледі: «Қазақ тіліндегі сөйлем құрылышының арғы-бергі тарихына терең шолу жасай отырып, түркі

тілдерінің бағзы дәуірлеріндегі сөз тіркесі тәртібінің қазіргіге қарағанда басқаша болғандығы дәлелді де бұлтартпас, логикалы, бұрын ешкім айтпаған жаңа тұжырым жасайды» (5).

Қазіргі қазақ тіл білімінде сөз тіркесі синтаксисі саласындағы бағыныңқы және басыңқы сөз деген бізге етene таныс. Бұл терминдерді Қ.Жұбанов жетек сөз және жетекші сөз деп атайды. «Сөйлем ішінде сөздер бірін-бірі ерте де, біріне-бірі ере де байланысады. Еруі сөзді жетек сөз, ертуши сөзді жетекші сөз дейміз». Ғалым бұл ойын мысалдар арқылы дәлелдей отырып, сызба арқылы нақтылайды. Өшпес, өзгермес ой сол күйінде қалды, қазақы сөзben бірген анықтаманың негізгі идеясы сол күйінде қалды, өзгерген – термин ғана!

Професор Қ.Жұбанов сөз тіркесі синтаксисінің табиғатын ашуға өзіндік зерттеу жүргізіп, сөздердің әртүрлі аналитикалық және синтетикалық жолмен тіркесулеріне байланысты *септес сөздер* (барыс жалғаулы, табыс жалғаулы, шығыс жалғаулы, жатыс жалғаулы, құрал жалғаулы, мензес (-ша жалғаулы), мендес (-дай жалғаулы), атау күйінде (түбір күйінде) және түрлі жалғауыштармен қосыла айтылатын септестер), *іліктес сөздер*, *шақтас сөздер*, *жанас сөздер*, *қабыс сөздер*, *баспалдақтаған шұбырма жетек*, *жарыста жетек*, *жарыста қабыстар*, *шұбырма жетектер* деп бөліп, олардың орны-орнын сипаттайды.

Проф. Қ.Жұбанов сөз тіркесін қалыптастыратын сыңарлардың байланысу формаларын айқындауда мынадай грамматикалық ерекшеліктерді басшылыққа алған деуге болады: 1) сөздердің синтаксистік байланысы қандай тәсіл арқылы жүзеге асатындығы (аналитикалық, синтетикалық); 2) дәнекерлердің грамматикалық сипаты, яғни олардың жалғау (септік жалғаулары және жалғауыштар (септеуліктер) немесе жұрнақ екендігі (септесу – жалғаулар мен жалғауыштар (септеуліктер), шақтасу үстеулер арқылы орнайды); 3) бағыныңқы сөздердің грамматикалық табиғаты (бағыныңқы септесуде – есімдерден, жанасуда – «мезгіл есімнен», қабысуда өзге есімдерден болады); 4) синтаксистік байланыстың сипаты (іліктесуде байланыс екіжақты (ілік септігі мен тәуелдік жалғауы), ал септесу мен шақтасуда біржақты байланыс орнайды) (62, 43-49).

Професор Қ.Жұбанов «сөйлем» ұғымына былайша анықтама береді: «... аяқталған ойды білдіретін бір я бірнеше сөзді сөйлем дейміз». Сөйлемге берілген бұл анықтама өзінің өміршендігін дәлелдеп, қазіргі кезге дейін қолданылып келеді.

Ғалымның сөйлем мүшелерін анықтаудағы тұжырымдары да ерекше. Қ.Жұбанов сөйлем түгел бір ойды білдіре отырып, бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралатынын, бірақ «сөздің бір өзі сөйлем болуы сирек болатынын, сөйлемде көбінесе бірнеше сөз болатынын», яғни сөйлемнің құрылуын қарапайым тілмен түсіндіреді. Мұндағы бір сөз сөйлемде түгел бір ойды білдірсе, «көп сөзден құралған сөйлемде түгел бір ойды сөйлемдегі сөздердің бәрі жиналып барып білдіреді». Ғалымның мұндағы бір сөзді сөйлем деп отырғаны, қазіргі терминмен айтқанда, «атаулы сөйлем» екендігі анық.

Профессор Қ.Жұбанов бір сөзді сөйлем мен көп сөзді айырмасын былайша қарапайым түрде «жіліктеп» береді: «*Бір сөзді сөйлем – басы, қол-аяғы жоқ тас-томалақ дene сияқты. Мұның бөлек-бөлек мүшелері болмайды. Көп сөзді сөйлем – басы, кеудесі, қолы, аяғы бар дene сияқты. Мұның әр сөзі тұмас бір дененің мүшелері сияқтанып, әрқайсысы түгел бір бөлшегін көрсетеді.*

*Сондықтан, көп сөзді сөйлемнің осындаи түгел ойдың бір бөлшегін білдіретін әр сөзін **сөйлем мүшесі** дейміз».*

Профессор Қ.Жұбанов сөйлем мүшелерінің ретін баяндауыштан бастайды. Біздіңше, бұған қазақ тілінің сөйлем құралу жүйесіндегі ерекшелік негіз болған сияқты. Өйткені сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдауда баяндауыштан бастаймыз және сөйлемге баяндауыш негізгі үйітқы болады той. Сондықтан ғалым баяндауыш пен бастауышқа: «*Сөйлем мүшелерінің ішінде біреудің, не бірдеменің не қылғаның, я не болғаның баяндан тұратын бір мүше болады. Оны **баяндауыш** дейміз», «... сөйлемнің кімнің, я ненің жайынан сөйленгендігін көрсететін мүшесін бас мүше, немесе, қысқартып, **бастауыш** дейміз», – деген анықтама береді. Бұл анықтаманы тұрлаулы мүшелерге берілген ең құнды, алғашқы ғылыми тұжырым ретінде қабылдауымыз заңдылық.*

Профессор Қ.Жұбанов баяндауыштың сөйлемнің соңында келетінін айта отырып, бұл позицияда кездеспейтін жерлерін де нақтыладап көрсетеді. Сонымен қатар ғалым бүкіл сөйлем мүшелерінің де орын-орнын айқындалап берген.

Профессор Қ.Жұбановтың ғылыми ойларында өзіндік қуат, дара ойлау байқалады. Ғалым еңбектерінде сөйлем мүшелерін қазіргіден өзгеше жіктеуді аңғарамыз. Ол бастауыш пен бастауышты «негізгі мүшелер» деп атап, оларды «айқынырақ аңғарту» үшін қолданылатын сөйлем мүшесін айқындауыш дейді. Яғни сөйлемнің іргесі саналатын бастауыш пен баяндауыш «*сөйлем болмайтынды сөйлем болдыру үшін керек*» болса, ал айқындауыш «... сөйлем болмай тұрған сөздерді сөйлем болдыру үшін емес, сөйлем болып тұрған сөз тіркестерінің устіне жамалып, бастауыш пен баяндауыштың мағыналарын бүркінгөйдан гөрі ашиғырақ, айқынырақ аңғарту үшін керек», – деген түсінік береді. Ғалым сөйлем мүшелерін жіктеуде «*сөйлем мүшелерінің мағынасына қарай таптастырғанын*» ашып айтады. Ал айқындауыштың өзі іштей «*жалғаусыз, тура күйде тұрып-ақ айқындауыш болғандарын анықтауыш*»; «*жалғау не жалғауыштың күшімен басқа бір сөзге жетектеліп, соны айқындан тұрған болса, ондайларын толықтауыш*» деп ажыратып көрсетеді. Ғалымның әрбір сөйлемі, яғни әрбір ойы қазіргі кезде бір-бір диссертацияның жүгін арқалаған десек, артық бағалағандық та, әсіре мақтағандық та бола қоймас деп есептейміз.

Профессор Қ.Жұбанов сөйлемді құрамына қарай жалаң және жайылма сөйлем деп жіктейді: «*Негізгі мүшелер гана (бастауышы мен баяндауышы гана) бар да, айқындауыш мүшелері жоқ сөйлемді жалаң сөйлем дейміз.*

Айқындауыш мүшелері де бар болса, сөйлем – жайылма сөйлем болады».

Сонымен қатар қазіргі қазақ тіл біліміндегі толымды және толымсыз сөйлемдерге профессор Қ.Жұбанов: «*Негізгі мүшелері түгел (бастауышы да, баяндауышы да бар) сөйлемді толық сөйлем* дейміз.

Негізгі мүшелерінің (бастауышы мен баяндауышының) не біреуі, не екеуі де жоқ болса, сөйлем олқы сөйлем атанағы», – деп анықтама береді. Ғалым қолданған терминдердің біразы қазіргі қолданыста болғанымен, жасыратыны жоқ, кейбіреулері басқаша аталады. Бірақ бұл – Қ.Жұбановтың қазақ грамматикасындағы ойларының бұрыстығын немесе «шикілігін» білдірмейтіндігі ақиқат.

Дүниедегі қай нәрсенің де түп-төркіні, шығу тегі болады десек, «тіл халықтың пайда болған дәүірінен бастап онымен бірге өмір сүріп, ұлттың өмір сүруінің бір белгісі болып келе жатыр» деген пікірлерді жиі естіміз. Алайда оның түп-төркінін табу, тарихына терендеу – қыынның қыны. Ал профессор Қ.Жұбанов осы қыындықтан қорықпастан, синтаксистік тарихына, яғни сөйлем мүшелерінің тарихына диахрондық талдау жасайды. Ғалым бұл туралы жазба деректер жоқтығын, болса да жетімсіздігін алға тартып, бұл құбылысты жазудың кейінгі дәүірде шыққандығымен байланыстырады. Бірақ ғалым «*осы күнгі тілдің өз тарихы тарихтан көп хабар беретіндігін*» айтады. Ғалым тілдің лексикалық қабаты ала-құла өзгерсе, грамматикалық деңгейдің «*мейлінше шабан*» өзгеретінін айтып, бұл құбылысты «*тілдің тұрақты қатынас құралы болуының орнықты шарты*» деп атайды.

Сөзіміз дәлелдірек болу үшін К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың пікірін келтіре кету артықтық етпес: «Автор қазақ сөйлемінің қалың иірімдеріне бойлай біледі. Қазақ сөйлеміндегі сөздердің қалыпты орын тәртібі болуымен бірге, дағдыдан тыс та сөздердің орналасатынына зор мән береді. Бұл ретте зерттеушінің тарихи салыстырмалы методты басшылыққа алғандығы әжептәуір көмектескендігін айтқан жөн. Құдекең аса көрнекті оқымыстылардың теориялық қағидаларын жете білумен және көптеген тілдерді практикалық жағынан еркін менгерген қабілетімен өзінің әр пікіріне оқырманын еріксіз сендеріп отырады. Автор қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібін синхрондық тұрғыдан ғана қарастырып қоймай, диахрондық әдіспен зерттейді» (5).

Осымен байланысты Қ.Жұбанов сөздердің жалғау және жалғауыш арқылы байланысу амалдарын атайды. Ғалым бұрынғы замандарда сөйлем мүшелерінің байланысы сөздердің ілгері, кейін келу тәртібіне ғана негізделген, яғни аналитикалық тәсіл басым болған; жалғау, жалғауыштар кейін пайда болған, «*сөздердің қосымшалар арқылы ұстастыру – синтаксистік байланыстың жаңа амалы. Біздің қазіргі сөйлеу тілімізде осы екі амалдың екеуі де бар*» дейді. Шынында, қазіргі тілімізде сөздердің синтаксистік байланысуында осы екі тәсіл де айрықша орын алады.

Зерттеуші А.Омарова кандидаттық диссертациясында Қ.Жұбанов «*Көмекші және күрделі етістіктер жөніндегі ескертпелер*» атты мақаласында

қазақ тіліндегі етістіктің төмендегідей негізгі проблемаларын: 1) синтетикалық тілдер қатарына жатқызылып жүрген қазақ тілінің құрылымдық жүйесінде аналитизм элементтерінің де кездесетіндігін; 2) кейбір негізгі етістіктердің курделі етістік құрамында көмекшілік қызметке ауысып, лексикалық мағыналарынан біл жол айырылатындығын көрсеткенін айтады (53, 21).

Проф. Қ.Жұбанов синтаксис тарихына барғанда «*Бұрын бастауыш баяндауыштан соң болған; анықтауыш анықталғыштан кейін келген. Оның мәнісі былай: осы күнгі оқыдым деген сөзіміз бұрын оқы+тұр+мен болып айтылған. Демек, осы күнгі өткен шақтың -ды жүрнагы бұрынғы «тұр» деген сөзден қысқарған*» деген пікірді алғаш айтЫП, бұл пікіріне үйғыр, татар тілдерінен мысал келтіреді. Бұл пікір қазіргі кезде ғылым жолындағы ізденушіге «қаны тамып тұрған» жаңалық бола қоймас. Алайда қазақ тілі жайлы жазылған алғашқы еңбектерде кездесе бермейтін мұндай соны пікір нағыз байқампаздықтан туған қызықты да құнды пәлсапа болатын.

Қ.Жұбанов аталған мысалды келтіре отырып, «*тұр*» сөзіндегі рұдыбысының түсіп қалуына қарап, «*әуел бастағы тұйық буындарда келетін р, л, н дыбыстарының түскіштігін (сусындалы) білуге болады*» дейді. Бұл ойына да *апар*, әкел сөздерінің кірігуі құбылысын, ол, бұл, мен, сен есімдіктерінің септік жалғауларын қабылдағанда *о+ның, бұ+ған, се+нің, ме+нің түрінде қолданылуын* мысал ретінде келтіреді.

Ғалым синтаксис тарихына қатысты жүргізген еңбегінде «жік» (қазіргі – жіктік) жалғауларының шығу тегі есімдіктер болғандығын және бұлай морфологияланудың себебі аяқталған синтаксистік сөйлем-бірліктерден болғандығын, бұлар сөйлемнің тұрлаулы мүшелері бастауыш пен баяндауыш болғандығын алғаш дәлелдейді. «*Синтаксистік құрылымда келгенде бұл сөздердің бәрі де бастауыш болатындығын және ол заманда сөйлемнің бастауыш мүшесі қазіргідей препозицияда емес, постпозицияда тұрғандығын, яғни синтаксистік құрылымның соңында келетіндігін*» қадап айтады. Ғалымның болжамын негізге алсақ, «*қазіргі жалғаулардың бірқатары ерте замандардағы бастауыш қызметін атқарған дербес мағыналы сөздер*». Тереңнен түп тартқан мұндай ойлар мен ережеге бергісіз дәлелдер Қ.Жұбановтың тілдің табиғи тыныс-тіршілігін, өріс-өзегін мейлінше терең сезінген дарынды лингвист екендігін шүбесіз айғақтайды.

Ғалым синтаксис тарихына зерттеу жүргізе келе, мынадай ой түйеді: «*Синтаксистік құрылымнан морфологиялық сөзжасамға ауысқан ежелгі тіркес формалары қазіргі заман синтаксисінің орнын басқан кезде оның өзінен кейін бастауышты ілестіре қоймайтын «қатып қалған» бұлжысмас тәртібі бұзылады*». Себебі дүниеде өзгермейтін ешнэрсе болмайды, бастауыш бар нәрсенің аяғы да болмақ. Ол – табиғат заны. Тіл де адамның табиғи қасиеті. Ол да адамның жұмсауына байланысты өзгереді: туады, дамиды, құлдырайды, жоғалады. Осы табиғи зандылықты негізге алғанда Қ.Жұбановтың айтЫП отырған пікіріне түсінктеме беріп жату артық болар.

Профессор Қ.Жұбанов анықтауыш тарихына қатысты жүргізген зерттеуінде жекелеген сөздердің (қыз, бала-шага, қошқар) тарихын туыс (татар, ұйғыр және т.б.), тіпті туыс емес тілдердің (монгол, қытай және т.б.) материалдары арқылы, алғашқы ғылыми грамматикаларды, сөздіктерді пайдалана отырып айқын дәлелдейді. Ғалым қазіргі біздің кішірейту қосымшасы деп жүрген **-шак**, **-шек**, **-шық**, **-шік** жалғауларын анықталатын сөзден соң тұрган анықтауыштар деп атайды. Мұндай негізді, батыл айтылған пікірге тәнті болмай тұра алмаймыз. Ғалымның жазғандарын Θ.Айтбайдың сөзімен айтсақ, «*дәлелсіз, дамсіз айғайға құрылған құр батылдық ретінде емес, ғылыми негізді тірек еткен дәйекті ой*» ретінде қабылдамасқа титтей де негіз жоқ (63, 35-36).

Профессор Қ.Жұбанов синтаксистің негізгі қағидаты – сөздердің тіркесімділік қабілетін – тереңнен қозғайды. Ғалым сөз мүшелерін, яғни сөздерді «*қалай-солай құрай салғанмен, сөз болмайтынын*», яғни сөз тіркесі немесе сөйлем болмайтынын көрегендіктен айтады. «*Сөз қылып шығару үшін сөз мүшелерін белгілі тәртіппен орналастыру керек. Сөздің әр мүшесінің өзіне арнаулы орны бар. Сол арнаулы орнына қойылмаса, сөз болмайды*». Бұл пікірді сөздердің тіркесуіне, яғни сөз тіркесі синтаксисіне де қатысты айтуға болады, екіншіден, стилистика саласының да нышандары қылаң береді.

Профессор Қ.Жұбанов «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайында» атты еңбегінде сөйлемдерді айтылу сазына қарай *хабар сазды, сұрау сазды* және *леп сазды* деп бөледі. Сөйлемдерді жіктеудегі бұл ұстаным әлі күнге дейін өзгермей, хабарлы, сұраулы және лепті сөйлем деп аталуы ғалымның теориялық тұжырымының нақтылығы мен термин жасаудағы тапқырлығының белгісі іспетті. Ғалым бұл сөйлем түрлеріне анықтама беруде де нақтылық пен байқампаздығын көрсетеді. Бұл пікірімізге хабарлы сөйлемге «*Болған, болып жатқан, немесе болашақ оқиғалардың жайын хабарлай сөйленген болса, сөйлем хабар сазды болады*» деген ойы айғақ бола алады.

Профессор Қ.Жұбанов *хабар сазды, леп сазды, сұрау сазды* сөйлемдердің әртүрлі (хабар беру, қуантқанын, мұнайтқанын, таңдандырғанын, опындырғанын т.т. да қоса білдіргісі келу, сұрап білу) мақсаттарына байланысты ерекшеленетінін дөп басып таниды.

Ғалым сөйлемдерді мағынасына және құрылымына қарай (жай сөйлем, жайылма сөйлем, күрделі сөйлем т.т. немесе леп сазды сөйлем) жіктеудің қас шебері саналады. Ғалым алдыңғы үшеуінің «*муше құрылышы жағынан қарап айырғандығын*», ал соңғысын «*сөйлемнің дауыс құрылышына, әніне, сазына қарай таптастырғанын*» айтады. Осы себепті де құрылышы жағынан бірдей сөйлемдер (яғни жай, жайылма, күрделі) сазы жағынан, яғни дауыс ырғағына қарай түрліше болуы мүмкін. Ғалым мұны «*тек бір нәрсенің өзін еki түрлі өлишеуішпен өлшегендік қана*» деп түсіндіреді. Бұл ойын да ғалым қарапайым салыстыру (ұзын бойлы қараша жігіт) арқылы түсіндіреді.

Профессор Қ.Жұбанов сөйлемдерді таптастыруда (жіктеуде) тек қана мағынаға сүйену дұрыс болмайды дейді. Өйткені «*сөйлемнің мағынасы тек*

дауыс сазы түрленгенде ғана түрленіп отырмайды, сөздері өзгерсе де өзгереді». Ғалымның пікірінше, «сөйлемнің дыбысын қозгасаң да, сөзін қозгасаң да, әнін қозгасаң да, бәрібір, оның мағынасы да осымен бірге қобалжымақ».

Ғалым сұраулы сөйлем мен хабарлы сөйлемнің дауыс сазының түрліш болатындығын дәлелдеген пікірлерін қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің қызметіне қарай үш топқа (негізгі, жетек, анықтаушы), мағынасына қарай төртке (ашық сұрақты білдіретін, альтернативті сұрақты білдіретін, риторикалық сұрақты білдіретін, түрткі сұрақты білдіретін) бөлінетіндігімен сабактастыруға болады. Бұл пікірден қазақ синтаксисі саласында сөйлемдерді жіктеудің алғашқы қағидаттарын көреміз, сол қағидаттардың негізін түсінуге тырысамыз, түсіне отырып, қолдан келгенінше, жетілдіруге үмтүламыз.

Сөйлем тіліміздің, тіпті ұлтымыздың дамуымен жетіліп отыратын өміршең категория саналатын болса (64, 32-35), осындаі күрделі тілдік категорияның заңдылықтарын ашуға шындал ұмтылғандардың бірі профессор Қ.Жұбанов болды. Ғалымның түсіндіруінше, тілдегі қарым-қатынасқа түскен сөздердің мағыналық көрінісін танып қою ғана жеткіліксіз, ол мағына қалайша туындаиды, оған қандай формалардың әсері болады, қысқасы, мағына мен форманың арақатынасын барынша зерттеу қажет.

Профессор Қ.Жұбанов сөйлемдерді құрылымына қарай *жай сөйлем, жайылма сөйлем, күрделі сөйлем* деп жіктегенін жоғарыда айттық. Ғалым бұл сөйлемдердің тілімізде бар екендігін көрсетіп қана қойған жоқ, олардың әрқайсының ғылыми анықтама берді. Қ.Жұбановтың «*сөйлемнің бастауыш мүшесі мен баяндауыш мүшесі ғана болып, тұрлаусыз мүшесі болмаса, оны жалаң сөйлем, ал тұрлаусыз мүшесі болса, жайылма сөйлем болады*» деуін қазақ тіл білімінде жай сөйлем синтаксисіне қатысты айтылған алғашқы ғылыми тұжырымдама деп қараймыз. Ал ғалымның: «*Сөйлемнің бір мүшесі тек жайылма болып қоймай, өзі бір сөйлем болып құралса, өзін сөгіп алып ішін ақтарғанда, бірі бастауыш, бірі баяндауыш болып шықса, ондай сөйлемді күрделі сөйлем дейміз*», – деген түсініктемесі қазақ тіл білімі синтаксисінің құрмалас сөйлемін ғылыми түрғыда танудың бастауы деп есептеуге әбден негіз бар.

Профессор Қ.Жұбановтың жай сөйлем ішінде сұрау есімдігінің сұраулық мағынадан басқа да мәнде қолданылатыны туралы ойы грамматикалық категорияларды дәстүрлі (құрылымдық), сондай-ақ қазіргі прагматикалық бағыттағы зерттеулерге бағдар болды деп айта аламыз.

Әсіресе Қ.Жұбановтың қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемнің табиғатына, құрылымына қатысты ойлары қызығушылық тудырады. Мәселен, бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш мүшелері бар жай сөйлемді еске салатын, демек, соларға көп ұқсастығы бар құрмалас сөйлемнің сыңарларының жарыса (параллельно) байланысқа түскен түрлерін нақты мысалмен көрсетеді де, мұндай жағдайда да жалпылауыш қызметіндегі есімдіктердің болатынын айтады (25, 24-29).

Ғалым қазіргі құрмалас сөйлем атаптын категорияны «*күрделі сөйлем*» деп атап, оның *салалас*, *сабақтас* түрін атайды, салалас сөйлемдерді мағыналарына қарай – *ыңғайлас*, *ереул /қарсылықты/*, *талғама*, *себеп-салдар*, *шарт-жасадай* деп бес түрге бөледі. Ғалым мұндай жіктеумен ғана шектелмей, құрмалас сөйлемдердің түзілу тәртібін ғылыми түрде түсіндіреді.

Ғалым жайылма сөйлемдерді *бастауыш жайылма*, *баяндауыш жайылма*, *септес жайылма* (*Нұрымның о сықылды ісін мен есіткен емеспін*); *іліктес жайылма* (*о сықылды қымбат малдың маган керегі жоқ*); *жсанас жайылма* (*Алматыға бастап келген жылы, ол ілім жұмысынан басқага көніл бөлген жоқ*); *қабыс жайылма* (*Өзі жызылған өкінбес*) деп жіктейді.

Професор Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінде сын есімдену (адъективтену) және заттану (субстантивтену) құбылысын да тұнғыш ажыратып, адъективтенген зат есімдердің мағыналарын топтап көрсетеді. Мысалы, 1) адъективтенген зат есім өзі анықтауыш болатын заттың шығу тегін білдіреді (*темір күрек*); 2) адъективтенген зат есім анықтауыш білдіретін заттың атауын білдіреді (*шай қасық*); 3) адъективтенген зат есім анықтауыш білдіретін затпен ұқсастықты білдіреді (*біз тұмсық*); 4) адъективтенген зат есім анықтауыш білдіретін заттың орналасқан жерін білдіреді (*төс қалта, қойын қалта*).

Ғалым қазіргі тіл біліміндегі бірыңғай сөйлем мүшелерін, жалпылауыш сөздерді, жалғаулықтардың сөз тіркестіру қабілетін таныта отырып, оларды *тектес мүшелер* (*қос тектес, ыңғайлас тектес, таңдама тектес*) деп бөледі. Ғалымда «*иесіз сөйлем*» деген термин кездеседі. Біз бұл терминді қазіргі жақсыз сөйлем деп түсінеміз.

Сонымен, ғалым еңбектерінде сөз тіркесі, сөйлем синтаксисінің – жай және құрмалас сөйлем синтаксисінің алғышарты жасалып, болашақ зерттеулерге соқпақ жасалды. Осы орайда профессор М.Серғалиевтің ғалымға берген мына бағасын келтіруді жөн көрдік: «Оның бұлтартпас логикаға негізделген ойлары мен нәрлі де әрлі тілі, өзінің сөз саптауына тән стилі, заманынан озып, ғылым болашағын ойлайтын асқан білімдарлығы әлі талай ізденістерге үлгі бола беретіні анық» (25, 24-29).

Академик-жазушы М.Әуезов Қ.Жұбановты аса ірі зерттеуші түркологтардың қатарына жатқыза отырып, «қазақ және басқа түркі тілдеріндегі сөздердің орын тәртібін белгілейтін синтаксистік нормаларды және олардың тарихи қалыптасу жолдарын қызықты да тартымды етіп баяндал, өз ойын ешкім теріске шығара алмайтын нақты материалмен дәлелдеп бергендейдін» атап өтеді. Мұнда Қ.Жұбанов «сөздердің орын тәртібінің қазіргі нормаларында ертеректегі тілден қаншалықты ауытқу барын анықтап, сол арқылы түркі тілдерінің құрылымдық ерекшеліктерінен туатын негізгі зандаулықтарды дұрыс түсінуге» мүмкіндік берумен қатар (2, 359), «қазақ тілі сөйлем мүшелерінің тарихын басқа түркі тілдерінен бөліп қарамай, қазақ тілімен бірге өзі еркін игерген түркі халықтары тілдерімен байланыстыра қарап, тарихи салыстырма методты қолданды» (17, 8-13).

Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібін талдаған «Из истории порядка слов в казахском предложении» атты еңбегінде Қ.Жұбанов түркі тілдеріндегі синтаксистік тәртіптердің даму сатысына шолу жасап, анықтауыш сөздер мен анықталушы сөздердің осы күнгі орын тәртіптері (анықтауыш анықталушыдан бұрын тұруы) тіл дамуының бір дәуірінде керісінше болғанын қазақ тілінің фактілерімен дәлелдейді. Бұл өзгерісті ғалым түркі тілдерінің аморфты-синтетикалық құрылышты түрінен агглютинативтік құрылышқа көшу дәуірінде болған ірі оқиға деп топшылайды. Ғалым екі немесе одан да көп сөздердің бірігуінің нәтижесінде жалқы есім болатын құбылысты негізгі зерттеуінің арқауы ете отырып, көп мәселені қозғайды. Анығырақ айтқанда, *Күнсұлу*, *Айсұлу*, *Таңсұлу*, *Күнжарық*, *Айжарық*, *Көзжасақсым*, *Жолғұтты*, *Бөрбасар* тәріздес тіркестердің (қазіргі кезде бір атау ретінде қалыптасқан сөздер – С.Құлманов) мысалында анықтауыш пен анықталатын сөздердің бүгінгі дағдылы қалпында емес, керісінше біріккенін дәлелдейді. Сондай-ақ зерттеушінің екінші бір мысалдарды талдауынан көрініп отырғанындей, бастауыш пен баяндауыштың да орын тәртібі біздің заманымызыға керісінше болып келген. Басқа тілдердің практикалық материалдарын, олар жайында беделді зерттеушілердің тұжырымдарын келтіреді де, етістіктің жіктік жалғауларының бір кезде есімдік болған деген болжамға сенімділік білдіреді (25, 24-29).

Проф. Қ.Жұбановтың аталмыш еңбегіне алғашқылардың бірі болып ғылыми талдау жасаған проф. Т.Жанұзақ ғалымның (Қ.Жұбановтың) *Күнсұлу*, *Таңжарық* тіркестерінің бастауыш пен баяндауыштан тұратын сөйлем бола алмайтындығына дәлел ретінде предикаттық қатынастағы *Жолғұтты*, *Көзжасақсым*, *Атжасақсы*, *Есалан*, *Жылкелді* есімдерінің қалыптасуына тән фонетикалық заңдылықтарды атап, біріккен тұлғалы есімдер синтаксисінің қабаттарынан «грамматиканың жазылмай қалған тарихи беттерін оқимыз» деген пікірін баса айтады. Екі сыңардан біріккен есімдер анықтайтын сөз берілген анықталғыш сөз, толықтайтын сөз берілген толықтанатын сөз, пысықтайтын сөз берілген пысықталатын сөздердің өзара тіркесуі арқылы жасалатындығы белгілі. Мысалы: *Ақбас*, *Ақжан*, *Аққал*, *Қаратай*, *Сарыбай*, *Торайғыр*, *Ақтоқты*, *Ақмарал* тәрізді кісі аттарының бірінші сыңарлары – анықтайтын сөздер де, екіншілері – анықталатын сөздер. Сондай-ақ *Қойбагар*, *Майбасар*, *Таусоғар* тәрізді есімдердің бірінші сыңарлары – тура толықтауыштар.

Бұларға ұқсас кісі есімдері басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Алайда олардың әр кезеңде шыққаны байқалады. Мысалы, VI-XI ғасырларға тән түркі жазбаларында кездесетін біріккен тұлғалы кісі есімдерінің бірінші сыңарлары – *ай*, *күн*, *таң*, *көк*, *теңіз*, *тәңірі*, *барыс* – анықталғыш сөздер. Бірақ олар синтаксистік тәртібі жағынан анықтауыш орында бірінші тұр да, анықтауыш мүшелер екінші сыңар болып анықталғыш орында ауысып келген. Мысалы: *Айсұлу*, *Нұрсұлу*, *Күнсұлу*, *Қызжібек*. Мұндай орналасудың

қазіргі қазақ тілінің грамматикалық нормасына қайшы екендігіне Қ.Жұбановтың мысалдарынан қанығамыз.

Айсұлу, Күнсұлу, Таңсұлу, қыз Құртқа тәрізді әйел аттарында, *Айжарық, Күнжарық, Таңжарық, Күнтуған* тәрізді ер адамдардың есімдерінде ескі сөз тәртібі сақталғанын айтқан проф. Қ.Жұбановтың пікірінше, бұл құранды кісі есімдеріндегі сыңарлардың орын тәртібінің ауысыу кейде грамматикалық заңға, кейде ат қою принципіне негізделген.

Шынында да, Қ.Жұбанов көрсеткен *Айсұлу, Айжарық, Нұрсұлу* текстес кісі есімдерінің сыңарларын қазіргі синтаксистік тәртіп тұрғысынан анықтауыш, анықталғыш мүшелер ретінде қарауга болмайды. Өйткені қазіргі қазақ тілінің заңы бойынша зат есім сөйлемде сын есімнің анықтауышы бола алмайды. Демек, бұл типтегі есімдер синтаксистік көне тәсілдер негізінде жасалған деуге негіз бар.

Қазақ тіліндегі көптеген кісі есімдерінің бірінші не екінші сыңарларында қолданылатын *бай, бек, батыр* сөздері – әрі сын, әрі зат мағынасында жұмсалып, әрі анықтауыш, әрі анықталғыш мүше қызметін атқарады. Ал *сал, сері, көсе, шешен* деген сөздер – семантикасы жағынан сапалық сын есімдер. Қазіргі тілдік нормаға сәйкес олар анықтауыш қызметін атқарып, кісі аттарының соңында келулері керек. Бірақ *Біржан сал, Ақан сері, Алдар көсе, Жиренше шешен* дегенде, керісінше, анықталғыш мүше орнында тұр. Бұлайша қолдану амалы да тіліміздің тарихи өткендегі ерекшелігін көрсетеді.

Проф. Қ.Жұбанов анықтауыш пен анықталғыш мүшелерден тұратын кейбір есімдердің сыңарлары аралығындағы дәнекер дыбыстардың түсіп қалу себебін тұңғыш рет дәлелдеп берген болатын. Мәселен, *Жалғұтты, Жылқыбай, Түйебай, Көзжаксым, Атжаксы, Малыбай, Бөрібасар* тәрізді есімдердің бастапқы нұсқалары: *Жолы құтты, Көзі жақсы, Аты жақсы, Бөрі басар, Жылқылы бай, Түйелі бай, Малды бай* т.б. болғандығын дәйектейді. Фалым біріккен тұлғалы кісі есімдерінің бірсыныра сыңарлары алмакезек ауысып қолданатындығын да мысалдар арқылы көрсетеді. *Құлсары, Құлқара, Байсара, Байқара, Жоламан* деген есімдер керісінше *Сарықұл, Қарақұл, Сарыбай, Қарабай, Аманжол* тұлғасында да кездеседі. Осындай материалдарды індете зерттей келе, профессор Қ.Жұбанов синтаксис заңдылығы біріккен кісі аттарына да тән деген тұжырымға келеді.

Анықтауыштың анықталғыш мүшеден соң келу сәттері кісі аттарында жиі кездесетін себебін айта келіп, проф. Қ.Жұбанов дәстүрлі тіркесіміздегі *батыр Әлтай, ақын Әміре* тәрізді орындарда қазір *Ғаббас сынши, Телқожса инженер, Бекет жолдас, Асқар ақын, Әли агроном* деп айту ұшырасқанымен, тіліміздің грамматикалық тәсілі ретінде сирексігенін атап көрсетті (65, 72-80).

Академик Ә.Қайдар жалпы эпос пен фольклор антропонимдерінде анықтауыштың кейіпкер есімдерінен бұрын да, кейін де (препозитивті, постпозитивті) қолданыла беретін мұндай жағдайларын «көне дәстүр» дейді (66).

Галымдардың пікірінше, кісі аттарын анықтаушы сөздер, мейлі олар таза сын есім немесе бір мезгілде әрі сын есім, әрі зат есім болатын аралас есім, не тіпті нағыз зат есім болған жағдайда да анықталушы мүшелерден кейін, яғни жеке адамдардың әлеуметтік сипатын, табын, тегін, кәсібін білдіретін сөздер ретінде кісі аттарының соңынан тұруы керек. Ал, қазіргі уақытта жеке адамдардың табиғи қасиеттерін сипаттайтын *сұлу*, *таз* т.б. (*Айман сұлу*, *Ғали таз*) ұғымдар өткен заманда әлеуметтік анықтауыштар қатарына жатқызылған болу керек деп қорытады. Демек, кісі аттары (*Айсұлу*, *Қыз Жібек* т.б. тәрізді) – тіл дамуының көне көзі ретінде сакталған архикалық реликтілік құбылыс.

Егер кісі аттарын анықтаушы кәсіптік және әлеуметтік-таптық ұғымдағы сөздер анықталушы сөздің екі жағына да емін-еркін орналасатын болса, тайпалық және тектік-әлеуметтік анықтауыштардың орналасуынан басқаша позиция байқалады. Бұл жерде сөз тәртібі бір ғана үлгіде болады: *арғын Жәнібек, байұлы Сырым, қара Қыпшақ Қобыланды* және т.б.

Ал, адамдарға жеке аттардың қойылу тарихына, генезисіне келетін болсақ, ғылым оның кейінгі кезде шыққан құбылыс екенін анықтап отыр. Қ.Жұбанов қоғам мүшелеріне жеке аттар қойылmas бұрын адамдар өзінің тайпасы мен ұлысының, руының жалпы атын иемденген дейді. Жаңа жағдайларда қоғам мүшелерінің арасында күрделі қарым-қатынастар туыш, жеке адамдардың рөлі көтеріліп, оларды әuletінің атымен атаушылық бірте-бірте қажет болмай қалған. Осыдан келіп әркімді өзінің жеке аттарымен атау дәстүрі қалыптасқан (67, 125-129).

Қ.Жұбанов жеке кісі аты ру аттарымен аталып, *бай*, *сұлу*, *батыр* сияқты анықтауыш сөздердің әрдайым постпозициялық қолданысқа бейім тұруы – олардың негізгі есімі – ру аттары болғандығынан деп пайымдайды. Бірақ, таптық, касталық және басқа да әлеуметтік топтардың түрлерін сипаттайтын сөздердің бұндай категориялары өздерінің мағыналарынан ертерек ажырап қалып, жекелеген адамдардың әрқайсысына тән дербес қасиеттерін білдіру үшін қолданылатын болған. Сөйтіп олар (сұлу, батыр, бай...) атрибутивтік мағынадағы анықтауыш қызметінде жұмсалғандығын көрсетеді. Ол: «*Если и по сей день эти определители обладают силой свободно располагаться по обеим сторонам своих определяемых, то в этом следует лишь видеть борьбу двух синтаксических структур – старой, по которой они должны следовать за определяемыми, и новой, по которой они должны предшествовать им, что с точки зрения современного грамматического мышления казахов воспринимается как превращения их в определения, когда они предшествуют личным именем, и как переход в определяемого, когда они следуют за личными именами*», – деп қорытады (8, 427).

Құдайберген Жұбановтың еңбектерін зерттеп жүрген ғалым Жанна Тектіғұл «Тарихи грамматика танымдары» атты кітабында: «Қ.Жұбанов өзінің «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан» атты еңбегінде (1936) қазіргі аффикстер мен әр алуан көмекші сөздер бірте-бірте негізгі

мағыналарынан айырылып, соған сәйкес дыбыстық өзгеріске ұшыраған түбір сөздерден пайда болған деген ғылымда бұрыннан айтылып жүрген пікірдің дұрыстығын айқын да нақты деректермен дәлелдей отырып, ол мұндай ойдың тууына, яғни ұнді-еуропа тіл білімінің негізін қалаған ғалымдардың алғаш рет флексияның тегі алглютинациядан шыққандығы туралы айтуына себеп болған жағдай – есімдер мен етістіктердің жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен шығуы туралы болжам еді» деп көрсетеді (68, 356).

Құдайберген Қуанұлы «Сөйлем мүшелерінің орналасуындағы, олардың орын тәртібіндегі өзгерістерге себепші болған не және бұл үдеріс қашан болған?» – деген сауал қоя отырып, оған өзі: «Тілдің өмір сүруі, оның ішінде грамматикалық құрылымның сақталу ұзақтығы әдеттегі тарихи оқиғаларды межелейтін он, тіпті жуз жылдық уақыт мөлшерімен өлишенбейді. Бұл мыңдаған жылдардың жемісі», – деп жауап қайырады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті грамматист ғалым Н.Оралбаева Қ.Жұбановтың жоғарыда талданған «Из истории порядка слов в казахском предложении» (1936) еңбегінің ғылымдағы ерекшеліктерін былайша топтап көрсетеді: 1) Бұл – қазақ тіл білімінде тілдің грамматикалық құрылышының жеке мәселесін тарихи түрғыда зерттеген тұңғыш еңбек; 2) Осы зерттеуінде ғалым тарихи-салыстырмалы әдісті қазақ тіл білімінде алғаш рет қолданды; 3) Анықтауыш сөз берілгенде анықталатын сөздің қазіргі орын тәртібі кейін қалыптасқанын дәлелдеді; 4) Осы еңбекте бірсыныра қосымшалардың этимологиясы берілген(69, 21-29).

Ғалым қазақ тіліндегі, сондай-ақ түркі тілдеріндегі анықтауыштың анықтайтын сөздің, толықтауыштың толықтыратын сөздің және барлық сөйлем мүшелерінің баяндауыштың алдында келетін қатаң реті (тек қана адам аттарына қатысты емес – С.Құлманов) бастапқыда бұлай болмаған сияқты дей отырып, бұл ойын мысалдар арқылы дәлелдеуге тырысады, диахрондық зерттеу әдісін пайдаланады. Мысалы, ғалым күн ұзаққа деген сөз тіркесіне талдау жасай отырып, мұндай тіркестердің тілде кездесуі қазақ тіліндегі қазіргі сөз орындары нормаларына қайши норма болған деген қорытынды жасайды. Мұны кейінгі анықтауыштан кейін анықталатын сөз келетін сөз тіркесі тәртібінің басымдық алып, бұрынғы сөз тіркесі ретін «ығыстырып шығаруымен» түсіндіреді және тілдік мұндай құбылысты грамматикалық ойлаумен байланыстырады. Біз бұдан тілдің табиғи дамуындағы тағы бір құбылысты байқаймыз. Бұл – қандай да бір тілдік бірлікті жұмсаудағы «активтену» құбылысы, яғни тілде қолданыстағы бірліктің екінші бір бірліктің жиі жұмсалу нәтижесінде алғашқысын ығыстырып шығаруы. Екіншіден, грамматикалық ойлау қазіргі «грамматикалық концепт» мәселесімен ұштас деп санаймыз.

Ғалым кейбір тұжырымдарын дәлелдеу барысында Орхон жазбаларынан да, көне үйғыр жазуларынан да мысалдар келтіреді және қазақ тіліндегі кейбір топономикалық атаулар құрылымының осы жазбалардан бастау алатынын дәлелдейді.

Профессор Қ.Жұбанов тілдің тағдыры, атап айтқанда, қандай да бір грамматикалық құрылыштың сақталуы мынжылдықтармен өлшенетін тарихи құбылыс деп атап көрсетеді. Ғалым қазақ тілінің тарихында аморфтық-синтетикалық кезең болған және ол агглютинативті құрылышқа өткен болуы керек деген болжам айтады.

Профессор Қ.Жұбанов бірігу (кірігу) екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалады деп көрсетеді. Ғалым мұндай сөзжасам тәсілін тілді өз құралдары арқылы байыттын, терминдер қалыптастырудығы көздердің қатарына жатқызады. Ғалым күрделі сөз жасалу (бірігу) құбылысының негізінен грек және герман тілдерінде, сондай-ақ латын және роман тілдерінде кең тарағанын атайды. Ғалым сөздер біріккенде олардың сыңарлары біртекті болуы, яғни бір ғана тілдің сөзі болуы қажет деген пікірдің ақталмай отырғандығына мысал келтіреді (*терминология* – лат. *terminus* – шек + грек. λογος – сөз).

Ғалым мұндай сөзжасам тәсілінің (негізінен терминдердің жасалуы) қыр-сырына терең үңіледі, әрбір жағдайды (құрылымына, сөздердің бірігудегі орын тәртібіне) мысалдармен нақтылайды. Ғалым әрбір пікіріне дәлел келтіре отырып, неміс, ағылшын, орыс тілдеріндегі күрделі кірікken жасалымдарға нақты мысалдар береді.

Профессор Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі күрделі сөздердің мынадай түрлерін көрсетеді: 1) зат есім + зат есім; 2) сын есім + зат есім; 3) зат есім + етістіктен пайда болған есім; 4) сан есімдер; 5) жалқы есімдер; 6) жаңа сөздер – қысқартулар. Бұл – қазақ тіл білімінің синтаксис саласындағы ғылыми айналысқа енген толыққанды жіктеме болатын. Ал профессор Қ.Жұбановтың семантикалық синтаксис жайындағы идеялары тіл білімінде содан отыз жыл еткен соң ғана бой көрсете бастады.

Профессор Қ.Жұбанов «О построении речи в казахском языке» атты мақаласында «*қазақ тілі басқа түркі тілдері сияқты агглютинативті тілдер тобына жатады, ғұл тілдерде сөзжасам мен сөзөзгерім негіздерге тиісті қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады, мұнда дыбыстық өзгерістер байқалмайды*» дейді. Алайда ғалым агглютинация қазақ тілінде форма тұзудің бірден-бір тәсілі емес деп, қазақ тіліндегі сөз түрлендірудің бір жолы ретінде сөздердің тіркесу формасын, яғни орын тәртібін атайды. Ғалым сөздерді қосымшасыз орын тәртібі арқылы орналастырғанда жаңа мағынаға ие болады деп, оларға мысалдар келтіріп, орыс тіліндегі аудармасымен салғастырады.

Академик Р.Сыздық ғалым мұрасын ыждығаттықпен зерттей отырып, ғалымның Сен көрген қымбат алпауыттан да қызыл құрт Ертай ұстаның Теміrbайдан алған тор бесті аты жақсы деген сөйлемді алғып, жарты баспа табақ бойына сөздердің орнын әр алуан құбылтып отырып талдап, сөйлем ішіндегі сөздердің орналасу тәртібіне қарай мағыналары мен қызметтерінің өзгеретінін дәлелдейтінін айтады. Алайда, академик Р.Сыздықтың айтуынша, ғалымның сөйлем ішіндегі сөздердің тіркесу түрлерінің, яғни орын тәртібінің мәнін тануға бағытталған ғұл жұмысы да аяқталмай қалған (4).

Қ.Жұбанов сөздердің де өздеріне жарасты орын тәртібі болатынын мысалдармен жақсы түсіндіріп, ол сөздер орындарын ауыстырса, сөйлеуші адамның нені, қалай айтып тұрғандығын, яғни оның дәл ойын, эмоциясын бере алатындығын дәлелдеді (59, 100).

Ғалым сөйлемдегі немесе жеке топтағы сөз тіркестері бірнеше сөз бір ғана сөзге бірдей тәуелді болғанда *параллель* және бір сөз екінші сөзге, соңғысы үшінші сөзге тәуелді болғанда *тізбекті* деп аталады дейді.

Сөйлем мүшелері негізгі занға бағына отырып, белгілі бір ретпен орналасады, басыңқы сөз бағыныңқының, анықтауыш анықтайтын сөздің алдында келеді, яғни сөйлемнің соңында баяндауыш орналасады, оның алдында біріншілік мүшелер, олардың әрқайсысының алдында оларға тәуелді екіншілік мүшелер келеді дейді ғалым.

Дегенмен ғалым сөйлем мүшелерінің байланысуындағы мұндай «тәртіп» кейде «бұзылуы» да мүмкін: «*бір ғана сөзге бірдей қатысты және қандай да бір формадағы мүшелер параллель тіркескенде логикалық екпінгеге ғана бағынатын белгілі бір тәртіпке бағынбай-ақ орналасуы мүмкін*».

Ғалымның айтуынша, сөздердің орын тәртібін ауыстыруға болады, алайда оған қандай да бір шарт болуы керек, мысалы, «*параллель орналасқан сөздердің біз олардың барлығына жалғау-журнақ жалғанғанда және әрбір мүшенің қандай сөзге қатысты екендігін білгенде ғана өз қалауымызша орналастыра аламыз*».

Професор Қ.Жұбанов «*қазақ тілінде ешқандай қосымшалары болмай тұрып-ақ қандай да бір сөйлем мүшесі қызметін атқаратын, мағыналары, яғни сөздің орны форма және сөзөзгерім де, сөзжасамдық та қызмет атқаратын сөздер тобы болады*», – дей отырып, алғаш рет сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуына күрделі зерттеу жүргізген. Қатар орналасқан екі сөздің біріншісінде тәуелді болады және бірінші сөздің орны оған қандай да бір форманы «хабарлайды». Сондықтан кейбір қосымшалардың рөлі сөздің орнымен алмастырылғанда септік жалғауларын қолдану артық болады (қымыз ішті, кітап оқыды, қазақ қызы). Расында да солай. Бұл, бір жағынан, синтаксистік үнемдеу зандылығына байланысты болса, екінші жағынан, қазіргі кезде арнайы зерттеу нысаны болған белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық өрісінің ұйымдасу зандылығына байланысты деп санаймыз.

Ғалымның «*сөйлем мүшесіне ешқандай қосымша жалғанбаса, ол кейінгі сөздің тікелей ықпалында, басқаруында болады*», «*параллель мүшелердің арасындағы қосымшасыз сөз ең соңғы орында тұрып, анықталуыш сөзбен көришілес болады*», бұлардың тікелей көришілестігін бұзғанда, оларға тиісті септік жалғаулары жалғануы тиіс болады (қымызды мана ішті, кітапты өзі оқыды, қазақтың ерке қызы)» деген пікірі сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуының негізгі шартты іспетті.

Қазақ тілінде ешқандай қосымшасыз болғанымен, қандай да бір сөйлем мүшесі қызметін атқаратын ерекше сөз табы – сын есім, оның орын тәртібі сөзтүрленім және сөзжасам қызметін атқарады. Сондықтан сын есіммен

білдірілген мұндай сөйлем мүшелері іс-әрекетті анықтайды немесе толықтырады және анықталушы сөздің алдында тұрады. Мұндай сөздердің параллель тіркесуі олардың қызметін анықтауда қындық туғызады, кейбір жағдайларда ерекше интонацияның немесе ерекше көмекші сөздердің көмегінсіз анықтау мүмкін де емес. Ал қандай да бір қосымшасы бар анықтауыштардың параллель тіркесуі оңай болады. Бұлар сөз тіркесі синтаксисінің ғылыми негізін қалаушы профессор Қ.Жұбановтың тыңғылықты зерттеуінің арқасында алған қорытындылары және алғаш айтылған мұндай ой-тұжырымдары қазақ тіл білімінің синтаксис саласының әрі қарай дамуына қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Профессор Қ.Жұбановтың сол кезде әлі ғылыми айналымға түспеген айтқан пікірлердің бірі – *автор сөзі* мен *бөгде сөздің* арақатынасы туралы тұжырымдама. Профессор М.Серғалиев бұл тұжырымдаманың құндылығына: «... бұл тұжырымдар бүгінгі күн тұрғысынан, көз бен құлаққа қанық болғанмен, 20-30-жылдары дүниеге келген теориялық толғамдар ретінде қымбат. Ол қымбаттылығы қазіргі көзқараспен дөп келетіндігінде деп білеміз. Сондай-ақ төл сөздің төлеу сөзге айналуы, одан туатын кейбір мағыналық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды алға тартқан пікірлері тағы да класик ғалымның қаламынан тұғанын айғақтайты», – деп баға береді. Қ.Жұбанов бөгде сөз бен автор сөзін қолдану (*де етістігі*) ретін (баяндауыш – бөгде сөз – *де етістігі*) көрсетіп береді. Ғалым *де етістігінің* басқа да қолданылу жағдайларын мысалдар арқылы көрсеткен (25, 24-29).

Профессор Қ.Жұбанов синтаксис саласындағы күрделі мәселенің бірі – *грамматикадагынемдеу құбылысын* да алғаш айтқан ғалым саналады. Оған ғалымның мына пікірі дәлел бола алады: «*Қазақ тілінде табыс жалғау мен ілік жалғау* кейде *жалғанбай, масаланып тұрады; барыс, шығыс жалғауларда да масалану болады, бірақ бұл сирек кездеседі*». Ал қазіргі кезде бұл құбылыстар поссессивтілік (меншіктік), объектілік-субъектілік, локальдылық/бейлокальдылық функционалдылық категорияларына қатысты жаңа бағытта зерттеліп келеді. Сондықтан мұндай зерттеулерді ғалымның осы орайдағы ойларының заңды жалғастыры деп есептейміз.

Профессор Қ.Есенов «*Ғалымның синтаксис жайындағы ілімі*» атты мақаласында (64, 35) профессор Қ.Жұбановқа «*білімінің терендігі, жанжақты қабілетінің молдығы, үлкен ғалымдығымен қазақ тіл білімінің титаны болып есептеледі*» дей келе, ғалымның синтаксис саласындағы зерттеулері, негізінен алғанда, мына төмендегі мәселелерді қамтиды деп тұжырымдайды:

1. Сөз тіркесі мәселесі автордың айрықша назарында болған. Мұны ғалым «*сөз қыны*» деп атаған. Автор сөз тіркесіндегі бағынушы сөзді «*жетек сөз*», бағындыруши сөзді «*жетекші сөз*» деп атайды.

2. Күрделі сөздер мен атаулардың синтаксисі де ғалымның еңбектерінде сөз болған.

3. Ғалым сөйлемдердің айтылу барысындағы түрлерін саралауға дыбыс сазын басшылықта алған. Осы негізде олар хабар сазды сөйлем, сұрау сазды сөйлем және леп сазды сөйлем болып ажыратылған.

4. Синтаксис саласындағы ғалымның өзіндік бір ерекшелігі оның сөйлем мүшелерін өзара жіктеу барысынан айқын көрінеді. Автор бастауыш, баяндауыштарды негізгі мүшелер деп қарайды да, тұrlаусыз мүшелерді ең алдымен мағыналық белгісіне қарай айқындауыш мүше деп жіктейді.

5. Профессор Қ.Жұбанов сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібіне де айрықша назар аударған. Бұл ретте ол сөйлем мүшелерінің қалыптасқан орын тәртібі бола тұра, кейде одан ауытқушылықтың да кездесіп қалатындығын нақтылы материалдармен дәлелдей береді.

6. Ғалым өз еңбектерінде құрмалас сөйлемді күрделі сөйлем деп атауды ұсынған. Құрмалас сөйлемдерді салалас және сабақтас түрлеріне ажыратып, әрқайсысының жасалу жолдарын көрсеткен.

Тілтаным теориясы туралы тұжырымдар (Қ.Жұбановтың тіл теориясына қатысты пайымдаулары)

XIX және XX ғасырларда тіл туралы ғылымның бір саласы «Жалпы тіл білімі» деп аталды, қазіргі кезде оның орнына «Тіл теориясы» деген атау қолданылуда. Бұл термин «Жалпы тіл білімі» оқулықтарында да аталады. Тіл теориясы оқулықтарында бұрын-соңды қозғалған мәселелердің шешімі шығарылып, жаңа идеялар ұсынылуда. Сонымен қатар теориялық мәселелер (идеялар мен ұстанымдар жүйесі), ғылыми таным әдіснамасы мен әдіс, тәсілдер қамтылады. «Тіл теориясының» (әлеуметтік лингвистика, психолингвистика) мамандық шифры – 10.02.19. Мұнда әлеуметтік лингвистика, психолингвистика т.с.с. тіл білімінің жаңа салалары қамтылады. Ал «Тіл білімі теориясы» курсы – әлемнің жоғары оқу орындарында лингвистикалық пәндер зерттеулерін теориялық қорытындылайтын пән.

Тіл теориясы саласында «пайымдау» сөзі мен «парадигма» термині өз орынын тапқан. «Пайымдау» деген – белгілі бір нэрсенің мән-жайының байыбына бару. Демек, «Қ.Жұбанов пайымдаулары» деген – ғалымның лингвистикалық ой-пікірлері. Ал «парадигма» – ғылымға американдық ғалым Томас Кун (1977) енгізген ұғым. Оның тұсіндіруінде парадигма – белгілі уақыт ішінде өзекті мәселелерді күн тәртібіне қою мен шешудің моделін беретін, жалпы мойындалған ғылыми жетістіктер жиынтығы (70, 5).

Лингвистикалық ізденис стратегиясы даму барысында оның пәнін нақтылаудың өзіндік мәні бар. Бір жағынан, бұрындары дәстүрлі түрде, әсіресе Ф. де Соссюр, И.А.Бодуэн де Куртенэ еңбектерінен кейін, лингвистика пәні *тіл* болып алаңсыз анықталушы еді, кейін, XX ғасырдың сонына қарай, ол (тіл) ғылыми танымның өзге нысандарымен, атап айтқанда, *сөйленім*, *қарым-қатынас*, *іс-әрекет*, *психика*, *мәдениет*, *этноспен* қатынаста қарастырыла бастады. Бұлардың әрқайсысының тілге қатынасы өзінше. Біреулері тілмен генетикалық байланыста болса (сөйленім, қарым-қатынас), енді бірсыптырасы шектестік жағдайдағы байланыста болды. Ол – ол ма, әрқайсысы іштей тармақталады, кейде қарама-қарсылық жағдайда

байланысқан. Әлбетте, мұндай қарама-қарсылық жинала келе, ғылымда түбегейлі өзгерістерге әкеледі. Мұндай өзгерістерді Т.Кун ғылымда таңғаларлық (феноменологиялық) ауысуға әкелетін «ғылыми төңкерістер» – парадигмалар деп атады. Олар идеялар тасқынын жүйелеп, металингвистикалық тұрақтылық пен өзгерістерді болжауға мүмкіндік туғызады. Өкінішке орай, парадигманың орнына қазіргі кезде ғылымда «бағыт», «теория», «тұжырымдама» сияқты терминдерді біліп, білмей қолдану байқалып қалады.

Парадигма – тіл теориясының өзекті арнасы. Парадигма болудың екі шарты бар: біріншіден, ол гуманитарлық білім саласына таралуы тиіс. Мысалы, құрылымдық парадигманы алсақ, ол алғашқыда биологияда, содан соң тарих, лингвистика, әдебиеттану т.б. ғылым түрлеріне тарады. Екіншіден, парадигма деген – өзекті мәселелерді алға тарту мен оны шешудің моделін ұсынатын ғылыми нұсқаулар жиынтығы. Осы ретте парадигма деген атқа гуманитарлық ғылымдарда кең тараған қолданымдық түрдө (функционалдық түрғыдан қарастыру) ие болар еді. Айта кетуге болады, проф. Қ.Жұбанов өзінің «Дәрістерінде» «функциональная семантика (Атқаратын қызметіне қарап затқа ат тағылады)» деген мәселеге тоқталған (71, 96). Бұл қазіргі тіл теориясында қарастырылады.

Жұбановтану ғылымы – кең ауқымды тақырып, ал Қ.Жұбанов пайымдаулары – ғылымның зерттелетін бір қыры. Бұл ғылымның нысаны лингвистикалық, педагогикалық, әдебиеттану т.с.с. сипатты болып келеді. Жұбановтану ғылымы – көпқырлы ғылым, оның лингвистикалық нысаны, қысқа қайырғанда, тіл теориясы, адамның қарым-қатынас құралы, тіл жүйесі және оның сөйленімдік жүзеге асуы.

Проф. Қ.Жұбанов зерттеулерінің қазақ тіліне арналғаны рас, бірақ ол қазақ тілі негізінде тіл теориясына барлау жасаған. Бұған ғалымның зерттеулері дәлел болады. Ол – ол ма, ғалым өзінің «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінде лекциялар» атты еңбегін «...қазақ тілі, оған жақын тілдерді, жалпы тіл ғылымы жүйесін төксерген жұмыстардың жалпылаңқырап алынған, популяр (жария) түрде тізілген ...қорытындысы...» (71, 73) ретінде сипаттайды. Көріп отырғанымыздай, Қ.Жұбанов мұраларын тіл білімі салалары бойынша бағалау керек. Ғалымның мұрасын әлемдік лингвистика даму үрдісімен байланыста қарастырсақ, ол әр қырынан жақұтша жалтырап көрінетіні анық.

Тіл теориясы – әлем үшін қажет, мәні зор аса күрделі ғылым, XXI ғасыр лингвистерінің Қ.Жұбановша сайдайтын реттері байқалады. Мысалы, қазіргі орыс тіл білімпаздары санатындағы В.А.Маслованың 2008 жылы жарық көрген ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы атап – «Современные направления в лингвистике». Демек, тіл білімінің басты бағыты – тілдің жалпы мәселелері: «В центре внимания современных направлений в лингвистике – общие вопросы языка» (72, 3) дейді ол. Ал атақты психолингвист Р.М.Фрумкинаның пайымдауынша: «Быть лингвистом – ... значит размышлять на общие темы» (72, 3).

Қазақ тілі еліміздегі магистранттар мен докторанттардың оқу тілі болғанмен, бұл тілде жаңа сипатты тіл теориясы бойынша оларға арналған оқулық әлі жоқ. Қысқасы, Қ.Жұбановтың тіл теориясы бойынша бастаулары көпшілік тарапынан жалғасын тапқан жоқ.

Ғылым – әлеуметтік институт. Тіл болмысы жөнінде объективті, жүйелі ұйымдастырылған, негізделген білім жасауға бағытталған танымдық қызыметтің ерекше және бірегей түрі – тілтаным. Ал тілтанымның ұйытқысы – лингвистикалық әдіснама, әдіс, амал-тәсілдер, ұстанымдар. Проф. Қ.Жұбанов осы мәселеге ерекше мән берген: «*Ғылым да – адам санасының жемісі, адам тәжірибесінің қорытындысы, – дейді. – Бұл уақытқа шейін көрнекі орын ұстап келген тіл ғылымы үнді-европа тілдерін зерттеген, сол зерттеу ісінде белгілі «әдіс тудырган» ғылым. Бұл кезге шейін басқа тілдерді зерттеушілер де осы үнді-европа тіл ғылымының басшылығымен, осының әдісімен зерттегендіктен, бұлардың әдісін де үнді-европашыл әдіс деп атайды»* (71, 45-46), – деген еді. Ғалым өзіне дейін арнағы сөз болмаған осы бір мәселелерге көпшілік назарын аударған. Ол «*Төреқұлұлы Нәзір «Жат сөздер туралы» кітапшасында тұтынған методологиясымен өзінен бұрынғылардан ұзап кете алмады», – деп атап көрсетті. Сондай-ақ үнді-европа тіл білімінің негізін салушы Франц Боппқа әділ баға береді, «*унді-европа тіл ілімі жуз жыл бойы дыбыстарды ғана тексерді, онда да дұрыс қорытынды шығара алмады*», – деді.*

XXI ғасырдың Тіл біліміне кіріспесінде «халық тілі» термині қолданылады: «язык (народности и нации) – совокупность диалектов, языковые различия между которыми» могут определяться как собственно лингвистическими, так и социальными факторами». Міне, бұл да Қ.Жұбановша сөйлеу.

Тілдің даму заңдылықтары мен тілдік өзгерістерге әсер ететін ішкі, сыртқы себептер мен себепкерлер болатынын ғалым дұрыс пайымдайды. Осы ретте ол қоғам мен тілдің өзара байланысу, бір-біріне тәуелді болу заңдылықтарын әдістемелік (методология) қағида ретінде басшылыққа алған, әртүрлі әдістер қолдана отырып, материалдар жинаиды, оларды сұрыптайды, топтайды, солардың негізінде теориялық тұжырым жасайды.

Ғалымның жалпы тіл білімі теориясын дамытарлық тұжырымдары тіл, сөз, сөйлеу, сөз бен ой, сөйлем туралы ғылыми-теориялық пайымдауларынан көрініс береді.

Қ.Жұбановтың пайымдауынша: «*Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты*». Кез келген тілге тән әмбебап белгі – сөз, көріп отырмыз, сөздің атаулық қызыметінен туындаған.

Арнаулы әдебиетте сөзге мынадай анықтама беріледі: «Слово – основная структурно-семантическая единица языка, служащая для именования предметов и их свойства, явлений, отношений действительности, обладающая совокупностью семантических, фонетических и грамматических признаков, специфичных для каждого языка» (73, 464). Осы анықтамаға

Қ.Жұбановтың «сөзге» берген анықтамасын «Алайда» сөзін қосып ілестіре берсе, өте орынды болар еді.

Қазіргі жалпы тіл білімі оқулықтары мен бағдарламаларында тіл **қызметі, сөз қызметі, сөйлем қызметі** деген мәселелер арнайы қозғала бермейді. Ал профессор Қ.Жұбанов бұл жайларды әдейі әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан сөз еткен. Ол: «*Tіл адамдар арасында, ол – адамның өз ойын жеткізу, сөйлесу құралы*», – дейді. Ғалым тілдің атқаратын қызметін бұдан басқаша да баян еткен. Қ.Жұбанов арнайы сөз еткен (өзі қойған) тақырып – **«Сөз өзгешілігі мен сөз қызметі»**. Ғалымның тұжырымы: «*Tіл элементі атау қызметін өтесе, сөз болғаны; егер хабар беру қызметін өтесе, сөйлем болғаны. Бұл келтірілген екі түрлі өзгеше қасиет барлық сөздерге де тән, өйткені олар әрі номинативтік, әрі коммуникациялық қызмет атқарады. Сөздің бір басында екі функция (қызмет) болады: бірінші – хабар беру қызметі, коммуникация функциясы; екінші – таңбалай қызметі, норматив функция не сигнификация*» (71, 99).

«*Сөз хабарласу үшін керек, егер осы керекке жарамаса, ол – сөз емес*», – дейді. *Сөйлеу хабарласқанда, әр нәрсенің аттарын (номинативтерді) құрап, хабар беріледі. Осылайша номинативтерден құралмай жасалған хабар жсоқ. Ат болмаса сөз де болмайды*» (71, 99)

Профессор Қ.Жұбановша: «*Әр сөз – өз алдына жеке ұғым (представление)*». Ол «... сөз дегеніміз – заттың (құбылыстың) аты + байланысу құралы. Сөз заттың атын ғана емес, басқа нәрсе мен құбылыстарға қандай қатынасы барлығын қоса білдіретін сілтеулер; сөз жалаң ұғым емес, курделі ұғым. Сілтеу амалы мен сөздің басқаларға қарым-қатынастары тіл-тілде түрліше болуы мүмкін» (71, 107), – дейді. Сонымен қатар ғалым сөз беру ойдың сәйкес келмейтін реттерін (ақылсыз адамды «осы кісі ақылды!» деу), үндемей сөйлеу тәсілі де болатынын (сталиндік конституция жөнінде шет мемлекеттерінің үндемей қалуы – сынаудың бір түрі) байқатқан.

Ғалым **сөз қызметіне** байланысты былай дейді: «*Tілдің өзіндік өзгешелігі – затқа ат қою, ол аттарды бір-бірінен айыру. Мысалы: жылқы – түйе емес, қой – сиыр емес, сиыр – жылқы емес. Атаулардың мағынасын осылайша айыруды – сигнификация дейміз. Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Бұл атаптандар – тілдің негізгі өзгешеліктері. Тілдегі осы айтылған ат қою мүмкіншілігін номинация дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз*» (71, 99).

Проф. Қ.Жұбанов «**Атты неге қоямыз?**» деген сұрақ береді де, өз сұрағына өзі «*Оны заттардың өздері жсоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз*», – деп жауап қатады және әрі қарай «*нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызды болса, онда сөзді шығын қылмай-ақ ымдан өте шыгар едік, сонымен де бірталай хабар берер едік*», – деп сөзін аяқтайды. Бұдан әрі «...тілде заттың ұғымы бар, мәні (сущносты) жсоқ» (71, 100) деген тұжырым жасайды.

Неге атау әр түрлі болып келеді? Бұған Қ.Жұбанов «Қазақ тілінің жоғарғы курсы» («Дәрістері») бойынша арнайы берілген «Функциональная семантика» (Атқаратын қызметіне қарап затқа ат тағылады)» деген тақырыпта былай жауап берген: «*Құбылыс көп және олар әр түрлі; бір халық оның, бір заттың бір сипаттың біліп, екінші жағын білмейді; мұның үстінен біреуін көп, екіншісін аз біледі. Содан келіп атауда түрлілік, көптік туады*». Ғалымның «Зат пен құбылысқа тағылатын аттардың қалай пайды болуы мен олардың мағыналарының өршүі» жөніндегі пайымдауларында әлем тілдері семантикасына ортақ қасиеттер де сипатталады.

«*Сөйлеу дегеніміз – белгілі бір заттың, істің сыйпаттың аттарын белгілі тәртіппен тізіп, бірімен-бірін байланыстырып барып, солар арқылы хабар беру*», – деген тұжырымы әбден дұрыс дегіміз келеді.

Қ.Жұбанов, сонымен қатар, лексика, семасиология, синтагматика, грамматика т.с.с. бірсыныра лингвистикалық ұғымдарға дұрыс түсінік берген.

Ғалымның шығармашылық еңбектерінен біз байқаған *басты ерекшелік*сол – ғалым ана тілі мәселесін сөз ету үшін *әдетте тіл-тілге тән әмбебап заңдылықтар қандай – соны алдымен сөз етеді* де, содан кейін оны қазақ тілі материалымен ұштастырады. Мысалы, ғалым «Бұын жігін қалай табуға болады?» деген еңбек жазғанда алдымен «1. Бұын жүйесінің маңызы» деген мәселені қытай, араб, еврей тілдерін тілге тиек ете отырып, уақыт факторымен байланыста алып баяндайды. Содан кейін «2. Біздегі буын түрлері», одан әрі «3.Бұын жігі қайткенде оңай табылады?» деген тақырыпта ой толғап, кенес береді.

Жалпы алғанда, ғалым **адам** мен **тілдің, адам** мен **лингвистиканың** байланысу тетігін көре білді. Мәселен, адамның өз тіліне әсер ете алатынын дұрыс түсіндіреді: «Человек, как активное животное, могущее воздействовать на свою жизнь, может активно воздействовать и на свой язык, но для этого требуется не только одна письменность, а целый ряд социально-экономических условий ...», – дейді ғалым. Бұл айтып отырғаны – тіл дамытуға әсер ететін әлеуметтік факторлар.

Ғалымның **семиотикалық тұрғыдан**, тілді таңба ретінде сипаттау жөнінде де өз пікірі болмаса: «Сонау Аристотельден бастап, көпке аян болған, осы күнге дейін буржуазия ғалымдары қайталап айтып келе жатқан қисын бойынша тіл дегеніміз шартты таңба ғана болып табылады. Олай болса, біз айтып отырған табиғи тілден басқа хабарласу амалдарының бәрін де тіл ретінде тануымыз керек болмай ма?!» – деген сауал қоймас еді. Демек, Қ.Жұбановша, тілді таңба ретінде сипаттауды нақтыламақ керек.

Күллі тіл атаулының даму **тарихында** ортақ белгілер болуы да заңдылық, бұл – жалпы тіл білімі құзырындағы мәселе. Проф. Қ.Жұбанов пайымдауында, тіл тарихын білу жалаң мақсат емес, тілді менгеру мен өзгерту үшін керек: «*Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Элбетте, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшыраганын білу керек. Бұрынғыны білу жай әшейін мақсат емес, тілді*

менгерудің амалы», – дейді ғалым. Қ.Жұбановтың ойынша: «Біз тілді менгеріп болғанымыз жоқ, толық менгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз». Демек, мемлекеттік тілдің, әсіресе оның ішкі құрылышын (мысалы, термин қоры мен жүйесін) тиісті дәрежеде дамыта алмай келе жатқанымыздың бір белгісі, әлеуметтік қажеттілікке сай, толық менгерге алмағанымыз. Қазақ тілі жүйесін ғылыми түрғыда толық менгерге алмауымыз жоғары оқу орындарының қазақ тілін оқыту ісін жетілдіруді қажет ететінін андатады.

Ғалымның «Қазақ тілі ғылымын бір адам ғана жасайды алмайды, бір мезгілде ғана ол жасалмайды. Бұл – көп күш, көп қол, көп уақыт керек қылады...» деген пікірінен жеке тіл ғылымы жөніндегі тұжырымның жалпы тіл біліміне енгізуге болатыны туындағанын байқау қын болмаса керек.

Тіл мен жас ерекшелігі байланысы – әлеуметтік лингвистиканың мәселесі. Тіл мен жас мәселесі қазақ тіл білімінде өзара байланыста арнайы зерттелмеген, қаралмаған, бірақ бұл тақырыпты алғашқы мензегендердің бірі – Құдайберген Жұбанов. Ғалым «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекцияларында» («Қазақ тілінің фонетикасы» кесегінде) тіл мен ұлт, тіл мен ұлтшылдық, тіл мен жастар мәселелері байланысын қозғайды. Қ.Жұбанов сияқты, қазіргі тіл теориясы да адам мен тілдің жас ерекшелігін өзара байланысты қарастырады.

Баршаға белгілі швейцар лингвисті Фердинанд де Соссюрдің (1857-1913) «Жалпы лингвистика курсы» атты еңбегі ғалым дүниеден озғаннан кейін 1913 жылы жарық көрді. Әлемдік лингвистика бойынша алғанда, тұнғыш рет осы еңбекте тіл мәнбірлерін талдау жүйелі түрғыда жүзеге асты. Замандастары мұны түсіне алмай, сынаумен болды. Өйткені олар жаңалықты түсінбей, замандастының лингвистикалық идеялары түрғысынан бағалады. Құдайберген Жұбанов Соссюрді жақсы түсінді, оның атына әділ сын пікір де айтқан.

Ф. де Соссюрше «тіл – әлеуметтік мәнбір» (француз тілінен аударылған орысшасы: «язык есть факт социальный»). Алайда «Курстың» соңғы қорытынды сөйлемі: «лингвистиканың бірден-бір және ақиқат нысаны іштей өзінше және өзі үшін қарастырылатын тіл» («...основной мыслью этого курса: единственным и истинным объектом лингвистики является язык, рассматриваемый в самом себе и для себя»), – деп аяқталады.

Профессор Қ.Жұбанов «*тіл білімінде әлеуметтік бағыт ұстаған әйгілі Женева мектебі деген көрнекті мектептің адамы. Ф. де Соссюр – «синхроническое языкознание» деген бағыттың негізін салған ғалым. Аталған бағыт тілдің бір дәуірдегі қалпын ғана қарайды. Осы идеяга берілген ғалым әр заманда тіл жүйесі әр басқа болады деген жаңсақ көзқараста болды. Оның қателігі тілді еш уақыт өзгермейтін қатып қалған зат деген түсініктен тұған», – дейді.*

Бұдан әрі проф. Қ.Жұбанов өз еңбектерінде «синхроника», диахроника мәселелеріне тоқталады. Ғалым сөзінің дұрыстығы сол – қазіргі тілтаным оқулықтарында тілдің тарихи дамуының белгілі бір кезеңдеріндегі қалпы

(синхрония) да, тіл жүйесінің тарихи дамуын тілді оның уақыт шеңберіндегі даму үрдісінде (диахрония) қарастырған.

ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап Соссюор ізімен өз бетінше зерттеуді ұсынғандарға, тіл болмысының сыртқы жағдайымен шектелушілерге әлеуметтік лингвистика тұрғысынан, сондай-ақ американдық структурализмге тіл әлеуметтік құбылыш ретінде сипатталып теориялық тойтарыс берілді, тілді «өзінше және өзі үшін» зерттеуге болмайтыны дәлелденді. Сондай-ақ тіл – таңба жүйесі, ал таңба жүйесі тек қана өзгереді, дами да алмайды, жетіле де алмайды деген «тұжырымдама» да құрықталды. Осы ретте тілді халықпен, шындық өмірмен байланыстыра зерттеген, тілдің әлеуметтік табиғатын аша білген Кеңес социолингвистерінің енбегін атап көрсету керек (74).

ХХ ғасыр лингвистикасының парадигмалары Ф. де Соссюрден бастау алған тілді құрылымдық бірліктерден (элементтерден) тұратын таңбалық жүйе ретінде қарастыратын, яғни пәні «тіл» болып есептелген құрылымдық лингвистика (структуральная лингвистика) ілімінен бастау алғанымен, осы ғасырдың жартысында тіл лингвистикасы зерттеулері орнын сөйленім лингвистикасы (лингвистика речи) зерттеулері басты.

Қазіргі тіл туралы ғылым сөйленім лингвистиканың жалпы және ортақ пәнін анықтау жолында ізденісте. Ізденіс үстінде «Адам қатынасының мақсаты қандай, тілді не үшін қолданады?» деген сұрақ қойылуда.

Проф. Қ.Жұбанов бұл сұраққа сол кездің өзінде дәл қазіргі психолингвистике, социолингвистике жауап берген болатын: «*Tіl – bіr адам үшін керек емес, тіл жеке адам үшін жасалған нәрсе*». *Tіl деген не?* дегендеге алдымен осыны ескеру керек», – дейді ол.

«*Bіr тілмен сөйлесу үшін адамдар бір-бірімен арасынан болуы керек, істес болуы керек*», – деген еді ғалым.

«Біздің бірөңкей қазақша сөйлеуіміз неліктен?» деген сұрақ қойып, оған «*кол атамыз біr болғандықтан емес. Ата-тегі түрліше болса да, біr тілде сөйлейтіндер аз емес...*», – дей келе, «...тіл бірлігі неден?» деген сұрақ қойып, оған «*Адам – қогамның үйіншігі емес, үжым. Мұны ескеру қажет*», – деп тағы да социолингвистике жауап береді.

Қазақстанның тілдік даму стратегиясын жүзеге асыру тетіктерін жасау барысында, атап айтқанда, қазақ-орыс-ағылшын үштілділігін дамыту, жаңа әліпбіге көшу қайшылықсыз болуы үшін Қ.Жұбановтың лингвистикалық пайымдаулары ескерілуі тиіс.

Қазақ ғалымы үндіеуропа тілдері ғана емес, басқа тілдер жанұясына жататын ондаған тілдер материалдарын, тіл тарихымен байланысты материалдарды молынан пайдаланып, жаңа пайымдаулар ұсынды. Сондықтан да жаңа мыңжылдықтың салыстырмалы-тарихи тіл білімі Қ.Жұбанов зерттеулерімен үндес. Проф. Қ.Жұбанов идеялары ықпал етпеген бұрын-сонды қазақ тілі білімпаздары болмаса керек. Ал тіл теориясы бойынша оған оның тұстастары да, кейінгі буын тілшілер де қарыздар десек, еш артық айтқандық болмайды. Қазақ «сын түзелмей, мін түзелмейді» дейді.

Қ.Жұбанов идеяларымен қаруланған бүгінгі ұрпақ әлемдік тіл теориясына қазақ тілі материалдары негізінде өз үлесін қосары анық.

Бір айта кететін нәрсе – Қ.Жұбанов еңбектері үнемі «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген атпен жариялануда. Бұл – дұрыс емес. Ғалымның өзі айтпай ма: «... *Мұндағы жазылғандар ... қазақ тілі, оған жақын тілдерді, жалпы тіл ғылымы жүйесін тексерген жұмыстардың... қорытындысы еді*». Ендеше, Қ.Жұбановтың келесі еңбектер жинағы «Қазақ тілі және жалпы тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер» деп аталуы тиіс. Ғалымның келесі жинағында қолжазбалары мен қолтаңбалары (автографтары) толық қамтылуы тиіс, соның негізінде «Қ.Жұбанов тілі сөздігі» жарияланса әбден дұрыс болар еді.

XIX ғасырдың басынан (1816) жаңа бағытта даму бағытын анықтаған әлемдік тіл білімі өткен ғасырда жаңаша қарқын алды, ал XXI ғасырда білім үлгісі (парадигмасы) ауысуы барысында жан-жақты дамуда.

Баршаға аян, XX ғасырда ұлттық тіл білімінің ғылыми негізін салған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов отандық жалпы тіл білімінің көзін ашты және оның пайымдаулары XXI ғасыр тілтанымына тамырын жайды. Ғалымның салыстырмалы-тарихи лингвистикалық пайымдаулары тарихи ұстанымға негізделген *лингвистикалық компаративизм* парадигмасына, керек десеңіз, қалыптасу үстіндегі *жүйелі-құрылымдық* парадигмаға дөп келеді. Ғұлама еңбектері қазақ тілі, түркі тілдері мен шетел тілдері материалдарына негізделген пайымдауларға мол қаныққан, оның *біртұтастық* пен *жүйеліліккекүрлі* еңбектері – осы тұжырымының кепілі. Сонымен қатар Қ.Жұбановтың пайымдаулары мен атауга байланысты тұжырымдары бүгінгі әлем тіл білімінде белгі бере бастаған *когнитивтік парадигмага* ұласады. (Айта кетелік, бұған ғалымның «Тіл дыбыстарының табиғатын қалай танып келдік, қалай тануға тиіспіз?», «Тіл дыбыстарын бұлай танып келуіміздің себептері» деген дәрістері толық дәлел бола алады).

Қорыта айтқанда, Қ. Жұбановтың теориялық пайымдаулары *лингвистикалық ілімдер тарихына* енгізіліп, қазіргі тіл теориясы елегінен өткізуі тиіс. Ғалымның пайымдаулары XXI ғасырда жарық көрген зерттеулер мен оқулық тұжырымдарымен салыстырылса, сөз сарасының шынайылық деңгейі айқын анықталады.

Толғауы тоқсан термин сөз (Қ.Жұбановтың терминология саласындағы еңбектері жайында)

Жалпы тіл атауларының қоғам өмірінде атқаруға тиісті басты қызметтерінің бірі – оның ғылым тіліне айналуы деген есептесек, бұл қасиет те белгілі бір даму сатысына тән құбылыс екенін мойындау керек. Қазақ тілінің даму тарихына үңілгенде де біз осында жайды аңғарамыз.

Тілдің ғылымға қызмет етерлік қабілеті болу үшін тіл иесі сол халық ғылымының сан тармағын дамытуға тиіс. Ал ғылымды дамытамын деген ел,

ең алдымен, оның неше алуан ұғымын, түсініктерін нақты өрнектейтін арнайы лексикасын қалыптастырады. Әрине, бұл – әрбір тілдің өз мүмкіндігінен туындаған жататын занды құбылыс. Бұл арнайы лексика деп отырғанымыз – тілдің терминологиялық жүйесі. Әрбір тіл өз терминологиялық жүйесін жасау мен қалыптастыруды әр алуан кезеңдерді бастан өткізеді. Қазақ тілі де солай.

Сөйтіп, қазақ тілінің терминологиялық жүйесін сөз еткенде, біз осы проблеманың тууына, жасалуына, қалыптасуына тікелей қатысы болған, бастауда тұрған, негізін салған екі алыпты, ең алдымен, еске алуға міндеттіміз. Біріншісі – Ахмет Байтұрсынұлы да, екіншісі – Құдайберген Жұбанов.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі мен әдебиеті терминдерін жасап қалыптастыруши болса, іле-шала бұның ғылыми проблемаларын сөз етіп, оны ғылым объектісіне айналдырыған Қ.Жұбанов деуге болады.

Бұғінгі қазақ терминологиясының дамып, қалыптасуында Қ.Қ.Жұбановтың алатын оны ерекше. Ерекше болатыны ғылым тармақтары енді-енді ерекшеленіп, айқындала бастаған тұсының өзінде европаша арнайы білім алған, сөйтіп қазақ тілі білімінің мәселелерін кезінде ғылыми тұрғыда жүйелеп қарастыра бастаған одан басқа маман лингвист бола қойған жоқ. Бұл – бір.

Екіншіден, алып А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде терминдердің алуан түрін жасап, өзі жазған оқу құралдарын ендіріп, қолданысқа қосып кетсе, зерек Қ.Жұбанов сол терминжасамның принциптерін саралап, ғылыми тұрғыда негіздел берді.

Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден бір күрделі қабаты. Сонау 30-жылдардың өзінде-ақ Қ.Жұбанов: «*Казахское языкознание лишь начинает оформляться в качестве самостоятельной науки. И как всякая наука, он может завершить стадию своего оформление не на базе общих абстрактных схем, а путем разработки отдельных проблем, чтобы из этих конкретных разработок складывалась наука о казахском языке*», – деп жазған болатын (8, 273).

Қ.Жұбановтың осы терминология мен орфография мәселесіне айрықша назар аударуы жайдан жай емес. «*Осы терминология мен орфография барлық дамуши тілдердің негізгі элементтерін құрайды*», – дейді ғалым. Шынымен де, терминологияны күні бұғінге дейін қазақ әдеби тілдің тірек тұлғасыныңбірі екеніне көзіміз жетіп отыр.

Қазақтың ғылым тілін жасауға зор септігін тигізген Қ.Жұбанов бұл салаға неше алуан практикалық тәжірибе жинап, теориялық тұжырымдарды ой елегінен өткізе отырып келген болатын. Оның қазақ терминологиясымен айналысы 1925-1935 жылдар арасына жетелейді. Бұған негізгі себептің бірі оның 1933 жылы Мемлекеттік термин комиссиясына төраға болуымен байланысты. Ол жазу мен терминология мәселесіне нақты қадағалап, бір орталықтан басқарып, ұйымдастырып отырмайынша, нәтиже болмайтынын ерте түсінген.

1935 жылы Мәскеуде академик Е.А.Чаплыгин мен проф. Д.С.Лоттенің бастауымен Одақтық Академия жанынан Ғылыми техникалық терминология комитеті құрылды. Дәл осы 1935 жылы біздің автономиялы Республикамыздың Халық Комиссарлар Кеңесінің жанынан Мемлекеттік термин комиссиясы (Мемтерминком) құрылды. Осы комиссияның құрылуына себепкер болған Қ.Жұбанов оның тұңғыш төрағасы болып тағайындалды. Міне, осы кезеңнен бастап Қазақстанда терминология мәселелері жүйелі түрде, жоспарлы жұмыс ынғайында жүргізіле бастады.

Көрнекті қазақ зиялыштары ұлттық практикалық тілді қалыптастырумен кеңес дәуірінің алғашқы кезінен бастап айналыса бастаған. Оның ішінде Қ.Жұбанов, М.Әуезов, С.Асфендияров, Б.Беремжанов, Ә.Ермеков және басқа әртүрлі ғалымдар болатын. Кейін М.Әуезовтің өзі «қазақ лингвистикасының атасы» атаған профессор Қ.Жұбанов туралы естелігінде «*Құдайберген өз мақалаларының тұмас бір сериясын практикалық тіл білімінің мәселелеріне – орфографияга, терминологияга, қазақ тілін оқыту методикасына арнады*», – деп атап көрсеткен (2, 359). Тілдің даму деңгейінің негізгі көрсеткішінің бірі сол тілдің ғылым мен техника тіліне қаншалықты енгендігі болып табылады. Ал ғылым мен техника тілі термин-атаулардан басталады.

Қазіргі ғылым мен техника дамуының бастауы да, шарықтау деңгейі де еуропалық елдер халқымен байланысты және оның негізі ежелгі грек пен латын тілдерінде, қала берді ағылшынша, немісше, французша, орысша берілген. Ал ғылым мен техника тілінің қазақша қалыптасуына халқымыздың тарихи тағдырына байланысты осы тілдердің әсері болмай қойған жоқ. Бұл жерде үш жұз жылдық бодандық кезде, әсіресе, кеңес дәуірінде қазақ тілінің дамуына орыс тілінің «жетекшілік еткені» тарихи аңы шындық екенін мойындаған жөн. Қазақтың патшалық Ресейге бодандық дәуірінде ғылым мен техника терминдері орыс тілінде қалай берілсе, қазақша да солай алынып келгені сол кездегі қазақша басылымдардан белгілі. Кейін осы ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақ елі Кеңес Одағының қарамағында Автономия алған алғашқы кезеңде ғылым мен техника тілін қазақша сөйлетуге қазақ зиялыштары жағынан үлкен құлышыныс болғаны анық. Мұндай жағдай ғылымның барлық салаларында болды.

Сол кездегі негізгі ерекшелік барлық терминдердің қазақша баламаларын орнықтыру болып табылады. Мұндай ерекшелікті физика-математика саласы бойынша К.Жаленовтың «Есептану» (2-бөлім, Ташкент, 1920), С.Қожановтың «Есептану» (1-бөлім, Ташкент, 1924), Е.Омарұлының «Пішіндеме» (2-кітап, Қызылорда, 1928), Қ.Сәтпаевтың «Алгебра» (Қолжазба, 1919-1924 жылдары арабша графикамен, 1929 жылы латын әліпбіймен басылған), Ә.Ермековтің «Ұлы математика», «Аналитикалық геометрия» (1928) еңбектерінен байқалды. Сөйтіп, отызыншы жылдар қарсаңында ғылыми-техникалық терминдер әр автордың қалауынша аударылып, бір термин бірнеше қазақша атауға ие болды; терминдерді аудару барысында, жазылуы мен дыбысталуында қазақ тілінің емле ережесі, нормасы сақталмады; терминдердің қазақша балама дәлдігі болмады. Міне,

осы жағдай отызыншы жылдардың басында қазақша ғылыми-техникалық терминдерді түзуді ғылыми негізде жүйелік пен бірізділікке салу мәселесі тұрды.

1935 жылы Мәдениет саласы қызметкерлерінің бүкілқазақстандық құрылтайы (съезі) ашылар қарсаңында Қ.Жұбановтың жетекшілігімен Мемлекеттік термин комиссиясы бюллетенінің 4 саны жарық көрді. Бұл төртеуінде жарияланған 17 зерттеу мақаланың 7-8-і, яғни тең жартысы термин мәселесіне бағышталған. Емле, әліппе, әріп жөніндегі мақалалардың өзінде термин сөзге соқпай кететіні жоқ.

Бюллетенің 1-санында терминология мен орфографияға қатысты бірнеше материал басылған. Олардың қайсыбірінің қазақша-орысша нұсқасы қатар беріледі де, қайсыбіреуі ана тілінде ғана жарияланған. Біздіңше, мұның мынадай себептері болған тәрізді. Біріншіден, саяси мәні ерекше сауаттылық әлемінде жасалып жатқан мұндай шаралардың деңгейін бүкілодақтық дәрежеге көтеру болса, екіншіден, айтулы ғұламалардың, партия-кеңес қызметкерлерінің және оқу-ағарту ісіндегі мамандардың мағлұматының кеңеуіне жол ашу.

Қалай болғанда да, сол кезеңнің өресінен қарағанда, материалдардың осындай тәртіппен берілуі өзін-өзі ақтады деп білеміз. Мәселен, осы алғашкы санының өзінде «Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы» /Термины казахского литературного языка/ деген атпен мақала екі тілде берілсе, «К пересмотру казахской орфографии» мақаласы орысша жарияланған. Бұл аталған дүниelerдің авторы – Қ.Жұбанов. Ал «Теріс жазуға емле себепші болмасын» (К.Бегалин), «Қосар ма, дара ма?» (Жұбанұлы Құдайберген) және «Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне кіргізілетін өзгерістердің жобасы» дейтін материалдар қазақ тілінде басылыпты.

2-санында «О специфике слов-терминов», «Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка» сиякты орыс тіліндегі мақалалар, сондай-ақ қазақ тілінде жазылған «Математика терминдері жөнінде», «Физика терминдері жайынан» тәрізді мақалалар басылған.

3-санында өткен 2-санда жарияланған «О специфике слов-терминов» деген мақаланың қазақшасы («Термин-сөздердің спецификасы жөнінде») берілген. Соған қоса дүнгөн орфографиясы жөнінде Цунвазаның жобасы басылған.

Бюллетенің соңғы 4-санындағы материалдар тек қана қазақша. Олар мыналар: «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайы» (Қ.Жұбанов), «Емле, әліппені өзгерту, дұрыстай жөніндегі Жоба» (Аманжолұлы Сәрсен), «Әріп, емле, термин мәселелеріндегі негізгі таяныш-тірегіміз не болуы жөн?» (Басымұлы Қажым), «Терминдер туралы».

Сонда бюллетенің төрт санында жарияланған ғылыми мақалалардың термин мәселесін тікелей сөз ететіні – соның жеті-сегізі. Басқалары терминді орфография мен әліпбиге байланысты. Алайда, жоғарыда ескертіп өткеніміздей, осы мақалалардың өзінде-ақ көптеген мәселелердің басы ашылып, жазуымызда жүйе бола бастады. Көптеген термин сөздерді ретке

келтіріп оны қолдану, қабылдау, тіпті жасау қағидаттары айқындала түскені мәлім.

Мемлекеттік терминология комиссиясының бұл басылымында тағы бір көңіл қоюға тұрарлық мәселе бар. Ол мынау: оның әрбір санында комиссияда қаралған, талқыланған термин сөздер тізімі жарияланып отырған. Бұл мәселенің дер кезінде шешім тауып, қабылдануына септігін тигізген шара деп білеміз.

Бюллетеннің алғашқы санының өзінде алдымен қазақ тілінің терминологиясын жан-жақты әңгімелеп, оның жасалу, қалыптасу, даму және қолданылу өрісі жайында нақты мағлұмат нұсқау беріп алған соң, «Социал-экономик пәндерінің терминдері» мен «Математика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» берілгені үйімдастырушылардың білігін танытқандай.

Ал екінші санда «Физика терминдері» мен «Ботаника терминдері», үшіншісінде «Математика терминдерінің жалғасын», төртіншісінде «Физика терминдерінің жалғасын» жариялад үлгеріпті. Сонда, байқап қарасақ, сол кездің өзінде-ақ біздің ғылыми мекемелер мен маман адамдар кезеңінде тілек-талабына сай ел мұқтажын өтейтін мәселелерді әлеумет талқысына дер кезінде салып, көпшілік назарын уақытылы аудара білген екен. Ендігі мақсат осы Бюллетенде жарияланған мақалалардың ғылыми мәнін саралап, ондағы көтерілген мәселелердің салмағын таразыға салу болса керек. Мұнсыз біздің жалпы әдеби тіліміздің, оның ішінде өте бай терминологиялық лексикамыздың жасалу, қалыптасу, даму жолын анықтай алмаймыз.

Қ.Жұбанов «Қазақ әдебиет тілінің терминдері жайында» деп атаған мақаласында сол кезеңінде саяси-әлеуметтік болмысына бойлап, тіл мәселесіндегі неше алуан құбылыстарға тоқтайды. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдарда ұлттық мәдениетіміздің айқын бір көрінісі – сауат ашу саласында әр қылыш талас-тартыс, айтystардың болғаны мәлім. Айттыстың дені интертерминдерге қатысты туындал жатты.

30-жылдардың екінші жартысында орыс тілінен және сол тіл арқылы келген интернационалдық (кірме) терминдердің өзгерілмей айтылуы мен жазылуы қатты қадағаланды. Сейтіп ана тіліміздің табиғи болмысынан тыс, жат занылық құштеп енгізілді. Термин жасау қағидаттының алғашқы жобасын жасаған профессор Қ.Жұбанов екені даусыз. Алайда осы принципті тұзу барысында профессор өз еркінен тыс қатаң тапсырма торына түсіп қалған сияқты. Өйткені қазақ тілі занылықтарын бір білсе, осы адам біледі дейтін ғалымның өзге тілдік кірмелерді бұлжытпай алайық деуінде амалсыздық байқалады. Бұл сол кезеңің білімпаздары амалсыз мойынсынған шара демеске болмайды. Қазақ тілінің емле ережелері де сол баяғы Мәскеу ықпалымен жасалғаны мәлім.

Осы кезеңде жүргізілген терминологиялық жұмыстар жайында терминолог-ғалым Ш.Күрманбайұлы өзінің «Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» атты еңбегінде мынадай тұжырым келтіреді: «Тіларалық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс тілін ұлғі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі

КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кеңес халқына ортақ терминологиялық қордың (общесоветский терминологический фонд) орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті» (75). Ал нақты осы кезеңдегі терминология дамуы мен қалыптасуы мәселелеріне арналған «Терминология мәселелері» атты еңбектің алғы сөзінде проф. Ш.Құрманбайұлы былай деп жазады: «Өткен жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдарынан бастап, қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңі басталды. Сол 30-жылдарға дейінгі жиырма жылдай уақытты қамтитын Алаш оқығандарының терминологияны дамытуда үстанған бағыт-бағдары басқа арнаға бұрылды» (76).

Бұл тілдің даму жүйесіне, сауат ашу ісіне жасалған қиянат еді. Әйтсе де Мемлекеттік термин комиссиясы жұмысының айрықша болғанын атап айтуда парыз. Ол құрылған алғашқы күннен бастап осы текстес ең күрделі мәселелермен айналысып, әдеби тілдің нәрлене, қалыптаса түсіне кең септігін тигізген талай шешім қабылданап келеді. Дегенмен бұл кезде газет-журналдарда қазақ мәдениетінің мәселелері көтеріліп, орфография, орфоэпия салаларына көңіл бөліне бастайды. Сол кездің өзінде баспасөз материалдарынан көптеген интернационалдық терминдердің қазақша баламалары жасалып, орыс сөздерінің қазақша нұсқалары қолданысқа ене бастағанын байқауға болады.

20-жылдардағы қоғам өміріне, соған орай, ғылым мен мәдениет тарихына зер салсақ, неше алуан ұғымдар мен көзқарастардың, қым-қигаш талас-тартыстың болғанын да байқар едік. Әйтсе де білімге сусаған ел жаңа өмірдің жарқын істеріне араласып, өз әліпбійн түзіп, өз жазуын жолға қоюға кірісті. Сөйтіп, қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жаңалықтар мен оны білдіретін жаңа ұғым, түсінік, құбылыстардың бәрін тіл фактілерімен деректеп отырарлық термин сөздер қалыптаса бастады. Оқу, білім, ғылым, мәдениет, экономиканың қай-қайсысында да халық ұғымына тосын сөздер пайда болды. Оның әрқайсысының терминологиялық жүйесін жасау үшін сауатты, білікті мамандар даярлау проблемасы тұрды, күн тәртібінде мамандар жетіспейтін.

Осы орайда қолға алынған шаралар ретінде мыналарды айтуда болады: кеңселерде ісқағаздары қазақ тілінде жүргізіле бастады, қазақ тілінде шығатын газет-журналдар көбейді, қазақ мектептері ашылып, онда оқылатын пәндердің бәрі ана тілінде жүргізілді. Сонымен бірге қазақ тілі мейлінше кең қанат жайған көркем әдебиет тіліне, әлеуметтік өмірге тікелей араласу барысында қоғамдық-саяси әдебиет тіліне, түрлі шаруашылық пен экономика, енергетика, жалпы мәдениет тіліне айналды. Сөйтіп, қазақ тілі күнделікті өмірдің қай саласына да белсене араласып, қоғамдық қызмет аясы кеңейе түсті. Күн өткен сайын «мына сөзді қалай жазамыз», «ана сөзді қалай қабылдаймыз» деген тәрізді сұрақтар көбейіп, терминге деген ділгерлік артып, мұқтаждық молайды.

«Атаулар сөздігі» (Қызылорда, 1931) осындағы мұқтаждықты мүмкін болғанша өтеу жолындағы алғашқы әрекет еді. Бұл – Қазақстан Оқу комиссариаты Білім кеңесінің басшылығымен жасалған сөздік. Білім кеңесі сол кездегі бірінші кезекте тұрған мәселе ретінде осы пән атауларын жинап, тез арада жүртшылыққа ұсынды. Алғашқының аты – алғашқы. Мұның, негізінен, кейінгі жұмыстарға аздал септігі тигенмен кемшіліктері де аз болмады. Өйткені бұл – әлі ғылым салаларынан мамандар даярланбай тұрған шағында, сол иғі іске себі тие ме деген мақсатпен жасалған сөздік еді.

Дегенмен, сол кезеңдерде шыққан «Пән сөздер», «Атаулар сөздігі», «Қазақша-орысша тілмаш» тәрізді еңбектер терминологияның даму тарихынан біраз деректер береді. Мұнда терминдік пішінге ие болыш, тұрақты атаулық қызмет атқара бастаған біршама сөздерді көздестіреміз. Бұл ретте 1931 жылы Қызылорда қаласында латын қарпімен жарық қөрген «Атаулар сөздігінің» орны айрықша. Ғалым Ш.Құрманбайұлы аталмыш сөздіктің кейінгі кирил қарпімен шыққан нұсқасында оның қазақ терминографиясы тарихындағы рөлі жөнінде былай дейді: «Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар «Атаулар сөздігі» өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясының жұмысы мен алаш зиялдыларының ұлттық терминқор қалыптастырудың ұстанған ұстанымдарын көрсететін нақты тілдік-тарихи дерек ретінде лексикограф, терминограф мамандардың, жалпы филологтардың, тіл мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымының қажетіне жарайды деп білеміз» (77).

Ғылыми-техникалық тәнкерістің тілдік құрылымдар дамуына ықпал етуі термин-сөздерге байланысты атаулардың терминденуінде жаңа қатынастар пайда болуымен айқындалды. Атап айттын болсақ, іс-әрекет құралына байланысты қатынасты білдіретін жаңа ономасиологиялық құрылымдар жасалды. Мысалы, «Атаулар сөздігінде» мынадай өндіріс салалары дараланып, жеке көрсетілген: *тау-кен кәсібі, агаши жасау кәсібі, кен өндірісі, қолөнер кәсібі, алтын өндірісі, керемік кәсібі, кәнсербі кәсібі, бояу кәсібі, орман кәсібі, зығыр кәсібі, май кәсібі, май өндірісі, мәшине өндірісі, мәшине жасау кәсібі, метал кәсібі, метал шығару кәсібі, тиірменешілік өндірісі, тиірменешілік кәсібі, сабын былғау кәсібі, мұнай кәсібі, өңдеу кәсібі, сауда кәсібі, мақта кәсібі* және т.б. Сонымен бірге, осы салаларға қатысты кәсіп атаулары да беріліп отырған. Мысалы: *тау-кен кәсібі → тау-кен кәсіппісі, кен қазушы; агаши жасау кәсібі → агаши шебері; кен өндірісі → кенишілер; қолөнер кәсібі → қол кәсіппісі; сауда кәсібі → саудагер* және т.б.

Ірі машиналық индустріяның дамуына орай механикаланған еңбек үдерісін білдіретін кәсіп атаулары қалыптаса бастайды. Дегенмен, бұл кезеңге сәйкес мұндай атаулар көп кездесе бермейді, мысалы, *меқаникеши* (*метікши*). Бұл аралықта қазақ тіліне, әсіресе химия өндірісіне байланысты көптеген сөздер еніп үлгерді: *орман кимиелік зауыт* (лесохимическая промышленность), *енір* (эфир), *поспыр* (фосфор), *көкжар*, *кіпіраз* (купорос),

cirkе (уксус), *қышиқыл поспырлы ізбес* (фосфорно-кислая известь) және т.б. сөздер сол кездерде-ақ тілімізге енген. Бірақ механикаландыру мен ғылым жетістіктерін аса қажет ететін бұл өндіріс салаласына қатысты кәсіпмамандық атауларының әлі де түпкілікті қалыптаса қоймағаны байқалады.

Біздің ойымызша, бұл ретте, дәстүрлі терминологияның көнелік негізі, яғни оның үнемі жеткіліксіздігі, нақты техникалық прогрестен артта қалып қоятын қасиеті көрініс табады. Себебі, көп жағдайда атаулар сол бұрынғы қалпында етістік негізінде жасалып, іс-қимылға байланысты қатынасты білдіргенімен, еңбек барысы белгілі бір машина, аппарат, құрал т.б. арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, *тоқушы* (текстильщик), жол *бұруши* (стрелочник), *теруши* (наборщик), *реттейши* (монтер) және т.б.

1935 жылы өткен Мәдениет қайраткерлерінің бүкілқазақстандық құрылтайының (съезінің) күн тәртібінде қаралған негізгі мәселелердің бірі – орфография мен терминология мәселесі болды. Осы құрылтай қарсаңында Мемлекеттік термин комиссиясы өзінің кеңейтілген мәжілісін өткізіп, онда ғылымның әртүрлі саласына байланысты жасалып жатқан терминдер жүйесі туралы сөз қозғады.

Қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасап, оларды ретке келтіруде, сондай-ақ алдағы жұмыстар бағытын айқындаі түсуде бұл құрылтайдың атқарған рөлі зор болды. Құрылтайда терминология мәселесі ғылыми проблема есебінде қарастырылып, оның негізгі белгілері, ерекшеліктері анықталды. Лексиканың өзге қабаттарына қарағанда терминнің өзіне тән өзгеше қызметі, жасалу жолдары, қалыптасу сырлары бар екені дәлелденіп, ғылыми қағидаттары түзілді. Осының негізінде бұдан былай қарай термин жасау ісі белгілі бір ғылыми жүйеге, тіл зандылығына сәйкес, қабылданған қағидаттар негізінде жүргізілетін болды. Яғни термин жасаудың ортақ қағидаты түзіліп, оның басқа да маңызды мәселелері шешімін тапты.

Құрылтай қарсаңында жасалып, жүртшылық талқысынан өткен, сөйтіп құрылтай мақұлдамасын алған қазақ терминдері Қазақстан Халық Комиссарлары Кенесінің 1935 жылғы 23 маусымдағы 812-қаулысымен бекітілді. Құрылтайдың алды-артында қауырт жүргізілген осы текстес жұмыстар нәтижесі іле-шала 1936 жылы терминологиялық сөздік күйінде «Қазақ тілі терминдері» деген атпен жүрт қолына тиді. Қ.Жұбановтың жалпы редакциясымен «Қазақстан» баспасынан жарық көрген бұл сөздіктеңі терминдер негізінен үш саланы (әлеуметтік-экономика, физика мен математика) қамтыған. Жинақталған терминдер саны онша көп бола қоймағанмен, бұл қазақ терминологиясының сол кезеңнің талап-тілегіне орай ғылыми арнаға түсіріп, оның әлеуметтік мәні бар мәселе екенін танытқан игі іс ретінде тарихта қалды.

Сөздікте Үкімет қаулысымен бірге Мемлекеттік термин комиссиясы басшылыққа алатын қазақ әдеби тілі терминологиясының он тармақтан тұратын қағидаты берілді. Бұл күжат терминологиялар алдына мынадай талаптар қойды:

Бірінші шарт бойынша: әдеби тілдердің көбіне ортақ *революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный* т.с.с. халықаралық сипаты бар терминдерді сол түпнұсқадағы қалпынша қазақ тіліне аудармай алу.

Екінші шарт бойынша, әдеби тілдер тәжірибесінде аударылып алынып жүрген *производство, труд, деньги, корень, стебель, мышицы, деление, умножение* тәрізді халықаралық терминдерді аудару керек. Ал *состав, клетка, слет сияқты қазақ тілінде баламасы жоқ немесе терминнің қазақша нұсқасы бастапқы мағынадан ауытқытын болса, онда оны аудармай алған жөн делінеді.*

Ушіншіден, әртүрлі ғылым салаларына ортақ терминдер болуы мүмкін. Мысалы, *материя* термині философия мен физикада, *түбір* термині математика, ботаника және лингвистикада, *реакция* термині химия, биология және саяси ұғым есебінде, *экскурсия* сөзі оку-ағарту ісі мен физиология ғылымында кездеседі. Бұларды сол бірынғай түрде қалыптастыру керек.

Төртіншіден, әрқылы жағдайда әр алуан мағынаны білдіретін *мануфактура* (тарихи-экономикалық және товартану мағынасында), *продукт* (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында) сияқтылар бір пәнде термин ретінде алынсын да, екіншіде жай сөз ретінде аударылсын.

Бесіншіден, халықаралық терминдер орысшада қалай алынса, қазақшада да солай алынады. Егер ол сөздерді таңбалайтын кейбір әріптер жетіспесе, қазақ әліпбійнің бар мүмкіндігі пайдаланылатын болсын.

Алтыншы тармақ бойынша, аударуға келетін терминдерді аударғанда оның ғылыми мәні дәл берілуін қадағалау қажет. Аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері қатаң сақталуы тиіс. *Береміс* – «передача», *көпбұрышты* – «многоугольник», *тәжірибе* – «практика» тәрізді терминдерді түсініксіз ететін жасанды сөзжасамға үйір болмаған жөн.

Жетінші тармақта былай деп көрсетіледі: есім және есімденген етістік түріндегі халықаралық (интернационал) терминдер сол түрінде алынсын. Ал *-изация, -ификация, -ация* жүрнақтарымен келетін *машинизация, электрификация, объективация* сөздеріне қазақ жүрнақтары жалғанып алынсын (*машиналадыру, электрлендіру, объективтендіру*).

Ал *-ский, -ный* жалғаулары арқылы жасалған анықтауыш сын есімдер қазақшасында қысқартылып *популяр кітап* (популярная книга), *абсолют шама* (абсолютная величина), *буржуаз идеология* (буржуазная идеология), *экстенсив шаруашылық* (экстенсивное хозяйство), *дифференциал теңгерме* (дифференциальное уравнение) түрінде алынуға тиіс. Сондай-ақ түбір сөздің к дыбысы ұ-ға айналып *-ский* жүрнағымен келетін сын есімдер жалғауы қазақшасында қысқартылып, *электр шам* (электрическая лампа), *физика география* (физическая география) т.б. түрінде берілсін.

«Изолировать», «машинизировать» тәрізді есімнен болған етістік формалар қазақ тілінің жүрнақтары арқылы *изоляциялау, машиналадыру* деп аталсын.

Сегізінші тармақта халықаралық терминология тәжірибесінде қолданылып жүрген кейбір *-ист*, *-изм* тәрізді суффикстер мен *ре-*, *син-*, *де-*, *анти-*, *контр-* тәрізді сөз алды префикстерінің қазақ тілінде баламасы жоқ болғандықтан, термин сөздермен бірге бұлар да қабылдансын, басқа қосымшалардың бәрін де қазақша түрінде алу керек.

Тоғызынышы тармақта кысқарған сөздер жайы әңгіме болады: *авто*, *аэро*, *авиа* т.б. қазақ сөздерімен біріктіріп, *автожол*, *автоқатынас*, *авиашана* т.б. деп алғынын делінген. Осы күнге дейін қазақша аудармасы беріліп келген *диктатура*, *революция*, *совет*, *теория*, *практика*, *контрреволюция*, *милитаризм* тәрізді т.б. терминдер бұдан былай қарай аударылмай, бәрі сол халықаралық қолданыстары қалпынша алынуы тиіс.

Онынышы тармақта өте маңызды мәселеге мән беріледі. Атап айтқанда, Қазан төңкерісінен бері, әсіресе орыс тілінің сөз жасау тәжірибесінде қолданылып келе жатқан біріккен күрделі сөздер мәселесі әңгіме болады. *Саяси экономия* (политэкономия), *ауатком* (райисполком) т.б. тәрізді жаңа тіркесім терминдер қазақ тілі заңдылығына орай жасалып, Мемтерминном бекіткен соң қолданысқа ендірілсін.

Міне, ең алғаш түзіліп, басшылыққа ұсынылған терминжасам қағидаттарының өзіндік сипаты осындай жетістіктермен қатар, кейбір кемшіліктерінің болғанын да жасырудың қажеті бола қоймас. Мәселен, кейбір халықаралық терминдер мен «советизмдерді» сөз еткенде қайсыбір жүйесіздіктер көзге түседі. Оның бер жағында, терминжасам үдерісіндегі қазақ тілінің өз мүмкіндігі жан-жақты ашылып айтылмайды. Сондай-ақ аударылсын деген сөздердің біразын аударудың керегі жоқтығы, ал түпнұсқадағы күйінде берілсін дейтін сөздердің қайсыбірінің тамаша баламасы бар екені аңғарылады. Қысқасы, күні кешеге дейін бұл істе орыс тілінде қалай болса, солай алу керек деген пиғыл үстем болып келді. Соған қарамастан, осындағы көрсетілген қағидат алдағы терминжасам үдерісіне қызмет еткен күжат еді.

Профессор Қ.Жұбанов бұл қағидаттарды ұсына отырып, аударма терминдерінің алғашқы кезде құлаққа ерсі естілетінін, бірақ бұл терминдердің «самаурын», «бөкебай» сөздері сияқты сіңіп кететінін ескерtedі. *«Мыс.: аэросаниға ұқсатып, ультракүлгін, микротаразы сияқты бірқатар терминдерді интернационал сөзбен қазақтың төл сөзіне ұқсатып әдейі алып отырмыз. Осы сықылды техникалық сөздер сол күйінде елдің құлагына сіңіп, пайдала асып кетсе, аэрога ұқсаган халықаралық сөздердің сондаған өзіміздікі қылышын, менишіктеп алғын боламыз. Бүгінде аэросани, аэродорога* деп ықшамдалатын орыс елінде де алғаш рет осылай жатырқау болған еді. Бірақ өмір дамуы мұндай саңылақтардың талайын үйренешікті дәгдышы, сыпайы қалыпқа айналдырыған. Бізде де осылай болатына сөз жоқ», – дей келе, бірнеше мысалдарды көрсетеді: *инфрақызыл, сила – күш, каналлучи – канал сәулесі* т.б.

Сонымен қатар Қ.Жұбанов екі сөзден біргіп келген терминдер жөнінде де пікірлер айтқан. Мыс.: *волна световая – жарық толқыны* деп аудара

келіп, себептерін түсіндіріп кеткен. «Екі сөздің басын құрап термин шығаратын болғанда біреуі ілік септік анықтауыш та, екіншісі тәуелдеулі сөз болып келсе, олай құрап шыққан сөз терминде қолайсыз болады. Мыс.: отагасы деген сөз солай жазылған; **от** – жасырын сөз ілік жалғаудың түріндегі анықтауышы да, **агасы** – оның анықтаған сөзі, мағынасы жүре келе бір сөз болып кеткен соң «-сы» тәуелдеу формасы тәуелділік мағынасынан айырылып, **отагасының** өзі тәуелсіз сөз есебінде жұмысалып кеткен. Сондықтан **біздің отагасымыз, олардың отагасы** деп оның үстіне тәуелдік жалғау жалғай алмаймыз. Мыс.: **қой еті** сияқты құралған сөздер мағына жасынан бір болып шыға алмайды. Оған жаңадан тағы бір анықтауыш қосатын болсақ, **жас сан, қой еті** деп айта алмаймыз, **жастық тыс** сияқты **жарық толқын** деуге болмайды, өйткені оның басқа мағынасы бар». Галым осында жағдайларға байланысты *инерция* заны, жанасу шеңбері, бұрыш өлишемі сияқты терминдерінің жасалғанын айтады.

Сонымен қатар ғалым терминжасам қағидаттарына сәйкес түбірі сол күйінше алынып, оның жүрнақтары қазақ жүрнақтарымен берілген: *нормализация – нормалау, регламентация – регламенттеу* секілді терминдер жөнінде айтып кеткен.

Қазіргі кезеңде түрлі ғылымдар саласында қолданып жүрген терминдер осы Қ.Жұбанов есімімен тығыз байланысты. Ғалымның жасаған қағидаттарға сәйкестендіріліп алынған көптеген терминдер осы уақытқа дейін өзгермей келеді. Мыс.: *өнеркәсіп, автор* т.б. сияқты Қ.Жұбановтың қаламынан туған қағидаттардың жалғасы ретінде қысқартылған термин атаулар пайдаланылып жүр. Мыс.: *ТМД, МКК* т.с.с.

Ғалымдардың айтуы бойынша, терминология уақытқа байланысты өзгеріп отырады, тек жаңа терминдер ғана пайда болып қоймайды, олардың мағынасы өзгеріп, жаңа мағынаға ие болады. Сонымен қоғамның дамуы мен тілімізге сіңген түрлі ғылым салалары өздерімен бірге терминология жүйесіне де өзгеріс енгізеді де, жаңа терминдер пайда болады. Мыс.: *коммерция, брокер* т.с.с. Осыған байланысты қазірде терминология мәселесі жөнінде Ө.Айтбай, Ө.Қайдар және т.б. ғалымдар ғылыми пікірлер айтқандығынан жүршылық хабардар. Алайда терминдерді аудару барысында бірізді қағидалар жоқ. Сондықтан жасалу қағидаттары айқындалған терминдерді жазуда, тілімізге енгізуде бірыңғай зандылық ережелерін анықтау қажет.

Бұл қағидаттар күні кешеге дейін қаймағы бұзылмай емле ережелеріне де енгізілді, барлық сөзжасам мен терминжасам үдерісінде қолданылып келді. Терминжасам қағидаттары туралы сөз козғағанда, біз А.Н.Самойловичтің, Н.Сауранбаевтың, Қ.Шәріповтың, М.Балақаевтың, С.Бәйішевтің есімдерін еске аламыз. Бұлардың да терминжасам үдерісінде ұстанған негізгі бағыты интернационалдық терминдерді және орыс тілінің атау сөздерін өзгертпей, сол қалпында қабылдау дегенге саяды.

Қазіргі танда, қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып отырған кезде, еліміздің жоғарғы және арнаулы орта оку орындарында барлық

математикалық-жаратылыстану және техникалық мамандар дайындауды ұлттық тілде жүргізу міндепті қолға алынып отырған кезенде, қазақша практикалық тіл білімін дамыту айрықша орын алып отыр.

Осы орайда қағидаттардың өміршендігін, оның онды жақтарының басым екендігін көретін, оны жаңа көзқарастарда негізге алу кажеттігін сезетін шынайы ғылыми таным керек екендігін баса айтпақпыз. Физика-математика саласының, жалпы ғылыми терминология мәселесінде қазіргі кезенде барлық терминдерді қазақ тіліне аудару немесе жаңадан қазақша балама жасау арқылы қалыптастыру бағытын ұстанып жүрген ғалымдар да жоқ емес. Алайда қағидаттар бойынша қазақша қалыптасқан терминологияны қайта қарап, «түбебейлі төңкеріс» жасаудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Терминологиялық қағидаттарға жаңаша көзқарастар ғылыми түрғыда болу керек және олар негізінен әлі қалыптаспаған немесе қалыптасып болмаған терминдерге қолданылуы керек демекпіз.

Профессор Қ.Жұбанов қалаған қасиетті ғылыми мұраға оң көзben, қамқорлықпен қарайық демекпіз. Тіл үнемі үзіліссіз, даму үстінде. Ендеше, қай-қай қағидаттардың да дамуы, байи түсі – табиғи қажеттілік. Оны еппен, мән-дәмін кетірмей заман талабына сай дамыту, толықтыру – қазіргі заман ғалымдарының еншісінде.

Осы орайда математика саласы терминдердің қазақша калыптасуында Қ.Жұбанов бастаған ғалымдар тобының жасап кеткен он қағидаттың әсері зор екендігін көрсететін мысал-айғақтарға тоқталайық. Ол үшін әр қағидатқа қысқаша түсініктеме беріп, ретті жерінде мысалдар келтірмекпіз:

1. Тілдердің көбіне ортақ халықаралық сипаттағы терминдерді түпнұсқадағы қалыптың алу математика ғылымында жетіп артылады. Мысалы, математика саласы әдебиеттерінде грек тілінен енген, *логарифм*, *трапеция*, *геометрия*, *параллель*; латын тілінен енген: *медиана*, *синус*, *косинус*, *сектор*; араб тілінен енген: *цифр* т.с.с. терминдер аударусыз алынған. Бұл терминдердің қазақша баламалары да бар, бірақ ойланып қадам жасау керек.

2. Әр ұлт тілінде аударылып жүрген терминдерді қазақ тіліне де аудару математикада да жүзеге асырылған. Мысалы, а) *санның квадрат түбірі*, б) *сандарды қосу*, в) *матрица ізи* т.б. терминдерді әр ұлт өз тіліне аударып жүр.

3. Әртүрлі ғылымсаласында кездесетін терминдерді бірыңғай қалыптастыру қағидасы да математикадан орын алған. Мысалы, а) *түбір* термині – математикада, лингвистикада және биологияда, б) *сфера*, *бойлық*, *ендік* терминдері – математикада және жағрапияда, в) *операция* термині – математикада және медицинада, г) *монотондылық*, *гармониялық* терминдері математикада және музыка теориясында кездеседі.

4. Бір жағдайда терминдік мағынасы бар, ал екінші жағдайда жай сөз түрінде кездесетін атаулар бар. Оларды терминдер ретінде аудармай, ал жай сөз ретінде аударып қолдану тұжырымы математикалық терминдерде аз да болса кездеседі. Мысалы, *функция* – математикада –

термин, сол қалпында қолданып жүрміз, алқұнделікті өмірде – атқарылатын қызмет. Дәл осындай мағынада «аргумент» атауы қолданылып жүр.

5. Халықаралық терминдердің дыбысталуы (айтылуы) мен жазылуы жайында олардың орысша айтылуы мен жазылуының басшылыққа алынуы және жазу мәселесінде қазақша әліпбидің бар мүмкіндігін пайдалануы хақында мысалдар өте көп, сондықтан оларды келтірудің қажеті бола қоймас. Ал басшылыққа басқа тілді алмай, орыс тілін алудымыз бодандық саясаттың тіл біліміндегі ізі, тарихи тағдырымыз деп түсінеміз.

6. Терминдерді аударуда олардың ғылыми мәндерінің дәл берілуін қадағалау; қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін сақтау; терминдерді түсініксіз ететін жасанды сөзжасамға үйір болмау қағидаты – аудармаға қойылып жүрген орынды талаптар. Мұны аудармамен айналысып жүрген әрбір маман орындауы керек.

7. Есім және есімденген етістік формаларындағы халықаралық терминдердің сол түрінде алынуы. Орысшада *-изация*, *-ификация*, *-ация* жүрнақтарымен келетін терминдерді қазақшада оларға сәйкес қазақша жүрнақтар жалғанып алынуы, ал *-ский*, *-ный* жалғаулары арқылы жасалған анықтауыш сын есімдер қазақшасында қысқартылып алынуы туралы жоғарыда айтылды. Математикада алғашқы үш жүрнақпен берілетін терминдер сирек кездеседі. Дегенмен, *математикаландыру* (*математизация*), *компьютерлендіру* (*компьютеризация*), *нөмірлеу* (*нумерация*), *дифференциялдау* (*дифференциация*) сияқты сөздер жұмыс барысында кездесіп отырады. Соңғы келтірілген анықтауыш сын есімдік жалғаулары бар орысша терминдер математикада жиі кездеседі. Олардың негізі осы қағидатқа сай аударылған. Мысалы, *параллель түзулер* (*параллельные прямые*), *квадрат матрицалар* (*квадратные матрицы*), *куб теңдеулер* (*кубические уравнения*), *бүйір жақ* (*боковая грань*) т.с.с.

Дегенмен, бұл ереже сақталмай қалыптасқан терминдердің де кездесетінін айта кетейік. Мысалы, *ондық жүйе* (*десятичная система*), *аналитикалық функция* (*аналитическая функция*), *арифметикалық прогрессия* (*арифметическая прогрессия*), *дифференциалдық теңдеулер* (*дифференциальные уравнения*) т.б.

8. Халықаралық терминология тәжірибесінде қолданылып жүрген кейбір *-ист*, *-изм* суффикстері мен *ре-*, *син-*, *де-*, *анти-*, *контр-* тәрізді префикстерді қазақ тіліне қабылдау математикада да баршылық. Мысалы, *антilogарифм*, *антипараллель*, *контрмысал*, *апериодты*, *арксивус* т.б. математикалық атаулар бар. Сондай-ақ, *гомеоморфизм*, *изоморфизм* т.б. терминдер де қазақшада өзгеріссіз алынып жүр.

9. Қысқартылған күрделі сөздердің, мысалы, *автожол*, *авиақатынас*, *аэрошана* тәрізді терминдерді қабылдау – қазақша сөзжасамдағы алғашқы қадамдар. Математикада *автомербеліс* (*автоколебания*), *автоморфты функция* (*автоморфная функция*) т.с.с. терминдер кездеседі.

10. Біріккен курделі сөздер: *саяси экономия, ауатком (аудандық атқару комитеті)* тәрізді сөздер қазақ тілі зандылығына орай жасалынып, қолданысқа Мемтерминкомның бекітуімен енгізілді.

Бұл тармақтағы өмір өзгерісіне байланысты жаңа терминдерді практикалық тіл талабына сай ықшамдаш енгізу орынды шарт деп білеміз және сөзжасам мәселесі тағы да көтеріліп отыр. Жаңа терминдерді енгізуде мемлекеттік үйлестіру жұмыстары – практикалық қажеттілік.

Осы келгірілген түсініктеме-мысалдардан профессор Қ.Жұбанов тағылымы математика терминологиясының қазақша қалыптасуына терең бойлай енгенін көреміз. Бір қарағанда, оның термин туралы жазған еңбектері көп емес. Атап айтқанда, «О специфика слов-терминов» (1933), «О терминологии казахского литературного языка» (1935), «Принципы терминологии казахского литературного языка, принимаемые государственной терминологической комиссией», «К пересмотру казахской орфографии» (1935) деп аталатын еңбектерін атауға болады. Алайда осы саусақпен санаарлық еңбектердің ғылымдағы жүгі қаншалықты десенізші!

Ғалым бұл еңбектерінде емле ережелерінің дұрыс түзілмеуінің салдарынан бірнеше жыл бойы қаншама терминнің сан түрлі үлгіде жазылып жүргеніне күйінеді. Сауатты жазудың тірегіне айналудың орнына, анархияны үдетіп отырған бұл жағдайдың себеп-салдарын зерттеп, одан шығудың жолдарын қарастырады, ғылыми термин сөздерге қойылар талаптың басты-басты шарттарын анықтап береді.

Термин сөздің тұңғыш рет ғылыми анықтамасын жасап, олардың лексиканың өзге қатпарларынан өзіндік ерекшелігін қолға таяқ ұсташқандай етіп көрсетіп береді. Анықтаманы сол түпнұскадағыдай түрінде ұсынамыз: «*Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки иреволюционной практики, причем передаваемые термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которого присуще данной словесной величине в обычной жизни*» (8, 273).

Осыдан аңғаратынымыздай, «термин» дегеніміз – белгілі бір кезеңнің сөз әлеміндегі ғылыми атаулық кейпі. Бұл ғылыми ұғым осы сөздің лексикалық мәнімен сәйкес келмеуі де мүмкін. «Атом», «психология», «яровизация» тәрізді терминдерді мысалға ала отырып, Қ.Жұбанов бөлінбес ұғым деп жүрген бұл сөздер де қоғам дамуының кейінгі кезең сатыларында ері қарай бөлшектеніп, жаңа бір мән туындарып кеткенін әңгімелейді.

Мәдени революция кезіндегі әр алуан пікірталастар мен тарбыстар, көзқарастар негізіне қарағанда, сан түрлі жолдармен қылыштырылғанда жасалып жатқан лексиканың бұл тармағын (терминдерді) елдің бәрі бірдей түсініп, дұрыс қабылдай қоймаған. Жаңа өмірдің тілек-талабына орай ғылым мен техниканың сан саласы бойынша толассыз еніп жатқан терминдер тасқынын тоқтату қандай мүмкін болмаса, оларды бірден сол қалпында қабылдап, халық қолданысына енгізе қою да онайға түспеген. Тіл дамуында

етек алған бұл құбылысты ешқандай қараусыз, қадағалаусыз қалдыруға болмайтынын бірден аңғарған ғалым бұл үдерісті бүкіл аумағымен алып, оның даму арналары мен көздерін түгел көрсетеді. Әлгіндей көзқарастар мен таным аласапыранында бұл проблеманы аса біліктілікпен талдап, ол жөніндегі түсінік қандай болу керек дегенді ол кезде Қ.Жұбанов қана айта алды.

Ол осы сала бойынша ізденушілердің, пікір қозғайтындардың ғылыми түрғыда қандай бағыт ұстануы қажет екенін танытар ой өрбітті. Өйткені адамның ақыл-пайымына сыйымды іс-әрекеттің алуан саласын айрықша дамыта түскен жаңа қоғам жұртшылықтың білуге деген құштарлығын арттырған ғалымдар тарапынан елеусіз қалуы мүмкін емес-тін. Жаңа ұйым, жаңа түсінік қазақ тілінің сөздік құрамын айрықша қозғалысқа салып, осы заман іс-әрекеттіне лайықты шапшаң қарқын берді. Сан ғасыр сүрленіп, сандық түбінде жатқан талай қазақ сөзі қайта жаңғырып, жаңа сапаға көшті. Сөйтіп қоғам дамуындағы занды құбылыстар нәтижесі ретінде пайда болған лексикамыздың мұлде жаңа қабаты – термин сөздер табиғатын Қ.Жұбанов сынды ғалымның түсіндіріп беруі – ғылыми ой-пікірдегі бір адым ілгері басқандық болатын.

Шынында, әуелі термин дегенді анықтап алмай тұрып, оның ғылыми мәселелерін қарастыру мүмкін емес қой. Қ.Жұбановтың алдымен анықтама берудегі көздеген мақсаты осы болатын. Терминнің анықтamasы берілгеннен кейін, термин жасау жөнінде белгілі дәрежеде жүйе бола бастайды. Неге десеніз, терминология технологиясын жолға салып, бақылап, тіпті басқарып отыруға мүмкіндік туды. Ғалымның аталмыш мақаласының ең басты маңызы – осында. Мақалада тағы бір құнды пікір термин аудару мәселесіне байланысты ойлар деп білеміз. Ол *ортакшыл /коммунист/, пішиңдеме /геометрия/, жан жүйесі /психология/* т.т. сөздердің қазақылығын сынға ала отырып, ол жалпыға ортақ халықаралық терминдерді екінші тілге аударып әуре болудың қажеті жоқ деп түйеді; мұндағы қателіктердің көбі аударылмайтын дүниені аударудан, жалпыға ортақ сөздерді қазақшалаудан жатады дегенді меңзейді және мұндағы қателіктің негізгі себебі терминді емес, терминге телінген лексикалық мағынаны аударудан болып жататынын түсіндіреді. Дәл осыған ұқсас әрекеттен біз күні бүгінге дейін арыла алмай келе жатқандығымызды ойласақ, Қ.Жұбановтың бұл пікірінің өміршендігін аңғарамыз.

Профессордың қазақ терминдерін жасауға тірек-негіз болған нәрсе не екенін әңгімелейтін тұстары аса маңызды. Ол екі нәрсенің басын ашып айтады. Оның бірі – көп ұлтты кеңес елінің бәріне ортақ халықаралық сипат алған терминдерді сол қалпында қабылдау болса, екіншісі – қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі арқылы жасалған терминдерді дұрыс қолдану. Ол термин жасалу үдерісінде осы екі қағидаттың қатаң сақталуын талап етеді. Әртүрлі ағым, түсінік өрши-өрбіген өткен ғасырдың 30-жылдарының басында мұндай кесімді пікір айту батылдықпен бара-бар болатын. Әсіресе, грамматиканы «*тіл танытқыш*», теорияны «*қисын*», базисті «*түптірек*», варваризмді

«қотырсөз», стилистиканы «тіл қисыны», циркульді «жезбе» деп алып, лексиканы «сөз кенін тексеру ғылымына» айналдырушылар қарасы көбейіп тұрған тұста туған мұндай батылдыққа тәнті болмай тұра алмаймыз.

Міне осыдан былай қарай қазақ жазуында сәл де болса жүйелілік пен сауаттылық негізі қалана бастады. Себебі бұл қағидаттар Қ.Жұбановтың ойдан шығарған туындысы ғана емес, қазақ терминдерін жасауға себеп болған негіздерден құралған заңды жалғастық болатын. Сөйтіп терминжасам қағидатында ұстанатын негіз қаланды, халықаралық терминдер мен төл терминдерді іске жаратудың, дұрыс жазудың бірыңғай жүйесі жасалды. Термин сөздерге жалғануға тиісті қосымшаларды, әсіресе орыс тілінен енген қосымшаларды қолданудың тәртібі қалыптасты. Мұны сауаттылық қарекетімізді өзгеше сапаға көтерген саналы әрекеттің бірі ретінде бағалауға тиіспіз.

Қ.Жұбанов терминология мәселесін қарастыруда жоғарыда сөз болған бірер мақаламен ғана шектеліп қалмаған. Қазақ тілінің қандай бір проблемасын сөз етпесін, ол әрдайым терминология мәселесін назарында ұстайды. Әсіресе әліпби мен орфография мәселесін тексергенде, пікіріне термин сөздер табиғатын тірек етіп, бұларды байланыстыра біріне-бірін ұштастыра қарайды. Мәселен, оның жоғарыда көрсетілген орфография мәселесіне арналған екі мақаласының екеуі де терминологияға тікелей қатысты. Мұнда ол латын жазуына негізделген қазақ емлесінің кемшілігіне байланысты аяқ алып жүргүре болмайтын қателерге талдау жасайды. Әсіресе, орыс және интернационалдық терминдерді жазу барысында бой көрсеткен былықтардың сан түрін көрсетеді. *Panetijke, revolutsija, gumiya* тәрізді терминдердің жазылуындағы өрекелдіктерді талдай келе, бұлардың өріс алу себептерін іздестірді. Оның себебін табады да. Сөйтіп одан құтылудың, оны болдырмаудың жолын қарастырады.

Аталған еңбектердегі өрбітілген ойлар мен қағидаға бергісіз тұжырымдар Қ.Жұбановтың тілдің табиғи тыныс-тіршілігін, өріс-өзегін мейлінше терең сезінген дарынды лингвист, білгір терминолог ғалым екенін дәлелдейді. Мұның құндылығының тағы бір себебі – терминология мәселесінің ғылыми тұрғыда тұнғыш сөз болуында. Осыдан былай қарай қазақ терминологиясы, ұздік-создық болса да, ғылыми зерттеу объектісіне айналды деп айта аламыз. Соның бастауында тұрған Қ.Жұбановтың терминология саласындағы бұл еңбектерін қарастыру арқылы біз қазақ тілінің терминологиялық жүйесінің жасалу, даму, қалыптасу іздерін, жолдарын, тарихын дұрыс түсініп, дұрыс бағалай білеміз деп түюге болады.

ХХ ғасырдың басы қазақ тіл білімінің ерекше даму кезеңі болды. Профессор Қ.Қ.Жұбановтың лингвистикалық мұрасын сан қырынан алып қарастырған кезде, оның ерекше назар аударатын бір саласы лингвистика терминологиясы болып саналады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілі мен әдебиеті терминдерін жасап, қалыптастыруши болса, оны ғылыми объектіге айналдырган Қ.Жұбанов болды. Яғни қазақ лингвистикасында терминология ғылымын жасап, оны қалыптастыру бағытындағы

Қ.Жұбановтың ізденістерін өз ішінде екі топқа бөліп қарасты болады: Оның бірі – ғалымның А.Байтұрсынұлы енгізген терминдерді өзгерпестен қабылдауы немесе оны жетілдіріп, дамытуы болса, екіншісі – Қ.Жұбановтың өз үлесіне ғана тиісті терминдер болды.

Лингвистикалық терминдерді қолданудағы жоғарғы талапшылдық, қолданылатын терминнің өзі белгілейтін категориялар мен құрылымдарды дәл ашып көрсетуі, лингвистикалық терминдердегі уәжділік, тандап алынған терминнің қысқа, қолданысқа оңтайлы болып келуі – осының барлығы профессор Қ.Жұбанов пайдаланған лингвистикалық терминологияға тән қасиеттер. Біз бұл еңбекте ғалымның өз пайымдауынан шыққан, өз қаламынан туған терминдерге тоқталмақпаз.

Профессор Қ.Жұбановтың қолданған терминдік аппаратына И.Кеңесбаев пен Ф.Мұсабаев былайша баға береді: «Алғыр ойлы қазақ білімпазы Құдайберген қазақ тіл білімін зерттеймін деп жүріп, ғылым тереңінде жатқан асыл ойды түptен тартып жарыққа шығарғаны айқын. Оның қолданған термині де орынды. Біз осы күні *негізгі сөздік қор* (основной словарный фонд) дегенімізді Құдекең «ядро» дейді де, біздің «сөздік құрам» (словарный состав) дегенімізді ол «инвертарь» дейді. Құдайбергеннің түсіндіруі бойынша сөздік құрам – құрылымы материалы болғанда, әрі біріне бірі қосылмай, цемент болып бірікпей, кірпіш болып құйылмай, құр үюлі жатқан құм, тас, топырақ емес. Бұл дайындалып, әзір түрған керекті жерге қалай қоятын *инвертарь* деуі өте орынды айтылған қорытынды» (23). Иә, әліпби, орфография, терминология мәселесін қалыпқа түсірмей, ешбір халық сауатты бола алмайтынын түсінген профессор өзінің күш-жігерін осы салаға да жұмсаған. Терминологияның даму арналары мен көздерін түгел көрсетіп, бұл проблемаға аса біліктілікпен барған.

Ғалым «Қазақ тілінің грамматикасында» (1936) және алуан тақырыпта жазылған теориялық еңбектерінде қазақ тіл білімінің кейбір терминдерін түзіп, оларға талдау жасады. Лингвистикалық терминдердің жасалу жолдарын, сөздің лингвистикалық және терминдік ұғымдары болатынын дәлелдей отырып, қазақ тіл білімінде тұңғыш рет терминологияны салиқалы ғылым деңгейіне көтерді.

Проф. Қ.Жұбанов тілімізде бұрыннан бар кейбір терминдерге жаңа мән берді. Мысалы, қазіргі қазақ грамматикасындағы *хабар сазды сөйлем* (қазіргіше – *хабарлы сөйлем*) терминін де алғаш енгізген Қ.Жұбанов болатын. Бұл термин о баста *аңызды сөйлем* түрінде қолданылған. *Аңыз* деген сирек қолданылатын сөз болғандықтан, *аңызды сөйлем* деп аталып жүрген түрді *хабар сазды сөйлем* терминімен ауыстырғандағы басты мақсат ғалым «онайына, ұғымдысына қашқандық» деп көрсетеді. Шындығында, бір нәрсенің болғаны жайлы хабарлайтын немесе баяндайтын сөйлем түрінің «*аңыз*» сөзімен қабыспайтыны көрініп-ақ түр. Оның үстіне *аңыз* сөзінің мағынасы жүрттың көбіне анық емес. Осы орайда ғалым термин жасаудың бір ерекшелігі ретінде термин арнаудың мағынасы тек бір категорияны екінші категориядан айыру ғана емес, нендей категория екенін де өзі айтып

тұратын қылу, категорияны түсінуге де атсалысу деген байлам жасайды (78, 190-198). Бұл терминді 1936 жылы жарық көрген оқулығында Қ.Жұбанов бұл терминді *хабар сазды сөйлем* түрінде алады. Осы қолданыс негізінде қазақ грамматикасында *хабарлы сөйлем* термині қалыптасты.

Ғалымның әрбір терминді пайдалану барысындағы терең теориялық білімділігіне, жоғары сезімпаздығына таңданасың. Ол бүгінде түрлі оқулықтар мен оқу құралдарында *тұйық етістік*, *тұйық рай*, *қымыл есімі* атауларымен беріліп жүрген, әлі күнге өзіндік дербес терминологияға ие бола алмай келе жатқан етістіктің түрін *тұйықша* терминімен белгілейді. *Есімие, көсемие, қосымша, сызықша* терминдерінің ұлгісімен жасалған *тұйықша* термині *тұйық етістіктің* барлық қасиеті мен болмысын өте дәл ашып көрсетіп тұр. Кезінде орыс тілі грамматикасында ұлгісімен («неопределенное наклонение») алынған *тұйық рай*, *тұйық етістік* терминдерінен, өкінішке орай, қазақ грамматикасы әлі арыла алмай келе жатыр.

Ғалымның қазақ тілінің синтаксисі саласында да қолдануға ұсынған бірнеше термин сөздері бар. Ол құрмалас сөйлемді «күрделі сөйлем» терминімен белгілейді. Синтаксис жүйесін зерттеуде Қ.Жұбанов *дыбыс сазы* терминін қолданады. Біз бұл қолданысты қазіргі *интонация* терминінің баламасы деп түсінеміз.

Алайда, ғалым қолданған *саз* сөзі сөйлемнің семантикасын, функциясын, құрылымын ажырататын терминнің орнына алынғап тұр. Демек, ғалым қолданған *дыбыс сазы* терминінің ауқымы бүгінгі біз қолданып жүрген *интонация* терминінен кеңірек болып шықты. Қ.Жұбанов «сөз тіркесі» ұғымын *сөз қыны* терминімен белгілеуді ұсынады. Ғалымның сөз тіркесі саласындағы жетістігі – *жетек сөз* бен *жетекші сөз* терминдері. Қазіргі қазақ тілінің сөз тіркесі синтаксисінде осы терминдер керек-ақ. Алайда оның ұсынған барлық терминдерін сәтті, ұтымды деп санауға болмайды. Мысалы, оның *толықтауыш* пен *анықтауышты* «айқындауыш мүшелер» деп алып, олардың қатарынан *пысықтауыштың* шығарылып тасталуын сәттілік деп санау артық болар.

Қ.Жұбанов айқындауыш мүшелерді формасына қарай екі түрге жіктейді: жалғаусыз түрі – *анықтауыш*, жалғаулы түрі – *толықтауыш* терминдерін иеленген. Қ.Жұбановтың бұл түрфыдағы терминдерін қарапайым түрде былай түсінуге болады: сөйлемде баяндау қызметін атқарып тұрғандығына қарай, баяндауыш деп аталған сияқты, басқа мүшелерді айқындаап тұратын мүше – айқындауыш мүше. Бұлжердегі анықтауыш, толықтауыш секілді сөйлем мүшелері сұраулар арқылы емес, формалық жағынан ажыратылады.

Айта кететін тағыбір жайт – *айқындауыш* деген термин қазіргі грамматикада да бар, бірақ ғалымның тұрлаусыз мүшелерге берген атауы есебінде емес, өзінің анықтайтын сөзінен грамматикалық тең байланыста тұратын сөйлемің шартты бағының мүшесі болып саналатын сөйлемнің

тұрлаусыз мүшелерінің бірі анықтауыштың ерекше бір түрі ретінде саналады (78, 190-198).

Автор «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегінде бірде бұрынғы терминдердің орнына жаңа терминдер алғынса, енді бір жерде кейбір терминдер бұрынғы мағынасында емес, басқа мағынада алғынады. Мысалы, *жұрнақ* терминін үстене терминімен ауыстыруын ғалым былайша түсіндіреді: «Жұрнақ деген қазақ тіліндегі ескіден қалған, ескі уақыттағы түгел бір нәрсенің сарқыншагы, қалдығы деген мағынада. Жұрнақтар бұрынғы кезде түбір болған. Ол түбір сөздер түбір сөздердің шылауында жүре-жүре тозып, мұжіліп, бұрынғы кейінтен айырылған. Сондықтан ол бұрынғы түбір мағынасында емес, сөзге қосымша болып, қосылып қана жүретін болған».

Сол себептен жұрнақ дегенді бұрынғы түбір сөздің жұрнағы деген ұғымда алып, қосымшаның белгілі бір түрін атаған болар деген байыпты түсіндірмелер бере отырып, «бұрынғы қазақ тілінің қосымшаларын тексеріп, олардың төркіні табылған жоқ еді», – дей келе, бұрынғы оқымыстылар жұрнақты түбірдің жұрнағы екендігі сипатында атағанына күмән келтіреді. Жоғарыдағыдан түбір сөздің қалдығына, жұрнағына айналған тек жұрнақтар ғана емес, осы күнгі жалғаулықтар, шылаулар да бір кездері өз алдына сөз болған.

Сондықтан бұл термин жұрнақтың өзгешелігін, өзге қосымшалардан басқалығын ашып бере алмайды деген байыпты байлам жасайды. Қ.Жұбанов мұндай қосымшалардың қызметі өзі жалғанған түбірге жаңа мағына үстене ғана болғандықтан, осы мағына үстейтіндігін көрсету үшін, үстене терминімен атаған. Сонымен қатар, ғалым бұл жерде сөз формасына тағыда назар аударады. Қосымшалардың екі түрінің егіздігін көрсету үшін олардың грамматикалық, морфологиялық жағынан формалануы біртүсті болғанын қолайлы көрген (*жалға+у*, *үстене+у*). Қ.Жұбанов бұрынғы үстене құрамында болып келген сөздерге толық талдаулар жасай отырып, олардың бірқатарын сөйлемге мүше бола алмайтын, тек басқа түбір сөзге қосылып қана жүретін сөздерді қосалқы терминімен атап, оларға *аяқ қосалқы* (*сайын, таман, есе, арқылы*) және *дәйек қосалқы* (*ең, тым, нақ*) деген жаңа термин берген. Дәйек қосалқылар бұрынғы грамматикада *нықтаулық үстене* деген терминмен аталып үстене табына жатқызылған (78, 190-198).

Ал *аяқ қосалқылар* бірде үстене, бірде жалғаулықтарға, бірде демеуліктерге қосылған. Сөйлемге мүше бола алмайтын сөз мүшелерін (Қ.Жұбанов «сөз таптары» терминінің орнына қолданған – С.Құлманов) сөйлемге мүше бола алатын сөз таптарымен теңестіруге болмайтындығын ғалым көрсете келе, олардың үстенеуден шығарып теориялық жағынан да, практикалық жағынан да дұрыс шешім қабылдаған. Сонымен қатар бұрынғы бірде демеу, бірде жалғаулық, бірде үстене қатарына қосылып жүрген бірқатар сөздер жаңадан *жалғауыш*, *үстенеіш* деп аталған. Алайда әрбір сөзді өз атауымен орналастырды дегенмен, кейбір сөздердің екі терминмен аталғандығы байқалады (78, 190-198). Мәселен, *үшін, сайын*

сөздерін «да», «мен» сөздерімен қосып жалғауыш деп атаса, қосалқы сөздерді түсіндіргенде аяқ қосалқы терминін телиді.

«Жаңа грамматикадағы» «тұп мүше», мен «жамау мүше» деген терминдер қазіргі түбір сөз және қосымшалар мен үстеулердің баламасы (жамау мүше) болып табылады. Сөз құрамындағы морфемалардың орналасу тәртібін ғалым былай көрсетеді:

1. Үстеулі сөз – *жесіл-дік*
2. Жалғаулы сөз – *жесіл-ге*
3. Жалғауыш қосалқы сөз – *жесіл-де*
4. Аяқ үстеуішті сөз – *жесіл ғой*
5. Дәйек үстеуішті сөз – *тым жесіл*.

Сөзде жамау мүше біреу болмай, бірнешеу болғанда, мынадай тәртіппен орналасады:

- Ең баста – дәйек үстеуіш (*тым*)
Екінші орында – түбір (*жесіл*)
Үшінші орында – үстеулер (-*дік*)
Төртінші орында – жалғау (-*ке*)
Бесінші орында – жалғауыш (*шейін*)
Алтыншы орында – аяқ үстеуіш (-*ақ*).

Жаңа грамматиканың бірқатар басқаша келетін жері – қосар сөздердің баяндауы мен олардың терминінде. Бұрынғы «*қос сөз*» термині «*қосар сөздер*» терминімен өзгертилген. Автор бұлай өгерту себебін «*қос*» деген сөздің түпкі мағынасына сай түсіндіреді: «*Қазақ тілінде қос деп қосылыш бітіп қалған нәрсені айтады. Қосарлы жазылмайтын болып, жаңадан қосылмайтын, әуелден туда бітісінен қосақталып біткен нәрсені ғана қос деуге болады. Сондай қосарлы жазылмайтын, бір бөлек те сөздер болады. Соларды қос сөз деуге болар еді. Біздің қосар деп отырғанымыз, ондай қосары жазылмайтын сөздер емес. Қолдан қосақталып, қолдан ажыратылатын жанды құбылыс*», – деп тілдік құбылыстың нәзік қабаттарын түсіндіруге тырысқан ғалым *қос*, *қосар* түбірлес сөздердің термин болуға қайсысы ұтымды екенін дәлелдейді. «Жаңа грамматика» сөзді қосарлап айту қосымшада жалғанған сияқты сөз тудырудың бір түрлі амалы деп түсіндіріледі. Сөздердің қосымшалануы бірде болып, бірде болмайтын өзгермелі құбылыс болғаны сияқты, қосарлануы да – бірде пайда болып, бірде ажырап кететін нәрсе.

Сондықтан «сөздің қосарлануын қосақталыш біткен нормалардан айыру үшін қос сөз деп атағаннан гөрі қосар сөз деп атауды дұрыс көрдік» деп жазды ғалым. Сонымен бұрынғы грамматикалардағыдай қосар сөздердің жіктелуі мен оларға берілген терминдер өзгеше болып келген. Бұрын қосар сөзді жалпыланғыш қос сөздер (аяқ-табақ, төсек-орын), жалқылағыш қос сөздер (белбеу, бет орамал) деп жіктеген.

Қ.Жұбанов морфология мен синтаксис қарайтын мәселелердің басын ашып көрсете отырып, мұндағы белбеу, қолған сөздерін *біріккен сөздер* қатарына енгізген. *Бет орамал* сөзін, *теміркүрек*, *агаш қасық* сөз тіркестері

сияқтыларды синтаксистің қарамағына береді. *Кіріккен сөздер – заңсыз қосар сөздер*, *заңды қосынды* дей келіп, қосар сөздерді түрліше терминдермен тәмендегідей жіктейді:

1. Тендес қосар (*аяқ-табақ, бала-шаға*)
2. Сөздес қосар (*бүік-биік, жылы-жылы*)
3. Матаулы қосар (*бетпе-бет, кезбе-кез*)
4. Тіркеулі қосар (*жігіт-мігіт, шай-пай*)
5. Қосақты қосар (*қып-қызыл, сап-сары*).

Ал қазіргі тілімізде қосар сөздер *қос сөз* terminімен қайта аталып, жасалу тәсіліне қарай *қайталама* (*бүік-биік*) және *қосарлама* қос сөздер (*қысы-жазы, күні-түні*) болып жіктеген. Автор қосар сөздердің әрбір түріне, беретін мағынасына сәйкес айырым айдар тағып, жеке-жеке терминдермен атаған. Түрлі ғылыми түсініктермен толық дәлелденіп, нақтылыққа ие болған осы тәріздес терминдерді саралай отырып, кейінгі грамматикаларда бұл терминдерді басқаша атау қажет деген мақсаттардан туғандығын айта кеткеніміз абыз.

Ғалымның *кіріккен сөздерге* (қазіргі қазақ тілінде біріккен) берген терминдерді және ол сөздердің ерекшелігін толық талдап беруі көкейге қонымды. *Еңбекқұн, белбеу, қолғап, ашуудас* сияқты кіріккен сөздердің жасалу тарихын, кірігу ерекшелігін жан-жақты көрсете келіп, оларға *жалғасулы* кіріккен және *қилюлы* кіріккен деген терминдербере отырып жіктейді. Қазіргі тілімізде *қысқарған сөздер* terminімен аталатын *қилюлы сөздер* сөз жасаудағы күрделі мәселелердің бірі десе болады. Қ.Жұбанов *қилюлы сөздердің құрылышыныбылайша* бөледі:

- а) *буын қилюлылар* (Қазатком – Қазақстан аткару комитеті)
- ә) *әріп қилюлылар* (ХКС – Халық комисариатының советі)
- в) *аралас қилюлылар* (ҚазПИ – Қазақстан педагогика институты).

Қ.Жұбанов *қилюлы сөздер* құрамында біріккен сөздер де, қысқарған сөздер де болатындығын ескеріп, барлығын «*қилюлы сөз*» деген ұғымның аясына сиғызған. Қосымшалар тарихына талдау жүргізе отырып, ғалым тілімізде болатын *өлі тұбір* және *қосымша* деген ұғымдар ұсынады. *Күрес, жарыс* сөздеріндегі *күре, жар* деген тұбірлерге *өлі тұбір* деген термин берсе, қолданудан шығып қалған қосымшаларды (*ерте+ң, сона+ра*) *өлі қосымша* деп атайды (78, 190-198).

Сөйлем мүшелері ретінде автор өз тұсынан *сөз қыны, олқы сөйлем, сөздің бүрма күйі* тәрізді жаңа, өз ойынан шыққан терминдерді ұсынған, ал автордың *жалғауыштар* деген термині қазіргі кезде *жалғаулық* аталуда.

Проф. Қ.Жұбановтың өз қаламына тән терминдердің бір парасы қазақ тіл білімінің фонетика саласына қатысты. Ғалым дауысты дыбыстарды үш тапқа жатқызады да, оларды *толық дауыстылар, қосынды дауыстылар, келте дауыстылар* деген терминмен атайды.

Дыбысының созымды-созымсыздығына қарай дауыссыздарды екіге бөліп, *үздікті, үздіксіз* деген термин ұсынады. Үздікті дауыссыздарды жасалуына қарай, *жабысыңқы дауыссыз, жуысыңқы дауыссыз* деген

терминмен атаған. Ал жуысынқы дауыссыздарды дыбысталуына қарай а) *сыйыр дыбыстары*, б) *сыйыс дыбыстары* деген. Сонор дыбыстардың түрлерінде анықтау ретінде, *тура жолды сонор, айналма жолды сонорлар, мұрын жолды айналмалы сонорлар* деген терминдерді де қолданған.

Бұынның түр-түрін анықтау барысында проф. Қ.Жұбанов тұнғыш рет ғылыми дәйекті зерттеу барысында олардың алты түрі барын анықтап, әрқайсысын нақты терминмен атайды. Олар: 1) *жалаң буын*, 2) *ашық буын*, 3) *жеңіл тұйық буын*, 4) *жеңіл бітей буын*, 5) *ауыр тұйық буын*, 6) *ауыр бітей буын*.

Қ.Жұбанов еңбектерінде дыбыстарға сипаттама бергенде төл терминдерімен қатар халықаралық терминдерді де қолданған: *сонор, вокализм, консонантизм, аффрикат, дифтонг, трифтонг, резонатор, палатализация, детерминатив, ритм, темп, фальцет, гармония, амплитуда т.б.*

Профессор Қ.Жұбанов «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» атты әйгілі еңбегінде қолданған жаңа терминдері – бір төбе. Онда *дыбыс физиологиясы, детерминатив (бөлу), дыбыстардың жіктелуі, үнсіздер физиологиясы, дыбыстық күші (амплитуда), дыбыстардың бөлінуі (таптастырылуы), ән, жуықтық тенденциясы, аулақтық тенденция, негіздік магына, сөйлем мүшелерінің тарихы, говор (диалектінің ұсағы), наречие (диалектінің ірісі), таптасқан сөздер, таптаспазан сөздер, шаруашылық одагайы, көңіл одагайлары, қатынас одагайы, мезгіл-мекен есім, орынбасар есім*.

Профессор Қ.Жұбановтың программа мен методика мәселелері бойынша жазылған еңбектеріндегі тілтанымдық терминдерінің де ғылыми маңызы зор. Ғалым осы салаларға қатысты буын жігі, буын түрлері, буындардың кірігуі, сөздің буын құрылышы, есімдер (зат есім, сан есім, сын есім, мезгіл есім), меңзес септей, септелулі зат есім, теңдес септей, көптік үстейі, реттік үстейіш, кесімді араластырмалы шырай, салыстырмалы шағын шырай, үстейулі шырай, мезгіл есім, етістіктің түрлері, тұйықша етістік (мезгілін ашпай, тұйық қалдырады), тел есімше (шағын білдіреді), сүйенишек есімше, көсем есімше немесе көсемше, айғақ өткен шақ, аулақ өңді, мойындау өңді өткен шақ, күмән өңді, айғақ баяғылық, аулақ баяғылық, әдетше баяғылық, опық баяғылық, арман баяғылық, кесімді келер шақ, тілекті келер шақ, дағдылы осы шақ, дәл осы шақ, жалпы осы шақ, кәдімгі осы шақ, қазіргі осы шақ, әзіргі осы шақ, анықтау есімдігі, алалау есімдігі, қимыл есімдігі, барыс жалғаулы септестер, табыс жалғаулы септестер, шығыс жалғаулы септестер, жатыс жалғаулы септестер, құрал жалғаулы септестер, меңзес жалғаулы септестер, теңдес жалғаулы септестер, іліктес сөздер, шақтас сөздер, жанас сөздер қабыс сөздер, ереуіл салалас, талғама салалас, себеп-салдар салалас, шарт-жадай салалас және т.б. терминдерді қолданған.

Жұбановтанушы М.Миров ғалым қолданған лингвистикалық терминдерді былайша топтастырады: 1) интернационалдық терминдер

(фонетика, грамматика, морфология, синтаксис, семантика); 2) интернационалдық сөз бен төл сөздің тіркесіп келуі арқылы жасалған терминдер (жалпы морфология, субстантивтенген сөз, адъективтенген зат есім); 3) қазақ тілінде жасалған терминдер (жетек сөз, тұйықша, сүйенишек, қосар, қилюлы сөз, жалғауыш т.б.) (78, 190-198).

Профессор Т.Жанұзақ 1954 жылы Ленинград қаласында ғылыми іссапармен болған кезінде СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, әйгілі түркітанушы, профессор, Қазақ КСР-ның ғылымына еңбек сіңірген қайраткері, кезінде проф. Қ.Жұбановтың ұстазы болған С.Е.Маловтан ғалымның (Қ.Жұбановтың) орта мектептің 5-класына арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» (1-бөлім, 1936) атты оқулығын бір күнге ала тұрып, ондағы бірқатар лингвистикалық терминдерді жазып алғандығын, алайда оны толық қөшіріп алуға үлгермегендігін айтады.

Қ.Жұбанов еңбектерінде кеңінен қолданылған, автордың өз ақыл-ой, парасат-болмысы мен ғылыми зерттеу ізденістерінің нәтижесінде жасалған жаңа терминдердің кейбіреулери қазіргі тіл білімі саласында күні бүгінде қолданылып, лингвистикалық сөздіктерде, оқулықтар мен оқу құралдарында, әдістемелік бағдарламаларда кеңінен қолданыс тауып жүргені хақ. Мысалы, проф. Т.Жанұзақов 1936, 1948 және академик І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов 1956, 1966 жарыққа шығарған «Орысша-қазақша лингвистикалық сөздікте», профессор Э.Д.Сүлейменованаң жалпы редакциялық басқаруымен 1998 жылы жарық көрген «Тіл білімі сөздігінде» де профессор Қ.Жұбанов еңбектерінде қолданған және өз тұсынан жасап, қалыптасқан лингвистикалық терминдердің кездесетіндігін айтады.

Дегенмен, проф. Қ.Жұбанов ұстанған лингвистикалық терминдердің бәрі бірдей қолданысқа еніп кете қоймады және ол терминдердің бәрі бірдей сэтті де бола қойған жоқ. Алайда, ғалымның лингвистикалық терминологиясы қазақ тіл білімі тарихындағы маңызын жоймақ емес. Әсіресе Қ.Жұбанов ұсынған (қолданған) кейбір терминдерді Мемлекеттік терминология комиссиясында қарап, ретінен қарай бекітіп, кеңінен қолданысқа енгізіп, қызмет аясын ұлғайтудың мәні зор екеніне дау жоқ.

Терминдерді реттеуге қатысты бір пікірінде профессор Қ.Жұбанов ғылыми тәртіптің қажеттігіне баса назар аудартқан болатын. Ұстаз-ғалым бұл ретте терминдердің сөздік байлыққа, тілдің грамматикасы мен емлесіне, тіл мәдениетіне, жалпы бұқараның сауаттылығына, оқу-ағарту ісіне қаншалықты ықпалы бар екендігін ескере отырып, көңіл бөлген еді. Егер профессор Қ.Жұбанов айтқан «ғылыми тәртіпті» назарда ұстар болсақ, онда қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикасына қосылып, айналымға түсе бастаған жаңа сөздер, тың қолданыстарға, терминдерге зерттеу-анализ жүргізу, олардың табиғаты мен ішкі айырым-сапаларын талдау қажеттігі көкейкесті проблемалардың бірі екендігі дау туғызбайды.

Осымен байланысты қазақ тіл білімінде неология деп аталатын жаңа ғылым саласының орныға бастағанын атап өткен жөн. Неология ғылымы – дамыған тілдер жүйесінде біршама уақыттан бері орныға бастаған,

қарастыратын мәселе-бағыттары айқындалған жеке-дара сала. Сөз жок, ағылшын, неміс, француз және орыс тіл білімінде тіл ғылымының зерттеу де тармақтарымен тең түсіп отырған неология ғылымы қазақ әдеби тілі жағдайында өздігінен өз бетінше немесе қандайда бір жарлық негізінде емес, тіл дамуының өз талабымен, өз заңдылығынан туып отыр.

Неология – тіл ғылымындағы терминология мен неологизм ұғымдарына ортақ, осылардың түйісуінен туындаитын ғылым, оның аясына, ғалымдардың көрсетуінше, «жана сөздерді, тың мағыналарды танудың, олардың пайда болуының негізгі ішкі және сыртқы факторларын анықтау, жасалу үлгілерін зерттеу, норма талаптары тұрғысынан ажырату, сұрыптау қағидаттарын бекіту, лексикографиялық өндіреу (сөздіктер жасау және нормативтік сөздіктерге енгізу межелерін белгілеу) тәрізді мәселелер» енеді. Терминология қаттауы – арнаулы жұмсалатын аясы бар, ғылыми-өндірістік-техникалық ұғымның атауын білдіретін, дефинициясы бар сөзді немесе сөз тіркестерін зерттесе, неология тармағы тілдегі барша лексикалық жаңалықтарды зерттейді, ал неология ғылымы осы салалардың проблемаларын қамтиды. Яғни неология саласы:

- ғылым мен техника, экономика мен шаруашылыққа, оқу-ағартуға қатысты өзге тілдік терминдердің қазақша аударма үлгілерінің ерекшеліктерін (мысалы, *психология* – *жантану*, *анатомия* – *тәнтану*, *зоология* – *жануартану*, *редактор* – *сараши*, *клетка* – *жасуша* және т.б.);
- қазақша терминдер мен қолданыстардың жасалу тәсілдерін;
- көршілес түркі халықтарының тілдерінен енген жана сөздердің игерілуін (*ұшақ*, *кеден*, *ақпарат*);
- тарихи терминдердің, көнерген және сирек қолданыстағы сөздердің әдеби тілге қайта оралу үдерісін (*жарғы*, *жарлық*, *төрага*, *жәдігер* және т.б.);
- синонимдік қатарлардың, жарыспалы сөздердің дербес терминдік дефинициялық ұғымдармен даралана бастауын (*сұрақ* – *вопрос*, *сауал* – *запрос*, *тәсіл* – *способ*, *әдіс* – *метод* (осыдан әдіскер, әдістеме));
- сөздік құрамдағы бір алуан сөздердің соны лексикалық-грамматикалық қызметпен көріне бастауын (мәселен, *ақы*, *қазақ*, *жай*, *хат* тәріздес лексикалық бірліктердің жаңа сөз тудыруышы қосалқы қызметті иеленуін);
- қазақша күрделі номенклатуралық атауларды қазақша қысқартып қолданудың қазіргі түрлерін (мысалы, *ТМД*);
- көркем әдебиет жанрларында кездесетін авторлық қолданыстардың ерекшеліктері мен қызметін (*ертеңгеш*, *ақылман*, *тұспаладама*);
- бейтарап лексиканың кейбір үлгілерінің белгілі бір стильдік тармақтың тілдік-стильдік ерекшеліктеріне қажетті, стильдік «қолтаңбасы» бар тұрақты сөзге, қалыпты тіркеске айналуы үдерісін (*қапер* – *қаперге алынын* – *принять к сведению*; *көздеу* – *заңмен көзделген* – *предусмотренный законодательством*);

- әдеби тілде пайда болып жатқан, бірнеше мэрте (немесе бір рет) қолданысқа түскен соны атауларды тіркеуді, тұзуді, ресімдеуді;
- жаңа қолданыстарды әдеби тіл нормасы тұрғысынан сұрыптауды;
- жаңа қолданыстардың жасалуына ықпал ететін ішкі және сыртқы тілдік факторларды анықтауды қамтиды.

Міне осындай терминология жүйесі мен неологизм салаларының түйісін, тоғысқан тұсынан басталатын неология ғылымы турасындағы ғылыми-практикалық жұмыстар енді-енді қолға алына бастады. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстарды топтастыра, жіктеге бөле отырып бағалау, норма межелері тұрғысынан талқыдан өткізу – келешектің еншісінде.

Әліпби деп алаңдап, емле деп елеңдеген (К.Жұбановтың графика, орфография саласындағы еңбектері жайында)

XX ғасырдың басында Қазақ жазуының қалыптасу, даму жолдарының көшбасында тілдің жаңа жүйесінің бағыт-бағдарын айқындайтын екі мектеп тұрды. Оның бірі – А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Қ.Кеменгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамбетұлы ұстанымдары үйлескен сингармониялық жазу мектебі, екіншісі – К.Жұбанов бастаған қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдерінің (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ф.Мұсабаев, Н.Сауранбаев) мектебі болды.

Проф. К.Жұбановтың «*Оқымыстылар тіл дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылышын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайды. Өйткені бұлардың өзара қатынасын зерттесе, бұлардың өзі де мәңгілікті категория болмай, бір-біріне өтіп, ауысып отырғанын көрер еді, тілдің әрбір категориясының да өткіншілігін сипаттаған болар еді*», – (8, 45) деген сөзі құрылымдық тіл білімі зерттеулерінен кешенді тіл білімі зерттеу әдістеріне ауысып отырған бүгінгі қазақ тіл білімінің жайына келеді. Соған қарап, тіл білімінде фонетика, морфология, лексикология, синтаксис салаларының екшелініп зерттелінуін, өз зерттеу пәні мен әдістерін, нысанын ерте анықтауын, орфография, жазу тарихы сияқты кеш дамыған аралық ғылым саласына жете көңіл бөлінбеген себебін парықтауға болады. Өйткені жазу тарихы ең арғысы тарих пен ұлт, этнос, дін тарихымен, бергісі каллиграфиямен байланысты болса, орфография фонетика, морфология, семасиология, синтаксис салаларындағы зерттеу нәтижелеріне сүйенеді. Ғалым құрылымдық тіл білімінің әр саласына қалам тартқанда оны міндетті тұрде жазу мен практиканың қажеттілігіне байланыстырып отырады.

Қазіргі қазақ графикасы мен әліпбииңдегі әріп-дыбыс қатынасы, емле принциптері, кірме сөздердің орфографиясы, кірме сөздерге қосымша жалғану қағидалары алдыңғы мектептен өзгеше бағыт алды десек, ол негізінен К.Жұбанов көзқарастарының өміршеңдігі мен ұсынған пікірлерінің қолдау табуына байланысты.

1922 жылы Бакуде іргесі қаланған Жаңа түркі (латын) алфавиті комитеті 1924 жылы КСРО Орталық Атқару Комитеті жаңындағы Бұқілодақтық жаңа әліп (алфавит) кіндік комитеті (ВЦКНА) болып қайта құрылды. Академик Ахмет Жұбанов ағасы жайындағы өз естелігінде «Жаңа әліп кіндік комитетінің 1925 жылы Мәскеуде өткен мәжілісіне Құдайберген де қатысты», – деп жазады.

1926 жылы Бакуде өткен Бұқілодақтық түркологиялық бірінші съездің шешімдерін іс жүзіне асыру кешеуілденкіреп барып, отызынши жылдардың қарсаңында Қазақстанда да сәтті аяқталды. Қазақ жаңа әліп кіндік комитетінің 1928-1929 жылдары республика астанасы Қызылорда қаласында болып өткен Ғылыми-орфографиялық конференцияларына Құдайберген Жұбанов алғашында Ақтөбе губерниясы мұғалімдері атынан, екінші жолы Ленинградтағы Шығыс тілдері институтының өкілі ретінде қатысқан.

Проф. Қ.Жұбановтың «Жаңа әліпті алу мәселесі туралы» деген тақырыптағы баяндамасы «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылғы 291-нөмірінде жарияланды. Ал 1928 жылдың 9-12 желтоқсаны аралығында өткен Қазақстан жаңа әліппешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясында сөйлеген сөзі 1930 жылы кітапша болып басылып шықты.

Қазақ әліббі мен орфографиясы мәселелеріне бел шеше кіріскен Қ.Жұбанов осы бағытта өнімді еңбек етті. Ғалым «Қазақ алфавитін реформалау жобасына» деген еңбегінде қазақ әліббінің кемшіліктерін тап басып көрсетіп, оны жоюдың жолдарын ұсынып, тіпті қазақ тілінде шетел сөздерін енгізуіндегі қажетті шарттарын да белгілесе, «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы» атты еңбегінде қазақ тілінің емлесін өзгертуге қойылатын ең бірінші және басты талап – оны барынша қалың көпшілікке ұғынықты, менгеруге жеңіл ету деп көрсетеді. Алайда орфографияны жеңіл жасаймыз деп, жадағайлатып жіберілгенін, соның нәтижесінде бір сөзді бірнеше нұсқада жазуға жол берілгенін сынады. Әсіресе орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдерді жазу барысындағы әркелкілікті көрсетеді. Мысалы, *rənetijke*, *revolutsija*, *qıtmıja* тәрізді терминдердің жазылуындағы ала-құлалықты талдай келе, бұлардың себептерін іздестіріп, оларды болдырмау тетігін қарастырады.

1934 жылы 27 қарашада өткен Мемлекеттік термин комиссиясы мен Халық ағарту комиссариатының бағдарлама-методика секторының бірлескен мәжілісінде термин жасау және бекіту, оларды жазудың емлесін белгілеуге байланысты оқулықтар мен термин сөздіктерін баспадан шығару жайы туралы Қ.Жұбановтың хабарламасы тындалады. Баяндамашы Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі сөздік құрамындағы сөздердің шығу тегіне қарамастан, оларды жазудың бірізді емлесін ұсынған. Құжаттың түпнұсқа тілімен айтқанда былай делінген: «Единая орфография, по мнению докладчика, должна в полной мере обеспечить рациональное разрешение вопроса орфографии и создать устойчивость ее.

Такое решение вопроса, по мнению докладчика, должно и может быть в результате определения места написания узких не лабиальных гласных

звуков. Эти звуки, оставаясь в природе, в произношении однако, на основании анализа существующей орфографии, совершенно безболезненно могли бы быть исключены из написания в закрытых слогах многосложных слов. Принимая это правило, мы получаем возможность писать и иноязычные международные слова (пример) без излишнего искажения его доподлинной формы [ЦГА КазССР, Фонд – 81, оп. – 3, дело – 679, лл. 1-200].

Профессор Қ.Жұбанов жасаған емле ережесінің ішінде мынадай бір жайтқа назар аудара кетуге болады: «Қазақ тілінің дыбыстары әруақытта өзінің буын ішіндеғі фонетикалық қоршауына сай бірде жуан, бірде жіңішке болып естіледі. Бұл заңға көнбейтін үш калька дыбыс бар: *e, k, g*. Олар үнемі жіңішке естіледі. Тіліміздің бұл заңдылығы 1912 жылдан бастап 30 жылға дейін, яғни 18 жыл бойы қолданылып келген араб графикалы емлемізде ескеріліп келген еді. Бірақ латын әліппесін қабылдағанда Бүкілодақтық жаңа әліп кіндік комитетінің гылыми кеңесі біздің ырқымыздан тыс бұл емлені қабылдамай тастады. Қазақ сөздерінің не бірөңкей жуан, не бірөңкей жіңішке болып келетіндігі ешкімнің ойлап тапқан нәрсесі емес, тіліміздің табиғи заңы болатын. ...Енді біз осы заңдылықты негізге алып жазу емлемізге жіңішкерткіштік белгі енгізсек, онда әліппеміздегі әрітердің санын қазіргідей 29 емес, 24 таңба етіп қысқартуға болар еді. Бірақ бұндағы жазу жүйесіне қазірде екі түрлі себеппен қарсы болуы мүмкін: 1) бұл жүйені қазақ жазуы бұрын басынан кешіргендіктен, есکі ережеге қайта айналып соғу деп санаса; 2) жазуда дәйекші таңбасын қолданудың тұңғыш авторы – қазақ еңбекшілерінің «тап жауы» А.Байтұрсынов болған деген желеуғе сүйену. Бірақ болуы мүмкін осы екі түрлі наразылықтың екеуі де есқі қисынға қайта келу ретінде негізсіз деп білемін», – дейді ғалым.

Келтірілген сілтемеден аңгаратынымыздай, араб әліпбіне негізделген қазақ жазуындағы дәйекшінің артықшылығын Қ.Жұбанов өте жоғары бағалаған. Ғалым араб қарпінің табиғатына тән кейбір ерекшелігі болмаса, бұл жазудың еш кемшілігі байқалмағанын, сондықтан одан бас тартып, латынға көшу мәселесі жоғары жақтың қысымы екендігін ескертеді. А.Байтұрсынұлының өзі де, егер араб қарпінен латын жазуының артық екендігіне анық көз жететін болса, онда латын графикасына деген қарсы ой болмайтындығын білдірген еді. Қ.Жұбанов жазу мәселесіндегі теориялық зерттеулерінде орфография мен орфоэпия мәселесінің ара жігін ашып, жазу емлесін жасау барысында, әсіресе, түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың айтылуы мен жазылуына сингармонизм зандылығы тұрғысынан жете көңіл бөлген. Осы орайда «Репрессированная тюркология» атты еңбектегі: «...Жубанов стремился сохранить в казахской латинице принципы, применявшиеся Байтурсыновым в реформированном арабском письме», – деген мәлімет жоғарыдағы айтылғандардың негізділігін айқындаі түседі (14, 202-207).

Осы жерде ғалымның А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын насихаттауға қолдау көрсеткендігі туралы жайында Есет Жұбановтың мақаласындағы мына деректерді көрсете кетуді жөн санадық: «Тергеушінің:

—Үлтшылдық мақсатымен істеген қылмысты істерінді ата! – деген әмірінен де Жұбанов қаймықпайды. 1937 жылғы 19 желтоқсандағы тергеуде де ол үлттың қамын жеген ойларын жалғастырады: «*В апреле 1936 г. мне стало известно, что студент 3-курса литфака пединститута ... пропагандировал в общежитии байтурсыновскую грамматику и идеализировал Байтурсынова. Когда студенты начали его прорабатывать на собраниях, я взял его под свою защиту, мотивируя тем, что он отличник учебы и что ему должны прощаться его «случайные грехи».* ... Тағы бір студент туралы айта келіп, былай дейді: «...я ему дал пробное задание сделать доклад на зачетной конференции студентов о грамматике Байтурсынова. Этим я хотел заодно и популяризировать Байтурсынова среди студентов» (79, 80-86). Бұл келтірілген дерек ғалымның А.Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміндегі ерекше орнын құрмет тұтуымен қатар оның азаматтық қасиетінің жоғарылығын да айғақтай түседі.

Қ.Жұбанов басқа тілден енген сөздерді дұрыс жазу үшін олардың дыбысталу қалпын бұзбау қажеттігін, яғни әліпбиге сол тілдің дыбысын дәл жеткізе алатын таңба болуы қажет екендігін айтЫП, халықаралық мәні бар сөздерді дұрыс таңбалау мақсатында қазақ әліпбиине **ф**, **х**, **һ** әріптерін енгізу туралы ұсыныс жасайды. Алайда бұл жолы Қ.Жұбанов ұсынған «ф» және «х» әріптері әліпбиге енгізілмей қалады. Бұл жөнінде құжатта «Воздержаться от принятия букв «ф» и «х» впредь до окончательного вынесения поэтуму вопросу решений соответствующих компетентных органов и общественности. Вопрос об этих буквах поставить на широкую дискуссию», – делинген.

Сонымен қатар ғалымның «у» дыбысының қосарлы таңбасы жайындағы пікірі де жүртшылықты ойландырганы мәлім. Бірақ, өкінішке қарай, ғалымның бұл әріптер жөніндегі ұсынысы дер кезінде қолдау таба алғамады. Тек, бірнеше жылдардан кейін ғана тіл мен жазудың даму сатысының өзі бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеп шықты. Сөйтіп бұл әріптер қазір қазақ әліпбииңін толық мүшесі ретінде қатар түзіп, термин қалыптастыру ісінде қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Проф. Қ.Жұбановтың қазақ емлесі мен әліпбииң қатысты тағы бір маңызды еңбегі ғалымның «Мемлекеттік терминком Бюллетенінің» 1-нөмірінде жарияланған «Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне кіргізілетін өзгерістердің жобасы» болып табылады. Бұл өзгерістер өзінің өміршендігін танытып, 1957 жылы қабылданған Ережеде осы жобадағы қағидалар басшылықта алынды.

Қ.Жұбанов емле жасау жөнінде өз ойларын: «*Қазақтың әдеби тілінде үстап-тұтынылатын сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсының өзіне менишікті тұрақты таңбасы болуы керек те, сол тұрақты түрден айнып, басқаша жазылған жазудың бәрі де қате делінетін болуы керек. Бірақ ол үшін мына сөз «таза қазақша», мынаның «тегі жат» деп, сөз-сөздің тегін қосып жатудың қажсеті жоқ: тегі қайdan шықса да бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі делінуі керек», – деп тұжырымдайды.*

Ол ереже жасауда негізгі есте болар жай – «емле жеңіл болу үшін ереженің санын да, ережеге қонбейтін одагай қалыптардың санын да құр тек «аз ету» шарт емес, қайта тілде бар, емлеке керекті қалыптардың бәрінің түгел тексеріліп, ереже болып қорытылып шығуы шарт», – дейді.

Қ.Жұбанов қазақ әліпбі мәселелерін талдау барысында жалпы тіл білімі деңгейіндегі ғылыми ізденістерге, белгілі ғалымдар еңбектеріне, басқа тілдердің кейбір эксперименталды зерттеу деректеріне арқа сүйей отырып, басқа тілдердің де тарихын зерделеп, салыстырып, салғастырып пікір айтады: «*Кыргыз тіліндегі секілді ұзындық-қысқалық қазақ дыбыстарында жоқ*». ... «*Наши алтайские языки в древности, вероятно, не дифференцировались по признаку звонкости и глухости звуков, как уйгурской письменности, где **и** и **б**, а также **к** и **г** обозначаются одной и той же буквой. Это все нам показывает, что в сознании тогдашних тюрков, которые писали на этом алфавите, эти буквы не отличались так друг от друга. ... Сейчас чувашский язык, например, не знает различие глухих и звонких. Глухие звуки в открытом слоге превращаются в звонкие, а в закрытом – глухие. ...Наша письменность, можно сказать, имеет значительно древнюю историю. Еще в VI-VII веках тюрки имели письменность*». Ғалымның бұл пікірлерінің тек фонетикалық жағынан ғана емес, фонологиялық, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи тұрғыдан да құндылығын аңғарамыз.

Тіл заңдылығын терең түсіне білген Қ.Жұбанов: «*Білек, тыраши, ыстаған (мес) сияқты қазақ сөздері, осылай, басқы ашық буында келте дауысты ы, i-лермен жазыла тұрып, пленум, трактор, стахановиши сияқты сөздер ы, i-лерсіз жазылатын болса, жеңіл соғар ма еді?*», – деп, дыбыстарының тіркесу заңдылығы тіліміздің табиғатына сай емес орыс тіліндегі сөздердің көрсетіп, оларды жазудың тиімді жолын іздестіреді.

1933 жылдан бастап латын жазулы емлені өзгертуге байланысты ұсыныстар басталғанда, алғашқы жоба Қ.Жұбанов авторлығына тиесілі болды. Ғалым ұсынған әліпбиде 24 әріп, бір дәйекші бар. Әліпбидегі графема мен фонеманың қатынасы мына түрфыда: *a<a>-<a'>, b-<b'>, c<ш>-<ш'>, k<k>, q-<қ>, l <л>-<л'>, r<p>-<p'>, s<c>-<c'>, m <м>-<m'>, d<д>-<d'>, n<н>-<n'>, t<t>-<t'>, e<je>-<e>, ң<ң>-<ң'>, u<uv>-<y>-<uyv>, g<r>-<f>, x<x>-<x'>, y<ψ>-<γ>, h<h>-<h'>, o<ө>-<o>, z<z>-<z'>, i<ыj>-<ij>, ь<i>-<ы>, p<п>-<п'>*.

Қ.Жұбанов «*f, h, x әріптері кірме сөздерде ғана емес, Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тілінде бар дыбыс және келешекте тілдің термин (1934) сөздермен баю мүмкіншілігін ескерсек, бұл әріптерден бас тарта алмаймыз және өзге түркі халықтарының әліпбіімен бірдейлестіру үшін бұл үш әріпті әліпбиге енгізу керек*», – дей отырып (Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1999. –510-б.), *pravda, avarie, vütpel, fabrik, fakt* сөздерін **b**, **p** әріптерімен таңбалаудың қындылығын көреді. Ал *giretəron, Meknijke, Qarkop, sabet* сөздерініңәртүрлі орфограммаланып кететінін байқады.

1936 жылы «**h** әрпі әліпбіде болғанмен, қазақ сөздерінде ұшырап жарымайды, тек одагайларда кездеседі», – деп, әліпбі құрамынан **ө, ә, ж (й)** таңбаларын шығарып, **h** әрпін <f> фонемасына беруді ұсынады. Ал **ж**-ді **i** дауысты дыбыс әрпімен, **v**-ны **u**-мен беруге болады дейді. Сөздің жіңішкелігіне дәйекшеден басқа **i, k, g** әріптері де қарақшы (маркер) бола алғатынын көрсетеді. Сонда Қ.Жұбановтың әліпбі құрамынан алғып тастауға болады деген таңбалары мыналар болды: **ө, ә, ж, f, v**. Және **ү, үү, ый, ій** қосар таңбаларының орнына бір таңба алуды, дәйекше қызметін пайдалануды ұсынады. Сөз болып отырған қазақ латын графикасының кемшілігі деп, «**сызылған**» **ө**, «**құйрықты**» **ç, ң**, «**аударылған**» **e (ә)**, «**созылған**» **g (q)**, «**белі сзыылған**» **z** таңбаларын атайды. Сөйтіп, «... вместо прежних 13 букв по значению и 17 букв по числу знаков оставляются 7 букв, 7 знаков», – дейді. «**Сыз, сіздегендегі ы, і әріптері сөз дыбысталаудың гана жуандығы мен жіңішкелігін көрсету үшін тұрган жоқ, ол бүтін буынның жуан-жіңішкелігін көрсетуге қойылған қарақшы.**» «**Жазуда буын сайын бір дыбыстың жуан-жіңішкелігін айырып таңбалаганда, әр буынның дауысты дыбысының гана жуан жіңішкелігін айырып таңбалаймыз. Әрқайсысына екі әріп алғып әурелемей-ақ, буын-буынның гана жуандығын я жіңішкелігін айыртқандай бірақ белгі қоятын болсақ, әрпіміздің санын бүгіндегімізден де азайтып 26-ға түсіруге болар еді**», – деді (1-кесте).

Ал кірме сөздерді жазғанда орыс тіліндегі түбірін сақтап, қосымшаны қазақ тілінде жалғауды, сондай-ақ туынды кірме сөздердің журнағын қазақ тілінде беруге болатынын ескертті (*федерировать – федерациялау*).

1 кесте – Қ.Жұбановтың латын жазуына енгізген өзгерісі

1929 жылғы латын жазуы	Қ.Жұбановтың ұсынысы	1929 жылғы латын жазуы	Қ.Жұбановтың ұсынысы
a <a>	a<a><ә>	o <o>	o <o><ө>
ә <ә>	-	ө <ө>	-
b <б>	b<б>	p <п>	p <п>
c <ш>	c <ш>	r <p>	r<p>
ç <f>	ç<f>	s <c>	s <c>
d <д>	d<д>	t <t>	t <t>
e <e>	e <e>	u <ү>	y <ү><ү>
g <г>	g <г>	y <ү>	-
-	f <ф>	z <з>	z <з>
i <i>	i <й><и>	v <в>	v <в>
h <h>	-	j <й>	i <i>
k <k>	k <k>	ь <ы>	ь<ы>
l <l>	L <л>	č <ж>	č <ж>
m <m>	m <m>	Uv	-
n <n>	n <n>	Yv	-
<h>	ң <h>	бj	-
q <k>	q <k>	Iy	-

Сонда бұрынғы 13 таңба 7 таңбаға дейін қысқарған: **а** - <a>, <ə>; **о** - <o>, <ө>; **у** - <uv>, <uv>; **ь** - <ы>, <i>, **и** - <ij>, <ыj>; **е** - <e>, **ү** - <ψ>, <ү>.

Жобадағы өзгеріс – қазіргі қазақ графикасының басты проблемасы – қосар әріп (**үү**, **үү**, **ый**, **ій**) таңбаларының дара таңбаға ауыстырылуы болды. Қ.Жұбановтың көзі тірісінде қабылданбаған жоба 1956 жылы М.Балақаевтың ұсынуымен, ірі ғалымдардың құп көрмегеніне қарамастан, жүзеге асқаны белгілі.

Қ.Жұбанов құлаққа шалынғаның бәрі таңбаға ие болмайтынын парықтап, бір таңбамен мағына ажырататын екі фонеманы да беруге болатынын білген. Қ.Жұбановтың айтуынша, дауыссыз дыбыстар жеке бөліп айтуға келмейді. **Б** әрпі не **бы**, не **ыб**, **r** әрпін не **ыр**, не **ры** деп айтамыз. Қазақ тілін **әлі** дыбысшыл кезеңге түгел жетіп болмаган, буыншил қасиеттерін түгелімен жойып бітірмеген тіл деп табады ғалым.

Сонымен қатар, Қ.Жұбановтың «буын жігін айыртууды есепке алма. Қандай жазуда да буын жігін таптыру методикасын шығартып алуға болады» деген сөзі буын – ауызша тілдің бірлігі, тасымал жазба тілдің бірлігі екенін аңғарғанын білеміз. Оны буынның кірігуіне келтірген мысалдарынан байқауға болады: *атене, агеке, жақсат*.

Ғалымның 1929 жылғы әліпби мен емле ережелеріне айтқан сиңи қазақ жазуы тарихының бір этюдің құрайтындықтан, автор еңбегіне сілтеме жасауды жөн көреміз. Мысалы, Қ.Жұбанов орфография ережелері «термин сөздерді ғана емес, төл сөздердің де дұрыс жазылуына кедергі келтіріп келді. ...Әсіресе асра, ру, көбрек, қойны, аулы, шаруа сөздерінің бірде **ы**-мен, бірде **ы**-сыз жазылуына өзі жол берді», – деді. Сондай-ақ мына сөздердің бірнеше нұскада жазылуына мүмкіндік жасады дейді: ғана / ғәне / ғәне, ішкім / ешкім, шіймай / шыймай / шызыбай, кервіш / керпіш / кірпіш, бійбастақ / бейбастақ / бійбастақ, жәнтік / жәндік, шынара / шінара / шін-ара / ішін-ара / ішінара. Сол сияқты күрделі біріккен сөздерді жазылуы да әртүрлі болды дейді ғалым: жар-ғанат / жар қанат, қол-ғабыс / қол қабыс, жарымес / жәрмес, ійін агаши / ійінәгаши, жаздығуні / жаздықуні / жаздықүн / жаздықүн, жазғы тұр / жазғытұр / жазытұр / жазытұр, баражатыр / баратыр / барат.

1929 жылғы емледе «тек кірме сөздердің жазылуында ала-құлалық бар, ал төл сөздердің емлесі мінсіз деген пікірлердің дұрыс еместігін осы мысалдардан да көруге болады» дейді ғалым. Емле ережесінің аз болуы емленің мінсіздігін емес, кемшілігін көрсетеді. Ал кірме сөздердің емлесі туралы қазақша жазушылар «шет тілдерден кіретін сөздердің емлесі қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының осы күнгі заңдарынша болу керек деп, бір ғуре болады. Аса бір керек жерлерде ғана болмаса, жаңа сөздердің түбірін бұзбай жазу керек» деп екі ғуре болады», – дейді Қ.Жұбанов. Сондай-ақ ғөрі/көрі шылауының ғөрі нұсқасын кодификациялау керек. Өйткені «ол үнемі шығыс жалғауынан кейін қолданылады» деді ғалым.

1935 жылы *барма, келгесн, барғансн* деп бірге жазуды ұсынады да, енді бір мақаласында қосымша *ма*, *ме-ні* бірге, *шылау ма*, *ме-ні* бөлек жазуды

ескертеді. Сондай-ақ да, де-нің қосымша болғанда сөз түбірімен бірге, шылау болғанда бөлек жазылатынын айырады. Ал мен, бен сөздерін шылау, қосымша екенін айыру қындығынан бөлек жазуды жөн деп табады. Қос сөздерді дефиспен, тек *appaқ*, *көкпеңбек* сөздерін бірге, ал *қолма-қол* сияқты қосар сөздердің алдыңғы екі сыңарын бірге жазуды ұсынады. Сөйтіп, бүгінгі емле кодификациясының түпнегізі К.Жұбанов тұжырымдамаларынан шыққанын көреміз.

Бүгінгі емлеміздегі түбірдің морфологиялық, қосымшаның фонетикалық принциппен жазылуы тағы да проф. Қ.Жұбановтың кесімді ұсындысынан шыққанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Ғалым Е.Омаровтың кейінгі қазақ емлесі үшін ұсынған қосымшалардың ортақ формасын жазып, түркі халықтарының жазуларын унификациялап аламыз деген пікіріне абылап қарау керектігін ескерткен.

Сондай-ақ қысан, езулік *ы*, *i* дыбыс таңбалары туралы «Жанғазыға хатында» (1936) автор орыс тілінен енген сөздердегі *ы*, *i*-лерді қысқарту жағын көп ойластырады. Сондай-ақ қазақ тілінің бір буынды төл сөздерінде *ы/i* таңбасын салып, екі буындыда түбірдегі қысанды түсіріп жазуды ұсынады: *біл* – блек, *қыр* – *крау*, *ыс* – *стая*.

1936 жылы мәдениет құрылышы қызметкерлері съезінде қазақ әліпбіи мен емлесін жақсарту жөнінде Қ.Жұбанов ұсынған пікірлерді былайша топтастыруға болады: 1) халықаралық және орыс тілінен енген терминдерді орысша жазылуына жақыннатып таңбалау; 2) қосар *ыj*, *ij*, уүдеген төрт таңбаның орнына жалаң *i*, үәріптерін жазу; 3) *ь*, *j* (осы күнгі *ы*, *i*) әріптерін жазуды біраз тежеу; 4) кірікken сөздерді қосып жазу.

Бүгінгі қазақ орфографиясындағы бір қындық екінші буындағы ә әрпінің жазылуы болса, Қ.Жұбанов оны: «*Көп буынды түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың a-ә екені дұдамал болса, немесе дұдамал болмай-ақ, анық ә дыбысы болса да, қосымша жуан түбірге жалғанғандагыдан жуан айтылады да, a мен e, қ мен k, ә мен g бір келетін қосымшаларда a, қ, ә жазылады. Оңайлық үшін ондай түбірдің соңғы буынына да ә жазылмай, a жазылады: кітапқа (кітәпке емес)», – деп шешкен. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы жазуда лингвалды үндесім құбылышын таңбалау арқылы және ұяң дауыссыздарға артықшылық беру арқылы тілдің ерекшелігін айқындаса, Қ.Жұбанов тілдің қысан емес, ашық сипатын, жіңішке емес, жуан сипатын таңбалауды дұрыс көрді. Бұл қағида қазақ жазуының бүгінгі проблемасына қатысты. ҚТОС-тың (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі) 1964 жылғы басылымы бұл қатарды Қ.Жұбановтың пікіріне сүйеніп, *кушала*, *дұдамал*, *ділда*, *күнә*, *кінә* сияқты сөздерді **a**-мен таңбалады. Кейін жазу практикасымен ОС (Орфографиялық сөздік) арасында қайшылық туған соң, алдыңғысы ескеріліп, ҚТОС-тың кейінгі басылымдары **ә**-мен қалыптандыра бастады. 2001 жылғы сөздік тек барыс жалғауын ғана жуан вариантта, басқа қосымшаларды жіңішке формада жалғауды ұсынды.*

Ал ғалымның кірме сөздердің емлесі жайлы айтқан пікірлері арнайы сөз қылуды қажет етеді. Өйткені бүгінгі таңда жаңа латын графикасына көшу

қарсаңында немесе орыс графикасынан (кирилл қарпінен) бас тартудың себебін іздеу барысында, жоғарыда ескерткендей, Қ.Жұбановтың қазақ тілінің даму бағыттарына тигізген ықпалы көрінеді. Фалым «шеттілдік сөздерді орыс тіліндегі орфографиясымен қоса қабылдауды ұсынды, бұл ұсыныс қолдау тауып, қазірде біз екі түрлі алфавит, екі түрлі орфография пайдаланамыз: қазақ тілінің төл сөздерін таңбалайтын және шеттілдік сөздерді жазу орфографиясы. Жазылған сөз ішінде *ң, ӊ, ъ, ь, ң* таңбалары кірме сөз екеніне маркер болып тұрады. *Директор* деп жазып, [директор] деп оқысақ, ол орыс орфоэпиялық нормасында қабылдан отырмызы» дегенді білдіреді. «Перспектива развития казахского языка, тенденция обогащения его терминами и словами, обозначающими технику и действия современной культуры, из иностранных языков не дадут возможности так просто их игнорировать ... следует ввести *f, h, x*. *Federatsija* → *Federatsijalav*, *klassifikatsija* → *klassifikatsijalav*», – деп жазады автор. Оның үстіне, **һ, х, ф**-п дыбыстары бір фонеманың вариантыры екенін айтады. Осы орайда терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бағындырып жазғаннан гөрі, түбірін цитаталық, қосымшасын фонетикалық принциппен жазғанды ұсыну Қ.Жұбанов тарапынан шыққанын айта кеткеніміз жөн. Бұл кірме сөздер қазақ тіліне сай орфограммалаудың қындығынан, жазудағы ала-құлалыққа тосқауыл қоюды ойластырған ниетінен шықты дейміз.

Профessor Құдайберген Жұбановтың жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулерін бағдарға ала отырып, әлі де басы ашылмаған мәселелерді сөз етуге болады. Солардың бірі – қазақ орфографиясының принципі. Бұл жөнінде де Қ.Жұбановтың зерттеулері, айтқан ойлары, сөйлеген сөздері мен ұсыныс пікірлері қазіргі жазу нормаларының жай-күйін бағдарлауға, емле принциптерінің кейбір уәждерін қайта қарауға ой-тұрткі болады. Кезінде профессор Қ.Жұбанов «емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуга керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емле дыбыс негізді (фонетикалық принцип негізді – Н.Уәлиев) болуга керек», – деген болатын. Ал соңғы онжылдықтардағы оқулықтар мен зерттеулергс назар аударсақ, қазіргі кездің өзінде қазақ орфографиясындағы жетекші принцип жөнді айқындалмаған деуге болады. Мысалы, кей оқулықтарда: «Қазақ орфографиясының негізгі принципі – морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін қолайлы принцип болып саналады. Бұлай дейтініміз түркі тілдерінің табиғаты, атап айтқанда, ондағы сөздердің морфологиялық құрылышы және олардың түбір тұлғасының сакталу ерекшелігі – осылардың бәрі жазуда морфологиялық принципті басты принцип етіп алууды қалайды. Түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі үшін морфологиялық принцип ең жанасымды, ең қолайлы деуіміз де осыдан»десе, кейбір зерттеулерде қазақ орфографиясы фонетика-морфологиялық принципке негізделген деп тұжырымдалады.

Міне, осы аталған үш бағытты қазіргі жазу нормасы тұрғысынан қысқаша салыстыра қарауға тұра келеді. Алдымен морфологиялық принцип жайында. «...Сөздерге сөз тудыруши аффикстер мен сөз түрлендіруші

аффикстер жалғанғанда, екі сөз бірігіп немесе өзара тіркесіп айтылғанда, сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы өзгеріп, әр түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Морфологиялық принцип дыбысталудағы бұл ерекшеліктерді ескермей, сөз құрамындағы сынарлардың жеке тұргандағы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы: басшы (башы емес), ұшсын (ұшишын емес), сәнқой (сәңқой емес), көрінбеді (көрімбеді емес), Қазанқап (Қазаңғап емес), әркім (әргім смес), көзқарас (көзгарас емес), Сарыарқа (Сарарқа емес)».

Демек, морфологиялық принцип бойынша сөздің морфемдік құрылымы сақталып жазылуға тиіс. Бірақ қазіргі жазу тәжірибеліден орнықсан нормалары осы талапқа толық жауап береді ма? Мына топтағы сөздердің жазылуына назар аударсақ, бұлардың морфемдік құрамы өзгеріссіз жазылған деуге болмайды: *ақ* – *ағар* (*ақар* емес), *көк* – *көгер* (*көкер* емес), *жасқ* – *жасын* (*жасын* емес), *тақ* – *тағын* (*тақын* емес), *бақ* – *бағыл* (*бақыл* емес), *оійн* – *оіна* (*оійна* емес), *орын* – *орна* (*орына* емес), *сарын* – *сарна* (*сарына* емес), *сары* – *сарғай* (*сарығай* емес), *қозы* – *қоздау* (*қозылау* емес), *халық* – *халқы* (*халығы* емес), *мұлік* – *мұлқі* (*мұлігі* емес), *әріп* – *әрпі* (*әрібі* емес), *қап* – *қабы* (*қапы* емес), *сан* – *сабы* (*саны* емес), *көп* – *көбі* (*көпі* емес). Сондай-ақ морфологиялық принцип бойынша қосымшалардың бір ғана варианты, мысалы: *-лар* алынуы керек те, қалғандары (-*дар*, -*дер*, -*тар*, -*тер*) оның жай ғана дыбыстық өзгерістері ретінде жазуда еленбеуге тиіс.

Міне, бұл тәрізді сөздердің жазылуын морфологиялық принцип бойынша түсіндіруге болмайды және қазақ орфографиясындағы жетекші принцип морфологиялық деген тұжырымға шүбәмен қарауға тұра келеді. Морфемдік құрамы дыбыстық өзгеріске түсken күйде, яғни фонетикалық принциппен жазылатын сөздердің саны түбірі сақталып жазылатын сөздерден аз емес. Осындағы себепке байланысты болу керек, соңғы кездегі зерттеулерде қазақ орфографиясы фонетика-морфологиялық принципке негізделген деген пікір орын ала бастады.

Профессор Қ.Жұбанов қазақ жазуы фонетикалық принципті ұстануы керек деген үзілді-кесілді пікірде болды. Ғалымның сондағы сүйенгендегі негізі мен ғылыми дәлелдері қандай? Ғалым мұрасын оқи отырып, осы сұрауга жауап іздесек, экстралингвистикалық және таза лингвистикалық екі түрлі жайтын аңғарамыз. Бірінші – Қ.Жұбанов – тіл практикасында демократияшыл көзқарасты дәйекті ұстанушы әрі орнықтырушы ғалым. Ғалымның бұқарашыл платформасы жазу, терминология, емле, орфографиялық принциптер туралы ойлары мен зерттеулерінен айқын танылады.

«Тілдің әліппесінен бастап, жоғарғы сатысына жеткенше төңкеріс (революция – Н.Уәлиев) практикасының, ілім техниканың не бір иғілігін сөзбен айтып, ашып береде аларлық дәрежеге жеткізуідің өзі де – емле мен терминологиядан аулақ болмақ емес. Мәдениетті таңдал, жасап шығаруышы тап та, оны керек қылуышы тап та – еңбекші тап болған соң, емле мен терминологияның қызметі – сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке

жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминология мәні әсіресе зор болады (...) Сонымен, емлені қайта тексергенде, ең алдымен оны қалың елге, еңбекші бұқарага түсінікті, жеңіл қылып шығару жасын ескеру керек», – дей келіп: «Қазір біз туыс жүйелі (морфологиялық) емлені қабылдасақ, бізде де ағылышындардікі және басқа елдердікі сияқты дәстүрлі жазу болады», – деп қорытады. Шындығында, морфологиялық принцип бойынша көп вариантты қосымшалардың бір ғана нұсқасы таңбалануы керек те, қалғандары еленбеуге тиіс. Бұл бағыт, әрине, жазба тілдегі шарттылықты көбейтеді. «Көптік жалғауының қазақша төрт түрі бар. Біз оның бәрін тастап, жалғыз «-лер»-ді ұстап қала алмаймыз. Мұнан оқыту жұмысы қындаиды. Сауаттану жұмысы төзірек жүргүшін жазу да сөз естілуіне жақын болу керек». Оппоненттерімен пікір таласында ғалымның мұндай қарапайым мысалға жүгінуінің себебі жоқ емес. Морфологиялық принцип бойынша қосымшалардың қалыптасқан варианттарын бөле-жарып, бірер нұсқасына артықшылық беру тілдің ғасырлар бойына қалыптасқан шын қалпынан қол үзу болар еді.

Емле ережелері мен принциптерін белгілеуде ғалым тек экстралингвистикалық, әлеуметтік факторларға сүйеніп қоймай, таза лингвистикалық дәлелдерге иек артып отырды. «Жалғауды туыс жүйесімен жазу үшін оның тарихын, бұрын қалай жазылып жүргенін, қысқасы, алғашқы нұсқасын білу керек. Жалғаудың қай түрі тұңғыш, қай түрі кенже екенін бұл күнгі тіл білімі танып біле алмайды. Мәселен, **-дар** көнерек *pe*, я **-лар** ескірек *pe*, болмаса **-тар** кәрі *me*, оны дәлелдеу мүмкін емес». Тіпті реконструкциялау әдісімен бұл формалардың архетипін тапқанның өзінде, қазіргі жазу практикасында оның соншалықты үлкен мәнге ие бола қоюы негайбыл.

Сонымен, Қ.Жұбановтың айтуынша, қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сай келетін бірден-бір принцип – фонетикалық принцип. Ал олай болса, фонетикалық принципке қарама-қарсы қойылып, яғни «морфологиялық принцип» деген айдармен таңбаланып жүрген *басши* (*башы*), *тұнгі* (*тұңғы*), *көзсіз* (*көzsүз*) деген сөздердің саны едәуір және өз жүйесі бар. Сондықтан оларды «Ереже ескертусіз болмайды» деген рубрикаға жатқызу тіл шындығына сай келмейді. Тегінде, бұл топтағы сөздердің жазылуын фонетикалық принципке қарама-қарсы қоюымыздың өзі дұрыс па? Әрине, фонетикалық принципті «қалай естілсе, солай жазылады» деп түсінсек, онда *басши*, *тұнгі*, *бізсіз* деген сөздер морфологиялық принципке негізделген деп, фонетикалық принципке қарама-қарсы қоюға болар еді. Бұл жерде фонетикалық принциптің өзін анықтап алу қажет тәрізді. Қ.Жұбанов: «Жазуда сөз естілуіне жақын болуы керек» дейді, яғни бұл ұғым «қалай естілсе, солай жазылады» деген формулатамен бірдей емес. «Фонетикалық принцип, дәлірек айтқанда, фонематикалық принцип, әрине, «қалай естілсе, солай жаз» дегенді білдірмейді. Шындығында, фонетикалық принципті «қалай естілсе, солай жазылады» деп білу бұл принцип туралы түсінігімізді шатастырып, жазу тәжірибесінде оны дұрыс қолдануға кедергі болады. Егер

«сөз қалай естілсе, солай жазылады» деген қағидаға сүйенсек, *тұн* деген сөзді (*тұн*), *тын* деген сөзді (*тын*) түрінде жазып, **и** дыбысының жуанжіңшкелік қасиетін жеке таңбалар едік. Немесе *сауда* сөзі (*сауда*), ал *саудагер* сөзі (*сәудегер*) түрінде жазылар еді. Бірақ бұлай жазу – фонетикалық принциптің емес, фонетикалық транскрипцияның міндеті.

Әрине жазу мен транскрипция – әуелден екеуі екі басқа нәрсе. Дыбыс жазуы дыбысталған сөздің айна-қатесіз көшірмесі емес. Сондықтан дыбыс жазуында фонологиялық жүктемесі жоқ, фонетикалық қоршауға тәуелді небір дыбыс құбылыстары ескерілмейді.

Жазу теориясына қатысты бұл мәселеге Қ.Жұбанов дер кезінде назар аударған болатын. Дыбыстық қоршауға тәуелді кезкелген дыбыстық құбылысты жазуда таңбалай беру, Қ.Жұбанов айтқандай, *ультрафонетик бағытқа бой ұру болар еді*.

Бірақ мәселенің қындығы мынада: фонологиялық жүктемесі жоқ немесе ультра-фонетик (Қ.Жұбановтың термині) құбылыстарын фонологиялық мәні бар дыбыс құбылыстарынан қалай ажыратамыз? Фонема теориясы бойынша бір фонеманың бірнеше реңкі болуы ықтимал, яғни фонетикалық қоршау қанша болса, фонеманың реңкі де сонша болады. Бірақ солардың ішінде фонетикалық қоршауға неғұрлым тәуелсіз – негізгі реңк, ал фонетикалық ортаға барынша тәуелділері – қосымша реңк. Фонологиялық жазудың ерекшелігі бойынша, фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, фонетикалық ортаға барынша тәуелді реңктері ескерілмейді. Мысалы, *жұмысшұ* деп жазбай, *жұмысшы* деп жазу себебімізді осы тұрғыдан түсіндіруге болады. **С/Ш** алмасуы фонетикалық ортаға тәуелді, яғни *с* мен *ш* іргелес келген барлық жағдайда *с* фонемасы *ш* реңкіне көшеді. Бұл іргелестікке *с*-ның басқа ал्लтернациясы болмайды. Осы типтес өзгерістерді шартты түрде жалпы фонетикалық алмасу деп атауға болады. Бұл топтағы дыбыс алмасулардың өздеріне тән белгілері бар. Жалпы фонетикалық алмасулардың морфемдерге қатысы жоқ. Мейлі ол үстене жасайтын қосымша мен қалау рай тұлғасы болсын немесе шартты райдың жүрнағы болсын, сондай-ақ «жоқтықты» білдіретін аффикс болсын, бәрібір, талғампаздық болмайды. Фонема реңктері талғаусыз өзгере береді: *құсша* (*қүшиша*), *ысшы* (*ышиши*), *безсе* (*бессе*). Мұндай қасиет жоқ, мысалы, **қ-ғ**, **қ-г**, **п-б** өзгерістері белгілі бір морфемалардың аясында болады: *тұрақ* – *тұрагы*, *бұлақ* – *бұлагы*, *қазақ* – *қазағы*, бірақ *қазақты* (сын есім), *қырық* – *қырығы* (сын есім), бірақ *қырқы* зат есім (этнографизм), бірақ *дарақы* (сын есім); *тақ* – *тағыл*, бірақ *тақыл* (зат есім), *бақ* – *бағыл*, бірақ *бақыл* (зат есім), *қап* – *қабы*, бірақ *қапы*, бірақ *қапы қалу*, *сан* – *сабы*, бірақ *еңбек сапында* т.б. Белгілі бір морфемалардың аясында болатын мұндай өзгерістерді алдыңғы типтегі алмасулардан бөлектеп, морфологиялық алмасулар деп атауға болады. Әрине, морфологиялық алмасулар да – фонетикалық алмасу, бірақ бұл алмасулар белгілі бір морфемдердің жүйесінде ғана көрінеді. Мысалы, көптік жалғауының дауыстылар мен *у, й* сонорларынан соң **л** (-лар, -лер) вариант түрінде болуы осы морфемге қатысты: *қала-лар*, *таяу-лар*; *тайлар*.

Тап осы жүйе *-лық*, *-лік* аффикстерінде де қайталанады: *қалалық*, *таяулық*, *тай-лық*. Бірақ өзге морфемада, мысалы, септік жалғауында, бұл жүйе басқаша сипат алады: *қала-да*, *таяу-да*, *тай-да*.

Жалпы фонетикалық алмасудың морфологиялық алмасудан тағы бір айырмашылығы бар. Егер орфоэпиялық нормадан әдейі ауытқи отырып, артикуляциялау жақтан әнтек нық айтуда тырыссақ, қосымша реңктері фонема өзінің негізгі реңкіне көшуге мүмкіндік алады: (*башы*) – *басы*, (*кешегелді*) – *кеше келді* т.б. Мектеп мұғалімдері оқыту үдерісінде, дикторлар радиодан ән мәтінін үйреткенде мұндай мүмкіндікті нормадан әдейі ауытқи отырып, ара-тұра пайдаланып отырады. Тіпті сөз мағынасын айқынырақ ажырату үшін кей мәнмәтіндек-ні әнтек нық айтуда, фонеманы негізгі реңкте дыбыстауға тырысамыз (*сексеулдуң күлү*) – *сексеулдің күлі*, салыстырыңыз: (*сексеулдің гүлү*) – *сексеулдің гүлі*.

Ал морфонологиялық алмасулар орфоэпиялық нормадан бұлайша ауытқуға ырық бермейді. Мысалы: *ақ* – *агар* сөзін «ақар» түрінде дыбыстаудың мәні жоқ.

Дыбыстардың жалпы фонетикалық алмасуы мен морфонологиялық алмасуы бір сөздің шенінде де кездесе береді. Мысалы, қ фонемасының сөз қолданыста бірнеше реңкі болуы ықтимал: 1) (*қырық*) дегендегі қ негізгі реңк; 2) (*қырығы*) дегендегі *f* – фонетикалық қоршауға біршама тәуелсіз реңк, морфонологиялық алмасу; 3) (*отызғырық*) отыз-қырық дегендегі *f* – фонетикалық қоршауға тәуелді реңк. Жалпы фонетикалық алмасу, 4) (*қырқы*) (этнографизм), *қырық*-*қырығы*-*қырқы* – тарихи алмасу.

Осы салыстырудан байқайтынымыз: қазіргі жазу нормасында жалпы фонетикалық алмасуларға қатысты дыбыстық өзгерістер жазуда арнайы таңбаланбайды да, керісінше, морфонологиялық алмасулар жазуда жүйелі түрде бейнеленіп отырады. Осы түрғыдан болу керек дейтін тезисін жалпы фонетикалық алмасудың жазу-сызуда еленбеу ерекшелігімен, сондай-ақ, морфонологиялық алмасулардың арнайы таңбаланатын сипатымен үштастыра қарауға болады.

Қ.Жұбанов – қазақ тіл білімінде сөздердің бірге және бөлек таңбалануына байланысты да алғаш пікір айтқан ғалым. Ол орфографияны бір жүйеге салу керектігін айта отырып, күрделі сөздің табиғатын сөз тіркесінен ажыратуда жалғыз семантикалық тұтастық белгісі жеткіліксіз дейді. Ғалым «... *неше сөзден құралған болса да, кірікken сөздер бір-ақ нарсені атайдын, бір-ақ сөздің орнына жүретін болу керек*». Сондай-ақ ғалым біріккен сөз болу үшін ішіндегі жеке сөздердің әрқайсысы сөйлемде өз алдына бір-бір мүше болмай, бәрі жиналып барып *сөйлемнің жалғыз мүшесі* болу керек екендігін айтады. Сонымен, автор сөздердің бір *екпінге бағынатын* белгісі және сөздердің әрқайсысы сөйлемде жеке-жеке мүше болмай, бәрі қосылып сөйлемнің бір ғана мүшесі болу керек деп қорытады. Ғалымның осы айтқан пікірі 1938 жылды ескеріліп, ресми органдардың қаулысы бойынша «Қазақ тілінің емле ережелері» жарияланады. Біріккен сөздерге байланысты мынадай ереже қабылданады: «2. Екі түбірден

қосылып, бір мәнді мағына шыгарған, осы күнге дейін тұлғаларын жоғалтып жібермеген біріккен сөздер де өз тұлғаларын сақтап, морфологиялық принципке сүйеніп, қосылып жазылады. Мұндай сөздердің жалғаулары да фонетикалық принципке сүйеніп, дыбыс жүйесі жолымен қосылып жазылады. Мысалы: *Ат+басар=Атбасар*, *Еркін+бек=Еркінбек*, *Жиен+гали=Жиенгали*, *Ақ+сай=Ақсай* түрінде тұрпаттары бұзылып жазылмайды. Негізгі тұрпаттары сақталып жазылады» (80, 48). Ережеден кейін біріккен сөздердің жазылуы, жаңа сөз жасау формалары күшейіп, *теміржол*, *өнеркәсіп*, *октүстік*, *солтүстік*, *шекара*, *бүкілсоюз*, *кәсіподак*, *таңерттең*, *денсаулық* тәрізді сөздер бірге жазыла бастады.

1938 жылы қабылдаған емледегі бұл өзгерістер қазақ орфографиясының кемелденуінің, дамуының алғашқы сатыларының бірі еді. Мерзімді басылымдарда, окулықтарда курделі сөздер 1938 жылға дейін құрылымдық принципке негізделсе, 1938 жылдан бастап функционалдық принциппен жазыла бастады. Мысалы, *Biz metalcylardы*, *kөміrcjlerdі*, *temirçolcylardы elektr carасыльqыnda jsteitjnderdj* [...] («Лениншіл жас», 1938 ж. №219. 2-б.).

Профессор Н.Уәлиұлы Қ.Жұбановтың сөздердің бірге және бөлек таңбалануына байланысты айтқан тұжырымдамаларын бірнеше деңгейге қатысы бар екенін ашып, қазіргі теория бойынша былайша дәлелдейді: бір екпінге бағынатыны – суперсегменттік деңгей (1); сыртқы формасының өзгеру/өзгермеуі – сегменттік деңгей (2); бәрінін/біреуінің мағынасының өзгеруі – коннотативтік деңгей (3); бір нәрсенің аты болуы – денотативтік деңгей (4); бір мағына беруі – сигнификативтік деңгей (5); сөйлемде бір мүше болып жұмсалуы – синтаксистік деңгей (6); бір сөздің орнына жұмсалуы – лексемалық деңгей (81, 1-5).

Қ.Жұбанов, әрине, емле ережелерін дәл осылайша бүгінгі тіл біліміндегі терминдермен атамаса да, оларды осылайша «жіліктеп» жіктең бермесе де, негізгі ұстанған принциптері бүгінгі күнгі тұжырымдамалармен дәл келіп жатыр.

Иә, таңба, таңбаландыру – тіл дамытудың әлеуметтік лингвистикалық факторы және ол тіл дамытумен тежеудің пәрменді жолы. Бұл ретте проф. Қ.Жұбановтың екі пікірін айрықша атаған жөн.

1. Қ.Жұбановша, сөйлеушілерінің басын біріктіретін – **жазу**, бірақ ол үшін **жазу бұқаралық сипат алуы тиіс**. Ол былай дейді: «*До тех пор пока масса не взяла в руки власть, она (письменность) не могла быть массовой, а [...] являлась принадлежностью верхушек. Поэтому она не и не могла распространяться и объединить языки масс. В дальнейшем можно будет в связи с тем, что письменность будет массовая, объединить в одну письменность и язык, но одной письменностью объединить языки нельзя. Человек, как активное животное, могущее воздействовать на свою жизнь, может активно воздействовать и на свой язык, но для этого требуется не только одна письменность, а целый ряд социально-экономических условий, которые могут объединять не только тюркские языки, но в дальнейшем все*

языки мира, но пока об этом нечего думать. Если мы вступим на путь этимологического письма, у нас получится такое же явление, какое имеется в английской письменности и в ряде других письменностей».

...Мы не можем надеяться на то, что с переходом на морфологический принцип правописания возможно будет унифицировать письменность, а главное – языки. Я тоже сторонник унификации, но здесь нужны особенно осторожные меры.

Казахское *-лар* имеет четыре начертания, мы не можем отказаться от них и перейти к ۱(пр). Это затруднит обучение первоначальной грамматике, а в дальнейшем также саму грамотность. Чтобы не писать безграмотно, начертание должно быть приближено к произношению. Иначе требуется зазубривание всех графических форм, как было у русских с «ять» у русских».

2. Қ.Жұбановша, **орфография** мәселесін тілші шешкен емес, өмірдің өзі шешкен. Ол былай дейді: «Возьмите любую письменность у культурных народов. Несмотря на то, что у них имелись крупные лингвисты, они мало помогли построению орфографии, потому что до сих пор лингвистика являлась чистой наукой». В дальнейшем она должна помогать и практическому письму.

Арабское правописание основано на историческом принципе правописания. Оно было продиктовано не невежеством арабов, а являлось результатом особенностей арабского языка. Собственно, арабская филология была настолько развита, что современная фонетика [...] мало опередила арабскую фонетику, которая существовала несколько сот лет тому назад. Эта самая ассимиляция и диссимиляция давно были известны, и, пожалуй, наши мугалимы хорошо знают об этом и помнят, что такое ^{الغاء} _{مخفأة}(ихфа, идгам). Но не этой арабской филологией были выработаны принципы арабского правописания, их выработала природа арабского языка, имеющего трехсогласный корень и бедность гласных. Все это обусловило морфологический принцип».

Қ.Жұбанов «Біз емлені ермекке түземейміз, оңайлансын деп түзетеміз», – деген.

Проф. Қ.Жұбанов – латын әліпбійн қолдаған ғалым. Қ.Жұбанов айтып кеткен, сол бір кездегі зорлықпен болған әліпби ауыстырудың тауқыметін бүгін біз тартып отырмыз. Сондықтан да күн тәртібіне жазу ауыстыру мәселесі қайта-қайта қойылып отыр. Ең бастысы, қандай әліпби қабылдамайық, біздің тіліміздің дыбыстық жүйесі қаз қалпында сақталуы тиіс.

Қазіргі жаңа әліпби ауыстыру тұсында қазақ тілінің дыбыс құрамының ғылыми сипаттамасы жасалды, үстем тілдер теориясының ықпалынан құтылу мүмкіндігі туды. Жаңа әліпби социолингвистикалық түрғыдан, әсіресе социофонетикалық негізде жасалуы тиіс.

Әліпби жөнінде басқалардан айрықша алаңдал, емле жайына елден ерекше елеңдеген проф. Қ.Жұбанов 1929 жылғы латын қарпіне негізделген

әліпбіге бірқатар өзгерістер енгізіп, қазақ жазуын жетілдіруді, оны жүршылыққа тез менгертіп, сауаттандыруды мақсат еткен болатын. Графика мәселелері жайындағы ойлары, ғылыми ізденістері еш кетпей, ғалымныңбул ниеті өзінің өміршендігін танытып, бүгінгі таңда күн тәртібіне тағы көтеріліп отыр. Қазақ әліпбійн латын графикасына көшіру ісі қоғамда біраз уақыттан бері талқыланып қана қоймай, латын графикасын қолданып келе жатқан, оған жуырда қайта өткен мемлекеттердің тәжірибелері түпкілікті зерттеліп, оның лингвистикалық, әдістемелік, психологиялық, экономикалық, саяси жақтары зерделеніп, пісіп-жетілді деуге болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы **«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбімізді **латын қарпіне**, латын әліпбіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындаш шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп, бұл мәселеге мемлекеттік деңгейде нүкте қойып берді.

Атаулардың астары (Қ.Жұбановтың ономастика саласындағы еңбектері жайлы)

Профессор Қ.Жұбанов ономастика немесе жалқы есімдер мәселесімен арнайы айналыспағанымен, ол қандай да бір ғылыми ой-тұжырымын дәлелдеу барысында жалқы есімдерге, әсіресе, антропонимдік атауларға көп көңіл бөлген. Ғалымның жалқы есімдер туралы пайымдаулары зерттеулерінде тілдің басқа да мәселелерімен «қабаттасып, өріліп жатыр» деуге болады.

Kісі аттарының семантикасы туралы айтылған соны ойлары Қ.Жұбановтың жалпы лексикология, әсіресе семасиология аясындағы қазіргі лингвистикалық озық теориялармен ұштасып, өзектесіп жатады. Тіпті, ғалымның кейбір есім-атаулар семантикасы жайындағы топшылаулары мейлінше тың, ғылымға берері мол, өрелі де өрісті пікірлер деп білеміз.

Проф. Қ.Жұбановтың қазақ антропонимдер жүйесін де этномәдени негізде түсіндіруі ұлттық болмыстың этнотанбалық жүйесін толықтырып, анықтай түседі (*Күнсұлу, Айсұлу, Таңжарық, Ұлболсын, Жанбол, Кенжеқара, Аманжол, Аманқос, Карабай*). Мысалы, *Кенжеқара* деген антропонимнің құрамындағы қара компоненті тұра мағынасындағы түстің атауы емес, «арқа», «сүйеу», «қолдаушы» деген танымдық мағынада қолданылатынын қара жию, қарасын көбейту, ер қара т.с.с. тіркестермен байланыстырып, салыстырып түсіндіреді. Бұл пікір түркітанудағы (А.Н.Кононов), қазіргі қазақ тіл біліміндегі (Т.Жанұзак, Ш.Жарқынбекова, Н.Айтова т.б.) зерттеулеріндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикаға сүйенген

танимдық негіздерімен сабактасады. «Мол», «күшті», «терен», «үлкен» сияқты мағыналармен тұтасқан *Қарасу*, *Қаратай*, *Байқара*, *Жангара* т.б. атауларды да осы топта қараста болады деп ойлаймыз. Ал *Кенжебай*, *Кенжекара* есімдерінің бірінші компоненттеріндегі *кенже* сөзінің мағынасы «үйдегі ең кіші бала» екені белгілі. Бірақ оның екінші компонентіндегі *қара* сөзінің мағынасы сын есімге тән «қара түсті» білдіргенімен, анық кісі есімі құрамындағы мағынасын ғалым «тірек», «демеу» «жақтас» деп таниды да, оны *қара жилю* (жақтастарды көбейту), *bireudің қарасын көбейту* тіркестерімен салыстырады. Ал *Еділбай* «Еділ өзенінің бай болсын» деген мағынада емес, «Еділ өзенінің бойында туған» дегенді аңғарту үшін қойылған есім», – деп дәлелдейді. Ғалым *Бетпақдала* атауының құрамындары *бетпақ* – жалқы есім емес, «бақытсыз» деген мәндегі сын есім (иранша *бад, баҳт*) деп түсіндіреді. Сондай-ақ ғалымның *ұлы*, *қызы*, *ру*, *ұргашы*, *ер* (арлан) сөздерін түркі және басқа тілдермен (грузин, қитай) салғастыра зерттеуі – қазақ лингвистикасы саласындағы тың пайымдаулар.

Қ.Жұбанов жалқы атаулардың генезисі, атап айтқанда, руға, тайпаға қатысты этнонимдік сипаттағы *арғын Жәнібек*, *қара қыпшақ Қобыланды* т.б. сияқты архетиптік модельдердің этномәдени жүйе негізінде құрылғандығын аңғартады.

Ғалым Т.Жанұзақов қазақ антропонимдерін олардың даму тарихына және ерекшеліктеріне сәйкес: адамдардың айға, құнге, хайуанаттарға, отқа, суға т.б. табигат құбылыстарына табыну дәстүріне асыл металл, қымбат тастанар мен дәүлет, байлықты дәрілтеуді, көк тәніріне, көп құдайға, әртүрлі иелі-киелі күштерге, мифологиялық құбылжықтарға бас ие, араб, парсы, монгол тілдерінен енген діни, әскери, мәдени ұғымдарды қастерлеу салтына т.б. қарай – төрт дәуірге бөліп қарайды. Бірінші дәуір – көне түркі заманы, яғни V-VIII ғғ. (Айжарық, Күнсұлу, Қаршыға), екінші дәуір – орта ғасыр (Айнабек, Жоламан т. б.), ушінші дәуір – жаңа заман (XVII-XIX ғғ.), төртінші дәуір – Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта пайда болған кісі аттары (82, 25). Демек, біз сөз етіп отырған кісі есімдері де көне түркі заманында, яғни V-VIII ғасырларда қалыптасып, сол кезеңнің синтаксистік зандылықтарына сай құрамдалған.

Қ.Жұбанов зерттеулерінде кісі аттарына байланысты деректерді этнолингвистикалық әдісті қолдана отырып жүргізеді. Мәселен, қазақ халқының ұзына бойы тарихында адам есімдерінің алуан түрлі ұлгісі жасақталып, ұлт болмысын айғақтайтын төл есімдер жүйесі қалыптасқан. Дүниеге келген сәбиге ат қоюдың қазақ ұлтына ғана тән, сүтпен кіріп, сүйекке сіңген төлтума дәстүрі орныққан. Бұл ретте, қазақ антропонимикасы қазақ ұлтының қайталанбас қасиеттерін, дәстүрлі дүниетанымын, арман-аңсарын (идеалын), тарихи кезеңдердегі саяси-әлеуметтік ахуалын, экожүйемен қойындаған өмір-салтын, ең арғысы, қоршаған орта мен жан-жануарлар дүниесіне дейін айғақтай алатын аса мәнді тарихи дерек көзі болып табылады. Қазақ ұғымында жаңа туған нәрестені *тіл-көзден* сақтау үшін оған неше түрлі жағымсыз есімдер қою салты болғандығы ежелден

белгілі. Мәселен, *Қазанғап*, *Итбай*, *Ұлтарақ*, *Жаманбай* деген есімдер кейде тотемдік мәнде, енді бірде пәленің алдын алу мақсатында қойыла берген. Ертедегі қазақ салтында балаға ат қою кезінде әр түрлі ырымдарға, әдет-ғұрып, жоралғыларға сену үрдісі күшті болған. Ономасиолог ғалым Т.Жанұзақов жоғарыда келтірілген жағымсыз есімдердің шығу тарихын этнолингвистикалық себептермен байланыстырады. Ол Қ.Жұбановтың есімдер синтаксисі жайындағы бірсыныра пікірлеріне тоқтала келіп, *Елубай*, *Жетпісбай*, *Сексенбай*, *Тоқсанбай* есімдерін «бала сексен рет, не тоқсан мәрте бай болсын» дегеннен емес, ол туғанда ата-ананың сол жасқа келгендігін көрсетеді деген тұжырым айтады. Екі сөзден біріккен кісі атының бірінші, не екінші компоненті *бай* сөзі болып келетін кісі аттары тіліміздегі есімдер тобында өте көп. Олардың бірсынырасы, яғни *Жылқыбай*, *Түйебай*, *Баймырза*, *Байбол* тәрізділері шынымен де *байлық*, *даулетпен* байланысты болып келсе, *Итбай*, *Қасқырбай*, *Бөрібай* секілді бір топ есімдердің құрамындағы «бай» сөзінің «байлық», «несібеге» еш қатысы жок. Осы антропонимдерге Қ.Жұбанов ерекше назар аударып, мәселенің мән-жайын ашып береді. «*Қасқырга, итке бай кісі болмайды. Қазақтың негізгі байлығы – мал. Сондықтан, Итбай, Қасқырбай* деп қою тотемге байланысты болса керек. *Бай* анықтауышы белгілі бір адамдардың мәртебесін, дәрежесін көрсетеді. Ол өз мағынасында *ит* сөзіне анықтауыш бола алмайды, өйткені кедейлік пен байлық мөлшері итпен өлишенбейді» – деген. Т.Жанұзақовтың айтуынша, «Қ.Жұбанов адам аттары жайын сөз қылмастан бұрын-ақ жалқы есімдер жөнінде, жалпы атаутаным тақырыбында жазылған еңбектермен кеңінен таныс болғандығы айқын аңғарылады» (83, 89-98).

Қ.Жұбанов ономастиканың ішінде адам аттарын егжей-тегжейлі талдаумен қоса, жер-су атауларының да этномәдени, этнопсихологиялық ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмайды.

Географиялық атауларда өмірдің сан ғасырлық тәжірибесі негізінде қалыптасқан халық танымы, ұлттық психологиясы қамтылатындығын жете аңғарған профессор Қ.Жұбанов жергілікті топонимдерді сөз еткенде халық әдебиетінің деректерін асқан білгірлікпен, дәлдікпен пайдаланады. Мәселен, *Атжаксы* топонимі туралы ғалым өз ойын былайша өрбітеді: «*Атжаксы (аты жақсы), как и его антоним аттеріс (аты теріс), по-видимому, ранее было иносказательное выражение, употребляемое при назывании чего-либо, настоящее название которого почему-то (т.е. или по запретности, или из-за уважения) нельзя было произносить. Так, призыв бия Караменде к Кенгербаю гласит:*

Сәлем де Кеңгіrbайға, кел, кетелік!

Мықты сабаз атанды терлетелік!

Аты жақсы дариядан әрі өтелік! (Қозы көрпеш)

Аты жақсыдария здесь – Сыр-Дарья. Тут в слове *аты* окончание *-ы* сохранено». Бұл жерде ғалымның мензеп отырғаны – қазақ ұлтты дүниетанымының негізінде жатқан табу сөздердің халық әдебиетіндегі көрінісі.

Осы ізбен түркі текстес халықтардың көне таным дүниесінен хабар беретін «жаяу жұмыр», «сүт кенже», «біртуған» сиякты номинативті тіркестерді ұлттық сана, халықтық дүниетаныммен байланыстыра жіктеп талдауы немесе мифтік таныммен байланысты түркілердің байырғы ата қонысы – *Өтүкен-шіж* топонимін алғып, оны жалпы филологиялық салыстырмалы-тарихи сарапқа салуы Қ.Жұбановтың өресі биік тілші, танымы терең ғалым екендігін аңғартады.

Ғалым ономастикондар құрамында кездесетін жалпы есім сөздерге, ономолексикаларға да толық талдау жасап, лексика-семантикалық қатарын, кей ретте олардың этимологиясын да ашып отырған. Олар **топонимдер**: *Еділ, Нарын, Бетпақдала, Өтүкен шіж, Шандұң ...;* **этнонимдер**: *Қарлық бұдұң, Табғаш бұдұң, Ұйғыр; этнотерминдер*: *бұқұң, ру, ұрық; космонимдер*: *Ай, Күн, таң; зоонимиялық лексемалар*: *қамқор, дөнен, құнан, түйе, тайлақ, қой, жылқы, сиыр, өгіз, мал, құлыш; титулдар*: *бай, тек, тегін; антрополексемалар*: *ұл, қызы, қызалақ т.б.* (84, 72-80).

Қ.Жұбановтың еңбектеріндегі жалқы есімдер жөніндегі пайымдауларды, қарастырған проблемаларына орай төмендегідей жеке топтарда қарастырдық.

1. Тотемистік мазмұндағы мифонимдер туралы пікірі: «Ежелгі дәуір адамдары әр заттың нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген. Сондықтан жақсы жақтағыларды Құдай, Періште, Пайғамбар, Әулие деп атап, жаман жақтағыларды шайтан, албасты, пері (мұның да екі түрі бар) деп сенген. Алғашқы қозғамдағы адам бұларды нақты өмір сүретін нәрселер деп білген. Төрт тұліктің пірі, қолдауышысы ретінде сиыр атасын – *Ойсылқара*, түйе атасы – *Зенғі баба*, жылқы иесі – *Қамбар ата*, қой малының иесі – *Шопан ата*, ешкінің пірі – *Шек-шек ата* деп атап сол кезден қалған.

Ол заманда әйелдер құдайының аты *Ұмай* болған. Кейіннен сөз басындағы қысаң ұ дыбысы түсіп қалып, *Май* деп айтылып кеткен. Қазақтың: «*От ана, Май ана, жарылқа!*» дейтін және «*Май әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие?*» – деген мақалдары да осы үгымнан туған».

Проф. Қ.Жұбанов мифонимдерді сөз ете отырып, оларды ежелгі дәуірдегі адамдардың қарапайым ұғым-түсініктері, қоршаған органды қабылдау дәрежесі, яғни сол кездегі тілдік қауымның ұжымдық санасының жемісі, қоршаған «қарабайыр ғалам бейнесінен» (наивная картина мира) елес беретіндігін дәйектейді. Өз кезегінде ғалымның бұл пайымдауы қазіргі лингвомәдениеттанның тұрғысынан өзекті болып келеді.

Анимистік атаулар: «*Жаңа магына демекші, бірқатар айуан, аң – бұрынғы құдайымыз. Қасқырбай, Түйебай, Құлыншақ* деп ат қоюымыз – соларды ардақтап, қастерлегенімізден. Мұндай қылышқ орыстарда да бар – Собакеевич, Волков т.б.».

Жан-жануар, аң атауларынан антропоним, топонимнің жасалу жолдары ономастикада әмбебаптық сипатқа ие «ономастикалық универсалия» деген ұғыммен тікелей байланысты. Яғни жер бетіндегі кез келген халық

(Австралия, Африка, Америка, Азия құрлықтары болсын) алғашында кейбір халықтар мен этностар қазіргі кезде де табиғат қоршауында тіршілік жасаған. Сол халықтар өз экожүйесінде міндетті түрде жергілікті флора мен фауна әлемімен және ландшафт ерекшелігіне бейімделеді, тығыз байланыста болады және қоршаған табиғи нысандарға атау беру шаруашылық қажеттіліктен туындалған. Мұны «табиғи номинация» дейді және оның ішінде ең ежелгісі де айуан, аң әлеміне табыну, пір тұту сынды ескі анимистік идеялармен, наным-сенімдермен ұштасып жатыр. Ежелгі этностар тіршілік еткен кеңістігін жаппай мифологиялық тылсым күшке ие кеңістік деп ұғынған. Оның ішінде сакральды тотемдік энергетикалық кеңістікте олардың ерекше күш-қасиет иесі ретінде табынатын жан-жануар, тағы аңдарды қастерлеу барысында Қасқырбай, Бөрібай, Түйебай, Бұркітбай және т.б. жалқы есімдер пайда болған.

Қ.Жұбанов: «Мұндай сөздердің өзі қалғанымен мазмұны жаңарып, өзгеріп отырады. Өйткені адамның өмірге көзқарасы, ұғымы үнемі өзгеріп отырады. Америка елінде кесірткеге тимейтін халық әлі бар. Адам табиғаттағы танып, білген нәрсесін актив, пассив деп жорамалдаган», – дейді. Расында, «ғаламның тілдік бейнесі» бірегей жүйе ретінде эволюциялық түрғыдан жетіле түсіп, үнемі динамикалық өзгеріске ұшырап отырады. Проф. Қ.Жұбановтың жоғарыда келтірілген сөздерін зерттеуші С.А.Керімбаева былайша қостайды: «Мифонимы как языковые единицы, формирующие структуру языковой картины мира, могут представлять архаичные языковые картины мира, так как они (мифонимы) являются, реликтами и репрезентантами первобытного (мифопоэтического) типа мышления. Мифонимы как единицы и репрезентанты динамичной, меняющейся и эволюционирующей картины мира, представляют собой единицы культурно-генетических страт, восходящим к различным религиозным воззрениям и верованиям: политеизму, фетишизму, зоолатрии, зороастризму, демонологии, исламу, культу святых, тотемизму, культу предков и т.д.» (85, 24).

2. Қ.Жұбановтың қазақ тілінде «аулақтық тенденциясының басым болуы» туралы теориялық пайымдауларында антропонимдер сөз болады.

«Жоғарыда біз басақ деген сөз масақ болып өзгерген дедік. Бұлайша өзгеруі де, егізделіп өзгеруі де – сирек құбылыстар. Өзгеріс жсі болса, бір буынның тілін екінші буын түсінбес еди дегенді айттық. Жалқы есімдерде жуықтық тенденциясы өте аз. Ал басқа сөздер, әсіресе, жалпы есімдер ондай емес. Жуықтық тенденциясы сөздің түрлі қалыпта түсін түсайды. Сондықтан жалқы есімнің аз өзгеретін себебі оның сөз бен сөзді айырып, неғұрлым ұқсатпау мақсатына байланысты. Ағайынды кісілердің аттары бір түбірлі сөздерден болуы шарт емес. Бұлардың грамматикалық жағынан бірдей таңбалануы да шарт емес. Өйткені сөздің жақынын таңбалау мақсат емес, қайта олардың басқалығын білдіру шарт. Сондықтан жалқы есімдер аулақтық тенденциясымен тез үйлеседі. Соның нәтижесінде жалқы есімдерден болған сөз түбірлері өзгеріп отырады; кездейсоқ түрде

ұшыраған дыбыс басқалығы жалқы есім үшін сирек нәрсе. Мысалы, әлдеқалай екі турлі айтылып кеткен бір жалқы есім кейде екі кісіге ат бола кетеді (Ғали, Әли, Қали, Қалима, Мұханбет, Махамбет т.б.); кейде бір аттың (есімнің) кіши формасы да өз алдына дербес ат болып кетеді (Мұқан, Мұқаш, Шонан, Шонтық, Шонай т.б.)». Бұл жерде ғалымның жалқы есімдердің «басқалығын білдіру шарт» дегенін, орысша терминмен айтқанда, «индивидуализация» туралы айтып отыр деп санаймыз.

Ал «жұықтық тенденциясына» тән жалпы лексикада жиі кездесетін туынды сөз құбылысына қарама-қайшы «аулақтық тенденциясына» сай жалқы есімдер формалды түрде туынды сипатқа ие болғанмен олардың әрқайсысы жеке есім болатындығын көреміз. Яғни ол жалқы нақты объектінің, тұлғаның дербес атауы (есімі) ретінде қолданылатындығы туралы ғалымның сонау ғасырға жуық уақыт бұрын пайымдаулары жоғары ғылыми сезімталдығы мен көрегендігінің күесі.

3. Деминутив есімдер (кішірейткіш жүрнақтар арқылы жасалған)

«Бәтима-Бәтіш, Гүләйім-Күләш, Мағрипа-Магыш сияқты сөздердің әрқайсысы – өз алдына дербес жалқы есімдер. Жалқы есімдерде болатын мұндай қасиет жалпы есімдер мен етістіктерде бола бермейді; кішірейту формасы болмагандықтан, түбірден бөлініп басқа бір сөз жасалмайды, жасалса да сирек, онда да ұзақ замандар өткеннен кейін, жаңа заман ұғымы ескі заманнан өзгеше болғанда гана жасалады. Жалпы есімнің бұлай болуы әрі ұқсастығын, әрі айырмасын білдіру үшін қажет болған. Ал жалқы есімдерде олай емес, олардың кішірейген сыңарлары туынды сөз түрінде болады (Мырза, Мырзаш); мұндай ұқсас сөздердің басқалығы сол есім иелерінің әкесінің аты мен фамилиясынан айқындалады». Мырзаш антропонимі Мырза антропонимінің формалды түрде кішірейткіш туынды сыңары бола тұрып, дербес екі тұлғаның есімі ретінде қарастырылады. Қазақ антропонимиясында бұл кең тараған құбылыс, мысалы: *Айнагул Ысқақова, Айнаш Есенова, Құрманбай Тайбеков пен Құрмаш Эшірбаев* және т.б. ұқсас түбірлі атаулар болғанымен, екі адамның реесми құжаттық есімдері ретінде танылады. Мәселен, орыс тіліндегі *Андрей* мен *Андрюша, Зинаида* мен *Зиночка* кішірейткіш жүрнақтар арқылы жеке антропоним жасай алмайды, құрамындағы -юша, -очка жүрнақтары еркелету формасындағы ауызекі тіл стиліне жатады.

Проф. Қ.Жұбановтың бұл жердегі білдірмек болған ойы, жалқы есімдерге жалғанатын кішірейткіш жүрнақ жаңа есім тудырып тұрса, жалпы сөздердегі уәжділік мұлдем басқаша, яғни олар бір түбірден туындармайтындығын, кішіркейткіш (деминутивтік) қасиетке ие емес екендігін түсіндірген, ғалымның сөзімен айтқанда: «Мысалы: парсының қоразын «**кішкене ата**» деп танығандықтан, **әтеш** деген сөз шыққан (татардан келген). Бұрын іші қыыс заттың бәрін **кубі** деген, **купшек** пен **келіншекті** олардың түбіріндегі сөздердің кішіреюі деп танымай басқаша таныған».

Дегенмен бұл қазақ тілінде кішірейткіш жүрнақтардың еркелету семантикасы жоқ деген сөз емес, мәселен, *Асқар – Асқаржсан, Көбей – Көбейжсан, Алмас – Алмастай* және т.б. Бұл есімдердің кішірейткіш формалары дербес құжаттық есім болуы ықтимал, алайда оны нақтылайтын, Қ.Жұбановтың сөзімен қайталап айтсақ, «...мұндай ұқсас сөздердің басқалығы сол есім иелерінің әкесінің аты мен фамилиясынан айқындалады».

«Қазақта бір кісінің баласы екендігін көрсететін ұқастық көріністері де бар. Оларды ұйқас аттар дейміз (*Она – Сана, Шамғали – Мұфтиғали*). Бұл түбірлестігін көргеннен емес, лексика жағының түбірін жақындату емес, ұйқастығын жақындату жолымен ғана жасалған (*Она – берік, Сана – қызық*). Сондықтан жоғарыдағыларды ұқсас ету үшін аллитерация, ассонанстар шыққан».

Көпбалалы қазақ отбасыларына балаларына ұйқас ат беру қазіргі ұлттық ономастикалық қеңістікте кең тараған үрдіс. Бұлай дейтініміз, ұл балалары мен қыз балаларының есімдері ұйқас болып келуі антропонимиямыздың ұлттық ерекшелігі, мысалы: *Айжамал, Ақжамал, Гүлжамал, Нұржамал* немесе *Қызжібек, Гүлжібек, Талжібек* және т.б. Ұлдардың есімдерінде бірінші немесе екінші компоненті ұйқас болып келуі: *Ермахан, Нұрмахан, Құлмахан, Әбіболла, Гариғолла, Нұрлан, Нұржсан, Нұрәділ, Нұрахмет, Нұрәлі, Әлинұр, Әлижан* және т.б.

Жалпы, проф. Қ.Жұбанов қазақ ономастиканың ішінде негізінен адам аттарын (антропонимдерді), сондай-ақ географиялық атауларды (топонимдерді және т.б.), мифонимдерді этномәдени, этнопсихологиялық түрғыдан қарастырып, терең талдаулар жасаған, қажет деп тапқан тұстарда басқа тілдердің деректерімен салыстыра-салғастыра отырып егжей-тегжейлі түсіндіріп берген.

СОНЫ СҮРЛЕУ

**(Тіл біліміндегі жаңа бағыттардың
Қ.Жұбанов еңбектеріндегі көрінісі)**

1. Қ.Жұбанов еңбектеріндегі функционалды грамматика нышандары

Қазіргі күрделі технологиялар мен коммуникация заманында әлемдік ғылым, оның ішінде әлемдік лингвистика жаңа білім-жаңалықтармен толығып, дами түсуде. Қазақ лингвистикасы да көптеген зерттеулер мен заманауи әдіс-тәсілдермен, соны бағыттармен толыға түсіп үлкен арналы дария іспеттес ұлттық тіл біліміне құйылып жатқан бұлактардан құралады. Өз кезегінде әлемдік лингвистика деген ұлы теңізге қосылып жатқан ұлттық лингвистикалардың өзіндік үлесі мен орны бар. Метафора тілімен айтсақ, қазіргі «дарияға айналған» қазақ тіл білімінің алғаш «қорегі» болған, әлі құнгे сарқылмаған бастау – Қ.Жұбанов.

Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріне ғылыми талдау жасай отырып, қазақ тіл білімінде осы құнгі жаңа ғылыми бағыттардың (функционалды грамматика, психолингвистика, этнолингвистика, әлеуеттік лингвистика, гендерлік зерттеу және т.б.) соны сүрлеу іздерін аңғарамыз. Бұл турасында академик Р.Сыздық былайша сөз өрбітеді: «Қ.Жұбанов – қазақ тілін зерттеуші тұңғыш маман, теоретик ғалым деген тұжырымды сарапап, нақтылай түсуді мен келесі тағы бір үлкен маңызды проблема дер едім. Бұл жерде айтпағым – қазіргі қунде көбірек назар аударылып жүрген «валенттілік теориясы», «деривация құбылысы», «функционалды грамматика» дегендердің алғашқы көрінісі Қ.Жұбановтан табыла ма дегенді барынша айқындау, меніңше, осы терминдердің өздері аталмаса да, Қ.Жұбанов ізденістерінен бұл теориялық мәселелердің алғашқы нышандарын көреміз». (86, 3).

Проф. Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын тереңдей тексереп келе, қазақ грамматикасына қатысты ғылыми теорияларды қалыптастыруда құрылымдық тіл білімінің көнігі әдіс-тәсілдерімен ғана шектелмегендігіне көз жеткіземіз. Осы құнгі грамматиканың жаңа бағыттары ретінде танылып жүрген ғылыми парадигмаларының қай-қайсысында болсын ғалым із қалдырмаған сала жоқ дерлік.

Осы орайда профессор Қ.Жұбановтың ұлы Есет Құдайбергенұлының: «Бір ғажабы – ғалым мензеген теориялық көзмелдердің қуні бүгін ескірмегені, ғылыми мәнін жоймағаны былай тұрсын, қайта уақыт озған сайын жаңа қыры мен сыры ашыла түсіп, ізбасар тілтанушыларды іліми ой-толғамның сонылығымен, көтерілген тақырыптың құн тәртібінен түспейтін зәрулігімен қайран қалдыратындығы десек, артық айтақандық болмайды. Бұның мысалын біз тіл білімінің фонетика, лексика, грамматика тәрізді дәстүрлі салалары ғана емес, бертінде қолданылып жүрген лингвистикалық статистика, актуальді немесе мағынашыл грамматика, морфонология, автоматты аударма теориясы сияқты тың пәндерден де табамыз», – деген ойы осы тараудағы тақырыптарды ашуға түрткі болды (6, 202)

Қ.Жұбановтың функционалды грамматиканың зерттеу әдісін қолданғандығы ғалымның Маррдың, Ф. де Соссюрдің, Фортунатовтың, Богородскийдің, Шапироның және т.б. ғалымдардың грамматикалық еңбектеріне талдау жасағандығынан көрінеді.

Професор Қ.Жұбанов өз заманында тілді тек құрылымдық жағынан ғана зерттеу тілдік құбылыстардың табиғатын толық аша алмайтындығын, оған, қазіргі терминмен айтқанда, ономасиологиялық зерттеу жүргізу керектігін әрі қарай қадап айтады: «*Рас, біз формашыларға қарсымыз: тіл құбылыстарын жалаң түр жасын ғана зерттеумен біліп болмайды. Бұл – сөзсіз сыңаржактық. Сонда да жсогынан бары иғі. Түр – форма деген тілде жсок белгі емес, бар нәрсе. Бар қасиетін көрсетушілік қашанда пайда болмаса, зиян келтірмейді. Бірақ жеткіліксіз, өйткені түр (форма) тілдің бар тарауы емес, бір тарауы. ... «Тілде жсалғыз магына ғана емес, форма да бар. Дұрысын айтқанда, әр магына әр түрлі формага түсіп отырады. Оның үстіне бір магынаның формасы біреу ғана болмай немесе бір форманың магынасы біреу болып қоймай бұлардың арасында қайшылықтар болып отырады. Сондықтан, грамматиканы тек магына жүйесіне негіздесе де немесе тек форма жүйесіне негіздесе де, тілдің табиғатын көрсете алмайтын сыңар езулік болады. Грамматиканың қай жерінде болса да магына, форманың екеуін де естен шыгармай отыру керек болатыны осыдан. Бұл, әрине, қыныңрақ, бірақ осылай етпесе, дұрыс шықпайды».* Бұл сілтемеден біз «мағынадан тұлғаға» және «тұлғадан мағынаға» қарайғы зерттеу әдісін қолданып, функционалды зерттеуге бастау болды деп жүрген О.Есперсеннің XX ғасырдың 60-жылдары ғана айтылған тұжырымдарын Қ.Жұбанов осы ғасырдың 30-жылдары-ақ айтып кеткендігін аңғарамыз.

«Түркологиялық грамматикалар ішінде шақты жіктеуде функционалды бағытты ұстанған профессор Қ.Жұбанов етістіктің үш шағын және әрқайсысының мағыналық топтарын атап көрсетеді. Фалым шақ көрсеткіштерін жіктеуде олардың мағыналарына баса назар аударған. Фалымның шақ түрлерін саралаудағы бұл жіктемесі «мағынаға баса назар аударатын» функционалды грамматиканың зерттеу мақсатымен үндесіп жатыр», – дейді филология ғылымдарының докторы А.Жаңабекова (49, 128-131). Шынында да, Қ.Жұбановтың, мысалы, шақ категориясын жіктеуін («Сөз материалы» тақырыбын қараңыз) фалымның тек тұлғаны ғана ұстаным етіп қоймай, қазіргі функционалды грамматикадағы тұлғадан мағынаға және мағынадан тұлғаға қарайғы зерттеу әдісін қолданғандығын байқатады.

Қ.Жұбанов көмекші етістіктердің мағыналық құрылымын саралап талдай отырып, олардың қимылдың өту процесіне қатысты түрлі мағынаны білдіретінін: 1) қимылдың созылыңқы жасалуы, 2) қимылдың үзіліспен жасалуы, 3) қимылдың жасалу процесінің үдеуі, күшеюі, 4) қимылдың жасала бастауы, 5) қимылдың қайталануы, 6) қимылдың бірнеше субъекті арқылы жасалуы және т.б. деп жіктеуі және отыр, түр, жүр, жатыр етістіктерінің көпқырлы мағыналарын табудағы әдістері қазіргі функционалды грамматиканың зерттеу әдістеріне сай келуімен қатар,

аспектуалдық функционалды-семантикалық категориясының табиғатын ашудағы алғашқы ұмтылыстар деп есептеуге болады.

Қимылдың өту сипаты категориясы қазақ тілінде алғашқыда «сыпат категориясы» түрғысынан зерттелген. Қимылдың өту сипаты категориясы арнайы қарастырылмағанмен, бұл категорияның мағыналық аясы туралы мәселелер қазақ тілінің негізін қалаушы ғалымдар назарынан тыс қалмаған. Қимылдың өту сипаты категориясын функционалды-семантикалық аспектуалдылық категориясы түрғысынан докторлық диссертация қорғаған М.Жолшаев: «Біз қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті тұлғалар А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың етістік сөз табына қатысты мәселелерге білдірген тұжырымдарына ерекше тоқталамыз. Өйткені бұл тұжырымдардың қимылдың өту сипаты категориясын дұрыс тануға тікелей қатысы бар», – деп ұлы ғалымдар еңбектерінің маңызын ерекше атап көрсетеді (52, 65).

Қимылдың өту сипаты категориясына қатысты ой-тұжырымдарды Қ.Жұбановтың «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» атты мақаласынан кездестіреміз. М.Жолшаева Қ.Жұбановтың қимылдың өту сипаты категориясына қатысты ой-пайымдауларын былайша түйіндейді: «*Қ.Жұбанов отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің бірнеше мағыналық реңктерінің бар екендігін және бұл олардың көмекшілік қызметіне де әсер ететіндігін айта келе, нақты мына мәселелерді қарастырады: қандай көмекші етістік тұлғасының қандай жетекші етістікпен тіркесетіндігі және олардың қандай мағына беретіндігі. Бірінші кезекте, төрт етістіктің басын қосатын ортақ морфологиялық белгілерді көрсетеді; екінші кезекте төрт етістіктің жетекші етістікке тіркесіп, көмекшілік қызмет атқаратындығы шақ мағыналарын беру ерекшеліктеріне тоқталады. Төрт етістіктің көмекшілік қызметте келу арқылы күрделі осы шақ түрін жасау ерекшеліктерін төртке бөліп қарайды:

- 1) Әмбебап осы шақ (форматив – *жатыр*)
- 2) Үздіксіз емес созылыңқы осы шақ (форматив – *жүр*);
- 3) Нақ осы сәттегі үздіксіз созылыңқы қимыл (форматив – *тұр*);
- 4) Нақ осы сәттегі белсенді қимыл (форматив – *отыр*) (8).

Ғалым қазіргі функционалды грамматикадағы категориялардың атын атап, түсін түstemесе де, болашақ зерттеулерге ой салатын пікірлер келтіреді. Мысалы, ғалым шақ категориясын қарастырғанда тек грамматикалық формаларды ғана зерттеу нысаны етіп қана қоймай, оның басқа да тіл деңгейлерімен өзара әрекеттестігін көрсетеді: «*Бір айдан бері* сөз тіркесі іс-әрекеттің қанша уақытқа созылғанын нақтылайды. Әмбебап осы шақ осындай ұзаққа созылған іс-әрекетті де білдіруге қабілетті» (52, 69). Қ.Жұбановтың бұл пікірінен *тәмпоралдылық функционалды-семантикалық категориясын* білдіретін шеткери (перифериялық) тілдік құралдарды сипаттағанын анғарамыз.

Проф. Қ.Жұбановтың: «*Сөйлеу – бір оқиғаның жайын хабарлау. Ондай хабар әр адамға әртүрлі әсер етеді: қуантады, ренжітеді...* біз өзіміздің хабарымызга тиісті өң бере сөйлейміз. Тыңдауышыга айтар хабарымызben

бірге өз көңіліміздің мейірін қоса білдіреміз... *Тілдекөңіл райын* (қою жазумен берген – С.Құлманов) білдіретін амалдар өте көп. Өйткені көңілдің әр түрлі райының өзіне тән әр түрлі әні бар. Айтушиның көңіл райын сөйлемнің әніне қарай танимыз. Жазуда көңіл райын тыныстық белгілерден, сөйлемдегі сөздерден, сол сөздердің орналасу тәртібінен білеміз», – деген ойлары сөйлеудегі эмоционалдылық, модалділік және актуалдану мәселелеріне көңіл бөлгендігін білдіреді.

Академик Р.Сыздықтың айтуынша, «ғалым «қосалқы сөз» деп атаған аналитикалық сөз-тұлғаларды талдауы валенттік теориясына негізделсе, үстеулер қатарын «аршуы», деривациялық морфология негіздеріне сүйенеді. «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген еңбегінде ғалым сөйлемдегі сөз тәртібін зерттеу аспектілерінің ішінен диахрондық тұрғыдан қарастыруды таңдал алады да, сөз тәртібінің семантикалық қызметіне қатысты «сема-рема» мәселесін қозғайды, яғни орыс тілі терминімен айтқанда «актуальное членение предложения» деген қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін сөз болмай келе жатқан тақырыпқа жол ашады» (4). Эрине мұны академик Р.Сыздықтың бұдан біразырақ айтқан пікірі деп қабылдаған жөн. Өйткені қазіргі қазақ тіл білімінде «тема-рема», «сөйлемнің актуальды мүшеленуі» кейінгі кездері зерттеу нысаны болғаны рас. Ал бұл тақырыптарға қатысты негізгі ой-идеялардың Қ.Жұбанов еңбектерінде жатқандығы даусыз шындық.

Қ.Жұбанов өз зерттеулерінде функционалды-семантикалық өрістерді саралап көрсетпесе де, оның төмендегі ойлары модалділік категориясының мәселелеріне қатысты деуге болады. Ғалым сөйлемдерді жеке түрлерге бөлуінде *дыбыс сазын* басшылыққа алды. Осы негізде оларды *хабар сазды сөйлем, сұрау сазды сөйлем, леп сазды сөйлем* деп жіктей отырып, *сен оқысайши сөйлемін* әр әуенде айтуға байланысты одан бірде бұйрық, бірде жалышын мәндөрі шығады деп көрсетеді. Бұл ғылыми пікірлер де грамматикалық формалардың (бұл жерде рай тұлғасының) сөйленімде тілдік жұмсалымдағы қызметінің тілдік ортаға, сонымен қатар сөйлеу жағдаятына байланысты болатындығын аңғартады.

Профессор Қ.Жұбановтың сөйлемге қатысты тұжырымдарынан сөйлемді басқа тілдік бірліктерден ажыратып көрсетуге негіз болатын белгінің бірі ретінде *сөйлем модалділігін* айтып отыр деп санаймыз. Бұл термин ғалым еңбектерінде дәл осылай аталмағанымен, сөйлем мазмұнына сөйлеушінің қандай да бір қатынасы болатынын көрсетіп, оның дауыс сазымен берілетіндігін саралаған пікірлері сөйленімнің Ш.Балли XX ғасырдың 50-жылдарының соңында көрсеткен диктум және *modus* деген бөлінісінен көп бұрын айтылғандығы айқын. Бұл тіл біліміндегі модалділік категориясының зерттелуіне, аталыш категорияның басқа тілдік құбылыстардан ерекшелігін дәлелдеуге негіз болды.

Осы ретте Қ.Жұбанов тілдік бірліктердің нақты семантикалық табигаты олардың *тілдікжәнетілдік емес орта жағдаяттарына* байланысты нақтыланатынын былайша түсіндіреді: «Бір одағайға бір түрлі жағдай керек,

ал екіншісі – басқа жағдайды керек етеді. Мысалы, *тек*, *тәйт*, *қой*, *әй*, *а?* сөздері тындаушысы болмаса одағай болмайды, *әрине*, *ия*, *пәлі*, *жақсы*, *мақұл*, *дұрыс*, *рас*, *жарайды*, және сияқты қоштау одағайларына тиісті сөз алқасы керек...». Ғалымның соңғы «қоштау одағайлары» деп отырғаны лексикалық бірліктері қазіргі қазақ тіл білімінде мақұлдау модалділігін білдіретін модаль *мағыналы сөздер* ретінде қарастырылады (88). Демек, ғалым ойлары кейінгі буын зерттеушілерінің ізденістеріне арқау болып, әрі қарай түрлі қырларынан жетілдіріліп отыр.

2. Қ.Жұбановтың гендерлік лингвистикаға қатысты ой-тұжырымдары

Әлемдік тіл білімінде 1970-жылдары ғана зерттеуге көніл бөліне бастаған *гендерлік лингвистика* мәселелеріне профессор Құдайберген Жұбанов 30-жылдары-ақ тоқталған болатын. Профессор Қ.Жұбановтың осы салаға қатысты тұжырымдарын айқындай тұсу үшін ғалым еңбегінен сілтеме келтірейік: «*Сөйтіп үнемі өзгеріс үстінде болатын тіл жүйесі кенжелеп қалып отырады, оның мағынасынан ғөрі де формасы өте баяу өзгереді, бұғанәйел жынысты, ерек жыныстысөздер* (қою жазумен берген біз – С.Құлманов) дәлел бола алады». Бұл сілтемеге түсінік беріп жатудың өзі артық болар. Өйткені ғалым қандай да бір тілдік құбылысты қарастыра отырып, оның басқа да құбылыстармен (тілдік немесе тілдік емес) байланысты екендігін көрсетіп отырған. Аталған сілтемеден Қ.Жұбановтың тіл біліміндегі гендерлік зерттеуге бастау салғаны аңғарылады және бұл жайында профессор Г.Смағұлова былай деп баға береді: «Қазақ тіл білімінде гендерлік лингвистиканың зерттелуіне назар аударғанда алдымен ойға оралатын жайт – бұл мәселенің алғашқы ғылыми және танымдық бастау көзі – қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі – Құдайберген Жұбановтың есімімен байланысты екендігі» (88, 240-242).

Сонымен қатар, кейбір сөздердің этимологиясына байланысты ғалым айтқан пікірлер де *гендерлік лингвистика* саласындағы зерттеулерге негіз болары сөзсіз. Мысалы, ол «*Көне түріктер бұрын бала деген жалпы атауды ұғлан деп қолданып, реалистік мәнін ашу мақсатында ер ұғлан, қыз ұғлан деп жыныстық ұғымды айырып атаған. Қазіргі тілімізде ұғлан сөзі көтеріңкі немесе асқақ стильде қолданылатын лексема. Ол оғыл – оғлан – оғлақ – ұғыл – ұл деген вариантармен бірге ер бала, ұлан дегенді білдіреді. Бұл сөз қыз эпитетімен бұл күнде қолданылмайды*», – дейді.

Сол сияқты Қ.Жұбанов: «*Тіл адам баласының барлық табыстарын білдіреді. Адам баласының өрлеу жолындағы ізінің тілге бедері түскен. Бұл жоғарыдағы айтылғандардан да белгілі. Қазақтың «балам» деуі патриархат заманының қалдығы, өйткені бұл сөз ру деген сөзге байланысты: ұру – ұрық – ұрығ – ұру. Бұл хасыл (асыл) – тек. Қөрінген баланы «балам» деуі – некесіз заманнан қалған мұра. Ол заманда әйелдің жасы үлкені ана, апа болған. Бұлар да ру аты сияқты атаплан. Еркектің үлкені ата болып атаплан, қыз – кішкене әйел дегенді білдіретін сөз, оны*

монголша – кеукін дейді екен. Мұндағы -қін – «бомақан» дегендегі -қан – кішкене дегенді білдіреді», – деп көрсетеді.

Професор Қ.Жұбанов еңбегінен талданған бірер дәйектемелер қазақ тілтанымында гендерлік бағытта ғылыми ой зерделеуге бағдаршам іспеттес болды. Өйткені автор келтірген мысалдар тілдегі гендерлік оппозицияны құрайтындықтан, гендерлік лингвистиканың ұлт әдебиетімен, лингвомәдениетаныммен, этнолингвистикамен, когнитивті лингвистикамен, психолингвистикамен, әлеуметтік лингвистикамен тығыз байланыста қарастырылуына негіз болды.

3. Қ.Жұбанов еңбектеріндегі паралингвистикалық ой-тұжырымдар

Тіл білімінде *паралингвистика* деп аталып, нақты зерттеу нысанына айналған саланың да бастауында тұрғандығына ешкімнің де күмәні бола қоймас. Бұл турасында Э.Оразалиева: «...қазіргі тіл білімінде ым тілін арнайы зерттейтін сала паралингвистика деп аталып, оның кейбір элементтері 20-ғасырдың 30-жылдарынан бастап Н.В.Юшманов еңбектерінде кездессе, жалпы ұғымның өзін 40-жылдарда А.А.Хилл енгізді. Ал лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте келтірілген деректерге назар аударсақ, паралингвистика тек XX ғасырдың 60-жылдарында ғана нақты қолға алына бастады. Олай болса, 30-жылдары жазылып, 60-жылдары жарық көрген Қ.Жұбановтың лингвистикалық тұжырымдамалары тек қазақ тіл білімі деңгейінде ғана емес, әлемдік ғылымда да өз бағасын алар деген сенімдеміз», – деп тұжырымдайды (89).

Қ.Жұбановтың гендерлік паралингвистикалық тұжырымдарына сүйенсек: «ым тілі белгілерінде дыбыс ымдары да болған, ым тілінің ым қалдықтары бізде көп. Аузын шылп еткізу, аузын быртылдатулар дыбыс пен ымды қосып ұстаган синкремизм түрі. Мұның дыбыстарын бөліп алып, дыбыс тілі зауытына салып шыгарылмаган. Сондықтан ұйыспалы (диффузный) түрінде қалып қойған. Ол ана ернін шыгару, бетін шымшиулар секілді, солармен қатар әйелдердің специфик тілі болып, дыбыс тілінен аулақ ұсталып сақталған».

Професор Қ.Жұбанов коммуниканттар арасында тілдік емес құралдар, яғни *бейвербалды амалдар* туралы талдауларында гендерлік ерекшеліктерді сөз етеді. Ғалым: «Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайдалғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып ерекшеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктердің бірі – осы күнге дейін Кавказда армян, грузин, туріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға дейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдан сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар – сондай бай, сондай ұшталған тіл. Мұнымен әйелдер сумақдатып ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты», – деп, әртүрлі халық әйелдерінің өзіне тән мимикалық тілі болатынын айтады.

Ғалым қазақ әйелдерінің тілдік ерекшелігі туралы мынадай гендерлік дәлелдер келтіреді: «жүйелі болмаса да, әйелдерге ғана арнаулы, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес». «Аузын шылп еткізгенде» еріндері «в» дыбысын шығарады, тілі «ð» дыбысын шығарадағы қалыбында болып, дереу іштен келген ауа тілді тіс түбінен, еріндерді бір-бірінен айырып шығады. Жалғыз айырмасы «в» мен «ð» бірден шығады және еріндері бір-бірінен тегіс көтеріледі (сондықтан *шылп* етеді), «в»-ны шығарада тек ортасы ғана ашилады. «Аузын быртылдатқанда» еріндер алдымен «п» дыбысын шығарады да, аз мезгіл «қ»-ны шығарадағы қалыпта тұрып, сонан кейін қос ерінді «б» дыбысын, ақыр аяғында «т» дыбысын шығарады. Бірақ бұларды сондай тез тізіп өтеді, барлығы қосылып кетеді», – дей келіп, әйел затына тән био-әлеуметтік, этномәдениеттік ерекшеліктерге сәйкес ым тілінің фонациялық амалдарына да егжей-тегжей түсініктеме береді.

Филология ғылымдарының докторы Э.Н.Оразалиеваның: «...Қ.Жұбанов ым тілінің тек қимылмен шектеліп қалмайтынын, оның «дыбыс шығару процесі осы құнгі тіл дыбыстарының жүйесіне келмейтінін», әрі, ең бастысы, қарым-қатынастың бұл түрі «адам мен адам арасында ғана жүретінін», «хабар берудің» ерекше амалдарын құрайтынын дәл анықтаған. Бұл мәселелердің көпшілігі жалпы тіл білімінде тек бүгінгі қуні дәйектеліп, жан-жақты талданып зерттелуде. Осыған сәйкес, паралингвистикалық (паратілдік) элементтердің функционалды-семантикалық ерекшелігін айқындау арқылы адам қарым-қатынасының онтогенетикалық, эгоцентристік, психофизикалық әрі әлеуметтік нормаларын жүйелеуді мақсат етеді», – деген ойы жоғарыдағы пікірлерді нақтылай түседі (89).

Проф. Қ.Жұбанов ым тілінің қатысымдық қызметімен қатар, ұлттық-мәдени ерекшелігіне талдау жасай отырып, оның әртүрлі халықтарда өзіндік сипатпен, ерекше жүйемен қолданылатындығына зер салады, сол арқылы бейвербалды амалдардың қоғамдық, этникалық әрі психологиялық табиғатын сұрыптауға мүмкіндік береді.

4. Қ.Жұбанов еңбектерінің әлеуметтік лингвистикалық сипаты

Проф. Қ.Жұбановтың еңбектерін мұқият зерделей келгенде, қазақ тіл білімінің ішіндегі жаңа, алайда кенже қалып келе жатқан салалардың бірі – әлеуметтік лингвистикаға қатысты алғашқы теориялық көзқарастар мен тұжырымдар бұл ілімнің қеңестік кезеңі қалыптаспастан көп уақыт бұрын бой көрсеткендігін аңғарамыз. Ең алдымен, әлеуметтік лингвистика тұрғысындағы көзқарастар мен тұжырымдардың ғалым еңбегінен орын алу себебі – оның шын мәніндегі әлеуметтануши болғандығында және тіл

проблемасын әлеуметтану мен лингвистиканың тоғысқан жерінде шеше білген маман болғандығында десек ешкім дау шығара қоймас.

Қ.Жұбанов дәстүрлі лингвистиканың мәселелерімен айналысу барысында тілдің даму проблемаларын әлеуметтік лингвистика елегінен өткізе қарастырып, тілдің дамуы мен әлеуметтік ахуалдың өзара байланысы еki түрлі жолмен жүзеге асатындығына көніл бөлген: бір жағынан, тіл қоғамның ықпалына ұшырайды; екіншіден – тілдік жағдайдың өзгеруі әлеуметтің тұрмыс-тіршілігіне ықпал етпей тұрмайды.

Ғалым жекелеген сөздердің шығу төркінін лингвистикалық және экстралингвистикалық заңдылықтарды ескере отырып талдайды. Ол сөздік қор мен мағыналық өзгерістерді, тілдің грамматикалық құрылымын мәдениетаралық қарым-қатынастармен, этностың экономикалық, әлеуметтік өмірімен, қоғамдық сананың нормаларымен шарттас болатындығын үнемі ескертіп отырған.

Проф. Қ.Жұбановтың ғылыми көзқарасы бойынша, тіл – өз алдына дербес, қоғамға тәуелсіз құбылыс емес, адамның қарым-қатынас тәжірибесінің іс жүзіндегі қажеттілігінен туындастын қоғамдық-тариҳи эволюцияның өнімі. Себебі тіл тарихы кездейсоқ және әр тараптағы өзгерістердің стихиялық ағымы емес, қоғамдық-тариҳи дамудың ретті қозғалысымен тәртіптелген, төменгі сатылардан жоғары деңгейлерге иерархиялық принциппен өрлеудің көрінісі. Тіл құрылышының қалыптасу заңдылығы, жалпы алғанда, лексемалардың мағыналық өзгерісі тұрғысынан, грамматикалық формалар мен категориялар диалектикасы бойынша, тілдік тұлғалар арқылы берілетін ойлау динамикасының сатылай алмасуы туралы қағидалар сипатында барлық тілдерге бірдей қызмет етеді.

Ғалымның «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» атты еңбегін нағыз социологиялық очерк десе де болғандай. Автор бұл еңбегінде «қазақ елінің басын қосып, қонысын біріктіріп, ұлан-байтақ даланы шарлап көшкен жүрттың ұлттық тілін бір арнаға тоғыстырып, бір тексті мәдениет тұрғызған жағдай Ресей патшалығының қол астына кіріп, соның билігіне мойын ұсынған кез емес, одан бірнеше заман әрідегі кезең еді» деп түйеді. Қазіргі тұркі тексті жүрттардың көпшілігін бір қазанда қайнатып, бір ұядан өрбіткен Алтын Орда мәдениетінің іргесі шайқалғаннан кейін көптеген рутайпалардың ұсақ-түйек халықтарға ыдырап кеткені мәлім. Егер жазба тарихтың ауқымымен өлшесек, Қ.Жұбанов мензеген тіл тұтастығының қазақ қоғамында қалыптасу кезеңі сол заманға дөп келеді. Қазақ хандының құрылуы да осы бір ірі тарихи оқиғаларлық жаңғырығы іспеттес. «Басқасын қойып, бірлескен қоғамның ішкі қатынасының негізгі айнасы болатын **тілді алсақ**», – дейді Қ.Жұбанов жоғарыда аталған еңбегінде, – «қазақ тіліндегідей бір өңкейлікті, бір қалыптылықты басқа тілдерден сирек ұшыратамыз». Ғалым мұндан тіл бірлігінің ешқандай ұлтта кездеспейтіндігіне, «қазақ жеріндегі ұшы-қыырсыз шалқыған кең даланы алып жасып, қалайша мұндан тіл тұтастығын сақтай алды деген сұрауга таң қалмасқа болмайды» деп, бұл құбылыстың себебіне тереннен үңіледі. Тілдегі тұтастық, бірөнділік

тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынастың болғандығынан деп түсіндіреді ол. «*Ондай тығыз қатынас болмаса, өзі сан алуан көп елден құралған бір халықтың тілі мұнишама бірікпеген болар еді*». Қысқасы, тіл тұтастығының қалыптасуы – халықтың бір-бірімен етене тығыз қарым-қатынаста болуы, Арқадан Сырға шейін, Еділден Алтайға дейін қыс қыстап, жаз жайлап, бір-бірімен қыз алысып, қыз беріскең қазақ жұртшылығының емін-еркін кешкен тірлігі. Бұгінгі әлеуметтану ғылымда аталған жәйт «этностың ақпараттық тұтасымы» деп аталса керек.

Қ.Жұбанов ұлт тілінің өзгерістерін қоғам өмірінің өзгерістерімен бірлікте қарастырады. Бұл ойымызды ғалымның өзін сөйлете отырып дәлелдейік: «*Қазақ елін бір қылып, қонысын бірлестіріп, басын қосып, бір тілмен сөйлеметіп, біртекті мәдениет тұгызған жағдай – патша Ресейіне қараган дәуір емес. Бұл одан үш жұз жыл бұрын басталған болатын. Сол үш жұз жылқазақ мәдениетінің ішкі ой-шұңқырын соншама тегістеген, мәдениет қалпы жағынан соншама бірлестірген, бұған таңданбасқа болмайды. Басқасын қойып, бірлескен қогамның ішкі қатынасының негізгі айнасы болатын тілді алсақ, қазақ тіліндегідей, бірөңкейлікті, бірқалыптылықты басқа тілдерден өте сирек ұшыратуға болады. Қазақ тілінде ешбір диалект жсок* (қою жазумен берген біз – С.Құлманов). Осы күні ғана болар-болмас жарықшақ барын сезіп журміз», – деп, қазақ халқының тілі мен мәдениетінің XIV ғасыр мен XVIII ғасырлар аралығында тұтасып, дамығанын дәлелімен айтады. Бұл жағдай, біріншіден, ұлт болмысын танып, сипаттауда тіл қызметінің ерекше мәнін көрсетеді. Екіншіден, тілдің ұлттұтастыруышылық қызметін де дәлелдейді. Ғалым тілдің тұтасуы мен өркенде дамуына жағдай туғызған объективті себептерді атап көрсетеді: бірыңғай шаруашылық (мал шаруасы), көшпенді тұрмысы (мәдениеті), рулардың жауласуы // жарасуы және соның нәтижесінде үздіксіз араласуы (8, 327). Аталған пікірлер мен келтірілген дәлелдерді шынайы әлеуметтік лингвистикалық зерттеу дегенге ешкім де дау туғыза қойmas.

Қ.Жұбановтың әлеуметтік лингвистикалық ой-пікірлерін жинастыра келгенде, олардың ішіндегі ең маңыздысы да, бұгінгі күнмен сабактасып, өзектілігін ұлғайтқаны да осы тіл саясатының басым бағыттарын анықтаумен байланысты. Бұлай дегенде біз қазақ тілінің мәселелеріне қатысты Қ.Жұбановтың әр жылдары жазылған әлеуметтік астары бар пікірлерін біріктіріп, жүйелеп, әлеуметтік тіл білімінің бұгінгі өзекті мәселелеріне телігеннен шығатын қорытындыны айтамыз. Ғалымның тілді дамытудың қазір біз мұқтаж болып отырған басым бағытына үндес пікірлері жекелеген мақалаларынан теріліп алынса да, оның бұл мәселедегі көзқарасы ғылыми зерттеулерінен тұтастай, тіпті зерттеулерінен ғана емес, жеке шығармашылық ғұмырынан да аңғарылып тұрады.

Проф. Қ.Жұбанов ғылыми зерттеулерін сөз еткенде ең алдымен тілдің фонетика, грамматика, терминология, лексикология, методика салалары аталса, ғалымның әлеуметтік лингвистикалық көзқарастарын іздегендеге оны осы салалардың әрбірінде-ақ жасалатын тұжырым, ой-қорытындыларынан

«сылып» алуға тура келеді. Мысалы, ғалымның «Әлемдегі халықтардың бәрі де этникалық жағынан мидай араласып кеткен, «таза халық» жоқ», – деген пікірін тілдің әлеуметтік шарттылығы туралы деп түсінуге болады.

Қ.Жұбановтың жалпы ғылыми мұрасын зерттей келе, Ж.Сұлтан өз зерттеуінде былайша ой қорытады: «Қ.Жұбанов тілді адам, қоғам, мәдениет факторларын ескермей зерттеу немесе тілді оның мазмұнынан бөле-жара, жалаң формасы жағынан құрастыру бос әурешілік деп, бүгінгі таңдағы заманауи тіл білімінің негізгі өлшемдерін өз тұсында-ақ байқаған» (90).

Қазіргі жалпы тіл білімінде тіл қызметіне, біріншіден, адам қоғамындағы тілдің қолданысы мен қызметі; екіншіден, бір тілдік бірлік жиынтығының басқа тілдік бірліктер жиынтығына детерминативтік сәйкестігі (тәуелділігі) жағынан анықтама беріледі. Қ.Қ.Жұбановтың зерттеулеріндегі тіл қызметіне деген көзқарасы осы еki тұрғыдан сипатталады. Ғалым тілді зерттегендегі алдымен оны адам қоғамымен тығыз байланыста қарайды. Бұл, әрине, әлеуметтік тіл білімінің нысаны болып саналады (91, 88-91).

Халықтың ұлттық мұддесін қорғау, оның ішінде ұлттық тіл ерекшелігін сақтау қабілетінің кем соғуына алып келген себептерді қазақ халқының қалыптасуы мен даму тарихынан іздестіруге тура келеді. Осы себептерді Қ.Жұбановтың өзі дөп басып айтқан. Ғалым қазақ мәдениетінің толысқан шағы оның патшалық Ресейге бодан болмай тұрған еркіндіктері дәуірі екенін айтады. Сол дәуірде мал-жанын жаудан бірігіп қорғауы, ортақ шаруашылық салтын ұстануы халықтың азаматтық санасын нығайтуға негіз болғанын, ал Ресейдің қол астындағы өмір елде масылдық психология қалыптастырыш, азаматтық санасын кеміткенін Қ.Жұбановтың дәл көрсеткеніне тәнті боламыз. Осы тұрғыдан қарағанда, бізге ұлттық тілімізге жасалған қияннаттың негізгі себебін түсіну де оңайырақ. Өйткені еki-үш ғасыр империяның дегенін орындалап, өз мұддесін іске асырып көрмеген халықтың тағы да өзі қүресіп қол жеткізбеген жаңа кеңестік қоғамдағы 10-15 жыл ішінде басқаша бола алмайтыны заңдылық еді. Төңкерістен кейінгі Қазақстандағы тіл саясатының белсенді қызметшілері (субъектілері) болып саналатын орталық пен жергілікті билік пен оқу-ағарту өкілдері осы отарлық сана-сезімнің ықпалында болды. Бұл термин қалыптастыру ісінен де, тілдің басқа бір маңызды жұмысы – ісқағаздарын қазақ тіліне көшіруден де көрініп жататын. Тілдің маңызды деген салаларындағы істің ақсауы тіл саясатын жүйелі жүргізуге кедергі болды. С.Сейфулиннің XX ғасырдың 20-жылдары «ешкім ісқағаздарын қазақ тіліне көшірмеймін демейді, бірақ жеме-жемге келгенде қиынсынып, көмек сұрап, істі өзіңе аударады» дейтіні сол еді.

Қ.Жұбановтың тілдік зерттеулерінің әлеуметтік астары жайында сөз еткен зерттеуші – Б.Хасанұлы. Ол Қ.Жұбановтың әлеуметтік лингвистикалық пайымдауларын әртүрлі тақырыптарға қатыстылығы жағынан қарастырады. Б.Хасанұлы еңбегінің басты құндылығы деп оның Қ.Жұбанов пен онымен замандас зиялыштар арасында термин мәселесіне қатысты туындаған қайшылықтардың бірқатар себебін ашып көрсетуін айтудымыз керек (92, 119).

Бұгінгі үрпақ Қ.Жұбановты бірінші кезекте терминдерді бұгінгі пошымында қалыптастыруши ғалым ретінде танығандығы жасырын емес. Біржақтылау десек те, терминдер мәселесі Қ.Жұбановты бұгінгі қоғамдық қабылдау ыңғайының негізгі өлшеміне айналып, оның әлеуметтік бейнесінің басты бояуы болып тұр.

Терминдер мәселесін назарға ала отырып, зерттеуші Б.Хасанұлы Қ.Жұбановты Алаш қайраткерлерінің ұстанымынан алшақтатқан мынадай себептерді атап көрсетеді: 1) емлениң таптық сипаты болатыны, яғни оның еңбекші бұқараға түсініксіз етіп қолдан әдейі жасала алатыны; 2) партияларының әртүрлі болуы; 3) қазақ тілінің төңкеріске дейінгі нормасынан бас тарту қажеттілігі және 4) мемлекеттік қызметте жүріп, оның мүддесіне қарсы шығуға мүмкіндігінің болмауы.

Проф. Қ.Жұбанов емлеге таптық сипат беріп, «еңбекші бұқараға қызмет етпейтін», бұқараға түсініксіз емле ұсынып отырған капиталистік тіл білімін сынға алғанын білеміз. Емлеге көзқарасы осылай болғандықтан, ғалым терминдерімізді қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасадан, оларға етene таныс сөз байлығы негізінде қалыптастыру бағытын қолдаса керек еді. Алайда ғалым, керісінше, еңбекші халықтың мүддесін төңкерістік өзгерістермен, онымен бірге еніп жатқан шет сөздер тобымен бірліктे қарапты. Әрине, еңбекші бұқараға бөгде елдің сөздері емес, өз тілінде жасалған атау сөздер түсінбестік әкеледі деген позицияны қолдауға келе қоймас. Сондықтан ғалымның мәселе мәнін өзгеше жағынан қарастыратын мұндай көзқарасын оның мемлекеттік қызметте болуынан, билік талабынан туындағы деп есептегеніміз орынды болмақ.

Шын мәнінде, Қ.Жұбановтың мемлекеттік қызметте болуы, сол кездегі жоғарғы атқарушы билік тапсырмаларын тікелей орындауды оның сөз болып отырған термин мәселесінде ұстанған «орыстық» позициясының басты себебі бола алатындей. Мәселен, Б.Хасанұлы осындай себеп ретінде айтатын Қ.Жұбановтың «Алаш» емес, коммунистік партия мүшесі болуын да оның қызмет бағытымен ұластыра қарауға болар еді. Қ.Жұбановтың партия мүшесі болуы оның әртүрлі деңгейдегі, әсіресе, Халық ағарту комиссариатындағы мемлекеттік қызметтің мұлтіксіз атқаруына септігін тигізсе, керісінше, ғалымның мемлекеттік қызмет жолын таңдал, мемлекет мүддесіне сай әрекет жанынан табылуы оның партияға мүше болуына алып келетін бірден-бір жол сияқты. Бұл арада Қ.Жұбанов лауазымды қызмет атқарған 30-жылдары коммунистік партиядан өзге партияның қалмағанын да атап өтуіміз керек. Сондықтан бар ғұмырын тілге бағыштаған Қ.Жұбановтың қоғамдық-әлеуметтік ұстанымын түсінуге көмектесетін бұл себептер зерттеуші Б.Хасанұлының «ғалымның мемлекеттік қызметте жүріп, оның мүддесіне қарсы шығуы мүмкін емес еді» деп орынды атап көрсететін төртінші себебімен ұласып жатыр екен (92, 119).

Енді Б.Хасанұлы атап өтетін соңғы себепті, яғни Қ.Жұбановтың термин қабылдаудағы «орыстық» бағытына «қазақ емлесіндегі ала-құлалықтан арылу қажеттілігі» себеп болды деген пікірді де түсіндіре кетейік. Бұл «ала-

құлалық» Б.Хасанұлы айтатын «халыққа танымал емес сөздерден», бірінші кезекте орыс тілінен келіп жатқан термин сөздерден болатын. Алайда, назар аудараптың сол, Қ.Жұбановтың өзі атап айтатында, ала-құлалық ол кезде қазақтың өз сөздерінің емлесіне қатысты да болыпты. Ғалым қазақ тілінің емлесін «шет сөздері болмаса, өз сөздеріне келгенде кемшіліксіз» деп көкке көтере мақтаушыларға сын айтады. Қазақтың өз сөздерінің дұрыс жазылуына қатысты ала-құлалықтың да ұшы-қызыры жоқ екеніне мысалдар келтіреді. Бұдан Қ.Жұбанов емледегі ала-құлалықтан шетел сөздерін өзгертпей алумен құтылмайтынымызды, мәселенің түпкі себебі тілді зерттеуді тиісті деңгейге көтеруде жатқанын жақсы білді деп қорытуға болады. Енді оның жағдайды біле отырып, терминдерді орысша түзу бағытын белгілеуінің бірнеше себебін болжамдауға болады: 1) ала-құлалықтан тұтас құтқаратын ғылыми әлеуеттің жоқтығын, қалыптасқан ахуалды шүғыл арада шешпесе, онан сайын ауырлай түсетінін мойындауы мүмкін, 2) ғалым осында жолмен болса да ала-құлалық деңгейін жарым-жартылай азайтуды мақсат етуі мүмкін және 3) қазақтың өз сөздеріне қатысты ала-құлалыққа қолданатын тілдің ережесін жасау, әрі қарай зерттеу жолын халықаралық немесе «біреудікіндей» болған терминдерге қатысты қолдануға тағы да мемлекеттік қызметшілігі жол бермеуі ықтимал.

Қазақ тілінің бүгіні мен болашағына қатар аландаған абзal жан – Қ.Жұбановтың сол кездегі тіл тағдырының белсененді қалыптастыруышы ретіндегі орнын анықтау бүгінгі күні сол мұра тілді тұтынушы халықтың оған деген жеке көзқарасын, көңіл-күйін білдіретін қоғамдық-әлеуметтік бейнесін қалыптастыру үшін және елімізде болып жатқан әлеуметтік лингвистикалық үдерістерді, ондағы жеке тұлғалардың рөлін түсіну үшін маңызы. Сондықтан Қ.Жұбановтың бүгінгі терминологиямызды орыс тілі үлгісінде қалыптастыруына ықпал еткен мынадай себептерді де қоса көрсетуге тиіспіз:

1. Қ.Жұбанов терминологиялық қағидаттарды орыс тілінің табиғатына, ондағы дыбыстар мен сөздер құрылышының ерекшелігіне сүйенген қүйінде қалыптастырырды дедік. Осылан түрткі болған басты себептің бірі сол кездегі қазақ тіл білімінің, оның ішінде терминдердің даму барысы, сондай-ақ әртүрлі жаңа қоғамдық қатынастар тудырған мәдени, өндірістік және әлеуметтік мұқтаждықтар мен тілдің сол мұқтаждықтарды қанағаттандыру мүмкіндігі арасындағы алшақтықтың болуы деу керек. Бүгінгі әлеуметтік тіл біліміндегі «тіл дамуының қоғам дамуынан үнемі артта жүретіндігі» жайлы қағидалар тұрғысынан да қазақ тілінің сол аталған уақыт пен кеңістіктеңі халінің ауырлығын сезіну аса қыын емес.

2. Қ.Жұбановтың терминдік бағдарына ықпал еткен басқа бір себеп – Қазақстанда сол кезде қалыптасқан саяси-экономикалық жағдай.

30-жылдардағы термин қалыптастыру ісі сталиндік репрессия мен ашаршылық өршіген орнықсыз әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға тап келді. Бұл кезде XX ғасырдың 20-жылдарының соңынан басталған қудалау салдарынан Алашорда зиялыштары қоғамдағы

белсенді тірліктен аластатылған болатын. Қордаланған тіл мәселесін шешуге өзір тұрған мамандар құрамы мен мекемелер, мамандарға қажет инфрақұрылым болмады. 1933 жылдың басында Қазақстанды басқаруға келген Л.И.Мирзоян Орталық Комитеттің хатшысы Л.М.Кагановичтің атына жазған хатында Алматы қаласында үй-жай мен электрдің жоқтығын, қызметкерлердің тұрақтамай кетіп жатқанын және әр облысқа кемі 10 адам және бұған қосымша Қарағандыға 10-15 адам керектігін, қазақ мамандарын өсіру үшін қызметкерлер керектігін және солардың көмегімен ғана жұмысты жолға қоюға болатынын айтады.

Мұндай қысылтаяң әлеуметтік ахуал Алашорда зиялыштары негізін салған терминдерге ұлттық сипат беру бағытын өзгертуге қалай себеп болады десек: Қ.Жұбанов тілде орын алған «анархияны» «революциялық» жолмен болмаса, яғни өзге тілдің заңдылығын орнату жолымен болмаса, жөнге салуға келмейтін құбылыс деп әу баста үзілді-кесілді бағаламаған екен. Оған ғалымның емле мен терминдер жайында жазған мақалалары күә. Мәселен, ол: «*Терминдердің емлесіне 1929 жылғы қаулы ойына келген бір гана мәселелерді ереже қылыш кіргізді де, ең керек ірі мәселелерді мүлде сөз қылмай ұмыт қалдырыды*», – дейді. Мұнан шығатын қорытынды былай болса керек: «*Тілдегі ала-құлалықты (тек қазақтың сөздерін гана емес, шетел сөздерін де) ретке келтіруге болады, тек ол үшін әуелі осы ретке келтіретін ережелердің өзі түгелденуге тиіс*». Олай болса, Қ.Жұбанов қазақ тілін ғылыми негізде жан-жақты зерттеу қазақ сөздерінің емлесін ғана емес, терминдердің қазақша жазылуын да ретке келтіре алатынын білмеді деуге болмайды. Алайда 1929 жылы емле ережесі қабылданғаннан 1935 жылғы әйгілі «терминологиялық қағидатқа» дейінгі аралықта мәселенің шешілер жері көрінбеуі және оның астарында жатқан ауыр саяси-әлеуметтік ахуал Қ.Жұбановқа қазақ тілінің тұтынушыларын оның табиғатына жат орыс тілінің ерекшелігіне тіл сындыруға бейімдеуден өзге жол қалдырмаған тәрізді.

3. Адамның мінез-құлқына оның жас кезінде алған тәрбиесінің үлкен әсер ететіні сияқты, кейінгі азаматтық позициясы мен дүниеге көзқарасын білім баспалдақтары қалыптастыратыны дау тудырмаса керек. Сондықтан Қ.Жұбановтың терминдерді «Алаш» зиялыштарынан өзгеше бағытта құруына оның мемлекеттік қызметі мен «кеңестік режімнен» бөлек, оқыған ортасы және ғылымда бағдар берген ұстаздары да ықпал еткен тәрізді.

Ғалымның Ресейде тіл білімінен арнайы білім алғашқы қазақ оқымыстыларының санатында болуы, ғылыми еңбек жолында белгілі кеңестік (ресейлік) ғалымдармен аралас-құралас болып, пікір алмасу тәжірибесі «ортақ терминологиялық қордың» артықшылықтары жайлы түйін жасауына әсер етпей қоймаған сияқты. Ғалымның емле, терминология туралы жазған бірқатар мақалаларының сондай шетжүрттық зерттеушілер тарапынан оң бағаланып тұрғаны белгілі жайт.

Қ.Жұбановтың әлеуметтік тіл білімімен астасатын ой-пікірлерінің бүгінгі қазақ тіл біліміне жалғасатын көкейкестілігі тұрғысынан мынадай басты-басты қорытындылар жасауға болады:

1. Қ.Жұбановтың өмір сүрген уақыты елде ашаршылық пен сталиндік қуған-сүргін етек алған қын-қыстау заманға тап келді.

2. 1933 жылы республикамызда алғаш рет құрылған Мемлекеттік термин комиссиясының тұңғыш төрағасы қызыметінде жүріп, ғалымның терминдерге қатысты қыруар жұмыс тындырғаны, арнайы кітапша шығарып, терминдерді қалыптастыру қағидаттарын тікелей өзі жасағаны әлеуметтік тіл білімінде «тіл субъектісі» деп аталатын мұндай тұлғаның тіл саясатына тигізетін ықпалы үлкен болғандығын қапысыз растайды.

5. Қ.Жұбанов еңбектері – қазақ тіл біліміндегі психолингвистика, коммуникативті-прагматикалық лингвистика, стилистика, тіл мәдениеті салаларының бастауы

Профессор Қ.Жұбановтың ғылыми пікірлерінен қазіргі кездегі жаңа бағыттардың теориялық концепциялары «мен мұндалайды» деу жай айтыла салған сөз емес. Бұл ойымызды ғалымның өз сөзімен жеткізсек: «*Адамның көңілінің қобалжусының түрі көп, тіпті ұшы-қыры жоқ десек те болады. Бұларды білдіруге арналған амалдың – дауыс сазының да түрі көп. Мұның бәрін бұл арада тізіп жатудың керегі де шамалы, бұл жерде оған әліміз де келмейді*». Келтірілген сілтемеден тілдің қатынас қуралы ғана емес, адамның ойлауымен, танымымен байланысты құрделі, «жанды» құбылыс ретінде бағалау байқалады. Демек, ойды бұл қазіргі *психолингвистика* ғылымының негізгі ұстанымы деп қабылдаймыз. Осы орайда Қ.Жұбановтың: «*Біз сөз етіп отырған қарым-қатынастың алдыңғы (бірінши) түрі арасында хабарласу амалынан басқа ұқсастық бар ма? Иә, бар: ... екеуінде де психологиялық қиялдан туған жорамал бар...*» деген пікіріндегі *психологиялық қиялдан туған жорамал* деген сөзін К.К.Садирова әлемнің *психологиялық бейнесімен* байланысты түсініктен туған қолданыс ретінде пайымдайды (60, 204-207).

Қ.Жұбанов өзінің тілдік зерттеулерінде психологияға қатысты дерек-мәліметтерді, жеке көзқарастарын фонетика, грамматика, терминология бойынша жүргізген ізденістері барысында да тілге тиек етеді. Оның қазақ тілі грамматикасына арналған мақалалары мен лекциялар желісінде грамматикалық бірліктер лексика-семантикалық, коммуникативті-когнитивтік аспектілер тұрғысынан қарастырылады.

Сөзді қабылдау – айтылған сөздің мағынасын түсіну процесі, яғни тындаушы сөйлеушінің сигналын қабылдаған сәтте-ақ мәлімет семантикаға ие болады. Айтылған сөзде қате болса да, сол тілде сөйлейтін, оны түсінетін реципиент (қабылдаушы) айтылмақ ойдың мәнісін өзі-ақ қорытып алады. Қ.Жұбановтың сөзімен келтірсек, «*ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай «қисығын» елетпейтін қосалқы жағдайлар бар. Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе, ылғымен толығады*». Ғалымның ой-тұжырымына сүйенсек,

тіл – бейне бір *таңба*. Психолингвистер бұл құбылыстан сөзді қабылдау кезінде адамның түйсіну белсенділігі артып, айтылмақ ойдың жалғасын іштей болжау сезімі іске қосылатындығын аңғарған. Ауызша тілдесудің ерекшелігі сол, ақпараттың басым көпшілігі сөйленімнің мәтінінен гөрі қарым-қатынастың жалпы жағдайынан (ситуациядан) түсінікті болады. Бұдан біз сөйлеу тілінің қарым-қатынас жағдайымен шарттастырын көреміз. Ал Қ.Жұбанов «жазулы сөзде мұндай «кеңшіліктің» бірі де жоқ» дейді. «*Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алу мүмкіншілігі болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де /интонация да/ жоқ. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құралу тетігін білу қажет*». Сөзді қабылдау кезіндегі тағы бір ерекше жағдай – бір семантикалық топтың аясындағы жекелеген сөздердің бірнеше мағынада қолданылу ықтималдығы. Мәселен, тілші-ғалым *одагайға* қатысты зерттеуінде мынадай мысал келтіреді: «...*бір нарасені «жасы істеген екенсің» десек те, «жаман істеген екенсің» десек те «бәрекелде!*» – деуге болады. Оның қай мағынада айтылғандығын сөйлемдегі түрған орнына қарап және дауыс ыргағына қарап айырамыз. Өйткені *одагай* жіктелмеген, дифференцияланбagan сөз табы... Ал «*жузің айдай болсын – бірде алғыс, бірде қарғыс*».

Ғалым: «*Ras, кейде сөйлеуші өзіне хабардың қалай әсер ететінін тыңдаушыға білдірмей, жасыруы не теріс білдіруі де, қуанбай тұрып, қуанған адамша сөйлеуі, күлкісі келіп тұрып, жылан сөйлеуі не жылағысы келіп тұрып-ақ күліп сөйлеуі мүмкін т.т.*» деген пікірді «сөздің әні, дауыс сазымен» байланыстырып айтқан. Біздіңше, ғалымның бұл тұжырымы қазіргі тіл біліміндегі «*прагматика*» саласының теориялық концепцияларының бастауы деуге толық негіз бар.

Профессор Қ.Жұбановтың лепті сөйлемнің өзі бірде қуану мағынасын білдірсе, бірде мұңаю мағынасын білдірсе, «*сұрау форманың өзі де тек сұрау мағыналы бола бермейді*» деген пікірі біздің жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі.

«*Қ.Жұбановтың ғылыми зерттеулерінің даму, өрістеу логикасы мен нәтижелері, ол қарастырған проблемалар шешімдерінің, психологиялық танымдарының жалпы ғылыми тұжырымдарының біртұтас көрініс ретінде дүниеге келуінің өз жүйесі, өзіндік концепциясы бар*», – дей келе, жұбановтанушы Ж.Сұлтан ғалымның жалпы лингвистикалық концепциясынан шартты түрде төмендегідей психологиялық идеяларды бөліп көрсетеді:

- Қ.Жұбановтың пікірінше, кез келген тілдік ойлаудың тарихи-әлеуметтік, таным-білімдік, мәдени, климаттық-географиялық, символдық-белгілік ерекшелігі болады. Бұл Қ.Жұбановтың «*К постановке исследования истории фонетики казахского языка*» атты еңбегінде айқын көрінеді;

- автор тілдік қабылдаудың психологиялық мүмкіншіліктерін реттілік жүйесі бойынша қарастырады. Бұл тұста Н.Я.Маррдың, профессор Н.И.Ашмариннің, сондай-ақ А.А.Потебняның дәстүрлері негізінде қалыптасқан Қ.Жұбановтың психолингвистикалық идеялары қазіргі ғылыми танымға толығымен сай келеді;

- ғалымның тілдік зерттеулерінің әр түсінан психологиялық, психолингвистикалық әдіс-тәсілдерді ретімен қолданғандығын анық көруге болады. Мұндағы Қ.Жұбанов көздеген басты мақсат – қазақ тілінің даму заңдылығын зерттеу барысында индивидуалдық және қоғамдық психологияның принциптерін ескеріп, басшылыққа алу болатын (90, 121-122).

Қ.Жұбановтың жоғарыда келтірілген идеяларын бүгінгі таңдағы психолингвистиканың тірек тұжырымдары тұрғысынан кешенді түрде бағамдау қажеттігі дау туғызбайды.

Профессор Қ.Жұбанов тіл қызметтеріне талдау жасай отырып, тілдік қатынасқа байланысты бүгінгі күнде қолға алынып отырған зерттеулердің міндеттерін көрсете білгендігін ғалым-ұстаздың: «... пікір алысу – қоғам үшін ең тұрақты, ең қажетті нәрсе. ... тіл қатынас құралы болумен бірге қоғам күресінің де және қоғам дамуының да құралы болады» деген тұжырымынан айқын аңғарамыз (93). Сонымен қатар Қ.Жұбанов тілдің негізгі қызметі хабар беру екендігін айта отырып, коммуникация терминіне: «*Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз. Оның магынасы орысша – общение, қазақша – қауымдасу, хабарласу дегенді білдіреді*», – деп анықтама береді.

Проф. Қ.Жұбанов коммуникацияның дұрыс жүзеге асуы үшін сөйлеушінің тілдік бірліктерді дұрыс таңдаң қолдана білуі, сондай-ақ тындаушының айтылған хабарды дұрыс ұғынып, түсінуі қажет екенін айтады: «*Танымадық дегеннің мәні: «танымай тұрмын, өз жөнінің қалаи еди?» «Кім едіңіз?» дегенге келіп саяды. Ал біреуге «Жол болсын!» дегенде алғыс айту, тілегін тілеу емес, «Негып жүрген адамсың?» дегендей сұрау жатыр»...* (8, 71-72). Яғни ғалым коммуникация сәтті болуы үшін сөйленім әрекетінің субъектілері – сөйлеуші мен тындаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды менгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білуі қажеттігін ескерtedі. Олай болмаған жағдайда диалог құралмайды.

Қ.Жұбановтың «*сөйлеудегі мақсат – біреудің екінші біреуге өз ойын білдіруі*»; «*сөйлеген адам өзі сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді*», – деген пікірлері тілдік категориялардың табигатын анағұрлым толық ашып көрсетуде тілдік деректерді тек құрылымдық тұрғыдан ғана емес, функционалдық және коммуникативті-прагматикалық аспектілермен өзара үштастыра отырып қарастыру қажеттігін ғалымның әлдеқашан-ақ «*тілдік түйсік*» арқылы аңғартып кеткендігін айғақтайды.

«*Тіл мен ойлаудың бірлігі тарихи-әлеуметтік, психологиялық, мәдени, климаттық, қоғами, географиялық ортадағы адами қарым-қатынастың барлық түрлерінде көрініс береді*», – дей келе Ж.Сұлтан, – «*Қ.Жұбановтың тіл мен*


ойлаудан туындастын, әрекет пен мәдениеттің байланысына қатысты көзқарасы оның барлық еңбектерін қамтитын *біртұтас контекст түрғысынан қарастыруды қажет етеді*, – деген тұжырым жасайды (90).

Професор Қ.Жұбанов «стиль» термині, тіл (сөз) мәдениетіне нақты теориялық анықтама бермесе де, филологиялық зерттеулеріне үңілсек, жазусызу мәнерін дағдыла (нормаға) сый қалыптастыру, тілдік дағдыны (норманы) басшылыққа алу, сөз мәдениетін дұрыс қалыптастыру мәселелеріне қатысты ойларын анық ұғуға болады (94). Бұл ойымызға ғалымның: «Сөз бұйымын дұрыс жасап шыгару үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын (яғни стильдік ерекшелігін деген сөзі деп ұғамыз – С.Кұлманов) білу керек. Білмесе, мұнда да темірді желімдеп, агашты пісіргендегідей нәтиже шығады», – деген пікірінен стильді дұрыс қалыптастыруға қойылатын талаптың нышанын байқаймыз. Алайда ғалым тілдік норманы «қатып қалған өзгеріске келмейтін нәрсе» ретінде қарастыруға болмайды деген ой айтады.

«Қ.Жұбанов және стилистика мәселелері» атты мақаласында профессор М.Серғалиев ғалымның стиль жайлы пікірлерін, талдауларын зерделей келе: «... проф. Құдайберген Жұбанов стилист ретінде де сөздердің қолданысы мен тіл мәдениетіне қатысты елеулі жайларға арнайы назар аударып, бұл саладағы кем-кетіктердің болмауын қалайтын жана шырлық танытады», – деп тұжырымдайды (95, 24-29).

Професор Б.Момынова *тіл мәдениетіне* қатысты Қ.Жұбанов еңбектерін екі түрғыдан бағалайды: біріншіден, Қ.Жұбанов оқушысына ұғынықты, түсінікті болуы үшін өз ойын тіл мәдениетінің сол кезеңге сый талаптарын сақтай отырып жеткізген, әдеби тілдің ғылыми стилін менгерген ғалым, екіншіден, оны менгеріп қана қоймай, қазақ әдеби тілінің ғылыми стилінің дұрыс қалыптасуына ықпал еткен ғалым (96).

Жұбановтанушы зерттеуші Ж.Сұлтан Құдайберген Жұбановтың мұраларын анрополингвистикалық түрғыдан төмендегі сызба-жоспар бойынша талдап көрсеткен (90, 41):



Проф. Қ.Жұбановтың артында қалдырған ғылыми мұралары – әлсін-әлсін қайта оралып отыруды қажет ететін, әр оралған сайын жаңара, жасара беретін өміршеш дүниелер және олардың әрбіріне тереңдей үңілген сайын қазіргі тіл білімінің деңгейіне сай келетін, тіпті әлі де шешімі табыла қоймаған мәселелердің кілті іспетті ой-тұжырымдардың тұнып тұргандығын аңғаруға болады. Ғалымның тілдік материалдарды жалаң алғып қарастырмай, оны сол кездегі тілге қатысы бар мәселелермен, әлеуметтік, мәдени жағдайлармен байланыстыра, сабактастыра отырып зерделеуі, яғни тілді мәдениеттің өлшеуіші деп тануы, тілдің өркендеуін дамуымыздың басты өлшеміне балауы кейінгі тілші-ғалымдарымызға үлгі боларлықтай.

6. Ұлттық таным қоймасы (Қ.Жұбанов еңбектеріндегі антрополингвистикалық өзек)

Егеменді елдің кеңістігінде ұлттық сана мен рухымызды жаңғыртқан рухани-әлеуметтік құбылыстың негізін дұрыс бағалап, түсіндіріп, соған сәйкес қазіргі қазақ қоғамындағы болашақ бағдарды дұрыс белгілеу аса маңызды. Осымен байланысты тіл дамуының ішкі формасынан туындайтын жалпы зандалықтарды адам психикасымен (рухымен), ұлттық таныммен байланысты қарау қазіргі тіл білімінде ерекше мәнге. Ана тілінің жан-жақты қызметін жандандыру да аса өзекті мәселе болып отырғанын күнделікті өмір көрсетіп отыр. Себебі әрбір ұлттың бір-бірімен сабактас қалыптасқан рухани дүниесі, материалдық өндірісі мен тұрмыс күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес. Ол – халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс. Оның негізгі бір сипаты – тұрақтылығы. Ол оңайлықпен өзгермейді, тіл арқылы сақталып, жаңғырып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Айналып келгенде, тіл арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі. Сол себепті де әртүрлі ұрпақ болғанмен, бір-бірімен жалғасып, бірін-бірі түсініп, бір ұлтқа тұтасады.

Тілдің ішкі мазмұнындағы халқымызға тән рухани қазынасын бойына сініріп, сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізетін ана тіліміздің құдіреті оның кумулятивтік (мұрагерлік) қызметімен де байланысты. Соның негізінде ғасырлар бойы халықтың көкірегінде жатталып, жадында сақталған көне сөздердің тарихына үңіліп, тілдік тұрғыдан табиғатын барлау, жасалу мен сақталу жолдарының тілдік құралдарын анықтау, мағыналық даму зандалықтарын көрсету мен көнеру себептерін ашу тіл тарихын зерттеуде, тілдің қазіргі күйі мен болашақ бағытын барлауда теориялық та, практикалық

та мәні болса, ал ұлт болмысының тілдік сипатын зерттеу тілдің танымдық мәнін дәлелдейді.

Міне, *тіл* мен ұлттың, *тіл* мен қоғамның сабақтастырын дәлелдеуді талап ететін бүгінгі күннің рухани-танымдық сұранысына жауап беріп, бүгінгі тіл ғылыминың ғылыми-әдіснамалық жаңаша негізін белгілеуі аса өзекті мәселе десек, профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасының да негізгі қағидасы – осы.

Сондықтан жалпы тіл білімінде ұлттық тілді онтологиялық зерттеудің түпқазығын сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен және мәдениетімен тығыз байланыста қараган В.фон Гумбольдт, И.Гердер, Г.Пауль, В.Вундт, Г.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня т.б. ғалымдардың еңбектерін зерделеп, тілдің дамуын, сөз мағынасының дамуын уақыт пен кеңістік шеңберінде, яғни өзі өмір сүретін адамзат қоғамының белгілі бір кезеңіне сай дүниетанымымен тығыз байланысты деп қарайтын жаңа ғылыми парадигма қалыптасуда. Осымен текtes қазақ тілін өз табиғатына сай зерттеуді мақсат еткен проф. Қ.Жұбановтың ғылыми парадигманы анықтаған топшылаулары мен тұжырымдарын бүгінгі күнгі тіл ғылымы кеңістігіне сай былай деп көрсетуге болады:

Осы мақсаттағы зерттеу барысында парадигмалық өлшемдерді құрайтын мәселелер келесі үлгіде жинақталады: 1) *парадигманың хронотопиялық шектер арқылы дәйектелуі* уәжделеді, яғни белгілі бір ғылыми парадигманың дүниеге келуін анықтайтын маңызды көрсеткіштер қатарында уақыт пен орын (мекен-жай) ерекше қызмет атқарады. Ал тарих қойнауына еніп, алыстан кеткен парадигмалар салыстырмалы түрде айқындалады; 2) парадигманың пайда болуын түсіндіретін *шарттар, алғышарттар* мен уәждер болатыны «*ееш нәрсе бос жерде дүниеге келмейді, нөлден басталмайды, барлық білім тарихи тұрғыдан шартталған және байланысқан негізде дамиды*» деген қағидаға сүйенеді; 3) ғалымның пікіріне сәйкес, *көзделген мақсаттар мен міндеттер*, көп жағдайда, парадигманың аты мен бағыт-бағдарын нақтылады; 4) тілші-ғалым парадигманы нақтылау барысында *талдауга негіз болған пәндік аялар мен нысандардың да ескерілуіне мән береді*; 5) қолданылатын *әдіс-тәсілдер* арқылы автор парадигмалық тұжырымдардың ерекшелігін сұрыптауды; 6) тілші-ғалым *еволютивті аспект арқылы немесе бағалау әрекетінің көмегімен тіл білімін жаңа сатыға көтеріп, тіл туралы деректер аса құнды сипаттамалар мен түсініктемелерге жол ашады деген көзқарасты ұстанады.*

Проф. Қ.Жұбанов түгел дерлік лингвистикалық деректерді: дыбыс жүйесі мен үндесім зандылығын, сөздер мен сөз тіркестерін, қосымшалар мен басқа да грамматикалық категорияларды *антропологиялық призманың* желісінен өткізе байыптаған. Бір сөзінде Қ.Жұбанов: «*Біз жекелеген лингвистикалық фактілерді тілдің басқа салаларымен жалпы бірлікте қарастырып, осы байланысты қоғамның даму деңгейі, экономикалық, әлеуметтік дүниетаным тұрғысынан зерделеуді қажет етеміз*» – деп, зерттеушілік мақсатын ашып көрсетеді. Ғалымның бұл ұстанымы оның

лингвистикадағы қандай сала бойынша жазған еңбектері болмасын, бәрінен де айқын білініп тұрады. Атап айтсақ, бұл принципті ғалымның *тіл палеонтологиясы мен этимологиялық зерттеулерінен*, *лингвомәдениеттанымдық* және *этнолингвистикалық* жорамалдауларынан, тұжырымдарынан байқауға болады.

Қ.Жұбановтың «Тіл деген не?», «Микрокосмостық кезең», «Тотемизм (идеология)», «Дүниеге көзқарас арқылы нәрсеге ат қою» т.б. дәрістік циклдерінен тіл мен субъектінің арақатынасы, ұлт болмысы мен оған тән дүниетаным мәселелері тіл әлемімен бірлікте қарастырылады. Егер ұлттық философияның пәні – ұлт дүниетанымы болса, белгілі бір халықтың болмысына сәйкес мәдениеті, діні, өнері, фольклоры т.б. атрибуттары сол ұлтқа тән «тілдік сана» мен «тілдік тұлғаны» қалыптастыратыны белгілі. Сондықтан, таным дүниесі мен тіл әлемін бір сабактастықта қарағанда ғана зерттеу объектісі болып отырған ұлттың да, тілдің де шынайы табиғаты айқындалмақ. Қ.Жұбановтың өз сөзімен айтсақ, «...шынында, әрбір құбылысты адам өз тарихи дәуірінің тудырған көзқарастары арқылы көреді. Сондықтан әрбір ұлттың, оның ішінде әрбір таптың өзіне жақын һәм алыс құбылыстары болады».

Проф. Қ.Жұбанов қазақ лингвистикасына тілдік құралдарды танымдық тұрғыдан саралаудың жаңа үлгісін ұсынумен қатар, маңызды ұстанымдардың дүниеге келуін дәйектеді. Ол кез келген шығармаға тек құрылымдық сипаттама беріп қана қоймай, сонымен қатар тілдік құралдар арқылы берілетін идеялық ерекшеліктерге, адамзат табиғатын айқындар фактілерге, оның сыртқы ортамен, табиғатпен байланысар мүмкіндіктеріне мән берді, оларды уақыт таразысымен өлшей келе, халықтық дүниетанымның қалыптасу тарихы туралы сөз қозғады. Зерттеуші әр тілдік материалды елдің салтын, әдет-ғұрпын пайымдап түсіндірудің, танымдық қорды жинақтаудың көзі деп қабылдады.

Қазіргі тіл біліміндегі ғылыми парадигманың психолингвистикалық саласын қалыптастыруши А.А.Леонтьевтің тұжырымына сәйкес: «Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі және тілдің психологиялық сипаты арасындағы сәйкестік немесе тілде көрініс табатын жүйе мен қабілет арасындағы байланыс олардың динамикалы әрі біріне-бірі ауысып өте беретін өзгешелігіне қатысты болады», – (97, 636) деп, тілде байқалатын әлеуметтік және психологиялық сәйкестіктер қазіргі тіл білімінде де тіл мен ойлаудың арақатынасын, олардың бір-біріне әсерін, адамның сөйлеу әрекеті арқылы айғақталатын болмысын, өзіндік даму ерекшелігін танымдық негізде лингвистикалық тұрғыдан дәйектейді. Тілге таза грамматикалық тұрғыдан ғана емес, терең философиялық, логикалық, танымдық тұрғыдан көңіл аудару нәтижесінде туындаған бұл өзгешеліктер адамзат тілінің функционалды-семантикалық, психофизиологиялық, әлеуметтік даму бағыттарын айқындаитынын терең түсінген Қ.Жұбанов былай дейді: «... тіл адамдардың өзара қарым-қатынас жасау нормаларын жүзеге асырады, олардың өзге жаратылыс иелерінен табиғи айырмашылығын анықтайды,

ойлау қабілетінің даму деңгейін сипаттайды. Оның адам «жсанын» айғақтайдын қасиеті де әмбебап құбылыс деп танылады. Тіл арқылы адамзат атаулыны біріктіруге, олардың жеке этникалық ерекшеліктерін сұрыптауда ішкі сырғын айқара ашуға немесе жасасырып «бүгін қалуға» болады» (8, 176).

Профessor Қ.Жұбанов тұжырымдары адамзат тіліне сипаттама беруден басталып, оның жалпыға ортақ құндылығын айқындауға бағытталады. Мұның дәлелі ретінде автордың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегінде «адам баласының тілі», «адам санаусының жемісі», «адам тәжірибесінің қорытындысы» сияқты тіркестерді жиі кездестіруге болады.

Қ.Жұбанов: «Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға үқсата айтатыны – өз басын кіши дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге үқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен» деп, «Адам-Әлем» арасындағы қатыстылықтағы тіл мен таным сабактастырының орнын анықтайды (8, 93).

Тіл білімінің әрі қарай даму барысында кеңестік дәуірде тілді, негізінен, таңбалық жүйе деп қараша және қарқынды дами бастаған нақты ғылымдардың әсерімен тілдік бірліктердің құрылымы мен қызметіне ерекше назар аударылуы ішкі форма, семантика мәселелерін «шетке ығыстыруды». Соның негізінде тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас құралы деп бағаланып, оның танымдық, руханилық қызметіне кеңестік тіл білімінде дұрыс мән берілмеді.

Ал, қазақ тілін ғылыми зерттеудің бастау көзінде тұрган Қ.Жұбанов сол кездің өзінде бүгінгі тіл ерекшеліктерін талдау үшін тарихқа сүйене отырып, реконструкция жасауды, яғни тарихи принципті ұсынып, былай деп жазған болатын: «*Til – адамзат тарихының қоймасы тәрізді. Жердің тарихын білем дегендеге белгілі бір тәртіппен бірінің үстіне бірі орналасқан қатарлар арқылы із қалдырып, жердің геологиялық даму кезеңдерін көрсететін жер қабаттары тәрізді тілдің де әрбір кезеңі даму тәртібіне сай тілде қаланып, қалыптасып, сақталады*» (8, 404). Осылай деп, Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінде бірінші болып қазіргі тілдік деректерді тарихи қағидаға сүйене отырып қайта жаңғыртуды ұсынады.

Әрине, Қ.Жұбанов өмір сүрген заманда аталған ұстаным дәл қазіргідей антропологиялық (антропоцентристік) принцип немесе лингвомәдениеттаным деп аталмаса да, ғалым ұстанған негізгі қағида осыған саятын. Соның дәлелі ретінде лингвист-ғалымның ұлт мәдениетінің үлкен саласы – қазақ музыкасы жайында арнайы жүргізген мейлінше терен зерттеу жұмыстарын атап кетуге болады. Ғалым тіл мен тарих деректеріне сүйеніп жазған «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайынан» деген белгілі еңбегінде көптеген музыкалық ұғымдар мен терминдерге лингвомәдениеттанымдық-этимологиялық әдіс бойынша талдау жасайды.

Проф. Қ.Жұбановтың: «Әр нәрсенің, әр құбылыстың да әлденеше қыры, сырғы, сипаты болмақ. Дұрыс білім – сол қыры, сырғы, сипатының бәрін болмаганмен (барлығын түгел қамтып болмайды, ұши қыры көп), көбін, негізділерін көрсетіп бере алumen ғана табылмақ. Формашылдықтың

бірбеткей, сыңар езу согатыны осыдан.*Қойына өлишен қорасын салмаган. Даляр қорага әкеп қамаган. Сондықтан, басқа тілдерге өлишен салынған форма қорасының түкпірлерінде бос қалған алаңдар да болғаны сияқты, тарлық етіп, тоқты-торымның сыймай қалғаны да болған*», – деген пікірі тілді зерттеуде оның ұлттық сипатын негізге алу керек деген қағидатты тағы да нақтылай түседі.

Қ.Жұбановтың пайымдауынша, тілдің қай деңгейінде болмасын, сақталған архаикалық элементтер әртүрлі даму, қалыптасудың тарихи кезеңін сипаттайты. Сондықтан ғалым жекелеген тілдік деректер тілдік дамудың қоғаммен, экономикамен, әлеуметтік құрылышпен, дүниетаныммен ортақ байланыста қарастырылуы тиіс деп санайды. Мысалы, ғалымның қазақ тіліндегі *безгегі ұстады* деген тіркесті түсіндіруіне сай ол танымның анимистік қана кезеңін ғана емес, дүниені космостық, микрокосмостық кезеңде қабылдау кезеңін бейнелейді (8, 402).

Қазақ халқының өзіндік этникалық ерекшелігі – мал шаруашылығын кәсіп еткендігі. Қ.Жұбанов бір сөзінде «*қой шаруашылығының өсуі қой атын көбейткен*» дейді. Бұл – айқын этнолингвистикалық көзқарас, бұл тұста әңгіме лексиканың, дәлірек айтқанда, сөздік қордың байлығы – халық шаруашылығымен етene байланысты екендігінде. Лингвист өзінің алғашқы зерттеулерінде-ақ қазақ тіліндегі мағынасы мен құрамы көмескі элементтерді түсіндіру мақсатында малға қатысты айтылатын одағайлардың лексика-грамматикалық тарихын ашуға тырысып, этногенетикалық мектептер мен глоттохронология үрдістерін басшылыққа алғып, тіл білімінің этномәдени аспектісін кеңінен қамтыған. Тілдік фактілерді талдау барысында салыстырмалы-салғастырмалы әдісті аса білгірлікпен шебер қолданған ғалым түркі тілдеріндегі мал атауларының ерек-ұрғашылығына қарай ажыратылу сипатын түркі тілдерінің кең диапазонды қамтитын материалдары негізінде нақты дәйектемелер келтіре отырып түсіндіреді. Мысалы, *ерек қой, ерек тоқты құрылымындағы ерек* – анықтауыш. Ол анықталатын сөзден бұрын тұр. Осының әуел баста қандай болғандығын тексеру үшін мынадай талдау жасайды: «*қошқар* деген сөздегі *қош* – қой дегенді білдіреді, *қар* – ерек; *айғыр* дегендегі *ай* – ат, соңындағы *ғыр* жсогарыда атапланқар сөзінің редукциясы; кейіннен осы *қар* сөзінің басындағы *қ* түсіп қалып, *-ар* болып ықшамдалған. Ал *-ар* тұлғасының *-ер* болуы әбден мүмкін (*ар+лан* – ит түкымдас хайуанның еркегі). Олай дейтініміз бір замандарда түркі тілдерінің дауыстыдан басталатын сөздерінің бәрінде де дауыстының алдында дауыссыз (сонор) дыбыстардың бірі болған; *ар* сөзінің басындағы *а* дыбысы «*e*» болып та айтыла беруі мүмкін. Өйткені бұрынғы замандарда дауыстылар бірінің орнына екіншісі қолданыла берген. Нәтижесінде жсогарыдағы «*қар*» сөзі журе келе «*ер*» болып кеткен демекпіз (*айғыр* дегендегі «*ай*» қазақ-қытшақ тілінің нормасы; біз мұндағы *ай* сөзін бұлай айтпаймыз, *ат* дейміз; *ат* – якут тілінің нормасы, *ай* – біздің тіліміздегі норма».

Ғалым түркі тілдеріндегі мал атауларының ерек-ұрғашылығына қарай ажыратылу сипатын түсіндіру үшін бізге түркі тілдері туралы ең көне зерттеу ретінде белгілі Махмуд Қашқаридың «Лұғатынан» мысалдар ұсынады. Ортағасырларда (XI ғ.) түркі жұртында *ешкі* деген сөз тек ұрғашы малға айтылып, оның еркегі *еркеж* деп аталғандығын келтіреді. Қ.Жұбанов Қашқарі сөздігінен *erkej yeti yeti bolur, yechku yeti jel bolur* деген мақалды мысалға алғып, осындағы *еркеж* сөзі мен *ешкі* сөзінің жыныстық айырмашылығын сөз ете келіп, қазақ тілінде бұл мақалдың *ешкі eti* жел болар деген екінші бөлігі ғана сақталған деп жазады. Жоғарыдағы көне ұйғыр тілінде қолданылған *еркеж* (ерек ешкі) тәрізді сөзжасам қазіргі басқа да түркі тілдерінде ұшырасады дейді ғалым. Мәселен, татар тілінде *ешкі* малының еркегі *теке* мағынасында *ата кәжә*, қойдың қошиқары мағынасында *ата сарық*, қаздың айғырын *ата қаз* (қазақ тілінде айттылады) деп атайдының және мұндағы *ата* анықтауыштары *еркек, тұқым шашар* деген ұғым беретіндігін ескертеді. Нәтижесінде, түркілерде *еркек, тұқым шашар* деген сөздер ұрғашы ұғымына қарсы қойылса, соңғы мысалдардағы *ата* (немесе *әке*) және *шеше* (не *ене*) ұғымдарының оппозициялық қатынасының да ерекше маңызы бар деп білеміз. Ғалымның пікірінше, еркек мал атауларының ішіндегі ерекше тұлғаға ие болып тұрған – *теке* сөзі. Мұның мағынасы түркі тілдерінің семантикасын тұтас алғанда *еркек, әке* деген мағынаға ие болса, басқа ретте қызметке дегеннің құрамында да кездеседі. Қ.Жұбановтың өз сөзін келтірсек: «Слово *теке* налицо и в составе *қыз теке* (гермафродит, буквально девушка-мужчина или девушка-отец), если в теке видеть скрещение основных знаменательных элементов (без детерминативов *а, е, ә*) двух слов-синонимов: *а-та* и *ә-ке*, то оба употребления используются со значением «отец», он же «муж», следовательно, «мужчина». В грузинском почти в таком же порядке образовано слово *карабише* (гермафродит, буквально женщина-мужчина или женщина-мальчик)».

Проф. Қ.Жұбанов әрбір сөздің мәннәтінге қарай құбылып отыратынын сөз ете келіп: «*Орыста қой* сөзінің баламасы жоқ. *Олардың овца* дегені *«саулық»*, *баран* дегені *«қошиқар»*. *Орысша корова* – сауын сиыр, *рогатый скот* – мүйізді мал, *толстый* дегені бірде – жуан, бірде – қалың, *лошадь* – жылқы, *бірақ ат, байтал, айғыр* емес... Ал біздің *ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін* деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ *синий, голубой, зеленый* деген түстердің бәрін *көк* дейді. Адайларда, арабтарда түйе тұлғінің аттары *көп*, Еділ, Кастий бойының қазақтары балық түрлерінің аттарын *көп біледі*», – дейді. Ғалым осылайша толып жатқан тілдік деректерді салыстыра, салғастыра келіп, түркі халықтарының мал атауларына қатысты ұғымдарының көндігін көп жағдайда көшпелі өмір формасымен, негізгі кәсібі – мал шаруашылығына жетік болуымен байланыстыра қарайды. Осы тұста малдың жасына, түсіне, жынысына, мінезіне, басқа да ерекшеліктеріне қатысты лексикаға бірден-бір бай халық – көшпелі түркілер болғандығын айқын сезінеміз. Мәселен, бізде бір ғана

жылқы малының түр-түсі мен жас ерекшелігін атайдын лексемалардың өзі үшан-теңіз деуге болады.

Өз ұлты мен туыс халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүріне қанық болған ғалым Қ.Жұбанов тіл табиғаты мен ұлт болмысын бір арнаға тоғыстыра білген. Заманы «буржуазияшыл ілім» деп таныса да, тіл тамыршысы проф. Қ.Жұбанов салыстырмалы-тарихи әдістен де, этнолингвистикадан да бас тартпай, ұлт тілін зерттеуде тілтанымның барлық қажетті, озық әдіс-тәсілдерін қолдана білген.

Әйтсе де, Қ.Жұбанов тілдегі құбылыстардың барлық жағын ұлттың «ерекше» болмысымен байланыстыра берудің де шегі бар екендігін ескерtedі. Бұл тұста Еуропалық ғылымда түркі жүргішліктерінде «мәдениеті тең емес, кем» «көшпелі жабайылар» деген сыңайдағы әртүрлі дақпырттар туғызған бірқатар фонологиялық пайымдаулар турасында ғалым өзіндік қарсы пікірін білдіреді.

Осылайша, «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сүйенетін, этностың тілдік қазынасын сол халықтың рухани-мәдени, тарихи түпнегіздерімен өзектестігі туралы мәселеге проф. Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын зерделеу барысында анық көз жеткізе аламыз.

Демек, қазақ тіл білімінде профессор Қ.Жұбанов зерттеулерінің тұжырымдарынан бастау алған тарихи-семантикалық функционалдық қағидаға сай көптеген сөздердің тек тілдік төркінін ғана емес, оның ұлт болмысымен, мәдениетімен сабактастырын да тануға болады.

Қазіргі рухани-әлеуметтік, қоғамдық даму барысынан туындастын қажеттілік ағынына сай туып жатқан ұлттық ұғымдар мен атаулар, терминдер де осы негізде қалыптасса, ана тілінің табиғатына сай болмақ. Қазақ тіліндегі тілдік жүйені зерттеуді тілдің өз табиғатына сай жүргізуіндің бастауында тұрған қазақ тіл білімінің алғашқы профессоры Қ.Жұбановтың қағидаларын зерделеу «ұлт пен тіл біртұтас», «тіл мен мәдениет», «тіл мен тарих» т.б. сабактастырында жүргізіліп жатқан қазіргі қазақ тіл білімінің танымдық, кешенді бағыттарына қатысы айқын көрініп, жалғасын табуда.

Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсінеді. Оның себебі: әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе.

Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол – жай таңбалық жүйе емес, бүкіл ұлт болмысын танытатын рухани мәдениет. Сондықтан оны зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіндігі шектеулі. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуіші, келесі ұрпаққа жалғастыруышы, сайып келгенде, бір бүтін етіп тұтастыруышы. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабактастырын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика, әлеуметтанымдық лингвистика, психолингвистика т.б. салалары өріс алып келе жатыр деп санаймыз.

Шын мәнінде, жоғарыда атап көрсетілгендей, олардың бастау көздері ретіндегі В.фон Гумбольдт, Э.Сепир т.б. идеяларына сәйкес, сабактас пікірлерге, теориялық қағида сипаттағы ғылыми нышандарының көріністеріне қазақ тіл білімінің, мәдениеттануының негізін салушы ғалымдардың еңбектерін зерделеу барысында тап боламыз. Атап айтқанда, Ш.Уәлиханов, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов т.б. еңбектерінде тіл мен мәдениет сабактастығына ерекше назар аударылған.

Проф. Қ.Жұбановтың тіл арқылы халықтың тағылымдық мұраты этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне мәдени әрі тілдік мұра ретінде сақталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңа саланың дүниеге келетіні туралы сол кездердің өзінде-ақ болжам айтқаны белгілі. Ғалымның: «Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» деген пікірі ұлт мәдениетінің ұрпақ жалғастығын сипаттайды. Ал, мәдениет жай өмірдің туындысы емес, белгілі бір қоғамда өмір сүрген рухани әрі материалдық қоры бар іргелі елдің өмір тіршілігінің туындысы деп қарауын: «Мәдениет – қазанның күйесінше жүзгөтін нәрсе емес, мәдениеттің белгілі сатысын көксегендей жағдай тумаган болса, ... жоғары мәдениеттің өзі келіп ауызга түспейді», – (8, 325) деген пікірінен көреміз.

Қазақ тілінің даму барысын палеонтологиялық тәсілмен зерттеуде Қ.Жұбанов салыстырмалы грамматиканың жетістіктерін пайдалана отырып, материалдық, заттық мәдениетті рухани мәдениет деректерімен қаз-қатар алғып салыстыруға ұмтылған. Осы орайда қазақ тілінде мол сақталған көнерген сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалық табиғатын түсінудің уәждік (мотивациялық) және танымдық төркінін ежелгі заман түсінігінен, көп жағдайда мифтік таным, тотем т.б. түпнегіздерден іздең жөн. Оның нақты мысалдарын Қ.Жұбановтың күн көру, кунелту, безгегім ұстады т.б. қолданыстарға қатысты тарихи-этимологиялық, тілдік-палеонтологиялық зерттеулерінен табамыз. Бұл тұста И.Бахоффен, Ж.Морган, П.Лафарг сияқты зерттеушілердің негізгі позицияларына тоқтала келіп, Қ.Жұбанов олардың жазба ескерткішті зерттеушілердің ешбірінің «тұмсығы батпайтын» өте ерте дәуірлердегі қоғамдық қатынастарды анықтау жолындағы әрекеттері нәтижесінде өз замандары үшін айтулы жетістіктерге қол жеткізгендігін сөз етеді.

Профессор Қ.Жұбановтың тілді зерттеудегі танымдық зердесінен бастау алған осы үрдіс, яғни тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие болып отырғаны белгілі. Бұл екі фактордың тоғызы әтап көрсеткіштің түсінігінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде танылуын қазіргі тіл білімінде ғылыми жалғастық деп санауға негіз жеткілікті. Мысалы, тіл мен мәдениеттің атауына ұйытқы болған этнографизмдер – ана тілі байлығының бір бөлшегі. Бұл атаулар – тілдік қазынаның сүбелі саласының

бірі және бүгінде жалпыхалықтық қолданыста жоқ кейбір байырғы сөздер мен сөз тіркестерінің мағына-мәнін танытатын мәдени әрі тарихи ақпараттар көзі. Олай болса, тәуелсіз еліміздің рухани-мәдени өміріндегі елеулі табыс деп бағаланған онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» тілдік деректердің уақыт пен кеңістікке сай қолданыстың мәдени-танымдық коннотациясында «тасаланған» мән-мағыналардың архетиптік мазмұн межесі мен ұлттық біртұтасымдылық сипаты ашылуын профессор Қ.Жұбанов зерттеулерінен бастау алған ғылыми жалғастық деп қарауға болады.

Себебі этностиң көне дәуіріндегі тарихынан, мәдени өмірінен хабардар ететін тілімізде мағынасы ұмыт болған немесе күнгірттенген сөздер мен сөз тіркестері (этнографизмдер) бүгінгі ұрпаққа олардың сырын ашуды, танытуды қажет етеді. Осы орайда қазақтың қара сөзін бағзы мәдениеттің жетегінде тіл арқылы анықтап, келер ұрпақтың санасына зор мақтандыспен жеткізу – ана тіліміздің бай ырысын танытудың бір жолы. Міне, қазақ лексикасындағы лингвокультуремалар ретіндегі этнографизмдер осында ырысты байлықтың бір көзін құрайды. Қазірде бұл этноатаулар қоғамдық қарым-қатынас кезінде белсенді қолданылмаса да, бұл сөздердің дені диалектілік лексикада, тұрақты сөзтіркестері мен мақал-мәтелдердің құрамында, көркем шығарма тілінде, ауыз әдебиеті, фольклор мен эпос тілінде жиі кездеседі. Осы атаулардың ауыз әдебиетіндегі орны туралы проф. Қ.Жұбанов былай дейді: «*Халық әдебиеті – халықпен құрдас, бірге жасасып келе жатқан кәрі нәрсе. Оның жаңалығы жарытусыз, бұрынғының үстінен жаңа бояу жасау түрінде ғана болады. Жаңа шығармасы да сол есқі тамырға көктеп өседі. Мұның бері өмір ағысының тігісін сөгіп ыдыратқандай, халық өмірінде ұлы өзгеріс болмаганын көрсетеді.*

Сонымен, атам заманда пайда болып, бір кезде жаңа болған, бірақ бүгінде тозған бір нәрсені, көнерген сөзді халық әдебиеті қайталап немесе болмаши бояу жасаип алып, сүйрете береді. Халық әдебиетінің сақталатыны да, оның таусылмайтыны да осыдан келеді» (8, 264).

Демек, тілдің танымдық, мұрагерлік қызметі негізінде сан ғасыр құпиясын бойына сактаған этнотілдік деректерді сан ұрпаққа танытатын ана тіліміздің қорында мәңгілікке сақталатын сарқылмайтын қазына, «адамзат тарихының қоймасы» (Қ.Жұбанов) деуге болады.

Профессор Қ.Жұбановтың зерттеулерінде материалдық мәдениет атаулары рухани мәдениетпен қатар адамдардың тіршілік-мұқтаждылықтарын өтейтіні атап көрсетілген. Себебі сол қоғамның этикалық, әлеуметтік, эстетикалық, символдық тәжірибесін көрсететін заттық атаулардың рухани өмірімен байланысы «материалдық мәдениет өнімдері рухани қажеттіліктерден туындауды» деген пікірді нақтылай түседі.

Рухани мәдениет лексикасының бір тармағы тіліміздегі өлімге байланысты салттарға қатысты атауларымен байланысты. Қазақ ұғымында қайғылы қазаны орынсыз жерде айта салу, женіл-желпі жеткізу – мәдениетсіздік пен көргенсіздіктің белгісі. Қаза туралы хабарды тумаларына сыпайы сөйлеп, тұспалдап айтып жеткізу дәстүрін *естірту* дейді. Естіртуші

адам өмірден көргені бар, сөзге шешен, әрі ұстамды болу керек. Айтылатын ауыр жағдайды жүмбақтап, жүмсартып, шым-шымдаپ, адами ниетте жеткізеді.

Проф. Қ.Жұбанов бұл туралы: «*Өлгенді естіртушілер де қазақта осы әдісті қолданады. Оларда адам атадан бастап, неше түрлі жүрт білетін ірі өлім, аянышты өлімнің бәрін санап келіп, аяғында мақсатының бетін бір-ақ ашады. Онда да бір өлімнің бар екенін сезесің де, бірақ кім үшін айтылып отырғаны, кім өлгені белгісіз. Сол белгісіздіктің өзі тыныштыпай, тыңдауга айдан салады. Бірақ бірқатарын тыңдамағаннан да зиян келмейді. Соңғы түйінін тыңдасаң, ұқсаң болады. Осыны тыңдауга, ұғуга алдыңғы қыстырма әңгімелердің өзі улken себеп болады. Ауыз әдебиет үлгісінде бұл – таптырмайтын әдіс*», – (8, 266) деп, тілді қолданудағы ұлттық сипатты тіл қызметінің имплицитті сипаттын атап көрсетеді.

Ұлттық ұжымдық тәжірибесі мен түсінігі сәйкес халықтық өлшем атауларының бүгінде жалпыхалықтық қолданыс аясы шектелгенімен, осы атаулардың мәні туралы проф. Қ.Жұбанов: «*Қатар тұрған екі агаштың біреуін құлаштап өлиен, бес құлаш екенін біліп, екіншісін қарыстап өлиен, елу қарыс екенін біліп алғып, онаң кейін бұл екі санды қосып, екі агаштың ұзындығы елу бес қарыс деуге де, елу бес құлаш деуге де болмайды. Өйткені мұндағы елу бес саны өлиеулерден пайда болған қосынды емес, әр түрлі өлиеуден құралған. Егер бұл екі агаштың екеуі қосылғанда қандай ұзындық пайда қылатынын санмен көрсеткіңіз келсе, не қарыстап қана, не тек құлаштап қана өлиен, не қарыстап өлиегенді құлашқа, болмаса құлаштап өлиегенді қарысқа айналдырған соң неше қарыс, неше құлаш екенін айтуга болады*», – деп көрсетіп, әр өлшемнің халық атаған атауында өзіндік ұзындықтың белгісі бар екеніне назар аударады.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қалыптасуына, дамуына арналған еңбегінде зерттеуші Э.Оразалиева міндетті түрде Қ.Жұбановтың еңбегіне көптеген сілтемелер жасап, ғалымның ғылыми ізденістерінде когнитивтік лингвистикамен тікелей астасып жатқан құнды идеяларын дәйектеген. Ол Қ.Жұбановтың жалпы теориялық зерттеулерін екі арнада қарастыра келе, құрылымдық-типологиялық және антропоцентристік, этнолингвистикалық ізденістері деп жіктейді және екінші арнаға қатысты мынадай ой келтіреді: «*логикалық тұжырымдау, философиялық ойлау, қогамдық бағалау тұрғысынан айқындалатын лингво-танымдық типология негіздері мен олардың жүйелену бағытына сүйенсек, тілдік зерттеулер «тіл философиясының», антропоцентристік ізденістің, экстралингвистикалық танымның өзегіне айнала отырып, тілдегі материалдық болмыс пен идеялық рух мәселелерін сабактастыруынан пайда болады*», – дей келе, Қ.Жұбановтың «*Ғылым да адам санасының жемісі, адам тәжірибесінің қорытындысы*» деген пікіріне қатысты: «...құнды түйін жасау негізінде тілші бүгінгі күні «сана», мен «тәжірибе» секілді когнитивтік бірліктердің қолданылу аясын кеңейтумен бірге, танымдық қағидалардың өзектелуіне

ерекше үлес қосты деп тұжырымдауға болады», – деген ой айтады (98, 45-46).

Проф. Қ.Жұбановтың тілге қатысты ғылыми мұраларын лингвокогнитивтік, психолингвистикалық және т.б., яғни қазіргі заманауи ғылыми парадигма тұрғысынан жан-жақты зерттеген Ж.Сұлтан Қ.Жұбанов тілді тек құрылымдық-құрамдық тұрғыдан ғана зерттемей, әрі қарай күрделі үштікте қарастыруы туралы ойларын былай түсіндіреді: «Қ.Жұбанов тілді адам, қогам, мәдениет факторларын ескермей зерттеу немесе тілді оның мазмұнынан бөле-жара, жалаң формасы жағынан қарастыру бос әурешілік деп, бүгінгі таңдағы заманауи тіл білімінің негізгі өлшемдерін өз тұсында-ақ байқаған. 1-мысал: «біздің тілді зерттеуіміздегі ерекшелік – лингвистикалық фактілерді өмірдің әр алуан салаларымен жалпы бірлікте алып, олардың арасындағы өзектестікті қогам дамуының жекелеген кезеңдерімен, экономикалық жағдаймен, әлеуметтік құрылым және дүниетаным деңгейімен салыстыра анықтау болып табылады», – дейді (түпнұсқада: «...отличием нашего подхода является то, что мы берем отдельные лингвистические факты в общей их связи с остальными областями языковой жизни, выясняя связи этой последней с отдельными этапами развития общества, его экономики, социального строя и мировоззрения»). Зерттеуші Ж.Сұлтан Қ.Жұбановтың лингвокогнитивтік мазмұндағы идеяларын мынадай топтарда орынды көрсете білгендігін айту керек:

« - қоршаған орта мен жеке адамның тілдік танымы арасындағы байланыс;

- ақпаратты қабылдау қабілеті және оны еске сақтап, басқаға жеткізу;
- танылған заттар (құбылыстар) мен сөздік қордың сәйкес болуы;
- жекелеген сөздердің мағыналары, өзіне артатын ақпараттық-танымдық жүргі;
- сөздердің тіркесім тәртібіндегі занұлылық;
- құндылық бағдары;
- таным теориясы және т.б. когнитивтік лингвистиканың түбегейлі, базалық ұғымдарымен сәйкес келетін, бүгінгі күннің зерттеушісіне үлкен ой салатын өзекті мәселелер сөз болады» (90, 36).

Қ.Жұбановтың когнитивтік көзқарастары жайлы сөз еткен тағы бір зерттеуші Ж.Кемерова былай дейді: «Когнитивтік лингвистикада тіл арқылы адамды, адам арқылы тілді тануға бағытталса, Қ.Жұбановта мұның бір жағы субстанцияның миға әсері, сыртқы дүниенің танымдық бейне жасауға ықпалы жағын беруі басым болған... тілдің танымдық қасиетін, қионын тауып, қыстыра зерделеген Қ.Жұбановтың еңбектерінен когнитивтік лингвистиканың қай жағы да табылатына көз жеткізу қын емес» (99, 71-83). Расында да, Қ.Жұбановтың лингвистикалық зерттеулерін талдау барысында ерекше назарымызды аударған факті – тікелей лингвокогнитивтік бағытпен астасып жатқан ой-пікірлері, яғни қазіргі кездегі концептілік-фреймдік, тілді формалдау, моделдеу сынды жаңашыл

(инновациялық) зерттеу әдістерінің нышандарын байқадық. Сондықтан Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы қазақ лингвистикасының қазіргі қалыптағы даму деңгейі ғана емес, болашақтағы жаңа инновациялық зерттеулерге де ой тарқатар азық болары сөзсіз.

«Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше». Халқымыздың санасында сан ғасырлық саралаудан өткен осынау ұлттық мәдени тағылымды сөздің астарын ақтарып жату артықтық етер! Бір-ақ сөзбен айттар болсақ: дыбыстық тілмен қарым-қатынас жасау, яғни тілдесім адамзат баласына ғана тән болғандықтан, адамның ойлау қабілеті оның айналадағы адамдармен қалай сөйлесуінен байқалатындығы белгілі. Ойлаумен өрілген сөйлеу әрекеті адамның «ішкі әлемінен» шығатындықтан, тілді адам негізінде, қазіргі тіл біліміндегі терминмен айтсақ, «антропоцентристік» негізде зерделеу қажеттігін профессор Қ.Жұбанов қазақ тіл ғылымның балаң кезінің өзінде терең түсініп, адамзат баласына өз сезгендерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырысқан тілші-ғалым (59, 100).

«Тіл – ұлттың тірегі, ұлт мәдениетінің негізі» деген қағидаларға сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың ана тілі бойындағы арқауы сан ғасыр өтсе де, бар асылын еш шашаусыз жиып, болашаққа сақтап жеткізетін тілдің құдіреті – кумулятивтік (мұрагерлік, құжаттық) қызметі негізінде шешілетінін профессор Қ.Жұбанов сол заманда атап көрсеткен, ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

Осы мәселені қазіргі тіл ғылымының нәтижелері мен жалғастығына сай нақты түрде жіктеп түсіндірер болсақ, кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұластығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі.

Нақты түрдегі оның көріністері: материалдық мәдениет (тұрақ, киім, тамақ, тұрмыс бұйымдары, еңбек құралдары т.б.) және ұлттық тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, жеткізілетін рухани мәдениет (салт-дәстүр, миф, өнер, дін, тәлім-тәрбие, көркем мәтін т.б.) және ұлттық психология, таным тұрғысынан жасалатын рәміздік жүйе, сакralизация тәсілімен сақталған өнер, археология туындылары т.б.

Ал олардың атаулары ретіндегі жүйелі тілдік көрінісін мәдениеттің метатілі деп қарауға болады. Бұл ыңғайда мәдени лексика Ю.М.Лотман, Верещагин, Костомаров, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Е.Жұбанов, Қ.Өмірәлиев, Н.Уәлиұлы, Ж.Манкеева т.б. еңбектеріне арқау болуда.

Ал осы мәдени мұраның немесе мәдениеттің метатілінің танылуы, халық иғілігіне асуының негізгі тірегі тілдің коммуникативтік қызметімен тікелей байланысты. Сол арқылы әрбір ұрпақ өкілі ақпараттарды қабылдап, мәдени мұраны игеру ісін ұрпақтар жалғастығы іске асырады. Міне, осы арада мәдениет иғіліктерін өндіруші мен тұтынушы арасындағы мәдениетаралық, танытушылық қызметті проф. Қ.Жұбанов сынды ғалымдарымыздың зерттеулерінен басталған тіл ғылымы атқаруда.

Лингвомәдениеттанумен қатар ұлт болмысы мен мәдениетінің табиғатын, дүниестанымындағы таным-парасатын тіл арқылы зерделеуді

«этностиқ тіл бейнеленуі» (100) арқылы, яғни «қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлітурде тек оның байлығы – тіл әлемі арқылы ғана танып білуге болатындығын» (101, 16) арқау етіп, казақ тілі білімінде қалыптасып келе жатқан **этнолингвистика** саласы – ана тіліміздің табиғатын тануға негіз боларлық сенімді арна. Осы орайда, тілдің небір нәзік қырлары мен сырларын сезіне білетін, тіл шеберлігі мен тіл зандылықтарын, теориялық қағидаларды игеріп, менгерумен қатар ұлттық рухы мықты, танымдық дүниесі терең де кең тұлғалардың орны ерекше. Осы тұрғыдан пайымдап қарасақ, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, алғашқы лингвист-профессор Қ.Жұбановтың ғылыми-танымдық қекжиегін көрсететін, көбіне тезистік түрде, этюдтік сипатта ғана бізге жеткен теориялық топшылаулары мен тұжырымдарының өзінен осы текстес зерттеулер мен бағыттардың бастауы, қайнар көздері көрінеді.

Сайып келгенде, таным мен тарихқа сүйенген зерттеулер сол тілде сөйлеуші халықтың, ұлттың танымдық мәнін ашып, тілдік санасының қалыптасуын барлайды. Соның негізінде тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан, рухани да заттық мұрасының тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұлттың тарихи жадында сақталып қалғанын көреміз.

Демек, кез келген халықтың ғасырлар бойы туып, жетіліп, кемелденіп отыратын мәдениетінің қазынасы – тілі.

Атап айтқанда, ұрпақтан-ұрпаққа ауыз әдебиеті, эпостық жырлар, шешендік-паремиологиялық-фразеологиялық, ономасиологиялық жүйе, ақын-жыраулар шығармашылығы және т.б. рухани-мәдени мұра үлгілерінің арқауы болған сөз өнері, айшықты сөз арқылы жеткен қазақ халқының этникалық тарихы мен мәдениеті, көркем ойлау жүйесі мен танымдық деңгейі тілдің куммулятивтік (мұрагерлік) қызметі негізінде сақталған этнотаңбалық ақпарат түрінде жетіп отыр.

Жоғарыда көрсетілген үлгілерде ұлттың этностиқ болмысын сипаттайтын төл мәдениеттің этнотаңбалық деректері, біріншіден, эстетикалық, екіншіден, тарихи-этникалық тұрғыдан уақыт пен кеңістік контекстегі әлеуметтік-функционалдық, үшіншіден, танымдық-аксиологиялық қызмет атқарады. Себебі тілде әр ұлттың өзіндік ойласу ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын этнолексика қалыптасады. Ол әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына байланысты дамитын, қоғамдық санасына сәйкес негізделетін «ұжымның жадында сақталған жүйе» (Ю.М.Лотман). Осымен байланысты этномәдени тілдік деректерді зерттеу қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасып келе жатқан ұлт (адам) болмысын тіл арқылы тануға бағытталған «мәдениет пен тіл біртұтас», деген қағиданы ұстанатын антропоөзектік бағытқа сәйкес келеді. Осы орайда, «таным», «тілдік сана», «тіл тарихы» деген ұғымдардың мәні ерекше. Соңдықтан тіл мен таным процестерінің арақатысын зерттеудің когнитивті лингвистикаға сүйенуі – занды құбылыс. Соңғы ғылыми еңбектер нәтижесінде таным мен тілдің арақатысы адам проблемасымен біртұтас күрделі құрылым деп қаралады (102).

Осыған қатысты тілдің ішкі формасына (мазмұнына) ерекше назар аударған, осы лингвистикалық бағыттың негізін салушы ғалымдардың бірі В. фон Гумбольдтың пікірінше, ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы, пайым дүниесі бар (103). Соған сүйенген философиялық ой-пайым бар. Соның ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші – тіл.

Яғни таным әлемі мен тіл әлемін сабактас қарағанда ғана ұлттың да, тілдің де өзіндік табиғаты айқындалмақ. Қазіргі қазақ тіл білімінде біршама зерттеліп, теориялық-әдістемелік негіздемелері анықталып қалған осындай үрдістегі зерттеулердің алғышарттары мен нышандарын Қ.Жұбанов қарапайым түрде былай деп түсіндіреді:

*«Адам баласының табиғатында дүелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып білгеннен кейін ғана өзінің басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата атайдыны – өз басын кіши дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы, орысша **небо – аспан**, **небо – таңдай**, қазақ тіліндегі **таң=адам** әлемінің аты, яғни жоғары жаққа тән қасиеттің иесі; **таңдай=адам** денесінің жоғары жағы... Адамның жекелеген бөлшектердің белгілерін түйсіну арқылы атрибутивті портрет қалыптастыра отырып, ғаламды таниды». «...**Таңырқады–таңғалды;** **таңыр=таң+ыр=тәңір;** **Таң=аспан бөлегі;** **ір – аспан.** Бұрын адам өзін кішкене дүние деп есептеген. Бет-ауызды аспанға ұқсатқан бет – **таң атып келе жатыр.** «Таң қалу» деген тіркесі кейде қысқартып **таңырқау** дейміз. **Ұятыз** деуді **бетсіз** деуіміз де осы конкреттік бар. Бұл қолданыстың да ым тілінен шыққандығы байқалады (бетін сыйзу – ым тілінен қалған қалдық; заттық көрсеткіші (материальное выражение)» (8. 94-120).*

Ғалым қазақ тілінде сақталған көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің тілдік табиғатын түсінудің уәждік (мотивациялық) және танымдық төркінін ежелгі заман түсінігінен, көп жағдайда мифтік таным т.б. түп-негіздерден іздейді. Осымен байланысты профессор Қ.Жұбановтың мифтік таным деңгейіне сай қалыптасқан сөздер мен сөз тіркестері, тотемдік, сакральдық, киелі атаулар туралы ғылыми топшылаулырының кешендік сипаты, Н.Я.Марр ілімімен сабактастыры ғалым танымының көкжиегін, бүгінгі күнмен жалғасқан өміршендігін дәлелдейді. Оның нақты көрінісін проф. Қ.Жұбановтың мынадай мысалдарға қатысты тарихи этимологиялық талдауларынан да көреміз. Қазақ тілінде *сұлдерім құрыды, құр сұлдері қалды* деген тіркестер бар. Осындағы *сұлде//сұлдер* компонентінің жеке алғандағы мағынасы түсініксіз. Ал монғол тілінде «сүлдэ» сөзі «ерекше бір рух», «тәнірден келген күш-қуат», «қорғаушы», «құт» деген мағынаны білдіреді. Монголдардың түсінігінде *сұлдэ-тенгри* сөзі «патшаның өзінің қол астындағы елін, халқын қорғап тұратын ерекше бір күш-қуаты» дегенді білдірген (8).

Проф. Қ.Жұбанов тіл мен таным проблемаларын зерделеу барысында сонау грек философтарынан бастап, өз заманына дейінгі аралықтағы

ойшылдардың лингвогносеологиялық ой-пікірлерін қысқаша шолып өтеді. Олардың ішінде Аристотельдің, Ж.Руссо мен А.Мейердің пікірлеріне ерекше тоқталады. Сондықтан Қ.Жұбановтың тіл жөніндегі зерттеулері – лингвогносеологиялық ақпараттарға толы деп айтуға негізdemелер баршылық. Оның «Дүниеге көзқарас арқылы заттарға ат қою», «Микрокосмостық кезең», «Функционалдық семантика», «Сөз өзгешелігі мен сөз қызметі» т.б. ғылыми-танымдық мақалалары мен лекцияларында, түрлі конференциялар мен басқосуларда жасаған баяндамаларында: а) қоршаған орта мен жеке адамның тілдік танымы арасындағы байланыс; ә) ақпаратты қабылдау қабілеті және оны еске сақтап, басқаға жеткізу; б) танылған заттар (құбылыстар) мен сөздік қордың сәйкес болуы; в) жекелеген сөздердің өзіне артатын ақпараттық-танымдық жүгі; г) сөздердің тіркесім тәртібіндегі заңдылық; д) құндылық бағдары; е) таным теориясы т.б. когнитивтік лингвистиканың түбекейлі, базалық ұғымдарымен сәйкес келетін, бүгінгі қүннің зерттеушісіне үлкен ой салатын өзекті мәселелер сөз болады. Осы орайда Қ.Жұбанов: «*адам өзінің тіршілік тартысында ұшырасып, пайдасын я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген*» дейді. Зат танылғаннан кейін оған бір ат таңылады. Ат қою кезінде өмір шындығы мен ақиқат болмыстың абстракциялану жолымен тілдік формаға айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігінен, еңбек тәжірибесінен, наным-сенімінен хабар беретін белгілі бір сөз атаулары түрінде санаға бекиді. Бірақ осы тұста Қ.Жұбановтың танымына сәйкес ескеретін бір жайт мынадай: «*Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты. Ел-елдің білгені де, білмегені де толып жатыр. Мәселен, шөпттер мен жәндіктердің көбісінің аты тілімізде жоқ. Өйткені, олар бізге көп аса кездеспеген, кездестірсек те елемегенбіз...* Айталақ, шөпттердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатынын, бояу болатынын, ем болатынын, не у болатындарын біледі де, соларга ғана ат қояды. Танымаған заттың атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды», – деп ғалым сөздің номинативтік, когнитивтік және коммуникативтік қасиеттеріне құндылық бағдары тұрғысынан нақты лингвогносеологиялық анықтама береді. Мұның себебі дүниенің болмыс бейнесі адам санасында толығымен орнықпай, тек оның әрбір адамға маңызды саналатын құрамдас бөліктері ғана көрініс табатындығында. Аксиологиялық модельдеу туралы проф. Б.Момынованың пікірінше: «Әрбір ұлттың ой-санасында бағалауыштық модель қалыптасқан. Басқаша айтқанда, әр халықтың түсінігінде, кез келген ұлттың *тілдік санасында* адам үшін не құнды, жақсы немесе жаман қасиеттердің ажыратылуы, адамгершілік мақсаттар нендей т.б. күрделі бағалауыштық қатынастағы ұғымдардың жинақтық мәні ұлттық образды құрайды» (96).

Қазіргі қазақ тіл білімінде де, ұлттық қазақ философиясында да біршама анықталып, теориялық-әдістемелік негізdemелері айқындалып қалған осындаи бағыттағы зерттеулердің алғышарттары мен нышандарын Қ.Жұбанов енбектерінен табамыз.

Нақты айтқанда, Қ.Жұбановтың тілдің дыбыстық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлерін қарастырғандағы негізгі ұстанымы магына мен мән, тіл мен ойлау байланысына негізделеді. Фердинанд де Соссюр негізін салған синхрондық тіл білімі тілдің бір дәүірдегі статикалық қалпын ғана қарайды деп сыйайды (8, 86). Ғалымның пікірінше, тілді даму үстінде, уақыт пен кеңістік контексінде қарастыру диахрондық тіл біліміне тән.

Осыған байланысты ғалымның, мысалы, сөз мағынасының өзгеруін (*кун+елту (erttu)=күнді ertтін жүру* – қазіргі тілде «тіршілік қылу»), синтаксис тарихына, оның ішінде сөздердің тіркесуінің өзгеру тарихына мән беруін (*қош+қар, күн+сұлу* – қазіргі тіл заңдылығына сай анықтауыш компонент алда тұруға тиіс) одағайларды мағыналық топтарға таптастыруын, түбір, сөйлемді, сөйлем мүшелерін таптастыруда формасына да, мағынасына да назар аударуын, жүрнақ, жалғауларды бұрынғы түбір сөздердің қалдығы, яғни тарихи категория ретінде қарауын (8, 113-236) т.б. атап көрсетуге болады.

Қ.Жұбанов диахрония мен синхрония тәсілін жеке-жеке бөліп қарамай, екеуінің бірлестігінің негізінде жүргізілген зерттеу ғана тілге деген диалектикалық көзқарасты туғызады деп тұжырымдайды.

Осы жерде назар аударатын жайт – тілдің қандай күрделі мәселелеріне қатысты ойларын ғалым сол тілде сөйлеушінің ой-санасымен соған сабактас тарихымен, түрмисымен, ой-пайымымен байланыстырады. Мысалы, «Тіл деген не?» деп аталатын тіл генезисі туралы тұжырымдарын таратып айтатын тақырыпшаларды қараңыз: *кішкене космос дәуірі; кішкене дүние дәуірі: Тотемизм (идеология); Дүниеге көзқарас арқылы әр нәрсеге ат қойылады; функционалды семантика* т.б. Демек, проф. Қ.Жұбанов ұлт болмысы мен мәдениетінің табиғатын, дүниетанымын тіл әлеміне сабактас қарайды.

Ұлттық философияның пәні – ұлттық дүниетаным. Ал, ол қазақ халқында өзіндік мәдениетіне сай тіл, дін, фольклор, жыраулар т.б. шығармашылығы арқылы беріледі де, рухани мұрасының өмір сүру тәсілі, наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, тілдік тұлға, тілдік сана қалыптасады. Себебі этнодүниетанымның ежелгі элементтерінің тілдік санамыз арқылы реликтілік құрылым ретінде сақталғанын, яғни уақыттың этнолингвистикалық нысандардың тарихи тұрғыдан кеңістік бағдарға ие екені анықталып отыр. Яғни таным әлемі мен тіл әлемін сабактас қарағанда ғана ұлттың да, тілдің өзіндік табиғаты айқындалмақ.

Сайып келгенде, «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағида – тілдік философиядан тарайтын қазіргі қазақ философиясының, лингвомәдениеттанудың, психолингвистиканың т.б. жаңа ғылыми салалардың арқауы. Осы тұрғыдан қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, алғашқы лингвист-профессор Қ.Жұбановтың ғылыми-танымдық, тілді зерттеудегі философиялық ой-тұжырымдары жоғарыда аталған жаңа бағыттар мен зерттеулерге бастау болған қайнар көздер деп қарауға болады.

Табиғатпен біртұтас көпшендердің рухани мәдениетінің психологиясының негізінде халықтың космогониялық, мифтік түсініктері жататыны да Қ.Жұбанов зерттеулерінде атап көрсетілген. Соған сай жансыз заттардың «жандануы» тілдік деректер арқылы сақталған. Мысалы: *ақылы енді, есі кірді, ақыл-есін алды, аруагы риза, аруақ қолдасын, аруақ қысты, аруақ қонды, жыныы келді, арқасы қозды, дегбірі қашты, делебесі қозды, бағы ашылды // жанды, қайтты, құт қонды, берекесі кетті* т.б.

Олай болса, осы текстес тұжырымдарға сүйеніп, тілімізден көптең табуға болатын мифтік түсінік, наным-сенім негізінде қалыптасқан жеке сөздер мен сөз тіркестерінің лексикографиялық дефинициясын, этнолингвистикалық интерпретациясын беруге болады. Мысалы: **Бойтұмар**. Ескі наным бойынша, оның «желеп-жебеп жүретін қуаты бар» деп есептеледі.

Асатаяқ – бұл шамандар қолында жүретін қоңыраулы таяқ. Яғни кез келген кісі оны ұстамайды және жай таяқ емес, ерекше қасиеті бар таяқ. Оны фольклор материалдары да дәлелдейді:

Ақ сәлдесі басында

Сырлы аса колында.

Өзі ақтың жолында

Бір диуана келді де

Асамен тұртіп ояты («Алпамыс» жыры).

Ұлттық дуниетаным мен рухани мәдениеттің ерекше кумуляциясы фразеологиялық тіркестер жүйесінде сақталғандығы белгілі. Бұл тұрғыдан фразеологизмдер ғалымдардың тұжырымдарында «рухани әлемнің үзік-үзік бөліктері» деп анықталып, профессор Қ.Жұбанов идеясымен астасады. Мысалы: *Жұлдызы қарсы болу, жұлдызыым жоғары, қазан аузы жоғары* т.б. Сонымен бірге мифтік танымнан эвфемистік, символдық мәнге ауысып, қазіргі тілде ол мәннен де алыстанап кеткен сөздер мен сөз тіркестері тілде баршылық. Немесе отқа табынумен байланысты туған: *отың өшісін (қарғыс), отбасы, отағасы* т.б.

Ал, қазіргі қолданыстағы *тұсаукесер, мәңгүрт* т.б. мысалдар бұрынғы этнографиялық, мифтік мәнін жоғалтып, қазірде жеке атауларға, терминдерге айналған. Немесе *ала* сөзін синхрондық тұрғыдан түстің атауы ретінде түсінсек, ежелгі заман түсінігіне сай «ала» сөзі – бойында жұмбақ сырьы мол киелі ұғым. Қараңыз: *ала жіпті аттамау, адам аласы ішиңде, алас ұрды, аластау, алас-алас, отқа қалас*.

Демек, қазақ тіліндегі ұлттың әлеуметтік тұрмысын, тарихы мен мәдениетін белгілеген тілдің деректері – профессор Қ.Жұбановтың пайымдауында қазақ әлеуметтік-мәдени кеңістігінде қалыптасқан ұжымның этнотанбалық жүйесі. Мысалы, *тайга таңба басқандай, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман* (8, 100) т.с.с. идиомалар көркемдік ойлау деңгейін ғана емес, ұлттың күнделікті тәжірибесінен қалыптасқан танымдық тұжырымын да белгілейді.

Сонымен, тіл халықтың рухани да заттық мәдениетінің мол көзді арнасы, халықтың өткен өмір жолын бейнелейтін бай тілдік деректері сақталған «таным қоймасы» (Қ.Жұбанов).

Себебі тілдік қолданыстың танымдық негіздерге сай өзгеріске түсүін көрсететін тарихи, мәдени (рухани, заттық) тілдік деректер жетерлік. Тіліміздегі осындай тарихи сілемдерді зерттеуде Қ.Жұбановтың ана тіліміздің өзіндік ерекшеліктері мен тілдік деректерін негіз етіп алуды ұсынған мына тұжырымын ұстаным ретінде белгілеуге болады: «...Поскольку история языка не постигается одним тем, что в состоянии дать письменные памятники, то не остается иного пути кроме использование материалов, которые доставляют нам сам живой язык, в силу своей природы представляет собой накопление всей предшествующей истории человечества» (8, 35).

Професор Қ.Жұбановтың тіл деректерін осылайша тіл тарихымен, сол тілде сөйлеуші этностиң тарихымен бірліктे қарау оны этнолингвистикалық зерттеумен сабактастырады. Оның себебі мен мәнін акад. Ә.Т.Қайдаровтың мына пікірі нақты түсіндіреді: «Этностиң басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәүірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарактың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санага, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» (101).

Демек, осы тұжырымға сай тілдің тарихи даму барысын зерттеудің бір тірегі – этнолингвистикалық қағида, яғни атаулар тек шартты түрде болса да, тілдегі сөзжасам модельдері арқылы заттың уәжді белгісіне ғана негізделмейтіні байқалады. Себебі, бір затты «тілдік көру» әр сөйлеуші ортада әртүрлі болуы мүмкін.

Нақты айтқанда, әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, қунделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы т.б. сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады. Демек, сөз заттың тұра таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық үдеріс нәтижесінде туған бейнесі. Сондықтан «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға текtes зерттеулердің табиғатынан туындаитын этнолингвистикалық тәсіл лингвистикалық талдау мен этимологиялық ізденістің кепілі мен қажетті шарты бола алады.

Қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаған тұңғыш профессоры Қ.Жұбановтың ғылыми ой-өрісі мен танымдық тереңдігінен туындаған ғылымдағы сабактастық қазіргі тілді зерттеуде тілді тұтынушының жан-

дүниесімен, күнделікті әрекетімен тығыз байланыста сипатталатын үрдіске сай лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. бағытта жан-жақты зерттеліп, өз жалғасын табуда. Соған орай ұлт болмысы туралы Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасында маңызды тұжырымдар жасауға дәйек болған этнографизмдер, лингвокультуралар, басқа да этномәдениеттің архетиптік көріністері тек қана мәдениетті айқындал қана қойған этнолексика емес, түрлі символдар турінде этномәдени кеңістік құратыны антропоөзектік парадигмада жаңа мазмұндық теориялық-әдіснамалық сапада кешенді қарастырылуда.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

**Көркемдікті қөздеген көреген көз
(Қ.Жұбановтың әдебиет, өнер саласындағы еңбектері жайында)**

1. Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласы хақында

Профессор Қ.Жұбановты зиялды қауым болсын, жалпы көпшілік болсын негізінен тіл білімінің негізін қалаушы лингвист ғалымдардың бірі ретінде танитындығы ақиқат. Алайда тілдің деңгейлік салаларын бір-бірінен жеке-бөлек алып қарастырып қана қоймай, оларды тұтастық ретінде зерделеген білімпаз тілмен бірген ұлттың негізгі белгілері болып табылатын әдебиет, мәдениет, өнер салаларында да алғашқылардың бірі болып қалам тартқан. Мысалы, өткен ғасырдың 30-жылдарында Абай шығармашылығын әр алуан талқыға салып, оны байшыл, көртартпа ақын, феодализм жаршысы деп сілікпелеп жатқан заманда «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы 11-12 нөмірлерінде Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласы жарияланады. Бұл сол замандағы саяси жағдайда үлкен батылдық болатын әрі қазақ әдебиетіндегі абайтанудың бастауы ретінде мойындалады.

Бұл еңбек толық аяқталмаса да, абайтану саласындағы ерекше туынды деп бағалауға әбден лайық. «Абай жолы» романымен әлемге танылған Мұхтар Әуезовтің өзі: «Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді», – дейді де: «Оның 1934 жылды Абай қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекеде жасалған баяндамасы (кейін мақала түрінде жарияланған) – қазақ филологиясының, әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылатын бағалы еңбек. Абайдың өлең құрылышындағы ерекшеліктерді, автордың новаторлығын және халық тілін пайдаланудағы шеберлігін алғаш көрсетушілердің бірі де осы Құдайберген болды», – (2, 359) деген салмақты пікірін уәж ретінде ұсынады.

Мақаланың жазылу тарихы туралы жазушы-драматург Шахмет Құсайынов кезінде мынадай естелік айтқан: «Мен ол кезде «Әдебиет майданы» журналының жауапты хатшысы болатынмын. 1934 жылы Құдайберген ағаға Абайдың қайтыс болуының 30 жылдығына орай мақала жазуға тапсырыс бердік. Әне-міне дегенше уақыт өте берді, ал мақала болса әлі жоқ. Күте-күте, тіпті журналдың соңғы екі санын біріктіруге тұра келді. Содан соң редактор маған: «Бар да, мақаланы біткенінше алыш кел», – деді. Мен келгенде Құдекең 30 беттен аса парапты жазып тастапты. Бірақ, әзір бітіретін түрі көрінбейді, әлі сілтеп отыр. Мен жағдайдың тығыздығынайтып, қолжазбаның біткен жерін сұрап алдым да, сонына «аяғы бар», – деп белгі соғып, ағамыздың «анау-мынау», – деп айтуына келтірмей, зытып отырдым. Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген атақты мақала осылай жарық көрді».

Бұл еңбек Абай жайындағы бұрынғы-соңғы пайымдауларды түбегейлі қорыта келіп, оның қоғамдағы орны мен әдеби тілімізді жасаудағы атқарған рөлін дәл көрсетіп бергендігімен, тақырыбы етіп ұсынған «Абай – классик» деген тезисін жан-жақты дәлелдегенімен құнды.

Абайтануға сұбелі үлес қосқан Мекемтас Мырзахметовке сүйенсек: «... ақын мұрасы жөнінде қалам тербеп, пікір білдірген қаламгерлердің жалпы саны мыңнан асып, Абайтану саласында жазылған ірілі-ұсақты еңбектер саны төрт мыңға жетеді» (104).

Қойшығара Салғараұлы ақын мұрасын зерттеушілерді үш топқа бөледі. «Біріншісі – Абайды өз жұртына дұрыс түсіндіріп, таныстыруға бағытталған насиҳаттық мақсаттағы мақалалар. Екіншісі – Кеңес өкіметінің алғашкы жылдарындағы, сол кезең рухына сай, Абайдың қай таптың ақыны екені жөніндегі айтыстан туған дүниелер. Үшіншісі – Абайды танып білуге бағытталған зерттеушілер, ғылыми негіздегі талдауға құрылған мақалалар». Зерттеушінің бұл пікірімен әбден келісуге болады. Біздің айтпағымыз – Құдайберген Жұбановтың аталмыш туындысы үш топқа да қойылатын талаптың үдесінен шығады. Абайтануда үзілді-кесілді «классик» деген атау берген, әрі насиҳаттық сипаты басым, әрі «байшыл» деген айдардан арашалап алуғасөздің небір сүлейін жұмсаған, сондай-ақ ғылыми жағынан мұхиттай терең жазылған бұл еңбекті Абайтанудың қарлығашы деп бағалаған лайық.

Сондықтан да болар, сыншы Сағат Әшімбаев «Шындыққа сүйіспеншілік» кітабында: «... Абай тағылымына тағзыым етуді өзінің азаматтық борышына санауға тиіс санаткерлердің қай-қайсысы да бұл мақаланы айналып өтуі мүмкін емес дер едік», – деп ерекше сүйіспеншілікпен жазады.

Аталмыш еңбегін Құдайберген Қуанұлы былай бастайды: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұттай, табалдырықтан шыгарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жсүр; ол өз тұсында, жалғыз қазақ қана емес, басқа көршилес елдерден де Абайдың

әдебиеттегі үздіктігі». Бұл баға Абайды кім деп, Абай шығармашылығын қалай деп тану үшін қазақ қоғамында, үлкен толқу туған кезде, жаңа қоғам өз байлықтарын қалай бағалаудың әлі белгілі бір жүйесін қалыптастыра қоймаған, сол үшін пікір күресі жүріп жатқан кезде жазылған. Тарихи жауапты кездерде ғылыми талдау ғылымикөрегендікпен ұштасуы қажет болады, сонда ғана ұлттық мұдде өзінің қолдауын табады, әділ бағасын алады. Өткір ойлы ғалым Абай мен Абай өскен ортаны, Абай поэзиясын бүкіл батыс пен шығыс тарихында белгілі ойшылдармен салыстыра келіп, «*Абай – жағдайының жағдайсыздығы тұдырган, басып тұрган қараңғылыш ішінен келер таңның шолпаны болып елестеп, тұнып тұрган тымырсықта келер дауылдың дауылпазы болып күніренген адам*», – деп бағалайды.

Ғалымның Абай поэзиясының лирикалық сипатын талдауына таңданбасқа шараңыз жоқ. Қараңыз: «...*Абайды шағатайдың іші болып, сырты болмауы немесе сырты болып тұрып, іші болмауы мүмкін емес. Ондай диссонансты Абай гармониясы көтермейді*». Кейінгі зерттеушілердің көбі қазіргі әдебиеттің өзінде мұндай талдаудың сирек кездесетінін мойындайды. Талдауларына тәнті бола отырып, Қ.Жұбановтың Орта Азия, Шығыс халықтарының әлемге әйгілі ақын, жазушыларының туындыларынан хабарының мол болғанын аңғарамыз. Олардың тіл ұстартудағы тақылетін түбекейлі талдай келе, аталмыш ақындардың бірде-бірінің сол замандағы шағатай әдебиеті мен әдеби тілінің ықпалынан құтыла алмағанын ашып айтады. «*Абайды көрши елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда, мырза Фаталиден басқа ешкім де шендесе алмай шығады, –* деп жазады Құдайберген Қуанұлы, – *Ұлт тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда Абай бәрінен де озып шығады. Өйткені, ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет улгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ*». Қ.Жұбанов әзіrbайжан әдебиетінің классигі Мырза Фатали Ахундовтың шығыс мәдениеті мен ескі халық надандығының әр түріне де қарсы күш жұмсағанын, артына өлмес мұралар қалдығанын көрсете келіп, оның әзіrbайжан тілінде аса көп жазбағанын ескертеді. Ал, Абай болса, шағатай әдебиеті әсерінен де, шағатай әдеби тілі дәстүрінен де арылып, өз шығармаларын сап күмістей таза халықтың әдеби тіліндегі жазғанын, ал жазғандарын классикалық әдебиет деңгейіне жеткізе білгенін баса айтады. Шағатай әдебиетіндегі мистицизм, диуаналық лирика Абайдың атымен жоқ екенін саралаган Қ.Жұбанов оның Науайден де ерекше тұратынын таниды.

Ғалым Абайдың шағатай дәуірінде жазылған елеулі өлеңдерін талдай келе, оның «бір аяғы шағатайда тұрса да, бір аяғы шетке аттауга таянған кезі» екенін дәл байқайды. Шынында әуелгі жастық жалын сарынында жазылған екі-үш өлеңінде ғана шағатай әдебиетінің ықпалын танығандай боламыз. Ал бұдан кейінгі өлеңдерінің бәрі де – Қ.Жұбановтың дәлелдеуіндей, асқан шеберлікпен шендесіп жататын дүниелер.

Осы орайда Қ.Жұбановтың шағатай әдебиетінің дәстүрлі мазмұны мен түрін бақайшағына дейін шаға талдап, Абайдың одан ерекшелігін жеріне

жеткізе дәлелдейді: «1) шағатай әдебиетінің негізгі бағыты – мистицизм; Абайдың бұл жоқ; 2) шағатай әдебиеті тілі араб-парсымен шұбарланған шұбар тіл; Абайдың бұл – машиқтау үшін болмаса, ұшырамайды. 3) шағатай әдебиетіндегі өлең өлиеуі – араб-парсының гаруз өлиеуі; Абай мұны ерте тастаған. 4) Абай сияқты төрт аяғы тең жорға ақын шағатайдың гарузын сүйсінген болса, жазып алып сүйсінбей, басқа да бір қасиеттерін қосып ала жүрген болар еді. Абайдың қылуасында олармен әдеби оты ерелі жсанатын халық жоқ. Абай шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, батпағына аунап барып одан шығып, тастап кеткен ақын».

Қазақтың жаңа жазба әдеби тілін жақсартудағы Абайдың тірек еткені – халықтың сан ғасырлар бойындағы сұрыптаپ, жетілдіріп келе жатқан халық тілі екенін Қ.Жұбанов дөп таниды. Ол ұлы ақынның әдебиет тіліндегі халық үлгісінің басы артық нәрселерден арылтумен бірге қисынсыз араб-парсы сөздерін аластап, қазақ тілінің бар байлығын сұрыптаپ, әдеби тіліміздің іргесін қалаудағы ерен еңбегін айтады. Профессор кезінде ескерілмей жүрген тағы бір ерекшелікті еске алады. Ол – Абайдың аударма арқылы көркем аударманың, жаңа заман әдебиетіндегі бірқатар белгілі жанрлардың үлгісін жасауы.

Қ.Жұбанов Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қарақалпақ елдерінің әдебиетіне үңіле келіп, «XIX ғасыр бойына аталған елдерде Абай шыққан биікке көтерілген ақын-жазушы болған жоқ», – дейді. Ғалымның күншығыс ақындарынан алдымен ауызға алатыны – түркменнің Мақтымкули. Оның өзгелерге қарағанда, «аз да болса, халық әдебиетінің үлгісіне жуыса жүргендігін» атайды. Бұл ретте ғалымның мына түйіндеуіне назар аударуға тура келеді: «...тозған мұсылман күншығысының мәдени қалыбын бұзып, көнерген халық даналығының тар аумағынан шығып, әдебиет маңдайын жаңа арнага қарай бұрган, жер жүзі әдебиетінің кеуде жеріне қарай жетелеген ақын-жазушы ол кезде, Орта Азия былай тұрсын, Ресей күншығысы гана емес, мемлекетті ел – Түркияда да кем болған». Әрі қарай ғалым Абайдың қазақтың өлең үлгілерін жаңартып, әдеби тілді жетілдірудегі рөлін башқұрттың Шайқызада Бабичінен, татардың Маржани імен Насириінен жоғары бағалайды. Осының өзінен-ақ профессордың әрудициясының қаншалықты тереңге сілтейтіні байқалады. Тіпті неміс прозасының негізін қалаған. М.Лютердің «Жаңа өсиетті» аударғанын тілге сінірген еңбек ретінде бағалаған Энгельс шығармаларын шола отырып, Абайдың аударғаны Құран емес, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Гете, Крылов туындылары екенін, оның «бейнелі ақын ол кезде қазақты гана емес, көрші елдерде де болып жарымаганын» тәптіштейді. «Кан сонарда бұркітші шығады аңға» жазылғанда татардың жаңашыл ақыны Абдолла Тоқайдың әлі дүниеге келмегенін де еске ала кетеді.

Ол Абайды «жағдайының жағдайсыздығы тудырған» жан ретінде танып, оны өз ортасының Данtesі деп бағалайды. Сөйтеп тұра, Дантенің ескінің соны, жаңаның алды екенін, ал «Абайдың алды жоққа жуық та, арты гана бар; ол

– соны дәуірдің басы, жаңалық желісінің шет бүришесі сияқты» деп біледі. «Еленбекен ерекшелік» дегенде Қ.Жұбанов осыларға мән беруді көздеген тәрізді.

Абайдың ақындығын философиялық тұрғыдан пайымдаған Құдайберген Куанұлының пікірлері сонылығымен баурап алды. Мәселен, ол былайша толғанады: «*Абайдасы тұстастық, түгелдік, гармония оны шалагайлышқа жібермеген. Абай – ойшыл ақын. Сондықтан да Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады*». Абайдың ақындығын кең спектрде қарастырғандығына мына пікір дәлел бола алады: «*Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлишеуі, ыргағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері бермек үгымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сиярлық қана болып қоймайды; бірі олай, бірі бұлай да кетпейді; солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй болып тұрады*».

Қ.Жұбановтың Абайдың шығармашылық өнерін терең түсінгендігі соншама, әрбір өлең табиғатын нағыз ақындарша талдап беретініне сүйсініп отырасыз. «*Берілген көңілдің шабытына, көтеріңкі, бәсекедігіне қарай, турленіп, грамматикалық формалары бірде есім, бірде етістік болса, өлең өлишеуі, ыргағы бірде шұбалаң, бірде жүрдек болып келеді. Сөйтіп, Абай өлеңінің мазмұны өзіне лайық түрге орана келсе, түрі де бойына шақ мазмұнын жасылып келеді. Түр мен мазмұны тек жарасып отырмайды, «бір-біріне ауысып, бірінен біріне құйылып отырады*», – деген тұжырымға қапысыз сенесіз.

Проф. Қ.Жұбанов Абайдың өсу, қалыптасу жолын қадағалай қаузап, саралай келеді де, қазақ өлеңдерін артық-ауыс дүниелерден, жүртты жалықтырар арзан ақиқаттан арылтқанын дәлелдейді.

13 жасында Науай, Сағди, Фердоусиге елеңдеген Абай біртіндеп Хафіз, Сағдиларды сүзіп өтіп, Байрон мен Гетеңге құлаш ұрады, сосын Нысанбай, Бұхарларды игеріп, Пушкинмен, Лермонтовпен сырласады. Міне – Жұбанов таныған Абайдың өсу, машиқтану жолы. Бұл – Абайдың «қазақтың өзге жүрттан сөзі ұзын» екенін таныған тұсы. Ақын жүректі лингвист Абай өлеңдерінің астарлы ой арқалап, терең тебіреніске бөлейтін сипатын ерекше зердемен танып, оның тіл қолданыстағы қабілет қарымын талдайды.

«*Өткен өмір арбасының дөңгелегімен қоса айналып дөңгеленген ескі тозған сөз улгісін тастап, Абай «тіл ұстартып, өнер шашпақ» болады. Басы артық бір сөз де өлең ішінде түрмауын, өлеңінің «теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген шарттарды қояды Абай. Осындағы қатаң шарт, ауыр сынның арқасында Абайдың сөздері, Илияс айтқандай, «қиуюнан қыл өттейтін» нағыз болып, мазынага салынып келеді. Сондықтан оны ағызып оқып, сыйдыртып өте шықсаң, ішкі мәніне жетпей қаламын деп кідіріп, салмақты, ақынның кестелеген айшықтары, қошқар мүйіздерімен оралып өтуге тура келеді. Абай айтар сөзінің бәрін айттып, орнын тақырлан*

кетпейді, оқушыға да шығарғыштық сұбага қалдырып кетеді». Шынында да, «Абайдың өлеңге қойған осы шарттары – күні бүгінге шейін құнын жоғалтпазан артықшылықтарының бірі». Абай өлеңдерін осылайша тереңнен толғап, тебірене талдау үшін де адамға ақындық қасиет, тілдік түйсік керек екенін аңғарамыз. Қ.Жұбановтың сол аласапыран, алакүйін керегар пікір өрбітіп, Абайды сан тартысқа салып жатқан заманда тиянақты да табанды дәлел дәйектемелермен «әдебиеттегі артық жүктерден тазартқаны» саралағаны – көрегендік.

Қ.Жұбанов өз зерттеуінде Абай туындыларына тірек болған қайнар көзін іздейді. Қайнар көзі халық әдебиетінде екенін көреді. Бұл – Құдайберген Жұбанов енгізген терминдік қолданыс. Бұл жерде сыншы Сағат Эшімбаевтың айтқанына алып-қосарымыз жоқ. «Ауыз әдебиетінің» орнына «халық әдебиеті» деп қолдансақ та, артық болmas еді. Құдайберген Жұбановтың: «Халық әдебиеті – халықпен құрдас, бірге жасасып келе жатқан кәрі нәрсе... Жаңа шығармасы сол ескі тамырға көктеп еседі... Қазақтың халық әдебиеті де сахна әдебиеті болатын, көпишіліктің тындауына бейімделген шығарма болатын», – дегені әбден егжей-тегжейлі зерттеп барып айтылған сөз екендігіне дау жоқ. Ол халық әдебиетіндегі басы артық, қыстырма сөздердің үш түрлі пайдасын тізбелейді: 1) тыңдаушыға демалыс болады; 2) миға гимнастика болады; 3) негізгі тақырыпты жақсы, жанды түрде түсінуге себеп болады.

Осындай қисындармен Абай әлеміне тереңдей келе, профессор оның қазақтың жазба әдебиетінің атасы екенін қапысыз дәлелдеуге кіріседі. Тағы да өзіне жүгінbeske лажымыз жоқ. «Абай біздің жазба әдебиетіміздің атасы болғанда, өлеңнің, қара сөздердің тек қағазга жазғандығымен гана емес, жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің осы айырмашылығын ашқандығымен атасы болады. Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мың жылдай көнігіп, етке, қанға сіңісіп болған ескі ауыз әдебиет дәғдысынан құтқарған адам – Абай. Ескі ауыз әдебиетіндегі артық қыстырмалардан алғаш тазартқан – Абай. Абай ескінің шұбалаң қыстырмасын икемді бейнеге (образга) айналдырыды». Ол Абай өлеңдерінің үнемі суретті, бейнелі келетінін, мағына мен көркемдік талабының қисындастып жататынын анықтайды. Мұндай шеберлікке Абайдың ең алдымен қазақтың өзіне ежелден мағлұм суреттерді сейлету арқылы жететінін пайымдайды. Керекке қазақтың ертегісін де, мақалын да, дінін де, салт-дәстүрін де жарататынын көреді. Осының бәріне жан бітіреді, сөйледеді, қозғалысқа айналатынын баяндайды.

Кезінде профессор Қ.Жұбановтың осы зерттеуіне сыншы М.Қаратаевтың берген мынадай бағасы бар екен. «Абайды өз заманындағы түркі тілдес әдебиет өкілдерінің маңдай алды болды деген тезисті жанын сала дәлелдеген жас профессор критерий етіп қазақ ақынының орыс әдебиеті туғызған озат үлгілерді жіті де зерделі игергендігін алға тартады, қазақтың таза әдеби тілін жасағандығын уәж етеді. Мұның өзі кезінде данышпан Абайдың жаңашылдығын терен түсінген нағыз жаңашыл, ақиқат ғылыми көзқарас

болып табылады. Мұндай көзқарас тек Абайтану жөнінде ғана емес, әдебиеттану ғылымының алдында тұрған дәстүр және жаңашылдық дейтін проблеманың кілтін ашты» (105).

Абайдың образ қолданудағы өзгешелігі туралы алғаш таратып айтқан да Құдайберген Қуанұлы: «... әуелі – анық таныс бейне алады; екінші – образы ескі өлі қалыбында қалмай, жанданып кетеді, өйткені, үшінші, – ескі образды өсіріп, жаңартып, жалғап әкетеді. Оның ескі, таныс образ алуы тек таныс жағымен тартып, жуықтатып алып, келгеннен кейін басқа жаққа бұрып жіберейін деген сияқты».

Ғалым ақын тіліне, сөзіне әсер етер қоғамдық, жеке психологиялық, халықтық, этнотанымдық себептерге нақты лингвистикалық, әдеби талдаулармен үнілді. Ақын тұлғасының қалыптасуына әсер еткен, оның жадында сақталған халықтық қордың танымдық маңызы мен білім арқылы жиналған тәжірибесін салыстырылу негізінде автор оның жеке тұлғалық болмысын, психологиялық әлемін сомдауға тырысты (106, 32-34).

Құдайберген Жұбанов көзқарасының ғажап кеңдігін, ой-пікірінің керемет құндылығын мынадан аңғаруға болады: «*Ойдағы сыншылдық, жалпы бағыттағы жаңашылдықты істе көрсете алу, онда да әдеби формада – ыргақпен үйқасымда, бейнемен сөздікте көрсете алу – бұл ол сыншылдықтың тамыры терең бойлап кеткенінен келеді. Абайдың тұла бойын түгел алып кеткен осындағы өз ортасына наразылық бар. Абай сол заманды, сол ортанды соя сынаган адам. Абайдың әдебиеттегі сыншылдығының түп тамыры осында жатыр. Сондықтан Абайдың заманы деген не еді? Абай оның несін сынайды! – соны қарайық*».

Құдайберген Қуанұлы Абайды ескі мәдениет мұрасын дұрыс пайдалана білген ақын ретінде көрсете отырып, оның тындырған нақты істерін былайша санамалап көрсетеді:

1. Абай шағатай әдебиетінің үлгісімен өлең жазып та көрген, бірақ ішінде қалмай, сыртына шығып, соны жол іздеген.

2. Абай қазақтың халық әдебиетінің айдын жолымен жүріп кетуге шамасы келе тұра, оны өзіне баянды жол деп есептемеген, онан да шетке шықкан.

3. Абай жер жүзінің класик әдебиетінің үлгісін таңdapұстап, қазақ әдебиетін Байрон, Шиллер, Гете, Пушкин, Лермонтов, Толстой ізімен батысқа жетелеген.

4. Әдебиет арнасын басқа жаққа бұрумен байланысты өлеңнің мазмұндылығы, көркемдігі, бояуы өзгеру керек деп табады. Бұл үшін:

а) өлеңдегі «басы артық» сөздерді шығарып, өлең сөзінің мәнділігін арттырады;

б) көлденең суреттерді шағындалап, қындалап, олардан жаңа бейне құрастырады, бұрынғы мақал, мәтел, халықсенімі секілділердің қатып, құрысып қалған суреттерін қанды жүрдек кейіпке айналдырады;

в) қазақ өлеңін түр жағынан байытып, жаңа өлшеулер, жаңа үйқасымдар, жаңа ритмдер туғызады;

г) әдебиет тіліндегі шығыс үлгісінен келіп жүрген араб-парсы сөздерінде қызып, әдебиет тілін тазартып, қазақ тілінің бар байлығын іске асыруға жол ашып, жазба әдебиет тіліміздің іргесін қалайды;

д) көркем шығармаларды өзі де шығарып, ірі ақындардан аударып, әдеби аударманың, жаңа заман әдебиетіндегі бірқатар белгілі жанрлардың үлгісін іспен береді;

ж) мақалдардың жарамсызы көп екенін ашып көрсетіп, өзі де бірнеше мақал шығарады;

з) қазақ мұзыкасына да жаңалық өндірудің талабыністейді.

Қ.Жұбанов ұлы ақынның шығармашылығын мұқият зерделей келе, XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақ әдебиетінің көші «*Абайдың арқасында Еуропаның классикалық әдебиетінің қалыбына туследі*» деген танымға негізделген ой қорытындысына келеді.

Ақын Мұзафар Әлімбаевтың аталмыш еңбек жөніндегі пікіріне қайта айналып соқсақ, ол былай деп толғанады: «Көреген көздің көркемдікті айнақатесіз тануы, сонау отызыншы жылдар басындағы ой-толғаныстар осы бүгін, қазір жазылғандай».

Ғалым М.Мырзахметов ғалымның аталмыш мақаласын зерттей отырып: «Қ.Жұбановтың ұлы ақын мұрасын терең сезініп танудан туған кейбір ой тұжырымдары дәл бүгінге дейін айтартықтай ғылымдық мәнге ие, тіпті абайтану саласындағы болашақта жүргізіле берер, іздену жұмыстарына бағыт-бағдар берер, зерттеу нысаны ретінде ұстанар өзекті ойларға да үласады», – (104) деген пікір келтіреді.

Расында да, Қ.Жұбанов пікірлерінің батылдығы мен байсалдылығы, терендігі мен ірілігі таң қалдырады. Және де өз замандастарының арасынан Абайды жете түсініп, жете зерттеп барып қорытқан «Абай – классик ақын» деген сөзіне сөзсіз сенесіз. Бір өкініштің бұл мақаланың бітпей қалғандығы. Тек жалғасы бар деген сөз ғана сыйбағамызда...

2. Қ.Жұбановтың «Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» кітабы туралы» еңбегі жайында

Бұл еңбегінде проф. Қ.Жұбанов Қожа Ахмет Ясаудің кім екендігі (аты, тегі (Яссай ғарыштың сөздің шығуы), нәсілі), оның 95 толғауы, философтың армандары, әлеуметтік көзқарастары, сондай-ақ «Диуани хикметтің» жалпы мазмұны мен тілі туралы ой-толғамдарын ғылыми-публицистикалық стильде баяндайды.

Ең басты ерекшелеп айтуға тұра келетін жайт автор бұл мақаласында аталмыш шығармадан мысалдар келтіре отырып, оның қазақшасын беріп отырады, жекелеген сөздер мен атаулардың шығу тегіне, мағынасына терең бойлайды.

Қожа Ахмет Ясаудің бұған дейін біржакты дін өкілі деп келсек, профессор Құдайберген Жұбановтың аталмыш еңбегінен соң жаңа қырынан танимыз. Мұны автордың өз сөзімен жеткізейік: «*Кейбіреулер Хожа Ахметті: «Ол кісі мистикаға салынған, бұл дүниеден түгелдей қол үзген*

адам. Сондықтан, біздің қазіргі өміріміз үшін «Диуани хикмәттің» сөзінің ешбір керегі жоқ», – дегісі келеді. Негізінде бұның өзі дұрыс пікір емес. Бұл Хожа Ахметті дұрыс танығандық болмайды. Сондай-ақ, бұл тек Хожа Ахметті ғана дұрыс танымагандық болып қалмайды, сонымен бірге бұл адам қогамының өсіп, өнү тарихын түсіне алмагандық та болып табылады».

Проф. Қ.Жұбанов «Диуани хикмәттің» мазмұн құрылышын идеялық жағынан бірнеше топтарға бөліп қарастырады. Мысалы, «оның бірқатар толғауларының таза діни сарындағы үгіт-насихат болуымен бірге, кейбіреулері діни үгіт үшін қажетті тарихи уақыгалар болып келеді, тағы біреулері адамгершілікті дәріптейтін насихат түріндегі толғаулар санатына жатады. Кейбір толғаулар өз кезіндегі қогамдық құрылышқа тән әлеумет теңсіздігіне зарлану, әлеуметтік өмірге сай әділетті құрылышты аңсай, арман ету болып отырады. Сонымен бірге, бірқатар толғаулары бақсылардың сарыныңдай айқай-қиқұлы сарынга негізделген болып келеді. Қандай мазмұнды толғау болса да, оның келіп тоқтар жері – құдайға гашықтық, шындыққа ұмтылу, құдайға қолын жеткізу, соның арқасында өзін, өзіне ерген қауымды сарқылмас дәүлетке, бақытты тұрмысқа бастау деген өршіл идеямен суарылып отырады. Ахметтің бұндай асқақ идеясы – фәни дүниедегі өзі жасаған дәуірдің әлеуметтік құрылышын жайлазған теңсіздікten жириенуден туып, дүниеде орнауы тиіс әлеуметтік теңдікten үміт үзгендігінің нәтижесі еді және ислам дінінің: «Өлгеннен соң орнайтын мәңгілік дүние бар» деп иландыруши қияли-шындығының діни поэзиядағы көрінісі болатын».

Автор Қ.А.Ясаудің өткір тілді ақын болғандығын, көп оқыған адам екендігін, араб, парсы тілдерін, бірқатар әдебиет, аңыздарды да білгендігін шығарма деректері арқылы дәйектейді.

Қ.Жұбанов «Диуани хикмәтті» «дін дәстүрлерін ғана емес, ақыл-нақыл және жағымды әлеуметтік хұлық-мінездерді де үйреткен, өз кезіндегі ислам дінін тұтынуши жалпы түрік елдеріне ардақты кітап болған» деген қорытындыға келеді. Автор бұл кітаптың атауы («Диуани хикмәт») «Ақлият сөздердің жинағы» деп оның негізгі мазмұны сай қойылғандығын және шығарманың 4400 жолдық жыр-толғау екендігін тұнғыш рет айтты.

Қай мәселеге де байыппен қарайтын публицист Ясауи шығармасындағы Қожа Ахметтің «екінші дүниеге ынта қоюын» жоққа шығармайды, мұндай құбылыстың сол кездегі заман әділетсіздігін, әлеуметтік теңсіздікті көріп, оны жоюдың жолын таба алмай түнілген барлық шығыс әдебиетіне, оның белгілі өкілдері Науай, Физули, Сағди, Хафіз сияқты ақындарға тән екенін олардың шығармаларынан үзінді келтіре отырып дәлелдейді. Қ.Жұбановтың атап көрсетуінше, «Қожа Ахмет қогамдық қатынаста әділеттілікті арман етеді. Өз заманындағы әлеуметтік құрылыштың теңсіздігін көріп ызалаңады. «Хикметтің» басынан аяғына дейін осы зарлы сарын мен асқақ арманы үздіксіз дамып отырады. Әлеуметтік әділеттілікке шақырады, гуманизмге үндейді».

Ғалым-публицистің пікірінше, Қожа Ахмет жалпы адам баласы үшін ізгі ниетті, әлеуметшіл ағартушы болған. Өйткені, ол ел-аймақта әділ үкімет болуын тілейді. Адам баласының бір-біріне мейірімді болуын арман етеді. Осы жолда өзі аянбай қызмет істеуге даяр екендігін білдіреді. Шынында да, Қ.Жұбановтың түркі әдебиеттер тілінің танымы жөніндегі аталмыш публицистикалық ой-толғамдары оны соны қырынан танытты. Ғалым-публицистің «Диуани хикметті» талдауы өзгелерге ұқсамайтындығы өз алдына, ғылыми байыптылығымен, тұжырымдарының тереңдігімен, түркі әдебиеті турасындағы пікірлерінің біліктілігімен ерекшеленеді. Аса тағылымды тұсы – «Диуани хикметтен» қазақ халқының ежелгі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына және этнографиясына қатысты бағалы да құнды деректерді табуға болатындығын дәлелдеп шыққандығы.

Професор Қ.Жұбанов Хожа Ахмет Ясаудің шығармасынан үзінді келтіре отырып, «қоғамдық-әлеуметтік тұрмыстың ең төменгі сатысында жүрген адамдарға, яғни жетімдер мен кедейлерге жәрдемдесуге шақыру» аталған еңбектің негізгі идеясы екендігін баса айтып, мынадай тұжырымдар жасайды:

«1) Хожа Ахмет қараңғы болмеге кіріп алып, құр жылаумен бос қарап жата берген адам емес, ол ізденген ойшыл адам: ол адам баласының бақыты үшін шындық жол іздеғен адам.

2) Ол адам баласын бақытка жеткізерлік шынайы жолды көктен де, жерден де ізден таба алмаған соң, тарығып, түрлі хиялга түскен. Хожа Ахмет Мұқамбет сияқты тәсілқой емес, түптеп келгенде, ағынан жарылатын – ақкөкірек адаптады.

3) Хожа Ахмет – «адам баласы өзі аңсазан мұрат – мақсатына жету үшін, сол мақсатын алдына махаббатты қойып, ең соңғы мүмкіндігі қалғанша жсан аямай, шын беріліп іс істеу керек!» – деген идеяны уағыздаган адам. Бақытқа жету үшін үлкен қыншылықтарды бастан кешіруден қорықпау керек деген батыл пікірді қолдаган адам».

Қ.Жұбановтың топшылауынша, толғаумен танысқанда бірер ой түйінді пікір туындаиды. Біріншіден, шет ел басқыншылығының жауыздығына ызланған Қожа Ахмет осы толғауды өз атынан айтуда мәжбүр болған. Екіншіден, сол кездегі түркістандық елдердің ауыз бірлігі кем болғандығы байқалады. Үшіншіден, аталмыш толғаудан түркістандық халықтардың әдет-ғұрпы көрініс береді. Төртіншіден, түркістандық халықтың дүниетану дәрежесі әлі тотемдік, шамандық көзқарастан әрі аса алмаған. Бесіншіден, сол кездегі шаруашылықтың негізі мал өсіру екендігі аңғарылады. Алтыншыдан, 95 толғаудан түркістандық халықтардың әйелге құрметпен қарайтындығы көрініс береді.

Проф. Қ.Жұбанов «Диуани хикмәт» тілінің түркі тілдерінің қайсысына жақын екендігін, авторының ұлттық тегін шығарманың грамматикалық, лексикалық белгілеріне қарай анықтау мүмкін бе? деген сұрақ қоя отырып, оған жауап табу үшін түркі халықтарының тарихын шолып өтеді: «...бұл сұраққа «қолға таяқ ұстапқандай гып» үзілді-кесілді жауап бере қою оңай

емес. Өйткені ол кездегі Түркістандың жайлаған халықтардың аттары қазіргі қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікпен деген сияқты жеке-жеке ұлттардың атаулары емес еді. Қазіргі кезде осылайша түрлі атпен аталып отырған ұлттардың барлығы «турік» халқы деген бір-ақ атақпен аталуышы еді. Қазіргі сияқты «өзбек», «қазақ», «түрікпен», «қыргызы» тілі деген жеке ұлт тілдері әлі пайда болған жоқ еді. Ежелгі замандардан келе жатқан көне түркі халқы ол кезде қазіргідей дербес ұлттардан емес, тайпалар одактарынан, не үлкен руладан құралуышы еді. Қазіргі замандағы үйсін, қаңлы, қыпшақ, найман, түрікпен, қыргызы т.б. деген атаулар ескі түркі халқының сол кездегі өзара туыстас ұлылық-кішілі рулады еді. Бірақ олар әлі ұлт емес болатын. Бұл руладың тілдері азды-көпті жергілікті өзгешеліктеріне қарамастан, бәрі бір-ақ сөзбен «туркі тілі» деп аталуышы еді».

Қ.Жұбанов талдап отырған шығарманың түркі тілінде жазылғандығын Қожа Ахметтің өз сөзімен келтіре отырып, «*Mіne, сондықтан Ахмет те «Диуани хикмәтті» түрки тілмен жаздым дейді. Қазіргілер сияқты өзбек тілімен, немесе қазақ, үйгыр тілімен жаздым демеген. Солай болған соң біздің: – «Диуани хикмәт» – түркі тілімен жазылмаган! – деп айтудымызга ешбір негіз жоқ, хақымыз да жоқ», – деген түйін жасайды.*

Проф. Қ.Жұбанов «*Ахметтің тілі* («Диуани хикмәттің» тілі) – Түркістанда ислам діні бел алып, араб қатынастары күшейген кезде пайда болған түрік галымдарының стандартты, көпке ортақ тілі еді деп, батыл айта аламыз», – дей келе, «*Диуани хикмәт* – Орта Азиядагы түрк жүйелі тілде сөйлейтін халықтардың ортақ жазба әдебиет кітаптарының алғашқыларының бірі – десек, қателескен болмаймыз», – деп санайды.

Алайда Проф. Қ.Жұбанов аталмыш шығарманы қазақ халқының жазба әдебиеті мұрасы ретінде қарастырады. Фалым «жазба әдебиет» деген сөздің түсінігіне тоқталған тұста публицистикалық сипат беретін диалог тәсілін қолданады. Әуелі сауалын қойып алады да, соған өзі жауап береді: «*Бірқатар оқығандарымыз бізде Бұқар жыраудың толғауларынан бұрын шыққан жазба әдебиет бар деп елемейді. Яғни олар, қазіргі қазақ атанып отырған халқымыздың қазақ атанудан бұрын да өмір тіршілігінің болғанын білмейді. Бірқатары біле тұрса да, ескі әдебиетті керексінбейді. Мысалы, бізде Хожа Ахмет Яссайидің жазып қалдырған, осы күнге дейін көпшілік арасында тарихи бағасы мен сүйкімділік беделін жоймай келе жатқан «Диуани хикмәті» бар. Бұл Қазақстан халықтарының ескіден қалған жазба әдебиет мұрасы емес ne? Хожа Ахметтің осы күнгі қазақ атанып отырған халықтардың басым көпшілігінің ежелгі де ескі мекені болған Түркістанда өсіп-өнгені бекер мә?* Сөз жоқ, Хожа Ахмет Яссайидің «Диуани хикмәті» – Қазақстан халқының ескі мұрасы».

Проф. Қ.Жұбановты шығарманы тілдік, сюжеттік, мазмұндық қырларынан зерттей отырып, «*кейбір өлең өлишемдерінің бірдей болушылығы, айырым кейбір лексемаларының бірдей болушылығы т.б. «Хикмәт» тілін қазақ тіліне жақындаатады. Мұның үстіне, Хожа Ахмет бір жасынан*

бастап 63 жасына дейін өткізген өмір жолын санап, толгау шертеді. Өмір жасынан әр кезеңінде басынан өткізген әралуан уақиғаларын айтып жырлайды. Ал, қазір қазақ атанып отырган халықтардың бұрынғы-соңғы жырышылары мен ақындарының да өмір жасын санап, жыр шерткенін, өлең айтқанын көреміз. Міне, бұл факті қазақ ақындарының Ахметке де еліктегенін немесе бұның өзі қазақ жырауларының ескі салты екенін көрсетеді», – деуі нағыз әдебиетші-галым екендігін анфартады.

Қ.Жұбанов бұл мақалада «Хикмәт» тілінің өзбек пен ұйғыр тіліне өте жақындығы мәселесіне тоқталып, оған былайша нүкте қояды: ««Диуани хикмәттің» тілі Науайдың «Шар диуанының» тілінен едәуір басқаша сезімді. Екінші сөзben айтқанда, «Шар диуанының» тіліне қараганда «Диуани хикмәт» тілінің өзбектен гөрі қазақ тіліне өте жақындығы. Бұл да алдағы кезде өз зерттеушісін күтіп тұрган мәселенің бірі».

Қ.Жұбанов «Диуани хикмәтті» қазақ жазба әдебиетінің үлгісі ретінде танығанда нағыз ғылыми тұжырымдамалар жасайды, халық әдебиеті өкілдерінің, Абай, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Мұқанов сияқты қазақ ақын-жазушыларының шығармаларымен, олардың тілімен, буын өлшеуімен, құрылымымен, көркемдік ерекшеліктерімен салыстырады. Ойымызды ғалымның өз сөзімен өрбітсек дәлелдірек болар деп санаймыз: «Мысалы, Хожа Ахметтің мына толгауын қараңыз:

*Дәм-бу дәмдүр, өзге дәмии дәм деме
Дүниеден бигам өтерсің, – ғам иеме.
Күймесе жсаны – ділін һәм Үстүхан,
Көз яшиң ақжан білән сән һәм деме, –
деген құрылымы Сәбит Мұқанұлының мынау өлеңінің буын жүйесімен
өлишемдес:*

*Өзің адам, тұрмысында мал едің,
Күшиң – адап, сүтің арам жсан едің.
Тырнағына жуандардың ілініп,
Азаттыққа өміріңи зар едің...*

Ал, Ахметтің мына толгауы:

*Ишәк білің бу дүние,
Барша халықтан өтер-ә.
Инанма гыл малына,
Бір күнқолдан китәр-ә.
Ата-ана, қарындас,
Қайан етті, пікір қыл.
Төрт аяқлық шөбнін ат
Бір күн саған житәр-ә, –
деген толгауы Тоқтамыштың мына толгауымен буында:*

*Шіңкіл-шіңкіл, шіңкіл құс
Шіңкілдемей көлге түс.
Сені көлден айырған
Ақсұңқар құстың тәпкіні,
Мені елден айырған
Едіге сүрдің екпіні (Халық әдебиеті)*

Абай да мынау өлеңін осы құрылышқа сәйкестендіріп айтқанын көреміз, қараңыз:

*Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілден.
Есіктің алды терең сай,
Тасыған өзен күрілден...»*

Қазақ әдебиеті тарихындағы бұлтартпас фактілерге негізделген, алғашқы нағыз ғылыми зерттеудің үлгісі міне – осы. Сөзіміздің сонында осы шығарманың қазақ әдебиетіндегі мән-маңызы туралы оны (шығарманы) алғашқы зерттеуші – проф. Қ.Жұбановтың өз сөзімен аяқтамасқа хақымыз жоқ: «Әдебиет саласындағы жазуымыздың басы осы «Диуани хикмәттен» басталады, – деп айтуга толық хақымыз бар деп түсінеміз».

3. Қ.Жұбановтың «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы (тіл мен тарих деректері)» атты еңбегі жайында

Бұл очерк кітапшасының баспадан жарық көруі (кітапша 1936 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген) жөнінде қызық деректі келтіруге болады. Бірде замандастары ғұлама ғалымның інісі Ахмет Жұбановқа мынадай сауал берген: «Күй жанрының қалыптасуы жайында өзіңіз жазбай, Құдайберген ағаның қалам тартқаны қалай?». Сонда Ахмет Жұбанов мынадай сыр айтқан көрінеді: «Ленинград консерваториясын бітіріп, Алматыға келген соң, 1933-1934 жылдар бойына музыкалық техникумның жанынан «музыка этнографиясының кабинетін» үйымдастырып, халқымыздың көне аспаптарын зерттеуге кірістім. Қазақтың қара домбырасы мен қылқобызын жетілдіріп, түрлендіріп көп дауысты оркестрге лайықтау қажет болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін домбыра, қобыз, сыйызығы секілді аспаптардың әрідегі тарихын шолып, ғылыми байыптама жазбақшы едім. Бірақ жазғандарым көнілдегідей шықпады. Жастық, тәжірибесіздік пе, әлде зерттеушілік әдістің жетілмелегендігі ме, әйтеуір шимай-шатпағым өзіме ұнамады. Бірде менің сол қағаздарымды көзі шалып қалған ағай: «Не жазып отырсың», – деп сұрады. Мен ойымды айттым. Ол кісі үн-түнсіз менің жазғандарымды аударыстырып қарады да, «мен осы жазғандарынды үйге апарып, оқып көрейінші», – деп жинап алып кетті. Арада біраз уақыт өтіп

кеткен. Мен іссапарға шығатын болып, ағайдың үйіне соқтым. Өзі үйде жоқ екен. Столының үстінде әлгі аяқталмаған қолжазбалар бұрқырап жатыр. Үңіліңкіреп қарасам, күй жанры туралы жазылған 20-30 бет шамасындағы қолжазба өз алдына бір дербес дүниедей көрінді. Баяғы менің «шатпағым» емес, мұлдем жаңаша зерттеу. Мен сол жерде ағаға айтпастан, қолжазбаны алдым да, «ендігі міндет музыка мамандарынікі» деген тәрізді бір сөйлеммен очеркті «аяқтай» салып, алып кеттім. Ағаның кітапшасын, өзімнің «Құрмангазымды», екеуін Қызылордаға алып барып, баспаға бердім. Үнемі жұмысбасты болып жүретін аға бұны тіпті сезген де жоқ. Кітапшалар басылып шыққанда әкеліп керсетsem: «Туу, мынау өзі әжептәуір кітапша ғой, бұны сен қашан шығарып жүрсің?», – деп өзіме қарайды. Сондағы жайрандаған қалпы бүгінге дейін есте».

Аталмыш мақаланы жазуға Қ.Жұбановтың музыка өнеріне құмарлығы да себеп болса керек. Олай дейтініміз – В.Решетняк Құдайберген Қуанұлының музыка саласына да бейім, өте жақсы көретіндігін атап көрсетеді. Түрлі аспаптарда, атап айтса, скрипкада, ішекті аспаптарда ойнай билетін В.Решетняктардың отбасына ол жиі қонақ болып, пікірлесіп қайтады екен. Осындаі дарынды, өнерлі отбасына өзінің інісі Ахметті ертіп баратын болған. Өнерді жоғары бағалай білген мұндай жас дарындарға көңіл күйі болған сэттерде Құдайбергенге фисгарморияны, ал Ахметке Затаевичтің «Қыргыз халқының 1 000 әні» жинағын сыйға тартқан.

Профессор Қ.Жұбанов өнер, атап айтқанда музыка саласындағы бұл еңбегінде күйдің пайда болуы тарихын зерттеу үшін мынадай материалдарды пайдалану керектігін айтады:

«Бірінші: біздің музыкамыз жайында түрлі мәдениетті елдердің жазып қалдырган тарихи деректері; екінші: халықтың музыкаға байланысты тарихи идеологиясы; үшінші: сол идеологияның таратушысы болған тіл материалдары. Тіл материалдары дейтініміз – түрліше музыка терминдері, бұлар мен басқа сөздердің мағынасының арасындағы байланыстар; төртінші: ең маңыздысы – музыканың өз материалдары, халық музыкасы шығармаларының, күйлердің өзінің ішкі құрылышын тексеру; бесінші: осы жоғарыда айтылған материалдарды топтағаннан кейін, қазақтың халық музыкасы шығармаларын басқа жүрттың шығармаларымен салыстырып, солармен арасындағы байланысын, бір-біріне жасаған ықпалын, бірі мен бірінің араласын айқасқанын тексеру».

Ғалым бұл еңбегінде тіл мен тарих деректеріне сүйене отырып, қазақ өнеріндегі синкретті жанрлардың даму заңдылықтарын, олардың ән, би, өлең және күй болып жіктелуін, көптеген музыка терминдерінің шығу, қалыптасу жайын мейлінше терең байыптылықпен, әрі қызығылықты етіп баяндаған. «Қазақ музыка тану ғылыми қашан және қалай басталған?» – деген сұраққа біз ойланbastan профессор Құдайберген Жұбановтың осы зерттеуін ғылыми һәм тарихидерек етіп ұсынған болар едік. Ұсақ попурилерден құралып, желілене дами келе, симфония іспетті күрделі музикалық форманың қалыптасатыны сияқты қазақтың «инструментал» (аспапты) музыкасының

«вокал» музыкадан іргесін аулақтап, өз алдына дербес күй жанры ретінде дүниеге келуі талай замандардан бастап кешірген қоғамдық құбылыс екенін ғулама автор асқан көрегендікпен топшылап берді.

«Ой мен таным негіздері қатар жүретін өлшемдер болғандықтан, ғалымның интра- және экстралингвистикалық факторлары шығыс елдерінің танымдық пәлсапасын саралаған тілдік деректермен ұштаса талданады. Автордың бұл мақаласы эстетикалық таным мен халықтық дәстүр ұғымдарын сабактастыруға негізделе отырып, әр халықтың мәдениеті, өнері сол этностың танымымен, тілімен, тарихымен тұтастықта дамитынын дәлелдеуге бағытталды», – деп баға береді профессор Ж.А.Манкеева (106).

Профессор Құдайберген Жұбанов қазақ музыка шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрларының бірі ретінде күйлерді айрықша атап алады да: «Композиция жағынан, музыка мәдениетінің басқа өлиеулері жағынан қараганда да, күйлер халық музыкасының жетіскең ірі тарауы екендігіне дау болмауы керек», – деп астын сызып көрсетеді. Осы тұста қазақтың ұлттық ерекшелігіне ерекше тоқталады: «Қазақтың өзі де күйді артықша бағалайды: онда айтып тұрган әңгіме, сөйлем тұрган сөз болмаса да, күйлердің өзінің музыка тілі халыққа сондай жақын, сондай түсінікті, оны сол тілсіз түрінің өзінде жақсы таниды». Автордың қазақта ән мен күйдің екеуі екі басқа болушылығының өзі халық музыкасының жақсы ғана жетіскең сатыда тұргандығын көрсетеді деуінде үлкен мән жатқандай. Ол, әдеттегіше, қазақ музыкасын талдаумен ғана шектелмейді. Татар, өзбек халықтары музыкасының ерекшеліктерін де көлтіре кетеді.

Күй феномені Қ.Жұбановты баурап алғандығы анық. «Күйлер халық музыкасында сирек ұшырайтын нарсе, – деп жазады ол, – Бұл – осы күнгі Европаның симфониясы тәрізді». Ал енді оның қазақ халқы, оның мәдениеті жайындағы ойлары әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ десек, сірә, қателеспейміз.

«Қазақ күйі қашаннан бері жүртқа белгілі? Не себепті «күй» деп аталған?». Қ.Жұбанов осындай сауалдарды қояды да, оған өзі жауап береді. Қазақтың «күй» деген сөзі ертеректе «көк» түрінде болып, ән-күй мағынасында қолданылғандығын тілге тиек етеді. XIV ғасырда жазылған иран музыканты Әбдіқадыр Мұрағидың «Зұбдәтел әдуар» деген кітабында күй жайында бірқатар мәлімет беретіндігі де әңгіме өзегіне айналған. Бұдан автор мынадай тұжырым жасайды: «Әбдіқадыркітабынан біздің көретініміз: күй жалғыз қазақта ғана болмаған, ерте кезде де, біздің қазақ – қазақ болып құралмай тұрган кезде, XIV ғасырларда да болғандығы, оның үстінен хан сарайында, жогары таптың қолында болған музыка түрі екендігі».

Бір ғажабы – Қ.Жұбанов шығыс музыка зерттеушілерімен қатар Еуропа зерттеушілерінің еңбегін де назардан тыс қалдырмаған. 1842 жылды шыққан Кизеветтердің кітабынан туындаған ойларын жайып салған. Атамыш кітабында Кизеветтер түрік халқының музыка мәдениеті болмаған деп, соны дәлелдеуге тырысады. Ерте кездегі варварлар туралы Александр

Кизеветтердің пікіріне қосылмайтындығын айта келіп, профессор Қ.Жұбанов өз түжірымының дәлелі ретінде нақты мысалдар келтіреді.

Сондай-ақ түрік музыкасын зерттеген Виктор Беляев пен Виктор Успенскийдің кітабы да дереккөз ретінде қарастырылған. Бірақ, бұл кітапта профессор Қ.Жұбановтың талғамын қанағаттандырмағандығын мына жолдардан аңғаруға болады: «*Олардың қарауынша, мәдениет – қазанның күйесі сияқты нәрсе. Жолап кетсе, жүгəды да отырады*». Өзбек музыкасын зерттеген профессор Фитраттың (Абдурауф Абдурахимоглы) біраз материалдарды жинап, жақсы деректер топтағандығын айта келіп, автор оның музыка ғылымынан хабарсыздығы бұл мәселені терен зерттеуге жол бермегеніне тоқталады. Фитраттың тауып айтқаны – өзбек күйлерінде ән, күй, би аралас болатынын көрсеткендігі. Сондай-ақ Қ.Жұбанов бұл еңбегін жазу барысында түрік музыканты Рауф Ектаның, Стамбул университетінің профессоры Гюперли-заденің, «Шығыс музыка гамалары» деген кітаптың авторы проф. Оганезашвилидің пікірлерін келтіріп, оларға сын айтады немесе қоштап отырады.

Проф. Қ.Жұбанов ән, өлең, би өнерлерін алғаш магиялық сипатта болғандығын айта келіп: «*Искусствоның үш тарауы: музыка, әдебиет, би бірінен бірі айрылмай тұрган кездे кісінің діни нанымы болмагандықтан, бұларды құлышылық, гибадат қылуы деп айтуда болмайды. Сол магиялы еңбектің бәрі келе-келе еңбектен, оны басқаратын кастаның еңбектері қатарынан бөлініп кетуімен байланысты түрлі құлышылық, бақсылық ісіне ауып кеткенін көреміз. Осы күнгі ең жаңа, ең мәдениетті дін болып саналатын христиан, іслам, будда діндерінің қай-қайсысының да құдайына табыну істері әнсіз, күйсіз өтпейді*», – деген қорытынды жасайды.

Қ.Жұбанов музыканың шығуы жайлы ойын былайша келтіреді: «*Қазақтың бақсылары, есепшілері, тістің құртын шақыратындар, жыланды, бүйіні шақыратын тамырышылар, қобызши, домбыраши, әншілер – көбісі сол шаманнан өрбігендер*». Қазақтың бақсыларының бал ашқанда қобызбен (домбырамен сирек) аштындығын алғатартқан Құдайберген Жұбанов музыка аспаптарының бастапқыда магиялық мақсатта қолданылғанын сөз етеді: «... жырыши, әнші ерте кезде жәй адам болмай, ол да бір үйлі-күйлі адам болғанын, ол да бақсылар тәрізді, сиқырышылар тәрізді магия иесі болғанын көреміз... Музыка алгашиқы әзірде тек сауық үшін үсталған нәрсе емес. Табиғаттан сыртқы бір ірі күштермен адамның астарласуына керек болған магиялық бір бөлшек екенін көреміз. Олай болса, біз музыканың алгашиқы әзірде пайдада болуы, даму жағдайын осындай істердің маңынан іздеуіміз керек».

Тіршілігінде қуанышы мен бақытын, қайғы мен мұнын, арманы мен сезімін әсем ән мен күмбір күйінде сөйлете білген бабаларымыз естіртуде, жоқтауда тілмен бірге күйді де ерекше бағалаған. Проф. Қ.Жұбановтың күйді «*табиғаттың сыртқы бір ірі күштер мен адамның астарласуына керек болған магиялық бір бөлшек*» (8, 280) деп анықтауы оны халықтың дамып

қалыптасуының мифтік деңгейінен бастау алған төл мәдениетімен сабактас қарауы деп санаймыз.

Проф. Қ.Жұбанов қазақтың ықылым заманнан өзімен бірге жасап келе жатқан музыкалық аспаптары – қобыздың, домбыраның, сыйызғының ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталып: «Қобыздың дамуы, ондағы музыка жанрларының дамуы домбырадай емес, төмен. Домбырага исключение болған нәрселер қобызды норма болып шыгады. Домбырада тартылатын күйлердің ішінде әңгіме қосып тартып отыратын, біз білетін, бір-екі-ақ күй бар. Оның да әңгімемен біте қайнағаны «Ақсақ құлан – Жоши хан»», – дей келе, осы күйдің жазылып алынған үш түрлі нұсқасының (Ермек ұлы, Медет ұлы, Бекейхан ұлы тартатын үлгілері) біріне бірі үқсамайтындығын, «құрылышы, композициясы жағынан қашық» екендігін айтады.

Қ.Жұбанов қазақтың батырлық эпостарымыздың («Қобыландыдан» басқаларының) бәрінде де, сонымен қатар Сағидың «Гүлстанында», Фирдоусидің «Шах-намасінде» қара сөзге өлең аралас келетіндігі айтады. Автор ««Аққү» күйіндегі, болмаса «Ақсақ құландағы» аттың аяңдағанын, құстың ұшқанын, қарындасының жылағанын, құланның ақсаңдағанын, мылтықтың атылғанын сүгіреттеймін деген оймен лирикалық моменттерді музыкамен бергенін» осындағы ерекшелікке жатқызады. Қ.Жұбановтың пайымдауынша, «Сонда күйлердің бір қатары сол бутін сюжетті әңгіменің ішіндегі барлық музыкалы моменттерден құралып, құрастырылған құрама, біреулері музыкалы әңгіме болса, қайсы біреулері соның ішіндегі тек бір гана музыкалы моментті айрып алып, ұлгайтып, жетістіріп, гармониялық бір күйге айналдырып жіберген жерлері болса керек».

Профессор Қ.Жұбанов мұрасының бұл парасын барлап, теренірек зерделей түссек, оның қазіргі тіл біліміндегі психолингвистика саласымен астас екенін байқауға болады. Бұл мақаланың ерекшелігі – профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасындағы музыка жанры ретіндегі мәнінде емес, ұлттың рухани мәдениетінің ерекше формасын ұлт санасымен байланысты қарастырған психолингвистикалық қырында.

Оны ғалымның өз сөзімен түсіндірсек: «Қазақ халқынан бұрын да талај жыл жасап, әлденеше жүз жыл бұрын туып, өзінің қандай ғылым екенін білмейтін пән бар. Осы өзі бар, бірақ не екендігі білмей, қарайтын мәселенің көлемін білмей, басқа пәндерден іргесін аша алмай, психология адамның жасын қарайтын ғылым делініп келеді (көбінесе). Осы күнгі рух(қою жазумен берген – Ж.Манкеева) психика болмай, барып түрған мистика, спиритизм жан деп келді» (8, 77).

Осы арада проф. Қ.Жұбанов атап көрсеткен рух, оның ішінде ұлттық рух ұғымы арқылы күй өнерінің ұлттың төл мәдениеті ретіндегі генезисі, мәні, қызметі анықталады (Қараңыз: «күй» сөзі Тәнірge табынған түркілердің тағылымындағы **көк** сөзімен байланыстырылады). Және ол нақты музыкалық

термин, иә жанрлық форма ретінде қалыптасқан өнер түрі емес, ұлт мәдениетімен, таным-санасымен сабақтасқан кешенді сипатта талданады.

Ол үшін, біріншіден, *күй* ұғымының басқа тілдердегі (татар, өзбек т.б.) айырмашылығы салыстырылып ашылады.

Екіншіден, күйдің әуел баста пайды болған, шыққан ортасында көңіл көтеру, сауық құралы қызметін атқармағанын, табиғат күштерін бағындырудың күйдің магиялық, психикаға әсер етуші күші арқылы «табиғаттың жасырын күштімен астарласып барып, соған дегенін жүргізуге, қазақша айтқанда, арбауға тырысатынында», – (8, 278) деп көрсетеді.

Сондықтан, *күй* атауының этимологиясын **көк** сөзімен байланыстырылуы түркілердің мифтік танымына сай антрополингвистикалық негізде анықталғанын көреміз.

Үшіншіден, проф. Қ.Жұбановтың зерттеулеріндегі *күй* ұғымының кешенді сипатын көрсететін оның әлеуметтік қызметі: діни, дәрігерлік метеорология, астрономия, аңшылық т.б. салаларындағы қолданысы. Осы қызметті іске асыруши адамдар мен музыкалық құралдарды талдаулары да этномәдени контексте құрылған. Мысалы, *бақсы*, *қобыз*, *сыбызы* т.б. атаулардың мәні тек музыка құралы емес, ерекше магиялық, киелі, космос ретінде, яғни мәдениетаралық коммуникацияның нәтижесі емес, этнос болмысымен біте қайнасып, табиғи қалыптасқан төл мәдениет түрі деп анықталған.

Осы арада проф. Қ.Жұбановтың «*жыр-толғаулар, эпостар әңгімелеп, күйлөп*» (қою жазумен берген – Ж.Манкеева) *айтылған болу керек* (8, 286) деген пікіріне сүйеніп, негізінен ауызша тараған қазақ әдеби мұралардың сақталуының бір құралы, формасы ретінде де *күй* өнерінің қызметін бағалауға болар. Осы шағын мақалада ғалым ұлт мәдениетін танытатын кең де, терең арна ретінде *күй* өнерін көрсетіп, оны әрі қарай зерттеуді болашаққа аманат еткен. Проф. Қ.Жұбановтың осы ой-арманын белгілі ғалым, этнограф, мәдениеттанушы А.Сейдімбек өзінің «*Күй-шежіре*» монографиясында және басқа да зерттеулерінде жалғастырып, *күйлердің шығу* негізін аңыз-әңгімелерімен сабақтастырып, қазақ халқының мәдениетінде әлеміндегі төлтума бітімі, дара да ерекше құбылыс ретінде дәлелдеді (107).

Профессор Қ.Жұбановтың тіл туралы еңбектерін оқи отырып, қандай да бір тілдік құбылысқа арналған зерттеулерінде тіл деңгейлерінің мәселелері «қабаттасып» жататындығын аңғарсақ, *күй* өнеріне арналған мақаласының өзінде де музыка аспаптарының аттарын – *домбыра, қобыз, сыбызы* – тарихи-лингвистикалық әрі этимологиялық түрғыдан талдауы ғалымның ой-өрісінің, таным-білімінің тереңдігін, көптеген тілдерді менгергендігін анық көрсетеді. Ол атауларды туыстас түркі тілдері материалдарымен салыстырып қана қоймай, туысы бөлек тілдер материалдарымен типологиялық түрғыдан салғастыра зерттеуі ғалымның терең білімге иелігін аңғартады.

«*Домбыра*» сөзін талдау барысында: «*Оны кейбіреулердің араптың «тамбур» дегенінен алғынған дейді. Араптар өзінің «тамбур» деген сөзін*

парсыдан келген деп есеп қылады. Парсы жүртү бұл сөзді ежелгі үнді жүртүнан алынды деп есептейді. Ежелгі үнді тілінде ондай сөз болмағандықтан, тіл мамандары мұны парсыдан алынған дейді. Парсы тілінде де мұндай сөз жоқ. Мұны парсыдан алынды деп ойлайтыны парсыда «дәнбә» деген сөз бар. Бұл – «құйрық» деген сөз. «Бәрә» деген – «қозы» деген сөз. Сол екеуі қосылып, «дәнбабаре» деген болуы керек. Бұл «қозы құйрық» деген сөз болу керек. Домбыраның шанағы (түбі) қозының құйрығына ұқсас болғандықтан, осылай аталды деп есептеледі» (8, 282). Ғалым бұл түсіндірмені құптамай, оны халықтық этимологияға тән деп қарайды.

Автор: «Біздің қарауымызша, орыстың «домбырасы», қазақтың «домбырасы», араптың «тамбуры», бенгал елінің «тамыры», гректің «тамири» – бәрі бір нәрсе. Мұның бәрі де – ерте кезде музыканың иесі, мұрасы болған бір ұғымның аты. Сол «тамыр», «дамыр» сөзінен, бір жағынан, «тәмир», екінші жағынан, «йамыз» сөздері бошақтан шыққан болуы керек. Сонымен «домбыра» сөзі бір елден ауып келген сөз емес. Бұл инструмент те бір елден ауып, жылысып келген емес. Еуразия елдерінің бәріне де тегіс тараган, соның бәрінде де музыка иесі болып саналған, бір тотемнің аты болуы керек», – деген аталы пікірге тоқтайды. Қобыз туралы: «Қобыз атауы татарда, башқұртта «қобыз» аталады. Олардың «қобыз» дейтіні – темірден жасаган, атқамыт сияқты бір жағын ауызга салып қойып, үнін аузымен ретке келтіріп отыратын бір нәрсені атайды. Қыргыздарда «қомус» деп біздің домбыра тәрізді, бұдан айырмашилығы тек пернесі жоқ бір инструментті атайды. Қобыз деген инструмент украина елінде бар. Олар мұны «кобза» дейді. Оны ескі оқымыстылар Күнишығыстан келген, түрк, монгол елінен үйреніп алған деп есептейді. Бұл пікірдің қате екенін көреміз. «Қобыз» сөзінің «қ» дыбысы түсін қалғанда «о» ның орнына «а» дыбысын қолданғанда «абыз» болады. Қазақта ескі кездегі амандарды «абыз» деп атаган «а» дыбыс «и» дыбысына айналған уақытта «иомыз» болар еді. Шуаш тілінде бақсы, сиқырыши ертеде «иомыз» деп аталады. Академик Марр бұл сөзді ескі гректің легендарлы ақыны Гомер сөзінің бір тарауы деп беледі. Музыка – дыбыс өнері. Ол дыбысты ерте кезде алдымен осылай еңбек магіт ретінде қолданылғандықтан, бүкіл дыбысқа байланысты ұғымдар, бері келе сөзге, тілге байланысты ұғымдар, сол магиялы еңбек деген ұғыммен байланысып жатады», – деп түйіндейді автор (8, 281). Ғалым осы атаулармен қатар күй, сыйызғы, жыр, ән сияқты музикалық терминдерді де талдап, мән-мағынасын айқындаған.

Ғалым «сыбызғы» атауының негізгі түбірі болатын «сыбыз» сөзі ұяң дыбысқа аяқталып тұрғанын, мұндағы ұяң «з» дыбысын қатаң «с» дыбысына айналдырғанда, «сыбыс» деген сөз болатынын, ал «сыбыс» қазақ тілінде дыбыс деген ұғымдағы сөз дей отырып, сыйызғы атты инструменттің қамыстан, қурайдан жасалу себебі қамыс та алғашқы кезде осы сөзben аталаған дегенді айтады.

Ертеде қазақ өмірінде «қамыс» деген сөздің екінші аты – сыйыс болғанын, бірақ көп жерде бұл сөздің ұмыт болып, сакталмағанын ескерте

отырып, «сыбыз» деген сөздің, біріншіден, дыбыс, екіншіден, сол дыбысты шығаратын құралдың аты, үшіншіден, сол құрал болатын заттың аты о баста «қамыс» болған деп топшылайды ғалым.

«Қамыс» сөзіндегі «а» дыбысын «о» дыбысына айналдырсақ, қыргызша «қомыс», біздің «қобыз» болып шығады деген ой тұспалы өте ұтымды да шындыққа бейім айттылған.

«Тіліміздегі «куй» деп аталатын сөздің шағатай, ұйғыр тілдерінде, анатоль түрік тілінде «көк» болып айтылуы туіс. Қазақтың «й» дыбысының бірқатары шағатай тілінде, ескі ұйғыр тілінде, түрікпен, әзіrbайжан, анатоль тілдерінде «к» «г»-ге айналады. Қазақша **бай-ла-мақ** деген сөз оларша: **бағламақ** болады. Қазақша «тимек» деген сөз оларша «текмек» болады. Сондықтан «куй» деген сөз оларша «көк» болуы – табиғи нәрсе. Махмуд Қашгаридың «Дивани Лугат» деген XI ғасырдан қалған кітабында «ол көкләнәр» деген сөз «ол ән салып түр» деп берілген. Соған қараганда, қазақтың «куй» деген сөзі ол кезде «көк» түрінде болып, ән-куй мағынасында қолданылғандығы көрінеді», – деген ғалым пікірі шындыққа тән деп бағалаймыз.

Профессор «бақсы» сөзіне қатысты «Стамбол университетінің әдебиеттарих профессоры Гюперли-заденің бұл сөз «әуелде бақсы формасында еді, бері келе, араб, иран, ұйғырларда «әнші» түріне айналып кетті» деген пікірін, Париждағы ұйғыр-қытай сөздігіндегі «оқытушымақ», Паве де Куртейль сөздігіндегі «парысша білмейтін соттың песірі» деген аудармаларын келтіреді, түрік жазушысы Сүлеймен Әпенді сөздігінде бұл сөзді Вамбери «әнші, ақын, музықант, бақсы», ал Березин «Хан жарлықтары» деген кітабында «бақсы» сөзінің түрлі заманда, түрлі орында, түрлі мағынада, ногайлыларда «музықант», «көркемөнерші», Қырым хандығында «хатшы» мағынасында қолданылғанын, осы күнгі түрікпендерде де музықантты «бақшы» дейтінін айтады. Автор қазақтағы «ауруды бағу» дегендегі «бақ» түбірі, осы «бақсы» сөзімен түбірлес болуы керек» деген уәж келтіреді.

Проф. Қ.Жұбанов қазақ музыкасындағы куй жсанрының пайда болуы жайындағы очеркті жазу барысында яфеттік ұйірме мүшелері болып табылатын көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болған мынадай қафидаларға сүйенеді: а) тілдік фактілерді қоғам тарихымен және тіл субъектілерімен тікелей байланыста қарастыру; ә) белгілі мәдениеттерді бірін-бірінен жоғары қою не төмен санаудан бас тарту (ұндиевропалық танымға қайшы); б) тілдерді кең ауқымда салыстырып-салғастыра қарастыру. Сондықтан аталмыш мақаланы қазақ өнері жайлы маңдай алды ғылыми зерттеу ретінде бағалай отырып, тіл мен тарихты, тарих пен өнерді, өнер мен мәдениетті, мәдениет пен дүниетанымды ұштастыра қарастырған әмбебап шығармашылықтың нәтижесі деп бағалауға болады.

Қараңғыға «Ай» туғызған қаламгер² (К.Жұбановтың публицистикалық шығармалары жайында)

К.Жұбанов қазақ тіл біліміндегі, әдебиет, өнер саласындағы ғылыми мұраларымен тұнғыш профессор атанғандығы, қоғамдық қызметтерімен нағыз қайраткер дәрежесіне көтерілгендердің Алла тағала берген тума дарыны мен ұлттың шексіз сүйген патриоттығынан деп санаймыз. Қоғамдағы келеңсіздіктерге тұсау салу, халқының тұрмыс-тірлігін жақсарту, сауаттандыру т.б. мәселелерді мақсат етіп қойған Құдайберген Қуанұлы бұл ісін жалғастырудың тәсілін іздең, бұл жолды публицистикадан табады.

Публицист тарапынан өрілген ұлттың қамын жеген, ел болашағына аландаған терең ойлары дәл бүгінгі кезеңге арналғандай әсер қалдырады. Оның көптеген туындылары сол кезеңнің шындық шежіресі, өмірлік айнасы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар, қалың қөшпілікке жол сілтеген, ұлттық сана-сезімді оятуға үлес қосып, болашаққа бағыт берген қоғамдық ойдың өлшеміндей болды.

1920 жылдардың бас кезінде Ақтөбе қаласында шығып тұрған «Кедей» атты уездік газетте қызмет істеген Опа Алпановтың айтуына қарағанда, «1922 жылдары инспекторлық қызметте жүргенде Құдайберген редакцияға жиі келіп, газетте көтерілген кейбір келелі мәселелерге сүйсініп, мақтау айтып, өзі де түрлі тақырыптардан газетке мақалалар жазып тұрады. Әсіреле оқу-тәрбие жұмыстары жайлы көбірек жазатын болады. Сонымен бірге ол сол кездегі көкейтесті мәселелерге: қазақ кедейлерінің тұрмысына, ауылдағы ескі діни ғұрыптарға, әйел тенденгіне арналған түрлі әңгіме, өлең, пьеса, сықақтар жазып тұрады» (108).

К.Жұбанов қазақ баспасөзі тарихына отызыншы жылдардағы ел көлеміндегі аса беделді басылымдардың бірі – «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы ретінде де енеді. 1937 жылдың 10 қарашасында Халық ағарту комиссарының орынбасары Аюпов қол қойған №1674 бүйрық дүниеге келді. Онда редакциялық алқаның мүшесі К.Жұбановтың «Ауыл мұғалімі» журналы бас редакторы міндетін қосып атқаруға тағайындалғандығы туралы айтылады. Бір өкініштісі, бас редакторлық қызметі тым қысқа болды. Бірақ бас редакторлыққа тағайындалуының өзі оның еңбегін жоғары бағалағандық деп тану қажет.

Публицистиканың табиғатын терең түсіне білетіндігін баспа бетінде жарық көрген шығармалары арқылы анғартқан ғалымды нағыз публицист деуге толық негіз бар. К.Жұбанов публицистикасының өзіндік ерекшеліктері ретінде оның білгірлікпен жазылған ғылыми-қөшпілік, танымдық таңдау сипатында екендігін, қазақ тілінің фонетикасы, грамматикасы, жалпы тіл білімінің кейбір мәселелері, қазақ жазуы, орфографиясы мен терминологиясы, қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуы мен тарихы пайымдалатындығын, өнертану мәселесі де терең қамтылатындығын, көп

²К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов» атты (2000) еңбегі негізінде дайындаған – кіші ғылыми қызметкер А.Барменқұлова.

ретте филолог-шығыстанушы публицист тұрғысынан танылатындығын, жаңа оқиғалар мен құбылыстарды тап басып барлайтындығын, ойын дәлдеп, оқырманын иландыра білетіндігін, өмір шындығын рухани-практикалық пішінде игерे алғандығын, алғыр ойшылдығын, талдауға деген тереңдігін, образды айшықтаушылық қарымын, өзінің ойы мен сезінгендерін өткір етіп жеткізу шеберлігін атауға болады. Кезінде қоғамдық-әлеуметтік пікірді қалыптастыруға зор үлес қосқан, ғасыр айрығында да өзектілігін сақтап қалған қайраткер Құдайберген Жұбановтың публицистикасынан оның өзіндік қолтаңбасы анғарылады.

Қ.Жұбанов публицистикасының өзекті болатын себебі: ол ғылыми негізделген, оқырманға барынша жатық, көшілікке ұғынықты публицистикалық дәстүрдің негізін қалады. Оның қай туындысын да бей-жай оқу мүмкін емес.

Құдайберген Жұбанов баспа бетін көрген тырнақалды туындысын кейін қазақтың белгілі жазушысы болған Жиенғали Тілепбергеновпен бірлесіп жазған «Өнегелі мұғалім» деп аталған мақала «Қазак» газетінің 1915 жылғы 19 ақпандағы 103-нөмірінде жарық көрді. «Жиенғали, Құдайберген» деп қол қойылған аталмыш жарияланымда ауыл мұғалімі Әбділлә Беркіновтің «пікірі түзу, зерек» екендігі жайында айтылады. Авторлар сол кездегі ауыл мектебінің жағдайынан хабардар етеді: «Бірсыныра балалар бұрын оқығандықтан екі-үш бөлім қылып, жеткенінше қазақша, жетпегеніне ногайша кітаптарды қолданып жатыр. Баста жадид деп жақтырмаган адамдар осы күні дұрыстығына түсіне бастапты». Өз кезінде олар ауыл мектебінің ұстазы Әбділлә Беркіновтің жүрт алдындағы беделін де көрсетуді ұмытпаған: «Бұл мұғалім... ескіше оқыса да пікірі түзу, зерек көрінеді». Шынында да, ол кезде ауылдағы сауат ашу ең әуелі жекелеген Ә.Беркінов сияқты ұстаздардың ерік-жігеріне тәуелді еді. Алғашқы жарияланымның өзінде әжептәуір мәні бар әлеуметтік мәселені қаузаған қос автордың кейін қазақ баспасөзінде тұғырлы тұлғаларға айналуы заңдылық екендігі сөзсіз (5).

Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың шығармашылық жолының басталуы қазақ даласындағы ірі тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді. XX ғасырдың басында қазақ жерінде ерекше қоғамдық саяси ахуал қалыптасты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, Алаш қозғалысы мен азамат соғысы айтарлықтай ықпалын тигізді. Ол осындағы қат-қабат кезендерде алдыңғы қатарға публицистика шығады.

Қ.Жұбановтың публицистикалық шығармашылығы орыс мектебінде оқыған шағында шығарған қолжазба газеттерден бастау алады. Жалпы қолжазба журнал шығару дәстүрі Қазан төңкерісінен сәл бұрын басталады. Газет-журнал сияқты баспасөз құралдары онша кеңінен таралмаған, кітап бастыру ісі өркен демеген қазақ даласында жастар өздерінің рухани үнін сыртқа, көшілікке тарату қажеттілігін сезінеді. Сөйтіп бұл ойды іске асыратын шараның бірі ретінде қолжазба журналдар шығаруды қолға алады.

Осындай журналдар Орынбор, Орал, Уфа т.б. қалалардағы медреседе оқып жүрген жастардың органы болады. Сондай журналдың қатарына 1916 жылы шығарыла бастаған «Көсем», 1920-жылдарда белгілі жазушы Жиенғали Тілепбергеновпен (1895-1933) бірге шығарып тұрған «Садақ» атты қолжазба, Күйік (Елек) қаласында Құдайберген оқып жүрген кезде жазылып тұрған «Тез» деген символикалық аты бар «журнал» жатады.

Журналдың атын «Тез» деп қойғандағы мақсаты – бұрыннан, ескіден келе жатқан ескіліктің қалдықтарын тезге сап түзету, надандықтан арылыш, ағартушылық бағыт ұстану, мәдениетті жүрттардың өнегесіне қанығу. Аталмыш журналда Қ.Жұбановтың «Ит әулие» деген шығармасы жарияланған. Бұл жарияланымда ауылда жүрген кезде-ақ ескінің қалдықтарын, «дүмше молдаларды» мазақ етіп, қысқа өлеңдер жазатын ол Күйікқалада өзінің қаламының ұшталғандығын байқатты. Қолжазба журналға өзі редакторлық жасап, онда сол кезеңнің әлеуметтік маңызды мәселелері қамтылуына елден ерекше атсалысты.

1920 жылы Темір қаласында уездік Халық ағарту бөлімінде қызмет істеп жүргенде Қ.Жұбанов «Ай» деген атпен қолжазба журнал шығарады. Уездік халық ағарту бөліміндегі жұмысы рухани талғамына сай келетін болған соң ол өзінің білім дәрежесін көтерумен ғана шектелмей, шығармашылық ізденіске де ден қойды. Темір қаласы жастарының басын қосып, көркемөнерпаздар үйірмесін құрды. Ескі мен жаңаның күресін бейнелейтін скетчтер мен шағын пьесаларды өзі бас болып жазып, оларды сахналайды. «Ай» уездік халық ағарту бөлімінің жаңынан шығып тұрды. Журналдың беташары ретінде «Ай» деген өлең жазды. Мұнда публицистикалық сарын басым:

«Көп заманнан көкте жүздің жылдысын,
Тудың-баттың, жүрдің ақырын ығысын.
Ақ кіреуке – әсем көрік, дөңгелек,
Келбетіңе қызығып дүние тым ыстық...
Сұлуларды мақтаса жүрт «айдай» дер,
-Болар ма еді, нағыз айдай, бай-бай дер,
-Арыстан да айға ұмтылып, мерт болған,
Оған жету қайда бізге, ойбай, дер.
Жарық қылдың, сиқырладың жер жузін,
Сен сұлудан айырмады ел көзін.
Бір қараңғы түкпірге әкеп, тұғыздым,
Ал, нұрландыр, ал, қызықтыр, кербезім!»

Академик И.Кенесбаев пен Ф.Мұсабаев «Көрнекті ғалым» деген мақаласында аталмыш туынды туралы былай деп атап көрсеткен: «Құдайберген бұл өлеңінде халықты нұрландыруға, көпшіліктің көңілін айдай ашып, жаңа дүниенің іргесін қалауға шақырған... Мұндағы айтып отырған «қараңғы түкпір» өзі қызмет істеп жүрген Ақтөбенің бір уезі ғана

емес, қазақтың кең сахарасы еді... Осыған «айды әкеп туғыздым» деген жолдарда қандай кесек жігер, күш-қуат жатыр. Бұл қазақ халқының жалынды ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың:

*Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмаганда кім болам?!* – деген жолдарымен үндеседі» (23).

Сұлулықтың, көріктіліктің символындағы көрінетін «Ай» сөзінің журнал атына бекерге таңдалмағаны белгілі. Олең жолдары да осыны түсіндіруге арналған. Галым-публицист айдың туып-бататын тылсым тірлігінен үлкен мән-мағына оқығандай. Өзгелерді де осы жөнінде толғануға шақырады. Көп заманнан бері көкте жылдысып жүзген айдың енді жарық қылғанын қалайды. «Қараңғы түкпірге әкеп туғыздым», – деп мақтаныш етеді. Темір уезін нұрландыратын, қызықтыратын кербез «Айды» жүртшылық жылы қабылдады. Оқырмандар қызыға оқитын басылымға айналды.

Қ.Жұбановтың жетекшілігімен шыққан «Ай» журналында негізінен мәдени-ағарту тақырыбына жазылған материалдар жарияланды. Публицистің інісі, қазақтың белгілі композиторы, өнертанушы Ахмет Жұбановтың айтуына қарағанда, аталмыш журналда М.Горькийдің, В.Короленконың, М.Лермонтовтың туындылары қазақ тіліне аударылып, жүртшылыққа ұсынылған. М.Горькийдің «Сұнқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Хан мен ұлы» атты белгілі шығармалары, В.Короленконың шындықпен суарылған әңгімелері, М.Лермонтовтың өлеңдері қазақ даласына «Ай» журналы арқылы тарады. Әсіресе, бұқараның сауатын ашуға, мәдениетін көтеруге бағышталған жарияланымдар жүртшылық тарапынан қолдау тапты. Бұл кезең – орталықтан шалғай жатқан ауылдарда «саужой» мектептерін жаппай ашып, қалың көпшіліктің сауатсыздығын жою үшін мұғалім кадрларын іріктең, пайдалануға ерекше көңіл бөліне бастаған. Мұның екіжақты пайдасы болды. Халық ағарту ісіне белсенді араласуы болашақ ғалым-публицистің өз білімін жетілдіруіне, рухани ой-өрісінің өсуіне мейлінше қолайлы жағдай жасады. Әлеуметтік мәні зор мәселелер «Ай» журналының бетінде тұрақты орын алды. Аса өткір жазылған мақалаларына осы кезден бастап «Қараша бала», «Шекті» деген бүркеншік есімдерді пайдаланды.

Қолжазба журнал дәстүрін ұстанып, қаламының қарымдылығын көрсетіп машықтанбаса, онда «Кедей», «Еңбекші қазақ» газеттеріндегі бірден жүрттың назарын аударған жарияланымдары жарық көруі екіталаі еді. И.Кеңесбаев «Ай» журналы туралы: «...көздегені – халықтың көзін ашып, көңілін ояту сияқты асыл іс», – деп тұжырым жасайды (17, 8-33).

«Тез» және «Ай» қолжазба журналдарын шығарған қазақ шекірттерінің өздерінің алдына қойған мақсаттарының ірілігі, арман-тілегінің асқақтығы қайран қалдырады. Әсіресе, Қ.Жұбановтың ұйымдастыру ісіне айрықша ынта

қойғанын айтпасқа болмайды. Демек, әлеумет ісіне осыншама жан-тәнімен беріліп, қиуын таба білу – оның бойындағы қайрат-жігерді ғана емес, ел үшін соққан үлкен жүректі, алғыр сананы көрсеткендей. Жұртшылық ісі үшін барын салып жүрген адамдардың алдына қойған мақсатқа жетуден басқа мұны, басқа арманы жоқтай тынымсыз қимылдайтыны тағы бар. Сондай жандардың ынта-жігерімен осындай игі дүние-мұлік кейінгіге мұра болып қалған және қала да бермек. Оған нақты дәлел – қолжазба журналдар.

Қолжазба журналы дәстүрін жаңғыртушылардың ұстанған бағыты ағартушы-демократтық көзқарас екенін атаған жөн. Бұл енді оларды шығарушылардың әлеумет ісіне әбден берілгендеріне байланысты. Шамасы, олардың мақсаты қайтсек елді өнерлі елдің қатарына қосамыз, халыққа қалай қызмет көрсетеміз деген үлкен арман-тілекten туындаған болса керек. Әрине, журналдардың кезекті нөмірін шығару, оларды қажетті материалдармен қамтамасыз ету, қолға іліккенді сол күйі жариялай салмай, неғұрлым ғибраттысын, маңыздысын жүртқа ұсыну, іріктеу, авторларын шамдандырып алмай ынталандыру сергектікті қажет етті.

Сондай-ақ Қ.Жұбановтың 1924 жылы Ж.Тілепбергеновтің үйімдастырымен Темірдегі драма үйірмесінің мүшелері «Қызығалдақ» қолжазба журналын шығарғандығы К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай келтірген деректерден белгілі болып отыр (5).

Қ.Жұбанов шығарған қолжазба журналдар, біріншіден, бұрын газетке сөз жаза алмай, жазса да сөздері басылмай, тауы шағылып жүрген шәкірттердің қолын қаламға машықтандырды. Екіншіден, бұткіл қазактың, өзі тұрған өңірдегі адамдардың айыптарын көрсетіп, міндерін бетіне басып, жамандықтардан бездіріп, жақсылықты көрсетіп қызықтырды. Үшіншіден, ауызда жүрген халықтың көркем сөзін жинау жүзеге асты. Төртіншіден, әлем әдебиетінің озық ұлгілерімен таныстыруға мүмкіндік туды. Осының көрінісіндей орыс әдебиетінің классиктері қолжазба журналдар беттерінен тұрақты орын алды. Бесіншіден, ауылдардағы әлеуметтік өзгерістер хақында бұған үмітпен қарағандар қалам тербеді.

Сол кездегі мындаған зерделі жасты нағыз ұлттық мұдде туының астына жинай білген «Қазақ» атты басылымға Қ.Жұбанов та белсенді автор ретінде қатысқаны белгілі. Иә, «Қазақ» газеті қаққан тәуелсіздік қонырауының сарыны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, азаттықты аңсаған азаматтар рухын шындаумен болды.

«Қазақ» газетіне де автор ретінде атсалысқан Қ.Жұбановтың «Қараша бала», «Шекті», «Қ.Ж», «Құдайберген» деген бүркеншік есімдермен (мұрағаттанушы Б.Байғалиевтің 1988 жылғы 22 наурыздағы анықтамасы бойынша) жазған жарияланымдары аталған басылымның ғана емес, «Алаш» газетінің де оқырмандарын елең еткізді.

Халық ағарту майданында еңбек еткен публицистің «еңбекші қазақтағы» білім берудің өзекті проблемаларын көтерген жарияланымдары да қоғамдық пікірге елеулі ықпалын тигізді. Публицистің 20-30 жылдардағы жарияланымдары сол кездің өткір проблемалары саналатын әйел тенденсі,

ұлттық театрды қалыптастыру, ел кедейлерінің жаңа өмірге бейімделуі, қазақ емлесінің қандай болуы керектігі жайлы мәселелерді көтерді.

Ғалымның публицистикалық шығармашылығын кезеңдерге бөліп қарастыру публицист қолтаңбасының өзіндік ерекшеліктерін терең түйсінуге мүмкіндік береді. Публицистің шығармашылық деңгейінің қалыптасу кезеңі 1915-1928 жылдарды қамтиды. Сол кезеңдегі туындыларынан ұлт қамын өзек еткені, елдің болашағына аландаған терең ойларының ұшқындары айқын аңғарылады. Екінші кезең 1929-1933 жылдар аралығын қамтиды, онда әлеуметтік маңызы ерекше мәселелерден бастап, ғылыми публицистикаға бет бүрғаны байқалады. Соңғы 1934-1937 жылдар аралығын қамтитын кезең публицистің шығармашылық әлеуетінің едәуір өскендігін байқатады.

Қ.Жұбанов публицист ретінде XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыштарының алдында тұрған шешімін таппаған мәселелерді батыл көтеруге атсалысты. Көшелі ой-танымдарды зерделейтін ғылыми публицистикаға зәрулік сезілген тұста «Буын жігін қалай табуға болады?» атты еңбегін жариялады. Қазақ тілі грамматикасы мәселелерін ғылыми-көшілік тұрғыдан түсіндіруге зор үлес қосты. Танымдық тағылымы мол, терең талдау сипатында жазылған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегі ұлттық публицистикағы соны үрдістің бастауы ретінде бағалауға лайық. Түркі әдебиеті тілінің танымы жөніндегі публицистикалық ой-толғамдары да жаңаша серпінмен жазылуымен ерекшеленеді.

Қ.Жұбанов публицистикасының стильдік ерекшеліктерінің бірі – полимикалық үрдісті терең менгергендігі. Полимика – тарихи үдерістің маңызды шарттарының бірі. Сондықтан да болар біз уақыт өткен сайын пікірталас мәдениетін менгеру өзекті мәселеге айналып келеді. Ұзак сонарға салып ақылгөйсіну – полимикалық үрдіске жат. Ұзак сейлемдер оқырмандарды жалықтырады және де ой санасына әсер етпейді. Публицистикада бұл бірден көзге шалынады, кері әсерін тигізеді. Демек, полимикалық үрдісті ұстанатын публицист түсінікті әрі барынша нақты, ықшам әрі батыл жазып, істің мәнісін жалпылама сөздерден арылуға тырысады.

Қ.Жұбанов та өзіндік пайымдауларымен әділ, білікті сарапшы ретінде көрінеді. Оның көзқарас ерекшелігі, бір қарағанда қарапайым көрінетін ой-тұжырымдарының өзгешелігі байқалып тұрады. Публицистің полимикалық үрдісті аса мәдениеттілігімен, мәселеге терең талдау жасаумен, өткірлігімен, нақтылығымен, көзқарас өзгешелігімен танылады.

Публицистің полемикалық үрдіс ұлгісін жоғары деңгейде менгергенінің айқын көрінісі – «Еңбекші қазақта» жарық көрген «Қазақстан ағарту жұмыскерлерінің кәсіп ұйымы мүшелерінің бірінші тобына» атты ұсыныс сипатында жазылған материалы. «Қ.Ж.» деген бүркеншік атпен жазған үн косу материалында публицист ағарту қызметкерлері кәсіп ұйымының қоғам өміріндегі рөлін білгірлікпен айқындай алған. Ұйымның жұмысын жүргізу барысында Қазақстанның ерекшелігін ескергенді жөн санайды: «...ұйым жұмысын негізгі елдің тұрмысына сәйкестіріп,

жүртішілік ұйымдарының мақсаттарымен байланыстырып құруға тура келеді».

Қ. Жұбанов публицистикасының өзектілігі іргелі де ғылыми танымның көпшілікке ұғынықты тілмен жеткізілуінен көрінеді. Қ.Жұбанов публицистикасының тағы бір өзіндік ерекшелігі ретінде шығармаларының ғылыми-көпшілік, танымдық талдау сипатында екенін, қазақ тілінің фонетикасы, грамматикасы, жалпы тіл білімінің мәселелері, қазақ жазуы, емлесі мен терминологиясы, қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуы мен тарихы пайымдалатынын, өнертану мәселесі де терең қамтылатынын, филолог-шығыстанушы тұрғысынан танылатынын, жаңа оқиғалар мен құбылыстарды дөп басып барлайтынын, ойын дәлдеп, оқырманын иландыра билетінін, өмір шындығын рухани-практикалық пішінде игере алғанын, алғыр ойшылдығын, талдауға деген тереңдігін, образды-айшықтаушылық қарымын, өзінің ойы мен сезінгендерін өткір етіп жеткізу шеберлігін атауға болады. Қандай мәселені көтерсе де Қ.Жұбанов өзінің терең энциклопедиялық білім деңгейін таныта отырып, әлеуметтік-экономикалық және рухани проблемаларды жан-жақты талдауға ден қойды. Сонымен қатар екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде де төгілте жазғанын атап өту қажет. Ғалым-публицистің аса бай шығармашылық мұрасын зерттеу ұлттық публицистикамыздың өрісін кеңейтетіні даусыз.

Ғалым-публицистің ұлттың қамын күйттеген, қазақ елінің бостандығына алаңдаған терең ойларының ұшқындары өткен ғасырдың 20-жылдары қазақ басылымдарының беттерінде жарияланған мақалаларынан айқын аңғарылады. Сол кездегі қазақ зиялыштарын толғандырган басты мәселелер – отаршылдық бұғаудан құтылу, тәуелсіз мемлекет құру, халықтың санасын ояту болды. Қазақтың шұрайлы жерлерін Ресей өз меншігі етіп жарияладап, орыс переселендерін күшпен қоныстандыра бастаған уақытта қазақтарға кәдімгідей қатер төнді. Патшалық Ресейдің озбыр саясатын қалай әшкерелеуге де негіз болғандай еді. Елге, жерге жаны ашыған зиялыштар өз ойын іркіп қалмады. «Қазақ» газетінде «Тілшілерден» деген айдармен берілген «Темір уезінен» атты мақаланың авторы өзін «Шекті» деп көрсеткен (109, 314).

«Темір уезінен» мақаласының арқауы – жер мәселесі. Сол кездегі ең күйіп тұрған, өзекті мәселелердің бірі. «1909-1910 жылдарда біздің Темір уезінің Темір-Орқаш болысының 8 ауылына 2 участка мұжысқ орнады, – деп жазады аталмыш жарияланымында, – Жер кескенде екі ауылнайдың ортасында болған Қаракөл деген улken көл қазақ жерінде қалады». Қазақтар мен орыстардың арасындағы дау осы жерден басталады. Орыс жерінің шегі Қаракөлдің шет жағасымен жүргеніне қарамастан, мұжықтар қонысын көлдің жағасына салып, келесі жылы-ақ шөмелелеп қойған қазақтардың шөбін тасып ала бастайды. Мұны автор байлаша баяндайды: «Бермеймін дейтін қазақта әл жоқ. Ақыр аяғында қызығып, «қазан түбінде шемірешек қалды» деп, қазаққа қимай арыз беріп өзіне қаратады». Қазақтармен айырбасқа келіседі: орыстар Қаракөлдің бір десятинасына басқа жерден төрт десятина

жер бермек болып, маңайынан бірқатар жер қосып, 877 десятина жерді кестіріп алады. Орыстардың қазақтарды алдаң соққаны жайында автор ашына жазады: «1912 жылы күздікүні производитель работы келіп жерді белгілеп, бір жетіден соң землемер 877 десятина жерді қазақша өлиен береді. Қаралдей төрт есе беремін дегені қайда десе, білмеймін дейді». Осыдан келіп, қазақ өз жерінде өзі өгей қүй кешті демеске шараң жоқ. Шаруаға қолайлы, шалғынды жерінен айрылған қазақтың теперішін көз алдына келтіреді. Мұның өзі қазақтың көрген құқайының соны емес екен. Бұдан кейін жағдай тіпті мүшкілдене түседі.

Автор қазақтың басынан кешірген ауыр жағдайын жеріне жеткізе көрсетеді: «Сорлы қазақ көркіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр дегендей, тіліне түсініп, ойына келгенін де айта алмай, көзі жасаурап қала берді». Сірә, бұдан артық қорлықты көзге елестету қыын болар. Қазақ өмірінің өзегінен айрылып күйзелді. Жас қалам иесі шеберлігінің арқасында артық-әлеміш сөздерсіз де қазақтың сорлап қалғандығын дәл ұрымтал тұстан, шынайылықпен көрсету мүмкін болды. Қалам сілтесі тіпті өзгеше. Сөздің қадірін білетіні соншалық, артық-ауыс ештеңе байқалмайды. Мақаланың түйіні де елең еткізерлік: «Онан бері біраз жыл болды. Бұл істі қуған адам жоқ. Бірін-бірі қаралаганда бәрі закониши, адвокат болса да, мұнда ешнәрсе білмеді... Біздің тәуір атымызды алып, жаман мәстегін берді. Үстенең бермеді, мұны зорлық дейміз. Осыны запросқа бергіміз келеді. Керекті дәлелін бізден сұрап білсе екен».

Аталмыш басылымдағы публицистің «заметкасына» кеңінен тоқталған зерттеуші А.Мектепов: ««Қазақ» газетіне ен даланың түкпір-түкпірінен майданға аттанған жұмысшылар санын жергілікті тілшілер күн сайын жеткізіп отырды», – деп жазады (110). Шағын хабарға өзек болған жайт – 1916 жылғы дүрбелен, бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардың күшпен қатыстырылуы. Аталмыш жарияланымның құнды тұсы – оқырмандарға қазақ жерінде болып жатқан оқиғалар жөнінде мол мағлұмат береді. Ресей патшасының озбырлығы да өз кезегінде бізге асыл мұра болып жетіп отыр.

Зиялыштардың мінберіне айналған «Қазақ» газетінің айрықша назар аударып, жүйелі түрде көтерген мәселелерінің бірі – қазақ елінің әкімшілік және сот құрылышы. «Қазаққа дүшпандық» деген мақаласында публицист Темір қаласындағы жергілікті сот ісінің көп жағдайда қазақтың қамын күйттемейтінін нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдейді (111). Мақалада соттағы жөнсіздіктердің әлі де қаймана қазақтың халінің мүшкіл болуына әсер-ықпалын жеріне жеткізіп айтылған. Автор бұған жүртшылықтың назарын аударған жөн деп санайды.

Алғашқы жарияланымдарынан бастап болашақ ғалым-публицистің үнемі қамтыған тақырыптарының бірі – оқу-ағарту ісінің жай-күйі. «Емтихан» деген ортақ тақырыппен Ақтөбе, Павлодар уездерімен қатар Темірдегі жағдай да егжей-тегжейлі талданды (112). Уездегі оқу ісін ұйымдастырудың деңгейі, оқыту барысындағы кемшін тұстар аталмыш жарияланымда жан-жақты қамтылды.

Ғалым-публицистің ұлт айнасына айналған «Қазақ» газетінде жарық көрген жарияланымдарында күнделікті күйбен тірлік емес, ел өміріндегі елеулі оқиғалар, зәру мәселелер көтерілді. Қазақ елінің бір өлкесі болып табылатын Темір уезінен жазылған жарияланымдардың қай-қайсысы да оқырманды бей-жай қалдырмады. Аталмыш жарияланымдарда сол кездегі өмір шындығы өрілгені өз алдына, сондай-ақ қалың көпшілікке етене жақын мәселелер көрініс тапты. «Қазақ» газетінің алқасы да оны автор ретінде назардан тыс қалдырмаған. «Қашаған» деген бүркеншік атпен жазылған материалда бір топ ел азаматтарымен қатар Қ.Жұбанов жайында тың дерек беріледі (113).

Қ.Жұбановтың «Алаштың» бетіндегі алғашқы туындысы – «Қараша бала» деген лақап атпен жарық көрген «Наурыз құтты болсын» атты өлеңі. Бес шумақтан тұратын өлең өршілдікке үндеуімен, намыстың найзағайын жануымен құнды. Наурыздың өміршең мереке екенін автор сол кездің өзінде тап басып танығаны сүйсіндіреді. Бабалар ұмытпағанды бізге ұмытып не көрініпті деген ойды ашық білдірген. «Неше түрлі от-аранға тұтылмай», «замананың не құқына жұтылмай» жеткен Наурыздың мәнін жеткізе білген өлең жолдарынан публицистікалық пафосты аңгаруға болады. «Алаш» газетінде жарияланған публицист туындыларының ең шоқтығы биігі – «Аянышты хал» деген фельетоны (114). Фельетонда елдегі күйзелген тіршілік, халықтың ілдебайлаған тұрмысы сатира тілімен бейнеленген. Халықтың жоқ-жітік тіршілігі өткір тілмен сыналған. Сүреңсіз көріністердің себеп-салдары барынша әжуаланған, мыскылмен жеткізілген. Өзі қуәсі болған жайттарды неғұрлым шыншылдықпен беруге тырысқан жас қалам иесінің зор талабына тәнті боласың. «Алаш» газетінің ғұмыры қысқа болмағанда, аталмыш басылымда талай туындылары жарияланатыны күмән тудырмайды.

Қаламгер Қ.Жұбановтың «Қазақ» және «Алаш» газеттеріндегі жарияланымдарынан ғасырлар бойы халқымыздың көкірегінен өшпеген азаттық рухының лебі сезіледі. Сол кезеңдегі қалыптасқан ахуал тұрғысынан бағаласақ, отарлық езгідегі елде, отарлаушылардың көз алдында, жария түрде тәуелсіздік идеясын насиҳаттауға атсалысқанымен ерекшеленеді. Тақырыптық жағынан алғанда ең алдымен сол кездегі өзекті мәселелердің бірі – жерге қатысты жарияланымымен көзге тұсті. Шаруаға қолайлы, шүйгінді жерінен айрылып қалған қазақтың басындағы мұнды тап басып танып, публицист парасаты тұрғысынан көрсете білді. Әлеуметке қажетті мәселені тануға деген елгезектігі сол кезден бастап қалыптасса керек. «Қазақ» газеті ұлт баспасөзінің тарихында жер мәселесін кеңінен көрсетіп, кезең ерекшелігін ұғынып, өз орнын ойып алса, бұған басқалармен бірге айтуды үлес қосуы да публицистің зерделілігін аңгартады.

Публицист қаламына іліккен тағы бір тақырып – 1916 жылғы дүрбеленге, бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардан адам алудың жайы. Қарандылықтың қамытынан құтыла алмаған ел қазақтарының қасында болуды парызы санап, өздері сұранып, әскерге аттанған молдалар мен ауыл

мұғалімдерінің тірлігіне дең қойып, бағалы ақпаратқа қанық боласың. Оң жамбасына келетін оқу-ағарту ісінің жай-күйі де назардан тыс қалмаған. Сондай-ақ қазақ елінің әкімшілік және сот құрылышына қатысты ой-пікірлері де оқырман ықыласына бөленгені айқын. Балғын қаламы әлі төселе қоймаса да, қазақтың саяси өміріне қатысты маңызды мақалалар беріп тұрған, көкейкесті мәселелер бойынша ұйымдастырылған пікірталастарға қатысқан, сөйтіп, сол кездегі қоғамдық-саяси ойды бір арнаға бағыттауға атсалысқан.

Қ.Жұбановтың өзекті ойды жеріне жеткізіп айта білу шеберлігі жанрлық жағынан алғанда негізінен «заметка» жазуға машықтануынан байқалады. Сондай-ақ тұңғыш фельетоны да балаң публицистің қаламының желісі әуел бастан өзіндік стилі аңғарылғанына дәлел бола алады. Қазақтың зиялыштары авторлары болып саналатын басылымдарға шалғай аймақтан жас қалам иесінің де қатысып тұрғаны оның болашақтағы бағыт-бағдарын айқындағы. Алғашқы жарияланымдарынан да кесек ойлардың үшқыны байқалды. Бұл кезең өзіне тән ізденіс іірімдерімен құнды.

Білім арқылы қоғамдық дамуға жол ашуды, өз халқын озық мәдениетке жеткізуді алдына мақсат етіп қойған Абай, Шоқан, Ыбырай негізін салған ағартушылық-демократтық бағыт публицисті жастайынан баураған. Ол өзі тұратын өнірде болып жатқан жаңалықтарды, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты ой-пікірлерін губерниялық «Кедей», республикалық «Еңбекші қазақ» (кейін «Еңбекші қазақ») газеттеріне тынбай жазып тұрды.

Қ.Жұбановтың «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Темір уезінің оқушылар тобы» атты мақаласы жүртты жаңалығымен баурап алады. Атапмыш жарияланымда Темір уезіндегі оқу-ағарту ісінің жай-күйі жаңаша сипатта баяндалды. Бір уездегі шаруалар жайын сөз ете отырып, автор ел деңгейіндегі мәселелерге назар аударды. Сауатсыздыққа қарсы курестің нақты сипаты болмаса, тиісті нәтижелерге қол жеткізудің мүмкін еместігін ашық қозғады. «Коммуна мектептері жетіжүлдік болсын» атты мақаласында да автор өзекті мәселені көтереді. Оның ойынша, мектептердегі оқу мерзімінің қатаң сақталуы айрықша маңызды ие (115).

Бұдан әрі публицист бірте-бірте ауқымды мәселелерді қамтуға бет бұрады. Мұның нақты көрінісі – «Аулақтан оқыту» атты мақаласы (116). «Дистанционное обучение» дегенді «аулақтан оқыту» деп алып, мұның мәнісін қалың қөвшілікке түсінікті, ұғынықты тілмен жеткізеді. Атапмыш жарияланымдағы «Кеңселерде қазақтандыру шабан жүріп отыр. Себебі, кеңсе ісін жүргізе білетін қазақ аз», – деген жолдар әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ десе болғандай. Публицист сынап қана қоймайды, мұның себеп-салдарын айқындаудан да енжар қалмайды: «Кооператив көбейіп келе жатыр. Көбісінің есеп-қисабы шатақ. Себебі, қазақтан есепші (бухгалтер) аз, ел арасында ауру көп, бірқатар пункттерге фельдшер табылмай отыр, табылғанының білімі тайыз. Мектеп көбейіп келеді, бірақ оқытушы жетпей жатыр. Бар оқытушыларымыз лекер ғана. Сот, милиция қызметкерлеріміз де тиісті мамандық білімін алғандар емес, барымен базар қылыш, лаждаң жүргендер, айта берсек, толып жатыр. Бәрі де аз, бәрі де

кеміс. Қазіргі екпінді жұмыс – осы жоқты табу, бардың «жыртығын» жамау – білімін толықтыру». Автор бұл мақалада қай саланың да мамандардың жетіспеушілігінен ақсап жатқанын боямасыз көрсеткен. Аулақтан оқыту мәселесінің өзекті жайттары қамтылған мақаланың сол кезеңдегі мәні ерекше болғаны белгілі. Бұл жарияланым публицистің парасатты пайымдаулары мен талдау терендігін айқын аңғартты. Бұған қол жеткізу үшін жоғары дәрежедегі біліктілік, сарабдалдық қажет еді. Автордың мұны менгергені сезіледі.

Тағы бір елеулі мақаласы «Сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектеп» деп аталады (117). Мұнда автор өзінің отандастарының тезірек сауатсыздық қамытынан құтылуын армандастының жайып салады. Осыған бағытталған нақты шаралардың бірі ретінде сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектепті көбірек ашудың қажеттігіне көңіл бөледі. «Халық ағарту ағысында төңкеріс толқыны» атты мақаласы да халықтың сауатын ашу мәселесіне арналған. Мәселені бұрынғыдан да терең қарастыруға деген ұмтылыс байқалады. «Кедейдегі» публицист мақалаларының өзгешеліктері бірден көзге түседі. Стильдік айшықтылығымен, сөз қадірін терең түсінетінімен қоса, ойдың айқын айтылуы, зәру мәселені жеріне жеткізіп көтере білу машығы жарияланымдардың әлеуметтік әсерін арттыра түседі. Әсіресе, халық ағарту мәселесіне келгенде публицистің тың пайымдаулары оқырманды баурап алады. «Басшылық күштейтілмек» деген айдармен оқырманға жол тартқан «Мұғалімдер, зер сал, губатком, жәрдем ет» деген мақаласы бір қарағанда науқандық сипаттағы туынды тәрізді көрінгенімен, қазақтың ұлттық мектебі туралы ой толғамдарының өзектілігімен ерекшеленеді (118).

«*Қазақ ұлт мектебі – 5 жасар бала, –* деп жазады Жұбанов-публицист – *Қазақ қатыны бала тәрбиелеуге қандай кеміс болса, бұл жас бала ұлт мектебінің тәрбиелеуші шешесі – қазақ мұғалімі де сондай шорқақ».* Публицист мұның себебін былайша жіліктең, ашып көрсетеді: «*Қазақ қатынының кемістігі тұлғасының қазақтығынан болмай, надандығынан болғаны секілді, қазақ мұғалімдерінің шорқақтығы да дөрекілігінен, көбісінің шалагайтығынан емес, білімі кемістігінен*». Публицист бірнеше мәселеге ерекше назар аударады. Оның ең бастысы – оқу бөлімі «*қызыметкерлерінің балаңдығы*» деп біледі. Ал, екіншісі, публицистің сөзімен айтқанда, «*бюджеттің жарлылығы*». Нарықтық экономика тұсында күнде әңгімеленетін мәселе қаржыға тірелетіндігін сол кезде-ақ айқын сезініп, бұл мәселені барынша өткір қоюға тырысқан. «*Мектепті ғүлдендіруге*, «*керек-жарағын толықтыруға*», «*мұғалімдерді еңбекақыдан мұнсыз етуге*» қаржының жетіспейтіні туралы ашына жазады. Тіпті «*оқу-білім шығынына*» да, «*инспекторлардың жүріс-тұрысы расқотына*» да қаржының бөлінбеуі қынжылтады. Публицистің «*Мектептердің бәрін бірдей инспектор аралап, нұсқау беру мүмкін болмады*», – деген түйіні назар аударалық. Сол кезеңде де қысқарту мәселесі өткір қойылғаны мына жолдардан аңғарылады: «*23-жылдан бастап халық ағарту бөлімінде уездерде – бір-бірден, «құдай ондаганда» еki-екіден инспекторлар қалды. Бұлар мектеп аралауга да, кеңес*

жұмысын басқаруға да жеткіліксіз болып, жұмыс көңілдегідей бола алмады». Бұл – үшінші себебі. Публицистің мұғалімдердің зер салуын, губаткомның жәрдем етуін тілейтін маңызды мәселелер жөніндегі ой-толғамдарының кезеңдік мәні зор болғанына, мұнда көтерілген кейбір мәселелердің уақыт өте келе зәрулігін жоймағанына көз жеткіземіз.

Публицистің халық ағарту мәселесін көтерген материалдары жанрлық жағынан да алуан түрлілігімен танылды. Кезінде «Еңбекші қазақта» жарияланған «Тұпсіз астау, құдай және Ақтөбенің ілім-мәдениет орындары» деген фельетонын оқырмандар жылы қабылдады (119). Мұнда Ақтөбедегі ағарту мекемелерінің жұмысы ақсап жатқаны сыналған. Оның «Еңбекші қазақтағы» өнімді шығармашылығы газеттің мазмұнының жақсарып, ықпал-беделі өсе түскен кезеңмен түспа-түс келді. Бұл кезде газет әдеттегі оқырмандарына сыртқы хабарларды үйіп тастау дағдысынан арылып, шаруашылық мәселелеріне, ел жайына, халық ағартудың жай-күйіне мән бере бастаған. Ен далада еңіреп жатқан қазақ кедейлерінің жоғын жоқтап, солармен байланысын нығайтуға, сырласуға, оларға қамқорлық, жолбасшылық көрсетуге ойысты. Осыған орай, ел хабаршыларының, тілшілердің тұрақты тобы қалыптасты. Құдайберген Жұбанов солардың бірі болатын. Газетті алдырушылардың саны 8 мыңға жетті. Саяси-әлеуметтік, күрделі де келелі мәселелерді жазуға кірісті. Халықтың оған деген ынта-ықыласы арта түсті. Газет басқа мәселелермен қатар сауат ашуды қатаң күн тәртібіне қойды. Саутасызықты жою ісінің нашар жүргізіліп жатқанын үнемі ескертіп отырды. Кейбіреулер жақтаған «улкендерді оқытқанмен түк шықпайды» деген көрсеткіштің пікірлерге соққы берді. Ересектер мектебін көптеп ашуға, оларды үймен, отын-су, жарықпен қамтамасыз етуге шақырды. Мектепке кіре алмаған ересектерді оқыту үшін курстар ашуды, оларды бітіргендеге қарайып қалмауы үшін газет-журналдар оқытуды ұсынды. Саутасызықтың мешеулік екенін дәлелдейтін материалдарға көбірек орын берді. Өнер-білімнің мәнін ашатын жарияланымдар молынан ұшыраса бастады. Міне, осы игі науқанның белсененді қатысушыларының бірі ретінде газеттегі жарияланымдары арқылы ғалым-публицист жүртшылыққа танылды.

Жоғарыда аталған мақалаларға талдау жасай келе, Қ.Жұбановтың халық ағарту тақырыбына жазылған публицистикалық жарияланымдарының бірнеше өзіндік ерекшеліктерін танимыз.

Біріншіден, қандай проблеманы көтерсе де қалың көпшілікке неғұрлым түсінікті, ұғынықты тілмен баяндауға тырысады. Бұдан кейін, оның оқырмандары жарияланымын асыға күткен публицист ретінде танылғанына еш таңдануға болмайды.

Екіншіден, сол кезеңнің халық ағарту саласындағы өзекті мәселелерін кеңінен қамтиды. Публицист көтерген өзекті мәселелер ретінде дистанциялық оқыту, кеңселерді қазақтандыру, халықтың сауатын ашудың нақты шаруалары, қазақ мұғалімдерінің беделі, халық ағартуға бөлінетін бюджеттің «жарлылығы» (публицист қолданған сөз), мектеп

инспекторларының қам-қаракеті, губерниялық деңгейдегі мектепті көбейтуге оқытушылардың жетіспеуі, көпшілік жұмыскер мен қара шаруаның оқудан қағажу қалғаны, жаңа (латын) алфавитіне көшудің проблемалары және басқаларын атау керек.

Ушіншіден, әрбір тұжырым барынша егжей-тегжейлі дәлелденеді. Дәлелдеудің себептері мұқият келтіріледі. Тек анықталған, көзбен көрген, жақсы билетін фактілерін ғана тізбелейді.

Төртіншіден, халық ағарту тақырыбына арналған жарияланымдар жанрлық жағынан кең ауқымды келеді. «Округтік жаңа әліппе комитетінде» толыққанды заметка жанрында жазылса, «Оқу жайындағы мұнды осы бастан айту керек» жарияланымы – проблемалық мақаланың айқын үлгісі. «Еңбек мектебінің он жылы» есеп жанрында жазылған. Ал «Мұғалімдер, зер сал, губатком, жәрдем ет» мақаласы зерттеу сипатындағы жарияланымға жатады. Атапмыйш жарияланымда үлттық мектептің қадау-қадау мәселелері бүгешігесіне дейін талданған. «Тұпсіз астау, құдай және Ақтөбенің ілім-мәдениет орындары» фельетоны осы жанрдың талаптарына толық жауап береді. Өзекті тақырыпқа қалам тербеген тұстарында жанрлық ізденіске де мән бергенін аңғаруға болады. Истің барысынан хабардар ететін ақпаратты жарияланымдардан бастап, байсалды, назар аудараптың пікір ұсынған мақалаларды да көздестіреміз. Тіпті фельетон жанрына да дең қойып, маңызды мәселені сатираның объектісіне айналдыруы да публицистің диапазонының кең екенін аңғартады.

Бесіншіден, халық ағарту тақырыбына жазылған публицистикалық туындыларынан ғылыми публицистикаға бет бұра бастағаны сезіледі. Мәселенің қойылышы, бұған қатысты жағдайларды тереңнен қарастыруы, ғылыми біліктілігі аңғарылатын тұстардың көзге шалынатыны публицистің ғылыми пайымдауларға бейімін байқатады. Мақалаларының ғылыми жүргі басым тұстары осы бағыттағы алғышарттарға негіз болғандай.

20-30-жылдарда Құдайберген Жұбановтың публицистикалық қызыметінің аясы кеңіді. «Кедей» газетін былай қойғанда «Еңбекшіл қазақ» (кейін «Еңбекші қазақ») газетіне де белсене атсалысты. «Тілші» газетінде де мақаласы жарияланды. Мерзімді басылымдарда қызымет іstemесе де, мақалалары үздіксіз жарияланып тұрды.

«Еңбекші қазақ» газеті көтерген сол кездегі толғақты мәселелердің бірі – «қалың малды» жоюға бағытталған күрес болатын. Өйткені, қоғамдық-элеуметтік мәні зор мәселе дұрыс шешімін таппайынша, ілгері басудың мүмкін еместігі айқын еді. Газет бетінде қалың малға тыйым салынғаны, қалың мал бергендер заң жүзінде жазаланатыны басты тақырыптардың біріне айналды. Эйел теңдігі жолындағы күреске газет бас болып араласып, белсене атсалысты, қыруар іс тындырды. Қазақ әйелдерінің теңдік алғандығы заң жүзінде жарияланса да, әр жерде кездесіп қалатын сан алуан ауытқуларды, ескілік сарқыншақтарын газет үнемі сынап отырды. Әйелдер шын теңдік алуды үшін окуы керек, сауатын ашуы керек деген ұран тастады.

Мұндай нағыз көкейкесті де маңызды мәселені дер кезінде көтерген мақалалардың бірі – публицистің аталмыш басылымдағы «Әйел тендігі туралы» жарияланымы (120). Автордың бұл мақаласында көтерген негізгі мәселесі – әйел-ананың басына азаттық, тендік беру. Қазақ өміріндегі әйелдердің тендікке үмтүлүсуң автор құптарлық қадам деп бағалайды. Әйел тендігі мәселесіне үлкен әлеуметтік, ғылыми-философиялық тұрғыдан қараудың қажеттігін алға тартады. Көлемі шағын мақалада былай делінеді: «Жалпы қазақ әйелдерінің теңдік алып, текіден құтылуы жалпы әйелдердің сауаты ашилудың байланысты. Қашан қазақ әйелінің сауатсыздығы жойылса, сол күннен бастап теңдікке қолы жетеді. Соның үшін әйел теңдігін жақтайдын орындарға қазақ азаматтары жоғарғы орындардан оқуга кісі жібергенде, қазақ әйелдерінен оқуга еректермен бірдей кісі жіберуге тырысулары керек. Губернияда, орталықта ашилған әйелдер курсына бару туралы әйелдерге түсінік беріп, үгіт-насихат тарату керек».

1926 жылы Ақтөбе қаласында Құдайберген Жұбановтың режиссерлығымен М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылды. Осы оқиғадан кейін «Еңбекші қазақ» газетінде оның елеулі публицистикалық туындыларының бірі – «Біз де ұлт театрына қарай маңдайлайдық» деген сынни-библиографиялық мақаласы жарияланды. Публицистикалық мақаланың негізгі желісі – желтоқсан айының аяқ шенінде Ақтөбе қаласындағы қазақ қызметкерлерінің жиналышп, бас қосып, қазақ сахнасын құралдауды қажет деп санап, қындықтарға қарамастан, «Еңлік-Кебек» пьесасын қойып, мәдени өмірге тың жаңалық әкелуі.

Мақалада қомақты ойлар айтылған. Автор шенеуніктердің қараетсіз отырғанын батыл сынайды: «Бұған қаржы жинау үшін губерниялық ішкі сауда бөлімі басындағы жолдастардың өздеріне керек сахна түгел болғаннан болса керек, мұндай иgi іске маңдайлалан уақытта бір суыртпақ жіп те болса ырым қыла алмады». Публицистің айтуынан жүрттың өнерге деген ықыласының жоғары деңгейде болғаны сондай, ойынға келген адамдардың театр үйіне сыймай, көбіне билет жетпей қалғанынан хабардар боламыз. Өнер өлкесіне бет бұргандардың сахнаға әр беруге бар қүшін салғанын аңғару қын емес. «Тек ыңғайсыздық – баяғы қақсай беретін киіз үй декорациясында болды, – дейді автор білгірлікпен, – Шым-шилі, баубасқұрлы ақ боз үйдің орнына шоқиған қараша үй тігілді». Аталмыш мақалада сахна декорациясы ретінде киіз үй проблемасы жан-жақты сөз болады. «Қызылорда өзінің жасатқан үйінің моделін жіберсе, тәуір болар еді», – дейді автор. Публицист мақаланың нұктесін: «Өстіп біз де ұлт театрына қарай маңдайлап келеміз», – деген сөйлеммен қояды. Бұл жерде публицистің соны көзқарасына тәнті болмасқа лажың қалмайды. Өйткені, «ұлт театрына қарай маңдайлау» мәселесі әлі күнге дейін өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Араға бірнеше жылдар салып, дәл осы тақырыпқа «Первый серъезный успех казахского драматического театра» (Қазақ драма театрының алғашқы күрделі женісі) атты мақала жазуы да оның жүйелілікті қатаң ұстанғандығын

айқын аңғартады. Бұл жолы қаламгер М.Әуезовтің «Тұнгі сарын» пьесасының қойылымы туралы қалам тербейді. «Тұнгі сарын» – 1916 жылғы Қазақстандағы ең үлкен көтерілістің шынайы бейнесін суреттеп берген пьеса. Публицистің көтерілістің тарихи маңызына берген бағасы назар аудараплық: «1916 жылғы көтеріліс әр жерден тиіп-қашып, тұтанаңп басылған кездейсоқ көтеріліс емес, бүкіл қазақ елін тұтас көтерген ұлы қозғалыс болды». «Ұлы қозғалыс» жайындағы қойылымды іштерінде көтеріліске қатысқандары, өз көздерімен көргендегі бар Бүкілқазақстандық IX съездің делегаттары тамашалаған. Солардың арасында Қ.Жұбанов та болды. Спектакль барысында кемшіліктер байқалып тұрғанымен, келешекте театрдың осы ұжымының өзі-ақ жетілдіруге мүмкіншіліктегі бар екені көрініп тұр. Театр негізінен пьесаны меңгерген, оның алдында тұрған мақсатты да түсінген, автордың ой-түйінін іске асыра білген. Бұл – театр ұжымының өз жұмысына тыңғыштықты қарағанының белгісі. ««Тұнгі сарын» пьесасы арқылы театр өзінің творчестволық бағытын анық бекітіп отыр». Бұл – публицистің кең қамтып, фактілерді жинақтауға көңіл бөлгендігін байқатады. Мақаланың басты құндылығы – «Тұнгі сарынның» көзге түсіп тұрған кемшіліктеріне қарамастан, театрдың бағытын айқындайтындығына тоқтала келіп, «алдыңғы қатарлы театрлардың қатарына жету үшін көп қындықты женеу қажет» екендігін атап көрсеткендігі.

Қалың көпшілікке баспасөздің қадір-қасиеті туралы мол мағлұмат беретін материалдардың бірі – публицистің «Газет – көпке ортақ» атты мақаласы. Мұнда автор газет тақырыбын тереңнен қозғап, ондағы көтерілетін мәселелердің оқырман назарын аударуының жай-күйіне тоқталады. Көптің көкейінде жүрген мәселелерді көрсете білген газет қана оқырманға жол табатынын атап көрсетеді. Қай газеттің де оқырманымен күшті екеніне баса назар аударады.

Публицистің қаламгерлік қарымын байқататын елеулі туындыларының бірі – «Таңжарықтың қуанышы» атты әңгімесі. Әңгіменің деректік негізі басым екенін аңғару қын емес. Шұғылалы өмірге қолы жеткен кедей Таңжарықтың қуанышы көркемдік тұрғыда бейнеленген.

«Кедей» газетінде жарияланған «Төрт қызық, мың бейнет, жарық өмір» памфлеті кезінде оқырмандардың жата-жастана оқитын көзқуаныш туындысына айналды (121). Памфлеттің басты кейіпкері – ел кедейі Құрмантай. Оның жасы қырықтың қырқасынан асқанша көрген азабын айтып таусыу да қын. Ең алдымен, басты кейіпкер – Құрмантайдың «төрт қызығын», «мың бейнетін», «жарық өмірді» күтер, аңсар арманын автор жетік біледі. Публицист кең көсіліп, ой тастап, пікір қозғайды. Құрмантайдың қылыштарын автор бұлай санамалайды: «Қарақожалақ тары көжені тоя ішіп алып, тырнақтай түйіншектегі темекінің ірігіне сақарды молырақ қосып, оны алақанға салып, сулап, қос бармақпен пашұр-пұшыр басып уқалап, тіл астына салып жібергендергі мардамсыған күйі», «... бұл өмірде ұйқыдан тәтті де тәттілік бар ме екен!», «... қызыл шоққа қып-қызыл бол қызған тасты саптыаяққа толтыра саузан ешкінің қою сүтіне

салып жіберіп, «қор-р-р» еткізгендегі мұрныңа бу аралас кірген көңірсі иісін, оны ішкендердегі дәмін сағына «қандай еди?» – деп аңсайды». Бұл памфлетте, жоғарыда келтіргеніміздей, іліп алар, тұзы татитын сөз, пікірлер барышылық. Қоғамның қуыршағына айналған ауыл кедейінің басындағы күй – тегеурінді зілдің нақты көрінісі.

Қ.Жұбанов публицистикасындағы елеулі із қалдырған, кезеңдік туындысы ретінде бағалануға лайық «Төрт қызық, мың бейнет, жарық өмір» памфлеті әкелген тақырыптық және жанрлық, стильдік жаңалықтарды сараласақ, өзгешелігі айқын білінеді. Алдымен автор өзі көтерген болмыстың терең мәнін, зиянды сырын ангара білген. Қоғамның жекелеген мүшелерінің санаасындағы, тәртібіндегі ескінің қалдықтары әлеуметтік-саяси деңгейге дейін жеткізіле суреттелген. Оқырмандар тарапынан суреттелген оқиғаға деген ашу-ыза, өшпендейділік, қарсы құреске құштарлық сезімін оятады.

Шығармашылық кемелдікке бет бұрған публицист сол кезеңде шығып тұрған «Қазақ», «Алаш», «Еңбекші қазақ», «Кедей», «Тілші» газеттерінде үздіксіз жарияланымдарымен көрініп, өзінің публицистикалық қалам қайратын шындағы түсті. Сол кездегі қазақ саяси өмірі мен қоғамдық ойының белсенді өкілдерінің ұлттық басылым төңірегіне тоғысуы кездейсоқ жағдай емес еді, оларды бірлесе қимылдауға, қосылып іс-әрекет жасауға итермелеген ғасыр басындағы қазақ жеріндегі қоғамдық-саяси ахуал, елдің ауыр халі болғанына көзіміз енді жетіп отыр. Аталмыш басылымдар сол кезеңнің шындық шежіресі, өмірлік айнасы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қалың көпшілікке жол сілтеген, ұлттық сана-сезімді оятуға үлес қосқан, болашаққа бағыт-бағдар берген қоғамдық ойдың өлшемі еді.

Публицистің ойлы мақалаларына ғылыми-танымдық қуаттың молдыры тән. Өзіндік стильдік ерекшеліктер де қалыптасқаны байқалады. Мысалы, ойды ашық айту, сөйлемдерінің оқырманға ұғынықты етіп құрылуы, пікірін неғұрлым негізденеп, дәлелдеу тән болып келеді. Ғылыми жүргі ауыр жарияланымның өзінде көтеріңкі публицистикалық сарын басым. Қаламгердің ғылыми публицистикасы жайында айтқанда, бұл туралы М.Әуезовтің пікірін келтіруді жөн санаймыз: «Оның журналистік, публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларына байланысты өрісі кең білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей үштасып жататын-ды» (2).

Ғалым-публицист ғылыми ой-пікірлердің қалың көпшіліктің жылы қабылдануына айрықша көңіл бөлді. Қаламгер ғылыми публицистикаға бет бұрғандықтан да «Қазақ тілінің ғылыми курсы» жөнінде лекция оқығанда бұл бағыттан айнымайды. «Политехникалық мектеп» журналында жарияланған «Қазақ тілі фонетикасының» «Бет ашарын» публицистикалық ой-толғам түрінде жазды. Қазақ тілін зерттеудің сол кездегі жағдайында: «*Қазақ тілі осы уаққа шейін жүйелі түрде тексеріліп, ғылым тезіне түспеген тіл*», – деп дәл анықтама берді. Объективті тұрғыдан қарастырып, қазақ тілін зерттегендердің ешқайсысын да ұмыт қалдырмай атап өтеді. Отар

елдің тілін тексерген миссионерлерді, күншығысшыл оқымыстыларды, қазақтың ескі оқығандарын, берідегі жастарды – бәрін де санамалайды. Публицистің топшылауынша, «қазақ тілін зерттеу жұмысы ғылым жолына салынбаған, ғылым сатысына көтерілмеген, «кустарышылдықтан», домбалдан соғудан құтыла алмай келе жатыр. Алдарыңызга тартылып отырған «лекциялар» осы жолға тамишыдай да болса пайдасы тимес не екен деген бір тәжірибе ғана. Оның устіне мұның шын зерттеу түрінде болмай, студенттерге оқылған лекциялар болуы, қалың мұғалімге түсінікті қылу үшін жеңілдетілген кескін алуы керек болды...».

Жоғарыдағы ойлардан Қ.Жұбановтың ғылыми публицистикасының қалың көпшілікті баурап алуының сырын ұққандай боламыз. Әйткені, ғалым-публицистің аталмыш еңбекті дайындағанда ұстанған басты принципі, өз сөзімен айтқанда, оның «қалың мұғалімге түсінікті қылу үшін жеңілдетілген кескін алуы» керектігі. Біздің аталмыш ғылыми еңбектен публицистикалық пайымдауларды мол кезіктіретініміз де осы. Оның ғылыми публицистикасының күші де осында. Ғылыми публицистиканың қажетті шарттары ретінде оның нақты ғылыми деңгейге сәйкестігі, өзектілігі, ақпараттық-деректік қуаты, фактілерге қойылатын қатаң талабы, талдау тереңдігі, тұжырымдардың әбден негізделуі, әдеби-көркемдік сапасы аталады. Біз талдаған қос еңбек қай жағынан алсақ та, осы шарттарға толық жауап береді. Осыдан кейін оның қазақ ғылыми публицистикасының тұнық бастауында тұрғаны жөнінде айтуға болады.

Қаламгер еңбектерінің басты ерекшеліктерінің бірі – тілінің жатықтығы, өзекті мәселені бұқараға ғылыми-көпшілік тұрғыдан түсінікті жазуы Қ.Жұбановты қазақ ғылыми публицистикасының негізін қалаушылардың бірі деп тануға негіз болды. Біріншіден, ғалым-публицистің қаламгерлік қарымының басты ерекшелігі ретінде ғылыми негізделгендігі, оқырманға барынша жатықтығы, көпшілікке ұғынықтылығы саналады. Екіншіден, ғалым жарияланымдарының ғылыми тереңдігін баса көрсетуге болады. Ушіншіден, публицист ойының батылдығы, таным-түйсігінің кеңдігі, ой-өрісінің ғаламдық сипатта танылуы. Төртіншіден, қазақ тілінің фонетикасы, грамматикасы, жалпы тіл білімінің кейбір мәселелері, қазақ жазуы, орфографиясы мен терминологиясы, қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуы мен тарихы ғылыми-көпшілік, танымдық тұрғыдан білгірлікпен жазылуы. Бесіншіден, «Буын жігін қалай табуға болады?», «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбектерін ғылыми публицистиканың озық үлгісі ретінде қарастыруға болады. Қысқасы, публицистиканың ғылыми көсемсөз сияқты таңсық та өзіндік ерекшеліктері мол саласының бастауында тұрғандығы ғалымның қаламгерлік шеберлігінің нақты дәлелі болып табылады.

Қ.Жұбанов публицистикасы оқырманның заман талабына сай, өткір тақырыптарға құштарлығын қамтамасыз еткендігімен ерекшеленеді. Оның публицистикалық туындыларында терең де жан-жақты ойлар ерекше орын алады. Сондықтан да публицистикалық туындыларының құндылығы туралы

сөз бола қалса, алдымен оның мазмұндылығы ойға оралады. Әдетте публицист өз туындысының мазмұнында өзінің ой-пікірлерін қорытады, белгілі бір анықтаманы алға тартады, байқап-көргендерін баяндайды, фактілер мен дәлелдерді келтіре отырып, ой-пікірін сипаттайты, ұсыныстар жасайды, талап қояды, тілек білдіреді, үндеу тастайды, кеңестер береді. Публицист ойы батылдығының тағы бір дәлелі мынадай топшылауынан байқалады: «Ел – елдің ілгері басып, жұрт қатарына қосылуы мен озат шығуының адам тарихы бұрын бір-ақ жолын білуши еді. Ол қазақтың мақалымен айтқанда, «біреу өлмей, біреу күн көрмейді» жолы. Өйткені, бір елдің ырысы екінші елдің сорына байланысты еді... Бұл жөнінде ескі замандағы «тұрпайы» дәүірдің «тагылықтарынан» XIX ғасырдағы «көргенді» елдердің адамшылығы өзге болған емес. Жалғыз-ақ айырма сол – мәймөңкеге шорқақ, кәрі заман елдері қылышын қымтамай, ашып айтатын еді, бүгіндеғілер буркенишікті сүйеді» (122). Мұның өзі құбылыстардың, оқиғалардың, фактілердің себептері мен салдарын талдағанда қиялдың, түсінудің рөлін жоққа шығаруға болмайтындығын көрсетеді.

Қ.Жұбановтың публицист ретіндегі шеберлігін қарастырғанда, ең алдымен байқалатыны – тақырып қоюға жауапты қарайтындығы, сол кездің өзінде жазған материалына жақсы тақырып табуды өнер деп санағаны, бір тақырыпты екіншісіне ұқсатпауға тырысатындығы. Қарымды публицист қойған тақырыптардың ең басты ерекшеліктері – ұстамдылығы, жылдылығы, халыққа түсінікті болуы, қарапайымдылығы. Терен ғылыми публицистикалық мақаласының тақырыбы да қарапайым екендігі сүйсіндіреді. Публицистің тақырып қоюдағы даралығының тағы бір қыры – қысқа қайыруға ұмтылатындығы. Тақырып қысқа қайырылғандықтан, жеңіл оқылады.

Қ.Жұбановтың публициске тән өзіндік дүниетанымына сай өмірді көркемдік заңымен игерудің жолын да тез менгерді. Қ.Жұбанов ғылыми публицистиканың теңдессіз үлгісінде жазды. Айрықша сипатқа ие ғылыми публицистикасының өзіндік ерекшеліктерінің бірі – оның жаңашылдығы. Бұл ретте зерттеуші А.Нұрадиновтың: «Профессор Х.К.Жубанов был впереди своего времени, предвосхитил изучение многих явлений языкового и речевого порядка», – деген пікірі қолдауға тұрарлық деп білеміз (123).

Қ.Жұбанов публицистикасына тән шығармашылық даралық, өзіндік қолтаңба, ешкімге ұқсамайтын соны үрдіс, лингвистикалық әлеует – талант тегеурінділігінің айғағы. Стильдік жағынан да, шығармаларының композициялық құрылымы жөнінен де, айшықты ойлау тұрғысынан қарастырғанда да, дәлелдемелер жүйесі бойынша да және полемикалық үрдісті қатаң ұстанатындығы тұрғысынан да қайталанбас өзгешелігін танытады. Ұлттанушы-публицистің қазақ елінің басын біріктірген, ыдыратпай ұстаган жайттар жөніндегі тұжырымды ойлары бүгінгі күндері де маңызын жоймағандығы айқын. Қ.Жұбановтың тұжырымдарына сүйенсек, біріншіден, шаруашылығы бірыңғай мал өсіру болғандықтан да, бірігіп қорғау қажеттілігі туындейды; елдің ат арқасына мінері тегісінен әскерде

болғандықтан да, олардың ауызбірлігі мықты болды; екіншіден, көшпелі мал шаруашылығы мен жер-мұлкінің ортақтығы адамдардың бір-бірімен араласуына мүмкіндік берді; үшіншіден, рулардың арасындағы қонысқа, басқаға талас та үздіксіз араласып, жарасып тұруға қолайлы жағдай туғызды; төртіншіден, әр рудың ішкі қатынасы үзілмей отырғандығы да оң ықпалын тигізді.

«Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» еңбегінде де Қ.Жұбановқа тән қасиет – нені зерттесе де қопара, қотара зерттейтіндігі айқын көрінді. Әсіресе, ғалым-публицистің тілдік материалдарды жалаң күйінде қарастырмай, оны сол кездегі тілге қатысы бар мәселелермен, саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағдайлармен байланыстыра, сабактастыра отырып қарастыруы, яғни тілді мәдениеттің өлшеуіші деп тануы, тілдің өркендеуін – дамуымыздың, өсуіміздің басты өлшеміне балауы сонылығымен ерекшеленеді. Атап өтерлік жайт – аталмыш мақалада ұлтжанды Қ.Жұбановтың осы кезге дейін белгісіз болып келген өткір, саяси сипатқа ие, публицистика тілімен баяндалатын соны ой-толғаулары хатқа түсken.

Құдайберген Жұбанов публицист ретінде XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыштарының алдында тұрған шешімін таппаған көптеген мәселелерді қаузауга атсалысты. Бұл мәселелердің қатарында мыналарды атауға болады: саяси жағынан артта қалушылық, кенже дамыған мәдениет, кенеуін келтіретін шаруалары мол оқу-ағарту, әлсіз дамыған шаруашылық, төмен дөрежедегі әлеуметтік тұрмыс, елдің ендігі жүретін жолы. Публицист күнделікті өмір ағымына ілесіп, бұған үн қату үшін, өз ойын жедел жеткізетін журналистика саласында қалам тербеді. Қазақ ұлтының ауыр тағдыр-талайын көрсете алды.

Ой батылдығы Қ.Жұбанов публицистикасын ерекшелендіріп тұрған жайттардың бірінен саналады. Терең біліммен ұштасқан білгірлік ой батылдығының бастауындағы. Қаламгердің публицистикалық шығармашылығын айқындаپ тұрған ерекшеліктердің негізгілерінің бірі – өзекті ғылыми идея. Автор өзекті ғылыми идеяны түпқазық ретінде ұстанады да танымдық қуаты жағынан мықты шығармаларды дүниеге әкеледі. Тағы бір стильдік ерекшелік – жұртшылыққа арнап жазып отырғандығын айқын сезінуі, оқырманмен арадағы байланыстың көзге көрінбес жібінің жалғасын тапқандай. Мұның өзі публицистің өмірлік тәжірибесінің молдығынан, қалам қуатының мықтылығынан байқалады. Оқырманға ақыл айтудан, оған өзінің пікірін күштеп таңудан аулақ, қайта өзінің дәлелдерін оқырман өзімен бірге ойланатындағы рәуіште ұсынады.

Қ.Жұбанов публицистикасы жанрлық жағынан да сан қылышы сипатта көрінді. Қаламгерлік қадамын дербес заметкадан (ескертпе) бастап, кейінрек қаламы төсөліп сарабдал мақалалар, өткір фельетон жазуға ден қойды. Сол кезеңнің айшықты суреттерін айна-қатесіз көз алдына келтіретін памфлеттері де, оқырмандар тарапынан жылы қабылданған фельетондары да жұртшылықты баурап алды. Ол сол кездің өзінде баспасөз бетіндегі

пікірталас мәдениетін толық меңгерді. Ұтымды ойлар мен кемел пікірлерді қажет жерінде ретімен айта алды. Өзінің білімінің терендігін, білгірлігін аңғартты. Бір ғажабы – оның өзіндік стилін ешкіммен шатастыру мүмкін емес.

Қ.Жұбанов публицистикасының түп-төркініне үзіле, оны туындаған себеп-салдарларды зерделей, парасатты публицистиканы қалыптастырған бастау-бұлақтарды көрсете, теориялық негіздемелерін тиянақтай, жан-жақты қарастыра отырып, төмендегіше түйін-тұжырым жасауға болады:

Біріншіден, XX ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде қалыптасқан ерекше қоғамдық-саяси ахуал (1916 жылғы ұлттық-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық және Қазан революциялары, Алаш қозғалысы және азамат соғысы) бір мақсатқа тоғысқан, пікірлері ортақ тұғырлы тұлғалардың қазақ публицистикасына араласуына негіз болды. Бұл үдеріске өнімді араласқан тұлғалардың бірі – қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі Құдайберген Жұбанов сол кезеңнің өзекті мәселелері жөнінде тынбастан қалам тербеді. Алғашында әкімшілік-мәдениет орталықтарынан шалғайда жүргенімен, елде болып жатқан елеулі оқиғаларға азаматтық ұстаным тұрғысынан үн қатты.

Екіншіден, өркениеті үлгілі, мәдениетті елдерде жақсы дамыған қолжазба журнал дәстүріне Қ.Жұбановтың атсалысы оның пайымды публицист ретінде қалыптасуына игі әсерін тигізді. Қазақ журналистикасындағы қолжазба журнал дәстүріне қосылған үлес ретінде публицистің «Тез» және «Ай» басылымдарын ұйымдастырып, қаламын машықтандырғанынан байқауға болады. Аталмыш қолжазба журналдары көз көргендердің куәлігіне қарағанда сол кездің өзінде ағартушылық сипатпен шектелмеді, әлеуметтік мәселелерді көтере білді және орыс әдебиетінің жауһарлары тұнғыш рет аударылды. Жұрт эстетикалық жағынан ғана сусындал қоймады, сонымен қатар әлеуметтік теңсіздік туралы өз ойларын ашық білдіруге мүмкіндік алды.

Үшіншіден, қазақ халқының XX ғасырдың басындағы қоғамдық-әлеуметтік ойының көшбасшысы болған «Қазақ», сондай-ақ «Алаш» газеттеріне Қ.Жұбановтың автор ретінде қатысуы да оның рухани таңдауының дұрыстығын айқын аңғартады. Кезең тудырған ұлт зиялышарының өкілі ретінде аталмыш басылымдардағы жарияланымдары арқылы өз халқының болашақ даму бағдарын айқындауға елеулі үлес қосты. Отаршылдық бұғаудан күтылу, тәуелсіз мемлекет құру, халықтың санасын ояту бағытындағы басылымдарға автор ретінде белсене атсалысының өзі публицистің қалам қарымын байқатса керек. Жерге қатысты, қазақ елінің әкімшілік және сот құрылымына байланысты, оқу-ағарту ісінің жай-күйін арқау еткен жарияланымдары оқырмандарға ықпал-әсерін тигізгендігі анық.

Төртіншіден, Қ.Жұбановтың 20-30 жылдардағы халық ағарту, басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтерген жарияланымдары қазақ публицистикасына соны леп әкелгендей әсер қалдырады. Бұл кездегі жарияланымдарынан такырып аясының кеңігені, әлеуметтік мәні зор

мәселелерге деген тың көзқарасының қалыптаса бастағаны айқын аңғарылады. Халық ағарту тақырыбына жазылған публицистикалық жарияланымдары өзекті мәселелерді тап басып көрсетуімен ерекшеленеді. Осы саланың білікті маманы екені, қандай тұжырымды алға тартса да, соны жеріне жеткізе отырып дәлелдеуге тырысатыны сезіледі. Сондай-ақ әйел теңдігі, қалың мал мәселелері көтерілген тұста публицист байсалды, сарабдал көзқарасын ашық білдіреді.

Бесіншіден, Қ.Жұбановтың өзіндік ерекшелігі, даралығы басым публицистикалық шығармашылығын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Мұның өзі оның бай публицистикалық мұрасын терең талдауға мүмкіндік береді. Публицист шығармашылығының әр кезеңі өзіндік ерекшеліктерге толы. Дәуір шежіресін шынайы жазу машины байқалады. Тереңнен толғап ой айту, жылдар өте келе жарияланымдарының жүгі ауырлай түсүі зандылық сияқты көрінеді. Шартты түрде бөлінген алғашқы кезеңге машиқтану, қалыптасу тән болса, екінші кезеңде жарияланымдарының ауқымы кеңейіп, күрделі мәселелерді арқау ету игі үрдіске айналады, ал үшінші кезеңде публицист соны қырынан танылады, өрелі ойларды батыл білдіріп, ғылыми терең публицистиканың жауһарларымен сусыннадатады.

Алтыншыдан, Қ.Жұбанов қазақ публицистикасындағы көшелі ойтанымдарды қажетсінетін ғылыми публицистиканың бастауында түрді. Мұның өзі ғылыми ой-пікірлердің қалың көпшілік тарапынан жылы қабылдануы қажеттігінен туыннады. Ғылыми идеяларды қалың көпшілікке ұғынықты стилемен баяндаудың теңдессіз ұлгісін көрсетті. Публицист қаламынан шыққан ғылыми публицистика нақты ғылыми деңгейге сәйкестігімен, өзектілігімен, ақпараттық-деректік қуатымен, фактілерге қатаң талап қойылуымен, талдауының тереңдігімен, тұжырымдардың барынша негізделуімен, әдеби-көркемдік сапасымен ерекшеленетіні – осының айқын дәлелі.

Жетіншіден, Қ.Жұбанов мәселені терең меңгерген ұлттанушы-публицист ретінде танылды. Публицистің әлеуметтік түрғыдан ой толғауы дәл қазіргі кезде жазылғандай ұлт болмысын терең түсінуге, ұлтаралық қайшылықтарды саралауға қолғабысын тигізеді. Ұлттардың, мәдениеттердің байланысы жөніндегі толғамдары қазір де өзінің құндылығын жойған жоқ.

Сегізіншіден, Қ.Жұбанов публицистикасы жанрлық жағынан әрқылы болып келеді: очерк, фельетон, корреспонденция, эссе, шолу, мақала, рецензия және басқалары. Тақырыптық жағынан оның бай публицистикалық мұрасын былайша айқындауға болады: 1) ғылыми; 2) қоғамдық-саяси; 3) шаруашылық-өндірістік; 4) мәдени-ағартушылық; 5) көркем-әдеби. Ғылыми-публицистикалық шығармаларындағы көтерген проблемалар да сан қылыш: 1) фонетика; 2) қазақ тілінің грамматикасы (морфологиясы мен синтаксисі); 3) жалпы тіл білімі мәселелері, 4) қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің тарихы мен дамуы; 5) қазақ жазуы, орфографиясы, терминологиясы; 6) оқулықтар,

оқу бағдарламалары, оқыту әдістемелері; 7) мәдениет пен өнер мәселелері; 8) қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық проблемалары.

Тоғызыншыдан, публицист Жұбановтың шеберлігі оның талдауының терендігінен, редакторлық ескертпелерінен, полемикалық үрдісті жетік менгергендігінен, тақырып қоюдағы даралығынан, стиліндегі өзгешеліктен айқын байқалады.

Қазіргідей өзіміздің тарихи тамырымызды аршып жатқан кезеңде ғалымның бай публицистикалық мұрасын терең және жан-жақты зерттеліп, қалың көвшілікке кеңінен таныстырыла бастады. Өйткені, оның публицистикалық шығармалары өз ұлтына жаны аштын ғалым-публицистің қайраткерлік тұлғасын танытады. Ол заманының «шектеулі мүмкіндігіне» қарамастан, қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін жан-жақты саралап көрсетті, өзекті мәселелердің сырын ашты, халық ішінде қоғамдық пікір орнықтырды, түйткілі көп нәрселерге жүрттың көзін жеткізді. Жарияланымдары арқылы қазақтың намысын жануды, іс-әрекетіне қозғау салуды мақсат тұтты. Бодандық бұғауындағы елдің санасын сілкінтуге айтулы үлес қосты. Дегенмен, Қ.Жұбанов өмір сүрген кезеңде әлі «ғылымдардың түйісуі» туралы сөз бола қоймаса да, публицист мұны жаңашылдықпен сезініп үлгірді. Публицист шығармашылығының басты ерекшелігі айқын байқалды. Мұның өзі қалың көвшіліктің арасында ілімді кеңінен насиҳаттауға сайды. Қаламгер публицистикасы әлі күнге дейін өзінің өзектілігін сақтағанымен, жаңа заманың ақпараттық талабына сай келетінімен, фактілерді талғап, таңдал алуымен, ой-толғам терендігімен, дәлелдерінің негізделуымен, әдеби-көркемдік деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Публицист салғаннан ғылыми публицистика оқырмандарға ұғынықты, түсінікті тілмен жазылуы керектігін, әрбір толғанысынан сәулелі ой ұшқыны шашылуы қажеттігін тап басып таныған сыңайлы.

М.Әуезовше қисындасақ, XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында: «Газет, журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтін, тез-терісін көрсететін айна, ойы мен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы» болды (124). Осындағ өзінің рухын үнемі елге ұғымды етіп, түзу жолмен аумай жүріп отырган газет, журналдар көп болмаса да, бұл іске Қ.Жұбановтай публицистер білек сыбана атсалысты. Қазақ оқырманының ой-сезіміне азық боларлық жаңа түр, жаңа үлгі қалыптастырды. Қандай тілге бай жүрт болсын, ғылым жолына түсे бастағанда тілі кемшілік қылып, бөтен жүрттың тілін жамау қылып, неше түрлі әлеміштенген. Қазақ баспасөзінде бұл үдерістің зардабын азайтуға үлес қосқан ғалым-публицистердің бірі Қ.Жұбанов болды.

Қазақтың әдеби тілінің тарихын зерттеген академик Р.Сыздықованың пайымдауларына дең қойсақ, XIX ғасырдың II жартысында қазақ тілі қоғам өмірінің барлық жағын суреттей алатын мол, тұрақты сөздік қорымен ерекшеленді, «...бұл кезеңдегі публицистика тілі мен жартылай ғылыми стильге тән белгілердің бірі – аналитикалық тәсілді жиі пайдалану», – болғаны анық (125). Демек, ғалым публицистикалық стиль мен ғылыми

стильдің арасындағы жақындықты жоққа шығармайды. Құдайберген Жұбановтың ғылыми публицистикасы осының нақты көрінісі іспетті.

Түйіндей келе, Қ.Жұбановтың ғылыми публицистикасының басты сипаттарына тоқталуға болады: біріншіден, қандай ғылыми тұжырымды алға тартса да, айқындықтан айнымайды; екіншіден, жарияланымда келтірілген ой-пікірлер ұғынықтылығымен ерекшеленеді; үшіншіден, қандай пікір болмасын көркемдікпен беріледі; төртіншіден, публицист қисындауларының қай-қайсысы да философиялық терең мағыналылығымен танылады; бесіншіден, баяндаулардағы поэтикалық қуат-қарымы оқырманды баурап алады.

Демек, Құдайберген Жұбановтың тегеурінді шығармашылығы өзіндік дәстүрі бар, ерекшелігі мол күрделі құбылыс ретінде қазақ публицистикасын зерттеушілердің нысаны болып қала бермек. «Халықтың ақпаратты еркін алуы, оның мазмұнының әртүрлі көзқарас тұрғысынан бағалануы, әртүрлі көздердің қамтылуы қоғамның дамығандығынан, өркениеттілік дәрежесінен хабардар етеді», – (126, 28) деген ғылыми тұжырымға сүйенсек, публицист-ғалымның шығармашылығы алдағы уақытта да маңызын жоймақ емес. «Бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамдағы, экономикадағы және іскер топтардағы күштердің арасалмағын айқындастырын құрал», «журналист қандай мәселені қаузаса да парасат шенберінен шықпауы керек» (127) деген бағыт-бағдар ұсталынып отырған кезенде Қ.Жұбанов публицистикасының тағылымы да жасампаздықта қызмет ете бермек.

Ұстаз-ғалымның ұшқыр тағылымы (Қ.Жұбановтың ағартушылық қызметі мен педагогикалық мұрасы жайында)

Профessor Қ.Жұбанов – еліміздің тұңғыш білім ордасы Қазақтың педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасының тұңғыш менгерушісі бола отырып, қазақ тілінің жеке-дара ілім болып алғаш оқытылып, зерттеліп, танылып, қалыптасуына да өз үлесін қосқан ірі тұлға, көрнекті тілші-ғалым, ұлағатты ұстаз, тәжірибелі әдіскер. Әдіскер-ғалым қазақ тілін жеке ғылым саласы ретінде оқу жүйесіне ұсина келіп, оны дамытудың, жетілдірудің жолдары мен бағыттарын белгіледі.

Қ.Жұбановтың ғылымдағы зерттеулері, ғылыми еңбектерінің бастау көзі 1929-1930 жылдардан, яғни ҚазПИ-дің шаңырағына ғылыми қызметкер болудан бастала келіп, осы қабырғада ұстаздық, ғылыми, қайраткерлік, ағартушылық, педагогтық, қоғамдық қызметтерді қатар алғып жүруімен ұласады.

Қ.Жұбанов 1932-1937 жылдар аралығында Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының Ғылым және оқу-методика советінің председателі, оқу программасы және методика бөлімінің менгерушісі бола жүріп, оқу

программаларын жетілдіру, оқулықтардың сапасын арттыру барысында да көп іс тындырыды.

Проф. Қ.Жұбанов оқулық-бағдарламаларды өзі ғана жазып қоймай, басқаларға жаздыруды үйімдастырып, оларға ақыл-кеңес беріп, мұғалімдердің білімін жетілдіру курсарына, семинарларына сабак беріп, көп еңбек еткен. Бұл жөнінде республикамыздың оқу-ағарту майданында қыруар еңбек сінірген педагог-ғалым Әміржан Сытдықов былай деп жазады: «Партияның мектеп туралы, оқу программалары мен оқулықтар туралы сол бірінші бесжылдықтарда қабылданған шешімдері мектептерде қазақ пен орыс тілін оқытудың социалистік тәрбиелік және білімдік маңызын бұрынғыдан да арттыра тұсті. Осылармен қатар ғылым негіздерінің барлығынан тұңғыш рет аударма оқулықтарын бастырып шығару қажет болды. Оқу халық комиссариатына тапсырылған бұл сияқты кезек күттірмейтін толып жатқан шараларды жүзеге асыруда Қ.Жұбанов аса зор роль атқарды» (128).

Құдайберген Жұбанов әдістеме саласындағы «Қазақ тілінің программа» еңбегі 1936 жылы жеке кітапша болып басылды. Жоба ретіндегі ұсынылған бұл бағдарламалар V, VI, VII сыныптарға арналып жасалған. V сыныпқа арналған бағдарлама грамматика, емле, тыныс белгілерін, түбірлердің тарихын және есімдерді оқытуға бағытталған. Оқылатын тақырыптардың ауқымдылығына қарап, қанша сағатта өтілетіндігі көрсетілген. VI сыныпта игеруге етістік, есімдік, шылаулар, одағайлар ұсынылған. VII сыныптың бағдарламасы «Синтаксисті» қамтылған. Аталмыш бағдарламалар кейінгі оқулықтарға жол сілтегендігімен құнды. Бағдарламаларды жасау кезінде де Қ.Жұбанов халық ағарту ісіне толайым берілген педагог ретінде де көрінеді. Өйткені ғалым мұғалімдермен байланысын үзбейтін, олармен хат-хабар алысып, жолығыса қалса, тереңінен пікірлесіп отырған.

Проф. Қ.Жұбановтың ағартушылық қызметіндегі бір қасиеті – ол тек оқыту ісімен ғана болып қоймай, сол оқытуды жетілдіру, жақсарту, нұсқау жағына да баса көніл аударады. Бұған уездік, губерниялық, республикалық оқу білімдеріндегі инспекторлық міндеті ғана емес, оның ауылдық мұғалімдерге ауызша да, хат арқылы да кеңес-консультациялар беруі, кейін тіпті «Әдіс бірлестіктері мен әдіс үйірмелерінде оқу жылышын II жартысында талқыланатын әдіс-программа мәселелері» деген сияқты нақтылы жол-жоба жазуы куә. Қ.Жұбановтың замандасы, бұрын мұғалім болған Опа Алпанов былай деп жазады: «...Мен мұғалімдік қызметке ауыстым, ал Құдайберген Ақтөбедегі губерниялық оқу-ағарту жұмысына шакырылды. Әрине, бұл кездерде оның уақыты өте аз болатын... Сөйте тұрса да, ол ауыл мұғалімдерінің ақылшысы, қамқоршысы болды. Анда-санда елден барған біздермен сағына көрісіп, ауылдағы оқу-ағарту жұмысын көп сұрап, ақыл-кеңес айтатын. Тіпті кейбір сұрақтарымызға хат арқылы да консультация беріп отыратын еді» (108).

Құдайберген Қуанұлы қазақ тілінің ғылыми әдістемесін жасау жолында көптеген зерттеулер қалдырыды. Ол әдістемені ғылым деп қарады да, оны

лингвистика, педагогика, психология және т.б. ғылым салаларымен байланыстыра зерттеді. Онымен бірге жұмыс істеген В.Решетняктың өз естелігінде Қ.Жұбановтың «...педагогиканы, психологияны... сол кездегі беделді ғалымдар еңбегінен оқып үйрәнді» (129) деп жазуында да үлкен сыр бар. Павлов пен Бехтеревтің, басқа да психологтардың еңбегін ықыласпен оқығаны белгілі. Бұл жайында қарт педагог Жанғазы Жолаев мынадай қызықты жәйттен хабардар етеді: «Бірде Құдайберген, сен осы психология жайындағы кітаптарды көп оқисың, оның не керегі бар?» – деп сұрадым. Ол маған жыымиған қалпы жауап берді: «*Сен адамдар арасында, әсірісе, жастар арасында жұмыс істеп, оларды біліммен, гылыммен қаруландыра жүріп, өзің психологиямен, әсіресе, балалар психологиясымен таныс болмасаң, онда үлкен көзсіз жұмыс істегенмен пар-пар*» (130).

Төлеутай Ақшолақовтың: «Професор Қ. Жұбанов – ірі ғалым-педагог, ғалым-азамат. Ол Қазақстанда педагогикалық және методикалық ой-пікірдің қалыптасып, дамуына барынша атсалысты. Оның есімі қазақ совет мектебінің тарихында алтын әріппен жазылып қалды», – (131) деген пікірі де педагогика-психология саласындағы еңбектерін ескере отырып айтылғандығында дау жоқ.

Көрнекті ғалым Мәулен Балақаевтың айтуынша, Қ.Жұбанов мектептерге арнап оқулық жазуға барынша үлкен жауапкершілікпен қараған, кездескен сэттерінің бірінде былай деген: «*Оқулық жүрдім-бардымының жұмысы емес, оған жауапты жұмыс. Қазіргі гылымымыздың түп қазығы сол оқулық болу керек. Оның гылыми негіздерін жастар жақсы білу үшін тіліміздің қалыптасқан заңдылықтарын айқындан алуға тиіспіз. Орыс оқулықтарынан, одан-бұдан көшірілген ережелер жастардың білім жұмырына жүқ болмайды*» (16).

«Қ.Жұбанов оқулық жазуда оқушылардың тек қана тіл заңдылықтарын біліп қоймай, сонымен қатар, сөз бен сөйлеудің, тіл мен ойлаудың байланыстарын да танып отыруына назар аударған. Оны біз автордың «Сөз бөлшектерінің құралуы», «Сөз бүйімі мен сөз материалы», «Сөз бүйіміның сыр-сипаты мен сөз бүйіміның жасалу жолы», «Сөз», «Сөйлеу», «Сөз бен ой» деген тақырыпшаларды бергенінен байқаймыз», – деп жазады Н.Құрманова (132, 11)

Педагог-ғалымның ағартушылық қызметі мен әдістеме мәселелеріне қатысты еңбектерін жүйелі түрде тұнғыш рет сөз еткен ғылыми зерттеу – доцент Мұслима Құдайбергенқызы Жұбанованың (1926-2012) «Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында» (133) атты еңбегі.

Педагогика ғылымдарының кандидаты М.Жұбанова тілші-ғалымның дидактикалық тұжырымдарын қазіргі уақыт сұранысымен байланыстыра келіп, профессор Қ.Жұбановтың әдістемелік пікірлері мен лингводидактикалық ойларының құндылығын бүтінгі оқу жүйесімен сабактастыра жан-жақты дәлелдеген. М.Жұбанованың еңбегі – ойшыл-ғалымның педагогикалық мұрасын зерттеп-тануға бағыт-бағдар беретін, тілшінің лингводидактикалық көзқарастарын саралап көрсеткен, жаңашыл

пікірлерін талдап түсіндірген, ана тілін сапалы оқытуға игі өсер ететін өзіндік ізденістерін баянdap-бағалаған, ғалым мұрасының тың беттерін ашқан, педагогика іліміне үлес болып қосылатын еңбек.

Автор 2012 жылы жарық көрген «Ұлттық тәрбие тағылымы» атты кітабында да ғалым еңбектеріндегі ұлттық тәрбие тарихын тануға жөн сілтейтін фактілер мен тұжырымдарға ғылыми-танымдық талдау жасайды. Мысалы, автор «Қ.Жұбановтың «Төңкеріс және қазақ халқының ұлт тілі» атты еңбегі қазақ қоғамының ұлттық тәрбиеден көздеген: 1) ұрпағына соғыс өнерін үйрету; 2) елі мен жерін бірігіп қорғау мақсатымен патриоттықта тәрбиелу; 3) адамгершілікке тәрбиелу; 4) қоғам мүшелерін татуулықта тәрбиелу; 5) қонаққаде, алтыбақан т.б. өнер сайыстарына үйрету сияқты мақсат-міндеттін ашып береді» дейді (134). Демек, Қ.Жұбановтың педагогикалық қызметінің, әдіскерлік дарынының тамыры ұлттық тәрбиеде жатқандығын аңғарамыз.

«Қ.Жұбанов және қазақ тілі пәнін оқыту мәселелері» атты мақаласында К.Жаманбаева «Құдайберген Жұбановтың жалпы қазақ тіл білімі бойынша программа мен методика мәселелері бойынша зерттеулерінде келтірілген, бүгінде ұлт мектептерінің концепциясы мен пән концепциясы үшін маңызы бар» мынадай бағыттарға тоқталады: біріншіден, ғалым үнемі шын мәніндегі тіл табиғатын, болмысын танытуға көніл бөледі; екіншіден, тіл категорияларын жаттанды оқытпай, тіл табиғатын, болмысын таныта оқытуға, категорияның сырын түсіндіруге көніл бөледі; үшіншіден, білімнің бірізділігі, принциптілігі туралы тұжырымдайды; төртіншіден, білім жүйесін оқушылардың жас ерекшелігіне сай ұсына білген (135).

«Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулығында балаларға тілдік құбылыстарды үйретуде профессор Қ.Жұбановтың өзіне тән ерекше әдісі байқалады. Ғалымның тілді (морфология мен синтаксисті) оқытудағы мұндай ерекшелігі туралы педагогика ғылымдарының кандидаты Мұслима Құдайбергенқызы Жұбанова былай деп ой толғайды: «Біздің топшылауымызша, автордың морфологияны оқытпастан бұрын баланы сөйлем жүйесінен хабардар етуі оның тағы да сол мағынаны түсінуіне қажетті білім беруге тиісті дайындық сатысынан өткізіп формализмнен сақтандыру мақсатынан туған тәрізді. Өйткені морфологиялық тұлғалар мен қатынастарды өз алдына бөлек түсіндіруге келмейді, олар негізінен сөйлем ішінде танылады ғой. Сондықтан автор бұл жерде де жасанды схемаға салмай, тілдің табиғи өз жүйесін сақтап оқытуды көздегені байқалады» (134, 19). Алғашқы ғылыми оқулықтардың бірі саналатын бұл еңбекте негізінен тілдің табиғатын таныту көзделсе, екінші жағынан, балаға тілдік ерекшеліктерді екшеп үйрету міндеті де шынайы қойылған.

Үстаз-ғалым Қ.Жұбанов лингводидактиканың әдіснамалық негіздерін психология ілімімен тығыз байланыста қарастырады. Оның «Сөйлем дегеніміз бұрын логика сөйлеміне, психология коммуникациясына тұра келетін, сөзбен айтылған лебіз болатын (аяқталған ойды білдіретін сөздер)», «Бір сөздің өзін қандай көнілмен айтуымызға қарай, әртүрлі сөзбен

айта аламыз», – деген ой-тұжырымдары тіл білімінің салалары мен жеке нысаналарын менгеру үшін «адамның жанын қарайтын ғылымға» дең қою керектігіне назар аудартады.

Оқу үрдісін оқушының танымы мен қабілетіне қарай ұйымдастыру жайына барынша мән беруі де әдіскердің педагогикалық психологияны жетік білгеніне дәлел болады. Мысалы, тілші-педагог: «*Бұын жүйесін жақсы білмей тұрып, ана тілі сабагын басқаруга болмайды...», «Бұынды жіктеу, оның формулаларын беру – бастауыш мектепке ауыр келетін жұмыс. Бұынды жүйелі түрде топтастырып айыру бесінші жылда ғана мүмкін. Соның үшін әзірге мұғалімнің міндеті – программадағы мөлшерден озбай, бұын жайын қате ұқтырмай, дұрыс түсіндіре, барды бақылатта отырып, бірте-бірте жүйелі түрде әкеліп сала білу керек», – дейді. Осы орайда оқытуудың әдіс-тәсілдеріне қатысты пікірлері де оның оку үдерісінің түпкі мақсатын дәл анықтап, көре білетін ғалымдық парасат-пайымын айқындаі түседі.*

Дидактиканың жүйелілік пен сабактастық принципі жүйеге келтірілген білімдер негізімен қаруландыру, мұғалім жұмысының жүйесін, оқушылардың тиісті іс-әрекетін айқындауды. Осылан орай, қазақ тілінің программасына да, оқу құралына да ана тілі сабағының емле, грамматика тарауларын оқытуда талап қойылады, оларды «*балаларға түсіндіріп өту керек, әйтпесе ана тілі сабагынан нәтиже шықпақшы емес*» деп, Қ.Жұбанов оқытуда кететін қателік баланың біліміне өмірлік нұқсан келтіретінін, оның үстіне тіл ілімінің жетілуіне үлкен кесел екенін мұғалімдер зердесіне салады (136).

Қ.Жұбановтың лингводидактикалық және әдістемелік көзқарастарын зерделеп қарағанда ерекше мән беретін басты мәселе ретінде тіл теориясы мен әдістеме теориясын ұштастыруға мән беріп, ана тілін жетік білгізу мен сауаттылықты қалыптастырудың алғышарттарын дәл танып, айтып қана қоймай, сұрыптаپ түсіндіріп беруі де – ғалымның бұл саланы терең менгергенінің дәлелі. Мысалы, ол XX ғасырдың 20-жылдарының өзінде-ақ тілді менгеруде кешендік амал-тәсілдердің ұтымдылығы туралы ой түйіндейді. Соның ішінде барлық білімді менгерудің кілтін ұстаратын ана тілін менгертуудің маңызына айрықша тоқталады. Әдіскер-педагог: «*Қандай болмасын ғылым, ең алдымен, адамзатқа пайдалы ілім болу керек. Адамзатқа қажет ілім тіл арқылы беріледі, сондықтан тілді оқытуغا ерекше көңіл бөліну керек. Тіл құбылыстарын жалаң түр жағын ғана зерттеумен біліп болмайды... Әр нәрсенің, әр құбылыстың да әлденеше қыры, сыры, сипаты болмақ. Дұрыс білім – сол қыры, сыры, сипатының бәрін болмаганмен, барлығын түгел қамтып болмайды, ұшы-қыры көп, көбін, негізділерін көрсетіп бере алumen ғана табылмақ», – дейді. Осы мақсатқа жетудің барынша тиімді әдіс-тәсілдерін да саралап береді.*

Әдіскер-ғалым Қ.Жұбанов еңбектеріндегі тұжырымдарға зер салсақ, ол ұсынған тиімді әдістердің қатарында түйінді мәселеге көңіл аудару, сөзбен суреттейу, көрнекілік, өмірге үңілдіру, еңбек процесімен байланыс, жүйелі

оіға төсөлдіру, оқушының алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету т.б. – бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық беріліп отырған іздендіре, дамыта оқытуудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырылып жүрген таным процесі – өмірге үңілдіру; проблеманы оқыту – оқушы алдында проблема қоя оқыту; пәнаралық байланыс – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; дамыта оқыту – жүйелі ойға төсөлдіру; тіл дамыту – сөзбен суреттеп көрсетудің т.б. негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді. Осының өзі де тілші-ғалымның әдістемелік көзқарасы мен жасаған түйіндерінің өміршендігін дәлелдейді.

Профессор-педагогтың педагогикалық мұраларын сөз еткенде басты назар аударатын мәселенің тағы бірі – оқу, оқыту үдерісінің сапасын арттырудың алғышарты ретінде оны оқулықпен қамтамасыз етудің жолдарын қарастыруы, оқулық жасаудың ғылыми негіздерін іс жүзіне асырып, үлгісін көрсете білуі. Мектеп оқулықтарын жазуға атсалыса отырып, ғалымның тілді менгертуде оның қоғамдық-әлеуметтік мәніне баса көңіл бөлгенін көреміз. Ғалымның тілдің теориясы мен қолданысын қатар игертудің жүйесін танытарың қадамдар жасалған оқулықтарындағы идеялар қазір де өміршендігін жоймай отыр.

Әдіскер-тілшінің педагогикалық мұрасының тағы бір ерекшелігі – білім сапасын көтеру мақсатында оқу-әдістемелік кешенін қажет екенін сол кездің өзінде-ақ біліп, оқу құралдары мен әдістемелік құралдарды бірге дайындауға ден қоюы. Педагог-ғалым «Қазақ тілінің программасы» (1936), «Қазақ тілінің грамматикасы» (1936), «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» (1937) т.б. еңбектерінде қазақ тіліне қатысты ғылыми-теориялық тұжырымдарын ұсынумен қатар, осы ғылыми ой-тұжырымдарын қалай түсіну керек, оларды қандай амал-тәсілдерді қолданып оқыту тиімді, тілдік материалдарды игеруге байланысты негізгі ұстанымдар қандай болуы керек деген сияқты сұрақтарға жауап бере отырып, қазақ тілін менгертудің тұтас оқу-әдістемелік, ғылыми-практикалық кешенін дайындалап, талдап жазып шықты.

Қ.Жұбановтың лингводидактика ілімімен байланысты ой-пікірлерінде оның шынайы маман екенін дәлелдейтін басты көрсеткіш ретінде ғалымның психология, педагогика, лингвистика ғылымдарын тең менгергенін атауға болады. Мәселен, ол тілді дұрыс оқыту, білім беру мен оқытуудың негізгі олардың аражігін ажыратып, әрқайсысына лайықты критерийлерді дәл сұрыптаپ ала білуде деп тұжырымдайды. Осы ретте тілші-ғалым көп еңбектерге талдау жасай келіп былай дейді: «*Оқушылар мен оқытуышыларды шыргалаңға салғымыз келмеді. Сондықтан тұрлаусыз мүшелерді тоptастырганда, соқырға таяқ ұстаптқандай анық критерий беру керек болады*».

Ұстаз-ғалым Қ.Жұбановтың педагогикалық мұрасының басты өзегі – сапалы да терең білім беру, оның тиімді жолдарын тынбай іздеу, үғымды

әдіс-тәсілдерді сабак сайын үзбей бірізділікпен қолдану. «*Тілді менгеру тек біржасқты емес, тұтас, жүйелі түрде болу керек*», – деген ғалым-әдіскердің пікірі оның педагогикалық көзқарасын нақтылай түседі. Бұл тұжырым қазіргі таңда кең қолданыс тауып отырған *окыту технологиясымен* тығыз ұштасып жатқаны даусыз. Өйткені инновациялық технологиялардың түпкі мәні де, олардың дәстүрлі білім беру жүйесінен өзгешелігі де оның осы бітім тұтастығы мен ішкі мазмұн бірлігінің беріктігінен көрінеді. Сондықтан да тілдің жүйелілігіне ерекше ден қоюды қалай отырып, ғалымның айрықша сөз еткен мәселесінің бірі – технология. Бұл проблеманың соңғы жылдарда терминдік тұрғыдан да, мазмұндық-сапалық тұрғыдан да айрықша өзекті болып отырғаны барша қауымға аян. Қ.Жұбановтың ойшыл-философиялық тұлғасын осы мәселеге қатысты айтылған тұжырымдары нақтылы дәлелдейді. Мысалы, ғалым: «*Бұгіндегі біз біліп, көріп жүрген тілдердің жетіскең, өте игерілген тілдер болушылығы – бұгіндегі еңбек техникасының өркендерегенінен әр нәрсеге технология көзімен қарауышылығымыз*», – деп, тілдерді менгерудегі технологияның, яғни еңбек арқылы жинақталған тиімді амал-тәсілдерді кешенді қолданудың рөлін жоғары бағалайды. Ал келесі бір пікірінде әдіскер-ғалым: «*Бұгіндегі біздің жазу техникамыз да осы технологияшыл дүниетану жемісінің бірі. Жазу үйренгенде біз бірден сөздерді, сөйлемдерді жазып үйренбейміз, әрбір дыбысқа өз алдына таңба (әріп) белгілеп, сол таңбаларды жазуға, олардың дыбыстық мәндерін айыруға үйретіп аламыз да, содан кейін барып қана сол жеке дыбыс белгілерін қостырып, жалгатып, сөз, сөйлем құрастырамыз*», – дей келіп, технологияны дүниетанымның бір кілті ретінде атап көрсетеді. Бұл ойдың өміршенідігін, шындығын қазіргі XXI ғасырдың ғылыми мен ілімінің дамуы дәлелдеп отыр.

Жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдарында тілді ғылым тұрғысынан зерттеу ісі оны оқытудың практикалық мәселелерімен ұштастыра жүргізу талабын қойды. Сол кездегі алдыңғы қатарлы орыс және шетел ғалымдарының педагогика, психология жайындағы еңбектермен жақсы таныс, физиология мен рефлексологиядан хабары мол, өзі мектептің ең тәменгі басқышынан бастап педтехникумға дейін сабак беріп ысылған, жоғары мектепте лекция оқыған ұстаз замана талабын абыраймен орындашығады. Қ.Жұбанов өзінің филологиялық зерттеулерінде ғылыми тұжырымдарының мектеп мұғалімдері үшін де түсінікті болуын және мектептегі оқыту ісіне ғылым тұрғысынан жедел көмек көрсету жағын ескеріп отырған.

Қ.Жұбанов өзінің 5-6-сыныптарға арнап жазған «Қазақ тілі грамматикасын» 1936 жылы бастырып шығарады. Оның осы кітапты қалай пайдалану керектігі жайында арнайы әдістемелік нұсқау жазып, оны баспаға бергені де мәлім. Бірақ 1937 жылы ғалым репрессияға ұшырағанда аталған әдістемелік құрал жарыққа шығып үлгірмей, тәркіленген.

Өзінің «жаңа» грамматикасын жасауда Қ.Жұбанов грек-латын мәдениетінен басталып, Еуропаға, орыс жеріне, араб, парсы және түркі тілді елдерге тараған грамматикалардың дайын үлгісін пайдаланбайды. Педагогика, психология, физиология және философия ғылымдарымен қаруланған, ана тілінің жай-жапсарын жақсы білген ол қазақ тілі грамматикасын жазу үшін жаңа жол іздейді. Бұл сапарда оның ұстанған бағыты қазақ тілі грамматикасының үлгісі мен жүйесін сол тілдің өзіндік ерекшелігінен іздеу болған. Ғалым педагогика мен дидактиканың принциптері мен әдіс-тәсілдерін іріктең келіп, олардың ішінен нақ қазақ тіліне ғана тиімділерін таңдап алғып, соларға сай дидактикалық принциптерді белгілейді. Мұның өзі қазақ тілінің әдістемесін жүйелеуге қажетті баға жетпес жаңалық болатын. Сондықтан бұл грамматика оқулық жасаумен шүғылданушы авторларға, әдіскер-ғалымдарға құні бүгінге дейін үлгі-жоба ретінде елеулі пайда тигізе алары хақ. Қ.Жұбанов өзінің грамматикасында *ғылыми, жүйелі, бірізді, белгіліден белгісізге, женеңлденеуырга қарай жетелейтін түсінікті, саналы, берік игерілетін болсын* деген оқыту принциптерін жүзеге асырмақ болған, *индукция-дедукция* әдістерін шебер пайдаланған. Ал ғалымның өзіне ғана тән ізденгіштік қасиет жаңа білімді *өткен білімнің үстіне жылдастыра қондыру, бүтіннен бастап бөлишекте қарай тереңдему, ұтымды салыстыру, көрнекі баяндау* әдістерін дүниеге келтіреді. Грамматиканың жүйесі арқылы да ол берілетін *білімнің жаттанды болмай саналы, берік болуын, тіл табиғатымен ұштастыра* отыруын қарастырады.

Құдайберген Жұбанов мектеп мұғалімдеріне көмек көрсетуді еki түрлі жолмен жүзеге асыру қажет деген, бірі – тікелей мектепке келіп көмектесу, екіншісі – хат-хабар арқылы көмектесу немесе аулақтан оқыту. Аулақтан оқыту немесе дистанциялық оқыту әдісі – қазіргі заман талабы. Дистанциялық оқытудың мынадай мүмкіндіктері бар:

1. Педагогикалық кадрлардың білім дәрежесін көтеру және сырттай оқыту жүйесін ұйымдастыру;

2. Эртүрлі мектептердегі, аймактардағы әр алуан елдердегі ғылыми және оқу орталықтарының оқушыларын, мұғалімдерін, студенттерін жан-жақты біріккен зерттеу жұмыстарына ұйымдастыру;

3. Білімді өз бетінше менгеруге көмектеседі.

Әдіскер өз заманындағы педагогикалық ой-пікірден біраз алға кетіп, мұғалімнің оқушыға білім беріп қана қоймай, оны тұлғалық жағынан қалыптастыруышы екендігін де атап көрсетті. Ал оқушыны тұлғалық жағынан қалыптастыру мен дамыту қазіргі оқыту технологияларының басты мақсаты екені белгілі.

Қазіргі педагогика теориясы жаңашылдыққа бет бұрып, білім беру мазмұны жаңарып, білім беру құрылымында жаңа технологиялар өмірге келді, дамыта оқыту жүйесі енгізілді. Оның негізгі шарты – оқушының ақыл-онын тәрбиелуе, баланы өмірге үңілдіру, оны өз бетімен білімін толықтыра алатын дәрежеге жеткізу.

Қазіргі дамыта оқытудың басты идеясын тілші-ғалым Құдайберген Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегінен кездестіруге болады. Көреген ойшыл ғылым-білімге шөліркеп келген қазақ еліне жаңа заманда ойланып оқитын, ізденіп оқитын, ой еңбегін менгерген оқушы тәрбиелейтін жаңа үлгідегі оқулық қажет деп есептеген. Оның грамматикасының басқа оқулықтардан өзге болу себебі де осында. Оқулықbastalғan жерден-ақ оқушыларға ізденіс жолын нұсқайды. Талдау-жинақтау әдісі арқылы тілді зерттең білуді үйретеді. Ал тіл материалдарын сатылап жүйелі ойлау машинына төсөлдіреді. Салыстыру, көрнекілік әдістері өмірдегі құбылыстарға үнілдіреді, болмыс сырına қызықтырады, шәкірттердің білімге деген құштарлығын арттырады, оларды ойланып, ізденіп оқуға жетелейді.

Әдіскер-ғалым Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығынан қазіргі әдіскерлеріміз кең қолданып жүрген *деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту әдісінің* элементтерін байқауға болады. Оқулық құрылымы әр оқушының белгілі бір тақырып бойынша жүйелі білім алуды үшін белгілі бір деңгейдегі тапсырмаларды орындау қажеттілігіне негізделеді. Егер оқушы аз уақыттың ішінде көп тапсырма орындалған үлгерсе, ол оқушының қабілетін, белсенділігін, іскерлігін, ал ұстаздың шеберлігін көрсетеді. Мұндай жұмысты жүзеге асыру үшін мұғалім оқулыққа сүйене отырып, өз сабағын ғылыми түрде ұйымдастыруы керек. Оқытуды ғылыми ұйымдастыра алмаған мұғалім деңгейлік тапсырмаларды да орында алмайды. Оқытушы педагогикалық занұлықтарды неғұрлым жақсы білсе, оқу технологиясының талаптарын да неғұрлым жақсы орындаады. Сөйтіп, деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында жақсы оқитын бала зерікпейді, орташа оқушы бос отырмайды, ал нашар оқитын оқушы бос көшіре бермейді. Бұл әдіс қазақ тілі сабактарында өз дәрежесінде жүргізілсе, жақсы нәтиже беретінін кезінде профессор Қ.Жұбанов атап көрсеткен.

Сонымен қатар, оқулықта қазақ тілінің сөз байлығын менгеру ұлттық дүниетаныммен қатар жүргізіледі. Мысалы, қарны ашып, қазанның қақпағын аша берген баласына анасы: «Ақылды бала қазанның астына қарайды, ақылсыз бала үстіне қарайды», – деген мақал айтып, – баланың алдына проблема қояды. Бұл – түйін. Түйінді дұрыс түсінген бала қазанның астына от жағады, түсінбеген бала қақпағын аша береді. Ал анасының балага өз ақылын тұра айтпай, жсанамалап айту себебі – проблеманы баланың өзіне шешкізу. Олай болса, қазақ тілі сабактарында халқымыздың көп жылдық тәжірибесі мен дүниетанымынан туған мақал-мәтелдер негізінде оқушыларды тауып сөйлеуге баулу, бала алдына проблема қоя білу – Қ.Жұбанов оқулығының ерекшелігі.

Әдіскер-профессор Қ.Жұбанов қазақ тілін оқушы қауымға түсінікті тілмен жеткізе отырып, оның барлық қырын ашып көрсетеді. Ғалым еңбегінің осы күнге дейін өзінің құндылығын жоймай келе жатқанының басты себебі де осында.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Р.С.Рахметова «Құдайберген Жұбанов зерттеулеріндегі жаңа технологияның нышандары» атты мақаласында жаңашыл педагог ғалым Ш.А.Аманашивили мен қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, түркітанушы, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Жұбановтың еңбектерін салыстыра келіп, екі әдіскердің пікірінде де ұқсас тәсілдердің бар екенін айтады. Оқушыға түсіндірілетін материалды оның қабылдауына бейімдеп, сатылы даму принципімен, женілден күрделігे қарай өтумен ұсынылғаны тиімді екені айтылады (137).

Қазақ филологиясының тұнғыш профессоры Құдайберген Куанұлы Жұбановтың ғылыми еңбектерінде ұлттық дидактика мәселелері жүйелі түрде сабактастықпен берілген. Ғалым өзінің зерттеулерінде оқытудың мазмұны, оқудың принциптерін, ұйымдастыру түрлерін, әдіс-тәсілдерді жанжақты қарастырған. 1930-1935 жылдар аралығында жазылған морфология, синтаксис туралы құнды еңбектерінде тілші жоғары оку орындарына арналған бағдарламалар мен оқулықтарды ұлттық дидактика талаптарына сай, оку жылының әр кезеңдеріне арнап жүйелеп берген.

Ғалым-әдіскер мектепте бала ұғымына, жоғары оку орындарында студенттердің түсінігіне лайық женілден ауырға, дарадан күрделігे қарай сатылы түрде сабактастықпен оқыту принциптерінің сақталуын талап еткен.

Қ.Жұбанов еңбектерінде басшылыққа алынған ұстанымдар туралы Мусилима Жұбанова «Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында» атты еңбегінде мынадай пікір айтады: «Оқытудың ұстанымдарын сөз еткенде, Қ.Жұбанов еңбектерінен көзге айқын шалынатындары: *саналылық, жүйелілік, түсініктілік және білімнің беріктігі*. Бұл ұстанымдар бір-бірімен тығыз байланысты. Оқытушы тарарапынан берілетін білім түсінікті болса, оқушы оны саналы түрде менгереді. Жаттанды болмай, саналы түрде игерілген білім уақыт өте келе, тез ұмытылып қалмайтындағы берік те болады. Осы айтылғандар жүзеге асу үшін ғылымның жүйесі мүқият сақталуы, сабактың құрылышы, түсіндіру әдістері, бекіту дұрыс болуы қажет.

Саналы білімнің пайдасы – ол адамның өміріндегі қажетін өтеуге жарайды. Аталған ұстанымдар жүзеге асуы үшін сабакта түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Оқулық соған жағдай жасайды. Біз сөз етіп отырған «Жаңа грамматикадан» осындай ұтымды сәттер айқын байқалады. Демек, мұның өзі – оқулықтың жетістігі деп саналуы қажет».

Профessor-педагог Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис және т.б. салаларына қосқан үлесі өз заманынан озық болуымен қатар, қазіргі кезде де маңызды саналады. Дегенмен, тіл ғылымы жетістіктерінің оқулықтан орын алуды – оқыту ісінің бір ғана жағы. Ал оның екінші жағы – «пәнді дұрыс білім беруге лайықты етіп блоктық принциппен жүйелеу, материалды оқулыққа тиімді орналастыру, көкейге қонымды» етіп ұсына білу шеберлігі». Истің осы екінші жағы дұрыс шешілмейінше, оқыту проблемасы да шешілмек емес. Қ.Жұбанов мұны өте жақсы түсінген. «Оның

қазақ тілін оқыту ісіне қатысты жаңалығы, әдіскер-педагог ретіндегі шеберлігі «Жаңа грамматикасынан» айқын көрінеді. Қазақ тілін оқытудың **сатылы ұстанымы** Қ.Жұбановтың грамматикасы арқылы қазақ мектептеріне түнғыш рет жол тапты. Қ.Жұбанов оқытудың қасаң дормалық жолына қарсы тұрып, білім беру процесінің түсінікті болуына барынша күш салған. Оның грамматикасындағы принциптер мен әдістер іштей өзара тұтаса келіп, сыйыптағы сабақ жұмысының бастан-аяқ түсінікті өтуін камтамасыз етуге бағытталған. Бұл мақсат тек *ереже* арқылы немесе тек мұғалімнің тақырыпты түсіндіруінің *қарапайымдылығы* арқылы орындалмайды», – дейді М.Қ.Жұбанова (133).

Сонымен, саналылық, жүйелілік, білімді бекіту ұстанымдарына сүйенген сабақ жүйесі:

- тақырып пен тақырыпшалардың орналасуы;
- өткен сабақ пен жаңа сабакты ұштастырударғы мұғалімнің қолданған әдіс-тәсілдері, терминдерді, ережелерді түсіндіруі;
- тақырып пен әдістеменің біріне-бірі сәйкес, үндесіп келуі арқылы орындалады.

«Жаңа грамматиканың жаңалығы» деген мақаласында профессор Қ.Жұбанов бұл грамматиканы сатылы ұстанымға сай жазғанын айтады. Автор бұл принципті қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес қолданады да, түсіндіру барысында тілдің заңдылықтарын сатылап береді. Нәтижесінде бір тақырып игеру үшін бірінен-бірі өрбитін бірнеше саты шығады. Осыдан кейін оқулықта талдау мен жинақтау әдістері пайдаланылады. Соған сай тілді тұтас бір бүгін ретінде қарастырып, бүтіннің бөлшегін сатылап таныстыру көзделген. Қ.Жұбанов талдау мен сатылы құрылышты негізге алыш, тақырыпты біртіндеп түсіндіреді. Сөзіміз жалаң болмас үшін оқулыққа жүгінейік. «Сөз бөлшектері» деген тақырыпты түсіндіргендеге ол: «*Сөз ауызекі де сөйленеді, қағазга да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, шағын бір хат болуы да, тек бір кісінің аты болуы да, тіпті бір гана әріп болуы да мүмкін. Осы сияқты, ауызекі сөйленген сөз де ұзақ бір әңгіме, тұтас бір баяндама болуы да, немесе бір-ақ ауыз сөз болып, не бір нәрсенің гана аты, тіпті бір гана дыбыс болуы да мүмкін. Осылардың бәрі де сөз бөлшектері болады*», –дейді.

Сөйтіп, автор оқулықта «сөз бөлшектері» деген жаңа терминді қолданады. Сатылап оқыту ұстанымы оқушыларға бірден ауыр материалды бермей, жеңілден бастауға, қыын деген түсінікті бөліп, біртіндеп түсіндіруді мақсат етеді. Мысалы, тілші оқулықта сөйлем мүшелерінің ішінен алдымен «баяндауышты», содан кейін «бастауышты» табу керек дейді. Оның себебі баяндауыш сөйлем ішінен оңай табылады. Өйткені қазақ тілінде баяндауыштар сөйлемнің аяғында тұрады. Еңәуелі оңай табылатын сөйлем мүшесін анықтаған соң, қыындық туғызатын сөйлем мүшесін соға байланыстырып табуға болады дей келіп, тілші баяндауыштың сөйлемнің сонында келмейтін позицияларына да түсінік бере кетеді. Осы әдіспен түсіндіруді автор: «*Баяндауыштың алдына кім? не?* деген сұрауларды қойып

бастауышты оңай тауып алуға болады», –дейді. Оқушыларға сөйлемнің бастауышын, баяндауышын және айқындауышын менгертіп алғаннан кейін тілші арасына бірнеше тақырып салып, «анықтауыш пен толықтауышты» түсіндірген дұрыс деп есептейді. Оқулыққа үңіле қараған адам оның өн бойынан біріне-бірі жол сілтеп тұрған өтпелі сатыларды көрері даусыз.

Сатылап түсіндіру оқушылардың ойлау жүйесін дамытады, есте сақтау қабілетін арттырады және білімді жүйелі түрде менгеруге көмектеседі. Оқу үдерісі осылайша сатылды ұстанымға негізделіп, ал талдау мен жинақтау әдісі қазақ тілінің өз занылығына сай қолданылса, сабак мақсатына толық жетеді.

Профессор Қ.Жұбанов жай сөйлем түрлерін және құрмалас сөйлемдерді оқыту бағдарламасында олардың әрқайсысына сағат бөліп, тыныс белгілерін де бірге үйретуді көздейді.

Қ.Жұбанов құрделі сөзжасам тәсілдерін ғылыми түрғыдан негізден қана қоймай, оқушыларға түсінікті қабылдату үшін сөздердің қурделену қағидаты туралы оқытушы басшылыққа алатын әдістемелік нұсқау береді, ережелерін түсіндіреді.

Оқыту барысында салыстырудың тигізер пайдасы мол екендігі ақиқат. Біз сөзетіп отырған оқулықта *салыстыру әдісі* молынан және ұтымды пайдаланылған. Бұл әдіс, әсіресе, оқулықтың алғашқы білімдерінде көрініс тапқан. Ғалым «сөз бөлшектері» деген тақырыпшаны түсіндіруде: «*Сөз бөлшектерінің кітап, әңгіме сияқты ірілері болсын, әріп, дыбыс сияқты ұсақтары болсын, қай-қайсысы да, бітулі киімдей айналасы көмкерілген бір бүтін нарсе. Сөйтіе тұра, бұлардың бүтіндігі біртұтас, сом бүтіндік емес; киімнің өңір, шабу, артқы бой, жең, жаға бөлшектерден құралатыны сияқты, әр бөлшектердің өзінің ішкі бөлшектері бар; әрқайсысы сол ішкі бөлшектерден қыындалып, құралып барып жасалады», –дейді. Автор одан әрі сөз бөлшектерінің бірігуін де салыстыра көрсетеді. Оқушыларды өмірге, еңбек үдерісіне үңілдіре отырып, күнде көріпжүрген немесе көруге, бақылауға болатын мысалдарға жүгіне отырып, олардың тіл құрылымдарын (сөздерден сөйлем; дыбыстардан сөз құралатынын) түсініп, менгерулеріне жол ашады. Ал, *сөз бұйымы* мен *сөз материалы* туралы түсінік берместен бұрын, жалпы «бұйым» және «материал» деген ұғымдардың ара жігін ашып береді. «*Тігіліп біткен киім, тоқылып шыққан өрмек, иіріліп болған жіп сияқты, сол күйінде адам керегіне жараплық болып жасалған затты бұйымдейміз. Бұйым жасауға керекті затты материал дейміз*», –деп бір түйеді де, «үй» деген *бұйымды* жасау үшін қажетті материалдарды санап береді. Одан кейін әрбір *бұйым шикізаттан* ғана жасалып қоймай, бір *бұйымның* екінші *бұйымга* материал да болатынын айтады. *Жұн, жібек, мақта, кендерден жіп* жасалатынын, *жіп* деген материалдан *өрмек тоқылатынын, өрмектен* шыққан матадан *киім* тігілетінін тәптіштеп, біртінде түсіндіреді. Мақсаты – салыстыру арқылы сөз бөлшектерінің «шикізат емес», «бұйым» екенін түсіндіру. Сөйтіп, ол «*сөз бұйымдарының бірі біріне материал болады. Сөз бөлшектерінің әрбір ірісі –өзіне тете ұсағынан жасалған бұйым, әрбір ұсағы – өзіне тете ірісін жасайтын**

*материал», – деп бірде талдап, бірде жинақтап ойын қорыту жолымен **сөздің, сөйлемнің, сөйлеудің** ішкі құрылсынын, бірінен-бірі жасалатынын тұрмыстан алынған нақты мысалдармен салыстыра түсіндіреді. Бұдан әрі ғалым-ұстаз **сөзді, сөйлемді** т.б. дұрыс құрай білу үшін шекірттерге олардың сыр-сипатын білгізу шарт дейді. Осыған орай ол оқулықта тағы бір салыстыру береді. Бұл жолы да автор грамматикалық құбылыстарды білгізуді өмірдегі еңбек үдерісімен салғастыра бақылатудан бастайды. «*Бұйымды дұрыс жасап шығу үшін оның қалай жасалатынын, оның қандай материалдан жасалатынын, ол материалдың сыр-сипатын білу керек. Темірден құрап жасайтын да, агастан құрап жасайтын да бұйымдар бола береді. Темірді пісіріп, агашты желімдеп ұстаратамыз. Темірді агашиша желімдеп; агашты темірше пісіріп ұстаратын болсақ, материалдардың сыр-сипатын, қалай құрастыру әдісін білмегеніміз болады*», –дейді профессор Қ.Жұбанов. Айқын да көрнекі мысал. Оқушыларды ойландырып, олардың санасында із қалдырлықтай! Материалдың сыр-сипатын білмеген адам «темірді желімдеп, агашты пісіріп дегендей» теріс әрекет жасайтыны оқушыларды ойлантып, қолындағы материалдың тегіне үңіле қарауға мәжбүр етеді. Сайып келгенде, бұндай салыстыру оларды сөздің сыр-сипатына баса назар аударуға жетелейді. Ғалым-педагог: «*Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де, оның жасалу жолын материалының сыр-сипатын білу керек. Білмесе, мұнда да темірді желімдеп, агашты пісіргендей нәтиже шыға береді*», – деп, түпкі мақсатын салыстыру арқылы жеткізеді. Осылайша тілдің зандаулықтарын өмірмен өзектестіре ойланып түсінген оқушылар грамматиканың фонетика, морфология, синтаксис салаларындағы материалдарын оңай менгереді деп есептеген автор. Салыстыру әдісі тек бірінші бөліммен ғана шектелмейді. Автор қажет деп тапқан жерде үйлесіміне қарай салыстыру әдісін грамматиканың басқа бөлімдеріне де пайдаланады. Мысалы, сөйлем мүшелерін өтіп жатқанда барлық (тұрлаулы, тұрлаусыз) мүшелері түгел сөйлемді басы, аяғы, қолы, дене мүшелері түгел адаммен салыстырады. Ал бір ғана сөзден тұратын сөйлемді қол-аяғы жок, домалақ денемен салыстырады. Грамматиканың фонетика бөлімінде тіл дыбыстарының пайда болуын әр түрлі музыкалық аспаптардың үн шығару қасиетімен қатар қойып, өзара ұқсастырады. Табигаттағы дыбыс деген ұғымды арбаның салдырымен және т.б. салыстыра түсіндіреді. Жоғарыда айтЫЛғандай, салыстырудың мақсаты – оқушылардың ойына із қалдыру: көрінбейтін құбылысты көрнекі ету. Демек, оқулықта келтірілген бұл салыстырулар көрнекілік әдістің де қызметін атқарады.*

Адам өзін қоршаған дүниені *көру, есту, дәм мен иісті сезу, түйсіну* т.б. сыртқы әсерлердің көмегімен таниды. Бала психикасының зандаулықтарын жақсы білген ұстаз грамматиканың әр тақырыбын әсерлі баянdap, оқушының есту сезімдеріне әсер етеді. Өмірден мысал келтіріп, оқушыларға бұрыннан таныс іс-тәжірибелерді қайтадан іске қосады. Дерексіз ұғымды деректі әрекеттермен салыстыру арқылы баланың ойын жандандырады. Сөйтіп, оқушы кітаптағы сөзбен бейнеленген әсерлі суреттерді ой-көзімен көреді.

Ұстаз-ғалым Қ.Жұбанов талдау мен жинақтауды өз ғрамматикасында сатылық ұстаныммен шебер үштастырады да, содан әрі шәкірттерге қазақ тілін оқытуға қажетті басқа да әдіс-тәсілдерді іздестіреді.

Педагог-әдіскер Қ.Жұбановтың «Жаңа грамматика» оқулығында әдістің мынадай түрлері көрсетілген:

1. *Баяндау әдіси.*
2. *Түйінді мәселеге көңіл аудара түсіндіру әдіси.*
3. *Салыстыру әдіси.*
4. *Сөзбен суреттеп көрсету.*
5. *Көрнекілік әдіси.*
6. *Оқуды еңбек процесімен байланыстыру.*
7. *Пәнаралық байланыс.*
8. *Проблема қоя оқыту.*
9. *Жүйелі ойга төсөлдіру.*
10. *Өмірмен байланыстыру әдіси.*

Профессор Қ.Жұбановтың әдістемелік еңбектерінің қай-қайсысынан болса да заман талабынан туған жаңалықтар мен ғылыми дәлелденген пайырмаударды аңғаруға болады. Мысалы, ғалымның «Ауыл мектебінің» 1934 жылғы 4-ші санында жарияланған «II жартыжылдықта әдістемелік бірлестіктер мен үйірмелерде қарастырылатын әдістеме және бағдарлама проблемалары» қазір де өзекті болып табылады. Мұнда педагог әр деңгейлі мектептердің оқу бағдарламаларын негізге ала отырып, мұғалімдерге арналған курстар ашудың маңыздылығын айтады. Сөйтіп сабактың апталық, айлық, циклдік т.б. тақырыптарын белгілеп, конспектілерін, жоспарларын және тезистік сыйбаларын беру керектігін ескертеді. Сабак үстінде оқулықты ғана пайдаланып қоймай, дидактикалық материалдарды, оқу-әдістемелік құралдарын қолданудың тиімділігіне басты назар аударады. Сондай-ақ Қ.Жұбанов сабактарды талдауды дағдыға айналдыру қажеттілігін айта отырып, талдау барысында мұғалім жетістіктерімен қатар кемшіліктері де көрсетілуі керек дейді. Бұл өз кезегінде мұғалімнің оқытудың тиімді әдістерін таңдап алуды мүмкіндік береді. Бұл екі мақсатты көздейді, біріншіден, мұғалім күшін нақты тақырып бойынша белгілі бір сабакты үйимдастыруға қажетті педагогикалық тәсілдерді іздеуге жұмылдырса, екіншіден, жалпы бағдарламалық материалдар ішінен бірінші жартыжылдықта өткен сабактардың ең таңдаулысын табуға көмектеседі. Бұл мұғалімге баланың бұған дейінгі және осы күнгі білімі арасындағы байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Бірақ әдіскер бұл жерде материалды ірі блок түрінде түсіндіруге болмайтындығын, себебі оның тақырыпты дұрыс түсінуге мүмкіндік бермейтінін атап айтады. Сөйтіп ғалым-ұстаз әр сабакта белгілі бір бөлімнің бөлшегін үйрету керек дейді. Бұл үшін алдын ала бағдарлама мен оқулықтарға сай кезекті сабактың мазмұны мен құрылымы анықталады, тақырыпты жеткізуғе онтайлы әдістер қарастырылады. Мұнан кейін практикалық жаттығу түрлері тындалады, өз

бетімен орындалатын жұмыс түрлері қарастырылып, сабақтың әртүрлі элементтерінің өзара байланысты болуы көзделеді.

Педагог Қ.Жұбанов әдістемелік бірлестік мәжілістерінің құн тәртібіне оқуға деген практикалық дағдыны қалыптастыруға арналған жұмыс түрлерін, қоршаған ортаны ауызша суреттеп беруге үйрету әдістемесін жетілдіру мәселесін, бала тіліндегі кемістіктерді жою, ана тілі дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету проблемасын, оқушының жазу қабілетін жетілдіруге арналған жұмыс түрлерін талдауды ұсынады және бұл жұмыстарды жүзеге асырудың нақты жолдарын мензейді. Мұның бәрі ғалым ұсынған проблемалардың соңғы кездері қолданысқа енген сөйлесім әрекетінің бес түрі арқылы (*оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым, тілдесім*) тілдік қатынасқа қол жеткізу проблемасымен өзектес екенін көрсетеді. Шынында да, бұдан ғалымның сол заманың өзінде-ақ қазақ тілін меңгеруде грамматикалық ұғымдарды түсіндірумен қатар, дұрыс оку, оқығанның мазмұнын жеткізе білу, көргенін ауызша айта білу және жазу қабілетін жетілдіру сияқты практикалық дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығын алдыңғы орынға қойғаны көрінеді.

Әдіскер-ғалымның мұғалімдер мен ағарту саласы қызметкерлеріне жанжақты әдістемелік жол сілтеуі атақты «Жанғазыға хатында» да анық көрінеді. Сабақтың сәтті немесе сәтсіз өтуі мұғалім қолданған әдіс-тәсілдерге де байланысты екенін Қ.Жұбанов жақсы түсінген. Ғалым Ж.Жолаевқа жазған хатында: «*Оңай болу мен қыын болу кітаптан болмай, мұғалімнен де болып қалады*», – деп, бұл пікірін әрі қарай терендете түседі. Оқыту кілті – шеберлікті деген байлам жасайды. Ол: «*Неден бастадың? Неден улгі алдың? Қалай аяқтадың? Қалай жаттықтырдың?*» деген сұрақтар қоя отырып, мұғалім қолданған әдістерге үлкен мән береді. Ұстаздың сабак барысында кездестірген қындықтарын соған сәйкес анықтамақ болады. Егер ұстаздың сабак түсіндірудегі әдістері дұрыс болса, онда олқылықты оқулықтан іздеу керек дейді.

Ғалым-ұстаз ұсынған амал-тәсілдер мен әдістемелік ұғымдар қазіргі оқыту үрдісінде орын алған ұғымдармен үндес келеді. Мәселен,

- қазіргі **тaным** үдерісі – тілші айтқан **өмірге үнілдіру**;
- **проблемалы оқыту** – оқушы алдында проблема қоя оқыту;
- **пәнаралық байланыс** – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету;
- **дамыта оқыту** – жүйелі ойға төсөлдіру;
- **тіл дамыту** – сөзбен суреттеп көрсетудің т.б. негізгі бағдарымен сәйкес келеді.

Қ.Жұбановтың бұл әдістемелік көзқарастарында қазіргі таңда қолданылып жүрген танымдық та, коммуникативтік те, ақпараттық та құзыреттіліктерді қалыптастырудың бастамасы жатқанын аңғару қыын емес. Олай болса, соңғы кездері айтылып, жиі қолданылып жүрген әдістемелік әдіс-тәсілдердің тамыры теренде екенін профессор Қ.Жұбановтың ғылыми-әдістемелік мұралары дәлелдеп отыр. Оқытудың алдыңғы қатарлы әдістерін

пайдалану қай кезде де оқу үдерісін ізгілендіру талаптарын жүзеге асыруға, оқушыларды оқу әрекетін өз бетімен жоспарлауға, өзін-өзі бақылауға және толықтыруға үйретеді.

Құдайберген Жұбанов сынды әмбебап ғалымның, алып ойшылдың оқыту ісіне байланысты лингводидактикалық және әдістемелік тұжырымдарын тиянақтап, жүйелеу, оның еңбектеріндегі өміршең идеяларды жаңа уақыт тұрғысынан зерделеп, таныту қазіргі заман талабына лайық ұлт зиялышары қалыптастырған қағидаларды қайта жаңғыртып қолдану бағытындағы ұтымды жол болып табылады. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарап ол», – деп Абай айтқандай, даналығымен даралығын танытқан, терендігімен тұшымды тұжырым жасаған, ұлтының болашағын тәрбиелеуге қатысты қарымды да құнды ой қалдырған Құдайберген Жұбановтың педагогикалық еңбектерін зерделеу нәтижесінде ұлттық педагогика ғылыминың қазынасы одан сайын толыға берері даусыз.

Тәлімгер тілмаш **(К.Жұбановтың аудармашылық өнері мен аударма туралы** **ой-пікірлері жайында)**

Професор К.Жұбановтың ғылыми жүртшылық назарынан тыс қалып келе жатқан тағы бір қыры – оның *аудармашылық өнері* мен *аударма жайындағы ой-пікірлері*. Ол бұл саламен табиғи мұқтаждық салдарынан айналысты. Тілдерді салыстыра қарастыру арқылы бір тілден екінші тілге аударуда оның асқан талантты байқалады. Ғалым құрылымы бөлек тілдердің семантикалық айшықтарын бірінен екіншісіне аударуда өзінің айрықша қабілетін танытады. Жоғарыда сөз болған «Бюллетеньде» жарияланған мақалалары ұдайы екі тілде жазылған. Осының өзінен-ақ оның аудару шеберлігін байқауға болады.

Ғалымның алғашқы аудармасы есебінде К.К.Юдахиннің 1929 жылы Қызылордада өткен қазақ тілі бойынша орфографияға байланысты ғылыми конференцияда сөйлеген сөзін аударуын айтуда болады.

К.Жұбановтың аудармашылық қызметі жайлы белгілі әдебиет маманы, профессор Б.Шалабаев өзінің 30-шы жылдары В.Г.Короленконың «Без языка» деген повесін аударғанын, оны баспағерлер ұнатпай, аудармашыға қайтарғанын айтады. Мұны білген профессор баспамен өзі байланыс жасап, аударманы әдеби өңдеуді өз міндетіне алатын болып келіседі. Сөйтіп аударманы түгел қайта өндеп, «Тілсіз» деген атпен баспадан шығартады.

Зерттеуші А.К.Бақытжанова өзінің «К.Жұбанов және аударманың лексика-семантикалық проблемалары» атты мақаласында ғалым-аудармашы К.Жұбановтың бірқатар аудармаларына тоқталып өтеді. Ол өз кезегінде: «С.Аманжоловтың «О языке перевода классиков марксизма-ленинизма» атты мақаласына берген редакторлық түзетулерінен, «Головокружение от успехов» атты Сталин мақаласының аудармасына қатысты

рецензияларындағы аударманың лингвистикалық мәселелерін сөз етіп талқылағандығын көреміз» – дейді де, «Қ.Жұбанов С.Аманжоловтың жоғарыда аталған мақаласына берген түзетулерінде академик А.Н.Самойловичтің «Коммунистік манифест» аудармасына берген рецензияларына мынадай қарсы пікір айтады. *«Нельзя считать справедливым все замечания академика А.Н.Самойловича /.../. В 1925 году, когда впервые был переведен «Коммунистический манифест», число казахов, изучающих иностранные языки /русский язык для казахов не есть иностранный/, по крайней мере из тех, на кого расчитан перевод, равнялось чуть ли не нулю. При таком положении вещей соблюдение буквальной точности в отношении слов «иностранных языков» сделало бы перевод менее понятным, чем при наличной, я бы сказал, удачной замене этого примера»*, – дей келе, «Қ.Жұбановтың бұл пікірінен біз профессордың аудару барысында буквализмге (әріпқойлық) ұшырамай, ұтымды жол табуды нұсқағанын көре аламыз», – деген ойын білдіреді (138).

Аудару барысында Қ.Жұбановтың тілдердің ұлттық табиғатына мұқият мән бергені байқалады. Оның тікелей аудармаға қатысы жоқ ізденистерінің өзінде де сөйлем құрау мәселесінде ылғи да өзге тілдердің материалдарымен салғастыра қарап отырғаны қызық. Әсіресе оның қазақ тіліндегі сөз тіркесімділігі жайында жасаған талдауы көңіл аударарлық. Әдетте қазақ тілі агглютинативті тілдер қатарына жататындықтан, ондағы сөзжасам түрлері жалғаулар көмегімен жасалады дейтін ұғым қалыптасқан ғой. Қ.Жұбановтың «Жалғамалы тілдер тек жалғамалылықпен ғана шектелмейді» деп керісінше түйін жасайды. Оның ойынша, бұл мәселеде қазақ тілінің сөз тіркесімділігі айрықша рөл атқарады. Оған мысал ретінде *Сен көрген қымбат алпауыттан да қызыл құрт Ертай ұстаның Темірбайдан алған торы бесті аты жақсы* деген 15 сөзден тұратын сөйлемді талдап көрсетеді. Осындағы 15 сөздің үшеуінде ғана сөз тудыруши қосымша бар да, қалған 12-сі түбір сөз болып келеді. Сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстыра отырып, түрлі тіркесім жасауға болатынын, сол арқылы жаңа мағыналық өзгерістер туғызылатынын тәптіштеп талдайды.

Қ.Жұбанов аударма барысында әр тілдің өзіне тән ұлттық табиғатын түсіне білудің маңызына ерекше назар аударады. Ол аударма барысында әріпқойлыққа жол бермей, балама аударма жасаудың ұтымды жолын табуга шақырады. Сонымен қатар Қ.Жұбанов қазіргі аударма теориясының лингвистикалық саласында маңызды орын алатын *фразеологизмдерді* қазақ тіліне аудару мәселесіне, сондай-ақ аудармадағы мәнмәтіннің орны сияқты проблемаларға өз еңбектерінде ерекше тоқталып кетеді. Мысалы, жоғарыда айтылған С.Аманжолов мақаласына берген түзетулерінде ол фразеологизмдерді аудару барысында олардың құрамына кіретін жеке сөздердің аудармасын бермей, тұтас мағынасын жеткізуіндегі маңыздылығын және дұрыстығын атап көрсетеді. Фалымның осы еңбегінен алынған мына жолдарды көрсете кетуді қажет деп есептейміз: *«Мы считаем совершенно непростительным такие переводы на русский язык, как «заставить*

жаворонка нести яйца на овце» или как «ясно, как то, что на жеребенка положили тавро». Дело в том, что тут мы имеем дело сидиоматической фразеологией, с так называемыми «крылатыми словами», значения которых непередаваемы переводом отдельных слов, из которых они состоят. Следовало бы объяснить значения фразеологии в целом». Мақаланың сонында ғалым мынадай теориялық тұжырым жасайды: «Автор неоднократно прибегает к обратному переводу, как к критерию. Это может дать известный эффект в полемике, но критерием правильности перевода не может служить, потому что семантическая емкость слов в различных языках бывает различная, что может вызвать несовпадение обратного перевода с первоначальным текстом». Бұл жолдардан біз профессор Қ.Жұбановтың аударма барысында кейбір сөздердің мағыналық жағынан сәйкес келуі мәселе сіне де ерекше назар аударғанын көреміз. Ғалымның көрсетуінше, көптеген аудармалардың басты кемшилігі – жеке сөздердің дүрыс аударылмауына, тілдердегі родтық және видтікұфымдардың ескерілмеуіне және сөзқолданудағы грамматикалық қателерге байланысты ғалым қазақ тілінде родкатегориясының жоқтығын, немесе видтікұфымды білдіретін сөздердің екі тілде дәл баламасы болмайтындығын ескертпіп кетеді. Мысалы: орыс тілінде кездесетін «пастух» деген родтық ұғым бар да, ал «қойшы», «жылқышы» деген видтік ұғым жоқ, және, керісінше, «хлев», «конюшня» деген видтік ұғымдар бар да, ал жалпы «қора» деген ұғым жоқ. Орыстың «тетясы» қазақшаға «женеше», «ана» деп аударылады да, ал қазақтың «апасы» орыс тілінде «сестра», «тетя» ұғымдарын білдіруі мүмкін.

Қ.Жұбанов сондай-ақ орыс тіліндегі «лощадь», «корова», «толстый», «мелкий» сөздерін қазақ тіліндегі *ат*, *сиыр*, *жусан*, *жіңішке* сөздерімен салғастыра сөз етіп, ескермеуге болмайтын қызықты тұстарға мән береді. Қараңыз, шынында «лощадь» дегенді қазақтар «*ат*» деп те, кейде «жылқы» деп те айта береді. Ал қазақтың *ат*-ынорыстар кей жағдайда «мерин» деп, екінші бір тұста «коњъ» деуі мүмкін. Сол сияқты «толстый»-дың қазақта «жусан» (жусан сабак), «қалың» (қалың қагаз) бол, «мелкийдің», «ұсақ» (ұсақ тастар), *тайыз* (*тайыз су* – мелкая вода) болып құбылатыны жөнінде жасалған талдамалар – аударматану іліміне қосылған үлкен үлес. Мұны ғалым қалыптасқан табиғи занылдық қатарында сөз етеді. Оның ойынша, сөз дегеніңіз – тек зат, нәрсе атаяу ғана емес, сонымен бірге санаға сіңген, қалыптанған заттардың да атаяу. Қоғам дамуының ерекшелігіне сәйкес бұл танымдық құбылыс әр халық ұғымында әр алуан қалыптасуы ықтимал.

Аудармашы-ғалым тәржімалау кезінде тілдердің ұлттық табиғатына ерекше мән беруді маңызды деп санайды. Ол әрбір сөздің мәннөтінгे қарай құбылып отыратын қасиетіне аудармашылардың мән беріп отыру керектігін айтады. Мәселен, «Орыста қой сөзінің баламасы жоқ. Олардың *овца* дегені «саулық», *баран* дегені «қошқар». Орысша *корова* – сауын *сиыр*; *рогатыйском* – мүйізді мал; *толстый* дегені бірде – жусан, бірде – қалың; *лошадь* – жылқы; бірақ *ат*, *байтал*, *айғыр* емес... ...Ал біздің *іsec*, *тұсак*,

құнан, құнаажын, дөнен, дөнежін деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ синий, голубой, зеленый деген түстердің бәрін **көк** дейді. Адайларда, арабтарда түйе түлігінің аттары көп. Еділ, Каспий (Атырау) бойының қазақтары балық түрлерінің аттарын көп біледі. Демек, қолданылмаған затқа ат жоқ. Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрліше. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты». Фалым осылайша толып жатқан тілдік деректерді салыстыра, салғастыра келіп, түркі халықтарының мал атауларына қатысты ұғымдарының кеңдігін көп жағдайда көшпелі өмір формасымен, негізгі кәсібі – мал шаруашылығына жетік болуымен байланыстыра қарайды. Малдың жасына, түсіне, жынысына, мінезіне, басқа да ерекшеліктеріне қатысты лексикаға бірден-бір бай халық – көшпелі түркілер екендігі сөзсіз. Мәселен, бізде бір ғана жылқы малының тұр-түсі мен жас ерекшелігін атайтын лексемалардың өзі ұшан-теніз деуге болады (90, 53-58).

Профессор Қ.Жұбановтың көрсетіп кеткен проблемаларының бірі – аудармадағы мәнмәтін (контекст) мәселеі мен мәнмәтіндік баламалар. Бұған Қ.Жұбановтың «Головокружение от успехов» атты Сталин мақаласының аудармасына берген рецензиясынан алынған мына бір үзіндіні мысал ретінде келтіреміз: «Слово «көңіл» представляет из себя совершенно правильный перевод русского «настроение» хотя бы в такой фразе: «У больного очень хорошее настроение». Но оно совершенно не годно для «настроения» в предложении «Повести решительную борьбу с этими опасными и вредными для дела настроениями и изгнать их вон из партии» /8 стр., строки 13-15 оригинала/. Слово «борьба» в этой фразе также не может быть передано через «kyres» /цирковая борьба/ /күрес/. Точно также «вести» – gyrqizi в отдельных случаях, но «вести борьбу» не может быть переведено через «kyresgyrqižu /күрес жүргізу/. По-казахски слово «kyres» требует форму спряставкой «тепеп» и никогда – формы дательного падежа служебным словом «qarsy» /қарсы/. Поэтому нельзя считать правильным перевод приведенного предложения в редакции: «bisdin isterimis usin қауыт сана zyjandı kөңilge qarsy batyl kyres cyrgizip, mundajlardsy partya icinen alastar съgariu» /біздің істеріміз үшін қауіпті және зиянды көңілге қарсы батыл күрес жүргізіп, мұндайларды партия ішінен аластан шығару».

Фалымның бұл пайымдауларынан мынадай ой түйеміз: белгілі бір мәнмәтінде ұтымды және дәл қолданылған сөз баламасы, келесі бір жағдайда керісінше, ұтымсыз, тиімсіз болуы мүмкін. Бұдан сөз баламасын таңдау барысында мәнмәтіннің шешуші рөл атқаратындығы анық көрінеді. Сөз мағынасы мәнмәтін арқылы айқындалып, сол мәнмәтін көлемі керек ететін ұғымды толық жеткізу мақсатында қолданылуы қажет.

Қ.Жұбанов өз тәжірибесінде аудару барысындағы жеке сөздер мен сөз тіркестерінің сөзбе-сөз аударылуына, кейде жуық мағынамен берілуіне, кейде тіпті сәйкес келмейтін баламалармен аударылуына үлкен мән беріп, аударма практикасында кездесетін қыындықтар қатарына жатқызады.

Фалымсөз мағынасы әр уақытта мәнмәтінмен тығыз байланыста болатынын көрсетіп берді. Тұрақты /занды/ баламалармен қатар мәнмәтіндік баламаларды қолдану аударманың сапалы шығуына тигізетін әсері дәлелдеуді қажет етпес, сірә. Фалымның бұл мәселе төңірегінде айтқан пікірлерінен тағы да бір үзінді келтіре кетейік: «Слово» «школа в фразе» эти районы имеют за собой двухлетнюю школу борьбы с кулачеством ...» /стр. 9, 2-4/ переведено через «тектер» /мектеп/, а в данном случае его следовало бы перевести через «sabaq» /сабак/...».

Байқап отырсақ, Қ.Жұбанов өз тәжірибесінде аудару барысындағы жеке сөздер мен сөз тіркестерінің сөзбе-сөз аударылуына, кейде жуық мағынамен берілуіне, кейде тіпті сәйкес келмейтін баламалармен аударылуына үлкен мән беріп, оларды аударма кемшіліктерінің бір себебі деп білген.

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивінен профессор Құдайберген Жұбановтың аударма мәселесі қамтылған қолжазбасы табылды. Аталмыш қолжазбада фалым көркем, ғылыми және публицистикалық мәтіндерді аудару мәселесін көтереді. Көркем стильдің мысалы ретінде Ромен Ролланның «Жан Кристоф» романынан үзінді келтірілген. Ал ғылыми стиЛЬГЕ Н.Рыбкиннің «Геометрия жөніндегі есептер жинағы» кітабынан аударылған сөйлемнің нұсқасы ұсынылған. Публицистикалық стиЛЬДІҢ мысалы ретінде «Социалистік Қазақстанның» 1929 жылғы нөмірлерінің біріндегі сөйлем алынған. Қ.Жұбанов орысшадан аударылған бұл сейлемдерге сөздердің байланысу сұлбаларын келтіре отырып, жан-жақты талдаған.

Қ.Жұбановтың аударма саласына қатысты қарастырған күрделі проблемаларының енді бірі – аударманың лексика-стилистикалық және грамматикалық мәселелері. Фалым аударманың қателіктері талдап қана қоймай, дұрыс аудармаларын да көрсетеді. Бұл мәселелердің қарастырылуына тәмендегідей мысалдар келтіруге болады:

1. Көркем мәтін.

а) «Надо было иметь большую, чем Кристоф, привычку к этим глазам, из глубины которых смотрела скорее раса, чем индивидуум, чтобы разглядеть под их влажной и пламенной дымкой истинную душу находившейся перед ним женщины» (139).

Аудармасы: «Алдында тұрган әйелдің шыны кім екенін көзінің буы мен жалалыны аралас тутінінен айырып тану үшін, бұл аржагынан (тубінен) бір адам емес, бүтін үрулы ел қарап тұрган екі көзге Кристоф шыламай әбден үйреніп алу керек еді».

б) «Эта была душа всего еврейского народа».

Аудармасы: «Бұл бүтін жәбреій халқының жсан үрейі еді».

в) «Это он смотрел на Кристофа из этих горевших мрачным огнем очей, не знаявших и сами, что они в себе таили».

Аудармасы: «Өзінің ішінде не бар екенін өзі де білмей, оттай жсанып, түнерген ол екі көзбен Кристофқа қарап отырган сол бүтін халық еді».

2. Ғылыми мәтін.

«Если в равнобедренном прямоугольном треугольнике один катет находится на плоскости *M*, а другой катет образует с ней угол в 45 градусов, то гипотенуза образует с плоскостью *M* угол в 30 градусов» (140).

Аудармасы: «*Тең бүйірлі тік бұрышты үшкілдің бір катеті M жазықтығында да, екіншісінің ол жазықтықпен арасы 45 градус болса, онда гипотенуздың жазықтықпен арасы 30 градус болады*».

3. Публицистикалық мәтін (газеттен).

а) «Настоящим доказательством в этом и подобных вопросах может быть только «практика» (141).

Аудармасы: «*Бұл мәселеде, бұл сияқты мәселелерде нағыз «ыспат» тек тәжірибеде ғана бола алады*».

Немесе, «*Бұл мәселеде, бұл сияқты мәселелердің бәріне де нағыз «сыпат» бола алатын тек қана практика*».

Немесе, «*Бұл мәселеде, бұл сияқты мәселелердің бәрінде де дәлел болуга практика ғана жарайды*».

б) «Не мешает поэтому рассмотреть коротко те планы организации войны, которые вынашиваются теперь в кругах буржуазных политиков» (141).

Аудармасы: «*Сондықтан буржуа саясатшыларының қазіргі жасап жатқан соғысты ұйымдастыру жоспарларын қысқаша қарап өтуге болмайды*».

Немесе, «*Сондықтан соғысты болдырудың буржуа саясатшылары кәзірде жасап жатқан жоспарларын қысқаша қарап өтуіміз артық емес*».

Немесе, «*Сондықтан соғысты болдырудың жоспарын қысқаша шолып өтуіміз артық болмас; ол жоспарларды қәзір де буржуа саясатшылар жасап жатыр*».

Немесе: «*Соғысты болдырудың жоспарларын кәзірде буржуа саясатшылар жасап жатыр; ол жоспарларды біздің қысқаша шолып өтуіміз артық болмас*».

Немесе, «*Сондықтан соғысты болдырудың жоспарларын, – буржуа саясатшылардың кәзірде жасап жатқан жоспарларын, – шолып өтуіміз артық та болмас*» (71, 532-534).

Мұнда К.Қ.Жұбанов көркем шығарма, публицистикалық стиль және ғылыми стильде жазылған үш мәтінді мысалға ала отырып, олардың әрқайсысын аударудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін атап көрсетеді және аударманы кезінде белгілі бір ретпен орындау қажеттігін ескерtedі.

Жоғарыда аталған жайттар К.Жұбановтың қазақ аударма теориясын лингвистикалық түрғыдан алғаш қарастырған ғалым екендігін дәлелдейді. Ғалым аударманың лингвистикалық проблемаларын шешуде, өсіресе, фразеологизмдерді аудару, аударма дәлдігіне жету, мәнмәтін және мәнмәтіндік эквиваленттер, лексика-семантикалық және грамматикалық трансформацияларды орынды пайдалану сияқты өзекті мәселелерді шешуге тырысады.

Қорыта айтқанда, Қ.Жұбановтың қазақ аударма теориясы жайындағы пайымдаулары әлі түбегейлі тексеруді талап ететін және зерттеушінің зерделі ізденістерінің қатарында бағаланатын қазынамыз болып саналады. Оның бұлтартпас логикаға негізделген ойлары мен нәрлі де әрлі тілі, өзінің сөз саптауына тән стилі, заманынан озып, ғылым болашағын ойлайтын асқан білімдарлығы әлі талай ізденістерге үлгі бола берері анық.

«Құдай берсе, құлай береді»³

(Қ.Жұбановтың драматургтік, ақындық, суретшілік өнері жайында)

«Қазақта «біртуар» деген сөз бар, ал ғылым тілінде өте сирек кездесетін құбылысты немесе аса көрнекті, елден ерекше туған адамды феномен дейді. Қазақтың «біртуары» – сол феномен! Құдайберген Жұбанов өзінің табиғат берген бітімімен, білім-парасатымен елден ерек тұрған біртуар жан болған. Ең алдымен оның үлкен талант иесі болғанын айту керек. Жақсы ғалым болу үшін де тынымсыз еңбекпен қоса, табиғи қабілет те қажет-ау, Құдайбергеннің бар-жогы екі-үш жыл орыс кластарында тиіп қашып оқып, ғылыми еңбектерін таза орыс тілінде жазатын дәрежеде болуы, небары екі-үш жыл Ленинградта оқып, неміс, монғол, грузин, чуваш, коми тілдерін едәуір менгеріп алуы, ұзын-ырғасы екі жылдан медреседе оқып, араб, парсы, шағатай, түрік, татар, башқұрт тілдерін игеріп кетуі, тіпті жапон тілін үйрене бастауы осы қабілеттің күші болар.

...Біртуар Құдайбергенге құдай берген қасиеттің және бірі – оның өнер иесі де болғандығы: ол өлең, әңгіме, пьесалар жазған, режиссерлік етіп, 1926 жылы Ақтөбеде Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегін» қойған. «Құдай берсе, құлай береді» дегендей, табиғат оған суреткерлік өнерін де, ою-өрнекке шеберлікті де беріпті... Демек, Құдекен сияқты алдымызда өткен алыштар бүгінгі және келешек ұрпақтарға қалдырыған мұраларымен және халқына еткен зор еңбегімен ғана емес, жеке бастарының адамдық қасиеттерімен де үлгі-идеал екендігін баса айтамыз», – деп ой толғайды академик Р.Сыздық (4).

Академик Рабига Сыздықованың ғалым туралы жазғандарын әрі қарай парақтай отырып, мына пікіріне ден қоймасқа хақымыз жоқ: «Қ.Жұбановтың ақындық, журналистік қабілеті болғандығын, математика, физика, химиядан орта мектептерде сабак бергендігін, психология, логика, философия, физиологияны тесіле зерттегенін, араб, парсы, неміс, ағылшын, француз,

³Академик Р.Сыздықтың «Ғалым-азамат» (2004) және К.Кенжебаев пен Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов» атты (2000) еңбектері негізінде дайындағын – филол.ғ.к., доцент С.Құлманов.

көне түркі тілдерін жақсы меңгергенін, әжептәуір суретші болғандығын, театр, музыка жайларын жақсы түсініп, талдағанын еске алсақ, оны нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» асқан білімдар ғалым деп мақтаныш ете аламыз» (4).

Белгілі ғалым Төлеутай Ақшолақов «Ірі педагог, методист ғалым» деген Құдайберген Жұбановқа арналған мақаласында ол туралы былайша толғанады: «...бес аспап дарын иелерінің бірі – профессор Қ.Жұбанов. Тіл ғылыминың білімдары, түркі төркіндес халықтардың ғана емес, Европа мен Азияның басқа халықтарының тілдерін бойына дарытқан полиглот болумен қатар, ол музыка зерттеушісі де, психолог та, педагог та, социолог та, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы да» (131).

Сардар сыншы, көрнекті ғалым Мұқаметжан Қаратасев өз естелігінде былайша еске алады: «...имандай бір сырым – жақсы адамның жарығы мен жылыштырылған жарасқан жерде-ақ ол жүрекке кіріп бойды алады еken. Профессор Құдайберген Жұбанов сондай адам еді. ...Ол көп тіл білетін полиглот, көп тоқыған ғұлама, көп қырлы талант иесі – универсал болатын» (105).

Ендеше, ғалымдығымен, қайраткерлігімен, әдіскерлігімен танылған Құдайберген Қуанұлының жоғарыда айтылған драматургтік, ақындық, суретшілік өнерлері жайлы аз-кем ой тарқатсақ...

Құдайберген Жұбанов жастардың басқосу жиындарын жай ғана ойын-күлкіден мәдени шараларға айналдыруды көздеді. Оған айғақ – сол кездегі Темірдегі ойын-сауық кештерінің ұйымдастырушысы Құдайберген мен Жиенғали болғандығы. Алдымен екі дос бірігіп, «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған фельетонды негізге алғып, «Кек» деген пьеса жазады. Оны татар саудагерінің жүн-тері жинайтын үлкен сарайында ел-жүртқа көрсетеді. Пьесаның қысқаша фабуласы мынадай: Бір бай 12 жыл есігінде жүрген жалшысын әбден басынып, «саған беретін тышқақ лағым да жоқ» деп қуып жібереді. Осыған ерегісken жалшы «қап, бәлем» деп тістеніп, байдың тоқалын алғып қашады. Уездік сот, милицияның көмегімен ғана бостандыққа қолы жеткен тоқал сүйген жігітіне қосылып, мұратына жетеді. Аталмыш пьеса бойынша қойылған спектакльде байдың рөлінде Жиенғали, тоқалы болып Әбдіхалық Отарбаев ойнайды. Олар ойнаған кезде қажет киімдерді пәтерші қазақ үйлерінен сұрап алатын (5). Бұл, бір жағынан, жастардың бос уақытын мәдени түрде өткізіп, елдегі жағдайларға қатысты көзқарасын оятса, екіншіден, қойылымда ойнаған «әртістердің» өнерін елге паш ету, сол өнерді жетілдіруге ынталандыру жолындағы қадам еді.

Қ.Жұбанов 1925 жылы «Сегіз бен Мақпал» атты халық поэмасының негізінде екі актілі өлеңді пьеса жазады да, оны Ақтөбе қаласындағы кеңес-партия мектебінің, педтехникумнің оқушыларының күшімен, өзінің режиссерлығымен сахнаға қояды. Сондай-ақ Қ.Жұбанов Темір, Ақтөбе қалаларында қызмет істеген жылдарында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын қояды. Пьеса 1926 жылы қаңтардың 4 күні қойылады. Енлік рөлін Баймағамбет келіні Шайзада деген, Кебекті Жиенғали Тілепбергенов, Жапал

рөлін Сегізбайұлы дегендер ойнайды. Спектакль жақсы шығады, залға халық сыймай, билет жетпей қалады. Көріп отырғанымыздай, мұнда қойылымды сахналауға қатысқандардың саны мен сапасы артып отыр, автордың да шеберлігі шындалып, кәсіпқойлық қабілеті күшіне түскен. Әрине көрмермендер аудиториясы да үлғая түскені күмәнсіз.

Құдайберген Жұбанов өскен орта да – қазақ елінің басқа да жерлері сияқты халық ауыз әдебиетіне бай өлкे екендігі шындық. Қазақстанның түкпір-түкпіріне кең тараған әйгілі эпостық полотналардан басқа, осы өлкеге ғана белгілі жергілікті дастандар, айтыстар мұнда да болғаны даусыз. Қ.Жұбанов осыларды тыңдалап білу, тіпті хатқа түсіріп жазып алумен айналысады. Шалқар ақын мен Таразы деген қыздың айтысын 1932 жылы елден жазып алғанын айтады. Осыған қарағанда, Қ.Жұбанов, 20-жылдардағы басқа да қазақ зиялыштарының көпшілігі сияқты, туған халқының мәдени мұрасы – ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау дегенге қатты көңіл бөлгөнді байқалады.

Құдайберген Жұбановтың екінші бір табиғат сыйлаған қасиеті – оның ақындық дарынының болғандығы. Тете өскен інісі, академик Ахмет Жұбановтың айтуына қарағанда, Құдайбергенде жас бала жігіт кезінің өзінде-ақ өлең шығару, ел аузындағы жақсы толғау-жырларды, жеке адамдардың өлеңдерін қағып алғып, жадында сақтау қабілеті күшті болады. Ауылдағы қазақ жастарының салтымен өзінің күрбы-күрдастарына, женғелеріне бір-екі ауыз әзіл өлең шығаруды Құдайберген де машиқтайды. Жасөспірім шағындағы осындағы әуесқойлық өнері жігіт бола келе, белгілі бір мақсатқа – жаңа өмірге үн қосуға жұмысалады. Оның өлеңдері енді облыстық, республикалық газеттерде жарияланады. Солардан табылғаны бір-екеу ғана.

Оның біреуі – «Жаңа рамазан батасы» деп аталатын саяси тақырыпқа жазылған пародия. Ол «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 14 сәуірдегі санында, кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылды 5 желтоқсандағы нөмірінде жарияланды. Бұл сол кезең үшін саяси қоғамдық мәні зор әрі аса қажет әдебиет түріне жататын шығарма саналады.

Екіншісі – «Айға» деп аталады. «Ай» деп отырғаны – Ақтөбе облысының Темір атты кішкене қаласындағы бір топ окушы, оқытушылар, партия-кеңес мекемелері мен редакция қызметкерлері үйімдастырған «Ай» атты қолжазба журнал. Өлең мәтінін I.Кеңесбаев пен F.Мұсабаев «Жұлдыз» журналының 1958 жылғы 6-нөмірінде жариялаған.

Қ.Жұбановтың өлең жазу машығына тағы бір дәлел – Есет Жұбановтың мұрағатында параптардың шеті жемірілген, сарғайған торкөз дәптер. Мұндағалымның көңіл-күйі, ішкі сезімі айшықталған:

...Қана бол, қайғы шекпе, қайран анам.
Елдегі қатар-құрбы болсын аман.
Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ,
Тағдырдың зорлығына бар ма шарам?

Мұңайған сәттердің күнгірт көлеңкесі былайша суреттеледі:

*...Бір басты, екі аяқты болсаң адам,
Кез келмек бірде жақсы, бірде жаман.
Бұл күнде тозған-озып, толған-солып,
Түсіп тұр басымызга қыңыр заман.*

Енді бірде, шаттық сәулесі сығыраяды, алдан ұміт күтіп, өзін ширата түседі:

*...Ойлама «су түбіне кетті енді» деп,
«Қайтпайтын сағатына жетті енді» деп.
Тәнірім өміріме саулық берсе,
Жақсылық Күн барына етпеймін шек.*

Бұл өлең жолдарынан рухы күшті азаматтың өзіне тән нәзік лиризм мен өршілдік қасиеті, оптимизмге құштарлығы анғарылады.

Зерттеуші Ә.Ұлықпанованаң пайымдауынша, Қ.Жұбановтың махаббат лирикасына жататын «Сәлем хат» түріндегі бірер ғана өлең шумағында екі жастың сүйгеніне деген ыстық ықыласы, жүрегін өртеген сағынышы, ардақтау сезімі қатар астасады (142).

Қ.Жұбановтың баспа бетінде толық нұсқасында жарияланбаған өлендерінің бірі – «Жайлауда». Аталмыш өленінің жазылуы туралы кезінде ғалымның інісі Ахмет Жұбанов Есет Құдайбергенұлына: «Өмірінің қызын сәті басына тап келіп, ауыл-елі бір үлкен жұтқа ұшырап, жаз жайлауға көше алмай қалғанда тарығып жүрген кезінде жазғаны еді», – деп сыр ақтарады.

Қ.Жұбанов бұл өлеңде ел көшінің керемет суретін табиғатпен ұштастыра былайша бейнелейді:

*Жаздың айы келгенде,
Қызгалдақ, түрлі жасырақ,
Көрінбей жерден топырақ,
Өсіп, көрік бергенде.
Көшүші еді тамам ел,
Түрлі жайлау жерлерге.*

Көз алдындағы көш лирик ақынның балалық шағының сағынышты сәттерін де еске салады:

*Тоғыз-оннан түйе артып,
Түйеге өңшең үй артып.
Асуышы еді белдерге
Жас балалар тай мініп,
Нені ойласын қайғырып,*

Жұмыртқа ізден тергенде.

Өлең бойынан қазақ өмірінің дәстүрлі этнографиялық суреттері – көш басындағы ақсақалдардың қарекеті, құрығын шаншып қонысты бейнелеуі т.с.с. айқын көрінеді:

*Aқсақалдар ілгери,
Қоныс ізден озады.
Көш келгенде жақындан
Құрығын шанишып тұрғаны.*

«Бағлан сойып, бас салып, ерулік беру», қонақ күту, «табағын құр қайтармай, сақина-жүзік салу» сияқты салт-дәстүр де қазақ өмірінің осы бір шат-шадыман сәні ретінде өлеңмен өріледі:

*Бұрын қонған ауылдан
Қызы-келіншек киініп.
Үй тігісе келеді,
Бағылан сойып, бас салып,
Ерулік берер суйініп,
Қонағын күткен бәйбіше
Сақина-жұзік салады,
Табағын құр қайтармай,
Құрметті біліп түйініп...*

Көшке байланысты, жайлау өміріне қатысты сән-салтанат, мерекедуман жыр бойында қалтқысыз үйлесім тапқан:

*Қызы-бозбала жиналып,
Көтеріп көңіл, сергіп ой.
Той десе қу бас домалап,
Көңілденіп, өсіп ой.
Палуан түсіп күресіп,
Мереке сәні айқай гой.
Келіншек, кемпір, жігіт, қызы
Қалушы еді бір жасап,
Әңгіме шертіп тынымсыз.*

Жүректің қылын шеткен сөз құдіреті жайлаудағы кешкі сауық-сайранның шаттығын былайша өрнектейді:

*Кешкітұрым болғанда,
Жел басылып тынғанда,
Қыбырлаган адамзат,*

*Сауық-сайран құрады.
Қырдың арғы жасағынан
Дауысы шешен сыйызығы.
Үндеріне қосылып,
Малышының үні шығады,
Тамылжыған бұлақ ауасы,
Кім-кімге де ұнады...*

Иә, өзінің ой-сезімін өлеңмен өрген Қ.Жұбановтың ақындық ізденистері де қаламгер қуатының молдығын дәлелдейтіндігінің айғағындағы бұл (5).

Сондай-ақ құдышреттің Қ.Жұбановқа суретшілік пен оюышылық өнерін де нәсіп еткендігі тәмендегі деректерден байқалады. «Құдайберген сурет өнеріне өте шебер болды. Ол майлы бояумен, қарындашпен, тіпті көмірмен де әдемі суреттер сала беретін. Суретпен қатар ою өнерімен де айналысатын. Ағашқа, тасқа небір тамаша оюлар салатын», – деп Абдолла Беркінов еске алса (7, 301), ағасы туралы шағын мақаласында Ахмет Жұбанов та оның суретті майлы бояумен де сала бастағанын, бұл өнерде әуесқой болғанмен, өз бетімен шимайламай, маман суретшілерден консультация алғып та жүргенін, Құдайберген ойған құлпытастар Темір, Жұрын аудандарының бейіттерінде осы күнге дейін ұшырасатынын айтады (9). Елдің айтуына қарағанда, әкесі Куаның басындағы құлпытасқа Құдайберген өз қолымен ойып жазған.

Қ.Жұбановтың суретшілік өнері туралы Ә.Ермеков айтқан сөздің де жөні бөлек: «Орхоншаның тұпнұсқасында «аяғы» сорайған қиқа-шиқа таңбалар біздің профессордың қолынан мұсінді болып шыға келеді: Құдайберген аға керемет сұлу жазатын. Оның қолымен жазылған харіптер жібекке тізген лағыл моншақтай төгіліп тұратын. Ал оның суреткерлігі профессионал-суретшіден бір де кем емес еді: жалпы тіл білімінен, мәселен, жазу тарихын сөйлем тұрып, торғайдың, қаптесердің, қару-жарақтың суретін тақта бетіне бормен мінсіз түсіретін. Сонда жаңағы нәрселердің суреттерін ол қынап-мінеп жатпайды, бір-ақ тартады. Профессордың бұл өнерінің де өз шәкірттеріне игі әсері болып еді. Мәселен, Ошан Сатыбалдин, Абдол Медетов ұстазымыздың ықпалымен сурет өнеріне әбден жетіліп алғып еді» (143).

Тіл зерттеушілері үшін Қ.Жұбановтың үлгі боларлық тағы бір қасиеті – оның полиглог болғандығы жайлы жоғарыда да сөз еткенбіз. Әсіресе неміс тілі мен көне түркі тілдерін жақсы білсе керек. Немісше цитатаны ойша келтіруіне, неміс авторларына көбірек сілтеме жасауына қарағанда, немісше еркін оқи алғаны байқалады. Ғалымның араб, парсы, неміс, ағылшын, француз, көне түркі, монгол тілдерін, қазіргі өзге түркі тілдерін әжептәүір менгергені, тіпті қытай тілін менгеріп, сол тілде жазылған мұралармен танысу үшін жапон тілін зерттей бастағаны белгілі. Алайда бұл мақсатына ғалым, өкінішке қарай, жете алмады.

Десек те, халқымыздығы «Орнында бар – оңалар» деген терең мағыналы бір ауыз сөздің өмір тәжірибесінен алынғандығына көзіміз тағы бір жетіл

отыр. Құдайберген Қуанұлының кенже ұлы Асқар Құдайбергенұлының 11 жасар кенже қызы – Еңлік Асқарқызы атасының жете алмаған арманын аманаттай арқалап, жапон тілін үйренуді бастап кетті. Ұрпақ жалғастығы деген осы болар!

Сонымен қатар ғалымның «ұйғыр халқының республикалық мәдениет съезінде қаралған емле, термин мәселелеріне аянбай ат салысқанын, талай ғылыми түйіндерді (әрине, ұйғыр тіліне қатысты) шешіп бергенін; сол жылы ұйғыр тілі грамматикасын жазып беруге кіріскендігін» айта келе, F.Орманов «ол дунган халқының тіл маманын өзірлеуге ат салысып жүр» деп жазады (144). Демек, бұл да ғалымның қазіргі түркі тілдерін жақсы менгергенін дәлелдейді. Осының бәрі, әрине, лингвист үшін аса қажет те, қызығарлық та қасиет.

Көз көрген замандастары мен шәкірттерінің айтуларына қарағанда, Құдайберген Қуанұлы күнделікті тұрмыста, жолдас-жораларымен қарым-қатынаста аса бір кішіпейіл, аққөніл, әңгімешіл адам болған. Қ.Жұбановтың «кеескін-келбеті, тұр-тұлғасы қандай сұлу болса, жүрегі де сондай кіршіксіз таза, мінезі жұмсақ, сабырлы, кішіпейіл жан болды» дейді ол туралы көзкөргендер. Жайымен сөйлегенімен, әрбір сөзін, ой-пікірін тұжырымды, нақты дәлелді айтатын болған. Елдің сыртынан сөз айтып, ойланбай сөйлейтіндерді жақтырмай, ондай жерлерде қабағын сәл шытып, үндемей орнынан тұрып, кетіп қалады екен. Ғылым-білімге байланысты сұраған адамға оны әбден толық жауап бермейінше, оның түсінгеніне өз көзі жетпейінше қанағаттанбаған. Ғылыми әңгімелер кейде сағаттап созылып, одан басқа көптеген жайлардың мән-сырын ашуға алыш келеді екен. Ұсақ-түйек күнделікті күйкі нәрселерге бола ешкіммен ұрсыспаған, өтірік-айлаға жаны қас, турашыл, бірақ сол туралықтың өзін сыпайы жеткізе білген ғалым-азамат көз көргендердің жүрегіне жылы ұялаған және келешек ұрпақтың жадында осы мінезімен сақталмақ.

ӨШПЕС МҰРА **(Қ.Жұбанов еңбектері бойынша қорғалған диссертациялар жайында)**

Профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы уақыт өткен сайын тосын қырларынан таныла түсүде. Ғалымның бастамасымен қазақ тіл білімі жалпы тіл білімінің құраушы бөлігі ретінде танылып, әлемдік лингвистика туралы қазақ оқырмандарының да ұғымы қалыптасты. Қ.Жұбановтың сонау өткен ғасырдың 20-30 жылдары ішінде танылған тілге деген шынайы табиғи әрі терең философиялық көзқарасы бүгінгі кездегі лингвистиканың жаңа, тың салаларымен астасып жатыр.

Оз түсінда ұлттық білім мен мәдениет құрылышына белсене атсалысып, өрелі ой мен биік мақсаттарды көздеген Қ.Жұбанов – айналдырған 5-6 жылдың төңірегінде европалық деңгейдегі оқымысты лингвист ретінде сол күндері тіл білімі үшін беймәлім болып келген ғылыми танымдарға қол жеткізген. Осылайша, шын мәнісіндегі қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаған дарын иесінің аты жалпыға мәлім болды. Қ.Жұбанов – тіл ғылымының білгірі болумен ғана шектелмей, ұлттымыздың арғы-бергі тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, дәстүрі мен өнерін, сонымен қатар, Орта Азия мен Шығыс, Батыс елдерінің де тұрмыстық салты мен рухани әлемін тереңнен таныған ғалым.

Ғалым артында қалған ғылыми мұрасымен, ұстаз жолын жалғастырап шәкірттерімен көрікті әрқашан. Қамшының сабындағы қысқа ғұмырында өлшеусіз ғылыми мұра қалдырған ғалымның ізбасарлары болмауы мүмкін емес-дүр. Белгілі кеңес түркологы, түркі тілдерінің тарихы мен теориялық мәселелерін этнографиялық, археологиялық, тарихи деректерімен тығыз байланыстыра, жіті зерттеген Николай Александрович Басқаков «Кеңес

түркологтарының тұңғыштарының бірі еді...» деген Құдайберген Жұбановқа арналған естелігінде талай жәйттан сыр шертеді. «Ленинградтың Тірі Шығыс тілдері институтын бітіріп, арнаулы лингвистикалық мамандық алған қазақ тілін зерттеушілердің алғашқыларының бірі ретінде Қ.Қ.Жұбанов өзінің жұмыстарында қазақ тілін зерттеуге қатысты ірі кеңес лингвист-шығыстанушыларының жаңа лингвистикалық әдістерін кеңінен қолданып, өз шәкірттерінің ғылыми мектебін құрды, оның ізін қуушылар – қазақ тілі білімінің ірі өкілдері қалыптасты», – деп жазады (145).

Қ.Жұбанов «Лениншіл жас» газетінің 1935 жылғы 14 қаңтардағы нөмірінде «Он үш жас күш» деген мақала жариялады, онда өзінің үміт күтер шәкірттері жайында: «...Ысмайылұлы Есмағамбет, Алтынбекқызы Мырзай, Габдоллаұлы Мәлік, Байшымырұлы, Дайрабайұлы, Мейірбекұлы сияқтыларды біздің мәдени жұртшылығымыз біліп те қалған болатын. Бұлардың әдебиет сыны жөнінде мақалалары, өлеңдері, әңгімелері бар, баспадан да шықты. Бұлар мұндай еңбекті бұдан былай одан да ғөрі өндірер деп сенеміз», – деп жылы лебіз білдірген болатын (146). Ерекше бөліп атаған, тізімнің басында түрған Е.Ысмайылов араға екі жыл салып, сол ұстазы, Құдайберген Жұбанов туралы көлемді мақала жариялады (147).

Қ.Жұбанов ҚазПИ-де профессор болып жүргенде, студенттер арасынан талапты, зерделі жастарды дұрыс танып, таңдал алып, олардың әрі қарай оқуларапына, әдебиетке араласуларына барынша қүш салады. Тіл білімінің майталмандары, белгілі ғалымдарымыз Мәулен Балақаев, Мұхаметжан Қаратеев, Белгібай Шалабаевтар Ленинградқа, аспирантураға осы жөнмен жіберілген болатын.

Ғалым: «Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ескі оқығандары болды. Олар – Байтұрсынұлы Ахмет, Кемеңгерұлы Қошке, Омарұлы Елдес, Шонанұлы Телжан, Досмұхамбетұлы Халел...», – дей келе, –Беріде жастардан Басымұлы Қажым, Аманжолұлы Сәрсен сияқты тіл мәселесіне белсene қатынасқандар шығып отыр. Бұлар, әрине, ілгері тілек жастар гой, ілгеріде ауыз тұшығандай нәтиже берер деп дәмеленеміз», – дейді ғалым. Осы орайда екі мәселені атап айтқан жөн. Біріншіден, Қ.Жұбанов үміт артқан ондаған шәкірттері жоғары жетістіктерге жетті. Қ.Жұбанов есімін атаған жас ғалым Басымов Қажым Аманғалиұлы (1896-1939) қазақ тіл білімін өркендетуге зор еңбек сінірді. Оның баспаға басылған елуғе жуық еңбегі болды. «15 жыл бойы қазақ тіл білімінің әр түрлі мәселелерімен шұғылданып, артында алуан түрлі еңбектер қалдырып кеткен Қажекеңнің есімі қазақ тіл білімі тарихында мәңгі сақталмақ» (148, 592-596).

Проф. Қ.Жұбановтың тіл ғылымы дүниесіне 1934-1935 жылдары қалам тарта бастаған Сәрсен Аманжолов, Ҳажым Басымов, Сейіл Жиенбаев сияқты сол кездегі жастарды қателіктерін көрсете отырып баулығаны көрінеді. Сондай-ақ ол акад. Ісмет Кеңесбаев, ғылым докторлары Ғайнетдин Мұсабаев, Мәулен Балақаев сияқты ірі лингвистеріміздің де тікелей кеңесшісі, ағасы болған.

Иә, профессор Қ.Жұбановтың жолын қуған, өзіне тартқан білімді шәкірттерінің әрі қарай тізбектесек, олардың қатарында есімдері елімізге танымал Р.Сыздық, А.Ысқақов, Ә.Тәжібаев, Ф.Орманов, Х.Есенжанов, Т.Ақшолақов сынды ірі ғалымдар мен ақын жазушыларды атауға болады.

Ғылым академиясының академиктері – атақты жазушы, ғалымдарымыз Мұхтар Әуезов пен Ісмет Кеңесбаев ғалым жайлы: «Мейірімі мол, сезімтал жолдас, әрі барынша кішіпейіл адам бола тұра, Құдайберген сонымен қатар жастар мен студенттердің қatal, талабы күшті ұстазы болды. Қ.Жұбановты барлық жерде – ғылым, искусство, мәдениет, әдебиет қызметкері арасында тегіс құрметтеуші еді», – (1) деп тебірене жазады.

Ғалым Мәулен Балақаев: «...қазіргі ғалымдар еңбектеріне көз жүгіртсек, фонетика, фонологиядан, қос сөзден – И.Кеңесбаев, біріккен сөзден – Ф.Жаркешова, құрделі етістіктен – О.Ағыбаев, Ү.Маманов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева, есімдерден – А.Ысқақов, А.Төлеуов, одағайдан – Ш.Сарыбаев, синтаксистен – С.Жиенбаев, М.Балақаев, орфография мен терминологиядан – С.Аманжолов, М.Балақаев, А.Әбдірахманов және т.б. еңбек жазған болса, олардың зерттеу жұмыстарының негізі профессор Қ.Қ.Жұбановтың жаңалықтары мен көтерген проблемалық мәселелері екенін ешкім бекер дей алмайды», – деп аталған ғалымдардың еңбектері Қ.Жұбанов концепцияларынан бастау алғандығыны айтады (149).

Құдайберген Жұбановтың қолында тәрбиеленген Жәмила Жолаеваның естелігінде бұл үйге доценттер Баталов, М.Жолдыбаевтардың, жазушы Ф.Мұсіреповтің, аспиранттар И.Кеңесбаев, М.Қаратаев, Х.Есенжановтардың, студенттер Т.Бисенов, Ф.Мұсабаев, Қ.Жаманбаевтардың жиі келетіндігі айтылған. 1936 жылдың жазында Құдайберген Жұбанов пен Бейімбет Майлин отбасыларымен киіз үй тігіп, жұмыс істеген. Бейімбет «Аманкелді» пьесасын, Құдайберген қазақ тілі грамматикасының фонетика бөлімін жазған. Жәмила Жолаева 1936 жылы болған қызықты оқиға жөнінде әңгімелейді: «Бірде ҚазПИ-дің студенттері арасында: «Бізге оқытушылыққа Ахмет Байтұрынов келетін болыпты, ол кісіні «Құдайдың» (Қ.Жұбановты кейбір жастар осылай атаған) өзі шақырыпты» деген сыйбыс тараپ кетеді. Сол-ақ еken ҚазПИ-дің директоры Сақаев, партия үйыминың секретары Дүйменов студенттерді шақырып алып: «Ешбір желігу, топ болып қарсы алу деген болмасын, Байтұрыновқа қошемет көрсеткен адам оқудан шығарылады», – деп қатаң ескерtedі. Студенттер осылайша лездे жымжылас болады. Өстіп жүргенде, студенттер Ұлт мәдениеті институтының директоры Алманов «Ахаң бізден шығып, ҚазПИ-ге кетті» деп телефон соғыпты» деген хабарды естіп, бөлмелеріне сыймай, сыртқа караумен болады. Бір кезде етженді, шляпа киген, көзіне пенсие салған, қолына таяқ ұстаған, галстугының қыстырығышына дейін бар келбетті адам ҚазПИ-дің қарсы алдына келеді. Студенттер тырп етпейді. Сонда Құдайберген Жұбанов қана жолдың арғы бетіне шығып, қарсы алады, олар сыпайы амандасады, құрметті қонағын қолтықтаған күйі институтқа алып кіріп, оқу бөліміне қарай кетеді, студенттер болса, аудиториядан шыға алмайды. Бұл жүздесу

қалай аяқталғанын кейін естиді. Құдайберген Жұбанов Ахмет Байтұрсыновты өзінің кафедрасына қызметке шақырған, бірақ бұған институт басшылығы қарсы болып келіспеген. Міне, қазақ тілін ғылыми пән етуді мақсат тұтқан бұл екі адамның бір-біріне деген ілтираты осындай болған. Олардың идеялық бағыт-бағдары да, ғылымға көзқарасы да, творчестволық ой-санасы да сәйкес келе бермейтін, бірі «ескінің соны», екіншісі – «жана сипатты» алғыр ғалым болатын. Сонда да бұлар адамшылық жолынан таймаған, бір-біріне сенген, бірін-бірі «кебенек ішінде» таныған адамдар болған» (150).

Осы орайда профессор Б.Әблқасымов «Қазақ тіл білімінің қос бәйтерегі» атты мақаласындағы мына жайтарға да көңіл аудару қажет. Ғалым қазақ үлтynың екі алып тұлғасының тағдырындағы ұқсастық пен ғылымдағы жалғастық туралы былайша сыр шертеді: «Ең үлкен ұқсастық, ең алдымен, екеуінің де саналы өмірлерін туған тілдерінің қыр-сырын үçіле зерттеп, қазақ тіл білімі деген ғылым саласын қалыптастыруға арнауы; екеуінің де жүйелі білім алуына мүмкіндіктің аз болғанына қарамастан, өз беттерімен үзбей ізденуінің нәтижесінде ауыл мұғалімінен атақты ғалым, халқының көшбастаушы қайраткерлеріне дейін өсіп жетуі; үшіншіден, екеуінің де тек бір ғана ғылым саласымен айналысып қана қоймай, кең диапазонды филолог ғалым, шын мағынасындағы ұстаз, педагог, ұлттық мәдениетіміздің ардақтысына айналуы. Соңғы ұқсастық ретінде, үлкен өкінішке қарай, алдарына қойған асыл армандарын аяғына дейін орындаі алмай, нағыз шығармашылық кезеңге қадам басқан кезде екеуінің де өмірлерінің трагедиялық жағдайда үзілуі, тағдыр ұқсастығы дер едік. Егер тағдыр бұл тума талант иелеріне енді 10-15 жылдай тізе қосып, қатар еңбек етуді жазған болса, олар қазақ мәдениетінің өркендеуіне қаншалықты мол үлес қосқан болар еді, әсіресе, қазақ тіл білімі қаншалықты жоғары дәрежеге көтерілөр еді?! ...

Ахмет Байтұрсынұлы кезеңінде тілдің теориялық жағынан гөрі сол тұстағы аса мұқтаж мәселе – ана тіліміздің табиғатына сай келетін жазу жүйесін қалыптастыру, енді-енді ашыла бастаған бастауыш мектептерге ана тілінен оқулықтар жазу, қазақ тілінде лингвистикалық терминдер жүйесін жасау, сабак берудің әдістемелік негіздерін қалау – әлдеқайда қажеттірек болатын.

... Ал Құдайберген Жұбанов тіл біліміне үлкен дайындықпен келген, Петербордағы Шығыс тілдері институтын, СССР FA-ның Яфет институтының аспирантурасын бітірген өз кезеңінің терең білімді ғалымы, алғашқы профессоры еді. Құдайберген осы тұстағы түрколог ғалымдарының ешқайсысынан кем түспейтін, олардың көпшілігінен көш ілгері түрған ғалым болған. Оны Құдекенің еңбектеріндегі тың ойларынан, соны теориялық тұжырымдарынан байқау қындық келтірмейді.

... Әрине, А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтың кейбір концепцияларында айырмашылық, тіпті қайшылық та кездеседі. Бірақ бұған қарап, қазақ тіл білімінің маңдайына біткен бұл екі ғұламаның бірін екіншісіне қарсы қоюға

болмайды. Екеуінің де тіл ғылымында қайталаңбас өз орындары бар екенін естен шығармайық. Бұл екі арысымызбен қалай мақтансақ та сыйып жатыр» (151).

Професор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ғылыми мұрасы жөнінде бүгінге дейін жүздеген зерттеулер жазылып, ондаған диссертациялар қорғалды. Диссертациялар төнірегінде сөз етер болсақ, алдымен ғалымның тіл тарихы туралы зерттеулерін өзіне ғылыми проблема ретінде таңдал, Жұбановтанушы жас ғалымдардың көшін бастаған Тектіғұл Жанна Орынбасарқызын айтар едік. Ж.Тектіғұлдың «Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары» (58) атты кандидаттық диссертациясы 1994 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы түркі тілдері мамандығы бойынша диссертациялар қорғайтын кеңестің мәжілісінде тыңдалған болатын. Онда ұстаз-ғалымның тіл тарихы туралы терең топшылаулары талданып, тіл тамыршысы ретіндегі ғылыми тұжырымдары сараланған. Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімінің көптеген салалары бойынша, әсіресе грамматикалық құрылымының тарихи даму процесін айқындал, қазақ ұлттық тіл білімінің қаз тұрып, алшақ басуына демеу болғаны мәлім. Айтылмыш диссертацияның өн бойында талант иесі, төлбасы ғалым жалпы түркілік деңгейдегі проблемалар санатына жататын көптеген жэйттарға, атап айттар болсақ, түркі синкретизмі мен *p/z*-кезектесімінің есім мен етістікті ажыратушы рөліне, есім және етістіктің қайсысы алғашқы, қайсысы кейінгі екендігіне, өлі түбірлерді анықтаудағы палеонтологиялық әдістің маңыздылығына, тілдегі қосымшалар мен көмекші сөздердің қайdan және қалай пайда болғандығына, қазіргі қазақ тілінде үстемдік етіп отырған сөйлем мүшелерінің орын тәртібі нормасы жайлыш көзқарастарға тереңнен үніліп, маңызды сауалдарға байсалды жауап бергендігі сөз етіледі. Ж.Тектіғұлдың диссертациясында профессор Құдайберген Жұбановтың тарихи грамматика саласына қатысты ой-тұжырымдарын басшылыққа алына отырып, тіл біліміндегі күрделі мәселелер санатынан орын алатын – түркі синкретизмі құбылысы, сөз құрамындағы кейбір фонетикалық заңдылықтар, сөз таптарын тану принциптері, өлі түбірлер мен өлі жүрнақтарды ажыратудың негізгі әдістері, қосымшалардың этимологиясы мен жекелеген сөйлем мүшелерінің ежелгі орналасу тәртібіне тілтанушы талант иесінің тарихи-лингвистикалық тұрғыдан баға беруі сараланған.

Жұбановтанушы диссертанттардың келесі бір легі ғалымның 100 жылдық мерейтойы қарсаңында өз ғылыми еңбектерін ғылыми қауымдастықтың кәдесінде тарту еткен сыңайлы. Өйткені 1999 жылы З диссертация тікелей Құдайберген Жұбановтың мұраларына арналған. Атап айттар болсақ олар:

Миров Мұхтар Орынбасарұлының «Професор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі» (152) атты кандидаттық диссертациясында ғалымның қазақтың ұлттық ғылым тілін дамытуға қосқан үлесі егжей-тегжей сөз етіледі. Диссертацияның «Қ.Жұбановтың алғашқы

шығармашылық талпыныстары» деп аталағын бірінші тарауында ғалымның халықтық сөз үлгілерін зерделегені, баспасөз тіліне машықтануы, ағарту майданында бұқаралық баспасөзде қалам тартуы, 20-30 жылдардағы елеулі деген жарияланымдарына баға беріледі. Ал «Қ.Жұбановтың стильдік танымы» атты екінші тарауда тілшінің сөз саптау концепциясы, сөйлем деңгейіндегі айырым қолданыстар, жалпыхалықтық бейнелі мәтіннің қолданысы, ғалымның төлтума бейнелі сөз өрнектері туралы мағлұматтар қамтылады. Үшінші тарауда қазақ терминологиясындағы Құдайберген Жұбанов кезеңі суреттеледі. Бұл тарауда өткен ғасырдың 20 жылдарындағы термин сөздер қолданысының жалпы сипаты, терминдік атауларды, термин ұғымын танудағы түрлі көзқарастары, терминдік атаулардың тұрақтануы және олардың саяси-әлеуметтік мәні, Қ.Жұбанов тұжырымдаған термин жасау принциптері қарастырылған.

Сол 1999 жылы қорғаған Омарова Анаргұл Қабылқызының «Профессор Қ.Қ.Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы» (53) тақырыбындағы зерттеуінде тілші-ғалымның қазақ тіліндегі етістік категорияларына қатысты көзқарастары мен тұжырымдары сөз болады. Мұнда Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасуына грамматика саласы бойынша қосқан үлесі алғаш рет арнайы зерттеу жұмысының нысанына айналған. Сондай-ақ тілтанушының етістіктер туралы тұжырымдамасының қазақ тіл білімінде алғашқы ғылыми-теориялық зерттеу екендігі Қ.Жұбановқа дейінгі зерттеулермен салыстырыла дәлелденеді.

Сәдуақас Нұрбол Әбділлаұлының «Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері» (29) деген кандидаттық диссертациясы тұтасымен ғалымның фонетикалық зерттеулері мен топшылауларына арналған десек те болады. Өйткені диссертацияның өн бойында ғалым еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері басты зерттеу нысаны ретінде таңдалған. Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – профессор Қ.Жұбановтың қазақ фонетикасы мен оның терминологиясына қатысты ғылыми мұраларына жан-жақты талдау жасап, ғалымның осы бағыттағы зерттеулерінің қазақ лингвистикасында алатын орнын және ғылыми маңызын айқындау болған.

Қ.Жұбанов өз кезегінде қазақ тіл білімінің проблемаларымен ғана шектелмеген. Оның үлттық тіл білімі бойынша қалдырған мұрасын өз тұсындағы әлемдік лингвистиканың даму үрдісімен байланыстырап болсақ, ғалым мұралары әр қырынан жақұтша жарқырап көрінері анық. Қ.Жұбанов өз зерттеулерінде қазақ тілін жалпы тіл білімінің қағидалары тұрғысынан қарап, өзге тілдермен байланыстырып, салыстыра, салғастыра келіп, классик лингвистердің ұстанымдарына өзінің келіспейтін тұстардағы қарсы көзқарастарын батыл түрде жария етіп отырған. Тілтанушының осы бағыттағы ізденістеріне Жұбанова Айнаш Әбдікенқызы арнайы зерттеу жүргізіп, 2000 жылы диссертация түрінде әл-Фараби атындағы Қазақ үлттық

университеті жанындағы мамандандырылған кеңесте жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика және психолингвистика шифры бойынша сәтті қорғап шыққан болатын (27).

Қ.Жұбановтың тіл теориясы бойынша өрбіткен ойларын бір арнаға тоғыстыру мақсатымен 2004 жылы Терекова Фариза Ембергенқызы «Құдайберген Жұбановтың тілдік тұлғасы атты» кандидаттық диссертациясын көпшіліктің назарына ұсынды. Зерттеу әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыда жазылып, Мемлекеттік қазақ қыздар педагогикалық институтындағы кеңесте қорғалды.

Кезек бойынша келесі диссертация психология саласының маманы – Қарабалина Ақсөule Әліпқалиқызының еншісіне тиеді. А.Қарабалина «Қ.Жұбановтың жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері» (153) жөнінде сөз қозғайды. Онда тіл субъектісінің психологиялық ерекшеліктері, Қ.Жұбановтың психолингвистикалық топшылаулары психология ғылымы тұрғысынан баян етілген.

Ал ғалымның методикалық, әрі педагогикалық қызметін қатар қарап, дербес диссертация деңгейінде бағамдаған Мақпал Қожағалиқызы Жазықова өз еңбегін «Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы» (154) деп атап, зерттеу нәтижесін 2008 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңесі мәжілісінде ортаға салды. Жұмыстың мазмұнында Қ.Жұбанов ғылыми-әдістемелік мұрасының қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымын дамытудағы орны, ұстаз-ғалымның әдістемелік ой-тұжырымдарының қазіргі педагогика ғылымының дамуына ықпалы, оның негізгі қағидаларымен сабактастыры туралы мәселелер қамтылған.

Қ.Жұбановтың бойында ақындық, суретшілік, журналистік қабілеттер болғанын білеміз. Құдайберген Қуанұлын журналистікке баулыған, бір жағынан, өмірге ілесіп, оның көкейкесті мәселелеріне үн қосу қажеттігін туғызған жаңа заман болса, екінші жағынан, жанында ұлті-өнеге алатын Жиенғали Тілепбергенов сияқты қалам иесі болды. Ол 16 жасында «Өнегелі мұғалім» деген тұңғыш мақаласын Жиенғалимен бірігіп жазып, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 11 ақпандағы нөмірінде жариялады. 1920 жылдардан былай қарай «Еңбекші қазақ», «Кедей» газеттерінде әртүрлі мәселелер жайлы мақалалар жазып тұрады. Қ.Жұбанов қаламынан шығып, жарияланған мақалалар туралы ой толғап, жете зерттеп, тұтас диссертация ретінде жарыққа шығарған – марқұм Оралбай Әмір Әбдірашұлы болатын. Кәсіби журналист, көсемсөз шебері Әмір Оралбайдың журналистика мамандығы бойынша қорғаған диссертациясының тақырыбы – «Құдайберген Жұбановтың публицистикасы» деп аталады (155).

Профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы жөнінде жүргізілген зерттеулердің бірі – жас ғалым Жайық Сұлтанның «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» (90) деп аталатын кандидаттық диссертациясы. Еңбек 2007 жылы Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңесі мәжілісінде қорғалған болатын.

Бұл зерттеуде ғалым еңбектері тіл білімінің жаңа бағыттарымен астасып жатқандығы дәлелденіп, Құдайберген Жұбанов мұрасы лингвистиканың антропоөзектілік парадигмасы тұрғысынан жан-жақты зерделенген. Әсіресе тіл зерттеушісі – Қ.Жұбановтың палеонтологиялық тәжірибесіне тоқталып, академик Н.Маррдың шәкірті ретіндегі ұстанымына баса мән берілген.

Біз бұл тақырыпшада Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын зерттеуге арналған диссертациялардың негізгі мазмұнынан мәлімет беруді ғана мақсат еттік. Ал аталған диссертациялардағы ғылыми тұжырымдармен және мұнда аталмаған жүздеген зерттеулермен танысу тілші-ғалымдар мен Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасына қызығушылық танытқан көпшілік қауымның өз еншісінде.

Жұбановтану жалғастығы **(«Жұбановтану» зертханасының қызметі жайында)**

Профессор Қ.К.Жұбановтың ғылымда қалдырған мол мұрасы ғалым ақталғаннан кейін ғалымның тілге, әдебиетке, мәдениетке, өнерге қатысты еңбектері әртүрлі қырынан қызу зерттеле бастады. Дегенмен қазақ тіл білімінің негізін салуға жанқиярлық еңбек етіп, басқа да ғылым салаларында алғашқылардың бірі болып ғылыми мақалалар жазған, қоғам тіршілігіне белсене араласа отырып, тамаша публицистикалық шығармалар тудырған Қ.Жұбановтың мұрасын жүйелі зерттеуді жолға қойып, әрі қарай да зерделеу ісін жалғастыратын орталық, ұйым қажет болды. Осындай мекеме – «Жұбановтану» зертханасын құру идеясы 1990 жылы Ақтөбе пединститутына Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың (1899-1938) есімі берілгеннен кейін көтерілген еді.

Осындай игілікті істі бастауға 1991 жылы Ақтөбе пединститутының ректоры, профессор Мұхтар Галиұлы Арынов бастама болып, Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұраларын зерттеу және идеяларын тарату мақсатында ғылыми-зерттеу зертханасын ашу үшін осы оқу орнына Қ.Жұбановтың баласы, түрколог-ғалым, сол уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарып жүрген Есет Құдайбергенұлы Жұбанов (1928-2007) жұмысқа шақырылады.

Қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар, филология ғылымдарының докторы, профессор Е.К.Жұбанов алғашқыда жаңадан құрылған Қазақ тіл білімі кафедрасын, ал 1992 жылы іргесі қаланып, қазіргі уақытта да жоғарыда аталған университетте қызмет етіп келе жатқан ғылыми бөлімше – «Жұбановтану» зертханасын өмірінің сонына дейін басқарды.

Тәжірибелі жетекші, беделді ғалым Е.К.Жұбанов сезімтал педагогке тән шеберлікпен жоғары оқу орнында ғылыми жұмыстар жүргізу мәдениетін

қалыптастырды, ал сол уақыттары филология факультетінде ғылыми кадрлардың жетіспеуі мәселесі шешімін таппаған және қазақ тілі бойынша ғылыми дәрежесі бар оқытушылар жоқтың қасы болатын. Біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Есет Жұбанов ғылыми жетекші, ғылыми кеңесші, ұйымдастырушы-ғалым, автор, бірлескен автор және «Жұбановтану» тақырыбына қатысты ғылыми және қоғамдық-публицистикалық жарияланымдардың ғылыми кеңесшісі ретінде бірнеше ғылыми ұрпақ буынын дайындалған, ғылыми орта қалыптастырды, әрі факультет пен университеттің ғылыми деңгейін көтерді.

Проф. Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларын таратуды, идеяларын әрі қарай дамытуды көзделеген ғылыми зертхана алдына:

- жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес көпсатылы (дипломалды, дипломнан кейінгі, кәсіби) мамандар даярлау;
- ғылыми зерттеулерге жаңа тиімді әдіс-тәсілдер дайындау, енгізу және аprobация жасау;
- ғылыми конференциялар, ғылыми-әдістемелік семинарлар ұйымдастыру және студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрама кеңестер беру сияқты мақсаттар қойды.

«Жұбановтану» зертханасының негізгі қызметі ғылыми-зерттеулерге арналғандықтан:

- тілдің жаңашыл теорияларының жекелеген проблемаларын;
- лингвомәдениеттанымдық зерттеу мәселелерін (тілді және мәдениетті қарастырудың семиотикалық модель, лингвомәдениеттанымдық құзырест т.б.);
- түркология және қазақ тіл білімінің мәселелерін (этногенез және лингвогенез проблемалары, қазақ тілінің тарихи лексикологиясы);
- орыс тілі және типологиялық тіл білімі мәселелерін;
- роман-герман тілдері теориясы мәселелерін (индоевропеистика);
- тілдік жағдаяттың аймақтық мәселелерін (лингвистикалық зерттеулер жарияланымы, аймақтық микро және макротопонимдерге этимологиялық экскурс);
- Қ.Жұбановтың лингвистикалық, мәдениеттанымдық, әдебиеттанушылық, қоғамдық-тарихи ғылыми мұраларын қарастыруға белсене кірісті.

Аталған іс-әрекетті қолға алған күннен бастап, зертхана Қ.Жұбанов атындағы АПИ-ның ғылыми кеңесінің шешімімен жоғары оқу орны ректоры мен ғылыми кеңеске тікелей есеп беріп, күнделікті ғылыми зерттеу жұмыстарын ғылыми істер жөніндегі проректордың жетекшілігімен жүргізіл келеді.

Ғалым мұраларын зерттеудің тек оның тұлғасын дәріптеу үшін ғана емес, айтқан ойларының осы уақытта да өзекті екенін танытуда маңызы зор екендігін терең түйсінген «Жұбановтану» зертханасы негізгі қызметтерін үнемі жоғары сапада атқарып қана қоймай, жас ұрпақты ғылымға баулу жұмыстарын да жетілдіруді мақсат етті. Осы орайда ғылыми зертхана

Қ.Жұбанов атындағы АқМУ студенттерінің курсынан, дипломдық жұмыстары мен жобаларына, оқытушылардың және ғылыми қызметкерлердің магистрлік зерттеулеріне көбейінді мамандандырылған құрылымдық бөлім ретінде зор ықпал жасап отырады. Ғылыми зерттеу тақырыптарымен филологиялық, қоғамдық және әлеуметтік пән мамандары ғана емес, сонымен бірге жоғары оқу орнының әртүрлі кафедраларының мүшелері де айналысты. Күндізгі және сырттай аспирантура ашылған соң аспиранттар мен ізденушілер саны көбейіп, зертхана жұмысы кең қарқын алды.

АПИ студенттері мен түлектері (кейінгі Қ.Жұбанов атындағы АқМУ) ғалымның ғылыми мұралары негізінде рефераттық және курсынан жұмыстар жазылып, Жұбановтану бойынша қазақ филологиясы, сонымен қатар ағылшын филологиясы, педагогика және психология мамандықтары студенттерінің ондаған дипломдық жұмыстар қорғауы осы үйімның Қ.Жұбанов мұрасын зерттеуге қосқан үлесі болумен қатар, ғалым аруағы алдындағы парызын адал өтеп келе жатқандығының белгісіндей.

Осы зертхананың бастамасымен 1991-1992 оку жылынан бастап филология мамандығы студенттері «Жұбановтану» арнаулы курсын оқи бастауды ғалым мұрасын зерттеуде басқа да оқу орындарына үлгі болады деп ойлаймыз. Аталмыш курсын 1998-1999, 1999-2000 оку жылдарында «Қ.Қ.Жұбановтың рухани мұрасы» атауымен филология факультетінің орыс бөлімдерінде оқытылуы да зертхана ұжымының өлшеусіз еңбегінің нәтижесі деп бағалауымыз керек.

Проф. Е.Қ.Жұбанов «Жұбановтану» зертханасын басшылық жасаған кезеңде Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасының тілдік, публицистикалық, психологиялық қырларынан зерттелуіне қажымай енбек етті. Сөзіміздің дәлелі ретінде Е.Қ.Жұбановтың жетекшілігіне қорғалған диссертациялардың тізімін келтіре кетуді жөн көрдік:

1. Тектіғұл Ж.О. Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары. –10.02.06. – түркі тілдері (Алматы, 1994, кандидаттық диссертация), Қазақ тіліндегі түркі негізді есім қосымшалардың тарихи дамуы. –10.02.06. – түркі тілдері (Алматы, 2003, докторлық диссертация).
2. Миров М.О. Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі. –10.02.02. – қазақ тілі (Алматы, 1999, кандидаттық диссертация).
3. Садуақас Н.Ә. Профессор Қ.Жұбанов және қазақ тілінің фонетикасы. –10.02.02. – қазақ тілі (Алматы, 1999, кандидаттық диссертация).
4. Жұбанова А.Е. Фразеосочетания в казахской устно-поэтической речи. 10.02.02. – қазақ тілі. (Алматы, 1992, кандидаттық диссертация, ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Серғалиев, кеңесшісі – ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов).
5. Жұбанова А.А. Общелингвистическая концепция К.Жубанова. 10.02.20. – салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі (Алматы, 1999, кандидаттық диссертация, ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Э.Д.Сүлейменова, кеңесшісі – ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов).

6. Доспағанбетова М.К. Лексикографиялық деректердегі космонимдер (түркі тілдері бойынша). –10.02.20 – салыстырмалы-тариҳи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі (Алматы, 2006, кандидаттық диссертация).

7. Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі. –10.02.02. – қазақ тілі (Алматы, 2007, кандидаттық диссертация).

8. Жазықова М.К. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы. – 13.00.02. – оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілі) (педагогика). (Алматы, 2008, кандидаттық диссертация, ғылыми жетекшісі –ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов және ф.ғ.д., профессор Ф.Ш.Оразбаева).

9. Оралбай Ә.Ә. Құдайберген Жұбановтың публицистикасы. –10.01.10. – журналистика (Алматы, 2007, кандидаттық диссертация, ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Н.О.Омашев және кеңесшісі –ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов).

10. Қарабалина А.Ә. Қ.Жұбановтың жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері. –19.00.01. – жалпы психология, жеке адам психологиясы, психология тарихы, этнопсихология (Атырау, 2007, (ғылыми жетекшісі –п.ғ.д., профессор С.М.Жақыпов және кеңесшісі –ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов).

Осы орайда Ж.О.Тектіғұл докторлық диссертациясының негізінде «Тарихи грамматика танымдары» атты монография жариялағанын атап өтуге тиіспіз.

Жұбановтануды жалғастыруда жарқын жақтарымен, елеулі еңбектерімен көзге түсken ғылыми зертхананың ҚР Білім және ғылым министрлігі талаптарына сәйкес «Жұбанов тағлымы» атты алты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның өткізілуіне атсалысуы абыройлы іс болды. Осы конференциялардың мазмұны мен маңызына аз-кем тоқталып ету артық болмас.

1991жылдың қазан айында өткізілген конференцияға республиканың барлық облыстарынан дерлік ғылым және ағарту ісінің қайраткерлері қатысса, 1994жылдың қазан айында өткізілген конференцияға Ақтөбе қаласының ЖОО мен ОАОО-нан және облыс орта мектептерінен өкілдер шақырылды. Бұл конференция Қ.Жұбановтың туғанына 95 жыл толу қарсаңына арналғандықтан, форумға облыс және қала әкімдіктерінің басшылары қатысты. ҚР жоғары оқу орындары мен Ғылым академиясының белгілі ғалымдарының баяндамаларында ғалым мұрасы жаңаша қырынан ашыла түсті. Ал 1996жылдың қазан айында Ақтөбе пединститутының Қ.Жұбанов атындағы университет болып қайта құрылуына байланысты, «Жұбанов тағлымына» Ресей қалаларынан (Оренбург, Орск т.б.), Алматы, Қызылорда, Атырау және Ақтөбеден ғалымдар арнайы шақырылып, Қ.Жұбановтың қазақ ғылымындағы орны тағы бір рет асқақтата баяндалды.

«Жұбановтану» зертханасының күш-жігерінің арқасында бұл үш форумның материалдары 1997-1998 жылдары Ақтөбе университетінен екі

жинақ болып басылып шықса, Қ.Жұбановтың 100 жылдығына (1999) арналған халықаралық конференция материалдарының З-жинағы 2004 жылы жарық көрді. Бұл жинақтың кейбір мақалалары «АУ Хабаршысы» беттерінде де жарияланды (№1, 2, 1998-1999 жж.).

«Жұбанов тағымы» дәстүрлі конференциясының төртінші сессиясы 1999 жылы өтті. Ақтөбе қаласында басталған көлемді форум ғалымның туған жері Мұғалжар ауданының орталығы – Қандағаш қаласында жалғасын тауып, оған Алматы, Астана, Қызылорда, Орал, Қарағанды, Атырау және Ақтөбе қалаларынан келген белгілі қонақтар ғалым аруағына тағы бір рет тағым жасады. Қандағашта форум өтіп жатқан уақытта, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде ғалымның 100 жылдық мерейтойына арналған конференция қазақ тілі, жалпы филология, педагогика және әдістеме секциялары бойынша жүргізілді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде 2002 жылдың 4-5 қазанында өткен «Жұбанов тағымы» республикалық конференциясының бесінші сессиясында:

- «Жұбанов тағымы» республикалық конференциясына алтыншы жыыннанbastap халықаралық дәрежеге беру керек деп танылды;
- қазіргі «Жұбановтану» зертханасы негізінде ғылыми-зерттеу орталығын құру қажеттілігі көрсетілді.

Осы ғылыми жыыннан кейін халықаралық мэртебе алған «Жұбанов тағылымы» ғылыми конференциясының алтыншы сессиясы 2004 жылдың 18-20 қарашасы аралығында өтті. Аталған сессия жұмыстарына Қазақстан және Ресейден (Оренбург, Уфа қалалары) ғалымдар қатысусы аталған конференцияның мэртебесін айғақтап тұрды. Конференция материалдары жеке жинақ ретінде 2004 жылы жарияланды.

2009 жылдың 4-6 желтоқсаны аралығында өткен «Жұбанов тағылымы» халықаралық ғылыми конференциясының кезекті жетінші сессиясы да Ақтөбе, Алматы, Астана қалаларынан және шетелдерден (Қырғызстан, Түркія) ғалымдар шақырылды. Конференцияда қозғалған ғылыми өзекті мәселелер тек секция отырысында ғана емес, қорытынды дөңгелек үстел жынында да қызу талқыланды. Конференция материалдары еki томдық жинақ ретінде басылып шықты.

2013 жылғы 4-5 наурызда өткен кезекті «Жұбанов тағылымы – VIII: Қазақстан түркі өркениеті мен тарихы тоғысында» атты халықаралық ғылыми конференция «Қ.Қ.Жұбановтың жалпылингвистикалық концепциясындағы уақыт пен кеңістік категориясы (Қазіргі Қазақстан қоғамының тілдік саясаты. Мемлекеттік тіл: мәселелері, міндеттері мен шынайылығы. Тілдердің үш тұғырлығы – Қазақстанның алдыңғы қатарлы әлемдік қауымдастыққа интеграциялануының маңызды шарты. Түркі-ғұн тілдері, тарихы мен дамуы. Қазіргі қазақ тіл білімінің заманауи бағыттары мен мәселелері)», «Әдеби шығармалардың жеке ұлттардың қалыптасуына дейінгі ауызекі-поэтикалық дәстүрінен ұлттық әдебиет пен мәдениетаралық модельдеріне дейін (Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: міндеттері мен

зерттеу әдістері)», «Түркі философиясы мен тарихы, мәдениеті: өткені мен бүгіні (Түркі-ғұндардың этносаралық байланыстары, таралу аймағы мен мәдени қатынасы. Баба қазақ, қазақ мемлекеті: өткені мен бүгіні. Қ.Қ.Жұбановтың өмір сүрген кезеңі, ұстаздары мен замандастары (Алаш-Орда)»), «Педагогика, психология және оқыту технологиясының өзекті мәселелері Қ.Қ.Жұбановтың дидактикалық көзқарастары мен бүгінгі заман талаптары түрғысынан», «Жұбановтану – түркі өркениетіндегі қазақтың мәдени және тілдік әлем бейнесін зерттеудің ғылыми-аналитикалық жолы (Ғалымның ғылыми мұрасы – адамзаттың тарихы мен дүниеге көзқарасын, табиғатын танудағы ақпараттық ресурс, құнды білім көзі)» атты ауқымы кең бағыттарды қамтыды.

«Жұбановтану» зертханасының ұжымы республикамыздың басқа да қалалары мен өнірлерінде проф. Қ.Жұбановқа, зертхананың алғашқы басшысы проф. Е.Жұбановқа байланысты өткізіліп жатқан іс-шаралардан тыс қалған емес. Мысалы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Е.Жұбановтың 80 жылдығына арналып 2011 жылдың наурыз айында өткізілген «Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері» атты халықаралық дөңгелек үстелді ұйымдастыруды Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті тарих-филология факультетінің профессор-оқытушылар құрамы ерекше белсендерділік танытты.

«Жұбановтану» зертханасы аталған ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстармен қатар тұрақты түрде ғылыми семинар ұйымдастырылады. Бұл семинар филология, гуманитарлық және қоғамдық мамандықтар ғалымдары мен тілші-оқытушылардың бірлескен ғылыми шығармашылығын насиҳаттауды мақсат етеді. Семинарда талқыланатын және тындалатын мәселелердің тақырыптары зертхана жүргізетін ғылыми-теориялық жұмыстар (монография, диссертация, проблемалық мақалалар т.б.) негізінде айқындалады.

Сонымен қатар «Жұбановтану» зертханасы Ақтөбе қаласының және облыстың орта мектептері мұғалімдеріне университеттің профессор-оқытушылар құрамымен бірге Жұбановтану мәселелері, сондай-ақ фольклористика, салғастырмалы тіл білімі (ф.ғ.к. А.Е.Жұбанова) салалары, тілді оқыту әдістемесі (п.ғ.к., доцент М.К.Жазықова, п.ғ.к., доцент Р.Б.Куспаева) мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік көмек көрсетіп отырады.

«Жұбановтану» зертханасы Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасына қатысты қорғалған диссертациялары негізінде Жұбановтану бойынша элективті және арнаулы курстар ұйымдастырылған. Қазіргі уақытта тарих-филология факультетінде оқылатын «Қ.Жұбановтың когнитивтік зерттеулері» (Ж.И.Сұлтан) және «Қ.Жұбанов – фольклор және әдебиет зерттеушісі» (Ә.Ж.Ұлықпанова), жаратылыштану факультетінде жүргізілетін «Жұбановтанудың психологиялық-педагогикалық аспектісі» (А.А.Қарабалина) атты арнаулы курстар республикамыздағы бірден-бір бастама болып табылады.

Сонымен қатар 2012-2013 оқу жылында университеттің барлық факультеттерінде Жұбановтану зертханасының қазіргі жетекшісі А.Е.Жұбановының үйымдастыруымен университеттің барлық факультеттерінде «Жұбановтану: тарих және тұлға» атты элективті курс пен филология және гуманитарлық мамандықтарға «Қ.Жұбановтың лингводидактикалық көзқарастары» атты арнаулы курс енгізілді және аталмыш арнаулы курстар бойынша әдістемелік оқулықтар дайындалған.

«Жұбановтану» зертханасы жоғарыда аталған қызметтермен қатар ғылыми-баспа ісін де жолға қойды. Осындай іс-шараның нәтижесінде зертхананың қолдауымен және тапсырысымен төмендегідей ғылыми және ғылыми-танымдық басылымдар жарық көрді:

- *Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. –Алматы: «Ғылым», 1999;
- *Кенжебаев К.К., Оралбай А. Құдайберген Жұбанов*. –Алматы, 2000 (көлемі 15 б.т.);
- *Хасанов Б.Х. Жұбановтану* (орыс тілінде, көлемі 7,5 б.т.). –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің баспа бөлімі;
- *Хасанов Б.Х. Жұбановтану*. Тіл репрессиясы. –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті (көлемі 5 б.т.);
- *Жұбанова М.Қ. Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында*. –Алматы, 2011 (көлемі 7,5 б.т.);
- *Тектігүл Ж.О. Профессор Қ.Жұбановтың тарихи лингвистикалық концепциялары* (арнаулы пән оқу бағдарламасы). –Ақтөбе, 1999;
- *Тайжанұлы А., Ахан Б. Құдайберген Жұбанов дүниетанымы*. –Ақтөбе, 1999. – 100 бет;
- *Миров М.О. Қ.Жұбанов публицистикасы* (көсемсөзі): оқыту аспектілері (көмекші оқу құралы). –Алматы, 2002. –86 бет;
- *Жұбанов Е.Қ. Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектілері* (оқу құралы). –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АқМУ, 2003. –96 бет;
- *Садуақас Н.Ә. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасы саласындағы еңбектерін оқыту* (әдістемелік оқу құралы). –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АқМУ, 2001. –70 бет;
- *Тектігүл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы*. Ғылыми монография. –Алматы: Ғылым, 2002. – 303 бет;
- *Садуақас Н.Ә. Қ.Жұбанов және қазақ тілінің дыбыс жүйесі*. –Ақтөбе, 2004. –169 бет;
- *Оралбай А.Ә. Құдайберген Жұбанов – публицист*. –Ақтөбе, Тоғанай-Т, 2006. –207 бет;
- *Садуақас Н.Ә. Қ.Жұбанов және қазіргі қазақ тілі фонетикасы*. –Ақтөбе, 2007;
- *Қарабалина А.А. Қ.Жұбановтың психолингвистикалық мұрасы*. – Ақтөбе, 2009. –122 бет;

• Жұбанов Е. Толғауы тоқсан қызыл тіл...(лингво-мәдениет танымының көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер). –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университет. – 2010. – 316 бет.

«Жұбановтану» зертханасы өз қызметін әлемдік деңгейге шыгару мақсатында отандық және шетелдік ғылыми, мәдени үйымдармен қарым-қатынасын күшайтіп келеді. Мысалы, Ақтөбе облысы, Ембі қаласындағы ағайынды Жұбановтар мұражайы, ҚР БФМ ФК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан және Ресей жоғары оқу орындары, атап айтқанда, К.Аммосов атындағы Солтүстік-Шығыс Федералды Университет (Ресей, Якутск қаласы), «Манас» Қырғыз-түрік университеті (Қырғызстан, Бішкек қаласы) сияқты ғылыми-педагогикалық мекемелермен, сонымен қатар Венгрия, Түркия елдерінің ғалымдарымен байланыс орнатып, ғылыми әріптестік аймағын кеңейтуде.

«Елімнің мақтанышы – Даналарым» (Ағайынды Жұбановтардың мемориалдық мұражайының қызметі жайында)

Мұғалжар ауданы Ембі қаласындағы алғашқы мұражай 1983 жылы ақпан айында «Мемориальный музей Ахмета Жубанова» деген атпен ашылды. Мұражайдың ашылуына сол кездегі Мұғалжар аудандық партия комитетінің I хатшысы Куандық Зейнешұлы Әлішев көп еңбек сінірді. Қ.Әлішев Алматыға барып, Ахмет Жұбановтың қызы Ғазиза Жұбановадан академиктің домбырасын, дирижерлік фрагін және фото суреттерін т.б. жәдігерлерді әкелді. Мұражайдың ашылу салтанатына аудандық атқару комитетінің төрағасы (председателі) Александр Ананьев, Куандық Әлішев, Алматы мемлекеттік консерваториясының доценті Тмат Мерғалиев, Алма Темірбековалар келіп, мұражайға алғашқы экспонаттарды табыс етті.

Ахмет Жұбановтың 80 жылдығына орай Алматы қаласынан академиктің немерелері – Шолпан Болатқызы, Қайрат Магавин, өнер қайраткерлері – Ғазиза Жұбанова, Шамғон Қажығалиев, Қаршыға Ахмедяров және Құрманғазы атындағы оркестр келіп, туған ауылы Орқаш, Жаңатұрмыста болып, дарынды музыканнтың ескерткішіне тағзым етіп, халықпен кездесіп, мерекелік концерт қойды. Осы мерекеге орай облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкери Роза Балдыгарина мұражайда Ахмет Жұбановтың өмірдеректеріне және шығармашылығына байланысты жылжымалы көрме жасақтап, дәріс оқыды. Дарынды өнер иесінің туған жерінде мұражайдың ашылғанына қуанып және оны көруге асыға келген композитордың қарындасы Қазақ КСР Халық шаруашылық көрмесінің бас директоры Қызғалдақ Құдайбергенқызы Жұбанова, жиені Әліби Әзербайжанұлы, ҚазКСР-іне еңбегі сіңген халық әртісі, кинорежиссер Әзербайжан Мамбетов, Социалистік Еңбек Ері, КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, Құрманғазы атындағы

консерваторияның профессоры Бибігүл Ахметқызы Төлегенова, композитор Марат Омаровтар т.б. мұражайда болып экспозициямен танысты.

1999 жылы академиктің ағасы – қазақ тіл білімінің тұнғыш профессоры, лингвист, ағартушы ғалым Құдайберген Куанұлы Жұбановтың 100 жылдық мерейтойына орай мұражайдың аты «Ағайынды Жұбановтардың мемориалдық мұражайы» деп өзгерілді.

2004 жылдың 16 тамызында «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мұражай жұмыстарын жинақтау, жандандыру барысында облыс әкімінің №226 қаулысы бойынша Мұғалжар ауданы Ағайынды Жұбановтардың мемориалдық мұражайы мемлекеттік мекемесіне 6 штат бірлік берілді. Бұған дейін бір қызметкер жұмыс атқарып келген болатын. Осы ігі істен бастап мұражай қала тұрғындары мен мектеп оқушыларына Құдайберген және Ахмет Жұбановтардың өмір жолдарын және олардың өшпес асыл мұраларын таныстыру жұмыстары жан-жақты жүргізіле бастады, мұрайжайдың қорын толықтыру мақсатында елді мекендерді аралап, жәдігерлер жинақтау қолға алынды.

2006 жылы ұлттық мәдениетіне және Ембі халқы үшін тамаша жыл болды. Себебі Ахмет Жұбановтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланатыны жарияланды. Осы үлкен шарага орай мұражайдың жаңа ғимаратының құрылышы бой көтерді. Академиктің 100 жылдық мерейтойы тұған ауылында, ауданда, Ақтөбе, Алматы, Астана қалаларында және өнер орталығы – Парижде тойланды. Ембі қалалық мәдениет үйінің алдына Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, мұсінші Ж.Кенбайдың Ахмет Жұбановқа арнаған «ескерткіш-бюсті» орнатылды. Мерекеге өнер және мәдениет майталмандары, академиктің ұрапактары, бауырлары қатысып, өзі негізін қалаған Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі концерт берді. Осы мерейтойға орай «Ахмет Жұбанов-100» кітапшасы, ағайынды Жұбановтардың өмір жолдарына арналған альбом, буклеттер, шақыру билеттері, маркалар, А.Жұбановтың бейнесі тоқылған кілемше, «Композитор Ахмет Жұбановтың 100 жылдығына арналған Халықаралық экслибрис пен графика көрмесі» атты каталогі, «Ахмет Жұбанов», «Музыкалық алғашқы адым» т.б. кітаптар мұражай қорына жинақталса, академиктің қызы Ажар Ахметқызы Жұбанова мұражайға мерейтой иесіне арналған деректі фильмнің кассетасын, композиторға арнайы шығарылған монеталар мен 100 жылдық мерейтойға арналып шығарылған афишаларды сыйфа тартты.

2009 жылдың сәуір айына жаңа мұражай ғимаратының ашылу салтанатына ғалым Құдайберген Жұбановтың немересі – филология гылымының кандидаты Ардақ Есетқызы Жұбанова, Құдайберген Жұбанов университетінің доценті Мұхтар Миров, облыстық тарихи өлкетану мұражайының директоры Еркін Құрманбеков, аудан әкімі Серік Шанғұтов, аудандық мәдениет бөлімінің басшылары, Жұбановтардың туыстары, көзін көрген қариялар, мәдениет қызметкерлері, қала және Орқаш елді мекенінің тұрғындары қатысып, оларға Жұбановтардың ата-бабаларының алтын бесігі

болған Ақжардың көрінісін беретін залға, ғалым Құдайберген Жұбановқа арналған «Қайталанбас тұлға», Ахмет Жұбановқа арналған «Ғасырлар пернесін шерткен», Ғазиза Жұбановаға арналған «Жыр жазған жүргігімен» атты экспозицияларға экскурсия жүргізілді. Сонымен қатар мұражай жұмыстарын жандандыру бағытында облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ұйымдастыруымен «Музейлердің даму жолындағы өзекті мәселелері» атты облыстық көшпелі семинар өткізілді. Семинарға барлық мұражай басшылары мен ғылыми қызметкерлер қатысты. Семинарда мұражайдың даму жолындағы бірқатар мәселелер қаралып, баяндамалар тындалды.

Осы жылы ғалым Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына орай «Тіл білімінің тарланы» атты мектепаралық жас әуесқой ақындар байқауы өткізілді. Байқауда жас ақындар ғалым аталарына арнаған жүрек жарды жыр шумақтарын оқыды. Сонымен қатар Жұбановтардың ұрпағы Қызғалдақ Құдайбергенқызы және Ардақ Есетқызы жаңа мұражайға келіп, экспозициясы жасақталған залдармен танысып, мұражайға «Өкем – жарық жүлдізым», 1936 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы», «Өулет және заман белестері», профессор Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары жинақталған «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты кітаптарын, Мұслима Жұбанованың «Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблеммалары хақында» атты еңбектерін сыйлады.

Ғалым, публицист, ұлт жанашыры Құдайберген Жұбановты және кәсіби композиторлар – Ахмет Жұбанов пен Ғазиза Жұбанованы әр қырынан таныту мақсатында «Тұғырлы тұлға», «Тіл білімінің жанашыры», «Лингвист Құдайберген Жұбанов», «Қайталанбас тұлға», «Тіл кеменгері», «Тіл алыбы – Құдайберген», «Асылдың көзі», «Елімнің мақтанышы – Жұбановтар», «Академик өнерді зерделеген», «Композитор Ахмет Жұбанов», «Саз өнерін терең менгерген», «Ерлікпен өткен ғұмыр», «Жыр жазған жүргігімен», «Музыка менің әлемім» атты тақырыптарда дәріс сабактары, дөңгелек үстелдер, кездесу кештері өткізіліп келеді.

Өнерде сара жол салып кеткен Жұбановтардың өнерін жалғастырып келе жатқан жерлестері үшін жасақталған «Өнерлі өлкем – Мұғалжар» атты залда ақын Әубәкір Кердерінің жырын жырлаған жыршы Шоқай, Қазанғап күйлерін насиҳаттаушы күйші әрі композитор Жаңаберген Албетов, цирк әлемінің илюзианисті Сұлтанғали Шүкіров, әнші, композитор Бейбіт Оралұлы, Қанат және Света Айтбаевтар өнерлерін паш етті. Аталмыш залда 40 жылдай тарихы бар ұлттық аспаптар оркестрінің, «Қарлығаш» қыздар вокал тобының және бүгінгі Мұғалжар өнірінің өнерлі азаматтардың шығармашылығына байланысты жәдігерлер экспозицияға қойылған.

2013 жылды наурыз айында Ембі жүртшылығы үлкен қуанышқа кенелді. Себебі асылдың көзі, тұлпардың тұяғы ғалым Құдайберген Жұбановтың кенже баласы – филология ғылымының докторы, профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов және Ташкент қаласынан келген профессор

М.Джусупов, Уфа қаларынан келген профессор З.Сиразитдинов, Алматы қаласынан келген профессор Б.Хасанов, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің тіл ғалымдары – А.Жұбанова, М.Миров, Н.Сәдуақас және суретші Е.Исмайловтар келіп, мұражайдың тарихымен, бүгінгі тынысымен танысты.

Асқар Құдайбергенұлы өзінің жүрекжарды естеліктерін айтып, мұражайға «Қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистикасы» және «Қазіргі қазақ тіл білімі: Қолданбалы лингвистиканың өзекті мәселелері» атты еңбектерін сыйлады.

Жұбановтарды насиҳаттаудағы игі істерді тек қана ауыл, аудан, облыс көлемінде ғана емес, өзге де аймақтарда жалғастыруды жөн көріп, 2012 жылдың сәуір айында ОҚО «Саяси-құғын сүргін музейінде» және Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Нартай Бекежановтың өнер» мұражайларына «Елімнің мақтанышы – Даналарым» атты тақырыпта дәріс сабактары жүргізіліп, озық ойлы әріптестермен тәжірибе алmasып, мұражайға қорына тың материалдар әкелінді. Қазіргі таңда мұражай қоры толықтырылып келеді. Негізі мұражай экспозициясына Жұбановтардың отбасылық және әріптестері, замандастары, шәкірттерімен түскен суреттер топтамасы, өз кездерінде киген, тұтынған заттары, жазған еңбектері қоюлы.

Осындай тарихы бар мұражайдың бүгінгі қунғе дейін тірлігін қорыта келе айтарымыз: Мұражай – халық қазынасы. Халықтың, оның ішінде жас үрпақтың рухани бауына, өз тарихына деген қызығушылығын арттырып, болашаққа мол мұра қалдырып кеткен, дарынды перзенттерінің еңбектерін жинақтап, көпшілікке насиҳаттау жұмыстарын жүргізе отырып, әлі де аянбай еңбек ете береміз. Ағайынды Жұбановтар атындағы мемориалдық мұражайдың өскелен үрпақты адамгершілік қасиеттерге, өз елінің тарихын білуге, елжандылыққа тәрбиелеуде алар орыны ерекше.

ЖҰБАНОВТАР ЖҰЛДЫЗЫ (Жұбановтар әулеті жайында)

Жұбановтар әулеті бүгінде Қазақ елінде елге танымал адамдар бірден-бір көп шыққан әулет болып табылады. Алғашқы Қазақ Совет Энциклопедиясының өзінде қазақ ғылыми мен өнерінде өшпес із қалдырған төрт бірдей Жұбановтың есімі берілген. Бұл көштің басында, әрине, Құдайберген Куанұлы Жұбанов тұрады.

Жұбановтардың үрім-бұтағын Куаннның балаларынан өрбіткеніміз жөн болар. Бұл ретте Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың былай дегені бар: «Әкем Қуаннан он төрт құрсақ бармыз» деп отыратын. Өзім билетіндерін айтайын. Үлкені – Аққат апай. Одан кейінгі менің әкем Құдайберген. Содан соң екі

қыз – Дәмет пен Ағиба. Сосын Ахмет. Кәдімгі Ахмет Жұбанов. Одан кіші Мұхамбеди».

Жұбанов Ахмет Қуанұлы – қазақтың көрнекті музика зерттеушісі, композитор, тарихшы, дирижер, Қазақ КСР Халық артисі, Қазақ КСР ғылым академиясының академигі, өнертану ғылыминың докторы, профессор. Ағасы Құдайберген Жұбановтан тәлім-тәрбие алған. Ол бар саналы өмірін қазақ музыкасының өсүі мен қалыптасуына арнап, сонына өлмейтін, өшпейтін із қалдырыды. Ғасырлар бойы атадан балаға таралып келген салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, тіл мен мәдениетті жетік білген Ахмет Қуанұлы музика жанрының барлық саласында жемісті еңбегімен көзге түсіп, қайтпас қажырлық танытты. Ахмет Жұбанов ғалым-шәкірттер даярлаумен қатар республикада тұңғыш тұсау кескен Халық аспаптар оркестрін ұйымдастырыды. Дирижерлігі, ешқашан ұмытылмайтын нағыз халықтық ән мен күйлер, камералық, симфониялық, опералық шығармалар жазған үлкен композиторлық дарыны тағы бар. Осыдан да болса керек, оның есімі туған халқының арасында әр кезде зор ілтиpat, аса құрметпен аталады.

Ол ауыл мұғалімі Құсайын Ашығалиевтен, Ғалым күйшіден біраз тәлім-тәрбие алды. 1919-1928 жылдары хатшылық, оқытушылық қызмет атқарды. Темірде орыс халық аспаптары әуесқойлары оркестріне қатысып, скрипкашы П.Черняктан (сольфеджио, скрипка, музика теориясы бойынша) сабак алды.

1929 жылы оны ағасы Құдайберген өзімен бірге Ленинградка ертіп барады. Ахмет Жұбанов онда Ленинградтың М.И.Глинка атындағы техникумында Этигонның скрипка класы бойынша білім алды. Содан соң консерваторияда профессор Н.А.Ниманнның гобой класы бойынша дәріс тындалды. Кейіннен музыканың теориясы мен тарих факультетінде оқыды. Оның алғашқы зерттеу мақаласы 1930 жылы Ленинградтың «Рабочий и театр» журналында жарияланды. Ол зерттеуші-теоретиктер, майталман мамандар Б.В.Грубер, А.В.Островский, Х.С.Кудшарев, Ю.Н.Гюлайндерден дәріс алды. Консерваториядағы сабактармен қатар Ленинградтың тарихи-лингвистикалық институтының тарих-социология факультетінде этнографиядан лекциялар тындалап, музика фольклоры саласында еңбек етіп жүрген танымал ғалымдармен тығыз байланыста болып, музикалық нотаға түсіру, жазып алу сырларына қанығады. Олардың ақыл-кеңестерін көңіліне мықтап тоқиды. Соның нәтижесінде Ахмет Жұбанов туған өлкесі – Ақтөбе аймағына барған экспедицияға қатысады. Осы сапарда жазып алған «Сараның әні» 1932 жылы жарияланған «Сібір энциклопедиясында» жарық көрді.

Отызынши жылдары Ахмет Жұбановтың ғылыми-зерттеу жұмысына кең жол ашылды. Ғалым өз кезегінде халықтың музика мұрасын жинап, зерттеу барысында оларды нотаға түсірумен ғана шектелмей, небір ықылым замандардан бізге жеткен асыл қазыналардың сырын ашып, әнші-күйші композиторлардың шығармашылығын шүкшія талдады. «Зерттеушінің осы саладағы тырнақалды еңбегі 1936 жылы жарық көрген «Қазақтың халық

композиторы Құрманғазы» атты очеркі болатын, – деп жазады өнертану ғылыминың кандидаты Зейнұр Қоспақов, – Мұнда айтулы күші шығармаларының мазмұны мен әлеуметтік астарлары, көркемдік қасиеттері асқан білгірлікпен суреттеліп, домбырашылық мәдениетті дамытудағы көрнекті орны мен рөлі анықталды». Кейін бұл очерк үлкен монографияга ұласты.

Ағасы Құдайберген Жұбанов ұсталып кеткеннен кейін Ахмет Жұбанов партиядан қуылып, жұмыстан босатылды. Ахмет Куанұлының ұлы Болат Ахметұлы Жұбанов сол күндер туралы былайша сыр суыртпақтайды: «Әкемнің сол өте қын әрі әділетсіз кезендегі өмірге деген ынтаzarлығына осы күнге дейін өте қатты таңданамын. Тұтқынға алынуды қүтіп, тұнімен көз ілмейтін күндердің өзінде ол қазақтың музикалық мәдениетін ең жоғары ғылыми деңгейге көтере білді. Ол сол бір 30-жылдардың соңында қазақтың халық композиторларына, ақындарына, әншілеріне ғылым талдау жасай отырып, өнерді жүйелі түрде зерттеді. Ол достарының өтініші бойынша, яғни зерттеу мен іздену, еңбек ету негізінде радиоқоюзымдар дайындайтын, содан түскен азын-аулақ қаламақысына жанұясының өмір сүруіне жағдай жасайтын.

Бұл жұмыстар Ахмет Куанұлының өмірінің бір сәті болып қалмады, олар болашақ шығармашылық ізденістің түп қазығына айналды. Соғыстың қын жылдарында халықтың рухани мәдениетінің ең маңызды саласы – музикалық өнер туралы алғашқы кәсіптік-ғылыми зерттеулер жинағын, «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» атты ірі монографиясын шығарды.

Еліміздің ғылыми және музикалық жүртшылығы бұл жұмысты жоғары бағалады, сондықтан ВАК-тың (Жоғары Аттестациялық комиссия) 1944 жылғы шешімімен оған КСРО-ның азиялық бөлігі бойынша бірінші рет өнертану ғылымдарының докторы дәрежесі берілді. А.Қ.Жұбанов музика мәдениеті саласында ірі ғалым ретінде 1946 жылы республика Ғылым академиясының алғашқы он төрт ұйымдастыруышы академиктерінің қатарында болды.

Ұлы Отан соғысының аяқталар тұсында Ахмет Куанұлы өзінің композитор жолдасы Латиф Хамидимен бірігіп, тағы бір үлкен шығармашылық ерлік жасады, ол 1946 жылы Алматы опера театрында қойылған, М.Әуезов либреттосына жазылған қазақтың тұңғыш кәсіптік деңгейдегі «Абай» операсы еді.

Сол жылдары партия билігінің жоғарғы сатысында отырғандардың Кенесары Қасымов басқарған халық азаттық қозғалысын теріс бағалауына орай, ел ішіндегі жаппай құғындаудың басталуынан республиканың көптеген ғалымдары тұтқындалып, жер аударылды. Бұл зобалаңға мениң әкем де тап болды. Ол партиядан қуылып, республика Ғылым академиясының құрамынан шығарылып, консерваторияның ректоры қызметінен босатылғандықтан, тағы да репрессияға ұшырамау мақсатымен «біліктілігін арттыру үшін» Мәскеуге кетуге мәжбүр болды.

Бұл оған және оның отбасына өте ауыр соққы болып тиді. Ахмет Қуанұлы энциклопедиялық білімі бар, ой-өрісі жоғары, оптимист, табанды күрескер адам болғандықтан, өзінің абыройы мен қадірін сақтай білді. 1953 жылдан соң Алматыға қайтып оралған ол республика Ғылым академиясының толық мүшелігіне қайта сайланып, Мәскеуде сол жылдары дәстүрлі түрде өткізіліп тұрған бірнеше Қазақстан өнерінің онқұндігіне музыка саласы бойынша жетекшілік етті, консерваторияның кафедра менгерушісі болды, Ғылым академиясында өнертану секторын басқарды. Оның талантынан туған опералар, басқа да ірі музикалық шығармалар – қазақ халқының музикалық өнері туралы «Ғасырлар пернесі» және «Замана бұлбұлдары» атты бірегей монографиялары тек музикатанушылардың ғана емес, бүкіл қазақ халқының қолынан түспейтін өміршең кітаптарға, біртума шығармаларға айналды. Жоғарыда айтылғандай, өзінің жолдасы және әріптесі, тамаша композитор Латиф Хамидимен бірге ол 1945 жылы қазақ халқының ұлттық классикалық операсына айналған, М.Әуезов либреттосының негізінде жазылған «Абай» операсын дүниеге әкелді. Өзінің осы замандастарымен біргіп, Ұлы Отан соғысының батырларына арналған «Төлеген Тоқтarov» атты операсын шығарды. Оның музыка тақырыбына жазылған шығармаларының саны 101 десек, Қазақстанның музыка мәдениетіне байланысты басылып шыққан еңбектерінің саны 316-ға жетті.

Ахмет Қуанұлының жетекшілігімен өнертану саласында 7 адам ғылым кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғаса, соның ішінде республика Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Б.Г.Ерзакович те бар».

Ахмет Қуанұлы Жұбанов туралы оның үлкен қызы, әке жолын қуған халқымызға белгілі композитор Газиза Жұбанованың айтары мол. Ол өзінің «Мир мой – музыка» деп аталатын кітабында әкесі туралы барынша жылы жазады: «Алты жасымда әкем мені музикалық техникумның жанындағы музыка мектебіне алып барды, мен сонда мұғаліміміз Бурдановадан фортепиано класы бойынша дәріс ала бастадым. Осылайша, әліппені білместен бұрын ноталарды білгенмін. Баланың жадында бәрі де сақталады емес пе, кез келген пьесаларды тез жаттап алатын едім, тіпті «көрермендер» алдында, мектеп олимпиадасында өнер көрсете бастадым...

Біздің әкеміз балаларға елжіреп қарайтын, олардың қызығушылығы мен талабына, әсіресе, музыкамен шұғылдануына айрықша көңіл бөлетін. Есімде, ол ылғи біздің күнделігімізді тексеретін, егер «ұштік» немесе тәртіп жөнінде ескерту жазылса, онда ол бізді қәдімгідей «сілкілейтін», келесі күні міндетті түрде мектепке соғып, мұғалімдерімізben сөйлессетін. Содан да болар оның барлық бес баласы да мектепті табыспен бітірді, жоғары оқу орындарына, аспирантураға түсті, өзінің жұмысында елеулі жетістіктерге жетті.

Әлі күнге дейін таң қалатынымыз: қолы жұмыстан бір босамайтын әкеміз біздің күнделігімізді тексеруге, мектепке соғуға қалай уақыт тапқан. Ал үйде өздерін түгелімен отбасы мен бала тәрбиесіне арнаған шешем мен әжем де бар еді...

Мен Мәскеуге, Гнесиндер атындағы музыкалық училищеге түсуге шешім қабылдағанда, әкем менімен бірге барды. Композиторлық кәсіп бойынша емтихан алған профессор, белгілі композитор М.Ф.Гнесин қабылдау емтиханында маған «5» қойып, мінездемеге былай деп жазды: «Ғазиза Жұбанова – композиторлық қабілеті бар талантты қыз...». Әкем шексіз қуанды. Ол енді анама басу айта алатын еді. Өз кезегінде анам орта мектепті алтын медальмен бітіріп, училищеге түсем дегені қалай деп қатты уайымдаған...

Әкем өмірдің мәні жоғары оқу орнына тіреліп тұрмағандығын, бәрі де мұратқа байланысты екендігін, адам күні мен түні соған қызмет істеп, ләззэт алатындығын жақсы түсінген еді. Осылайша әкемнің арқасында кәсібімді дұрыс таңdap, осы салада отыз жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін...

1954 жылы Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы консерваториясын үздік бітірдім, 1957 жылы аспирантураны тәмамдадым. Өзімнің дербес композиторлық қызметім басталғанда әкеміз екеуміз нағыз дос әрі әріптеске айналдық. Мен онымен көп ақылдастым. Ол менің шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуыма, композиторлық еңбекке деген көзқарасыма орасан зор үлес қосты.

Өз кезегінде ол да менімен ақылдастып тұрды, тек шығармашылық мәселеде ғана емес... Осылайша, әкем досыма айналды, онымен ойымда жүрген, толғандыратын мәселелер жөнінде, тіпті менің балаларым – оның немерелері жөнінде де пікірлесуге болатын еді. Ол немерелерін жақсы көретін, олар да атасының елжіреген ықыласын ұмытпақ емес... Менің үлкен қызымды ұлы домбырашы Дина Нұрпейісованың құрметіне Дина деп атады...

Ол өмірді құлай сүйетін, адамдар үшін, өзінің балалары үшін көп шаруа тындырды... Ол – шынайы тұлға, өз халқын қалтқысыз сүйетін үлкен суреткер еді. Жүргі нәзік, қиялы ұшқыр, жігер-күші мол, жеңіл жарапанатын жан болатын... Оған қызғанышпен қарайтындар да аз емес-ті. Таланты тым жарқын еді, тұлғасы да ерекше еді. Ол музыкалық білім алған (Ленинград консерваториясында музыкатану мамандығын алған) тұнғыш қазақ болатын...».

Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақ күй өнерінің сандақтарының бірі профессор Қаршыға Ахмедияров «Жас алаш» газетінің 1999 жылғы 26 маусымдағы нөмірінде газет тілшісімен әңгімесінде былай дейді: «Дүние жүзінде Құрманғазы оркестріндегі оркестр жоқ. Неге? Немен дәлелдей аламыз? Себебі қазақ халқы сияқты күй өнеріне бай халық жоқ. Мұны ғылыми түрде дәлелдеген – Құдайберген Жұбанов. Ол халық жауы делініп атылып кеткесін бұл істі інісі Ахмет Жұбанов жалғастырды. Ахаңның ұлылығы сол – сол байлықты қолдана отырып, Құрманғазы оркестрінің негізін қалады. Кеңес одағы кезінде дүниежүзілік фестивальға, осы оркестр, қазақ оркестрі барды. Орыс емес, өзбек емес, ұйғыр емес, қазақ оркестрі. Әлемге Кеңес одағын, қазақ халқын Құрманғазы оркестрі танытты. Және фестивальдің бас бәйгесін иеленді». Қүйшілік

мектептер туралы айта келіп, Қ.Ахмедияров тағы да былайша ойын өрбітеді: «А.Жұбанов барлық күйшілерді зерттең, күйлерін сараптай келе, Құрманғазы мен Тәттімбетке тоқтайды. Неге? Себебі, олардың күйлері – таза аспаптық жанр».

«Ұлттық оркестрдің құру тарихи оқиға болды, – деп еске алады Ғазиза Жұбанова, – Бірінші концерттен соң-ақ халық оны жылды қабылдады, сүйіктісіне айналды. Әкем оны құрушы ғана емес, алғашқы дирижеры да болды. Оркестрдің өнерін халық ғажап оқиға ретінде қабылдады. Ол оркестрмен бірге республикамыздың түкпір-түкпірінде, сондай-ақ олардың сырт жерлерінде де ұзак сапарларда болды. 1936 жылды Мәскеуде өткен қазақ өнері мен мәдениетінің алғашқы онкүндігінде оркестр керемет табысқа жетті. Үлкен театрдағы оркестр концертінің кинокадрлары сақталған. Олардың орындауындағы халық классиктерінің күйлері жәй кәсіптік деңгейден де жоғары... Бұл Ахмет Қуандылының өмірінің «ғажап сәттері» болатын.

Бұған бір-екі жыл опера театрында дирижер болғанын қосар едім. Ол спектакльдерде мен де болғанмын... Спектакльдер зор табыспен өтті, ел қазақдирижерға да баратын...

Менің әкем өте еңбеккор және мақсатына жету жолында табанды еді (осы қасиеті маған да жүққан сияқты). Қырқыншы жылдардың басында ол «Қазақ халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы» деген кітапты жазуға кірісті. 1942 жылды атаптыш кітап жеке басылып шықты. Кітаптың табысы күткендегіден де асып түсті. Ол бір сәтте сатылды. Бұл – қазақ музыкатану ғылымындағы алғашқы монография еді... Әкемнің өміріндегі тағы бір жарқын мереке – 1964 жылды Мәскеуде өткен антропология және этнография жөніндегі халықаралық конгресс, онда ол баяндама жасап, «Ақсақ Құлан» күйін домбырада керемет етіп тартып берген...

1966 жылды әкемнің өмірінде ең үлкен мереке болды. Оның мерейтойы – туғанына 60 жыл толуы – ресми түрде алғашқы және соңғы рет атапты өтілді. Салтанатты рәсім Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында өткізілді. Сахнада анам да, біз – балалары да, немерелері де болдық... Құттықтау борап кетті. Қөрермен қауым құттықтауларды жылды қабылдады, мерейтой иесінің жауап сөзін ықылас қойып тындалды. Әкем тамаша және озық ойлы шешен еді. Оның даусы онша қатты шықпайтын, сондықтан да, ол сөйлеген кезде, консерваторияда студенттерге лекция оқығанда да мұлгіген тыныштық орнайтын. Бұл оның үлкен аудиториядағы соңғы сөзі болса керек. Бұдан соң әкемнің шығармаларынан құрастырылған мерекелік концерт болды, онда жас өнерпаздар да, әртүрлі театрлар мен концерттік ұйымдардың тәжірибелі әртістері де өнер көрсетті...».

Ахмет Жұбанов халық музыкасын асқан ұқыптылықпен зерттең, қазақтың мындаған әндері мен күйлерін нотаға түсірді. 1958 жылды А.Жұбановтың «Ғасырлары пернесі» атты монографиясы әуелі орыс тілінде, кейін қазақ тілінде жарық көрді. Мұнда көрнекті халық композиторлары Дәuletкерей, Құрманғазы, Дина, Сейтен, Тәттімбет, Байсерке, Абыл,

Ықылас, Сармалай және басқалардың өмірі мен шығармашылығына арналған монографиялық очерктер орын алған. Бұл еңбек қамтылған материалдар молдығы жағынан, қарапайым тілмен баяндау түрғысынан жүртшылықтың көңілінен шықты.

1963 жылы Ахмет Жұбановтың тағы бір қомақты зерттеу сипатындағы еңбегі «Замана бұлбұлдары» дүниеге келді. Онда қазақтың аса көрнекті халық композиторлары мен әншілері Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Абай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Үбырай, Мәди, Майра, Әміре және басқаларының өмірі, орындаушылық шеберліктері жайында мол мағлұматтар беріледі. Осы еңбегі үшін Ахмет Жұбановқа 1968 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді.

Ахмет Жұбановтың композитор ретіндегі жеке шығармашылығы да қазақ музыкасының тарихынан ерекше орын алады. Оның әндері мен романстары, камералық және аспаптық шығармалары, драмалық пьесалары мен кинофильмдерге жазған туындылары – өз алдына бір төбе.

Қазақ тілінде тұңғыш «Музыкалық әліппе» жазған да – Ахмет Жұбанов. Қазақстан Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімін басқарды. Оның шоқтығы бік туындысы Л.Хамидимен бірігіп жазған «Абай» операсы болса (аталмыш шығармасы үшін Мемлекеттік сыйлықты иеленді), өзі бастап жаза бастаған «Құрманғазы» атты қазақтың тұңғыш радиооперасын қызы Газиза Жұбанова аяқтады.

Ахмет Қуанұлының қоғамдық қызметіне келсек, ол Алматы мемлекеттік консерваториясының ашылуына айтулы үлес қосты, ректоры болды, осы консерваторияның халық аспаптары кафедрасын басқарып, жас музыка мамандарын даярлауға атсалысты. Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармонияның ұйымдастырылуына ұйытқы болды, осы мекемеге біраз жыл директорлық етті. Қазақ музыкасының қалыптасу кезеңінен бастап күні бүгінге дейінгі жетістіктерінде Ахмет Жұбановтың орасан зор еңбегі бар. Ғалым-академик, педагог, композитор, дирижер, қоғам қайраткері Ахмет Жұбановты өнер сүйер қауым «саз бен сөздің сәулеткери» деп орынды атайды.

Қуанының кіші ұлы **Мұханбеди** 1909 жылы дүниеге келген. Ол Ақтөбе педагогикалық техникумын бітіріп, отызынши жылдардың басында Алматының маңындағы Шамалған селосында жұмыс істеген. Кейін аудандық оқу бөлімін басқарған. Мұханбеди Қуанұлы ертерек қайтыс болған.

Қ.Қ.Жұбановтың балаларының үлкені – **Жұбанова Мұслима Құдайбергенқызы** Ақтөбе облысы, Жұрын ауданында 1926 жылы дүниеге келген. 2012 жылы З маусымда дүниеден өтті. Тіл білімі маманы, ғылым кандидаты (1965). 1946 жылы Ақтөбе педагогикалық училищесін, 1950 жылы Алматы Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. 1950-52 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының оқу бөліміне нұсқаушы, 1953-1959 жылдары Петропавловск қазақ орта мектебінде, педагогикалық училищесінде қазақ тілі мен әдебиетінен және сол

пәндердің әдістемесінен сабак берді. 1959-1961 жылдары «Қазақстан мектебі» газетінің редакциясында әдеби қызметкер, 1961-1962 жылдары Білім министрі жанындағы педагогика ғылымдар институтының аспирантурасында оқыды. 1964-1974 жылдары сол институтта бастауыш кластың оқу әдістемесі белімінің менгерушісі, 1974-1984 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар институтының педагогика кафедрасында доцент болып істеді. ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, профессор А.Ысқақовтың жетекшілігімен «Қазақ мектептеріндегі 1-клас оқушыларын сауаттылықта үйрету» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. КСРО және ҚазКСР Халық ағарту ісінің озық қызметкери деген атақтармен марапатталды. Фалым-ұстаздың «1-класта сауат ашу мәселелері» (Алматы, 1967), «Эксперименттік әліппе» (Алматы, 1968), «Әліппе оқытуға методикалық нұсқау» (Алматы, 1968), «Қазақ тілінен 3-класқа арналған дидактикалық материалдар» (Алматы, 1974). «Әліппе» (Алматы, 1992), «Қ.Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында» (Алматы, 2002), «Әulet және заман белестері» (Алматы, 2009), «Ұлттық тәрбие тағылымы» (Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасы негізінде), Алматы, 2012) атты еңбектері мен 200-ге жуық мақаласы жарық көрді.

Мұслима Жұбанова әкесі Құдайберген Жұбанов туралы естелігінде былайша толғанады: «Папам үйге келгенде біздің үйге ерекше қуаныш, шаттық ере келетін еді. Бізben бірге папамның келгеніне ауылдың үлкені мен кішісі түгел қуанатын. Біз болсақ, папамды көргенімізге, ол әкелетін ойыншықтар мен конфеттерге қуанамыз. Бізден басқа ағайын-түйс, ауылдастардың балалары да сол ойыншықтармен ойнап, конфет, алма т.б. сый алғанына қуанады. Оның үстіне, папам балалармен әнгімелесуді, ойнауды жақсы көретін мінезі бар еді. Сондықтан папам келгенде бізге ілесіп, ауылдың барлық баласы коса алдынан шығып қарсы алатын».

Ленинградта әкесі Құдайберген Жұбановпен бірге жатақхананың төртінші қабатындағы кең бір бөлмеде тұрған Мұслиманың естелігінің тағылымдық тұсы мол. «Мен балабақшаға баратын болдым,— деп еске алады Мұслима Құдайбергенқызы, —Папам өзінің академиясына кетеді, таңертең екеуміз үйден бірге шығамыз, кешке бірге қайтамыз... Кейде папамның кешкі жиналыстары болады академияда. Ондайда ол мені бақшадан алыш, академияға ертіп келіп, бір бұрышқа отырғызып қояды. Соның арқасында мен кішкентай кезімде Ленинград академиясын, оның яфеттік тіл ғылымы институтын көрдім. Жер жүзіне атағы белгілі үлкен фалым Н.Я.Маррды көрдім, ол шоқша сақалды, арықша келген шағын кісі еді. Сақалы мен шашының ағы мен қарасы тең болғандықтан ба, менің көзіме кекке бояп қойғандай көрінетін. Түсі сұық, сөйлегені кейіп тұрғандай болып көрінетін маған. Содан болар папама: «Сендер бәрің жиналып бір шалдан неге қорқасындар?» — дейтінмін. Папам маған: «Сен біздің қорқатынымызды қайдан білдің десе», мен: «Ол сендерге қатты-қатты ұрсып жатқанда, біреуің қарсыласпай, тыныш отырасындар, ал ол күлсе, бәрің қосыла күлесіндер», —

деймін... Тұсі суық болғандықтан, маған ұнамай жүрген Маррдың бір күні көзінен жас аққанша құлгенін де көрдім.

Папам мені бақшадан алғып, академияға ертіп келді. Қолыма қағаз, бояу қарындаштар беріп бұрыштағы терезенің алдына отырғызып, терезенің күрең қызыл қалыңқ пердесімен тасалап қойды. Мен сурет салуға кірістім. Басталайын деп жатқан партияның жабық жиналысы екен. Партия ұйымының хатшысы жиналысты бастай бергенде, Mapp тұрып: «арамызда партияда жоқ адам бар, мен бастауға қарсымын», – десе керек.

Отырғандар аң-таң болып бір-біріне қарап, ол кім дегендей болады. Сонда Mapp: «Әне терезенің алдында отыр», – деп мені көрсетіпті. Сөйтіп, жиналыстың алдында бәрі мәз болып құліп алышты. Мен болсам, отырғандардың, әсіресе, Маррдың қатты құлгенін естісем де, маған құліп жатқанын сезбей отыра бердім».

Әкесі ұсталған күн туралы мұнға толы сыры да назар аударуға лайық: «...мен төртінші класта оқытынмын. Ноябрьдің он үші күні Асқар туды. Папамның қолы тимейтін болғандықтан, көбіне мамама тамақ таситын Ақырап екеуміз едік. Асқарға қоятын ат ізден әуреленетін де біз едік. Ноябрьдің он тоғызы күні кешкі төрт-бестерде сабактан келсем, мамам роддомнан шығыпты. Папам жаңа туған Асқар мен мамамды үйге алғып келіп, өзі ҚазПИ-ге кешкі лекциясына кетіпті. Әжем (мамамның шешесі) кухняда үлкен самаурынды қайнатып қойып, папамды құтіп жүр екен. Дәл сол күні бізді бақытсыздық құтіп тұрғанын қайдан білейік, папам келісімен үйімізге толатын шаттықты, тойды ойлад, қанатымды қомдал, шаттығым қеудеме сыймай, ұшып кете жаздал жүрмін. Бір кезде есік қағылды. Мен жүгіріп барып есік аштым. Екі адам келіп папамды сұрады, мен жөнімді айттым. Сұр киімді екеу менің сөзіме құлақ асқан да, жауап берген де жоқ. Ойымда ешнәрсе жоқ, мамамның қасына барып, інімнің бетіне қарап, отырып қалдым. Бір кезде басқыштан біреудің көтеріліп келе жатқанын естіп жүгіріп шықтым. Осы кезде папамның дем алған дыбысын танып, есіктің кілтін бұрай беріп едім, есік алдындағы екі адам білегіме шап беріп жабысып, мені кейін серпіп таstadtы. Тұла бойым дірілдеп кетті. Бұрын-сонды білмеген таныс емес сезім пайда болды маған. Сол кезде папам келді. Папам кабинетке кірді, екі адам соңынан ерді. Біраз уақыттан соң папам әуелі мамамды, содан кейін бәрімізді қасына шақырды. Әлгі келгендердің біреуі жазып отыр, біреуі үйді тіміскілеп тінтіп шықты. Папамның партбилеті, КазЦИК-тің значогы столда жатыр. Тісіміз-тісімізге тимей қалшылдаپ тұрмыз, бірақ жылаған жоқпыз және ешнәрсені тұсініп те тұрған жоқпыз. Біздің ішімізде Есет қана: «Папа, мыналар саған не деп тұр?» – деп, даусын шығарып жылап жіберді. Папам Есетке жауап беріп: «Бұлар мені жау деп тұр, кімнің жау екенін көрерміз!» – деді, аналарға ызгарлана сөйлеп, орыс тілінде. «Жау» деген сөздің папама қандай қатысы барын тұсінбесем де, сартылдаап соққан жүрегім мен қалшылдаған денеме ие болар емеспін. Папамды алғып кетті, біз қала бердік. «Қарап, тексеріп босататын шығар, папаларының кінәсі жоқ қой», – деді мамам.

Біз үміттенеміз. Бір күні үйімізге папамыздан хат келді. Онымен кездесу үшін кімге, қалай жолығу қажет екенін, тергеушісінің аты-жөнін, телефонын жазыпты. Қуаныштың шегі жоқ, бұл бір жақсылық деп ойладық. Бардық, папамызды көрдік, содан төрт ай бойы жеті сайын көріп тұратын болдық. «Ендігі хабар өзімнен болады, бұл араға енді келмендер», – деді папам төрт айдан кейін. Бізге ол сол күні бір түрлі қуанышты болып көрінді. Ертеңіне Ақырап екеуміз тергеуші Мавлютовтың кабинетіне телефон соқтық. Ол Ақыраптың даусын танып: «Папаңа он жылға үкім шығарылды, бір ай шамасында өзінен хабар келуі мүмкін», – деді.

Қуанып үйге келдік, жазықсыз екенін білсек те, он жылға риза болдық. Арада үш күн өтті. Тағы сөйлесіп көрейін деген ой келіп, бұл жолы телефонды мен соқтым. Бұрынғы таныс дауыс емес, басқа дауыс бізге ұрсып: «Тергеу біткен жоқ, ендігәрі телефон соқпаңдар», – деп жауап берді. Бар көргеніміз осы болып қала бердік. Қайғылы күндер басталып кетті. Біз ешкімнің үйіне бұрынғыдай бармаймыз. Бізге көмектескісі келетін бірен-саран адамдар ұрланып тұнде келеді».

Мұслима он төрт жасында «папамды неге жау деді?» – деген сауал маза бермей, жыр шумақтарын жазады:

«Бұлқынып, жүрек тулап, көне алмай тұр,
«Әкең жау» деген сөзге сене алмай тұр.
Орыны қас пен достың ауысты ма,
Жауабын бала ақылы бере алмай тұр!

Жау деген болмай ма екен жалмауыздай,
Қаскунем, қара ниет, қаны мұздай.
Адал жанды «жаусың» деп жала жапса,
Ет-жүрек жарылмай ма, сыздай-сыздай!»

Әкеге деген сағыныш ақ көнілімен, балалық пәк жүрегімен, үлкен үмітпен, құдіреті күшті Сталиннің өзіне хат жазуға итермелейді:

«Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Сіздің балаларды жақсы көретініңді білгендейтін, шын жүрегіммен сырымды ашып, көмек күткелі отырмын. Менің әкемді «жау» деп ұстап кетті, бірақ бұл – жала. Маған сеніңіз, мен – пионермін, өтірік айтпаймын. Оны босату тек сіздің ғана қолыңыздан келеді. Барлық жақсы адамдарды ұстап тауысты. Қазір сағат он екіден асты, мен болсам ұйықтамай, сізге хат жазып жылап отырмын, жолдас Сталин, мына сия тамшыларының астында менің көзімнің жасы бар, жас кеуіп кететін болғандықтан, әдейі үстіне сия тамыздым». «Менің хатым көсемнің қолына тисе, папамды шығарады ғой», – деп ойлаған Мұслиманың үміті мол еді, бірақ ол үміті ақталмады.

1998 жылы Ақтөбе университетінің алдында әкесінің әдемі ескерткіші бой кетергенде Мұслима «Ескеркіш болып келді әкем» деген өлең жазды:

«Қанатым жоқ ұша алмадым, қалайын,
Тым болмаса қиялыммен шабайын.
Туған жерге ескерткіш боп келді әкем,
Сол орынды ой көзіммен табайын.

Ақтөбеде көшелер бар бағы асқан
Ұл-қызының есімдері жарасқан.
Ағайынды Жұбановтар көшесі,
Мейірім төгіп Әлиямен санақан.

Сол бір жерлер көңілге ыстық, арайлы,
Биік үйлі, салтанатты сарайлы.
Менің әкем атындағы ұядан,
Білім алыш күнде шәкірт тарайды.

Көрдім, әне, әкемнің тас денесін,
Тас деймін-ау, тірі десе сенесің.
Көпке қарап, шабыттанып сейлеп тұр,
Не дер екен тындайықшы кеңесін:

—Армысыздар, аңсан көрген ағайын,
Кейін туған жас ұрпақ қой маңайым,
Культке құрбан болыш кеткен атаңмын,
Сол мұнымды өздеріне шағайын.

Ақкөнілмін, алданып тым қалыппын,
Көбелек боп отқа түсіп жаныппын.
Бостандық деп таңдал түскен жолымыз,
Есігі екен қап-қараңғы тамұқтың.

Шын бостандық енді ғана келіпті,
Қазақ елі болар деймін көрікті.
Туар талай Құдайберген бұл елден,
Көңілім бүгін саған анық сеніп тұр.

Өнер, ғылым, қатар жайсын өркенін,
Жаңа көштің көрсін елім көркемін.
Желбіресін көкшіл туы қазақтың,
Нұрын шашсын шаңырақтан ерке күн».

Мұслима Құдайбергенқызының ғұмыры нақақтан-нақақ жала жабылыш, 38-ақ жасында өмірі қиылған әкесіне арнаған өксікке толы өлеңдері 2001 жылы «Әке-жыр» атты кітапқа айналса, естеліктері 2009 жылы «Арыс» баспасынан «Әулет және заман белестері» атты эссе-кітап түрінде жарық

көрді. Автордың қаламы қолынан өмірінің соңына дейін түскен емес. Өзі ауырып, төсек тартып жатса да, осы екі дүниені тағы бір рет ой елегінен өткізіп, «Жұбановтар әuletі және заман белестері» атты кітапқа жинақтап берді. Өкініштісі – Мұслима Құдайбергенқызына бұл кітаптың шығуын көрге тағдыр жазбапты...

Кітапта қазақ ғылыми мен өнерінің жарқын жүлдyzдары Құдайберген мен Ахмет Жұбановтардың өміrbаяны жан-жақты ашылып, біртуар тұлғалардың ел үшін еткен еңбектері нақты дәйектеледі. Тектілерден тараған тұғырлы тұлғалар тартқан тауқыметті тебіренбей оқу мүмкін емес. Естелік-кітаптан бір әулеттің өмір тарихымен танысып қана қоймай, сол дәуірдегі бүкіл қазақ елінің басынан өткен қындыққа күә боласыз.

Еңбектің алғы сөзін жазған академик Рабиға Сыздық «Автордың естелігі Құдекең мен Ахаңың қызы, туысы болғандықтан, олар туралы өзгелер көп біле бермейтін қырлары мен сырларын қалай жеткізгендігімен, шыншылдығымен өте құнды», – деп бағалай келе, автор туралы: «Мұслима Жұбанова – қаламы бар, яғни жазушылық, ақындық, суреткерлік дарыны бар педагог. Оның ақындық таланты сүйсінуге тұрарлықтай, ол адам портретін таныта білетін журналистік пе, жазушылық па, әйтеуір, проза дүниесіне де әдемі бара алатын дарын иесі еken (әрине ғылыми, педагогикалық еңбектері мен оқулықтарын, әдістемелік туындыларын былай қойғанда)», – деген лебізін білдіреді (156, 3-4). Автордың көркемдік шеберлігімен қатар, әкесіне, ағасына, іні-сінлілері мен жақындарына қатысты әр кезеңдегі оқиғаларды есіне қалтқысыз сақтап, шынайы суреттегендігіне таңданбасқа шараңыз қалмайды.

Кітаптың «Қылыш заман, қиялыш жолдар» деп аталатын бірінші бөлімі автордың Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың 100 жылдық мерейтойына арналған конференцияда бір жағынан қуана, бір жағынан қамыға отырып, сахна төріне ілінген әке суретімен «іштей тілдесуімен» басталады: «Папа, – дедім мен күбірлеп.

– Сен кеткенде бәріміз жас едік қой, балаларыңды таныдың ба?...» – деп езіле іштей сұрақ тастайды да, әке әулетінен тараған ұрпақтың – балалары мен немере, шеберелерінің ғылым, өнер жолындағы жетістіктерін мақтанышпен жеткізеді.

Естеліктің екінші бөліміне топтастырылған автордың қаламынан туған жырлардың негізгі тақырыбы – құғын-сүргін құрбаны болған, қазақтың біртуар ұлы, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың (1899-1938) тұлғасын ашар перзенттік сағыныш.

Еңбектің «Ұшқан ұядан ән-күй сапарына» деп аталатын бөлімі, негізінен, академик Ахмет Жұбановтың қазақ өнеріне сінірген еңбегі мен өзіндік тұлғасын танытуға арналған.

Кітаптың соңғы сөзі ретіндегі «Жапырақ жайған бәйшешек» атты бөлімдегі мына жолдарға ой жүгіртпей кете алмайсыз: «Өнер – адам баласының бойындағы ұлы қасиет. Өнерлі болу үшін адамға табиғаттан берілген дарын керек. Дарынды адамға дұрыс бағыт беріп тәрбиелесе,

өнерінің өсіп-өркендеуіне жағдай туғызыса, ол жүлдіздай жарқырайды. Жүлдіз көзге тез шалынады. Оны халық болып құрметке бөлейді» (156, 235). Шынында да, кітапты терең толғаныспен оқи отырып, тамыры терең тектіліктен нәр алған табиғи дарын иелері – Жұбановтар әuletі жүлдіз сияқты жарқырай беретініне бек сенесіз.

Жұбанов Ақырап Құдайбергенұлы 07.11.1927 жылы Ақтөбе қаласында туған. 2007 жылы 18 ақпанда дүниеден өтті.

1949 жылы Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген. 1958 жылы В.И.Мухина атындағы ВХПУ-ді Ленинград қаласында оқып бітірген. 1959 жылдан Қазақстан суретшілер одағының және КСРО суретшілер одағының мүшесі, «Мәдениетке еңбегі сіңген қайраткер», «Қазақстан Республикасы Суретшілер академиясының академигі».

Ақырап Құдайбергенұлы еңбек жолын Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебінде сызу пәнінен сабақ беруден бастайды (1947-1948). Одан соң Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласындағы педагогикалық училищеде көркемөнер пәнінің оқытушысы (1949-1952). ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының өнертану секторында кіші ғылыми қызметкер (1958-1959), Қазақстан Суретшілер Одағында референт (1959-1960), Қазақстан КСР Жергілікті өнеркәсібі министрлігінде бас суретші (1960-1962), ҚазКСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер (1962-1963), Алматы көркемөнер училищесінің директоры (1963-1982), Алматы қаласының бас суретшісі (1982-1984), Алматы көркемсурет училищесінің директоры (1984-1992).

Ақырап Жұбановтың тікелей ұйымдастыруымен Ақтөбе, Шымкент қалаларында көркем училищелері ашылады. Қазақстанда училище ғана емес, көркемөнер институтының ашылуын армандай жүріп, өз ұсыныс-тілектерін жоғары оқу орны министрлігіне, басқа да тиісті орындарға жеткізу нәтижесінде тұңғыш рет театр көркемөнер институты өмірге келеді. Ол ұлғая келіп, қазір Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық академиялық өнер академиясы аталып отыр. Ақырап Құдайбергенұлының негізгі еңбектері: «И.Е.Репин – орыстың ұлы суретшісі» (1955), «Телжанов шығармашылығы туралы» (1960), «К.Тыныбеков туралы естелік» (1983), «Алматы геология мұражайы қойылымдары мен безендіру жұмыстарының жобасы» (1968), «Жайлау туралы ән», «С.С.Мәмбейев шығармашылығы туралы» (1960).

Жұбанов Есет Құдайбергенұлы 22.11.1929 жылы Ақтөбе қаласында туған. 2007 жылы 4 сәуірде дүниеден өтті.

Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы (1997), профессор (1996). Ақтөбедегі Н.Байғанин атындағы педагогикалық институттың дайындау бөлімін (1946), Абай атындағы педагогикалық институтты (1951) бітірген. 1951-1955 Петропавл педагогикалық училищесінің мұғалімі, мұғалімдер жетілдіру институтының қазақ тілі кабинетінің менгерушісі, Солтүстік Қазақстан облысы оку бөлімінің

нұсқаушысы, «Қазақстан мұғалімі» газетінің қызметкері (1955-1957), ҚР ҰҒА-ның Тіл және әдебиет институтының кіші ғылыми қызметкері (1957-1959), 1959-1961 жылы осы институттың аспиранты, 1962-1991 жылы аталмыш институттың кіші, аға ғылыми қызметкері. 1991 жылдан өмірінің соңына дейін Ақтөбе педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасында доцент, «Жұбановтану» зертханасының менгерушісі.

Проф. Е.Қ.Жұбановтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу эпосының тілі жөнінде» деген тақырыпта кандидаттық (1967), «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» атты докторлық (1997) диссертациялары қазақ әдеби тілі саласындағы көрнекті еңбектер қатарынан саналады. Сонымен қатар ғалым өз әкесі Қ.Жұбанов еңбектерінің таңдамалы бір томдығын (1966 ж.), академик Ахмет Жұбановтың «Ән-күй сапары» атты көлемді еңбегін, «Абай» энциклопедиясын, сондай-ақ ондаған академиялық жинақтар мен кітаптар шығаруға тікелей қатысты. Алғашқы монографиялары «Эпос тілінің өрнектері» және «Қазақ тілінің тарихи кездері» (ұжымдық) 1978, 1989 жылдары жарық көрсө, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу эпосының текстологиясы» (1994), «Қазақтың ауызекі көркем тілі» (1996) атты монографиялары – қазақ тіл біліміндегі соны да маңызды еңбектер еkenі даусыз. Сонымен қатар Есет Құдайбергенұлы он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» бесінші, алтыншы томдарын жасауға атсалысып, жалпы көлемі 8 баспа табақ жұмыс жазды.

Професор Е.Қ.Жұбанов өз болмысы, терең білім, зор адамгершілігі, ұстаздық пен ғалымдық жолдың тізгінін тең ұстau барысында көптеген мемлекеттік атақ-дәреже, жоғары атақтар мен марапатқа ие болған азамат. Ол 2005 жылы Мемлекеттік тіл саясатын жүргізу degi үлгілі еңбегі үшін марапатталып, Ақтөбе облысы әкімінің алғыс хаты мен автокөлікке ие болса, педагогикалық қызметтегі табыстары үшін «Қазақстан Республикасының білім озаты», Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталып, 2003 жылы «Ақтөбе облысының құрметті азаматы», 2004 жылы «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» деген атақтарға ие болды.

Жұбанова Қызылдақ Құдайбергенқызы 1933 жылы 26 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келді. Ақтөбе облысында бастауыш мектепті аяқтап, 1946 жылы Алматыдағы №12 қыздар орта мектебінде оқып бітірді. 1952 жылы мектепті бітірген соң Қазақ ұлттық университетінің «Экономика» факультетіне түсіп, «Экономист» деген мамандық алғып шығады. Сол мамандығы бойынша статистика басқармасында жемісті де абырайлы қызмет атқарып жүргенде, 1961 жылы Алматыда ашылған Республикалық халық шаруашылық жетістіктер көрмесі ашылады да, соған қызметке шақырылады. Ол көп жылдар бойы халық шаруашылық жетістіктер көрмесінде «Бас» павилон директоры қызметтін атқарады, халқының сенімді перзенті ретінде зор беделге ие болып, талай құрмет грамоталарымен, дипломдармен, медальдармен марапатталды, абырайға кенелді. Еліміз егемендік алғаннан

кейін ол жерде «Атакент» іскерлік орталығы ашылды. «Мен онда акционермін» дейді Қызғалдақ Құдайбергенқызы.

Әкесі Құдайберген Жұбанов 1957 жылы ақталған күннен бастап, өз анасынан, апа-ағаларынан бала кезінен әке жағдайын естіп, өксіп өсken, ғалымның ортанышы қызы Қызғалдақ, енді ел аузынан жалынды лебіздерді естіді, зиялышты қауым, атақты жазушы, ұлағатты ғалымдардың әкесі туралы жазған мақалаларын оқыды. Талай мерейтойларға байланысты конференцияларда жасалған баяндамаларды тыңдалап, газет-журналдардағы мақалаларды тірнектеп жинап, әкесінің еңбектерімен танысты. Ардақты да қымбатты әкесі жайлышты сағынышқа толы жырлар да жаза бастады. «Жұбанов Құдайберген жүзге толды» атты жүрекten шыққан толғауында өзінің әкесі деген сәбілік сезімін, былайша көрсеткен-ді.

«Бүгінгі елордамыз Астанада,
Жанашырлар жиналды жас қалада.
Жүзге толған Жұбанов құрметіне,
Келелі кеңес ашты бас қалада.

Отанының білімпаз қайраткері
Халқының азаматы ардагері,
«Елім, ұлтым, тілім» – деп, отқа түскен
Жұбанов тым ертерек қыршын кеткен.

Ісінді армандаған алға апарар,
Ел білді бар екенін жас ұрпақтар.
«Тіл қолдану аясын кеңейту» – деп,
Ғылыми тәжірібелі жиын арнар.

«Мұқият бол деп, тіл мен терминдерге»
Гұлама айтып кеткен дәл сендерге.
«Өз тілің ғылыми тіл шенберінде,
Әлемдік деңгейден көр әр кезінде».

Егеменді елімнің тіл – тірегі,
Жастары жалындаған – ең керегі.
«Ұрпақтар жалғастыры» деп жатармыз,
Әлі де бергенінен мол берері.

Әкесінің ұшан-теңіз еңбектерін жете оқып, мән-мазмұнына терең ден қоя ұғып түсінген Қызғалдақ: «Осындай қазақтың бақытына біткен ерекше талантты жоқ етуге қалай көздері қиды екен?» деп қиналады. Өзінің жан жүрек балапандары, немере-шөберелеріне атасының ғалымдық жолын үлгі етіп, мәпелеп, тәрбиелеп, үнемі үлгі етумен ғана тынбай, әке мұрасын жинау, насихаттау жолында да айтарлықтай тынымды да ұлағатты істер атқарудан

жалықпай еңбектенуде. Ол әкесінің туғанының 105 жылдығына арнап, «Әкем – жарық жұлдызы» атты көлемі 222 беттік сый кітапты 2005 жылы жарықта шығарып, оның тұсауекесер тойын да өзі өткізді.

Проф. Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың өмірі мен шығармашылығын, ғылыми және қайраткерлік қызметін, жалпы азаматтық тұлғасын танытуда жан-тәнімен еңбек етіп, бар күш-жігерін салып, ғалымның мерейтойларына арналған конференциялардың бәрінде баяндамалар жасап, барлық іс-шаралардың басы-қасында келе жатқан – ғалымды «халық жауы» ретінде тұтқындаған күні туғанына алты күн ғана болған кенже ұлы **Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы**. Ол 1937 жылы 13 қарашада Алматы қаласында туған. Математика және тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

А.Қ.Жұбанов 1960 жылы Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтының математика факультетін бітірген. 1960-1967 жылдары Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының жоғары математика кафедрасында оқытушылық қызмет атқарған. Әкесі Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ғылымдағы жолын жалғастыру мақсатымен А.Қ.Жұбанов 1967-1970-жылдары ҚазКСР ҒА Тіл білімі институтының аспирантурасында оқиды. Аспиранттық және докторанттық кезеңдерінде қазақ тілін математикалық әдістермен зерттеу мақсатында Минскідегі Лингвистикалық университеттің ғылыми мектебінен өтті. Осы саланың белгілі ғалымдары, профессорлар – Р.Г.Пиотровский, А.В.Зубов, Қ.Б.Бектаевтардан дәріс алды. 1973 жылы филология ғылымдарының докторы Қ.Б.Бектаевтың ғылыми жетекшілігімен және академик И.Кеңесбаевтың ғылыми кеңесшілігімен «Статистико-лингвистическое исследование казахского текста с применением ЭВМ» атты кандидаттық диссертация қорғады. Бұл ғылыми жұмыс қазақ тіл біліміндегі статистикалық лингвистика саласына арналған алғашқы еңбектердің қатарында саналып, жоғары бағаланды. Сөзіміздің дәлелі ретінде академик И.Кеңесбаевтың Құдайберген Жұбановтың жұбайы Раушан Жұбановаға жазған хатын келтіруді жөн көрдік:

Аса құрметті Раушан женгеме.

Ата балаға сыншы ғой. Асқарға біз сияқты кісілер де ата. Асқарға жүктелген жұмыс ауыр еді. Оны мызғымастан өткелден көтеріп шықты. Ол ғылым өткелі еді. Ата баласының ат меніндей белгісі болады емес пе?! Осы жолы әкеге біткен қабілет балаға біткен дарындылықтан анық аңғарылды.

Асқардың сәтті аяқталған еңбегіне шын жүректен шыққан қуанышымды білдіремін. Жұрағат, бала-шагамыздың, өзініздің бақыттан қол үзбеулеріңізге тілекtespіn. Өмір бойы үйініздің тұтіні сөнбесін.

Ісмет
15.06.73

P.S. Бір ғана өкінішім бар. Кеше кешкі ауық түшкіріп, сәл сырқаттанып қалдым. Ыстығым бар. Тойдың басы-қасында өзім болмақ уәдем бар еді. Бұл уәдеден шыға алмай қалдым. Faфу сұраймын». Бұл хаттың кирилл қарпімен қатар төте жазумен жазылған нұсқасы да Асқар Жұбановтың мұрағатында сақтаулы.

А.Қ.Жұбанов 2001 жылды филология ғылымдарының докторы, математик А.В.Зубовтың ғылыми кеңесшілігімен «Основные принципы формализации содержания казахского текста» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ғалымның зерттеулерінде қолданбалы лингвистика саласының әдіс-тәсілдері беріліп, жиілік сөздік мәселесі, олардың автоматты түрде жасалу жолдары көрсетілген. Қазақ мәтініндегі негізгі сөз таптарының мәтін ішінде үлестірілу заңдылығының ықтималды-статистикалық моделін құру мәселесі зерттелген. Ғалымның докторлық диссертациясында қазақ тіл білімінің өзекті мәселелеріне жататын мәтін және оның формалдық, мазмұндық құрылымына қатысты құрастыруышы элементтер арнайы қарастырылған.

А.Қ.Жұбанов 1970-1976 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында кіші, 1976-1986 жылдары аға, 1986-1990 жылдары жетекші ғылыми қызметкер, 2002 жылданбас ғылыми қызметкер, 1990 жылдан бастап «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің менгерушісі болып қызмет істейді. 2004 жылы тіл білімі мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

А.Қ.Жұбанов – қазақ тілін зерттеуде математикалық статистика мен ықтималдылықтар теориясы пәндерінің әдістерін (ғылыми жетекші Қ.Бектаевпен бірге) және қазақ лексикография саласына компьютер мүмкіндіктерін пайдалану әдісін тұнғыш қолданған және оны әрі қарай дамытушы ғалым. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тілінің қолданбалы саласының жаңа бағытына қатысты тақырыптарға А.Жұбанов ғылыми жетекшілік етіп келеді. Ғалымның алғашқы зерттеулері ЭЕМ (компьютер) арқылы М.Әуезовтің шығармаларындағы сөзформалар мен сөздердің жиілік сөздіктерін құрастыру және олардағы тілдік бірліктердің статистикалық заңдылықтарын анықтауға қатысты болса, соңғылары – «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты ұлттық компьютерлік қорын» құрастыру мәселелерін қамтиды. Мұндай зерттеу қазақ тіл білімінде бұрын-сонды болмағандықтан, зерттеу нәтижесі компьютерлік лингвистиканың теориялық және практикалық негізін қалыптастыруға бастама болды.

«Тіл мамандарының ең талантты дегендерінің ішінде екінің бірі бара алмайтын бұл салаға Асқардың жаңадан жол салып, бастау көздердің бірі болуында екі-үш фактордың мәнін атап керек: бірі – бұл іске математик маманның кірісуі, екіншісі – математиктің тіл білімі сияқты гуманитарлық ғылым саласының негізгі қағидаларын, тармақтарын, теориялық тұрғылары мен практикалық қажеттіктерін бірден жақсы игеріп (оқып), танып алған қабілет-дарыны, үшіншіден, қазақ тіл білімі саласын заман талабына сай дамытуға үлес қосу (дәлірек айтсак, жол салу) сияқты ғылыми мақсат қоюы.

Ал мұндағы мұрат-мақсатты қоюға, сірә, әке жолын жалғастыру, «Жұбанов» деген ата атын жоғары ұстасу сияқты жазылмаған адами заңның талабы да болған болар», – дейді академик Р.Сыздық («Ана тілі», қарашаның 8-і, 2007).

Професор А.Қ.Жұбанов жоғары оқу орындарында: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жалпы тіл білімі кафедрасында, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Магистратура және PhD докторантурасында қазақ тілінің математикалық және компьютерлік лингвистика пәндері бойынша дәріс оқыды.

Професор А.Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімінің сөздік қор, лексикалық байлығын, яғни институттың картотекалық қорында жиналған бес миллион сөз қолданыс байлығын компьютерлік қорға түсірді.

Галымның жетекшілігімен, бөлім қызметкерлерінің бұл тамаша еңбегі 2011 жылдың «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көріп отырған 15 томдық «Қазақ тілінің сөздігін» жасауға кеңінен қолданылып, көп көмегін тигізді. Бұл қорға «ақ таңдақ» кезінде шығармалары пайдаланылмаған, қажетті сөздері тиісті дәрежеде картотекалық қорға түсірілмеген арыстар: Шәкірім Құдайбердіұлы, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытұлы т.б. жазушылар шығармаларындағы халық тілінің байлығы, жауһар сөздерді компьютерге жаңадан түсірді.

Ғылыми-зерттеу және жоғарыда аталған пәндер бойынша сабак беру нәтижесінде А.Жұбанов – 6 монографияның (3 жиілік сөздіктің күрастырушыларының бірі), 3 оқу құралының, сондай-ақ 150-ге жуық ғылыми мақаланың авторы. Галымның ғылыми жетекшілігімен 5 кандидаттық және 7 магистрлік диссертация қорғалды.

Професор А.Қ.Жұбановтың негізгі теориялық-тәнімдік еңбектері: Куманша-қазақша жиілік сөздік. –Алматы, 1978 (құраст. бірі). –217 б.; М.О.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. –Алматы, 1979 (құраст. бірі). –336 б.; Квантитативная структура казахского текста. –Алматы, 1987. –147 с.; М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. –Алматы-Түркістан, 1995 (құраст. бірі). –346 б. Основные принципы формализации содержания казахского текста. –Алматы, 2002. –250 с.; Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. –Алматы, Қазақ университеті, I-2004, II-2007. –209 б.; Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер: Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, I-2006, II-2007. –280 б.; Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: Оқу құралы.–Алматы: Қазақ университеті, 2007. –204 б.; Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Вопросы прикладного языкознания. –Алматы: Арыс, 2008. –640 б.; Қазақ сөзінің «Тіл – қазына» деректер базасы және оның теориялық негіздері. База данных «Тіл – қазына» казахского слова и ее теоретические основы. –Алматы: Арыс, 2009. –304 б.; Қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистика. Казахское языкознание: прикладная лингвистика. –Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2012. –696 б. (қазақша, орысша).

Жан-жағына саясын төккен зәулім бәйтеректей болған профессор Құдайберген Жұбановтың шарапаты мен шексіз дарыны ұрпақтарына дарып, Жұбановтар әuletінің есімдері бұл қунде қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің төрінде шоқ жүлдыздай жарқырап тұр.

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ (К.Жұбанов туралы естеліктер)

*Жұбанова Раушан,
Құдайберген Жұбановтың жары*

Кебенек киіп кетіп еді...

Құдайберген екеуміз құрдас едік. 1989 жылы екеуміз де тоқсанға толамыз. «Тоқсан деген тор екен, алды мен арты бірдей ор екен!» – депті ғой бір ақын. Осы сөздің мағынасын мен енді ғана түсіндім. Ойлап отырсам, басымнан не өтіп, не кетпеді, мен не көрмедім? Қазақ аулында тудым. Революция болды, патша «қара бет болып», тақтан түсті деген хабар да жетті алыс ауылға, Совет өкіметі орнады, онан кейін ақтар босып, ауыл-ауылды қырып кете жаздады. Қызылдар келді, көз алдымызда бұрынғы ауыл өзгеріп, жаңа түрге ене бастады. Құдайбергенге еріп үлкен қалаларда да тұрдым, қазақ халқының алғашқы оқыған азаматтарының талайымен таныс, дәмдес болдым.

Я.., несін жасырайын, өткен күндердің қындығы да бар, бақыты да мол еді. Кейде сол бақытты күндерді, бұрынғы бірге жүрген қатар-құрбыны еске алайын десем, тоқсан жылдың салмағын арқалаған сананың көмескіленіп, сағымдай бұлдырап, өткен күндердің басы мен аяғын ажыратта алмай қоямын. Өкініштен басқа қолдан келер айла жоқ. Тоқсан деген алып өз дегеніне көндірмей қоя ма?! Өткеннің ішінен есімнен кетпестей болып, мәңгілікке сақталып қалғаны Құдайбергенге байланыстылары ғана. Оны ең бірінші көрген күнімнен бастап, ең соңғы қоштасар сәтке дейінгі (1937 жылғы 19 ноябрь) бірде-бір оқиға ұмытылмай, өзіммен бірге кететін түрі бар. Сірә, оған тоқсанның да күші жетпей жатса керек!

Құдайбергенді мен үнемі көз алдымға он алты жасар бала қалпында көремін. Мен онымен кездесіп, тұңғыш рет танысқанымызда, екеуміз де он алтыда едік. Сол көрініс көзімнен де, ойымнан да мәңгі кетпестей болып сақталып қалыпты. Өзімнің тоқсан жасқа келгеніме сенсем де, оны тоқсандағы шал қалпында көзге елестете алмаймын. Оған тоқсан жасты қалай берейін, үйден алып кеткенде ол 38 жасқа да толған жоқ еді ғой. Шашының ерте бурыл тартқанына қарап, замандастары «шал!» дейтін. Ал,

шынына келгенде, сүйегі іріленіп толысатын жасқа да жетпей, жіп-жіңішке, ықшам жігіт қалпында көз алдынан ғайып болды.

Жазғы жайлауда «ауыл аралас, қой қоралас» дегендей, бір ауыл мен екінші ауыл жақын қонып қалады. Қозы-лақ жоғалып, әлденеден ауыл мен ауыл таласып, тартысып қалатын күндер де болады, дегенмен жайлауга шығар кезді жастар асыға күтеді. Кино-театры жоқ қазақ жастарының ең бір жарқын, қызыққа толы кезеңі ғой бұл.

Көкнұра-Бестау деген жерге біздің ауылдың көшіп келгеніне екі-үш-ақ күн болған. Шаңқай түстің кезінде салт ат мінген төрт жолаушы әкемнің ортанды інісі Саймағамбеттің үйіне түсіп жатты. Кешікпей сол үйдегі женғем келіп мені қонақтардың шайын құйып беруге шақырды. Бардым. Келгендер Жұбан аулының жігіттері еken, ішінде Жұбанның он алты жасар немересі Құдайберген бар. Жігіттер аулының қасына қонған біздің ауылдың үлкендеріне сәлем бере келіпті. Қонақтардың Құдайбергеннен басқалары 20-25 жастағы ересек жігіттер еken, бірақ бәрі де бойдақ болса керек, маған сынай да сұқтана қарайды. Мен де сынап отырмын. Қақ төрге ұзын бойлы арықша келген аққұба жігіт отырды, аты Ақыніяз, Жұбан тұқымының жиендері болса керек, онан кейін дөңгелек жүзді Емберген деген зергер жігіт, дастарқанның екі жақ шетін ала қара торы қызыл шырайлы көзі жайнаған, Құдайбергендемен қыз алыспайтын ағайыны Төрәлі мен Құдайберген отырды. Жұбан аулының жігіттері басқа жігіттердей қызылды-жасылды киінбей, қара бұлдырап, болмаса, загрен бешпент-шалбар, қақпақты жаға ақ көйлек киіп, бастарына қақырайтып ақ шыт орамал тартады еken. Құдайберген олардан да гөрі басқалау, үстіне медресе шәкіртінің костюмін, басына қара барқыт тақия киіпті.

Мен шай құйғанда кесенің тәуірін, шайдың қызылдың үлкендеріне беріп, Құдайбергенге төмен қол кесемен бердім, ол әуелі менің көзіме бір қара домалақ бала тәрізді көрінді. Кейін байқап қарасам, ерекше панданып, кербезденіп сөйлейтін қасындағы ересек жігіттерге қарағанда, ол ойшыл, ұстамды және үлкен қой көздері ерекше жылу шашып тұрады еken.

Сол кеште Саймағамбет ағай мен Бірәш женгей келген қонақтардың құрметіне ойын өткізді. Эн салынды, домбыра тартылды, «кім тұртті», «балтам тап» секілді ойындар ойналды. Төрәлі мен Ақыніяз екеуі де домбыраны жақсы тартады еken, таңың қалай атқанын сезбей қалдық. Аттанарда қонақтар біздің ауылдың жастарын шақырып кетті.

Ауылдарына кетіп бара жатқанда жігіттердің барлығы да мен туралы әңгіме қозғапты. Құдайбергенді жассынып, оны есепке алмай, ересек үшеуі бірінен бірі жол сұрапты. Сонда үн демей келе жатқан Құдайберген ағаларына қарап: «Бұдан былай қарай үшеуің де Раушанды ауыздарыңа алушы болмандар, ол менікі болды!» депті күтпеген жерден.

Шамасы ол осы ойын ағасы Тәпенге айтқан болу керек, өйткені біз Құдайбергеннің аулына келгенде, Тәпеннің жұбайы Балбөпе (ел арасында «Сарыайғыр, Сәкен» атанған) маған ерекше ықылас білдірді. Сәкен ауыл жастарының үйтқысы еken. Өзі әнші, өзі домбырашы, өзі сұлу, сауықшыл

адам (Сәкеңнің Балбөпес атын кейінгі жастар тек сельсоветтің книгасынанғана көретін).

Екі ауылдағы кездесуден кейін-ақ Құдайберген екеуміз бір-бірімізбен түсініскендегі болдық, көздегіні ғана емес, көңілдегіні де білетін ел-жұрт оны да сезіп қойды. Күндер өтіп жатты.

Құдайберген алыста оқуда не қызметте жүргенде маған хат жазатын немесе қатар-құрбы арқылы өлең шығарып сәлем айтатын, сол өлеңдердің бір шумағы әлі күнге есімде жұр:

Сәлем айт барғандарың Раушан қызыға,
Өзгені теңгермеймін ол шандозға!
Өзгеден өзгелігі болғаны ғой,
Болмаса сәлем айтты қай қырғызыға? – деген.

Өлеңдік қасиетін қайдан білейін, жас кезінде шығарғаны ғой, бірақ осы шумақ мен үшін тым қымбат. Ол шынында мені ешкімге теңгермейтін еді. Құдайбергеннің «қырғыз» деп отырғаны біздің арғы аталарымыз елінен қашып келіп, қазақ арасына сіңіп кеткен қырғыз болса керек, шешем жағалбайлы руының қызы, бұрынғы «Жаманқала», қазіргі Орск маңының тұрғындары, мен өзім де сол жақта тудым, Темір-Орқаш болысына менің бес жасымда келіппіз.

Мені бала қунімде Шалқар жағындағы Сағымбай деген байдың баласына атастырған еken. Тіпті біздің үйге қалыңмалын да беріп қойса керек. Байлаулы екеніңе жүрек көне ме? Сағымбайдың баласы маған көрмей-ақ әзірейіл болды да, есі-дертім Құдайбергенге ауды.

Жұбан балалары елге қадірі бар адамдар болғанымен, Сағымбайдың беріп қойған малын қайтарарлықтай бай да, сойыл соғар жігіттері мол күшті де емес. Құдайбергеннің бар сенері Совет өкіметі, ол сол кезде (1918 жылы) Темір-Орқаш болысында жаңа ғана орнаған жас Совет өкіметінің хатшысы еken. Өзі Совет өкіметінің мән-жайын жақсы түсіне алатындей, көзі ашық оқыған жігіт. Бұл өкімет нығайып, қүшіне енсе, қалыңмалға тыйым салынып, әйелге бостандық берілетініне сенімі мол, мені де осыған сендіретін. Бірақ 1919 жылы Темір-Орқаш болысына өзі Совет председателі болса да, істі бірден қалыңмалдан бастауға шамасы келмей қалды. Оның алдында жеке бастың қамынан да гөрі жоғары мақсат тұрды. Алдымен кедейлерге мал беріп, жер беріп, балаларын оқуға жіберіп, үгіт-насихат арқылы көпшілікті Совет өкіметінің жағына шығарып алып, қалыңмал мәселесіне біртіндеп келу қажет болды. Сөйтіп жүргенде 1919 жылы ақтар қайта шабуыл жасай бастады, әсіресе темір жол бойындағы Қандыағаш, Ембі, Шалқар станцияларында қатты қырғын болыпты дегенді естідік. Кейбір ауылдарды да ақтардың сойқаны мазалап кетіп тұрды. Осыған байланысты Жұрында да ақ бандыларға қарсы күресетін қызыл штаб және сол штабқа қарасты татар полкі құрылды. Бұл полктің құрамында қазақ, өзбек, түрікпен, қырғыз, татар, башқұрттар бар еді. Құдайберген сол полк жауынгерлеріне тілмаш әрі саяси сабак жүргізуі есебінде штабқа шақырылды. Ақтардың шабуылын арқа

тұтып ел ішінің байлары да күшіне бастады. Құдайбергеннің елде жоғын, ақтарға қарсы құрестен босай алмай жүргенін пайдаланып, Сағымбай менің үйіме қысым жасады. «Қалыңдығымызды берсе қолынан, бермесе жолынан аламыз», – деп хабаршы жіберді. Мен келісім бермедім. Ағаларым сылтау айтып: «Уәдеміз уәде, біз айныған жоқпыз, той жасап ұзатамыз, әкесі қайтыс болып, басы қаралы, көңілі жаралы отырған баланың жағдайын неге түсінбейсіндер?» – деп жауап беріпті. Дегенмен сөз салып мазалай бастады. Құдайбергеннен қалмаймыз деп өлең шығаратындары да аз болған жоқ. Бір жігіт өзінің байлығын, берген жерімнен мені арашалап ала алатынын айтып мақтанып, Құдайбергенді кедей, қара деп өлең шығарып жіберіпті, соның да есімде тек бір шумағы қалыпты. Ол:

Раушан жаңа көрдім ажарынды
Қор қылыш жүр екенсің базарынды.
Жолыңа мал-жанымды салар едім,
Қап-қара тастай салсаң Назарынды, –

депті. Назар деп отырғаны Құдайбергенді өз атымен атамай, руының атымен айтқаны ғой. Бұл өлеңге мен де жауап бердім. Оның «қара» деп кемітіп отырған адамы мен үшін ерекше қымбат екенін білдіріп, көңілін аулақтаттым. Сөйтіп жүргенде Құдайберген тағы да бір алыс сапарға кетті. Ол жоқта Сағымбай аулы мені еріксіз ұзатып әкетті. Ағаларым Құдайбергенге хабар беріпті. Бірақ Құдайбергеннің өзі келуге мүмкіндігі болмай, 5-6 қызыл әскер қосып, Мәкі деген жолдасын жіберіпті. Сағымбайлар болса, Мәкіні танып қойып, бұлардың маған келген кісілер екенін түсініп, айлаға көшті. Эйел-еркегі, бала-шағасы түгел жиналып, әскерлерді маған маңайлатар емес. Бір жарымжан баланы ұстап тұрып, «мына баланы өлтіріп сендер өлтірді деп бәле саламыз» дегені қызыл әскерлерді шошындырып жіберді. Мен де Мәкіге: «бәледен аулақ кетіндер, өзім еппен құтыламын» дедім. Құтқарушы жігіттер кетіп қалды, мені бір үйге қамап қойды. Тұн ортасы ауа бергенде құлағыма құзетшілерімнің қорылы естілді. Мен тұсымдағы керегенің басынан екі уықты шешіп алыш, үйдің үзігін көтеріп қарасам, көзге тұртсе көрінбейтіндей, қараңғы екен. Тәуекел деп, тұсымда жатқан қойшының үстінен қарғып кеттім. Күні бойы қой соңында шаршап жүрген қойшы жігіт оянбай қала берді. Мен жерге жабысып еңбектеп келем. Ауыл маңынан ұзаган соңғана кебіс-мәсімді шешіп алыш, жүгіріп кеттім. Жүгіріп келе жатып, «бандылардың қолына түсіп қаламын ба?» – деген қауіп келді ойыма, сөйтіп, жолдан шығып жүремін деп адасып кеттім, ауылға таң ата жетіп, Құдайбергенге хабар бердім. Құдайберген тағы да Мәкі бастаған жігіттерін жіберіпті. Мен соларға еріп Құдайбергеннің аулына келдім.

Бұл 1919 жыл еді. Жесір дауы қазақ арасында әлі өз күшін жоя қоймаған. Сағымбайлар Кеңес өкіметінің заңына көнбей, шаригат жолымен билердің шешіміне жүгінбек болды, оған мойын ұсынбасқа бізде де амал

жоқ. Сонда Құдайберген екеуміздің сөзімізді ұстайтын би есебінде медресе «Ғалияны» бітірген Жиенғали Тілепбергенов болды. Ол өзі Құдайбергеннің жолдасы, кейін қазақтың белгілі жазушысы, драматургі болған адам. Жиенғали біздің басымыздан өткен жағдайды пайдаланып, «Сүйіскендер» атты пьеса да жазды. Жиенғали шаригатты да жақсы білгендігінің арқасында молдалардың бұра тартуына мүмкіндік бермей, өз сөзін шаригатпен де дәлелдеп отырды.

Ақыры билері бар, шаригат иелері бар Құдайберген Сағымбайдың малын айыбымен екі есе төлесін деген шешім қабылдады. Бұкіл Назар елі болып бірігіп, Сағымбайдың малын төлесе де, бай ауыл оған қанағаттанбады. Құдайбергенді өлтіреміз деп, басына бәйгі жариялады. Сондықтан ауылдан кетіп Жұрындағы татар полкында қызыл штабта тұрдық. Құдайбергеннің әкесі бізге он үш жасар Ахметті де ертіп жіберді. Онысы, бір жағынан, Ахмет бізге серік болсын дегені де, екінші жағынан, өсіп келе жатқан ұлының келешегін ойлап, Құдайбергенмен бірге болғанын қалағаны-ау деймін. Өйткені өзі сол жылдары ауылдастарына: «Мениң ұлдарым қызылдың солдаты. Олардың елге қашан оралатынын мен білмеймін. Қонысымға қыздарым ие болып қалуы керек. Қыздарымды алысқа ұзатпаймын», – деп, Ағиба деген кенже қызын ауылдағы кедей етікші жігітке атастырыпты. Әкесінің өсиеті ме, болмаса басқа іні-қарындастарынан айырықша жақсы көрді ме, әйтеуір, Құдайберген содан былай қарай Ахметті көзінен таса еткен жоқ.

Төрт-төрт жарым ай шамасында біз ауылға оралдық, бұл кезде Совет әкіметі біздің елге толық орнап болған еді. Атамыз, Құдайбергеннің әкесі қайтыс болып кеткен екен. Сондықтан Құдайберген әрі қарай оқуын жалғастырамын деген ойына мүмкіншілік болмай қалды. Кеңес әкіметі, оны қандай қызметке жұмсаса, соны істеді. Мектеп мұғалімі, аудандық оқу бөлімінің инспекторы болды. Губонода методист-инспектор болды және Ақтөбедегі техникумда да сабак берді. Бұл кезде Ахмет те қысқа мерзімді курс бітіріп, ауылда мұғалім болды. Курсқа оқуға келгенде біздің үйде жатты. 1929 жылы Құдайбергенді Ленинградқа аспирантураға жіберді. Бұл қыс ортасы болатын, Ленинградқа семьямызбен түгел көшеміз деп жүргенбіз, бірақ артынан Құдайберген ол ойын өзгертіп, бізді ауылға көшіріп, Ахметті өзімен бірге Ленинградқа алыш кетті. Сонда ол маған: «Раушан, сен Ленинградқа бармай-ақ қой. Балалы кісіге пәтер жағы қалай болатыны да белгісіз. Сенің орнына Ахметті ала кетейін. Өзің білесің, оның әзірге бітіргені курс қана, ертең педтехникум бітіріп Мұхаммеди, Нұрша, Қамзалар ауылға келгенде, оған ауылда да орын болмайды», – деді. Мен көндім. Ағалы-інілі екеуі Ленинградқа кетті. Сол жылы ол Ахметті Ленинградтың музикалық училищесіне түсіріпті де, өзі Шығыс тілдері институтына түсіпті. Тек 1930 жылы Құдайберген Академияға аспирантураға, ал Ахмет консерваторияға түскен. Елдегі ағайын-туыс арасында Құдайбергеннің бұл қылышын теріс түсініп айыптаушылар да болды. Қызмет істеп шешесін асырап отырған Ахметті қайдағы бір «жын-шайтанның окуына бергені несі»

десті. Ауылдағы сиырын сатып, Ахметке музыкалық аспап алғанда, «бұзаулы сиырға арзан домбыра деген ғой», – деп күлгендер де болды. Бірақ онда бала кезінен бастап қасынан екі елі қалдырмаған інісі Ахметтің дарындылығын түсініп, соған жол ашқаннан басқа ниет болған жоқ еді. Құдайбергеннің бұл ниетін Ахмет те біледі. Ол Құдайбергенді ағасындай ғана емес, әкесіндей құрметтейтін, оған арқа сүйейтін. Ахметтің тек оқушы кезі ғана емес, қызмет істеген кездің өзінде де Құдайберген оған жол сілтеп, ағалық қамқорлығын үзген емес. Егер ойынан шықпаса, шақырып алып, баладай ұрсып қоятын. Ахмет ағасымен ешуақытта қарсыласып көрген жоқ, шамасы келгенше Құдайберген қойған талапты орындауға тырысатын, өзі де әрдайым ағасынан ақыл-кенес сұрап тұратын. Бірде, біздің үйімізде қонақта отырып, көршіміз, ҚазПИ-дің профессоры Шәрәпи Әлжанов: «Құдайберген, Ахмет – сендер бақыттысындар ғой! Біріңе-бірің сүйеніп, егіз қозыдай бір жүресіндер, екеуінің екі «майданды» басқаруға жеткен себептерің де осы татулықтарынан болар. Мен білсем, сол татулыққа негіз болып отырған екеуінің әйелдерің-ау деймін. Ақыш, бұған сен не айтасың?» – деп өзінің әйеліне қарады.

Шәрәпидің бұл сөзінің де жаны бар еді. Ахмет он алтыға толғанда оған Науатты өзім таңдал әпергеннін, содан бері келініміз екеуміз бір-біріміздің бетімізге жел болып тиген емеспіз. Балаларымызды да бір кісінің баласындағы тату өсірдік. Ахмет пен Науаттың екі үлкені – Ғазиза мен Болат біздің балалардың айтқанын айтып, Құдайберген екеумізді «папа, мама», ал өздерінің әке-шешесін «аға, Нәүке» дейтін. Сонау 1919 жылы бала Ахметті Құдайберген екеумізге ертіп қызылдардың арасына жібергенде-ақ әкесі екі баласына осы татулықты уағыздал, үлкеніне кішің аманат дегендей еді. Атамыз марқұмның сол өсиетін орындау екі семьяға да парыз болды.

1932 жылдың аяғына таман біз Алматыға көшіп келдік. Красин көшесіндегі үш бөлмелі үйде тұрамыз. Үш баламыз және қолымызда менің шешем бар еді, 1933 жылы төртінші баламыз дүниеге келді. Сол 1933 жылы біздің үйге Ахметтің семьясы көшіп келді. Бұл кезде олар да үшінші балалы болды. Сөйтіп, үш бөлмелі үйде ағайынды екі семья – жеті бала, екі кемпір – барлығы он үш жан бір қыс бірге қыстадық. Не өзіміз, не балаларымыз қағысып көрген жоқпыш. Бұдан артық татулық бола ма?...

Ахметтің үйі 1934 жылы үй алыш бөлек шығып кеткеннен кейін де біз сол үш бөлмелі үйімізде оңаша тұрып көрген жоқпыш. Обайдулла деген татар жолдасымыздың үй-іші үш баласымен бір қыс, Кенжеғали деген танысымыз әйелі және бір баласымен бір қыс қыстады.

Құдайберген сол кезде көшілікке атағы белгілі профессор, лекцияға дайындалады, ғылыммен шұғылданады, оқулық жазады, кітап шығарады, соған қарамай өзіне ерекше жағдай тілемейтін. Кабинеті бар деген аты болмаса, сол кабинетке де балалардың біреуі жатуға тұра келетін. Бірақ соның бірде-біреуі Құдайбергенге бөгет болған жоқ тәрізді. Бала-шага шулап жатса да, ол қағазын жаза беретін. Сен осы у-шудың ішінде қалай жұмыс

істейсің дегенде: «Мен жұмыс істеп отырғанда у-шуға көніл аудармаймын, сондықтан естімеймін де», – дейтін еді.

Кешке жұмыстан шаршап келгенде, шайды жерге отырып ішкенді жақсы көретін әдеті бар еді. Астына көрпе тесетіп, шынтағының астына жастық қойып, көлбеп жатып шай іshedі, оқиды, жазады, кесесі суып қалады. Оны мен қайта ысытып құямын, сөйтіп, ішүі көп болмаса да, дастарқан басында отыруы көп болатын еді. Мен оған: «Шаршап келсөн, тезірек ішіп, жатып дем алсаңшы», – десем, ол: «Маған осыдан артық демалыс керек емес», – дейтін.

Жерде жатқан әкесінің үстіне балалары үйме-жүйме болып өрмелеп жатқанда да балаларды қуып, ұрыспайтын, кітабын да тастамайтын еді. «Папаң шаршап келді, кетіндер», – деп мен балаларды қуып жатсам, «тиме, тиме, олардың маған зияны жоқ» деп, кітабын оқи беретін. Осы сәттерді есіме алсам, бақыттың ең биік шыңы сол екенін білмедім фой деп ойлаймын! Сол бақытты құндер мен сағаттардың қысқа болғанына өкінемін! Шай ішіп, балаларымен ойнап дем алған 1-2 сағаттан кейін ол столына отырып, қағаз жазуға кірісетін. Біз жатып қаламыз. Кейде таң атып қалғанда қарасам, ол қаламына сүйеніп қалғып отырады. Мен кейіп, еріксіз төсегіне жатқызамын, кейде үйықтамаған қалпы ҚазПИ-ге лекцияға кететін кездері де бола беретін. Жұмыс істегендеге күн демалыс-ау, мейрам-ау, басқа жүрт мейрамдап жатырау деп қарамайтын. «Күноздырып, шапата тоздырып неге керек!» – дейтін сөзі бар еді.

Үйімізден қонақ шықпайтын, бірақ солардың ешқайсысын арнап шақырып көргеніміз жоқ. Келетіндер өздері іздейтін жолдас жора, ағайынтума, студенттер немесе ақын-жазушылар, артистер, әншілер, музыканнтар, композиторлар еді. Ең жиі келетін, бізді көрмесе тұра алмайтын Жәкен Омарғазин деген жолдасымыз еді. Бірақ ол келді екен деп Құдайберген жұмысын қалдыра қоймайтын. Шайға, тамаққа келгені болмаса, қалған уақытта столына отырып жазуын жаза беретін. Кейде Жәкен: «Құдайберген, сенің осы мінезің жаман», – деп сол қолынан тартып тұрғызбақ болғанда, ол оң қолымен жазып жатып, «тұра тұр, кішкене ғана қалды» дейтін еді. Ол кезде Құдайбергеннен басқаның қолы бос па білмеймін, бір үйден шығып, екінші үйге қонаққа баратын да кезіміз болатын. Сондайда Құдайберген: «Мениң орныма Раушанды алып кетіндер», – деп, өзі үйде қалып, қағаз жазатын. Ол тіпті, демалысқа шығу, курортқа бару дегенді де білген жоқ, жазғы демалыс кездерін де үнемі жұмысқа пайдаланатын. Соған қарамай, оның жұмысы үнемі басынан асып жататын. Маған ол басқа біреулер үшін де еңбек ететін сияқты көрінетін. Үй болған соң «аяқ-табақ қағыспай» тұра ма? Мен кейде оның қағаздан бас алмай, жұмысымен болып, семья жайын ойламайтынына реніш білдіретінмін. Жасыратыны жоқ, оның қайырымдылығы, басқаға жәрдем етуге әзірлігі, жеке басының мақсатынан жұмысын тым жоғары қоятыны, жақсы қасиеттер болса да, семья үшін үнемі жайлы бола бермейтін. Сондықтан ренжімейін десем де, амалсыз тұра келетін. Мұндайда мен: «Осы жұмыс істейтін жалғыз сен бе? Артық

еңбегіңмен елден артып барасың ба? Жетпейтінді жеткізем деп мен әуре, жұмыс-жұмыс деп сен әуре. Пәленше-төленшелердің үйі кірсе шыққысызыз, әйелі үлде мен бұлдеге оранып отыр», – деймін. Сонда ол маған: «Мен тек семьяның қамын ойлап еңбек етіп жүрген жоқпын, халықтың қамын ойлаймын, халқымның алдында орындастын азаматтық борышым бар!» – деуші еді-ау.

Я... оның бұл қасиеттерін алып тастаса, ол Құдайберген де болмас еді ғой.

1930 жылдың күзді. Бала-шагамызben Ленинградқа көшіп бара жатырмыз. Жолда Сызрань деген станцияда екінші поезда аудысып, жайғасып жатырмыз. Поезд жүре бергенде, Құдайберген таныс емес бір жігітті купеге ертіп келді. Күн суық екеніне қарамай әлгі жігіт костюмшеш және жалаңбас тұр. «Бұл кім?» – дегендей, мен Құдайбергенге қарадым. Ол маған түсіндіріп жатыр. Москвада оқитын суретші жігіт екен, поезда киімін, билетін алдырып алышты. Өзі пысық екен, мұндайдан бірдене шығады. Басқа қазақтың балалары айдалада қалғанда арам өлер еді, бұл маған аға деп келіп, Москваға дейін жеткізіп салуды өтініп отыр. Бұл жерден үлгермей қалдық, ендігі тоқтаған жерден билет әперем», – деді. Сол сол-ақ екен, жігіттің басына шапке әперілді, қалтасынан ақша да табылатын болды. Станция сайын маған, балаларға не жейміз десек, соны әкелетін болды. Балалар ағалап, мен інілеп, оны туысымыздай жақсы көріп кеттік. Бірақ жігіттің қалтасында борап жүрген Құдайбергеннің өз ақшасы екенін ол бізге айтқан жоқ. Сол жігіт қазіргі Қазақстанға енбегі сіңген суретші Әубәкір Смайылов еді. Содан былай қарай Ленинградтан елге қарай өтсек те, елден Ленинградқа қарай өтсек те, біз Әубәкірдің жатақханасына соқпай өтпейтін болдық. Жалғыз Әубәкір емес, Құдайберген кімнен болса да қолындағы барын аямайтын, дүниенің келер-кетерін есептемейтін, қолы ашық, көпшілікке қамқор адам еді. Қашан таусылып қалғанша қолда барды ортаға салатын. Және мынау жақын, мынау жат деп бөле тартпайтын. Ленинградта жүргенде оның басынан өткен тағы бір оқиға есіме түскенде: «Әй, Құдайберген-ай!» деп, еріксіз езу тартамын.

Ағалы-інілі Төлеу мен Нәби деген екі балаға Құдайберген бұрын жетім балалар үйіне орналасуға көмектескен екен. Аспирантураға түскеннен кейін де сол екі балаға жол сілтеп, Ленинградтағы институттарға түсулеріне де себепкер болса керек. Бір күні Құдайбергеннің алтын қол сағаты бұзылып қалып, оны жөндөтіп келуге Нәбиді жұмсапты. Құдайбергеннің ұмытшақ екенін жақсы білетін Нәби сағаттың ақысына төленетін ақшаны стипендия алғасын жөндetermіn деген оймен ұстап қойыпты. Шамасы бір стипендия емес, бірнеше стипендия өткен болуы керек, әйтеуір, Құдайберген арзан қалта сағатын сатып алышты. Күндердің бір күні алтын сағатты жөндөтіп Нәби келеді. Құдайберген оған: «Менің сағатым сенде жүр екен ғой, мен жаңа сағат сатып алдым, енді ол сағат сенікі болсын» депті. Нәби: «Аға, мына сағатыңыз алтын ғой!» – дегендеге, «Алтыны не, темірі не, сағат уақытты білдіру үшін жасалған құрал ғой, сен ала бер, өзі бір бұзылғыш сағат еді», –

депті Құдайберген. Оның бұл мінезі ана сүтімен дарыған қасиет еді. Құдайбергенді көпшілікке сүйкімді етіп көрсететін де осы мінезі болар. Біреу оның білімін, ақылын бағаласа, екінші біреулер ізгілігі, әділдігі, көмекке келуге әзірлігі үшін жағалайтын. Кішіпейілділігі мен мәдениеттілігін, қыз мінезді сыпайылығын ұнататын.

Марқұм Мұхтар Әуезов жасы үлкендейтін қарамай, Құдайбергенді қатты сыйлайтын, біліміне, ақылына жүргінетін. Мұханды Құдайберген де жоғары бағалаушы еді. Құдайбергенді шәкірттері де қатты сыйлайтын еді. Шәкірттерін ол да жақсы көретін, «менің балаларым» деуші еді. Ал «балалары» оның атын атап, құрбырайды сырласатын.

Өзі оқытқан М.Балақаев, М.Қаратаев, Б.Шалабаев, Х.Есенжанов т.б. ҚазПИ-ді бітіргендеге, сол курсты түтел үйге қонаққа шақырды. Өз балаларымыз оку бітіргендегей қатты қуандық. Құдайбергеннің кейбір шәкірттері үйімізде ұзақ жатып алатын. 1937 жылы Асқар деген ең кенже баламның туғанына алты күн болғанда, оны «жау» деп ұстап кетті. Бұл кездे ол профессор еді, көп тіл білетін. Музейлер Құдайбергенге оқытып анықтату үшін түрлі ескі заттарды жіберетін. Сол мақсатпен келген үлкен әдемі қылышты Құдайбергенді әкеткен күні «сусық қару» деп, қосып алғып кетті. Төңірегінде қытай жазуы бар жүрек тәрізді айнаны біздің үйдің заттарымен бірге әкетті. «Бұлар музейдің заты, жазуын анықтауға берген», – деген сөзге құлақ асқан жоқ.

Костюмының омырауындағы КазЦИК мүшесі деген значогін столға лактырып тастай салып, шаң тигізбейтін партбилетін қойынан суырып алғанда, менің жүргегімнің бір талшығы үзілгендей болды. «Бұл қалай?» деп ойладым ішімнен, – бала жасынан өмірмен арпалысып келеді. Кейбір оқыған одан ересектеу адамдардың өзі Совет өкіметін кейінірек барып түсінгенде, ол 18-19 жасынан бастап Совет өкіметіне қызмет істеп келеді. Басынан алайтүлей заман өткеніне қарамай, оқымысты болып та үлгірді, бар мақсаты Совет өкіметіне қызмет ету болып отырғанда, ол қалай жау болады?» деп ойладым ішімнен. Қызметі ғана ма, жанының ізгілігін, оның жалпы адам баласына деген достығын, қамқорлығын қайда қояды? Құдайберген сияқты ізгі адам қалай жаулық жасамақ?

Амал қанша, ізгілік пен зұлымдық, шындық пен күншілдік қатар өмір сүретін дүниеде оның білімін, беделін, орнын қызғанғандар да болғаны ғой! Құдайберген ондайлардан сақтануды білмейтін, кісіге сенгіш, адамныңбәрін де өзіндегі адаптация деп ойлайтын еді.

1937 жыл жалғыз бізге ғана емес, талайларға бақытсыздық әкелді. Ол жылды біреу туралы газетке жамандап мақала жазылса болғаны, ертеңіне сол адам «жау» екен дегенді естіміз. Сол жылды Құдайберген туралы да газетте осындағы екі мақала басылды. Біреуін жазған бір үйде тұратын көршіміз, екіншісін жазған ҚазПИ-ді бірінші болып бітірген әдебиетші, Құдайбергеннің сөзіне қарағанда, «болайын деп тұрған талантты жігіт». Осы соңғы мақаланы кешкі шайдың үстінде оқып отырып: «Апыр-ай, мынаған не болған, табиғат берген дарын мен қара ниет, екі жүзділік қабыса беретіні

ме?» деді. Менің байқауымша, ол осы түні өз тағдырынан гөрі «болайын деп тұрған жігіттің» екіжүзділігіне, адамгершілік арының таза еместігіне қиналғантәрізді болды.

Құдайберген тәрізді ел қамын ойлаған ізгі адамға ел арасынан шыққан жалған жандылардан торығудан ауыр не бар? Адал жанын зәбірлеп «жау» деп, жала жапқандар оның тырнағына тұрмайтынына қарамастан, өмірден бар керегін ала білді кейін. Бұған мен қалай өкінбеймін? Өкіндім! Ардан безген қара жүректілерге қарғыс айттым. Дегенмен көптің ішінен жаман да, жақсы да шығады ғой. Сол ауыр, нәубет жылдардың өзінде жаны таза, ізгі адамдардың қолтықтан демеп, көмектескенін көріп, рақметімді айттым. Ішімнен қырық жыл қырғын болып жатса да, нағыз адамның азаматтық қасиеті жоғалмайды екен-ау деп қуандым. Менің бағыма Құдайбергеннің көзін көрген, қызметтес, шәкірттерінің көвшілігі осында жандар болып шықты. Құдайбергенді «жау» деп қаралап жатқанда, сол ізгі адамдар оның адал коммунист, нағыз азамат екеніне сенімдерін жоғалтпады. Бұл маған үлкен медет, қуат болды. Шиеттей бала-шағамен отырған үйімізден шығарылып, далада қалғанымызда, А.С.Пушкин атындағы кітапхананың директоры Мұхтар Жанғалин бізді кітапхананың үйіне кіргізді. Бұл сол кез – 1937 жылы екінің бірі бел шешіп кірісе алмас ерлік іс еді. Тіпті Құдайбергеннің алғашқы тергеушісі Мавлюдов басынан бақыт құсы ұшқан бізге көп қарасты. Көвшілік азаматтың жарлары күйеулерін бір көруге зар болып жүргенде, ол бізге Құдайбергенді апта сайын аз уақытқа болса да кездестіріп тұрды. Тіпті ҚазПИ мен Наркомпростан, Академияның Қазақ бөлімшесінен алынбаған Құдайбергеннің бірнеше жылдық тиісті демалыс айларының ақшасын төлеттіріп берді. Мұның бәрін мен жақсылыққа жорып, күйеуімнен құдерімді үзбедім, арты жақсылықпен бітер деп сендім. Бірақ шамамен төрт ай өткенде бұрынғы Мавлюдов отыратын кабинеттің телефонын басқа адам көтеретін болды. Жаңа тергеушінің даусы қандай ызғарлы болса, ісі де сондай сұық болды. Енді Құдайбергенді көруге де зар болдық. Алматыда тұрып қалудың ешбір жөні келмегендіктен, елге көштік. Арнаулы мамандығым болмаса да, колхозға кіріп еңбек етпекші болған мені «жаудың семьясы» деп колхозға алмады. Бұл жолы да мен Құдайбергеннің көзін көрген азаматтардың оны «халық жауы» деген жалаға сенбейтіндіктеріне көзім жетті. Жұрын аудандық атқару комитетінің председателі Хамза Қалниязов арызымының шетіне «колхозға алынсын» деп бұрыштама қойып берді.

Мен білегімді сыйбанып қара жұмысқа түстім. Осының арқасында балаларымыз қатарынан кейін қалып, аш-жалаңаш болған жоқ. Біреуден кейін, біреуден ілгері тірлік кешіп, әкесінің тұтінің жалғастырып әкетті. Алты баламның біреуі ұзақ науқастан қайтыс болды, ал қалған бесеуінің үшеуі – ғылым кандидаты, екеуі басшы қызметкер, екеуі партия қатарында. Бұл жалғыз мениң жеңісім, жемісім бе? Жоқ, әрине! Қараулыққа, қаскөйлікке қарсы тұрған адалдық, азаматтықтың жеңісі деп білемін мен. Рас, балаларымның алдында Құдайбергеннің туған інісі Ахмет болды. Қолынан

келгенін аямай, шыр-пыр болған Ахметтің өзіне сол жылдар салмағы оңай болды ма?.. Ауылдық Советтер туу туралы күәлік бермейтін ертерек кезде туған Ғазиза мен Болаттың Құдайбергеннің емес, өз баласы екенін дәлелдей алмай, жұмысынан, партия қатарынан қылды емес пе?..

«Көп түкірсе, көл болады» дегендегі сол бір қасіретті жылдары өмір ағынына қарсы жүзуге, қындықтарға шыдауға көптің көмегі тиді. Бүгін ағымнан жарылып, сол көпке алғыс, рақметімді айтқым келеді. Әрине, 1937 жылдан бері маған, балаларыма көлеңкесі түсіп, көмегі тиғен азаматтардың бәрінің атын атап шығу мүмкін де емес. Сондықтан аты аталмай қалған кейбір асыл азаматтар 90-ға келген маған ренжімес деп ойлаймын.

ЖенПИ-дің ректоры Т.Мырзабекова, проректоры А.Шамиеva, ҚазПИ-дің ректоры С.Толыбеков, Оқу-ағарту министрі Ә.Шәріпов, осы министрліктің мектеп бөлімінің меңгерушісі Решетняқ, № 12 және № 18 мектептердің директорлары т.б. әкесінен қапыда айырылып қалған балаларыма көп жақсылықтар жасап, шарапаттарын тигізді.

Бүгінде өздері талайларға ұстаз болған, Құдайбергеннің рухын жылы жүректерінде үнемі сақтап, әрдайым жақсы лебіздерін білдіріп келе жатқан адал шәкірттері – М.Балақаев, А.Ісқақов, М.Қаратаев, марқұм X.Есенжанов т.б. дән ризамын.

Құдайбергенді көздері көрмесе де артында қалған мұралары арқылы танып, табысып, еңбектеріне тәнті боп жүрген бір шоғыр, бір топ ғалымдар бар. Олар үнемі Құдайбергеннің аруағын сыйласп, үлкен жиналыс, бас қосуларда атын атап, баяндамалар жасап, мақалалар бастырып жүр. Жекелеп аттарын атамай, олардың бәріне үлкен аналық рақметімді айтам.

Қылыш кезеңдерді бастан кешіріп, қындығы мол ғұмыр кештік. Өзім де, балаларым да бақытсыз болдық деп айта алмаймын. Не көрсек те, көппен бірге көрдік. Бірақ жүрекке шемен боп қатқан «Әттең!» дегізетін өкініш те жоқ емес. Құнкөрістің, бала-шағаның қамымен жүріп, қынды «қын», ауырды «ауыр» демегенімде, Құдайбергенді әлі бір көремін деген үмітім бар еді. Сол алданыш үміт күшіме күш, жігеріме жігер қосушы еді. Енді сол үмітте үзіліп отыр... Бұдан елу жыл бұрын кебін емес, кебенек киіп кеткен жан жолдасымды бір көруге зар болып күтумен жасым тоқсанға келді. Бұл өкініш емес пе?!

(Өз аузынан жазып алған – қызы **Мұслима Жұбанова**)

Aхмет Жұбанов
Өнегелі өмір

1914 жыл. Орынбор «Хұсайния» медресесінің сабак үсті. Сыпайы киінген, сұңғақ бойлы мұғалім, басында ногай тебетей, үстінде тік жағалы қынама бешпенті бар қараша балаға қарап, күлімдей:

—Өзінің басың қандай үлкен, оның ішінде небір терең сырлар жатырау, эттең, мынау медресе оның берін аша алмайды ғой, — деді де, өз сөзінің әсерін өзгелерден сұрағандай, айналасына қарап қойды. Қуаныш пен реніш сөзді қабат айтқан қарттың жұмбағын шеше алмағандай, бала ибамен төмен қарап отыра берді. Айналадағылар бұл сөздерге аса таң қалмаған да сияқты. Өйткені өзінің сабакқа ұқыптылығынан ба, жоқ, ұян мінезінен бе, бұл бала жөнінде бірінші күндерінен-ақ медреседе жақсы пікірлер естіле беретін...

Құдайберген медреседе тек оқумен ғана жүрмей, сол кездердегі қазақ оқушылардың дәстүрі бойынша, сабактан тыс жайлармен де әуестенді. Қазақ оқушы жастары бас қосып шығаратын қолжазба журналға ат салысты. Сол күнде-ақ мақала жазып, баспасөз бет «Қараша бала» деген лақап көріне бастады. Аздаған болса да, бұл медреседегі дүниетану сабактары оқушылардың көзін ашты. Әрине, бұл жеткіліксіз болды.

1916 жылы Құдайберген, өзінше айтқанда, «Оспан Ишаннаноқыған араб, парсы, түрік тілдерінің пайдасын көре отырсам да, орыс тілінің жетпегенінен қорлық көрдім, әңгіменің негізі сонда екен», — деп, Жұрынның екі кластық орыс мектебінің төртінші класына түсті. Келесі жылы, Орқаштың бір кластық орыс мектебінің оқытушысы Ашғалиев Хұсайынның ақылы бойынша екі кластық мектепті аяқтауға Күйікқалаға кетті. Онда да экесінің жұмсауымен Жұрынның базарына барып, астындағы құла байталды телеграфтың ағашына байлай тастап, поезга мініп жүре беріпті.

Құдайберген 1917-1918 оку жылы сол Күйікқала мектебін бітіріп келді. Бүкіл сабактан «үздік» деген бағасы бар. Бұдан кейін бірқатар уақыт ауылда жүріп қалды. Баста орта шаруамыз бар үйіміз жиырмасыншы жылдардың басында күйсіздікке ұшыраған. Әке өліп, екі үйлі жан Құдайбергеннің қарамағында қалғандықтан, тұрмыс талқысымен осы айтылғаннан әрі мектепте оқи алмады.

1922 жылдан бастап ол Темір қаласында уездік ағарту бөлімінде қызмет істеді. Одан кейінгі жылдарда Ақтөбе қаласына барып, губерниялық ағарту бөлімінде методикалық инспектор болып қызмет істеді, бір жағынан, педагогтік техникумда сабак берді. Құдайберген осы жылдары өзінің білімін арттыру жолында көп ізденді. Ол күндіз-түні кітап оқып отыратын, психология, педагогика, рефлексология ғылымдарын көп зерттейтін. Павловтың, Бехтеревтің және басқалардың кітаптары оның столында үйліп жататын. Осы кездерде, бір жағынан, тіл ғылымымен шұғылданды. Поливановтың, Богородицкийдің кітаптарын көп оқыды.

Қазақстанда және кейбір басқа республикаларда жаңа алфавитке көшу мәселеңі қозғалғанда, ол бірінші күннен бастап араб жазуының жағдайсыздықтарын айта бастаған еді, өзі осы жұмысқа белсене кіріскең-ді. Жаңа алфавит туралы 1925 жылы Москвада өткізілген кеңеске қатысип, онда сөз сөйлеген. Жаңа алфавитті енгізуге белсене қатысқан азербайжан білімпазы Ағамалы оғлымен өте жиі хат жазысып тұратын.

1927 жылдан бастап Құдайберген Ленинградтағы орыс тілі мамандарымен байланыс жасады. Ол түрік тілдерін зерттеуші академик

Самойлович, шығысты зерттеуші тарихшы Бартольд, тілші Шерба және басқалардың еңбектерін алдырып оқыды. Осы кездерде бірқатар батыс тілдерін өз бетімен зерттей бастады. Қысқасы, жиырмасыншы жылдардың екінші жартысынан былай бүтіндей тіл ғылымына көшті. 1928 жылы Құдайбергенді Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты шақырып алды. Ол онда инспектор болып қызмет істеп, бір жағынан, баяғы өзінің мамандығын төрөндете берді. 1929 жылдың басында Халық ағарту комиссариаты Құйбергенді Ленинградтың Шығыс институтына оқуға жіберді. Түркі тілдері семинарына аспирант болып кірді. «Енді Оспаннан оқыған тілдерім пайдаға аса бастады», – деп өзі қуланып қоятын. Осы жылы Алматыға, Орта Азиялық жаңа алфавит кеңесіне келіп, Құдайберген: «Одағай сөздердің сырсы» деген ғылыми баяндама оқыды. Тыңдаушылар ол баяндаманы аса жоғары бағалап, жас ғалымның үлкен болашағы барын айттысты. Сол жылы Алматыда университет және педагогтік институтта сабак беріп, келесі жылы Құдайберген КСРО Ғылым академиясының Тіл және ой институтына аспирант болып түсті. Мұнда бірінші рет тіл ғылымының жаңа түрін зерттеп, бұл саладағы орыстың ірі мамандарымен танысты. Шығыс тарихын зерттеуші профессор Алимов деген кісімен әңгімесінде «Маршылдық пен марксшілдік» деген бір қолжазбасын оқыған.

Сол жылдарда Құдайберген жапон тілін зерттеді. Оның себебін сұрағанда ол былай деп жауап беретін: «Қазақтың тілі, тарихы жөнінде қытай тілінде көптеген деректер бар. Оларды оқу үшін қытай тілін зерттеу керек. Ол өте қыын, көп уақытты керек етеді. Ал жапон тілі болса, о да онай емес, бірақ қытай тіліне қарағанда ол недәуір женілдетілген және жапондықтар қытай тіліндегі ғылыми еңбектердің бірқатарын өз тіліне аударып алған. Мен сол тіл арқылы қытайдың қазақ туралы жазылған деректерін оқимын ба деймін». Шынында да, ол бұл жұмыста біраз табысқа жеткен. Ал батыс тілдерінен: неміс, француз, ағылшын тілін сөздікпен пайдаланатын. Маған неміс білімпаздары Кизеветтер және Раманның шығыс музыкасы туралы жазған кітаптарынан мақалалар аударып беретін. Әл-Фарабидің, Қашғаридің, Мұғаридің, Халелдің еңбектеріндегі музыка туралы айтқандарын маған үнемі түсіндіріп, соларды пайдалану керектігін айтатын.

Құдайберген осындағы өзінің кең дүние тану, терең ғылымдық мағлұматы арқасында аз ғана уақыт ішінде көптеген еңбектер жазды. 1932 жылы Алматы қаласына қайта келгеннен кейін ол педагогикалық институтта тілден профессор әрі СССР ғылым академиясының қазақстандық филиалында ғылыми қызметкер болып істеді. Осы бір кезеңде ол «Жаңа грамматиканың жаңалықтары», «Қазақ тілінің емлесі», «Буын жігін қалай табуға болады», «Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер», «Қосар ма, дара ма?», «Қазақ тілінің грамматикасы», «Исследования по казахскому языку», «К пересмотру казахской орфографии», «К постановке Исследования истории фонетики казахского языка», «Из истории порядка слов тюркских языков», «Об одном факте появления аффикса из корневого слова», «Вспомогательные глаголы» сияқты кітаптар, мақалалар жазып шығарды.

Ұлы ақын Абайдың қайтыс болғанына отыз жыл толу қарсаңында Құдайберген «Абайдың тілі туралы» деген көлемді мақала жазды. Сонымен қатар ол өзінің зерттеу қырағылығы арқасында тіл мамандары арасында сирек кездесетін тақырыпта да еңбек қалдырыды. 1936 жылы ол «Қазақ музыкасындағы қүй жанрының пайда болуы жайлышы» деген тарихи-тілдік талдау беретін еңбегін жарыққа шығарды. Бұл еңбектің музыка зерттеушілері үшін мәні аса зор.

Революциядан бұрын-ақ, өте жастай (Құдайберген 1899 жылы туған) журналистікке бейімділігін аңғартқан Құдайберген өзінің азғана өмірінің ішінде әдебиет, көркемнермен де біраз шүғылданды. Ол жоғарыда айтылған «Қараша бала», «Шекті» деген аттармен көптеген мақалаларды газет, журнал беттерінде жариялады. Күйікқалада «Тез» деген қолжазба журнал, Темір қаласында тұрғанда «Ай» атты журнал шығарып, өзі солардың үнемі редакторы болды. Ол журналдарда сол кездің сорақы тәртіпперін әшкерелеу, халықты, өнерге шақырумен қатар, ұлы орыс жазушыларының шығармаларын насиҳаттады. «Ай» журналында Горкийдің «Хан мен ұлы», «Сұңқар жырын» аударып басты. Короленконың, Лермонтовтың шығармаларын журнал коллективі мүшелері аударып басып отыратын.

«Кедей», «Еңбекші қазақ» газеттерінде Құдайбергеннің әлденеше әңгіме, фельетондары басылды. Ол өлеңді де көркем жазатын. 1925 жылы Құдайбергеннің режиссерлігімен Ақтөбе қаласында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылды. Сол жылы халық поэмасы «Сегіз бен Мақпал» негізінде екі актілі өлеңді пьеса жазып, совет-партия мектебінің, педагогикалық техникум оқушыларының күшімен сахнаға қойды. Сондағы Сегіздің ролін ойнаған совет-партия мектебінің оқушысы Жұсіп Сейілов қазірде республиканың еңбек сінірген артисі.

Құдайберген бұл айтылғандардан басқа, қазақтың ардақты ағартушысы Шоқанның үлгісімен сурет өнеріне аса шебер болды. Ол қарындашпен де, майлы бояумен де суреттер салатын, Орынборда, Күйікқалада, Ақтөбеде жүргенде кездескен суретшілерден ақыл алып жазу, ою жұмыстарымен де шүғылданған. Оның жазған құлпытастары осы кездегі Темір, Жұрын аудандарында көп кездеседі. Алдымыздағы уақыттарда бұл материалдардың жүрнақтарын тауып, көпшілік алдына жарияламақтыз.

Коммунист Құдайберген өзінің педагогикалық, ғылымдық жұмыстарымен қатар, қоғамдық зор қызметтер атқарды. Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшесі болды. Ол қазақтың мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезін ашып, онда айта қаларлықтай терең ғылыми мазмұнды баяндама жасады. Білімі терең, адамгершілігі мол, халқын сүйген жақсы адам – тек біздің, туысқандарының ғана емес, бүкіл қазақ жүртішінің мақтанышы еді.

(«Қазақ әдебиеті», № 41, 1957)

Менің әкем

Әр бала өз әкесін, әр әке өз баласын жақсы көреді, бұл табиғи сезім ғой. Бірақ менің әкеме деген сезімім сол табиғи сезімнен де басымырақ деп ойлаймын. Және оның негізі де жоқ емес.

Бала күнімнен бастап, күні бүгінге дейін менің сүйегіме сіңіп қалған ең күшті сезім – әкені сағыну болды. Сәби шағымды еске алсам, буалдыр сағымдай болып, не әкемді шығарып салып жатқанымыз, не бір жақтан қарсы алып жатқанымыз елестейді көз алдыма.

«Әне папам келеді, міне папам келеді» деп күткеніміз, немесе мен ойыннан үйге оралмай қойғанда «үйге папаң келді», – деп, ересек адамдардың алдағы әкелетіні, алданған көңілдің сағынышы мен өкініші кішкентай жүрегімді жарып жібере жаздайтыны есімнен кетпейді. Осыған қарағанда жиі бір жылдың он екі айын толық бізбен бірге өткізіп көрмеген-ау деймін. Содан барып, әкені көру, онымен бірге болу мен үшін арманға айналса керек.

Менің әкем – қазақ тілі ғылыминың іргетасын қалаған ғалым, қазақтың совет дәуіріндегі тұңғыш профессоры, батыс пен шығыс тілдерін бірдей білген полиглот адам. Бірақ ол осы дәрежеге жету үшін, қазіргі адамдардай, орта мектепті жоғары оку орнымен, оны аспирантура, докторантуралы үзбей жалғастырган да емес. Қызметін істей жүріп, бала-шағасын асырай жүріп, кезі келгенде отбасын қызмет істеген жерлеріне көшіріп алып, кезі келмесе, ауылда қалдырып кетіп жүріп жеткен. Біздің оны аз көруіміздің, үнемі сағынып кездесуіміздің негізгі себебі де сол.

Ес білгеннен кейін ғана әкемнің өмірбаянымен танысып карасам, ол бала кезінен білімге өте құмар болып үнемі ізденіп, өздігінен оқыған екен. Оның мектепте оқыған жылдары көп болғанымен, аз жылда көп білім ала біліпті. Қазақ тілі мен орыс тіліне қоса, шығыс тілдерінен: араб, парсы, түрік; Еуропа тілдерінен: неміс, ағылшын, француз тілдерін жете білгеніне таң қалдым. Біздің қазіргі түсінігімізben қарағанда, осыншама тілді біліп алу үшін, ең кем дегендеге, екі институт бітіру керек болар еді. Оған ең алғыр деген адамның 28-30 жасы кетер еді. Әкемнің барлық оқыған жылдары (ауыл мектебін есептемегендеге) 1914 жылы Орынбордағы «Құсайнияға» түсіп соны бітіріпті. 1916 жылы Жұрындағы екі кластық 4 жылдық мектепті бір жылда бітіріпті.

1917 жылы Елек қаласындағы училищені бір жылда бітіріп, 1918 жылы ауылға оралыпты. Санап қарасақ, барлығы төрт жыл, бірақ сол төрт жыл ішінде ол медреседе оқыған кезінде шығыс тілдерін медресенің бағдарламасынан артығырақ білген. Орыс мектептерінде небәрі екі-ақ жыл оқып, 5-6 сыныптың бағдарламасын менгерген де, қалғанын өздігінен оқып жетілдірген және батыс Еуропа тілдерін жеке адамдардан сабак алып, өздігінен оқып үйренген. Оның білімділігі мен іскерлігі қызметте жүргенде де көзге шалынып, талапты жас қызметкерді аудандық, облыстық, онан

республикалық оқу бөлімдеріне жоғарылатып отырған. Ақыры әкемнің ғылыми жұмысқа бейімдігін байқап, Наркомпрос оны 1929 жылы Ленинградқа аспирантураға жіберген.

Әкемнің осындай үздік өмірбаянымен танысып барып, оның бізден бөлек бір жақтарға кету себептерін түсінеді. «Табиғатына біткен білімкүмарлығы мен дәүірінің талабы итермелеген екен ғой оны», – деймін ішімнен. Ол тек бізге ғана қажет емес, сол дәүір үшін қажет адам болғанын, оған жас кезінен бастап, отбасы алдындағы міндет пен ел-жұрты, бүкіл казақ халқы алдындағы борышын қосып арқалауға турған келгенін түсінеді.

Әкеммен бірге болған кездерімді есіме түсіре бастасам, сондағы әрбір ірілі-уақты оқығалардың барлығы менің осы пікірімнің дәлелі тәрізді.

Әкем үйге келгенде, біздің үйге ерекше қуаныш, шаттық ере келетін еді. Бізben бірге папамның келгеніне ауылдың үлкені мен кішісі түгел қуанатын. Біз болсақ, папамды көргенімізге, ол әкелетін ойыншықтар мен конфеттерге қуанамыз. Бізден басқа ағайын-туыс, ауылдастардың балалары да сол ойыншықтармен ойнап, конфет, алма т.б. сый алғанына қуанады. Оның үстіне папам балалармен әңгімелесуді, ойнауды жақсы көретін мінезі бар еді. Сондықтан, папам келгенде, бізге ілесіп, ауылдың барлық баласы алдынан шығып қарсы алатын.

Әлі есімде, әкем бір жылды Ақырапқа үлкен ат, маған қуыршақ әкелді. Атты балалар ауылдың сыртына алғып шығып, бөлек-бөлек етіп сойып тастанды. Мұны көріп біздің үйге жиналған ересек адамдар өз балаларын ұрса бастады. Әкем ғана балалардың бұл ісіне мәз болып күліп: «балаларға бекер ұрыспандар, сіздерден көргенін істеп, мал сойып, ет жейін деген ғой! Ойыншық аттың іші қағаз екенін көрді, енді олай істемейді, солай емес пе, Нұраш?» – деп, балаға қарады. Нұраш мақұлдан, басын изеді.

Әкем келгенде балалар ғана емес, ауылымыздың ересек адамдары да қуанып қалатын. Біреу келіп ақыл-кеңес сұрайды. Біреу әлдекімнен көрген зәбірін айттып, тиісті орындарға жолдайтын арызын жаздырып алады. Ауылсовет пен колхоздың басшылары, мектеп мұғалімдері, клуб, кітапхана қызметкерлері жұмыстың жөнін сұрайды, әйтеуір, олар да бізben бірге әкемді күтіп жүреді, келсе қуанып кетеді.

Әкемнің жеңгесі – «Сарыайғыр, Сәкең» (Шын аты – Балбөп. Біздің елде әйелден бірінші болған ауылсовет төрағасы) атанаң кеткен өжет әйел ауылсоветтің төрағасы болған кезінде советтің жиналысын: «мен жаңа ғана Құдайбергеннен сұрап, анықтап келдім», – деген сөздермен бастайтынын өз құлағыммен талай естігенмін. Әкемнің ауылсовет пен колхоздың жиналыстарына қатысқанын да көргенмін. Колхоз ұйымдастырылған жылы, апамның айтуына карағанда, біздің үй колхозға ең бірінші мүшес болып кіріп, малын, құрал-сайманын, көлігін колхозға өткізіпті. 1931-32 жылдары біздің ауылдан бастауыш мектеп ашылғанда әкем есік-терезесін қақпақтатып, тақтайлатып, салдырған жаңа үйін сол мектепке сыйлапты.

Жазғы демалысты ауылда өткізген кездерінде, ол ауыл жастарын жинап ойын-сауық өткізууді, пъеса қоюды ұнататын. Әкемнің сол кездерде

ауылдастыра сахнадан көрсететін ойындарының бірі – «Жанды газет» (Живая газета) деп аталатын еді. Бұл ойын қысқа-қысқа шағын көріністерден тұратын. Ондай шағын пъесаларды әкемнің өзі жазатын болуы керек, сахнадан көрінетін кейіпкерлер өзіміз оңай танитын ауыл адамдары болатын. Шамасы бұл ойындардың мақсаты ауыл өмірінің сол кездегі ұнамсыз жақтарын, ескіліктің қалдығын, надандықты, парақорлықты т.б. сынау, шенеу болса керек. Сондай ойындарда папамның немере інісі – аққұба, қағылез Нұрша ағайдың қызы болып ойнайтыны есімде қалыпты.

1931 жылы әкеме еріп барлығымыз Ленинградқа көштік. Онда Петрозаводская көшесіндегі №7 деген үйде тұрдық. Бұл академияның отбасымен тұруға арналған жатақханасы еді. Бірақ Есетке Ленинградтың ауасы жақпай, бес-алты айдан кейін елге қайтакеттік.

Келесі жылы әкем отбасын түгел ертпей, Ақырап екеуімізді алыш кетпекші болды. Екеумізге арнап, анам киім-кешек те тіккізіп қойды. Ленинградқа жүрер алдындағы ең соңғы күн. Анам Ақырап екеуімізді жуындырып, киіндіріп жатыр. Мені жуындырып болып үлкен легеннен жетелеп шығарған еді, Ақырапты олай етпей, үстіне орамал жауып, көтеріп алды. Сол кезде Ақырап мамамның белінен екі аяғымен орап, мойынан екі қолымен құшақтап алды.

«Мама, мен сенің қасында қалам, мені ешқайда жіберме, папам Мұслиманы алыш кете берсін», – деп жатыр. Өзі де әрең шыдал жүрген анам: «Айналайын! Жібермеймін, жібермеймін!» – деп оңай көне қойды. Мен бұл көрініске қарап қызғанып та, өкініп те қалдым. Қызғанғым, анам менен Ақырапты жақсы көреді екен-ау, егер екеумізді бірдей көрсе, мені де неге судан көтеріп шығармады? – деп ойладым. Өкінгенім – арамыз екі жасқа жетінқіремегендіктен бе, тату болып үнемі бірге ойнайтын Ақыраптың енді Ленинградқа бармайтыны айдан анық еді. Амал қанша, әкемнің сөзі Ақырапқа да, анама да өтпей қойды. Сөйтіп, Ақырап пен Есет мамаммен үйде қалып, біз – папам екеуміз Ленинградқа кететін болдық. Күздің қарасуық кезі. Үйіріп соққан жел өңменіңнен итеріп құлата жаздайды. Теміржол бойынан 40 шақырым жердегі Темір деген қаладан Жұрын станциясына қарай жол тарттық. Жол бойы әкем Ақыраптың ермей қалғанына, оның басында еремін деп сөзін беріп, артынан айнығанына өкініп келеді. Шамасы, айнып қала ма деп, менен де қорқатын болуы керек, әйттеір, «сөзінде тұрмау жақсы қасиет емес» дегенде бірденелерді айтып, маған үгіт жүргізіп келеді. Кешкі шам жағылатын уақытта Жұрынға келіп, бір үйге түстік. Келесі күні әкем поездың билетіне барып еді, билет болмай, тағы 2-3 күн Жұрында қонақтайтын болыппыз. Бұл хабар Темірдегі мамама жетіп, ол мені бір көріп қалу үшін бізді қуып келіпті. Мамамның бұл келісінен сескеніп, папам мені азғыруын қүшайтіп жатыр. Мен әкем айтқандай, айнып қалмай, сөзімде тұру үшін артынан іздел келген анама мұлде жоламай қойдым. Сондағы маған өкпелегенін анам әлі күнге ұмыта алмайды. Кешкі алакөлеңкеде әкем екеуміз поезда отырдық. Бізді шығарып салуға келгендер ішінде мамам бар, перронда тұр. Терезеден қарап едім, мамамды аяп кеттім.

Ол перронда жапа-жалғыз қалып бара жатқандай сезілді маған. Поезд жүрді, біз мамамнан бірте-бірте қашықтап барамыз. Көз ұшында анамның басындағы ақ орамалы ғана қалды. Менің шыдамым жетпей, жылап жібердім. Қой дегенде қоймадым, ешнәрсеге алданбадым. Сол кезде папам жүктердің арасынан қарынға салған қуырдақты алыш шықты да, маған аздап салып берді. Мен қуырдақты жеп, жылауды тоқтаттым, берген қуырдаққа тоймай, тағы сұрадым. Әкем маған алғашқыдан гөрі де аздау салып беріп: «Ленинградқа барғанда керек болады, үйден шықпай жатып жеп қоямыз ба? – деді. Анам кетерімізде бір қойдың етін сары майға қуырып, кептірген қарынға салып берген еken. Сары майға бөгіп, тоңдап тұрған қуырдақ ауыздан айырғысыз болыш шығыпты. Менің тағы жегім келді, бірақ енді бермейтінін сезіп, сұрамадым. Папамның өзі қуырақтан татқан да жоқ, қарынның аузын байлап, орнына алыш қойды. Мен сол кезде папама қуырдақтан қымбат ешнәрсе жоқ еken деп түсіндім. Ренжу ме, өкпе ме, не еkenін өзім де білмеймін, наразылау қалыппен орныма жатып, ұйықтап қалдым. Таң ата оянсан, көп жылағаннан еkenін немесе терезеден жел тигенін білмеймін, тамағым ауырып, дыбысым шықпай, сыйырлап қалыппын. Папамның зәресі қалмай, қорқып кетті. Бір кезде, қуырдақты лақтырамын деп, ала жөнелді. Кеше кешкіде ғана маған молырақ салып беруге көзі қимаған қуырдақты неге лақтыратынын мен түсінбей қалдым. «Дәмі ауыздан кетпейтін тәтті қуырдақтың папама қандай жазығы болды еken?» деп ойладым. Әлде маған бермеу үшін басқа жерге апарып қоятын шығар деген ой келеді сонда. Кешікпей бір қарын қуырдақты терезеден лақтырып папам келді. «Қуырдақ көгерген болар, сенің тамағың содан ауырған ғой, құрсын лақтырып жібердім» – деп, себебін түсіндірді. Мен өкініп қалдым, бірақ қарсы дау айттар дәлелім де, шамам да жоқ болғандықтан үндемедім.

Кейін осы оқиға есіме түскенде, әкемнің балажандығына таң қалдым. Ленинградтан келгеннен кейін, мамама айтып едім, ол: «Марат бір-ақ күн ауырып, құрөзектен өлді ғой, папаң содан қорыққан болар» деп, себебін түсіндірді. Папам мен мамамның Марат деген баласы сол біз кететін жылы алты айлығында тамағынан ауырып, бір күнде қайтыс болыш кеткен. Әкемнің алды-артын ойлауға шамасы келмей қуырдақты лақтырып жүргені мені де Мараттың ауруымен ауырды ма деп қорыққан еken.

Ленинградта біз бұрынғы үйімізге келдік. Үйіміз – жатақхананың төртінші қабатындағы кең бір бөлме. Бұрын мамам бәріміз тұрғанда, бөлменің үлкендігі білінбейтін. Папам екеуміз қалғанда бөлмеміз өрескел кең болыш көрінді. Сондықтан әкем оны ортасынан кітап сөрелерімен бөліп, бір жағына екі төсек, екінші жағына тамақ ішетін үстел қойдық. Мен балабақшага баратынболдым. Әкем өзінің академиясына кетеді. Таңертең екеуміз үйден бірге шығамыз, кешке бірге қайтамыз. Қайтып келе жатып, үйге жақын жердегі дүкеннен әкем маған күніге бір трюфель (конфет) әпереді. Ленинградтың трюфельдері ол кезде үлкендігі баланың жұдырығында болады да, оны түйірлеп сатады. Кейде әкем маған күнде

әперетін трюфельді әпермей кояды. Себебін маған айтпай ма, болмаса, айтса да мен тұсінбеймін бе, білмеймін, әйтеуір сол кезде папамның түріне қарасам, ерні қоңырайып, көзінде мұн пайда болатыны есімде. Ол кезде «папам неге мұнайды» деп ойлайтын мен жоқ, «сенің қасында жүрмеймін» деп, көшениң екінші бетімен жүремін. Тек кейін, әкемнен еріксіз айрылып қалғасын ғана, Ленинградтағы кездерімізді есіме алыш, «қайран папам-ай, ақшаң болмай тұрганда мазалап, тұсінбей босқа өкпелеп, жанынды қинаған екенмін-ау!» деймін.

Кейде әкемнің кешкі жиналыстары болады академияда. Ондайда ол мені бақшадан алыш, академияға ертіп келіп, бір бұрышқа отырғызып қояды. Соның арқасында мен кішкентай кезімде Ленинград академиясын, оның яфеттік тіл ғылымы институтын көрдім. Жер жүзіне атағы белгілі үлкен ғалым Н.Я.Маррды көрдім, Н.Я.Марр шоқша сақал, шұңғарек көз арықша келген шағын кісі еді. Сақалы мен шашының ағы мен қарасы тең болғандықтан ба, менің көзімे көкке бояп қойғандай көрінетін. Тұсі суық, сөйлегені кейіп тұргандай болыш көрінетін маған. Содан болар папама: «сендер бәрің жиналып, бір шалдан неге қорқасындар», – дейтінмін. Әкем маған: «сен біздің қорқатынымызды қайдан білдің?» – десе, мен: «Ол сендерге қатты-қатты ұрсып жатқанда, біреуің қарсыласпай тыныш отырасындар, ал ол күлсө, бәрің қосыла күлесіндер», – деймін. Осы сөздерім кейін өзім институтта дәріс оқығанда есіме талай түсетін. Сондағы тұсінігіме талай күлдім. Тұсі суық болғандықтан, маған ұнамай жүрген Маррдың бір күні көзінен жас аққанша күлгениң де көрдім.

Әкем мені бақшадан алыш, академияға ертіп келді. Қолыма қағаз, бояу қарындаштар беріп, бұрыштағы терезенің алдына отырғызып, терезенің күрең қызыл қалың пердесімен тасалап қойды. Мен сурет салуға кірістім. Басталайын деп жатқан партияның жабық жиналысы екен. Партия ұйымының хатшысы жиналысты бастай бергенде, Марр тұрып, арамызда партияда жоқ адам бар, мен бастауға қарсымын десе керек.

Отырғандар аң-таң болыш біріне-бірі қарап, ол кім дегендей болады. Сонда Mapp «әне терезенің алдында отыр» деп, мені көрсетіпті. Сөйтіп жиналыстың алдында бәрі мәз болыш күліп алышты. Мен болсам, отырғандардың, әсіресе, Маррдың қатты күлгениң естісем де, маған күліп жатқанын сезбей отыра бердім.

Біз тұратын үй төрт үйді біріне-бірін тіркеп салған шаршы тәрізді еді. Әкем осы үлкен үйдің бәрі бұрын бір адамның үйі екенін айтқанеді және сол үйдің орталық жағында үй иелері де тұратын. Олардың кім екенін мен білмеймін де, көрмеймін де. Менің танитынным сол үйдің менімен құрдас Вова деген баласы мен Вованың әжесі. Олар екеуі де мені жақсы көреді. Бақшадан келген соң мен үнемі Вовамен бірге ойнаймын, әжесі маған клюква киселін немесе сүттен жасалған кисельді, өзі пісірген тәтті нандарды сыйлады. Бір күні Вова мені туған күніне шақырды. Барсам, бір-екі әйел және мендей ұлдар мен қыздар отыр екен. Мені көріп Вованың әжесі: «біздің Японочка да келді», – деді. Мен тұрып: «Мен японочка емеспін, қазақпын», –

дедім. «Әрине, әрине, сен киргизкасың, жай түрің японочкаға ұқсағасын ғой», – деді Вованың әжесі. Мен сол күні бір түрлі ой үстінде болдым. «Бұл қалай, әлде менің мамамның қырғыз екенін біле ме екен?» деген ой келді. Үйге келгеннен кейін барлығын папама айтып бердім. Папам: «японочка дегені сені мақтағаны ғой, оған ренжіме, ал киргизка дегені патша заманында қазақ пен қырғызды бір ұлт деп қараған, бұл ескі түсініктің қалдығы ғой. Сендердің заманында қазақ өзінің ел екенін танытады әлі», – деді. Оның болашаққа деген үміті менің де көңіліме қонып, берік сенімге айналды. Тағы бір күні Вованың әжесі өз немересін мақтап, басынан аяғына дейін сипаттап шықты, Вова оған көтеріліп қалды. Қалай айтқанымды білмеймін, әйтеуір, «мен қандаймын?» дедім. «Сен де жақсысың, – деді, Вованың әжесі маған күле қарап, тек аяғыңың үлшық еттері шаруа қызының аяғына тән». Мен сөздің мақтау екенін, не жамандау екенін анық түсіне алмадым, бір түрлі төмендеп қалдым. Үйге келіп: «Папа, менің аяғым неге жаман болды екен?» – дедім. Папам: «саған оны айтып жүрген кім? Аяғыңың несі бар?» – деді. Мен Вованың әжесінің сөзін айтып бердім. Маған кейіп тұрғандай болып, әкем менің аяғымды арашалап, бірдеңелерді айтты.

Мен ол сөздерді түсінбедім де, аяғым туралы пікірімді өзгертушілікке дебердім де. Әкемнің сондағы маған айтқан ұзақ әңгімесінен менің есімде қалғаны, шаруа қызы мен ақсүйектің қызын салыстырған мысалдары ғана. Әкемнің маған айтайын деген ойын ол кезде түсінбесем де, тіл-әдебиет факультетіндегі оқып жүргенде бір-ақ түсіндім. Шамасы әкем сол кезде маған сұлулық туралы түсінік беру үшін Чернышевскийдің пікірін пайдаланған екен-ау деген ойға келдім. Жалғыз бұл әңгіме ғана ма? Әкем сол кезде менің талай балалықпен қойған сұрақтарыма ғылымға негізделген жауап береді екен-ау! Жердің қалай жаратылғаны, ең алғашқы адамның қалай пайда болғаны, сөйлеу тілін кім ойлады? Әкемнің берген жауаптарын ұмытпай есімде сақтап қалып, кейін оқыған кітаптарым мен ұстаздарының дәрістерін танып отырдым.

Әкемнің бірге оқитын жолдастары және басқа таныстары менің көріп, «шешесі жоқ болар» деп ойладап қалған екен. Кейін шешемнің елде екенін білген кезде әкеме танданып, мұнысы қалай?» – деп түсіне алмапты. Шынында да осы күні ойладап қарасам, әкем сол кезде отыздан жаңа ғана асқан жап-жас жігіт екен, соған қарамай, өзін-өзі күтүте жарамаған жас баланы соңына ертіп бейнетін көтергені оның балаға деген әкелік қамқорлығының күштілігінен ғой. Ең үлкен баласы болғандықтан, мектепке бару алдында арнайы дайындық тәрбие қажет екенін түсініп, қолынан келгенін істегені ғой деп ойлаймын. Соның арқасында, мен мектепке үлкен біліммен келдім. Әкем балалар кітапшаларын сатып әкеліп, әуелі өзі оқып беріп жүретін. Бірте-бірте сол кітаптарды өзім жүргізіп оқитын болып кеттім. Ленинградтың барлық музейлерін аралап көрдім, кинотеатрларға бардым. Сурет салуды, кесте тігуді үйретті, неміс тілінде аздал сөйлесе алатын болдым. Өкінішке орай, әкемнен ерте айрылып қалдым.

Біз Алматыға 1932 жылдың аяғы, 1933 жылдың басында келдік. Әкем ҚазПИ-де кафедра менгереді, профессор, Наркомпроста қызмет істейді, Қаз.Филиалда бөлім менгереді, ҚазЦК мүшесі, белгілі қоғам қайраткері.

Алматыда тұрған кезімізден менің есімде қалғаны, әкем жалғыз ғылым, білім, оқу емес, өнерге де, өнер адамына да үлкен қамқорлық жасайтын, оларды құрметтейтін.

Біздің үйде сол кезде рояль бар еді, сол рояльда Брусиловский жиі ойнап тұратын. Оның «Қызы Жібекті» жазып жүрген кезі болса керек, әйтеуір қай әнді қай жерде пайдалану қажет екенін әкемнен ақылдастып отыратын. Әкем әрбір жаңа спектакль басталарда сахнаға шығып кіріспе сез сейлейтін. «Шұға» пьесасының премьерасында шымылдық ашылмай тұрып, әкемнің сез сөйлегені әлі есімде. Мұхтар Әуезовтың, Бейімбет Майліннің отбасымен жазғы демалысты бірге өткізетін едік. Құләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұловтар біздің үйдің жиі келетін қонағы еді. 1937 жылдың күзі осының барлығын көзден де, көңілден де сұлып таstadtы.

Осы күзде мен төртінші сыныпта оқитынмын. Қарашаның он үші күні Асқар туды. Әкемнің қолы тимейтін болғандықтан, көбіне анама тамақ таситын Ақырап екеуміз едік. Асқарға қоятын ат іздел әуреленетін де біз едік. Қарашаның он тоғызы күні кешкі төрт-бестерде сабақтан келсем, анам перзентханадан шығыпты. Әкем жаңа туған Асқар мен анамды үйге алып келіп, өзі ҚазПИ-ге кешкі дәрісіне кетіпті. Әжем (мамамның шешесі) ас үйде үлкен самаурынды қайнатып қойып, әкемді күтіп жүр екен. Дәл сол күні бізді бақытсыздық күтіп тұрғанын қайдан білейік, әкем келісімен үйімізге толатын шаттықты, тойды ойлаپ, қанатымды қомдап, шаттығым кеудеме сыймай, ұшып кете жаздал жүрмін. Бір кезде есік қағылды. Мен жүгіріп барып есік аштым. Екі адам келіп әкемді сұрады, мен жөнімді айттым. Әкемнің кабинетіне кіріп отыруларына болатынын айттым. Сұр киімді екеу менің сезіме құлақ асқан да, жауап берген де жоқ. Ойымда ешнэрсе жоқ, анамның қасына барып, інімнің бетіне қарап отырып қалдым. Бір кезде басқыштан біреудің көтеріліп келе жатқанын естіп жүгіріп шықтым. Осы кезде әкемнің дем алған дыбысын танып, есіктің кілтін бұрай беріп едім, есік алдындағы екі адам білегіме шап беріп жабысып, мені кейін серпіп таstadtы. Тұла бойым дірілдеп кетті. Бұрын-соңды білмеген таныс емес сезім пайда болды менде. Сол кезде әкем келді, кабинетке кірді, екі адам соңынан ерді. Біраз уақыттан соң әкем әуелі анамды, содан кейін бәрімізді қасына шақырды. Әлгі келгендердің біреуі жазып отыр, біреуі үйді тіміскілеп тінтіп шықты. Әкемнің партбилеті, ҚазЦК-тың значогі үстелде жатыр. Тісіміз-тісімізге тимей қалшылдан тұрмыз, бірақ жылаған жоқпыз, ешнэрсені түсініп те тұрған жоқпыз. Біздің ішімізде Есет қана: «папа, мыналар саған не деп тұр?» деп дауысын шығарып жылап жіберді. Папам Есетке жауап беріп: «бұлар мені жау деп тұр, кімнің жау екенін көрерміз!» – деді аналарға ызғарлана сөйлеп, орыс тілінде. «Жау» деген сезідің әкеме қандай қатысы барын түсінбесем де, сартылдан соққан жүрегім мен қалшылдаған денеме ие болар

емеспін. Әкемді алып кетті, біз қала бердік. «Қарап, тексеріп босататын шығар, әкелеріңің кінәсі жоқ қой», – деді мамам.

Біз үміттенеміз. Бір күні үйімізге әкемнен хат келді. Онымен кездесу үшін кімге калай жолығу қажет екенін, тергеушісінің аты-жөнін, телефонын жазыпты. Қуаныштың шегі жоқ, бұл бір жақсылық деп ойладық. Бардық. Әкемізді көрдік, содан төрт ай бойы жеті сайын көріп тұратын болдық. «Ендігі хабар өзімнен болады, бұл араға енді келмендер», – деді әкем төрт айдан кейін. Бізге ол сол күні бір түрлі қуанышты болып көрінді. Ертеңіне Ақырап екеуміз тергеуші Мавмодовтың кабинетіне телефон соқтық. Ол Ақырыптың даусын танып: әкене он жылға үкім шығарылды, бір ай шамасында өзінен хабар келуі мүмкін», – деді.

Қуанып үйге келдік, жазықсыз екенін білсек те, он жылға риза болдық. Арада үш күн өтті. Тағы сөйлесіп көрейік деген ой келіп, бұл жолы телефонды мен соқтым. Бұрынғы таныс тергеушінің дауысы емес, басқа дауыс бізге ұрсып, «тергеу біткен жоқ, ендігәрі телефон соқпандар», – деп жауап берді. Бар көргеніміз осы болып қала бердік. Қайғылы күндер басталып кетті. Біз ешкімнің үйіне бұрынғыдай бармаймыз. Бізге көмектескісі келетін бірен-сaran адамдар үрләнген түнде келеді.

Мектепке не дүкенге кетерімізде анам: «бұрынғыдай ешкімге жетіп барып амандастып жүрме, көрсөң де көрмеген бол, ешкімге зиянымыз тимесін», – деп ескертіп жібереді.

Бір күні ҚазПИ-дің маңайынан төртінші курсында студенті Әдианы көріп қалдым, мен ағашты айналып қаша жөнелдім, байқамай арыққа құлап қалдым. Әдия мені түрғызып, үстімнің қарын қақты. Бетіне қарап едім, көзіне жас келіп тұр екен. Мен де, ол да іштей түсініспі, тіл қатпай ажырастық.

Жылдар өтіп жатты. Әкем оралмады, күткен хабарымыз да келмеді.

Бірақ әкемнің асыл бейнесі маған жол сілтеп, жөн көрсететін болды. Сын сағаттарда мен әр істің шешімін әкемнің көзқарасымен қарап, шешетін болдым. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деген мақал бар ғой. Менің әкем де маған және менің іні-сіңілеріме «қырық жыл» азық болды. Жүрегімізде қалған жарқын бейнесі көлеңкелі күнгірттен бізді қағып, тұзу жолға салып жүрді. Бірақ «папамды неге жау деді?» деген сұрақ ішімде үнемі арпалысып, жауабын таптай жүрді. Содан болу керек, жасым он төртке келгенде бір-екі шумақ өлең жазып, оны Ахаңа (әкемнің інісі) көрсеттім, ол өлеңім мынау еді:

*Бұлғынып, жүрек тулап, көне алмай тұр.
«Әкең – жсау» деген сөзге сене алмай тұр.
Орыны қас пен достың ауыстыма,
Жауабын бала ақылы бере алмай тұр!
Жау деген болмай ма екен жалмауыздай,
Қасқунем, қара ниет, қаны мұздай.
Адал жанды «жсаусың» деп жала жаса,
Ет-жүрек жарылмай ма сыйздай-сыздай!*

Ахаң өлеңді оқып алды да, маған қарап: «Әкең де он төртінде өлең жазып, ол өлеңі газетке жарияланып кеткен екен. Кім біледі? Кейде сондайдың зияны тиді ме деп те ойлаймын! Саған айтарым, өлең жазу үшін адам көп білу керек. Сондықтан, оның мен солынды танып алмай тұрып, өлең жазушы болма!» – деді. Мен содан былай қарай өлең жазбайтын, жазсам көрсетпейтін болдым. Өлеңімнің мазмұнына қарап, Ахаңның мені сақтаңдыруы сол кез үшін заңдылық еді, мен оны түсіндім.

Қазір сол бала кезден бастап әділдік-шындық ізден тулаған жүргімнің «Мениң әкем кім?» деген сұрағына «Әкең жау емес, адал адам» деген жауаптың кешігіп келсе де, келгеніне ризамын!

(Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер. 170-184-бб.)

М.Әуезов

Iрі оқымысты

Данышпан Абай адамгершілікке баға бере келе: «Адамның адамдығы істі қалай аяқтағанынан емес, қалай бастағанынан білінеді», – дейді. Тегінде, бұл – істің нәтижесін күтпей, келте қайырған байлам емес, қайта тұнғиық ойды тұнғиына бойлағанда ғана кеменгерлік тоқтам болса керек. Не нәрсені болмасын бастап қолына алғанда, ертеңгі күні берер жемісі бесенеден белгілі болып тұратын талабы таудай кейбір жандарды андал байқаған Абай құрғақ сәуегейлік құрмай, өнерлі, дарынды жандардың болашағын барлай білген. Сөйтіп, сынына толған адамын ғана нағыз адамгершіліктің иесі таныған және содан еңбек зейнетін үміт еткен.

Енді бүгін сонау Абай меңзеген өрістен Абайша көз салып қарасақ, өз тұрғыластарымыздың ішінен өнердің, істің, еңбектің талай майталман жорғасы мен өрен жүйрігін көреміз. Жорға мен жүйріктің алғаш аяқ тастасынан көзге шалынатыны сияқты, сол адамдардың қай-қайсысы да бастапқы қадамдарынан-ақ өздерінің кім екенін, қоғамдағы орны қандайлық болатынын аңғарта білген-ді.

Біз әңгімелегелі отырған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді. Өздігінен оқып, ғылым-білімнің эр саласынан да әжептәуір хабардар болған Құдайберген сонау ерте уақыттардың өзінде – 20-жылдар ішінде – математикадан, физикадан, химиядан техникумдарда сабак беріп, философияны, логиканы, психологияны, рефлексологияны тесіле зерттеді. Павлов, Бехтерев сияқты орыс ғалымдарының еңбектерін дамылсыз оқыды. Бірақ Құдайбергеннің шын ықылас қойып, мықтап бет бұрған ғылымы – тіл білімі болды. Жастайынан араб, парсы, түрік тілдерін менгерумен қатар, есейе келе неміс, ағылшын, француз тілдерін біліп алды, сол тілдерде жазылған ғылыми еңбектерді оқып пайдаланатын болды. Өзінің туған жері – Ақтөбе облысында жүрген кездерінде де түркологияны, жалпы тіл білімінің құрделі

мәселелері жөнінде Москвадағы, Қазандағы, Бакудегі, Ташкенттегі, Ленинградтағы аса көрнекті тіл мамандарымен хат жазысып пікір алысып тұрды. Оның архивінде зерттеуші Поливанов, Богородицкий, Мещанинов, Ағамалы оғлы, тағы басқаларынан келген хаттар жатушы еді.

Құдайберген оқып жүрген жылдарының өзінде де зерттеу жұмыстарынан қол үзген емес. Араб әліппесіне негізделген қазақ әліпбийн практикада үлкен қыындық тудыратынын көп дәлелдеп, өз кезінде латын әліппесіне көшуге аянбай ат салысты. 1930 жылы түрік тілдерін зерттеуші мамандардың Алматыда өткізілген съезіне қатысып, «Мағынасыз сөздердің мағыналары» («Смысл безсмысленных слов») деген тақырыпта аса қызықты баяндама жасады. Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді. Оның журналистік, публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей ұштасып жататын-ды. Қазақ күйлерінің тарихы жайындағы тарихи-лингвистикалық очеркінде Құдайберген осындағы қаламы төсөлген шеберліктің аса бір нәзік үлгісін көрсетеді. Оның 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекеде жасаған баяндамасы (кейін мақала түрінде жарияланған) – қазақ филологиясының, әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылатын бағалы еңбек. Абайдың өлең құрылышындағы ерекшеліктерді, ақынның новаторлығын және халық тілін пайдаланудағы шеберлігін алғаш көрсетушілердің бірі де осы Құдайберген болды.

Құдайберген Куанұлы Жұбанов аса ірі зерттеуші-түркологтардың қатарынан орын алады. Ленинградтағы Шығыс институтының, сонынан Тіл және ой институтының (қазір СССР ғылым академиясының Тіл білімі институты) аспиранты болып жүрген кезінде-ақ ол шығыстану жөнінде кең көлемді білімі бар, тілдің ең нәзік мәселелеріне шейін байқай билетін зерттеуші-лингвист екенін аңғартты. Қазақтың дарынды ғалымының таланты мен қабілеті, әсіресе, республикамыздағы тұңғыш жоғары оку орны – Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының өмірінде айқын көзге тұсті. Құдайберген біраз уақыт институттың профессоры және қазақ тілі кафедрасының менгерушісі болып қызмет атқарды. Оның жалпы тіл білімі мен қазіргі қазақ тілі, түркология жөніндегі лекциялары қазақ интеллигенциясының қалың көшшілігінің назарын еріксіз аударатын. Ол ертедегі түрік ескерткіштерінің тілін мұлтіксіз билетін және тындаушыларына орхон-енисей жазулары, олардың лексикалық, грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктері жайлы мол білім де беретін.

Құдайбергеннің қаламынан күні бүгінге дейін өз актуалдығын жоймаған толып жатқан бағалы ғылыми еңбектер туды. Баспа бетінде жарияланған «Из истории порядка слов тюркских языков» (1936), «Вспомогательные глаголы» немесе «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» сияқты кітаптары, көптеген мақалалары мен түрлі

конференцияларда сөйлеген сөздері («К постановкеисследования истории фонетики казахского языка», «Буын жігін қалай табуға болады», «Жана грамматиканың жаңалықтары жайында», «Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер», «Об одном факте появления аффикса из корневого слова» т.б.) отандық түркологияға қосылған бағалы үлес болып табылады. Оның еңбектері өзінің сипаты жағынан қарағанда салыстырмалы тарихи әдісті қолдану жолымен жазылған. Рас, кей тұстарда Маррдың жалған ілімінен қалған іздер де байқалады.

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі сөздердің орын тәртібі туралы жазған еңбектерінде автор сөздердің орын тәртібін белгілейтін синтаксистік нормаларды және олардың тарихи қалыптасу жолдарын қызықты да тартымды етіп баяндап, өз ойын ешкім теріске шығара алмайтын нақты материалдармен дәлелдеп береді. Зерттеушінің алдына қойған мақсаты: сөздердің орын тәртібінің қазіргі нормаларында ертеректегі тілден қаншалықты ауытқу барын анықтап, сол арқылы түркі тілдерінің құрылымдық ерекшеліктерінен туатын негізгі зандылықтарды дұрыс түсіну еді. Көмекші етістіктер туралы жазған еңбектерінде автор ана тілінің лексикалық, грамматикалық құбылыстарын түсінуде терең білімпаз екенін танытты. Казақ тіл білімінде тұңғыш рет Құдайберген «отыр», «жатыр», «тұр», «жұр» тәрізді көмекші етістіктерге ғылыми талдау жасап, олардың лексикалық мағыналары мен қолдану орындарын анықтады.

Тарихи деректерсіз тілдік құбылыстарға шын мәнінде ғылыми талдау жасау да мүмкін емес. Өз кезінде белгілі бір дәстүр ретінде қалыптасқан яфетидология деп аталатын лингвистикалық бағытқа кейбір еліктеушіліктері болғанымен, олар Құдайберген қалдыրған теориялық мұралардың құнын жоққа шығара алмайды. Көрнекті ғалымның еңбектерінде тілдік зандылықтарды тарихи тұрғыдан дұрыс баяндау жағы Н.Я.Маррдың палеонтологиялық төрт элементті анализінен сөзсіз басым жатады.

Жоғарыда айтқанымыздай, 1930 жылдың өзінде-ақ Құдайберген тілші-түркологтердің Алматыда болған съезінде одағай сөздер туралы баяндама жасап, мал шаруашылығына байланысты айтылатын бірсыныра одағайларды этимологиялық тұрғыдан талдады, олардың бір кездерде сол малдарға қойылатын ат екенін айтып берді («қош», «өк», «мо» сияқты одағайлар тарихи жағынан «қой», «қошақан», «өгіз» сөздерімен, қытайдың «ат» дегенді біддіретін «маа» сөзімен байланысты).

Құдайбергеннің ерекше атай кетуді қажет ететін еңбегі – «Қазақ тілінің грамматикасы» (1-бөлім, жалпы морфология, 74-бет, 1936 жыл, қазақ орта мектебінің V класына арналған). Автор мұнда сөздердің құрылымына және қазақ тіліндегі құбылыстарға байланысты негізгі мәселелерді жүйелі түрде мазмұндан шыққан. Айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды қазақтың әдеби жазылған бүл еңбек қазақ тілі жөнінде оқулық жазатын көптеген авторлар үшін тамаша үлгі болады.

Құдайберген өз мақаларының тұтас бір сериясын практикалық білімінің мәселелеріне – орфографияға, терминологияға, қазақ тілін оқыту

методикасына арнады. Республикамыздағы тілдік құрылыштың белгілі бір мәселелері жөнінде ғылыми айтыстарда Қ.Жұбанов асқан шеберлік қабілетімен ерекше көзге түсіп тұратын.

Құдайбергеннің есімі өз кезінде қазақ интеллигентиясының, әсіресе, ағарту қызметкерлерінің арасында мәлім болатын. Ол СССР ғылым академиясының Қазақ филиалында, республиканың Оқу халық комиссариатында жетекші қызметтер атқарды. Сонымен катар ол көрнекті қоғам қайраткері де еді. 1935 жылы Құдайберген Қазақстанда болған мәдениет қызметкерлері съезінің ұйымдастыру комитетінің председателі болып сайланып, өзі сол съезді ашып сез сойладі. Сол 1935 жылы ол Советтердің Бүкілrossиялық XVI съезіне Қазақстаннан делегат болып сайланып, съезде патриоттық жігермен сез сойладі.

Біз, Құдайбергеннің замандастары әрі достары, Октябрьден кейін туып жетілген советтік тіл ғылымының, оның ішінде қазақ білімінің негізін салушылардың бірі болған марқұм Құдайберген Куанұлы Жұбановтың игі еңбектерін еш уақыт ұмытпақ емеспіз.

(*Шығармалар жинағы. 20 томдық.
—Алматы: «Жазушы», 1995. —358-383-бб.)*

H.A.Басқаков

Один из первых советских тюркологов

Х.К.Жубанов – один из первых советских тюркологов-казахов, крупный представитель казахского языкоznания, научная деятельность которого относится главным образом к тридцатым годам. Несмотря на относительно краткий период своей творческой жизни (1899-1938), он оставил значительный след в изучении казахского языка как в области теории лексикологии, грамматики (морфологии и синтаксиса), так и в области практики языкового строительства – вопросов разработки казахского алфавита, орфографии, терминологии и методики преподавания родного языка в казахской школе, не чужды были ему и проблемы казахского литературоведения.

Являясь одним из первых исследователей казахского языка из имеющих специальное лингвистическое образование, как окончивший Ленинградский институт живых восточных языков, Х.К.Жубанов широко использовал в своих работах новейшие лингвистические методы крупнейших советских лингвистов-востоковедов применительно к изучению казахского языка, создал свою научную школу учеников, его последователей – крупнейших представителей казахского языкоznания.

Мне, как вступившему на путь тюрколога-исследователя почти одновременно с Х.К.Жубановым, приходилось много раз встречаться с ним как в Казахстане, так и в Москве, главным образом во Всесоюзном центральном комитете нового алфавита (ВЦКНА) при ЦИК СССР.

Наша первая встреча с Х.К.Жубановым относится к 1928 году в Кзыл-Орде – тогда столице Казахстана. Х.К.Жубанов только что окончил Ленинградский институт живых восточных языков им. Енукидзе и был тогда аспирантом Института языка и мышления им. Н.Я.Марра. Я же был тогда студентом 3-го курса Московского университета историко-этнологического факультета, работая одновременно в Этнографо-Археологическом музее МГУ под руководством профессора В. К. Трутовского.

Летом 1928 года я вместе с моим коллегой, студентом того же курса А.Х.Дэвлетом, был командирован в Казахстан и Киргизию с этнографическими и лингвистическими целями. Одним из первых визитов в научные учреждения того времени в столице Казахстана – Кзыл-Орде и к соответствующим научным работникам наряду с представителями старшего поколения Г.Бегалиевым, Т.Шонановым и др. было и посещение Х.К.Жубанова, который вместе с Г.Бегалиевым и Т.Шонановым, принял живое участие в определении и разработке нашего маршрута по Казахстану и Киргизии.

В соответствии с нашими этнографическими и лингвистическими задачами наш маршрут, предварительно разработанный в Москве при участии проф. А.Н.Максимова, был уточнен и окончательно утвержден при помощи казахских ученых в следующем виде: Кзыл-Орда – Пишпек (по железной дороге), затем – Алма-Ата через Курдайский перевал на попутных обозах (железной дороги тогда до Алма-Аты не было, Турксиб только строился), далее из Алма-Аты вниз до р. Или и обратно в Алма-Ату, затем Заилийский Алатау до Большого Алма-Атинского перевала, Кунгей-Алатау через перевал Дере до села Селезневка на Иссык-Куле, село Рыбачье, далее на пароходе по Иссык-Кулю до Каракола (ныне Пржевальск), затем село Каркара (в то время там была большая ярмарка) и обратно в Пржевальск, а оттуда на пароходе до Рыбачьего и через Боамское ущелье в Пишпек (ныне столица Киргизии г. Фрунзе).

Этот сложный маршрут должен был обеспечить нам сбор материала по этнографии и диалектам и говорам казахов, киргизов и уйгуров. Любопытно, что в селении Каркара при записи текстов на уйгурском языке я встретил уйгурского долгожителя Эмира Хамзу, у которого в свое время записывал тексты В.В.Радлов.

В установлении этого маршрута неоценимую услугу оказали Х.К.Жубанов и его старшие коллеги, хорошо знавшие топографию этого региона. Без их консультаций и помощи местных научных работников мы не смогли бы так эффективно использовать то время экспедиции, которое было нам дано на этот регион, так как далее наша поездка должна быть продолжена из Пишпека в Чарджоу, затем Ургенч – Хива – Турккуль – Чарджоу – Москва.

С 1933 года я работал в ВЦКНА при ЦИК СССР. Мне часто приходилось встречаться с научными работниками различных Комитетов нового алфавита и в том числе и с Х.К.Жубановым, который приезжал на

различного рода заседания научного Совета ВЦКНА по вопросам разработки латинизированного алфавита для тюркоязычных республик и областей.

Всесоюзный Центральный комитет нового алфавита при ЦИК СССР был создан в конце двадцатых годов как центральное научное и организационное учреждение, основными задачами которого являлись – разработка вопросов языкового строительства всех национальных республик и областей, создание письменности для бесписьменных и младописьменных языков, совершенствование и унификация латинизированных алфавитов, установление правил орфографии, изучение диалектов, составление научных и учебных грамматик и проч.

Периодически Президиум ВЦКНА созывал пленумы Комитета, на которых обсуждались доклады, посвященные основным вопросам языкового строительства: алфавита, орфографии, терминологии и проч.

Интересно выступил на одном из таких пленумов (на VI пленуме ВЦКНА) в январе 1936 года Х.К.Жубанов. На конкретном материале переводов классиков марксизма-ленинизма Х.К.Жубанов чрезвычайно ярко показал необходимость наряду с разработкой терминологии средствами родного казахского языка широкого заимствования интернациональной научной и общественно-политической терминологии. Он говорил также о конкретных задачах, разрешение которых должно способствовать успешному языковому строительству в республике.

Х.К.Жубанов относился к тому поколению ученых наших национальных республик, которые, получив всестороннее образование у крупнейших востоковедов Москвы и Ленинграда, впервые организовали и начали глубокие лингвистические исследования фонетики, грамматики, лексикографии и других основных направлений своих родных языков, исследования, продолженные в дальнейшем их учениками и последователями.

Помню, как-то Х.К.Жубанов подарил мне свою очередную работу – небольшую книжечку, скорее брошюру, о вспомогательных глаголах казахского языка:*тур* – стоять, *отыр* – сидеть, *жатыр* – лежать и *жур* – двигаться. По глубине исследования и по точности наблюдений автора в отношении их значений она до настоящего времени остается незаменимой для исследования этих вспомогательных глаголов, широко используемых в языке для образования многих видовых форм глагола не только в казахском языке, но и в других тюркских языках. Позже в более развернутом виде эта работа Х.К.Жубанова была опубликована в 1936 г. в статье «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах».

Многие из предложенных Х.К.Жубановым разработок алфавита и орфографии казахского языка (а отчасти и других тюркских языков) были приняты и успешно действуют и поныне.

Не менее ценными были его исследования по другим вопросам казахского языкознания, в частности по вопросам нормативной грамматики казахского языка, а также по лексикологии и лексикографии. Многие ценные

предложения, разработки и теоретические положения были изложены в лекциях и докладах по основным проблемам казахского языка и литературы. Сохраняют свое научное значение его статьи о классиках казахской литературы, а также по фольклору, в частности, по героическому казахскому эпосу.

Неоценим вклад Х.К.Жубанова в области практического языкоznания и преподавания родного языка в национальной школе. Он первым разработал программы по казахскому языку в средней школе, составил некоторые учебники для средней школы.

Фундаментальные лингвистические исследования основных проблем казахского языкоznания и научно-практическая деятельность по внедрению результатов этих исследований в жизнь характеризуют Х.К.Жубанова как выдающегося представителя науки его эпохи, эпохи возрождения национального самосознания народов Советского Союза, эпохи пробуждения широких интересов к родной культуре, родному языку, литературе и искусству.

A.Беркінов

Зейінді шәкірт еді ол

Октябрь таңы атқанға дейінгі азда болса оқыған азаматтардың ол кездегі мақсаты қараңғылық пен надандық торына шырмалған аяулы халқын білім мен мәдениетке тартып, өнегелі өмірге баулу еді.

1911 жылы Уфадағы медресе «Ғалияны» бітіріп қайтқаннан кейін білім нәріне шөлдеген қазақ жастарының көзін ашуды өзіме мақсат еттім. Сол кездегі бастаған сүйікті қызметіммен 1955 жылы қоштастым. Осы өткен 44 жыл жас буынды тәрбиелеу жұмысында менін, алдынан көптеген дарынды жастар өтті. Міне, сол жастардың ішінде артына өлмес мұра қалдырған Құдайберген де болды.

Ауыл ұстасы Сатыбалдыға қозылы қой беріп салдырған шым мектепке келіп-кетіп жүрген санаулы жастардың ішінен ұяң мінезді, қараша бала асқан зейінді ұғымталдығымен сол кезден-ақ көзге түсті. Сол жылдардың өзінде Құдайберген орыс тіліне сонша құмар еді. Соңдықтан болар, ол сол кездегі Орқаштың бір кластық орыс мектебінің мұғалімі Ашығалиев Құсайыннан сабак алышп жүрді. Осы кезден бастап Құдайберген Жұрында, Күйік қаласында, Орынборда оқып, білім шыңына қарай өрлей берді.

Жас кезінен бастап-ақ Құдайберген әдебиет пен көркем өнерге бейім болды. Ауыл арасындағы ескінің қалдықтарын, қожа-молдаларды мазақ етіп, қысқа-қысқа өлеңдер жазатын.

Сол кездегі оқыған қазақ жастарының бір дәстүрі қолжазбамен газет, журналдар шығаратын-ды.

Құдайберген Күйік қаласында оқып жүрген кезінде «Тез» атты қолжазба журнал шығарды. Журналдың атын «Тез» қою себебі халық

арасындағы ескі қалдықтарды тезге салып түзету еді. Сол журналда Құдайбергеннің «Ит әулие», Жиенғали Тілепбергеновтің «Намазға» және менің «Жазықсыз жандар» атты қысқа әңгімелеріміз шыққан-ды.

Құдайберген сурет өнеріне де өте шебер болды. Ол майлыш бояумен, қарындашпен, тіпті көмірмен де әдемі суреттер сала беретін. Ол суретпен қатар ою жұмыстарымен де айналысты. Ағашқа, тасқа небір тамаша оюлар салатын.

Жұртшылығымызға мәлім, Құдайберген отызыншы жылдарда ғалым ретінде қазақ тілінің грамматикасымен айналысты. Бұл кезде ол өзінің жұмысы жөнінде маған хабарлап тұрды. Кейін ол өзі жазған тұңғыш монографиялық зерттеуінің бір данасын маған ескеptкішке жолдап, «Ұстазыма сыйға тартамын» деп жазыпты.

Мен ұзақ ұстаздық өміріндегі бір жарқын бет Жұбановтарға қалам ұстатьш, қара танытқан кезім деп білемін. Кейінгі шәкірттеріме де осы қос ғұламаны қасиетті мінез-құлықтары, зеректігі жөнінде айтып, үлгіге ұсынып отырдым. Ал Жұбановтарға ұстаздық еткенімді өзім мақтаныш етемін.

О.Алпанов

Құдайберген мұғалімдердің де қамқоршысы еді

Мен Құдайберген Жұбановпен қатармын. Бала жігіт кездерімізден бастап-ақ бірге жүріп, бірге тұрдық. Кейіннен Күйік қаласындағы (қазіргі Елек қаласы) екі кластық орыс училищесіне түсіп бірге оқыдық. Оқудан кейінгі жылдарда (1924-1934 жылдың аралығында) қызметімізben байланысты жиі кездесіп те жүрдік. О сол кездерде ірі қызмет орындарында жүрсе де, уақыт тауып менімен хат арқылы хабарласып, елдегі оку-ағарту жұмыстарын жиі сұрап, жетістіктерімізге қуанып, ақыл беріп, қажетті оқулықтар мен көрнекі қосымша құралдар жіберіп тұратын.

1922 жылдары мен қазіргі Темір қаласында шығып тұратын «Кедей» атты уездік газетте қызмет атқардым. Бұл кезде осы «Кедей» газетінің редакторы белгілі журналист-жазушы Жиенғали Тілепбергенов болатын. Міне, осы кезеңдерде Құдайберген уездік ағарту бөлімінде инспектор болып қызмет істеген еді. Осы инспекторлық қызметте жүргенде Құдайберген редакцияға жиі келіп, газетімізде көтерілген кейбір келелі мәселелерге сүйсініп, мақтап айтып өзі де түрлі тақырыптардан біздің газетке мақалалар жазып тұратын. Ол әсіресе оку-тәрбие жұмыстары тақырыбына көбірек жазатын. Сонымен бірге сол кездегі көкейтесті мәселелер: қазақ кедейлерінің тұрмысы, ауылдағы ескі діни ғұрыптар, әйел тенденсіне арналған түрлі әңгіме, өлең, пьесалар мен сықақтар жөнінде де газет бетіне материалдар жиі жазып отыратын.

Мен редакцияда екі жыл істегеннен кейін мұғалімдік қызметке ауыстым. Ал Құдайберген Ақтөбедегі губерниялық оку-ағарту жұмысына шақырылды. Әрине, бұл кездерде оның уақыты өте аз болатын. Әрі ғылыми-

зерттеу жұмыстарын жазып, әрі оқу орындарында негізгі пәндерден сабақ беретін. Сөйтеп тұрса да ол ауыл мұғалімдерінің ақылшысы, қамқоршысы болды. Анда-санда елден барған біздермен сағына көрісіп, ауылдағы оқу-ағарту жұмыстарын көп сұрап, ақыл-кеңес айтатын. Тіпті, кейбір сұрақтарымызға хат арқылы да қеңес беріп отыратын еді.

Құдайберген кешкі тамақтан кейін кейде ашық қоңыр даусымен ән де салатын еді. Мені де өз баласындай көретін, ақ жарқын, ашық, байсалды анамыз Бибішынар Құдайберген екеумізге кешкі тамақтан кейін ән салдырушы еді.

Бала жастан тел өскен Құдайберген ардақты азамат, қарапайым мұғалімдердің де қамқоршысы еді.

X.Есенжанов

Ғалымдар ағасы

Кешеуілдеп өссе де бірден күрт көтерілген ғылым саласында халықтың қақ ортасынан шыққан аса талантты адамдарымыз аз болған жоқ. Баланың булығып өсіп бір жыл ішінде-ақ ер жеткен бойшандар тобына қосыла кететін бақытты шағы сияқты. Отзызының жылдардың бас кезінде ҚазПИ-де тарих, тілтану, әдебиеттану, педагогика, экономика кафедраларын қолға алған жас профессорлар лекция оқуға кірісті. Бұлар бұрын басы құралған кафедралардың оқыту және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жаңа сатыға көтере бастады. Бұл жаңа дәуірдегі жаңа мазмұнды ұлттық ғылымның ілгерілей беруіндегі сүйсінерлік көрініс еді. Осы жас ғалымдардың ішіндегі аса таланттыларының бірі дерлік көзге ерекше түскені Құдайберген Жұбанов болатын. Ол аз өмір сүрген бірақ аз өмірінің ішінде терең білімдік, талапты ғалымдық, сүйікті ұстаздық, ірі мәдени қайраткерлік сапында үлкен із, жарқын бейне қалдырып кеткен жан.

Ол – тіл ұстазы. Тілтану ғылымының мұхиты дерлік Ленинградтағы Шығыс институты мен бұрынғы академик Марр атындағы «Тіл мен ой» (Тіл және ойлау) академиясының игі төрінде білім құшақтаған адам. Жас шағының ең ажарлы кезін тек қана білім алуға, ол алған білімін еліне аямай сарп етуге арнаған адам.

Тіл тағдыры халық тағдырымен байланысты. Ендеше, оны ұғыну үшін жалпы теориялық жайларды бес саусағындағы білүмен қатар халықтың тарихын, оның тарихи көшіндегі өтетін өткелдері мен кешетін тайғағы мол азапты жолын: шарықтауын, құлдырауын, қайта өрлеу талабын тасқа таңба басқандай көз алдыңа келтірмеске бола ма! Ол үшін ой көркемдігін бейнелеген тіл құралдарымен, тілін өркендеткен ой өрісімен, яки көркем сөзімен, көркем өнерімен, көркем үнімен, бұлардың әріден келе жатқан мұралық түрлерімен жете таныс болу бірінші шарт сияқты шындықтар. Осы шарттарға Құдайберген Жұбанов төрт жағы түгел сай келген ұстаз-ды. Бұл жөнінде өзімен қатарлас өмір сүрген, өз саласында айқын із салған тарих

ғалымы проф. Санжар Асфендияров, әдебиеттің қос алдыбы Сәкен Сейфуллин мен Мұхтар Әуезов барабарлы ұстаз еді деуге болар еді.

Құдайберген Жұбановтың ғылымдағы құлашының кеңдігі мен ойының терендігін оның қазақ тілі грамматикасы мен фонетикасын зерттеуді қолға алғанынан шамалайсыз, «Из истории порядка слов в казахском предложении» мен «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» деген еңбектерінен байқайсыз: «Терминология, орфография, тіл сабағын берудің әдістері» дейтін жұмыстарынан болжайсыз. Ал «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» және «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» дейтін ғылыми очерктерінде тіл тарихымен ұштастырып көркем әдебиет пен көркеменер тарихын қамтыған тереңдікті көресіз.

Құдайберген Жұбановтың лекцияларындағы ой өрістілігі, материал байлығы, ғылыми жүйелілігі тыңдаушы шәкіртеріне тарих дүниесінің бұдан бұрын тас жабық жатқан есігін шалқасынан салғандай әсер ететін. Түркі тілдерінің түп-тамырын зерттеуге арнаған дәрістерінде орхон-енисей жазуларының сыр-сипаты жоғарыда айтқанымызды дәлелдейді. Өйткені, Орхон бойын жайлаған тайпаның құлпытастарға жазып кеткен жазуы: түркі елдерінің қағанаты (хандығы) тарихы, міне – осы деп тұрғандай. Онда: бір елдің салты, ғұрпы, жауласуы, женуі, жеңілісі, аңшылық саяхаты, тағы басқасы әміршінің құдіреттілігін паши туарқылы хикаяланған ғой. Бұл дәстүр – ертеден келе жатқан көне Мысыр патшаларының (перғауындарының) тірі кезінде де, өлгеннен кейін де ұлылығын дәріптей беру салты сияқты. Сонымен бірге бұл – сол кезде өмір сурген тайпаның мәдениеті де ер жетіп қалғанының айғағы. Өйткені, жазу-сызу, оны тасқа түсіру (таңбалау, қашау, әдемілеу) өнері көркемдік өнерге ең кемі тастан таспа тілерлік шеберлікке байланысты... Жеке баяндамалары мен мақалаларында Құдайберген Жұбановтың қазақ тілі тарихын зерттеуді терең және жан-жақты жүргізгенін көреміз; бір текстес тілдердің тарихымен, тарихи мұраларды талдау әдісімен әлеуметтік құбылыстардың өзгеру жолымен тығыз байланыстырғанын байқаймыз. Осының бәрі тіл тануды тар шеңберден шығарып ғылыми кең арнаға салудың басы сияқты көрінеді. Сөйтіп, жалпы тілтану ғылымының теориялық мәселелері, қазақ тілі тарихын зерттеу ісі, тіл құралын дайындау жұмысы және де толып жатқан ғылыми-мәдени істер жас профессордың батыл түрде қолға алған игі бастамалары болатын.

Жас демекші... Орта жастан әрі өрлеп, өмірдің биік қырқасына көтерілген жандарға отыздың о жақ, бұл жағындағылар бала тәрізді көрінеді. Алоқу жасындағы балғын жігіттер мен бала қыздарға отызға келгендер де сақа ... тіпті көрі адамдай... Бұл табиғи да нәрсе.

Ленинградтан келген біздің ғалым ұстазымыз Құдайберген Жұбанов отыз екінші жылы өмір биігінің талай белдерінен асқан, ақыл-ой кәмелетінің бар тұтқасын бір өзі ұстаған қияппатты, байсалды, жасы да толысқан, аса үлкен адам сияқты еді. Сонда ажарлы дөңгелек жүзді, ақылы сыймай тұрған сұлу көзді қалың қара бурыл шашты, тіп-тік мұсін денелі, орта бойлы, келісті

қара торы профессор. Отыздың үшеуіне жаңа ғана иек сүйеген, қазіргі біз тұрған биіктен бұл «өте жас». Алайда, тап осындай жаста білім шынына шығып үлгерген, ірі ғылыми атаққа ие болған, қоғам өмірінің барлық саласында да үздік өрлеңен даңқты адамдар сол кезде де аз емес-ті.

Кейбір ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің талантты еңбектерімен қатар жеке басының ерекше қасиеттері болады. Бұл қасиеттер алдымен өзгеге аямай көрсеткен ақылгөй ағалық, ұстаздық сияқты адамгершілік жомарттығынан көрінеді. Осының басты белгісі: сол кезде Сәкен Сейфуллин, Құдайберген Жұбанов жөне Мухтар Әуезовтердің сонынан шұбырған жастардан, қаумалай отырысып ұлағатты әңгіме тыңдаушы окушылардан көз жерге түспейді дерлік еді.

Біз бұл шағын сөзімізде тілтану ғылымында көрнекті із қалдырған ғалым, кафедра басқарған коммунист, профессор Құдайберген Жұбановтың аса құнды еңбектеріне ғылыми шолу жасау, талдап беру міндетін алға қоймадық. Тек оның ерекше бейнесін көз алдына келтіруге тырыстық.

(«Қазақ әдебиеті», 1969 жылғы 20 декабрь, №51)

Ә. Ермеков

Абзal жанды аяулы аға

«Ақырын жүріп, аңдан бас!

еңбегің кеппес далага»

Абай

1933 жылы ҚазПИ-дің стационарына оқуға түстім. Дәл сол кезде оқу ісін басқарып отырған осы күнгі профессор Серғали Толыбеков екен. Менің сырттан оқуға қабылданғаным туралы анықтамамды көрген соң, арыз және өмірбаян жаздырып көріп, менің сауатымды ұннattы: мен 2-курска қабылдауды өтіндім. Бірақ қазақ тілі мен орыс тілінен емтихан тапсыратын болдым. Дес бергенде, жолдаманы профессор Жұбановқа жазып берді.

Құдайберген орта бойлы, кең маңдайлы, бойы тұзу, көз жанары нұрлы, қара торының көріктісі екен. Ал бұнда түгел біткен қою шашты менің бірінші рет көруім, бірақ жап-жас жігіт бола тұра, шашының ағының басымдығы мені таңдандырды.

Мені ертіп алып, жай іздеді. Екеуміз ҚазПИ-дің клубына жайластық: онда үлкен тақта бар екен. Тақта толғанша жаздырды. «Біз елден шыққанда екеу едік» деп басталатын жолдан айта бастады. Жазып тұрып білдірмеген болып, қарап қалып едім: профессордың не алдында кітап жоқ, не қолында қағаз жоқ, айттымдық шығарманың ұзақ жолдарын жатқа оқып отыр екен! Бұл ересен әсер етті маған. Сөйлемді толық талдатты. Бірнеше жерде түзеп, түсіндіріп отырды.

Енді жай әңгімеге көштік.

Профессор менің қайдан келгенімді, нендей қызмет еткенімді сұрады. Әсіресе, мұғалім болып жүріп келгеніме риза болды. Ақыры қазақ филологиясын (филология деген сөзді үқпадым, оны Құдайберген аға тез аңғарып қалған екен: дереу түсіндіріп жіберді) шынайы ұнатып келдің бе? — деген сұраққа тірелгенде, мен құптаап жауап қайтардым. Өстіп, ҚазПИ-дің 2-курсына оқуға түстім-ау!

2-курста 30-ға жуық окушы болдық. Ақыры, 1936 жылы, 8 адам қазақ тілі мен әдебиет факультетін бітіріп шықтық.

Профессор Құдайберген Жұбанов жалпы тіл білімін және қазақ тілінің ғылыми курсын оқыды. Екеуі де көлемді, деректері бай дәрістер болғандықтан, лектордың да жан-жақты білімдар және кең тынысты, дарынды ғұлама болмағы шарт. Біздің Құдайберген аға дәл осындай ғалым еді: жалпы тіл білімінен лекцияны оқып түрғанда, профессордың қолында қағаз болмайды, бор болады. Ол қыын сөздердің, әсіресе, біздерге түсінігі ауыр лингвистикалық терминдерді тақтаға жазып, ешбір қынжылмастан түсіндіріп отырды.

Азиялық және европалық тілдерді сипаттауға келгенде, олардың мамандарының туындыларына маркстік-лениндік түргыдан сындық баға беруде аса зеректігі ақаусыз еді. Тіпті, Маррдың «Төрт элементтік анализ» және «Таптық тіл» деген тезистерінің ғылыми-тариҳи сынды көтермейтін көзқарас екенін профессор Қ.Жұбанов өзінің лекцияларында ашық айтқан да еді.

Қазақ тілінің ғылыми курсын профессор Қ.Жұбанов марксистік-лениндік ілім қағидаларына қол артып, тарихи деректерге дәйектеп, шын мәнісінде ғылыми дәрежеге жеткізе оқыды. Әсте кәнігі лингвист-ғалым болу үшін көп тіл білетін маман өрелі бола береді ғой. Біздің Құдайберген аға дәл осы іспетті ғалым еді. Европалықтан орыс тілін және күллі түркі жүйелі тілдерді жақсы білуші еді. Ол аталған курстардан лекция оқыған шақта, қажетті жерлерінде осы тілдерден мысалдар келтіріп, түсіндіріп отыратын. Тағы бір дәлел: сол кезде біздерге неміс тілінен сабак берген В.И.Попова өзінің сабактарында, сөз орайында неміс тілін жақсы біледі деп проф. Санжар Асфендияров пен профессор Құдайберген Жұбановты атай беруші еді.

Көне түркі жазуларының араб харпімен жазылған нұсқаларының сөздерін түсінбейміз, бірақ харіптері таныс, ал орхоншаның сөзін де, харіптерін де білмейміз. Осының өзін профессор Құдайберген Жұбанов өзіміздің күнделікті жазып жүрген кәнігі жазуымыздай жазады да оқиды, оқиды да түсіндіреді. Оның осы қабілетінің өзі біздің көз алдымызда ғалымның сәлиқасын арттыра түседі.

Орхон жазуын профессор Санжар Асфендияров та жақсы білетін. Ол кісі біздерге қазақ тарихының курсын оқыған еді. Қажетті жерлерде орхонша деректерден сол қалпында мысалдар келтіріп, түсіндіре беретін. Бірде Санжар аға сөз орайында, әсіресе, қазақ тілі мен әдебиетінен, тарихтан маманданып жүргендер үшін орхон жазуының маңыздылығын айта келіп,

профессор Жұбановты атап, оған көне түркі жазуларын үйрету үшін факультативтік сабактар ұйымдастыруды ұсынғанын айтты: бұдан бұрын Құдайбергеннің өзі де осы жайды ескерткен болатын. Ақыры сол курсты біздің профессорымыз ұйымдастырды. Қалапжазылғандарының ішінде тарих факультеті студенттерінен Молдаш Сәрсенбин, Садуақас Мәлкәждаров болған. Оқыдық. Біздің мұғаліміміз ешбір жалықпайды, кешікпейді, әуелі аптада екі рет жиналып жүрдік. Орхоншаның түпнұсқасында «аяғы» сорайған қықа-шиқа таңбалар біздің профессордың қолынан мұсінді болып шыға келеді: Құдайберген аға керемет сұлу жазатын. Оның қолымен жазылған харіптер жібекке тізген лағыл моншақтай төгіліп тұратын. Ал оның суреткерлігі профессионал-суретшіден бірдекем емес еді: жалпы тіл білімінен, мәселен, жазу тарихын сөйлеп тұрып, торғайдың, қаптесердің, қару-жарақтың суретін тақта бетіне бормен мінсіз тұсіретін. Сонда жаңағы нәрселердің суреттерін ол қынап-мінеп жатпайды, бір-ақ тартады. Профессордың бұл өнерінің де өз шәкірттеріне игі әсері болып еді. Мәселен, Ошан Сатыбалдин, Абдол Медетов ұстазымыздың ықпалымен сурет өнеріне әбден жетіліп алғып еді.

Біздің сол кездегі ұстаздарымыз жастарға өнердің әр түрінен мағлұмат беруге өздері тікелей араласып, қадағалап жүруші еді. Мәселен, лингвистикалық үйірмеге өзі басшылық етумен қатар, біздерді, әсіресе қазақ жігіттерін (біз оқыған лекте қызы бала болған да емес еді) би үйрететін үйірмеге де өзі бақылап, міндettі түрде қатыстырып жүрді. Би үйрететін үйірме сабактары үнемі кешке болады, проф. К. Жұбанов куратор ретінде үздіксіз бақылайды. Ал ректорымыз профессор Санжар Асфендияров кейбір сабактарға басталуынан ақырына дейін қатысып жүрген шақтары болған-ды.

Отызынши жылдарда аппаратта қызмет істейтін орыс жолдастар ерекше ынталы жігермен қазақ тілін оқытын. Мен З-курста оқып жүрген кезімде Құдайберген ағаның ұсынысымен Өлкелік милиция басқармасында істейтін орыстарға қазақ тілінен сабак бердім. Менің орыстарға қазақ тілін үйретуде тәжірибелем жоқтығын ҚазПИ-дің сол кездегі мол тәжірибелі білгір оқытушылары Телжан Шонановқа (окулықтың авторы), Файзулла Ғалымжановқа өзі әдейілеп тапсырып еді; олар да жақсы көмектесіп жүрді. Сол мекемедегі менің бір сабағыма келіп профессор К.Жұбанов өзі қатысты. Кейін меніорысша сөйлеп түсіндіргеніме сындық ескертпелері көп болды.

Сол кезде ҚазПИ-дің жанындағы жұмысшы факультетінде (рабфак) қазақ тілін оқытып жүрген Абдол Медетов сабағына да бірнеше рет қатысып, ақыл-кеңес бергенін білеміз. Қыруар жұмыспен журсе де, өз шәкірттері үшін уақыт тауып, назарынан сырт қалдырмай, онды мұғалім болуына көмегін тигізгеніне дән риза едік, әлі де сол ниеттеміз.

Ол кезде ҚазПИ-дің барлық мамандықтарындағы орыс бөлімдерінде қазақ тілі күшті жүретін, оқытушылары да жоғарыда аталған Телжан Шонанов, Файзулла Ғалымжанов іспетті үздік адамдар еді. Солардың өзін кафедра бастығы профессор үздіксіз бақылап жүреді екен. Біздер мұны

әрекеті арқылы білдік. Ол кісі біздерді, қазақ студенттерін орыс группаларына бөліп, кешкүрим жатақханаларда, институт аудиторияларында қазақ тілінен қосымша сабактар өткізуге бұйырған-ды. Бұның екі жақты пайдасы бар деп түсіндірген: әрі орыс жолдастарына қазақ тілін білуге көмектесесің, әрі өзің орыс тілін үйренесің дейтін. Біз солай істедік те.

Біздің профессорымыздың өз шәкірттеріне ілтипаты соншалық болатын, ол тіпті жатақханаға орналастыруда да үнемі араласып, өзі қуратор болған курсында оқитын біздерге «Пролетар», 3-тегі жатақхананың ең жақсы бөлмесін әперген, біздер ҚазПИ-дің толық курсын бітіріп шыққанша сол бөлмеде тұрдық.

Конспекті жүргізу стилін, жазуымыздың сыртқы сиқын, харіптің эквиваленттік мөлшерін толтыра жазғанды, көрікті жазғанды ұнатушы еді. Абдол Медетов, Әли Есмамбетов, Әлішер Тоқмағамбетов, Әди Шәріпов көрікті жазатын-ды.

Ол кезде ҚазПИ-дің барлық факультеттерінің қазақ бөлімдерінде қазақ тілінің практикалық курсы талапқа сай биік дәрежеде өтілетін. Әр оқу жылында бірнеше рет бүкіл институт бойынша бақылау диктанттары жүргізілетін, бұны Санжар аға өзі бақылап, аралап көріп жүретін. Ана тілін ардақтаудың нәтижесі болса керек, физматта оқитын Мұратбаев, Қойшығұлов, Серғазин, Құрманбаев дейтін балалар қазақ тілі факультетінде оқитындардан диктант жазуда қалыспаушы еді.

Диктанттарға алынған текстер емленің небір ұрымтал ережелерін қамтып отыруши еді. Материалды осылайша сұрыптаудың өзін де проф. Қ.Жұбанов басқарады екен. Мен бұны кейін ҚазПИ-дің даярлық курсында қазақ тілінен сабак беріп жүргенде білдім. Құдайберген менің диктантқа арнап алған материалдарымды талай көріп, емлелік ережелерді айқын қамтитын сөйлемдерді мысал үшін айтып беріп жүруші еді.

Профессор Қ.Жұбанов біздің курстарға орыс тілінің сабактарына да ауық-ауық қатысып отыратын. Бұл пәнді біздер 3-курстың аяғына дейін оқығанбыз. Өстіп, орыс тілін толық қанағаттанарлық шамада біліп алғып едік.

Бірде ҚазПИ-дің озаттарының жиылдысында мен орысша сөйлемдім. Бұл жиылдыты проф. Асфендияров өзі басқарды. Профессор Жұбанов ақырына дейін қатысып отырған. Өзінің кезектегі сабағында менің орысшадан жіберген қателерімді айтып берді, біздер ризалықпен сол сөздердің дұрысын жазып алдық.

Біздің ғалым ағамыздың кішіпейілдігі керемет болатын: дәрістің ұзына бойына қолынан бор түспейді, сөйлеп тұрып жазып тұрады, тақтаны үнемі өзі сұртеді, кезекшіні тақтаның маңына жолатпайды, одан ең әуелі талап етілетіні – жұмсақ бор, құрғақ шүберең.

Темекіні жиі шегетін. Қалдығын қағаз құтышаға жиып (қолы өте икем, бұндай бүйымды қағаздан қаусырмалап, өзі лезде жасап алатын), дәріс біткесін өзі алғып кетуші еді.

Ішімдік ішпейді екен. Ал қасқалдақтың қанындей қою шай мен қымызға барын сала ма дедім. Мен бұл халді былайша білдім: 1935 жылдың

жазында УМС-ка тиісті бір материал беріп жібермек болып, мені таудағы қосына ертіп барды. Бұнда Би-аға (Бейімбетті ол кісі осылайша атаушы еді) екеуі көрші тұрады еken. Сыртында «Старка» деген жарнамасы бар шишаны Би-ағаның алдына қоя салды да, өзі қымызды нұсқады; мен дереу құя бердім; Құдайберген аға сапар кесеге толтып жіберді.

—Бұл — Илияс ағаларың мақтайдын Сарықүйіктің отына жайылған биенің саумалынан жасалған тау қымызы; баптаған — албандар; сендер мас болғанша ішіндер! — деді Бейімбет. Расында, Құдайберген аға екеуміз әбден қыздық. Біраздан кейін мен шай қайнаттым, даярладым. Құдайберген аға шайды өзі қүйды. Бас жазылғанша деп, ұзак ішті. Мен профессор берген пакетті алып, кешкүрым Алматыға қайтып кеттім.

Шындағы шынардай балғын тартып, жас қуатқа ене берген шағында үзілген шағын ғұмырында қалдырган ғылыми мұрасы — өз алдына қыруар дәулет. Өшпегендері жарық көрді. Бұл жөнінде қысқаша пікір айтқанбыз.

Ғалымның өзгеде жоқ, өзіне ғана тән қасиеті — асқақтамайтын, арындамайтын және мен-мені жоқ еңбеккерлігінде еді.

Ауыл мектептеріндегі мұғалімдік шақтарын есептемегенде, ғылымға шындал араласқан сегіз-тоғыз жылдық ғұмырында қалдырган қыруар мұрасына үңілсек, қазақ тіл білімінде профессор Жұбанов араласпаған мәселе қалмаған еken: тіліміздің алфавитін қалыптастыру, емлесін жүйеге келтіру бағдарламасын жасау, грамматикалық окулықтарын жазу, әдістемелік қолданбаларын, ғылыми курсын негіздеу, тарихын зерттеу іспетті үшан-теніз істерді атқарған еken.

Қазақ тілінің орта мектепке арналған болашақ бағдарламасы мен оқулығының схемасын 1935 жылы біздерге, өзінің студенттеріне сараптап айтып берді. Сол үлгісінде 1936 жылы жарық көрді. Мен сол кезде Түркіменстандағы Қазақ педтехникумында мұғалім әрі директордың оқу бөлімі жөніндегі орынбасары едім. Сол жақтан бірнеше күнге сабак тастап сүйт келіп, өзімнің қадірмен ұстазымның оқулығынан 200 данасын алып қайтып едім. Осы оқулықтың бірнеше данасын Қазпедтехникумға келген бір сапарында ТССР Оқу халық комиссары Дәулет Мамедов алып, түрікмен, өзбек педтехникумдарына үлгі үшін көрсетпек болып кетіп еді.

Абайдың ұлылығы неде? — деген мәселені де үзілді-кесілді біржола шешіп берген де Құдайберген еді. Бақсақ, «... ол кездетаза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған» (Жұбанов) еken. Өстіп, «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» деген атқа ие болған. Бұндай бағаны отызыншы жылдарда М.Әуезовтің өзі де бере алған емес еді.

(«Оңтүстік Қазақстан», 1969 жылғы 10 декабрь)

F.Орманов

Профessor

Бәрі бір күнгідей болған жоқ. Қазір ойласаң, оның өзі бір күлкі сияқты. Солай болып еді дегенге, тіпті, кісі сенбейтіндей. Бірақ солай болған...

Ол жиырма екінші жылдар еді. Темір уезінің 9-шы ауылында бір мектеп ашылды. Мұның өзін пәлендей мектеп еді деуге де келмейді: сауат ашу орны сияқты бірдеме еді.

Осы мектептегі мұғалімдердің біреуі – көзі күлімдеген қара бала. Сығырайған жер тамның «бөлмесінде» қара қожалақ балаларды оқытып жүреді... Оған бәрі қызық, үміт сәулесі ілгері алып ұшады.

Бірақ оның өрге ұмтылған осы талабын орағытып, алысқа жібермейтін бір нәрсе – оның қаулаған жігерін жетелеп, қырыға жол сілтерлік құнарлы білімі жоқ еді. Оның сондағы білім өрісінің жеткен жері – Орынбордағы «Хусайнія» медресесінің бір жылдық даярлық бөлімі мен орыстың бастауыш мектебінің сегіз айлық оқуы. Соны талабына талшық қылыш тырбанып жүрген кезі ғой бұл*.

Ол етпеп (мәнісіне түсінбесе де) орыс кітаптарын оқиды. Оңай-оспақ қазақ кітаптары қолынан түспейді. Солардан алған нәріне қарап ғылымның мөлдіреген тұнығы көзіне елестейді. Қазір соның бір тамшысына ғана ерні тиіп тұрған сияқты.

Мұғалім бала көп нәрсені қиялдайды. Бірақ білім өрісінің қысқалығы өрелеп, бүгежектетіп жіберер емес. Осыны ол кейде ұзақ тұнде ойлай-ойлай жатып, ақырында келіп ойын бір ғана қорытындыға тиянақтайдын еді:

– Оқу керек!

* * *

1928 жылдың аяғында Ленинградтағы Күншығыс институтына бір қазақ жігіті тосынан келіп, барлық программаларынан экзамен беріп шықты. Экзаменді жақсы берді, институтты бітіргендердің правосын алды. Институт басқарушылары бұл жас жігіттің ғылыми талантына қарап, институтқа аспирант етіп қалдырды...

Қазақта тұнғыш аспирант болған жігіт осы еді.

Естеріңізде шығар, анау жиырмасының жылдары Темір уезінің 9-шы ауылындағы мұғалім бала осы болатын. Енді бұл ғылымның тұрғысына шыққан, ойы қырыға құлаштап, білімнің тұнығына жүзген кісі болып отырғау. Санасы бар адам күн санап дамитын заман ғой.

Біз енді бұл жерде кейінге көз саламыз. Әлгі мұғалім болып жүрген кезінде бұл жігіттің күні-тұні шөлдейтіні ғылым екенін біз ескерткенбіз. Бұл жігіт сол ниетін орындағы. Қаулаған талабының арнасын ағытты. Оның құралы ғылым еді, соған келіп араласты. Ол «кішкене» қызметін істей жүріп, Мәскеудегі университетке өзірленді. Тынбай сырттан оқыды. Сонда оның ойлағаны: Октябрь революциясы бізге ғой ғылым есігін ашып беріп отыр. Енді оны оқи алмау – өзімізге ар! – Оқимын! – деді.

Оқыды!

*Мақала авторы жаңылысып отыр. Ел ішінде Қ.Жұбанов 1919 жылға дейін ғана болған, ал 1922 жылы ол толық орта білім алып, Темір қаласындағы уездік оқу бөлімінде т.б. мекемелерде қызмет аткарып жүрген.

Ғылымға жүзген сайын әлі білмейтінің көп екенін аңгарасын. Бұл жігіт институт аспирантурасын бітіргендеге, өзіне білім әлі олқы көрінді. Ол өзінің алдындағы сонау ғылым шындарына шыққан академик, профессорларды көрді ғой. Осыны аңғарған ол «әлі оқу керек» деген қорытындыға тиянақтайды. Енді ол келіп бүкіл союздық ғылым академиясының аспирантурасына түсті. Мұны ол 1932 жылы бітіргендеге тіл ғылымның профессоры болып шықты. Сонда ол сонау 1920 жылға дейінгі өмірін шолып тұрып: – Айналасы он жылдың ішінде осы дәрежеге жеткізген «Оқы, оқы және оқы!» – деген ұлы ұстазымыз Лениннің данышпан өсietін орындаудың нәтижесі ғой! – деп тиянақтайды.

* * *

Ол қазір сол жинаған білімдерін социализм игілігіне ірікпей жұмсауда. Социализм заманының ғылым ордасында халқымыздың қаулаған жас өспірімдерін тәрбиелеуде, оқытып үйретуде. Үйреткенде баяғы әліппе емес, жоғары ғылым ғой, тіл ғылыминың жалпы теориясы мен қазақ тілінің ғылыми ережелері ғой.

Бұл осы Қазақ педагогика институтына келгелі жүз шамалы жастарға жоғары білім берді. Олар әлденеше жүздеген жастарды оқытады ғой. Оның бірсыптырасы аспирантураны бітіріп, «ғылым кандидаты» дәрежесіне жеткелі отыр-ау әлі!

Астанамыздың орта, жоғары дәрежелі мектептерінің отыз оқытушысы осыннан үйреніп, енді біраз уақытта тіл ғылымы жөнінде жоғары дәрежелі білім иесі боламыз деп қуанып отырған жоқ па? Талай институттарымыздың тіл кафедрасында қашшама жастарымыз ұйып, осы жігіттің ғылыми сабағын тындал отырғанын көресің. Ол – оқу істері комиссариатының термин комиссиясының председателі. Жаңа әліп комитетінің оқымысты секретары. Ғылым академиясы филиалының тіл ғылымы секторының бастығы. Ол қазақтың әдебиет тілі мен басқа ғылымдар жөніндегі терминдерін жасасты. Орта мектептердің грамматикасы мен жоғары мектептердің қазақ тілі Ғылыми грамматикасын жасап беріп отыр. Мұғалімдерге орта мектеп грамматикасының жайын түсіндіретін бір кітап, «Емле, термин мәселелері» деген бір кітап жазып жатыр. Қазақ тілі жайын зерттеу деген тақырыпта орыс тілінде он кітапша жазып, алды баспадан шықты. «Қазақ тілі мәселелері» деген ғылыми (академиялық) сөздігі жасалып жатыр. Бұл жұмыс 1942 жылы біtedі. Соны бұл да басқарады.

Мұның қаулаған талабын жетелейтін ғылым іздегендеге, істемек қызметі осы еді.

Қазақстанда емле, термин мәселелері реттелмеген ұлттар бар: мәселен үйғыр, дүнген делік...

Үйғыр халқының республикалық мәдениет съезі емле, термин мәселелерін қарағанда осы профессордың аянбай ат салысқанын көрдік. Талай ғылымитүйіндерді шешіп берді. Үйғыр халқы қандай риза болды десейші.

Биыл ол ұйғыр халқының толық тіл грамматикасын жазып береді. Дүнгөн халқының тіл маманын әзірлеуге ат салысып жүр. Осыны көргенде халықтар арасындағы достық, туысқандықтың мейлінше бекігенін түйгендей боласың.

Ленинизм ғылымы ешбір ұлтты, ешбір тілді алаламайды. Ол бәріне бірдей ғылым. Ол ғылыммен тәрбиеленген кісі де барлық ұлттқа бірдей кісі, барлық тілге де өз ана тіліндегі қарайтын кісі болатынын терең ұғынасың.

* * *

Оған мұғалімдеріміз де көп көз тігіп, көмек күтеді. Соңдықтан да оның алдынан мұғалімдердің хаты үзілмейді. Кейбіреулер, тіпті, келіп те жолығады. Осының бәріне ауызекі де, хат арқылы да жауап қайтарып, жөн көрсетіп үлгереді. Соның ішінде мына сияқты тамаша әңгімелердің де тақырыбы кездесіп қалады.

Ол бір күні кафедрадағы жұмысын бітіріп, оқу бөліміне келгенде, столда жатқан хатқа көзі түсті. Алып қарады, алыстан екен. Ашып оқығанда бұл өз өмірін аралап шыққандай болады: оның баяғы монтиған кезінде өзін оқытқан бір оқытушы есіне түсті. Сонда бұл: «Осы мұғалімнен өтер білімді кісі жоқ шығар!», – деп ойлайтын еді. Тегінде, балалар солай ойлайды... Бірақ өзің есіп, білімің ұлғайған кезде ғана барып, оның жайын түсінесін.

Мына хат жазып, ақыл сұрап отырған да сол сияқты осы профессорды бір кезде оқытқан Абдолла Беркінов деген жолдас екен.

Бұл оған толық түсінік беріп хат жазды да, аяғына қол қойды: «Профессор Құдайберген Жұбанов», – деп.

(«Социалистік Қазақстан», 1937 жылы, 21 март)

М.Балақаев

Ұстаздың жарқын бейнесі

Дарынды ғалым, түрколог, педагог Құдайберген Жұбанов 39 жасында 1938 жылы 25 декабрьде жалған жаланың құрбаны болды. Оның көз жұмғандағы бейнесін бала-шағалары да, шәкірттері де, жора-жолдастары да көрген жоқ. Сол кездегі қан түкірген қаһарлы құндердің соққысына душар болмағанда, Қ.Жұбанов бүгінгі дамыған тіл білімінің төрінде отыrap еді!

Оның жарқын бейнесі біздің көз алдымызда: байсалды, қажырлы, көз жанарынан ақыл-ой байлығының нышандары белгі беріп тұрғандай келбетті адам ретінде қалыпты. Оның ұшқыр ойлы, байыпты мінезді, ұстамдылығы сөзінен де, ісінен де айқын көрінетін. Адамның ондай қасиеттерін бағалайтын кісіге оның кемел жасынан горі даналығы бұрын байқалады.

Құдайберген Куанұлы Жұбанов Ленинград аспирантурасын бітіріп, ҚазПИ-дің Қазақ тілі кафедрасының менгерушісі, студенттерге лекция оқитын профессор бола жүріп, осы негізгі қызметін қаладағы Қазақ тілі пәнінің оқытушылары, ғылыми қызметкерлері үшін өзі ұйымдастырған лингвистикалық үйірме жұмысымен ұштастырады. Лингвистикадан білімі таяз мамандарға ол оқыған лекциялар тындаушыларын қызықтыра түсті. «Қазақ тілінің жоғары курсы» бойынша үздіксіз лекция тындағандар: Ш.Сарыбаев, Ф.Бегалиев, Ы.Маманов, Қ.Басымов, Ә.Ермеков, С.Жиенбаев, С.Аманжоловтардан басқа қала мектептеріндегі Қазақ тілінің оқытушылары болатын.

Профессор Қ.Қ.Жұбановтың жоғары курста оқыған лекциялары тіл білімінің, әсіресе Қазақ тілінің актуалды проблемаларына арналған зерттеу жұмыстарының нақты қорытындылары еді. Олар Қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық жүйелері мен алфавит, орфография, терминология мәселелері лекцияға қатысушылардың пікір таласы – талқысына да салынып, олардың назарын Қазақ тілінің өмірлік те, теориялық та мәселелеріне аударатын.

Қ.Жұбановтың осындай және басқа да еңбектері арқылы қазіргі Қазақ тіл білімінің іргетасы қалана бастады. Сондықтан оны біз қазақ тілін ғылыми жолмен зерттеу жұмысының негізін қалаушы деп танимыз.

Қазақ тілі ертеден ғалымдардың зерттеу объектісі болғанымен, оның шарықтап дами бастаған кезеңінде ұлт тілдерінің қызметі де арта түсті. Жаңа замандағы өмір талаптары Қазақ тілінің де халық мұддесін өтеуге қызмет ету мүмкіншілігін күшейтті. Сол бағыт әдебиеттің, музика, театр өнерінің, әсіресе жалпы бұқараның тіл мәдениетінің, ғылымның дами түсу, көркею өрісін көнектійті. Солар үшін маман кадрлар даярлана бастады.

Нениң де болмасын басталуы қыын да, жетілуі одан гөрі оңай сияқты. Бұлардың ара салмағы көш бастаушының әрекетімен байланысты. Қазақ тіл білімінің де жоспарлы түрде белгілі талаптарға сәйкес зерттеле басталған қыруар жұмыстарының басында ерекше дарынды білімді ғалым Құдайберген Куанұлы Жұбановтың болуы – ғылымымыздың жұлдызы онынан туғандығының белгісі еді. 20-30 жылдары осы ғалымның басшылығымен тіл біліміне жүктелген ірі жұмыстар қолға алынды. Тіл білімі мамандарын даярлау, қазақ жазу мәдениетін, терминология принциптерін дұрыс жолға қойып, ілгері дамыту, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, зерттеулердің негізін қалау, студенттерге, қазақ тілін оқытушыларға, жас мұғалімдерге білім беру т.т. бәрі де сол бір шарапатты адамның ықыласының арқасында жас ғылымның беймаза қомқоршысы болуы нәтижесінде басталды.

Қ.Қ.Жұбанов өзінің әр алуан зерттеу жұмыстары арқылы өнегелі ірі-ірі еңбектерге бас-көз әрі зерттеушісі болғандығынан біз оны қазіргі тіл білімінің аса әйгілі құрметті ғалымы деп танитынбыз. М.О.Әуезов пен И.Кенесбаев 1957 жылы «Профессор Қ.Жұбанов – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы» деген мақаласында, Рәбига Сыздықованың «Ғалым – азамат» атты

Қ.Жұбанов туралы кітапшасында және басқа да мақалаларда Қ.Жұбановтың еңбегіне осындай дүрыс баға беріліп келген болатын.

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дегенде, ғалымның жақсылығы басынан асып жатса, оның мерейі де үстем болсын деуге болады. Қ.Жұбанов өзімшілдікті білмеген, өзгелердің де өзі сияқты өсіп-жетілуіне қамқоршы болған, көмектескен ақ ниет, адал пейіл, аға тұтатын ғалым. Осы қасиеттер бір адамның басына шоғырланса, оны қалайша мақтан етпессің?

Профессор Қ.Жұбанов сондай адам еді. Ғылымда жеке адамның қызығаншақ, монополист болғаны жаман нәрсе. Бізде қолы тиіпкеткен белгілі проблемаларды қызығыштай қорғайтындар бар. Ғалымның дамуына кеселді кесірін тигізетін ондай келеңсізқылықтар ғылымда тоқырау туғызады, маңына өзгелерді (әсіресегалымдарды) ұйыстыра алмайтын, даму бағдары айқындалған тақырып маңына басқаларды тартуды ұнатпайтын ғалым ғылымсалаларын жан-жақты дамыту мектебін құра алмайды. Қ.Жұбановосыны жақсы білді. Өкініші – игілігі мол әрекеттерге енді-енді бастағанда, қаһарлы зұлматтың қырсығына душар болып, алға қойған үмітті кілт үзілгендей болды. Бірақ одан сабақ алған, еңбектерін пайдаланған адал шәкірттері, қазақ тілін зерттеушілерөздерін Қ.Жұбанов бастаған ғылымды әрі қарай дамытушыларымыз деп біледі.

30-шы жылдар Қ.Қ.Жұбанов үшін қажымай-талмай істейтін уақыт болды. Жұмыс көп, міндет ауыр. Кезек күттірмейтін, жедел істеп бітіруге тиісті міндеттер алфавит, орфография, терминология жасау, оқулықтар жазу жұмыстары – бәрі де өмір талабына лайық істелуге тиісті қауырт жұмыстар. Бұл жұмыстарға Қ.Жұбанов сол кездегі жас ғалымдар И.Кенесбаев, С.Аманжолов, С.Жиенбаевты тартып көрді. Сол кездегі оку құралдарының сапасы нашар болу себептері туралы Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов арнайы мақала жазып (Мектептің оқу-тәрбие жұмысы және «дүмше молдалар». «Социалистік Қазақстан», 28. II. 1937 ж.), онда II класқа арналған оқулықтың авторы И. Кенесбаевты сынады.

30-жылдарда бастауыш мектептің 3-класына арналған Аманжоловтың оқулығы да сынға ілініп, жарамсыз деп табылды. Т.Шонановтың сол кезде шыққан мектеп оқулығы жөнінде «тіл білдіру емес, тіл бұлдіру» деген сын мақаласы жарияланды. Енді оқулықтар сапасын жақсарту, жаңа оқулықтар жазу міндеті ең алдымен Қ.Жұбановқа міндеттелді.

Мектептерге оқулық жазудың жағдаяты осылай болған соң Қ.Жұбанов бұл жайында өзіне жүктелген міндеттерге барынша үлкен жауапкершілікпен қарады. Онымен бір кездескенімде: «Оқулық – жүрдім-бардымның жұмысы емес, өте жауаптыжұмыс. Қазіргі ғылыммызыздың түп қазығы сол оқулық болу керек. Оның ғылыми назарын жастар жақсы білу үшін тіліміздіңқалыптасқан зандылықтарын айқынданап алуға тиіспіз. Орысоқулықтарынан, одан-бұдан көшірілген ережелер жастардыңбілім жұмырына жүк болмайды. Маған 5-6 класс оқушыларына арнап кітап жазу тапсырылып еді. Мен оны бітіру мерзімін созып алдым. Себебі – фонетика, грамматика құрылыштарының зандылықтарын әлі айқындей алмай

жатырмын. Оларды жақсыбілмей, жақсы оқулық жазу мүмкін емес», – деген еді.

Қ.Жұбановтың сол айтқан оқулығы 1936 жылы бітіп, баспадан шығып, мектептерде енді-енді қолданыла бастап, мұғалімдерден жақсы бағасын алғып жатқан кездерде жалақорлар оқулықтың авторын «халық жауы» деп қамауга алдырыды.

Әлі есімде, 1934-1938 жылдары біз Ленинградта оқып жатқан аспирантпаз. Алматыдан келген хабарға құлақ түреміз, келген таныстар болса, шүйіркелесе кетеміз...

Бір күні Ленинградта Қ.Жұбанов келді. Ол Невскийдегі үлкен қонақ үйінің люкс бөлмесіне орналасыпты. Біз барып едік, кәдімгі қадірмен қонақтары келгендей, құшақ жайып қарсы алды. Әңгімеге кірісе беріп едік:

—Мен де аспирант болғанмын. Олар әңгімeden бұрын, тойып тамақ ішіп алмаса, көңілдері көншімейтінін білемін, – деп даяршыны шақыртып, тамақ-шарап заказын берді.

Аспиранттың бір тойғаны – шала байығаны демекші, әбден көңілденіп алғып, ұзақ әңгімеге кірістік. Біз окуымыз, тұрмыс-халімізтуралы сұрақтарға жауап бердік. Құдайберген ағай әрқайсымыздың бетімізге бір-бір қарап алғып, оқу бітіріп, Алматыға барғанда Қазақ тіл білімі бізден қандай үміт күтетінін, алдағы уақытта ғылым-білімге аңсаған Қазақстанда бізге жүктелетін нелер екенін, тіл білімінің қазіргі хал-жайын, өзінің, өзгелердің істеп жатқан еңбектерін айтты.

—Қазақ тілінің мәселелерін зерттеу деген сөз дайын схемага, ережелерге сай келетін жаңа мысалдар теріп жазу емес, материалдарды ұқыпты тұрде жинап, соларды салыстырып, салғастырып отырып, содан қорытынды шығара білу. Олай етпегенде зерттеуші көп қойға шағын қора салып, оған қамалатын қойлары сыймай қалатында, немесе дайын қораға азын-аулақ қойды қамай салғандай болмауы керек. Сөз таптарын сөз етушілер де сол сияқты ертеден үйреншікі болған тұр-түрін қайталамайды да, солардың әрқайсысына мысалдар іздейді. Ол схемага енбейтін сөздер сөз таптары жүйесіне ене алмай, сыртта қалып қояды. Ненің де болмасын қандай-қандай түрі (тобы) бар екенін әрбір тілдің өз материалын айтып тұратын болғаны жөн. Сондай материал-фактілерді сөйлете білу – бұл зерттеушінің қабілетімен, шеберлігімен байланысты, – деді профессор Қ.Жұбанов.

—Біздер, аспирантар, диссертация тақырыптарына қатысты материалдарды қарастырғанымыз болмаса, Қазақ тілі курсын өтпейміз, – деді аспирантардың бірі Ордабай Ағыбаев.

—Бұл жерде Қазақ тілінің маманы жоқ. Қазір сендерге оның керегі де жоқ. Алматыға барған соң өздерің-ақ ондай курсты оқып, оқытып біліп аласындар. Сендер бұл жерде жалпы тіл білімінің мәселелеріне арналған әдебиеттерді оқып, лекциялар тындаңдар. Младограмматиктер мектебі сияқты шетел оқымыстыларының жазғандарын біліп алындар», – деген

сияқты ақыл-кеңестерінің үстінде Құдайберген ағай біздің білімімізді сынағандай болып, оны-мұны сұрап қояды.

Қысқасы, қарнымыз тойып, ақыл-кеңеске қанығып, бүгін бір жасап қалғандай, Невскийге шыққанымызда, Ордабай Кәрім Бекеновке (ол да аспирант) қарап:

—Міне, ғалым да, кішіпейіл адам да осындай болу керек, — дейді.

Мен Алматыға аспирантураны бітіріп келгеннен кейін де Құдайберген ағаймен көп кездесіп жүрдім. Сонын, бәрінде тіл білімі жайындағы жанға жағымды, көңілге қонымды ой-пікірін айтатын. Алдағы жоспарларының нелер екендігін, біздерге жүктелген міндеттердің нелер екендігін дәлелдеп түсіндіретін. Сондай ұстаздардың, ардагер ғалымның ойламаған жерден арамыздан ерте кетуі өкінішті-ақ. Бір жақсысы – оның жазып қалдырған қолда бар еңбектеріне сүйеніп, тіл білімі мамандарының әр түрлі тақырыпқа әралуан кітап, мақалалар жазып, диссертациялар қорғалып, ілгері аяқ басып жатқаны сол проф. Қ.Жұбанов сияқты ғалымның игілікті істері деп білемін.

(Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінен зерттеулер. 218-223-бб.)

Ж.Әлсейітов

Халық перзенті

Есіме ел есінде қалған ғұлама ғалым, ірі ағартушы Құдайберген Жұбанов жайлы азды-көпті сөз қозгауды, көңілдегі ойларды, пікірлерді білдіруді мақұл көрдім.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы бұрынғы Орал облысы, Темір уезі, Темір – Орқаш болысында (қазіргі Ақтөбе облысы Мұғаджар ауданы «Орқаш» совхозының жері) мал бағып, егін салған шаруаның үйінде дүниеге келген. Оның кір жуып, кіндік қаны тамған жері «Ақжар» Темір өзенінің бойына орналасқан.

XIX ғасырдың аяқ кезінде Ақжардан сегіз шақырым жерде Михайловка селосы болды. Бұл селоның тұрғындары молдавандар болатын. Ауыл іргесінде Саратов, Орынбор, Бузулук жағынан көшіп келген орыс шаруалары орналасып, Екатериновка, Кузнецовка селолары бой тұзеді. Жергілікті халық жаңа қоныстанған орыстармен, молдавандармен араласып, бір-бірімен жақындасты.

Әкесі Құдайбергенді ауылдық мектепке оқуға береді. «Болар бала бесігінде бұлқынар» дегендегі оқуды жақсы оқып, талаптылығымен көзге түседі. Одан әрі оқуын жалғастырып, Жұрындағы бір кластық, Електегі екі кластық орыс училищесін, Орынбордағы медресені үздік бітіреді. Орынбор ол кезде сәнді қалалардың бірінен саналатын. Талапты жас қаланың рухани өмірін көріп, ой-өрісін кеңітті, Орынборда оқыған жылдарында араб, парсы тілдерін үйреніп, шығыс ғұламаларының ғажайып шығармаларымен танысты. Орыс тілін жақсы білгенінің арқасында орыс ғалымдарының, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын, орыс тіліне аударылған Европа

елдері білімпаздарының небір асыл мұраларын көп оқиды, ғылымның тереңіне бойлап, білімін жетілдіре береді.

Сол уақыттағы сирек оқыған қазақ жастарының бірінен саналған Құдайберген Жұбанов Ұлы Октябрь революциясының алғашқы жылдарынан-ақ оқу-ағарту ісіне дең қояды. Халықты жаппай сауаттандыру, жастарды оқыту, ағарту майданында белсенді жұмыс істеу – оның өмірлік мақсатына айналды. Жақсы инженер болу үшін алдымен жұмысшы кәсібін менгеру, жақсы мал маманы болу үшін малшылық кәсіптің сыр-сипатына қанық болу керек. Құдайберген Жұбанов өзінің ағартушылық жұмысын төменгі буыннан бастайды. Кейін, 1930 жылға дейін уездік, губерниялық оқу-ағарту бөлімдерінде қызмет істеп журіп, Ақтөбенің педагогикалық техникумында, ал одан кейін республиканың халық ағарту комиссариатында жемісті жұмыс істегені жүртшылыққа аян.

1919-1930 жылдар аралығындағы кезеңде ағарту жұмысын, мектеп жұмысын, оқу ісін ұйымдастыруды Құдайберген Жұбанов көп еңбек сінірді. Сол жылдары отырғызылған бау-бақша гүлстанға айналды, сол бір жылдары себілген ағарту ұрықтары бұл күндөрі ұлken жемісін беріп отыр.

Оқу-ағарту жұмысында біраз тәжірибе жинап ысылған, оқыту әдісінің бүге-шүгесін білетін, ана тілінің маманы Құдайберген Жұбанов ғылыми жұмысқа түбегейлі шығу үшін өз бетімен көп оқиды, білімін жетілдіре береді. Педагогика және психология ғылымдарымен шүғылданады. Әзіrbайжан, өзбек, татар ғалымдарының түркология ғылымы төнірегінде жазылған еңбектерін зерттей жүреді, белгілі орыс түркологтарының еңбектерін оқып, бұл саладан білімін толықтырады. Бұрыннан араб, парсы тілдерін білетін ол ағылшын, француз, неміс тілдерін үйреніп, бұл тілдерде толық түсінісу дәрежесіне жетеді. 1929 жылы ол Ленинградтағы Шығыс халықтары институтының түркология семинарына (аспирантурасына) түседі. Мұнда бір жылдай оқиды. 1930 жылы Ленинградтағы СССР Ғылым академиясының Тіл және ой институтының аспирантурасына ауысып, оны 1932 жылы ойдағыдай бітіреді.

1932 жылы Қазақстанның тұнғыш жоғары оқу орны – Мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры атағын алады. Мұнда 1937 жылға дейін қазақ тілі мен әдебиетінің кафедрасын басқарады. Қазақ тілі мамандарын даярлауда көп еңбек сініреді. Ол тіл білімі мен әдебиет саласынан ғылыми лекциялар оқып, бұл саланың тыңын көтереді. Өлкемізде жоғары оқу орындарының іргетасын қаласқан ірі ғалымдардың бірі болды.

Құдайберген Жұбанов бұл жылдары СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының лингвистика секторын басқарады. Қазақ тіл білімін дамытып көптеген ғалыми еңбектер жазды. Қазақ совет лингвистикасының негізін қалады. Академиктер Мұхтар Әуезовтың, Ісмет Кеңесбаевтың, белгілі ғалым, филология ғылымының докторы Рабига Сыздықованың зерттеулерінде Қ.Жұбановтың қаламынан: фонетика, қазақ тілі грамматикасы (морфология, синтаксис), жалпы тіл білімінің кейбір мәселелері, казақтың ұлттық тілінің

дамуы мен тарихы және басқа да көптеген ғылыми туындылар шыққаны айқын көрсетілген.

Қ.Жұбанов фонетика саласын көп зерттеп, «Материалы к научной грамматике казахского языка» атты үлкен монография жазған. Академик І.Кеңесбаев: «Көлемі жиырма баспа табақтай бұл кітап – автордың фонетика саласындағы ұзақ уақыт зерттеген еңбегі еді...» дейді.

Ғалым қазақ тілінің морфологиясын, синтаксисін ғылыми түргъдан зерттеп, бұл саладан біраз еңбек калдырыды, ол халықтың игілігіне айналды. Ғалым араб әліппесінен латын әліппесінен көшудің керектігін дәлелдеумен қатар, латын әліппесін қабылдағаннан кейін оны жетілдіру, өндөу сияқты жұмыстың жүгін көтерді.

Қізак тіл білімінің келешегіне көз салған ғалым тіл біліміне құштарлығы бар жастарды тауып, оларды ғылымға баулап, жемісті еңбек етулеріне ізгі ықпал жасап отырған. Белгілі ғалымдар Сәрсен Аманжолов, Сейіл Жиенбаев, Гайнадин Мұсабаев, Мәулен Балақаевтар – Қ.Жұбановтың баулуымен өскен кадрлар.

Қ.Жұбанов 1932-1937 жылдар аралығында Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаттың оқу программасы және методика бөлімінің меңгерушісі болды.

Мектеп жұмысында оқулық кітаптардың, оқу программының, оқыту методикасының алатын орнының маңыздылығы баршаға мәлім. Оқулық – әрі оқыту, әрі тәрбие құралы. Оқу программы заманы тілегіне, педагогика, психология қысындарына сай жасалуы алғы шарттардың бірі. Міне, Қ.Жұбанов осыған ерекше назар аударды.

Ол 1932-1937 жылдар аралығында Үкімет жанындағы мемлекеттік термионологиялық комиссияны басқарды. Ғалым «Терминология мәселелері» деген ғылыми мақаласында терминнің туып, өзгеріп, байып отыратын құбылыстарын диалектикалық түргьыдан пайымдады, бұл салада бірден бір дұрыс бағытта болып, халықаралық терминдерді аудармай қабылдау керектігін дәлелдеді. «Психологияны», «жан жүйесі» деп, «Геометрияны» «пішіндеме» деп біраз уақыт адасушылықтың бір тамыры интернационалдық терминдерден қашуда болғанын көрсетті. Ғалым қазақ әдеби тілінің терминдерін жасау принциптерін ұсынды, термин жасау сияқты үлкен мемлекеттік істі ғылыми жүйеге келтірді.

Сонымен бірге, ол – «Қазақ музыкасында қүй жанрының пайда болуы жайлы» деген ғылыми еңбектің де авторы. Бұл еңбек бір жағынан әдеби туынды, бір жағы қүй жанрының тууы жайлы тұңғыш ғылыми шығарма. Бұл еңбектен ғалымның өнер тарихына да, музыка өнері тарихына да көніл бөліп зерттей жүргенін көреміз. Осы бір сындарлы еңбегінде ол: «... музыка мәдениетін қүшайту ісінде халық музыкасының мұраларын тексерудің маңызы өте зор. Өйткені, болашақтағы жоғары мәдениетті музыка мен қолда бар музыка мәдениеті арасының жібі үзілмеуі керек, қазақтың қалың еңбекшілеріне түсінікті, әсерлі болуы үшін жаңа музыка олардың құлағына

жат болмауы керек, жат болмауы үшін өзінде бар музыкаға бір жағынан байланысты болуға тиіс», – деген-ді.

Сайып келгенде, көрнекті ғалым, ірі ағартушы, белгілі мәдениет қайраткері, атақты ұстаз Құдайберген Жұбанов социалистік құрылыштың асуласында, мәдениет майданының алдыңғы шебінде жүрді, Ленин идеяларын, Октябрь идеяларын қалтықсыз жүзеге асыруға белсенді де жемісті араласты, ол ұрпақтан ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Құдайберген Жұбановтың 70 және 80 жылдық мүшетойын Тіл білімі институты колективі атап өткені, коллектив жиналысында бірнеше ғылыми баяндамалар жасалғаны жайлы естігеніміз бар. Ғылым академиясының кітапханасында ғалымның еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылғаны жөнінде де «Қазақ әдебиеті» газетінен оқығанбыз. Мұның бәрі құптарлық жай. Дегенмен қазақ совет лингвистикасының негізін қалаған үлкен ғалымның мүшелі тойларының кең көлемде өткізілмей келгеніне көзіл толмайды. Ғалым алдында борыштар екенімізді мойындау керек сияқты. Қапыда көз жазып қалған халық перзенті, ірі ағартушы, ғұлама ғалым, коммунист Құдайберген Жұбановтың белгісіз қабіріне бас ие отырып, оның алдындағы парызымызға адал болайық, оның атын мәңгілікке қалдыру үшін жоғарыда көрсетілген және басқа да шараларды жүзеге асыруға ат салысайық, қадірлі замандастар.

(«Коммунизм жсолы». 30-наурыз, 1988 жыл)

M.Каратеев

Испытание временем

Чувство радости и боли испытываешь, когда просматриваешь эту книгу, увидевшую свет через тридцать лет после того, как не стало ее автора. Радуешься тому, что большой труд большого ученого сохранен для поколений читателей. Горько сознавать, что немалая его часть утеряна, и, видимо, необратима.

Профессору Худайбергену Куановичу Жубанову было тридцать девять, когда его не стало. Тридцать девять лет! Тем же, кто учился у него, казалось, что он намного старше. Ибо обладал он огромным умом и эрудицией, неистребимой жаждой ученого поделиться своими знаниями, открыть новое, никому пока не известное.

В ту далекую пору мы, конечно, не могли представить всего, чем и во имя чего жил этот неуемный человек. Для нас он был, прежде всего, учитель. Но надо помнить, что значило это слово для сверстников моей юности. Учитель почитался превыше всего. Учитель был равен богу, ибо свято было все, что несло свет знаний. Худайберген Жубанов был вдохновенным педагогом. Первый среди казахов филолог, один из основателей казахского языкоznания, он явился учителем для многих языковедов и литераторов старшего поколения.

Поначалу он был аульным учителем, подражавшим во всем Ибраю Алтынсарину, юношой он продолжал работу в советской школе. Окончательно осознав свое призвание исследователя словесного богатства родного народа, он поступил в аспирантуру Института языкоznания Академии наук СССР, где учился у академиков Самойловича и Мещанинова, профессоров к Богородицкого и Поливанова. В 1930 году Х.Жубанов приезжает в Алма-Ату и заведует кафедрой казахского языка педагогического института имени Абая.

Как сейчас, помню его первое появление в аудитории, его легкие, мягкие шаги, его пышную шевелюру, тронутую сединой, круглые карие глаза, улыбающиеся и излучающие свет мысли и чувств. Мы слушали его лекции, читали его статьи и исследования, и перед нами открывался захватывающий процесс бурного развития народной жизни. С простотой подлинного таланта, образно и страстно излагал свои мысли ученый. И многогранным было его дарование. Он чем-то напоминал пионеров Возрождения. Он хотел успеть все. И успевал – как педагог, и как литературный критик, и как исследователь.

Многое из того, что успел создать Х.Жубанов и что было известно тогда нам, не дошло до этих дней. А знали мы, разумеется, далеко не все. Можно только предположить, как много потеряно. Но и то, что уцелело, что собрано в книге, представляет большую ценность и является знаменательным событием в культурной жизни республики. В книге собраны исследования, посвященные проблемам тюркского и казахского языкоznания, статьи и выступления по вопросам казахского алфавита, орфографии и терминологии, заметки и исследований по истории казахского языка, а также практические пособия по нормативной грамматике, представляющие не только чисто исторический интерес, но и ощущимое подспорье для современной казахской лингвистики.

Книге Х.Жубанова предпослана вступительная статья академика Академии наук Казахской ССР С.Кенесбаева. В ней, кроме сведений о жизни выдающегося ученого, дана широкая характеристика его деятельности, определено значение трудов Жубанова для развития казахского языкоznания. «Оригинальный характер исследований языковых явлений, – пишет С.Кенесбаев, – деятельное участие в подготовке филологических кадров дают нам основание утверждать, что Х.К.Жубанов был одним из основоположников казахского советского языкоznания. Конечно, в данной статье невозможно показать, насколько все замыслы Х.К.Жубанова в языковедческой науке были осуществлены. Достаточно подчеркнуть, что многие его положения в области грамматического учения, филологии, лексикологии и прикладного языкоznания находят подтверждения в работах исследователей наших дней».

Особое место в сборнике занимает очерк о происхождении жанра кюя в казахской музыке, изданный в 1963 году отдельной книгой. Восхищаешься и диву даешься, как ученый-лингвист мог с таким блеском и знанием

специфики предмета писать о музыке, ее жанра, музыкальных инструментах, исполнителях. Очерк оригинален и интересен по аргументации. Х.Жубанов сравнивает жанровую особенность кюя с самобытным симфонизмом, обусловленным спецификой развития истории казахского народа.

Наряду с этим в книге помещен ряд статей выступлений по вопросам казахской национальной культуры вообще, литературы и искусства в частности. Статья о казахской музыке и перспективах ее развития, онасущных задачах учительства, о театре. И неоконченная монография о творчестве Абая Кунанбаева. В ней Х.Жубанов с изумительной дальновидностью определил истинное значение поэзии Абая в истории духовной культуры своего народа.

Дело в том, что до Жубанова вокруг имени великого песнетворца и просветителя велись самые противоречивые толки. Чего стоила, например, рапповская вульгарно-социологическая критика, дискредитировавшая идеино-политическое эстетическое наследие, игнорировавшая роль передовой русской демократической мысли в укреплении идеино-эстетической концепции Абая. Жубанов встал на защиту Абая и его наследия, утверждая, что Абай – классик национальной литературы, создатель казахского литературного языка. Величие Абая ученый видел, прежде всего, в том, что поэт, усвоив все богатство устной поэзии своего народа, а также классической восточной литературы, критически осмыслил их и новаторски преодолел все консервативное, застывшее.

Со страстной заинтересованностью молодого ученого и коммуниста доказывал Жубанов непреходящее значение абаевских мыслей для становления и развития социалистической культуры родного народа. Ученый считает Абая «мостиком от казахского средневековья к новому времени». «Таких поэтов, писателей, которые, выйдя из рамок культуры древнего мусульманского Востока, преодолели ограниченность старых традиций народного творчества и направил литературу по новому руслу, подняв ее на новый уровень развития мировой литературы (не говоря уже о Средней Азии и Российском Востоке, но и самой Турции), было очень мало. Таким образом, при сравнении Абая с его современниками у соседних народов мы видим, что в один ряд с Абаем можно поставить только Фаталия. По своему поэтическому мастерству и своим литературным трудам Абай стоит впереди всех современников, ибо в то время не было ни одного поэта, который бы свои произведения писал на чистом народном языке и по образцам классической литературы. Это является главной отличительной чертой Абая, чего не замечает ряд критиков».

Такой подход к проблеме был для того времени подлинно новаторским, да и сейчас остается методически верным не только в оценке творчества великого казахского поэта, но и в решении проблемы традиций и новаторства в современной казахской советской литературе.

Свои тезисы и выводы об Абае как поэте-мыслителе и критическом реалисте, непревзойденном мастере стиха, Х.Жубанов не просто

декларирует, а глубоко обосновывает и мотивирует гонким анализом особенностей творчества поэта, выявляя при этом три основных его источника: народное творчество, литературу мусульманского Востока и классическую русскую литературу. Много ценных мыслей заключено в трактовке Х.Жубановым художественной силы поэзии Абая, прогрессивных и консервативных традиций фольклора и восточной литературы, а также принципов поэтического перевода с русского языка на казахский. Все эти мысли предопределили создание в казахском литературоведении монографических трудов, посвященных изучению творчества Абая.

В лингвистических и литературоведческих высказываниях Худайбергена Жубанова кое-что, разумеется, поправлено временем и дальнейшим развитием науки. Я имею в виду неточное употребление некоторых терминов в грамматике, несколько поверхностное отношение к наследию классиков восточной литературы. Но все это не имеет существенного значения. А вот то капитальное и важное, что связано с научным исследованием вопросов грамматики и фонетики казахского языка, с разработкой принципов нового алфавита, орфографии и терминологии, а также с изучением казахского музыкального и поэтического творчества, является непреходящим вкладом в культуру казахского народа.

(*Свет русской культуры. –Алма-Ата, 1975. С.267-271*)

Е.Брусиловский

Таинственная сила памяти

Говорят, у древнего царя Давида было кольцо с надписью: «Все проходит!». Мудрость древних легенд и сказаний общеизвестна. И проходили века, эпохи: неудержимый бег времени менял лицо земли и людей, оставляя грядущим поколениям память о себе. Память! Странное, загадочное и чудесное свойство живого существа. Много раз весьма научнообъясняли, что такое память. Почтительно приемля научных анализ, я все же продолжаю суеверно робеть перед таинственной силой памяти, которая выхватывает из далекого прошлого какие – то факты, как будто совершенно незначительные детали, а в другой раз она, как тлеющий огонек, не дает вспомнить то, что нужно, то, что ищешь. Поэтому всякое воспоминание носит все же случайный характер: что-то запомнилось, может быть, несамое интересное или значительное, а что-то возможно второстепенно, помнится очень отчетливо. Вероятно, это понятно. Воспоминания всегда субъективны, и запоминается только то, что представляло субъективный интерес, что, как говорят, «врезалось в память».

...Профессор Худайберген Жубанов сразу располагал к себе своим обаянием человека высокого интеллекта и поэтической души. Его темно-карие глаза мягко излучали доброту, а уже седеющие пышные, слегка вьющиеся волосы красиво обрамляли его умное лицо, не то поэта, не то

ученого. Он был человеком большой эрудиции, и я с огромным удовольствием и уважением вспоминаю наши немногие, но увлекательные беседы...

(ЦГА КазССР. Ф. 999. оп. 1. д. 249)

Ә.Тәжібаев

Аға туралы аз ғана сөз

Мен соңғы бір кезеңдегі есімдегілерді жазып қайта оқысам, ішінде бокал соғыстыру, пәленше-түгеншелердің саулығына тост көтеру көп екен.

–Бұл не?! – дедім өзім зілді дауыспен. –Ішпесек, болмады ма екен? Масықпасақ, сөзіміз жараспады ма екен?..

...Көп жүлдизды армян конъягы, мұздатқыштан жаңа ғана шыққан мұздай шампан... Естелік жаза бастасам-ақ, көзіме бокалдар, бөтелкелер елестейді, аузыма ащылы-түщылы дәмдер келеді, құлағыма құлдық ұрған майысқақ-қайысқақ сөздер жетеді. Бұлар кімдер екен, кімдерге арналған сөздер екен? деймін, маңайыма іздене көз тастап:

–Апырмау, мынау әбден айрылған екен еркінен. Еркінен айрылған көркінен де айрылады екен-ау... Төрдегі қарқылдақ ғалымға жағу үшін құлай кетуге әзір, табанын жалауға әзір гой өзі... Осындай да көз, осындай да бет бола ма екен адамда?! Бір жерінде жылт етер жарық жоқ қой мынаның. Директор болу үшін-ақ осынша азады екен-ау...

– Ә, осылай екен ғой деймін өзім қайта түсіндіріп. Бұл соңғы отыз жыл бойындағы берік орнаған кәделерден туған жаңа дәстүр болатын.

Кәдең – кәдең болды,
Кәдең неден болды?
Галым саудагерге айналды,
Ілім қуған әурелерге айналды.
Кандидаттық он мың теңге,
Докторлығыңдың мың теңге.
Салатының салып қал,
Алатының алып қал!
Содан соң соғым соясың,
Екендерге бас, шеке қоясың!
Әбден тойдырасың, қандырасың,
Өмір бойы құлыңмың деп нандырасың,
Өйтпесен, директорға сайланбайсың,
Алдымен осыларды ойланғайсың.
Ха-ха! Хе-хе!

Мен Құдайберген ағаммен мұндай жиындарда кездескен емеспін. Өйткені ол ғылым арқылы саясатшыға, саясат арқылы саудагерге, саудагерлікпен адамның арын тонаитын, намысын таптайтын қанішерге айналмаған жан еді. Жүрісі дыбыссыз, алаң-құлаңсыз сабырмен басатын ойлы ғалымның алystарды аңғарғыш көзі жақындағылардың да мінез-құлыштарын, жеңілtek қылыштарын шапшаң танитын, танитын да ойындағысын табанда айтатын.

—Сен ұстазсың, студенттерге қазақ тілін оқытушысың... Таза сөйлеуге, тіліміздің ұшқырлығы мен ұтқырлығына, әуенделілігіне қызықтыруға тырысу керек, — деген өзіне тетелес бір інісіне. Тағы бір үзіліс кезінде сол жігітке әзіл түрінде:

—Неге осынша қатты құлесің? Байқа, «қарқылдақ ағай» атанып кетерсің, — деді жымиып. Оның ойлы, мейірімді, жылы көзі осындейда сұнина да, ызғарлана да білетін.

Ұмытпасам, 1934 жылдың жазы болу керек, мен Ахметтің (Ахмет Жұбанов) жаңа домбырасын көрейін және бір-екі кесе шай іше шығайын деп барсам, Құдайберген аға да сонда екен. Ол:

—Кел, кел, Әбділда, отыра қал, — деп өз қасынан орын ұсынып, дастарқанға шақырды. Мен ағаның қолын қысып, көзіне қарадым.

—Корқытпаңызшы, ағатай! — дедім еркелеп. Ахмет жай ғана мырс ете қалды.

—Неден қорықтың, неге қорықтың? Жазғаным жаныма шақырғаным ба?
— деді Құдайберген әнтек жымиып.

—Маған көзіңіз сүйк көрінді, аға, — дедім отырып жатып. —Артық айтсам кешіріңіз.

—Тұқ артығы жоқ, — деп сөзге Ахмет араласты. —Маған ұрсып отырғаны.

—Не деп?

—Кітап жинамайсың деп.

Біз жай ғана күліп тоқтадық.

—Мен кітап жинағыштарды да білемін, — деді ағай өзінің
әсем қоңыр даусымен. —Кітаптан жасау жасап әдемілеп, бірінің бетін ашпайтын қазақтар да болады. Ал музықант, ақын боламын деген жастар Европа, орыс классиктерін судай сімірулері керек. XIX ғасырдағы керемет суреткерлер әлем әдебиетін ұлы құдіретке айналдырып жібермеді ме? «Адам қазір құспен тілдеседі, жапырақтармен сырласады, барлық сұлулықтарды жаратылыстағы табиғи мұсіндерден, шексіз күйлі үндерден – дыбыстардан, сансыз құбылған бояулардан табады. Адам сыры ашыла-ашыла, ол тәніріге тең ірлікке көтерілуі тиіс. Сен күйші болсаң, ақын болсаң, соларды таны, солар туралы сөйле. Мен осыны айтсам да, ұрысқан болам ба?

Құдайберген бізге жадырай қарап, алдындағы ақ сұлгімен терін сүртті...

Мен жақсы, ұстамды ағаның ой деңгейіне іштей ырза болып отырмын. Тіпті өз мамандығы – тіл ғалымы болып сөйлегендеге де, ол маған философ секілді еді. Тіл, о кісінің сөзінше, уақытпен бірге қимылдаған, барада жолын

өз заңымен бағдарлайтын, әкімшілікке, зорлыққа мойын ұсынбайтын, өлуге бар, бірақ қиянатқа көнуге жоқ өжет дүние.

—Тілші-ғалым барлық тілдерді сыйлау, қызықтау үшін көп тілдерді білуге, тілдердің ортақ заң, ортақ мұдделерін сыйлауға, оларды қорғауға міндettі. Бұл жолды сендер де ұстануларың қажет, — деді.

Мен осы күнгі толып жатқан, тіл ілімін мансапқа, жіккे айналдыргандарды көргенде, еріксіз Құдайберген ағаны ойлаймын...

Менің Құдайберген Жұбановпен екінші кездесіп, бес күн бойында бірге болғаным 1936 жылы жаздың соңғы айлары болатын. Біз Мәскеудегі бір мәжілістен Мұхтар Әуезов, Асқар Тоқмағамбетов үшеуміз бірге қайттық. Купелері екі кіслік жұмсақ вагонда, бізден өзге Қайсар Ташитов, Ленинградтан қайтқан Құдайберген Жұбановпен табыстық.

Поезд қозғалып, жүрісі қыза бастағанда, бәріміз де купеден шығып, терезеден жолға қарап тұрмыз. Солай тұрып кімнің қай купеден екенін де аңғаратын сияқтымыз... Мұндайда өлең шығармай тұра алмайтын Асекен құле сөйлеп, жан-жағына қаранады...

—Келіп қалды білем бір шумақ, — деп Мұхаң да құлді. —Атымның сыры өзіме мәлім, енді біз Асекене еріп кілең үйқаспен сөйлейтін боламыз.

—Солай ма, онда қызық болады екен, құлағымыз сенде, Асеке, — деп Құдайберген де ақынға жақыннады.

—Кісі басы бір купе,
Торғай басы бір ұя.
Әр ұяда бір сыр бар
Өзгелерден құпия, —

dedі Асекен жақсы үйқастар тапқанына қызара қуанып.

—Жоқ, олай болмайды, — деді Құдайберген бәрімізге естірте сөйлеп. — Біз алдағы бес күн бойында әр купеде бір жұмыртқа басушы емес, бір ұяның балапанымыз. Қалтамызды қағамыз, барлық ақшамызды мына Қайсарға береміз, барлық еркімізді де соған тапсырамыз. Өзі жатқызады, өзі тұрғызады, өзі бағады, өзі қағады. Міне менің байлығым осы, —Құдекен ішкі қалтасынан сурып алған ақшасын Қайсарға ұсынды.

—Алдым, — деп Қайсар Құдайбергеннің ақшасын алған соң, өзгемізге қарады. Бәріміз де Мәскеуден қалған, жолға алғандарымызды жаңа басшылыққа өткіздік, содан бастап Қайсардың аузына қарадық. Ол жүр десе — жүрдік, отыр десе — отырдық. Өзімізге тақау ресторан вагоны қуніне үш рет тамақтанатын біздің екінші тұрағымызға айналды...

Барынша сырбаз, лақылдан күлмей, лепіріп сөйлемей, өзін салмақты қалпында ұстай билетін ғалым маған бір түрлі жылы қарайтынын аңғардым. Тұған інісі Ахметпен сол жылдардағы ерекше жақындығым («Оркестр» атты поэмамды жаңа ғана тұған оркестрдің әрі ұйымдастырушысы, әрі дирижері Ахмет Жұбановқа арнағанмын, Ахаңың ұсынысы бойынша Құрманғазының «Қайран шешем», «Көбік шашқан» күйлеріне қосылып айтатын өлеңдер

жазғанмын) әсер етті ме, білмеймін, ғалым аға сәл босаса мені өзіне шақырып, әйтпесе өзі маған келіп, әңгімелесіп журді.

—Сен «Көбік шашқанды» нағыз музыкант болып түсініпсің. Әйтпесе оған жазған өлеңің күйге ойналмай, түсіндірмелік дәрежеде қалар еді.

Мен қуанышымды жасыра алмадым. Екеуміз жай ғана қосылып сол күй-өлеңнің бірінші шумағын да айтып жібереміз.

Жер кетті, көл кетті,
Ел зарлы, ер мұнды
Еңіретті... Еңіретті
Ойда өрт, көзде жас,
Айналам жалаңаш,
Күннің бетін мең басты,
Жер бетін сел басты...
Сел басты...
Тулады жұрт ұлардай
Шұбырды жұрт құландай
Мекенсіз, тұрақсыз
Бишара ел шуласты-шуласты...

Ертеңіне ғой деймін, біз сол кездегі «кітаби ақын» деп аталатын сыр бойының ақындары туралы сөйлестік. Мениң Ясауи жырларын, Бақыргани ғазалдарын, Сайқали қиссаларын жатқа оқуым Құдайбергенге қатты ұнады. Мен үлкен аға ықыласпен тындаған соң жатқа білер нәрселерімнің көбін оқыдым. Шәді төренің «Сияр Шарипінен» бастап «Қамир заман», «Төрт дәруіш», «Орақа мен Құлше» тағы басқа поэмаларын шешемнен үйренген әуенімен соқтым. Шәдінің жалғасы ретінде Қаңлы Жұсіп, Кете Жұсіп, Шораяқтың Омарын, Қуаныш қожа сияқты ақындардан білетінімді де төгіп-төгіп алдым.

—Жарайды, ракмет, — деді ағамыз мені құшақтап. —Біз шығыс мәдениетімен терең тамырласпсыз. Біздің толып жатқан эпикалық дастандарымыз бен аңыздарымыз, мифологиялық ертектеріміз қашаннан ұрықтас. Ал шағатай тіліндегі қисса, дастан, лирикалар біздің де жазба әдебиетіміздің басы. Оларды «кітаби ақындар» деу жете бағаламағандықтан туған сөз.

—Сен, Әбділда, осы білгендерінді аздырып алмасқа тырыс...

Мен осы сапарда оның Мұханмен екеуінің жеңіл ғана, біріне-бірінің еркелігі жарасқан, сыпайы қалжындарын есіттім...

Мәскеудегі ме, Ташкендердегі ме, әлде қашанғы қызулы құндерді, қызықты кездесулерді еске алады, сондағы есте қалған құндерді ишараттап жұмбақтап түсініседі. Көп сөздерді бірге ішіп, бірге жеп отырған біздің басымыздан асыра айтады.

Асқардың табанда үйқас тапқыштығын, өлең құрастырғыштығын қызық көретін Мұхан бір ретте:

—Табанда жұлдып алғандай өлең шығару өте қызықты, ақындарға жарасымды өнер, — деп еді, оны қуаттаған Құдайберген:

—Ол сөзбен от лақтырыпойнағанмен бірдей емес пе, — деді.

—Қызық айттың, дәл айттың, — деп Мұхаң оған да әжептеуір сергіп қалды...

Дәл осы сапарда, осы екі ғалым ағамның мені әдебиетші ғалым болуға, ҚазПИ-де ме, ҚазГУ-де ме сабақ беруге үтітегені есімде.

—Талантты ақындар талантты педагог те бола алады. Поэзияны жасаумен оның эстетикасын оқыту бірін-бірі толықтыруы, байытуы тиіс, — деп Құдайберген бастаса,

—Әбден келісті айттың, — деп оны Мұхаң қостай жөнеледі.

—Әрбір оқытушының өзі де өмір бойы үзбей оқушы. Үнемі өсіп, үнемі өзінен өзі озып отырмаған педагог ұстаздық мінbesінде ұзақ қала алмайды. Бұл — ақындыққа да ең қажет қасиет.

—Ақынға уақыт та керек емес пе? Екі кеменің құйрығын ұстаған суга кететіні қайда, — деп әңгімеге құлімсіреген Қайсар арапасты.

—Ақын ірілегенде әлеумет қайраткеріне айналады, уақыт тауып елмен арапасуы керек шығар...

Әркім өз ойын айтты. Бірақ ас үстінде, ресторанның бір түкпірінде сөз жарыстырып таласқан жоқ, осы күнгі біздер сияқты қызарақтасқан жоқ...

Мен өте қысқа жасаған, нағыз толыға, молыға бастағанда, халық ғалымына айналғанда, сталиндік репрессия жылдарының апатына ұшыраған Құдайберген Жұбановты өте аз көрдім, бірақ әжептеуір қанық таныдым.

Сүйінгенін де, қүйінгенін де жасыра алмайтын, барлық түйсігі, ой толқыны жарық көзінен, жарқын көнілінен айқын көрініп тұратын ғалым ағамыздың бейнесі бүгінде көз алдыма.

* * *

Заман, уақыт қожасы адам екен ғой. Біз кәзір бүкіл қауым болып көп уақыт есендіреп қалған, есін енді жинаған алып секілді екенбіз. Алыптың үйқысы да алып болып шықты. Міне, енді қайта қозғалуға орнымыздан тұрғанда бүкіл адамзатты тағы бір жалт қараттық өзімізге. Қазақ та өзге туысқан халықтардай өлгенін тірілтіп, өшкенін жандыруға кірісті.

Біз енді кешегі жүздеген данышпандарымызды тарихымызға, бүгінгі өмірімізге қайта әкелеміз, өздерінің биік орындарына отырғызамыз. Сонда біз орасан ірілік тапқан рухани табысымызды, оның барлық қайраткерлерін болашаққа ұсынамыз. Солардың бірі – ғалым Құдайберген ағамыз болады.

B.Решетняк
Народный интеллигент

В 1927 году я работал в гор. Кыл-Орде в должности заместителя начальника Главполитпросвета Казнаркомпроса. Летом того года крайком

партии перебросил меня в Актюбинск на должность заместителя зав. губоно. В процессе изучения работников и поиска сил, на которые можно на первых порах опереться в работе, особое внимание обратил на себя методист казахских школ Худайберген Жубанов. Он занимал ведущее положение в аппарате и пользовался у коллектива и учителей города заслуженным авторитетом.

Помню, как пришлось расстаться с методистом русских школ Прокофием Кобой за его недисциплинированность и грубость. В то время подыскать равноценного методиста даже среди русских учителей было трудно. Но на выручку пришел неутомимый Худайберген: он сам предложил свои услуги временно совместить должность методиста русских школ с «испытательным стажем», как, помнится, он тогда выразился. Однако испытывать его не понадобилось, потому что с первых же шагов он проявил недюжинные способности в работе на двух таких ответственных участках и без особого напряжения с нею справлялся.

Но каково было наше удивление, когда узнали, что он, при такой перегрузке производственной работой, изучает педагогику, психологию и рефлексологию по трудам известных в то время ученых авторитетов, и довольно успешно. Не довольствуясь этим, Х.Жубанов, правда уже перед выездом из Актюбинска, рано взялся за изучение сразу трех иностранных языков: немецкого, английского и французского. Сначала он брал уроки у учителей городских школ и частных лиц. Мы предостерегали его, что при таком напряженном, многогранном труде он может надломить свое здоровье и выйти из строя. Но, веря в свои силы и способности, Худайберген оставался непоколебимым.

Посетив первый раз квартиру Х.Жубанова, я был поражен множеством газет и журналов, которые им выписывались тогда. Там, кроме русских и казахских, были газеты и журналы на татарском, узбекском и еще каком-то восточном языке. Тогда же от него узнал, что он еще в юношеские годы, путем параллельной учебы, овладел тюркским, арабским и персидским языками. И как бы для еще большего доказательства он предъявил мне кипу писем, многие из которых были на непонятной для меня письменности. На выраженное мною по этому поводу недоумение Х.Жубанов объяснил, что он уже давно связался и ведет долгую переписку со многими языковедами-туркологами в Москве, Казани, Ташкенте, Баку и других городах.

Весь аппарат губоно, да и почти вся общественность Актюбинска, с которой Х.Жубанов соприкасался, считали его одним из самых грамотных и высокообразованных казахских работников.

Владея в совершенстве казахским языком, он упорно добивался овладения в такой же степени и русским. По его инициативе в губоно был организован кружок по изучению русского языка в объеме средней школы работниками аппарата и других учреждений; он же взял на себя руководство этим кружком.

Х.Жубанов был очень скромен и своим превосходством над другими не кичился. Наоборот, во всех затруднительных случаях он всегда советовался с более компетентными в том или ином вопросе лицами. В обращении с окружающими на работе, на дому Х.Жубанов был исключительно вежлив. Я не помню случая, чтобы он против кого-либо повысил голос или кому-либо нагрубил. В разговоре и переписке, с подчиненными он, как правило, избегал таких слов и выражений, как, например, предлагаю, приказываю, требую, и заменял их мягкими и вежливыми: прошу, советую, рекомендую и т. д.

Х.Жубанов очень любил музыку и когда узнал, что я играю на скрипке и других струнных инструментах, стал чаще навещать мою квартиру. Затем он стал приводить ко мне приезжавшего к нему из аула младшего брата Ахмета – тогда учителя, а ныне композитора-профессора. Он уже в то время хорошо играл на национальных инструментах и пристрастился к скрипке. Завершилось наше сближение в деле музыки тем, что Худайбергену я уступил фисгармонию, а Ахмету я подарил сборник «1000 песен киргизского народа» Затаевича.

Таким я знал по Актюбинску Худайбергена Жубанова. Это был народный интеллигент в полном смысле этого слова. Наше общение с Худайбергеном Куановичем не прекратилось и после его выезда из Актюбинска. Я восхищался его выступлениями в печатных органах о пользу нового алфавита казахского языка и против приверженцев старого, арабского, следил за его работой в учебно-методическом совете Наркомпроса.

Х.Жубанов, в свою очередь, тоже не обходил мой дом, бывал у меня в разное время в Актюбинске, Чимкенте и в Алма-Ате. Всегда моя семья воспринимала его как своего близкого и родного человека.

Добрая память о нем у знающих его людей сохранится навсегда!

(Учитель Казахстана. 1957 г. 5 декабря)

X.Қарасаев

Кудайберген аганы эскерип^{*}

1928-1929 окуу жылы. Ленинграддагы Чыгыш Институтына кирип окуу мага насып болду. Кыргыздан мен жалгызмын. Казак туугандардан Симет Кенесбаев, Махмуд Уралов бар эле. Кудайберген ага менен мен ошол окуу жылы тааныштым. Ал азиз адам докторантурада болуу керек. Кез-кезде жолугуп жүрдүм. Кудайберген аганы мен ичимден жакшы коре турган болуп кеттим. Эмнегедир экөөбүздүн арабызда кандайдыр бир көрүнбөгөн жип улам-улам тартып бизди жакындаштыра берди.

Мен Институттун Туркологиялык семинарынан окуйм. Ал Семинар А.Самойловичтин атында боло турган. Түркмен агайындардан Б.Гербабаев,

*Макала қырғыз тілінде жазылған

Бурунов дегендер. Өзбек агайындардан Улуг Турсун, Салимий, Мухаммедиев дегендер бар. Азербайжан туугандардан Ализаде деген окуйт. Татар туугандардан Ибад Алпаров, Хожо Бадиг, Нигмет Хаким деген бир топ жашка келген адамдар окуйт.

Семинарда көбүнчө студенттер билгенрин ортого салып, талаш-тартыш чыгарар элек. Николай Николаевич Поппе бизге турк жана алтай тилдеринен салыштырма лекция окуйт. Ошол Н. Поппе өзүнүн өткерүп аткан семинарында «калмак тилинде бузгур хара сахал, кыргыз тилинде бужугур кара сахал болуп айтылат. Могол-турк тилдеринин теги жакын» дегенде, мен – «Николай Николаевич, калмак тилинде «сян абыга сахалта, сян күн соята» деген макал бар. Анын мааниси – «жакшы катынга сахал чыгат, жакшы бээгэ азуу чыгат» деп кошумчалап койдум. Анткени мен Кытай жерине 1916 жылы үркүнде барганымда, жан багуунун айынан, калмак менен бирге кой кайтарып, коюндашып бирге жатып жургөнүмде, бити да жуккан, тилин да үйрәнгүмүн. Бир күнү турсам, көк бит жайылып кетиптири. «О күмүн, чини бөсүн» деп, битти керсетсем, «О куйкенү хумур бурут, мини бөсүн бишн, чини бөсүн» деп мага жапса. болобу. («Ой адам, бул сенин битин»,— десем, «о атандын көрү кыргыз, менин битим эмес, синин битин» деген мааниде).

Семинарда бир күнү кезек маа келдн. Мен «кыргыз тилиндеги куранды (журнак) мүчөлөр» деген теманы алдым. Эки сагат кыргыз тилиндеги курандылардын тизмегин айтып чыктым. Анын ичинде: «ааган, аанак» деген куранды мүчөлөр да айтылды. А.Самойлович өте ыкылас коюп жазып отурду. Эки сагатта бүтпей калдым. Уландысын эмки семинарда айта турган болдум. Ахмед Байтурсыновдун тил куралындагы журнектарды жыйнап алып, Кудайберген агага көрсөттүм. Ал абдан жактырды. Семинарда дагы бүтпей калдым. Үчүнчү жолу уланта турган болдум. Мына эмесе деп, Самойловичтин түрк тили жөнүндө эмгегинен журнектарды жыйнадым да, Кудайберген агага көрсөттүм. Ал киши мени далыга кагып, дагы толгон журнектарды кошумчалады. Күлүп, «энди Поппе гана эмес, Самойловичтин өзүн да «шошутасын» деп, мага дем берди. Дагы «баяндамамды» уланттым. Самойлович ыраазы болду окшойт. Студенттерге карата: «Эгер ушул студент Францияда болсо, эртеси корреспонденттер фото аппараттары менен келип, студенттин сүретүн газетага жарыялайт эле. Бизде андай мүмкүндүк жок» деп, менин көнүлүмдү андан бетер көтөрүп салганы эсимде. Мен Институтту бүткенде, Самойлович менин «Күбе наамама» «Основы научной грамматики киргизского языка», «История развития киргизского литературного языка» деген планда жок сабактарды жазып койду. Ошентип, Кудайберген аганын консультациясы, берген кенеши маа жогоркудай ийгиликтерди алып берген. Окуум бүткөндөн кийин Кыргызстанга келдим. Менин «Күбө наамады» мархум Тыныстанов Касым көрүп, «бул эки предметti Самойлович окуттубу?» – деп шексинди. –«Жок, ал киши окуткан эмес, мен өзүм семинарда баяндама жасаган элем. Жактырып, жазып койду окшойт» десем, Касым күлдү да мени күттүктап койду.

Кудайберген ага бир жолукканымда, «Хусаин, биздикине кел. Сөйлесип отырайык. Кыргыз тилиндеги созылма үндилердин жасалув тарихи кызык», – деп үйине да чакырды. Симет Кенесбаев экөөбүз бир күнү бардык. Женемиз өте мейридүүлүк менен бизди конок кылды. Сүйлөшүп отурганда жеңебиздин түбү – кыргыз болып чыкты. Мени төркүн катары көрүп калды. Илгери заманда казак ичинде калган кыргызбы же азыркы кыргызбы, казмалап сураштырганым жок. Дагы бир жолу келгенде, өзүнен сурал алармын деген ойга келдим.

Ошол кезде иниси Ахмед консерваторияда окуп журген болуу керек. Бизге скрипка ойноп бергени эсимде. Мен дипломго материал жыйнаймын деп, бир жылдык дем алыш алыш, Кыргызстанга кеттим. Байланыш үзүлдү. Ошо бойдон Кудайберген аганы көргөнүм жок.

Кийинки жылдары, 40-60-жылдын аралыгында Ахмед менен байлашыбыз абдан күчтүү болду. Фрунзеге келген сайын маган жолукпай, биздин үйден бир чөөгүн чай ичпей кетчүү эмес. Бир күнү ма отурганибызда: «Хусаин ага. Сиз Кудайберген жакын жүргөнүңүзү мурунтан билчүү элем. Ол киши эми жок. Мен илимпөз агадан эчак ажырап калгамын. Эми Сиз ошол Кудайбергендин ордуна маа ага болуп берициз» деген сөзү эсимде. «Дурус айтасын, Ахмед. Шыйпанарга куйрук жок, кулан чалыш жан элем. Сендей ини күткөнгө мен да абдан сыймыктанам. Эгер татыктуу болсом, мени ага катары сыйлап жүр. Кыргыз элиниң «Жакшынын жакшылыгы тиер ар жерде, жамандын жамандыгы тиер тар жерде» деген макал бар. Мен окуп жүргөнде, жакшылыгы тийген, маа көрсөткөн Кудайбергенди мен өз агамдай көрчүмүн. Бир тугандай жакын жүрөлү» дедим. Кудайберген дарынын бардыгы жакшы маман болгондугун айтып бере турган. Ошол маа ини болгон Ахмед өте адам эле. Мухтар ага да «биздин Ахмед орысча сөйлегендө – он не говорит, а поет, поет!» деп кайталай берүүчү.

Кудайберген ага тирүү болгондо, балким, казак-кыргыздын накыл сөздөрүн бирге зерттеп, тегин таап чыгту ишин бирге иштейт белек, ким билсин. Ал киши араб тамгасында чыккан илгерки элдердин адабияттарын жакшы окуй тургандыгын мен студент кезимде эле байкаганмын. Аз да болсо көптөй көрүп, Кудайберген ага жөнүндө эскермемди кийинки тукумга кала турган кылып, басма бетине жарыялап коюунарды өтүнem.

* * *

Казак эли менен кыргыз эли байыркы замандан бери эле кою короолош, куда-сөөк болуп жашаган. Падыша заманында казак ақындарынын жазган кысаларын (кыргызча айтканда – «Өлең китеңтерин») окубаган сабаттуу адам болгон эмес. Менин раматылык атам да казак тилинде чыккан «Өлең китеңтерди» кайдан болбосун таап келип, маа окутуп тыңдай турган. Ал гана эмес, дөңде чөгулуп отурган карыяларга окуп берип жүрүп, көбүн жатка да айта турган болуп кеткемин. Айрыкча Шайхул Ислам Жусупбектин кысаларын көп окуур элем.

1916 жылы чоң козголоң болгондо, Қытай жерине үркүп барып, ошол жерде жашаган Қызай казактарынын ичине барып баш калкаладык. Ошондо бир күнү «Шайхул Ислам Жусупбек келиптири. Мазак заңгинин үйүнде болот экен» деген айыңды уктум. Ошол затты атайды көрөйүн деп издеп бардым. Чын келген экен. Терде отурган ажардуу, сакалына ак аралап калган адамды көрдүм. Тирмийип тиктеп отурам. Ошондо ошол киши сөз баштап:

Сурасаң – Шайхул Ислам мен Жусупбек,

Осы элди издеп келдим нагашым деп, – сөз баштаганы али кулагымда турат. Бир аз аңгеме согуп отургандан кийин кимдир бирөө «Сиз акын болсаныз битти жыр қылышычы!» дегенде

Бул биттиң акеси кир, чечеси тер,

Чыгар да өз дененен өзинди жер! – деп, узун сабак жырды төгүп жиберди.

Жусупбек ошол жылы Албан казактары менен кошо Текеске барган болуу керек.

О, илгери эле, 1911 жылы Медресе Алияда окуп жүрген Эшенаалы Арабай уулу менен казак жигити Сарсекеев экөө қыргыз-казак балдарына арнап, «Төте окуу» деген алипбе китебин жазган. Эки тил бир-бири менен чиеленишип байланышып калган. Ал китеп басылып да чыккан.

Ал эми Революциядан кийинки мезгилде, мектепке арналып жазылган тил куралдары, башка да окуу китеpteri – қыргыз мектептеринде негизги курал болду. Айрыкча илимпөз Ахмед Байтурсыновдун «Тил – курал» аттуу китеbi қыргыз мектептеринде негизги окку китеbi болду. Қазактын чыгаан жазуучусу Мухтар Ауэзовдун «Кара көз» атту пьесасын окубаган, Жусупбек Аймоут уулунун «Карт кожосун», «Куникейдин жазыгын» окубаган қыргыз жаштары болду бекен? Бейимбет Майлы уулунун «Шоганын белгиси» аттуу ангемеси қыргыз арасына абдан тараптан.

Қыргыз элинин зиялилери: Базаркул Данияр уулу, Касмаалы Баялы уулу, Токчоро Жолдош уулу, Касым Тыныстан уулу, Осмонкул Алы уулу сыйктуу атактуу адамдарыбыздын бардыгы, ошолордун ичинде өзүм да казак элинин педагогдорунан тарбия алдык. Мына ушул айтылгандардын бардыгы да эки элдин мурунтаан келе жаткан жакындыгына, достуругуна кубө болот.

Тил майданында да бир бирибыздан сөз алып, адабиятыбызды, салтыбызды жакындаштыруубуз зарыл. Бул жакшы салт мындан ары да улантылыши керек. Маданиятыбызды, салтыбызды жакындаштруубуз керек.

Бүткүл ааламга маалым Чыңгыздын да нускоочусу — қыргыз элине сыйлуу Мухтар агабыз болгон.

A. Исқақов

Ақылгөй аға, ұлағатты ұстаз

Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың омырауында Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшесі екендігін білдіріп тұратын «КазЦИК» деген жазуы бар белгі болатын-ды. Демек, қазіргі ұғым бойынша, К. Қ. Жұбанов Қазақстан Жоғарғы Советінің депутаты, яғни республикамыздың ірі қоғам қайраткері болғанын көреміз.

Қ.Жұбанов ҚазПИ-дің тіл-әдебиеті факультеті оқытушыларының ортасындағы жалғыз ғана профессор еді. Осы атақ, лауазымдарға қарай факультет колективі оны аса ардақтап, сыйлайтын-ды.

Қ.Жұбанов орта бойлы, буырыл тарта бастаған толқынды, қою қара шашты, қара торы жүзді адам еді. Оның барқыттай қоңыр үнді дауысы, мазмұнды ойына орай сөйлеген сөзі әрі әуезді, әрі сазды шығатын-ды. Оның қимыл-қозғалысы да, жүріс-тұрысы да кескін-келбетіне сай сабырлы, майда болатын-ды. Қ.Жұбанов адамгершілігі мол, ақ көніл, кішіпейіл адам еді. Ол кісі үлкендер былай тұрсын, жасы кіші адамдарға да, мысалы, студенттермен қарым-қатынас жасағанда да, «сен» деген сөзді ешуақыт тұтынбайтын, дәйім «сіз» деп сөйлейтін. Қ.Жұбанов халықты, көпті жақсы көретін, үнемі көппен әңгімелескенді, қарым-қатынасты ұнататын, бұқарашиб адам еді. Мысалы, жексенбі күндері әрдайым жатақханаларды аралап, студенттердің қалжайларын біліп, түрмис-тіршіліктерімен танысып, әңгімелесіп жүретін. Жатақхана аралаған осындай шақтарда да, басқа жұмыс күндерінде де, кейбір ересек студенттермен жиі әңгімелесетін. Әсіреле жоғарғы курс студенттерінің ішінен Әди Шәріповпен, Ғайниден Мұсабаевпен, Шаймерден Балжановпен, Әкім Эйнековпен және басқа озат оқытын студенттермен етене сөйлесіп тұрганын көп көретінбіз.

Профессор Қ.Жұбановтың осындай әрі ағалық, әрі ұстаздық қарым-қатынасы осы естелікті жазып отырған менімен де оқуға түскен алғашқы айдың өзінде-ақ басталып кеткен еді. Сол кездегі есте қалған кейбір жайларға қысқаша тоқталмақтын.

Мен орта мектепті өз құрбы-құрдастарыммен уақыт жағынан бір шамалас бітірсем де, жоғары мектепке тіпті кешігіп, алты жылдан кейін зорға түстім. 1930 жылы Қарқаралы қаласында әуелде гимназия, кейін реалдық училище, одан соң тоғыз жылдық мектепті бітіріп, математиканы өте жақсы әрі сүйіп оқығандықтан, Томскідегі университетке барып түсіп, не математикадан, не технологиядан маман болып шығуды қатты көкседім... Бірақ бұл арманым бірден орындалмады.

Әлі есімде, 1936 жылдың сентябрь айының орта шені, бір күні қасында факультеттің деканы бар, профессор Жұбанов біздің класқа келді. Ол кісі класқа келген бойда, мақсаты – студенттермен жақын танысу, кімдердің қандай мектепті қалай бітіріп келгенін білу екенін айтты да: «Староста кім болады, әңгімемізді содан бастайық», – деді. Мен фамилиямды айтып, ұшып турегелдім де өзімді таныстыру үшін, 1930 ж. Қарқаралы қаласында (Семей облысы) әуелі гимназияда, одан кейін реальное училище деп аталып, кейіннен бастауыш мектепке мұғалім даярлайтын мамандығы бар тоғыз жылдық мектепті бітіргенімді, сонан соң Томск қаласына оқуға бармақ

болғанымды, бірақ бара алмаған себептерімді, журналист боп қызмет атқарғанымды, соңғы 1935 жылы Петропавлдағы қазақ педучилищесінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болғанымды, биыл оқуға түсkenімді қысқаша баяндадым.

Професор Жұбанов өзге студенттермен де осылай танысып болып, рақмет айтып, кластан шығып кетті...

1936 жылы сентябрь айының, ұмытпасам, басында өзіммен бірге оқитын Айқынбаев Өмірелі дейтін студентпен Юных Коммунаров көшесіндегі жатақханадан шығып, Федерация паркі арқылы етіп Совет және Красин көшелерінің түйіскен жеріндегі есіктен шыға бергенімізде, қарсы алдымыздан екі кісі ұшыраса кетті. Қарасам, біреуі көптен көрмеген, бір кезде маған әрі аға, әрі жолдас болған ескі досым – Кәрібай Барманқұлов деген кісі **екен**. Жақындаса келгенде мен ол кісіні Кәраға деп **құшақтай** алыппын. Ол кісі де «Өй, Ақан, Ахмеди, сен **қайдан** жүрсің мұнда қашан келдің?» – деп, **құшақтаса** кетті. Мен осында оқуға келіп, ҚазПИ-ге жаңа ғана түсkenімді айттым. Ол кісі: «Қай факультетке, математика **факультетін** ме?» – деді. Мен: «Жоқ, қазақ тілі мен **әдебиеті** бөліміне түстім», – дедім. Ол таң қалғандай **болды да**: «Мен осындамын, сол ҚазПИ-дің сол факультетін бітіргенмін, қазір 40-шы орта мектепте мұғаліммін, **осы Красин** көшесінің бойында Комсомол көшесінен әрі **үшінші** тұрамын. Сонда кел, бәрін сөйлесерміз, мені **үйдентек** түстен кейінгі уақытта ғана табасың», – деді де: «Мына кісі – профессор Құдайберген Жұбанов **агай**», – деп таныстырыды. Бұл кісіні мен бұрын көрген **жоқедім**. Ол кісі басын изеген соң мен де басымды изедім. Кәрағаң: «Жарайды, жолдарың болсын, маған қайтсең декел, құтемін», – деді де, К.Жұбанов ағаймен паркке еніп кетті...

Екі күннен соң мен Кәрағанды ізден, өзі көрсеткен үйге келдім (ол кездегі үйлер бір қабат, ағаштан, кірпіштен салған болатын). Қақпадан еніп, қорадағы үйдің сыртқы есігін қағып едім, бір егде әйел есікті ашты. Мен: «Кәрібай Барманқұлов деген кісіге келдім», – дедім. Жаңағы әйел: Кәреке, сізге біреу келіп тұр», – деп дыбыстыды. Кәрекен қарсы шығып, қолымнан жетектеп, бір бөлмеге енгізді де, орындыққа отырғызыды. Сосын өзінің басынан кешкен оқиғаларын баяндады: Қарқаралыдан **кеткен соң** осы ҚазПИ-ге қазақ тілі мен әдебиет бөліміне **түсіп**, оны өткен жылы бітірген екен де, осы қалада мұғалім боп қалған екен... Мен де ол кісіден айрылысқан шақтан бастап, осы кездесіп отырған сэтке дейінгі басымнанкешкен тарихымды әңгімеледім. Осылай бір-бірімізben көптен бері көріспегенімізді айтып біткеннен кейін, **ментуралы** профессор Жұбановқа өзі білетін мәліметтердің бәрін тізіп айтып, «сіздің жаңы шәкіртіңіз болады» деп сендергенін айтты.

Оқу тиісті кесте бойынша жүріп жатты. Бірақ көңілімнің түкпірінен бір түрткіл ой – күптілік кетпей жүрді. Өйткені Қызылжарда қалған жолдастарымның хаттарына қарағанда, педучилищенің басшылары Казнаркомпросқа үсті-үстіне хат жазып, менің қызметіме қайта баруымды

сұратып жатқан көрінеді. Осы күдік бір күні расқа шықты. Институт директоры Бекжанов кабинетіне шақырып алды:

—Сіз бұрынғы қызметіңен рұқсатсыз кетіп қалып, бізге оқуға түскен көрінесіз, Наркомпрос сізді оқудан шығарып, өздерінің қарауына жіберу жөнінде бұйрық беріп отыр, мен осы бұйрықты орында мақшымын, — деді.

Мен өзімнің рұқсатсыз кеткен себебімді, институтты бітіруге құмарлығымды айтЫП, мені оқудан шығармай қалдыруды өтіндім. Директор: «Сіздің тілегіңізді мен түсінемін, пікіріңіз дұрыс, бірақ Қызылжардағы қызмет істеген жеріңізде сіздің беретін сабактарыңыз тоқтап қалған көрінеді, Наркомпроста осы себептен сізді бұрынғы орныңызға қайтарып жіберуді бұйырды. Мен ол бұйрықты орында масқа шарам жоқ, егер Наркомпрос қалдырса, мен сіздің оқуыңызға қарсылық етпеймін. Сіз сонда кадр басқармасының бастығы Аспандияров Сәкен жолдасқа барыңыз да, мұңыңызды айттыңыз, — деді.

Аспандияров жолдасқа келіп, арызымды айтЫП едім «Мен де сізді түсінемін, бірақ оқуда қалдыруға лажым жоқ, өйткені онда (Қызылжар педучилищесінде) сіздің пәндеріңіз журмей қалып, биыл бітіретін кластарда өте-мөте қыыншылық туып отырған көрінеді. Сіздің қайта орныңызға жіберуге Наркомның орынбасары маған әмір берді. Мен соны орындауым керек, — деп үзілді-кесілді өз қортындысын айтты.

«Наркомның орынбасарының жарлығын тек Наркомның өзі ғана бұза алады, сол жерге барып көріңіз», — деген соң Наркомның қабылдау бөлмесіне барсам, ол кісі командировкаға кеткен екен. Осыдан кейін Наркомның келуін күтіп жарты айдай жүрдім, онан қала берді ол кісі келгеннен кейін мені қабылдауға уақыты болмай, тағы біраз жүрдім.

Әлі есімде октябрь айының орта шені жексенбі күні жатақханада менен басқа ешкім жоқ, Омбыдағы, Қызылжардағы інілеріме хал-жайымды, қайта Қызылжарға барып қалу мүмкіндігімді айтЫП хат жазып, екіншіден, қалып қойған кейбір сабактардың конспектілерін толықтырып отыр едім, біреудің есікті ашып: «Сәлематсыз ба?» — деген даусын естідім. Қарасам, профессор Қ.Жұбанов екен. Орныман үшіп түрегеліп, амандасып, қарсы жүріп едім, «аланда маңыз, мен сізге бөгет жасаған екенімін, бөгелмей кетемін», — деп орындыққа отырды. Мен өз жайымды, оқудан шығып қалып, бұрынғы жұмысыма оралуға тиісті екенімді, үш бірдей інім бар, олардың да мені күтіп жүргенін, бір жағынан, солар үшін елге барғым келетінін, екінші жағынан, оқығым келетінін, не істерімді білмей дал бол жүргенімді қысқаша баяндағым.

Ол кісі зейін қоя тыңдады да, «Жарайды, ойласайық, ал қазір жатақхананы аралауға қарсы емессіз бе?» — деп қолқа салды.

Содан біз бөлмелерді араладық, ол кісі біздің тұрмысымызды көріп танысты. Жатақханадан шықтық та, **Федерация** паркі арқылы үйіне шығарып салдым. Қоштасардаол кісі менің оқуымды тастанауымды мақұл көретінін, осы менің жағдайыма байланысты Наркомға **арнайы** баратынын айтты...

Дегенмен мен қарап отырмай, «Правда» газетінің тілшісіне барып, жағдайымды айтып, жәрдем беруді өтіндім. Ол кісі Наркомға бірнеше рет телефон соғып еді, ешкім жауап бермеді. Сосын: «Ертең келініз» деді. Мен ертеңіне айтқан уақытында жетіп келдім. Тілші маған: «Оқуда қалатын болдыңыз, құттықтаймын, мен Наркоммен келістім», – деді.

Соның ертеңінде ҚазПИ-дің корпусында сабакта келе жатқан профессор Жұбановты көріп, мен оқуда қалатындығымды айттым. Ол кісі: «Жақсы болған екен», – деп күлді...

Әлі есімде, ноябрь айының орта кезі еді. Бір күні сабактың біткенін аян ететін қоңырау сылдыры тынысымен біреу аудиторияға кіре беріп, амандасты да: «Жолдас Ысқақов осында ма?» – деді. Оқытушы орнынан тұра беріп: «Мына кісі», – деп мені меңzedі...

Келген кісі менің қасыма келіп, қолын ұсынып: «Менің фамилиям – Устименко Петр Демьянович, 28-орта мектебінің директорымын», – деді. Мен: «Өте жақсы, мен Ысқақовпен, құлағым сізде», – дедім. Ол кісі: «Біздің мектепте қазақ тілін беретін оқытушы үй жағдайымен байланысты Алматыдан кетіп қалып, бір айдай болды, қазақ тілі оқытылмай, үзіліп қалған соң, қалалық оқу бөлімінен, Наркомпростан оқытушы сұрап едім, олар ондай оқытушы жоқ деді. Содан кейін мен өзім осы ҚазПИ-дің түлегімін, әдейі қазақ тілі кафедрасына келіп, жоғары курс студенттерінен бір адам бөлуді өтіндім. Профессор Жұбанов: «Сізге барып, жолығыңыз», – деді. Мен: «Жоғары курстарда ондай жоқ па?» деп едім, профессор Жұбанов: «Ысқақовтың тәжірибесі молырак», – деп күлді.

Сол күннен бастап сол мектепке мұғалім болып жұмыс істей бастадым...

Оқуым да тұрақталып, қызметім де жайғасқаннан кейін сабактан қалмай, жұрт қатарлы оқуға тырысқаныммен, мектептің сабағы мен институттың лекциялары жиі тоғыса беретін болды да, мазаны кетірді. Дегенмен мектеп сабағын кезінде өткізіп, көбіне институттағы лекцияларға қатыса алмай жүрдім...

Әлі есімде бір күні Құдайберген ағай: «Секторға барып келейік», – деп ертіп алды да, Виноградов пен Красина көшелерінің түйісіндегі Академияның Қазақ бөлімшесінің секторындағы бір әйелге: «Мына кісіге карточка жазудың жөн-жобасын көрсетіп, нұсқау берерсіз», – деді де, маған: «Біз болашақта қазақ тілінің сөздігін жасамақпyz, соған осындаі карточкаларды көбейтіп, әзірлік жасауымыз керек», – деді.

Тағы бір күні мені Наркомпросқа ертіп барып, өзі басқаратын оқу-методикалық бөлімге кірді де, отырған адамдармен амандақсаннан кейін: «Мына кісі Мәметова Әмина апаңыз, мына кісі Бегалиев Ғали ағаңыз», – деп таныстыруды. Мені бір столға отырғызды да, өзі өзінің орнына барып жайғасқан соң, жазғы айларда облыс-облыстың бәрінде де 1,5 айлық мұғалімдер курсы ашылатын болды, соған алдын-ала әзірлеп, қазақ тілі мен әдебиетінің программаларын жасау керек, екеуініз осы жұмысты әзірлеп қойыныздар, келесі аптада қарап бітіреміз», – деді де, содан соң маған: «Сіз

сәл отыра тұрыңыз, мен бір кісіге жолығып келейін», – деп шығып кетті. 10-15 минуттан кейін қайта оралып келіп, «Қане, қайтайық» деп, отырғандармен қош айтысып, есікке беттеді.

Жолшыбай: «Жер-жердегі мұғалімдердің бәрінің дерлік білімдері де, тәжірибелері де тіпті жоқтың қасы, сол себептен әзірше оларды жылма-жылғы курстар арқылы даярлап отырмаса, жағдай қыын болып тұр. Сол курстарға сабак беретін оқытушылар да табылмайды. Жазғы каникулда қаражат табамын деген тәуір-тәуір студенттерді сол курстарға жіберуіміз керек. Сіздің курста сондай студент балалар болса, бізге айтарсыз. Командировкаға жібереміз», – деді.

Професор Жұбановтың курстарға оқытушы ретінде студенттерді жіберуінің себептері бар еді: олар ең кем дегенде 1-курс көлемінде қазақ тілінің жүйелі нормативтік курсын өткен адамдар ғой. Ал жергілікті жерден оқытушы етіп алатындардың білімдері ала-құла. Сол **себептен** тәуір оқитын студенттерді курстарға оқытушы **етуді** жөн деп үйғарған.

Професор Құдайберген Жұбанов айтқандай, жазғы каникулда бір топ адам білім жетілдіретін курстарға барып сабак бердік. Соның ішінде мен де Қарағанды облысы, Шортанды (Щучье) ауданында ұйымдастырылған курсқа сабак беріп қайттым...

1937 жылдың сентябрь айының орта шенінде кезекті **лекцияға** кірісер алдында проф. Қ. Жұбанов: «Ахмеди, сіз институттың сырттай оқитын бөлімінің бастығы Зуев жолдасқа барыңызыбы, мен жіберді дегейсіз», – деді. Сабак біткен соң Зуевқа бардым да, амандықтан кейін: «Мені проф. Жұбанов жіберіп еді, фамилиям – Аханов», – деп, жөнімді айттым. Зуев орнынан ұшып түрегелді де, сейфтен бір анкета алыш: «Мынаны толтырыңыз, жарты ставкаға оқытушы етіп қабылдау жөнінде арыз жазыңыз, ал атқаратын қызметіңіз — сырттан оқитын студенттерге арнаулы тапсырмалар беру, олар орындалған тапсырмаларды осында жіберіп отырады, соларды тексеріп, тиісті баға қойып, біздің инспекторға өткізіп отырасыз; одан кейін сессия кезінде сырттай оқитын студенттерге нұсқау, жол-жоба көрсетіп, келесіде не істейтіндерін, әрбір сессияға дейін жіберілген тапсырмаларды орындана отыруға тиіс екендіктерін түсіндіріп отыратын боласыз», – деді...

Оқытушы мен оқушының арасындағы қарым-қатынастан келтірілген мұндай үзінділерден проф. Жұбановтың адамгершілігі күшті, әрі кішіпейіл, әрі өзгеге қамқор адам болғанын көреміз. Кейін байқасам, Құдайберген ағайдың осындағы қарым-қатынасы жалғыз менімен ғана емес, өзге де бірқыдыру студенттермен болып отырған екен. Осы қамқорлығы, қазақ тіл білімінің жас кадрларын даярлау жөніндегі ұстаған бағыты, әрі ұйымдастырушылық қабілетінің ерекшелігі енді бізді егде тартқанда да қайран қалдырады.

Мен өзімнің профессор Жұбановпен қалай танысқанымды және одан әрі қарайғы қарым-қатынастарым жөнінде үзік-үзік ойларымды ғана айтып отырмын. Менің айтқандарымда ешқандай жалғандық та, ешқандай қоспа да жоқ, нағыз шындық, тек қана шын мәліметтер.

Профессор Құдайберген Жұбанов басқа курсарда оқитын тілге бейім кейбір студенттермен, мысалы, Әкім Әйнековпен, Гайнеден Мұсабаевпен, Шаймерден Балжановпен және басқалармен үнемі әңгімелесіп-білісіп жүретін-ді. Сонымен қатар, профессор Қ.Жұбанов тіл табиғатын білуге бейімділігі бар жастарды қамқорлығына алып, оларға тәрбие беруге, бағыт-бағдар нұсқауға, олардың басқа да мұн-мұқтажына қарай көмек көрсетуге шын ықыласымен әзір тұратын аға, азамат екені айқын көрініп тұратын. Проф. Жұбанов тілді терең танып білуге бейім студенттерді әрбір курсарда сабак беріп жүрген оқытушылардан сұрастырып, білістіріп отыруды, соларды бауырына тартып ақыл беруді, өзінің бірден-бір борышы деп санайды екен. Сол кездегі Қ.Жұбанов басқарған үш мекемеде (ҚазПИ, Наркомпрос, Академияның филиалы) небары бес-алты ғана тіл маманы болды, ал республика көлемінде тіл құрылышы (ана тілінің) міндеттері ұшантеңіз еді. Қ.Жұбанов сол себептен жастар арасынан тілге бейімдігі бар адамдарды біліп-танып, оларды болашақ үлкен істерге даярлауды өзіне зор міндет санаған. Біздің курста «Қазақ тілінің нормативтік курсын» қазақ тілін өте жақсы менгерген білімдар, тәжірибесі бай Телжан Шонанов дейтін оқытушы жүргізді. Бұл кісі сол кезде араб әліппесінен латын әліппесіне жаңа ғана көшумен байланысты аталмыш курсың «Жаңа орфография» тарауына көп көңіл бөліп, соған арнап өзі жасаған орфографиялық ережелерді жүйелі түрде оқытты. Курсың фонетика, морфология, синтаксис тарауын да әрі кең, әрі терең деңгейде жүргізді. Сондай-ақ осы тараулардың қай-қайсысын болмасын оқушыларға үнемі сұрау-жауап арқылы, практикалық материалдар іздестіруге машықтандыру жолымен дәйім тиянақтап, пысықтап отырды.

Бірінші курста «Тіл біліміне кіріспе» атты курсы жүргізген жас оқытушы Нұрсейітов те курсың әрбір тақырыбына арнап коллоквиум өткізу, оқушылардың білімін тексеріп, орнықтырып отырды.

Ал орыс тілінің оқытушысы Е.В.Кротевич сабакты өзінше бір қонымды әдіспен өткізуши еді. Оқытатын пәні практикалық курс бола тұрса да, дәйім сабактың әрі көрнекі, әрі ғылыми дәрежесі жоғары болып өту үшін белгілі бір тақырыпқа, мейлі ол менгеру категориясы ма, қысыу категориясы ма – бәрібір, үйден текстер даярлап әкеп, тақтаға жазатын еді де, қажетті формаларға әр түрлі белгі қойып, сол форманың қандай мағына беретінін жіті түсіндіретін-ді. Оның үстіне сол орыс текстін қазақ тіліне аударатын. Сөйтіп, орыс тіліндегі белгілі бір форма қазақ тілінде қалай, қандай форма **арқылы** берілетінін салыстырып оқытатын. Оның бұл әдісі оқушы қөкейіне жеңіл қонатындықтан, сабакқа олар **да** белсене қатынасатын. Өзіне қазақша аудару қын **түсетін** текстерді класта отырып, оқушыларға аудартатын. Бұл жұмыс ұтымды, қонымды болғанымен, уақытты көп алатындықтан, сабактан кейін бір-екі орысша тәуір білетін студенттерді алып қалып, келесі сабакқа арналған, немесе басқа курсарда өтілетін текстерді қазақ тіліне аудартып алатын. Бұрын газетте істеп, орысшадан қазақшаға текст аударуға әжептеуір төсөліп қалған мені үнемі осы жұмысқа тартып, қазақша текстерді тексеріп алып отыратын. Осындай бір сабактан кейінгі жұмыс үстінде ол осы

салыстыру әдісі уақытты көп алғанымен, тілдің ерекшеліктерін тез және айқын түсінуге мүмкіншілік беретіндіктен, осы әдісті қызығып өткізіп жүргенін, осының салдарынан диссертациясы да аяқталмай, кешігіп қалғанын айтты. Содан кейін ол:

—Дегенмен, диссертация аяқталып келе жатыр, ол жөнінде мен проф. Жұбановпен үнемі ақылдастып, ақыл-кеңес алыш отырамын, ол орысша да жақсы білетін тамаша ғалым, сондықтан мен осы өзім әдістеніп жүрген салыстыру әдісі жайында кеңескенімде, олкісі бұл әдісті ұннatty, әрі ол орысша текстерді қазақ тіліне аударғандарымды қарап шығып, түзетіп берді және аударуға 1-курстағы сені көмектесе алады, — деді.

Оның бер жағында проф. Жұбанов кафедраның мәжілісінде жоғарыдағы коллоквиум, практикалық семинар т. с. сияқты жұмыстар жүргізген оқытушыларды тыңдал отыратын-ды.

Мен староста ретінде қатысып жүріп, кафедра мәжілісінде жоғарыдағы үш оқытушының баяндамаларынтындағаным әлі есімде.

Сөйтіп, 1936-1937 оку жылында бірінші курс бітірген біз жоғарыда аталған ана тілінің нормативті курсы, «Тіл біліміне кіріспе», орыс тілі және олардың үстіне неміс тілінен – тіл білімінің төрт пәнінен дәріс алдық. Екінші курста 1937-1938 оку жылының басынан проф. Жұбанов «Қазақ тілі тарихы» атты курсы оқи бастады. Кіріспе сезінде бұл курстың аты болғанымен, заты айқын еместігін, демек, бүкіл курс былай тұрсын, оның жеке-жеке мәселелері ешқандай тексерілмегенін де айтты.

Дегенмен ана тілінен жоғары білім алатын оқушыларға сол тілдің тарихы жөнінде қандай да болса белгілі бір көлемде мағлұмат беру шарт болады, осы себеппен бұл курсты жыл бойы зерттей отырып, жүргізуі макул көретінін сез етті.

Біраққандай да бір зерттеу жұмыстары болмасын, қалай болса, солай емес, тиісті әдістер бойынша жүргізілетінін, сол себептен, алдымен тілді тексеретін әдістер жайында сез қылатынын айтты. Тілді зерттейтін түрлі-түрлі әдістерді сипаттай келіп, солардың ішінен екі түрлі әдіске профессор көбірек тоқталды. Оның бірі – тілді палеонтологиялықталдау жолымен зерттеу әдісі, екіншісі – тілдерді бір-бірімен тарихи тұрғыдан салыстыра тексеру әдісі еді. Профессор Жұбанов палеонтологиялық әдіс әрі ерте заманнан бар, әрі тілден басқа ғылымдарды тексеруге де қолданылып келе жатқан әдіс екенін айта келіп, бұл әдісті тіл біліміне бұрын материалдық мәдениет саласын тексеріп келген маман академик Н.Я.Марр енгізгенін, оның «Тіл туралы жаңа ілім» деген еңбегі осы палеонтологиялық талдама бойынша жасалғанын айтты. Бұл ілім жаңа-жаңа ғана тарап, оны жүрттың бәрі бірдей қолданбай, тек санаулы мамандар ғана басшылыққа ала бастады деп мәлімдеді.

Ал тарихи-салыстырмалы әдісті өткен ғасырда үнді-европа ғылыминың негізін салушылар енгізіп, кейінгілер оны бірте-бірте жетілдіріп келе жатқанын және бұл әдістің кемшиліктері бола тұрса да, дұрыс қолданса, әте ұтымды екенін профессор Жұбанов мысалдар арқылы баяндады.

Проф. Жұбанов өзі жүргізетін «Қазақ тілі тарихы» атты курсты осы әдіс бойынша зерттей отырып, жасамақшы екенін айтты. Бұдан кейін проф. Жұбанов қазақ тілі «түркі тілдері» деп аталатын топқа жататынын түсіндіре келіп, бұл топтағы тілдер өз ерекшеліктеріне қарай іштей әлденеше алыс-жақын туыстықтарға бөлінетінін баян етті, сондай-ақ түркі тілдерін топтастырған Корш, Радлов, Самойлович және басқа тюркологтердің пікірлеріне тоқтай отырып, бұл мәселеге өзінің көзқарасы қандай екенін айтты.

Бұдан әрі жазу ескерткіштері сақталмаған қазақ тілі тарихын қалай зерттеп, қалай баяндау керек екеніне тоқтады. Проф. Жұбанов қазақ тілі тарихының мәселелерін көне түркілердің жазу ескерткіштерінің тіліне, ортағасырдағы үлкен ескерткіш – Махмұт Қашқари сөздігіне, одан кейінгі барлық түркі тілдеріне ортақ «шағатай тілі», көне үйғыр тілі деп аталатын және сол сияқты басқа да араб жазуы арқылы жеткен ескерткіштердің тілдеріне байланыстыра салыстыру арқылы анықталатынын баяндағы.

Мұндай зерттеу жұмыстары аталмыш материалдарды салыстыру арқылы ғана емес, осы күнгі қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық материалдарын, қазіргі **башқұрт**, өзбек, татар т. б. түбірі бір тілдердің деректерімен салыстырып талдайтынын айтты.

Ноябрьдің орта кезінде, бір күні кезекті лекциясына келеді деп күтіп отыр едік, деканаттан бір кісі келіп: «Жұбановтың лекциясы бүгін болмайды», – деді. Сол күні проф. Жұбановтың аса жұмыс басты адам екенін билетін мен жоғары мектептердің біріне мәжіліске кеткен шығар деп ойлаған едім. Ертеңінде «Жұбанов ұсталып кетіпті» деген сүйік хабар естідік. Ол кезде «неге ұсталыпты» деген сияқты сұрауларды жұрт бір-біріне қоюдан қорқатын, қоя алмаушы еді.

Осыдан кейін біз проф. Жұбановтың жарқын жүзін де көрмедік, мәнді, сазды үнін де естімедік...

Соңынан «Қазақ тілінің тарихы» атты курстың өзін де, сол курс туралы да институтты бітіргенше ешбір сөз естімедік. Проф. Жұбанов жоғарыда оқып, тоқтаған лекциялардан кейін, енді сол тарихи курстың бұдан былайғы желісі қандай болады, тарихи фонетикадан, я тарихи грамматикадан басталып жүргізіле ме немесе қазақ әдеби тілінің мәселелерін баяндаудан бастала ма, – ол жағы бізге беймәлім болып қала берді.

Расын айтсам, мені қазақ тілін жете білуге, зерттеуге, осы салаға мамандануға жетелеген, тіл біліміне баруыма жол ашқан – ардақты ақылгөй аға, білгір, ұлағатты ұстаз – Құдайберген Жұбанов болды.

R.Kazieev

Үлкен дарын иесі

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов тек ірі лингвист ғалым ғана емес, ол педагог-ғалым, халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері еді. Ол өзінің бар өмірін бүтіндей мектеп, халық ағарту ісіне арнады. Темірдегі бастауыш, орта мектептерде сабак берген және уездік оқу бөлімінде инспектор-методист болып қызмет істеген. Кейін Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінің методисіне жоғарылатылып, Ақтөбе педагогтік училищесінде әр түрлі пәндерден сабак берген. Сөйтіп, ол ұстаздардың ұстазы болды. Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінде жүргендे ол қазақ мектептері емес, орыс мектептерінің де методисі қызметін атқарды.

Ол Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінің методисі жұмысымен бірге, арнаулы оқу орны Ақтөбе қазақ педагогтік техникумда (қазіргі педучилище) үш жыл педагогика, психология және логикадан сабак береді. Бұл туралы республикаға еңбегі сіңген қарт ұстаз (педучилище оқытушысы) Жанғазы Жолаев былай дейді: «Мен Құдайберген Жұбановпен Ақтөбе педагогикалық училищесінде таныстым. Ол кезде Құдайбергеннің өз кітапханасындағы кітаптардың көбі педагогика, психология жөніндегі әдебиеттер болатын. Ол әсіресе психология туралы еңбектерді бас алмай оқитын».

Ұстаздардың ұстазы Қ.Жұбанов губерниялық оқу бөлімінің методикалық кеңесінің бір мәжілісінде педучилище оқушыларын жазғы демалыс кезінде фольклор мен қазақ тілі тарихын жинауга пайдалануға болатынын айтады. Қ.Жұбанов тек оқыту ісімен ғана болып қоймай, оны жетілдіру, жақсарту жағына да баса көніл аударады. Бұған уездік, губерниялық, республикалық оқу бөлімдеріндегі инспекторлық міндеті ғана емес, оның ауылдық мұғалімдерге ауызша да, хат арқылы да ақыл-кеңес беруі дәлел бола алады.

Ағартушылық саласындағы Қ.Жұбановтың әлеуметтік-тарихи мәні бар үлкен еңбегі – оның мектепке арналған қазақ тілі программасын жасап, оқулықтарын жазуы. Бұлардың құндылығы сонда – олар тұңғыш қазақ совет оқулығы мен программасы болды.

Қ.Жұбановтың ағартушылық қызметі оның нағыз-ғалым, профессор болған кезінде де тоқталған жоқ. Ол Оқу-ағарту халық комиссариаты жанындағы оқу-методика секторының менгерушісі болып қызмет атқарып жүрді. Сол кезде оқулық-программаларды өзі ғана жазып қоймай, басқаларға жаздыруды ұйымдастырып, оларға ақыл-кеңес беріп, мұғалімдердің білімін жетілдіру курсарында, семинарларында сабак өткізіп, көп еңбек етеді. Қ.Жұбанов орта мектепке оқулыктар аударуға да көп еңбек сінірді. Ол бұл маңызды іске тіkelей басшылық етүмен қатар, ғылыми ұғымдарға ана тілінен балама тауып беруге көмектесті.

«Қазақ тіліндегі зерттеулер» деген енбегінде Қ.Жұбанов екінші бір үлкен пікір қозғайды. Көркем әдебиетті білмейінше, тілдің зандылығын, табиғатын білу мүмкін емес деген тұжырым жасайды. Демек, бұл жерде ғалым пәнаралық байланысты ескере отыруға мензейді. Тіл мен әдебиет – етене пәндер. Тіл зандылығын білу көркем әдебиет бітімін, жаратылысын тануға қолғабысын тигізсе ғана оқыту өз мақсатына жетпек. Профессор

Қ.Жұбановтың Абай поэтикасын зерттеу еңбегінің қазақ әдебиетін мектепте оқытуға тигізген шарапаты өз алдына бір бөлек. Педагог-ғалымның бұл еңбегі қазақ әдебиеттану, абайтану ғылыминың іргетасын қаласқан еңбек болуымен қатар, әдебиетті оқытудың ғылыми методикасының негізін салуга себін тигізген құнды зерттеу еді.

Професор Қ.Жұбанов түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміз, соның ішінде халық ағарту ісі тек жоғары дәрежелі оку орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері өркен жайғанда ғана өрге баса алады деп білді. «Мұнсыз, әрине, ұлттық мәдениеттің дамуы мүмкін емес», – деп түйді. Ол Қазакстанда ғылымның, соның ішінде педагогикалық ғылымның дамуына, өркендеуіне, мұғалімдер мен ғылыми кадрлар дайындауға айтарлықтай үлес қосты. Оның талантты көптеген шекірттері қазір халық-ағарту саласында, ғылым жолында еңбек етіп жүр. Педагогика саласындағы ірі ғалым Т.Ақшолақов: «Професор Қ.Жұбанов 36 жасында бізге егде адам сияқты еді. Алпыстың асқарынан асқандай көрінетін. Шашы бұп-бурыл: кейін бақсақ сол қылаң тартқан әр тал шаш елі үшін тебіренткен, толғанған жүрек, жігер, ой көрінісі еken. Мазасыз ізденіс үстінде откізген әр күн, әр түн іздері еken. Байқасақ ол жасымен емес, жасағанымен, жасамағанымен де егде еken. Ол білгенімен де, білмекке ұмтылуымен де биік еken», – дейді. Шынында да солай.

Д.Байқадамова

Жарқын жүзің жадымызда, жақсы аға...

«Қазақ стенографистері» деген сөз қазақ лексиконына бірінші рет 1935 жылы енсе керек. Сол мамандық иелерінің бірі болып жолдама алған менің де Республика Халық ағарту комиссариатының есігін ашуыма турал келді. Жүзі айбарлы қара сұр нарком Темірбек Жүргенов: «қазақта мынадай да мамандық пайда болды-ау» дегендей, екі көзін тілдей қағаздан алмай отырып, алдындағы қоңырауды басты. Есіктен кірген референтіне:

–Мына баланы Құдайбергенге тапсыр, қарамағына бер!—деп, мәселені тез-ақ шешті.

Референті мені ертіп маңдайында «Терминком» деген жазуы бар есіктен енді де, бөлменің төр жағында отырған дудар шашы буырылдана бастаған ықшам денелі кісіні нұсқап:

–Құдайберген ағаңыз осы, профессор Жұбанов деген кісі, анау отырған – Эмина Мәметова апаңыз, – деп, қарсы столдағы ұзын бұрымды, жүзі ашаңдау келіншекті таныстыруды.

Мен бұл үйдің ішіндегі адамдарды шолып шыққанша, референт пен профессор Жұбанов бірденелерді сөйлесіп жатты. Менің құлағыма тигені «әзірше термин тере тұрар» деген келте қайырым болды. Маған жат «терминком», «термин тери» деген сөздер бұрын есітіп көрмегендіктен,

жаныма жайсыздау тиді. Мен жыл жарым уақыт бойы сөзді шапшаң жазуга әбден көніккен стенографист едім, енді оны тастай салып, басқа бірдене істейтін болсам, «бүкіл бейнетімнің далаға кеткені ғой» деп уайымдай бастадым. Оның үстіне мына өңшең сақа адамдардың ішінде «тұншығып» күн ұзын отыру да бір азап қой. Олар маған ілтифаты да аз, сөзге де сараң стол басына сіресіп қалған кіл тәкаппар жандар сияқты көрінді. Менің осы ойым жүзіме ойнап шыққанын аңғара қалған Әмина апай:

—Құдайберген, мына баланы ұмытып кеттіңіз ғой, – деп ескерту.

Маған көңіл бөлудің орнына ағай:

—Әлгі Ғайнетдин қайда жұр? – деп үшінші біреуді сұрады.

Сонан соң біреудің «келіп кеткен» деген жауабына қанағаттанды да, өз ісімен шүғылдана берді. Түрлі жұмыспен келгендер кіріп-шығып, оның үстіне өзін әлсін-әлі наркомға шақырып мұршасы болмады ма, әйтеуір, мен ескерусіз қалып, есінеумен отыра бердім.

Содан түскі үзілістің қонырауы соғылғанда мен орнынан тұрдым. Ойым: «Күнде бұлай бос отыратын болсам, өмірім еш кетер, одан да өзім билетін есеп-қисап жұмысына-ақ орналасайын» болды. Менің осы қобалжұымды сезгендей-ақ Құдайберген ағай қағаздарын тез ғана стол тартпасына салды да, «Жұр, қалқам», деп мені ертіп алды.

Біз Красин көшесі мен Совет көшесінің қылышқан жеріндегі ҚазПИ-дің мұғалімдері тұратын қарағай үйдің екінші қабатына көтеріліп, Құдайберген ағайдың үш бөлмелі пәтеріне келіп кірдік. Қара көлеңкелеу үйдің ең үлкен бөлмесіне қалың кілем жайылып, бір салар көрпешелер тәселип, дастарқан әзірленген. Ауылдағы үйлердің салтымен ақ самаурын бұжылдап тұр. Шай дастарқаны үстінде жұмсақ нан, сарымай, құмшекер, тәттілердің ортасында қазақша шыжыта қуырған қызыл қуырдақ бізді күтіп тұр екен. Құдайберген ағай мені Раушан жеңгеймен таныстыруды. Жеңгей мені бұрыннан билетін адамша: «Төрлет, төрлет!» – деп жатыр. Үйде бөгде кісі жоқ дастарқан басында үйелмелі-сүйелмелі төрт бала. Мен солардың жоғарғы жағынан барып орналастым. Жеңгей емшектегі бесінші қызын құшактай отырып шай құя бастады.

Шайдан кейін кеңсеге қайта оралып, ағай мені кабинетіне ертіп кірді де:

—Алдағы уақытта біз оқулық жазамыз, ал әзірге Ғайнетдинмен бірге сөз тере тұрасың. Бүгін үйіңе қайта бер, ертең тағы біраз ағаларыңмен таныстырам. Олар саған келешегің үшін керек. Мамандығың сирек мамандық, оның тәсілін өзің құнттап пысытпасаң болмайды. Қазір мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезін шақыруға әзірленіп жатырмыз. Соның стенограммасын сен жазатын боласың, – деді.

Үйдегілердің: «Қандай жұмыска орналастың?» дегендеріне «Сөз терем» деп едім, шешем қорқып кетті.

—Құдай сақтай гөр, «сөз тереді» деген атының жаманын! – деп, жағасын ұстады.

Басқалары да: «оныңды қой, саған қол емес екен» десіп жатыр. Мен болсам, өзімнің қандай жұмысқа тұратынымды білмейтіндігімді байқатпауға тырысып:

—Наркомпрос деген оқу-агарту орны, онда тек жақсы сөздерді ғана тереді, — деп, өзімше «қатырып» жауап бердім.

Ертеңіне тағы да ағаның үйінің ертеңгі шайының үстінен шықтым. Ағай шайды жастыққа шынтақтап ішіп жатыр, бірақ көзі алдындағы ашулы кітапта. Мен кіргенмен кейін басын көтеріп, жастығын былай қойып, тұрып отырды да: «Былай, шайға шық! — деді. Мен сыпайышылық жасап, «Ішіп келдім» деп едім, оныма қаратпай жеңгейдің жоғары жағынан отырғызды. Сол кезде есіктен ыржия құліп бір қара божалақ жігіт кірді. Оның түрінің қораштығына қараган ағай жоқ «Былай шық, былай шық!» деп төрдегі көрпені нұсқады. Өзіне көрсетілген қошеметтің салмағы батып кеткендей-ақ қара қожыр жігіт көрпеге шығуын шықса да, ыңғайсызданып қозғалақтай берді. Құлғен кезде аузынан сарғайып кеткен тістері сойдишп көрінеді...

—Ғайнетдиніміз осы, — деп, ағай маған бір қарап қойды да, — мына қарындастынды өзіңе тапсырдым, — деп, мені бейне бір бұйымдай-ақ әлгі ұсқынсыздау жігіттің билігіне ұсына салды. «Бұл жігітте тегін болмады» дедім ішімнен. Ағай оған әлі тапсырма беріп жатыр: —Біз қазір ҚазЦИК-ке, Асылбековке барып шығамыз, сен қарындастынды Наркомпроста күт, — деді Ғайнетдинге.

Ағай Абдолла Асылбековпен жұмыстарын реттеген соң біз Халық ағарту комиссариатына қарай беттедік. Онда кірген жерде мен ағайдан көз жазып қалдым. Бір картотеканың басында кітапқа қарап шұқынып Ғайнетдин отыр екен. Одан: «Не істейміз?» деп сұрап едім, сөз теретініміз шын болып шықты. Бірақ тегін емес, әр сөз басына төленетін тиыны болса керек. Мына үшінші курс студенті стипендиясына қосымша қаржы табу үшін «сөз тереді» екен.

Тағы бір ретте ағайдың үйіне келсем, үй-іші абыр-сабыр болып жатыр. Ленинградтан оқу бітірген екі жігіт келмекші екен. Ағай мен жеңгей сыйлы қонақтарын тік тұрып қарсы алды. Екеудің бірі – архитектор екен де, екіншісі – инженер-энергетик көрінеді. Таныса келе білсем, архитекторымыз Төлеу Бәсенов екен де, инженер-энергетик Ыбырай Тәжиев болып шықты. Кезінде аға бұларды Ленинградқа ертіп кетіп, тиісті оқу орындарына түсіріскеңі болмаса, ешқандай туыстық жақындықтары жоқ екен...

Ағай жазда оқулық жазам деп «Каменское плато» курорттың жанында тау баурайына киіз үй тіктіріп, семьясымен сонда жаз жайлауга шықты. Жалғыз үй болмадық. Бейімбет Майлин де қатар қонып, екі үй көрші болды. Маған Халық ағарту комиссариаты сол курорттың көшпілік палатасына жолдама берген еді. Сонда жатып жұмыс істеу үшін машинкамды, ақ қағаз, көшіргіш қара қағаздарымды алыш, мен де дайындала бастадым. Ағайдың бала-шағасын мінгізіп, төсек-орын, қазан-аяғын артып бір машина кеткенде, екінші машина кітап, қағаз, жазу столы тағы басқа

мұліктерді тиеп соның ізімен жөнелді. Мен келген бетте курорттың бас корпусына орналасып алдым. Бірақ ағай:

—Жұмысты тұнде істейміз, сенің бізге қатынап тұруың қын болар, бізben бірге киіз үйде жат, — деп ертіп әкетті. Мен өзімше жағдай айтқан болып, «жолдамам бар ғой», деп едім, ағай: «Е, оны қойшы, жолдаманың тамағын басқалар-ақ ішсін, біз мал соямыз, азықты қоймадан алыш тұрамыз, ішім-жем жетеді ғой», — деп мені курортқа жуытпады.

Киіз үйде жатқан қаншама еркін болғанымен, бес қанат үйдің төрінен босағасына шейін он адам: бес бала, ерлі-зайыпты аға мен жеңгей, жеңгейдің шешесі, солардың үстіне мен және Ленинградтан келген аспирант Хамза Есенжанов — бәріміз иін тіресіп жатамыз. Оны да ағай оқулық жазуыма көмектеседі деп өзі шақырып әкелген. Жас жігіт жазғы демалысында осылай жұмыс істеп, күз окуға кеткенінше біраз қаражат таппақшы. Онымен бірге оқитын Мұхаметжан Қаратасев та сол ниетте. Бірақ ол бұл үйде емес, Бейімбет ағанікінде жатады.

Әдетте ағаның үйіне тауда да, қалада да қонақ көп келеді. Үй-іші келген-кеткен кісіден бір де жерінбейді, барын алдарына төгіп салып отырғаны. Пейілдің соншалық қеңдігі кім-кімді де өзіне тартпай тұрмайтын шығар. Курорт қоймасынан қанша тағам алынбасын, лезде сап болады. Азықтуулікті тасып жеткізуші – біз Хамза екеуміз, не ағайдың өзі.

Біразға дейін дүмеп келіп жатқан сәлемшілерді әбден қонақ етіп болдым-ау деген шамада ғана жұмысқа кірістік. Жұмысты ел орынға отыра бастаймыз. Үйдің іргесіне үш ағаштың басын буып, сыртынан кенеп жауып, керосин шам өшпестей ғана құрке жасап аламыз да, мен соның ішінде отырып, ағаның қараңғы даладан айтқан сөздерін стенографиялап хатқа түсіремін. Тұнгі жазуларымды күндіз дешифровкалап машинкаға басам.

Сөйтіп, ісіміз едәуір ене бастады. Аға тұнгі жұмысқа тым сергек. Жеті қараңғы тұнде таңың бір уағына дейін болашақ кітаптың материалын іркілмей, хисса оқып тұрғандай, хатқа айтып жаздырады да, бір кезде сөзін доғарып, бүйра шашын бес саусағымен тарақтап қойып, сызат жерге салқындантып қойған тұнемел қымызды сапырып, сапырып жібереді, одан сырлы аяқта және сапырып құйып, рақаттана сіміреді. Кейде сол қалпы сусынын толғай тартып, асықпай ұзақ ойланып қалатын.

Адамсыз, меймансыз өткен бос күн санаулы-ақ шығар. Міне бүгін де күтпеген жерден кірпі шаш, кең танау, қапсағай қара жігіт кіріп келді. Москва ма, Ленинград па – біреуіндегі тұсті металл-кендері институтында оқитын Нәби Жақсыбаев деген студент екен. Зерек баланы аға Қонжардағы жетімдер үйінен ертіп, окуға түсірсе керек.

—Сонау жаман аштық жылдары, — дейді ағай, — үстінде қатқан тон, басында жыртық тымақ сірісінен басқан кен етігін сүйретіп Ленинградқа ертіп барғанымда, осы Нәби тап осындей болып өсіп жетіледі деп өзім де ойлаған жоқ едім. Өзі тіпті ақ көніл, міnezі жайдарлы-ақ – деп қуанады.

Сол Нәби кейіннен Социалистік Еңбек Ері, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, одактық мәні бар кен комбинатының директоры, ғылым кандидаты

болды. Сонда, оның айтуынша, Ленинградта жүріп оған қара нанын қақ бөліп берген адам осы Құдайберген аға болса керек. «Сөйткен ағаның арқасы ғой біздің оқып жүргеніміз!» – дейтін Нәби марқұмның өзі де.

Тағы бір күні аға екеуміз ертеңгі шайдан кейін қағаздарымызды алдарымызға ала бергенде, сау етіп қаладан бір топ артист келе қалды. Өзім билетін Серке, Елубайдан басқа, бұрын көрмеген екі жас жігіт бар. Біреуі соншалық биязы, сырпайы да, екіншісі тап бір ағаның кенже баласынша үйді баса-көктеп бара жатқан дәкір, тіпті бейбастақ десе де болғандай. Біресе өлендетіп, біресе тақпақтатып құтырынып отыр. Домбыраны қолынан түсірмейді, біреу бірдене десе, екі көзі қызырып, жағаласа кетуге дайын. Бір ғажабы – жасы үлкен артистер де, басқалар да үндемейді. Аға болса, жас жігіттің қылуасын қызықтаған адамдай уылжи қарап отырғаны. Соңынан білдім, биязы жас артист Шәкен Айманов екен де, «арқасы бары» режиссерлікке оқып жүрген Асқар Тоқпанов екен.

–Бұл бала, – деді ағай, –көп оқығаннан миы шаршап, толықсып жүр. Көктемде осы хабарды естіп Қазақстанның Москвадағы тұрақты өкілдігінің атынан Театр институтының директоры Анна Ильинична Фурмановаға (Дм. Фурмановтың қарындасы) барып жолығып, бір жылға академиялық үзіліс сұрап, өзім алып қайтып едім. Қазір драма театрының жанында стажировкада жүр. Ештеңе етпес, біраз тынығып, оқуын жалғастырады ғой, – деп қояды.

Кейін сол Асқар жүрерде осы үйден аттанатын, келсе – осы үйге түсетін ағаның «көп балаларының» бірі болып кетті.

Құдайберген ағаның үйінен менің көрген адамдарым – өз қатарлары ішінде Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Ілияс Қабылов, жеңгей «өкімет мүшесі» деп атайдын Құрамысов атты кісі т.б. азаматтар. Көңілдері өте жақын, бірақ алыстан сыйласып жүретін адамдары Асфендияров, Алманов, Мұхтар Әуезов болатын. Шамғали Сарыбаевпен медресе «Хұсайнияда» бірге оқыған, «школьный товарищім» деп араласатын, бірақ өзінің жасы Шәкеннен біраз кіші болса керек.

Ағаның «ақтөбеліктер» деп атайдын бір бөлек бастас, сыйлас адамдары да бар. Бұлардың көбі ағаның Орынбордан, Ақтөбе губерниясы, Темір уезінен білетін қызметтес жолдастары, ағарту майданының қызметкерлері екен. Ең жасы үлкені Молдағали Жолдыбаев Оралдан екен (жеңгей оны «қайнаға» деп, балалары «ата» деп атайдын), Нұғыман Манаев деген жолдасы Астрахань жағынан болар деп ойлаймын, ал Елемес Жәрменов шымкенттік еді. Оны білетінім, аға үйге Жәрменовтер келетін болса, жеңгейге қалжындалап: «Шымкенттің қазағы келгенде, етіңнен гөрі қамырың көп болсын!» – деп жататын. Ал, «нағыз ақтөбеліктер» ағамен Темір уезінің атқару комитетінде бірге істеген Жәкен Омарғазин мен сол 30-шы жылдары «Робинзон Крузоны» қазақ тіліне аударған Абдолла Құлбеков еді.

Бұл адамдармен күнде көрісуге оның мұршасы да болмайтын. Бірақ оқта-санда жұмыстан жалығынқырап кеткенде: –«Әлгі ақтөбеліктерді» бір аралап қайтайықшы, көптен көрмеген соң аңсап кеткенім! – дейтін. Бір қызығы – аға жұмысқа беріліп кеткен кезінде күннің, тәуліктің қай шамасы,

сағат қанша болды дегенді ескермейтін. «Уақыт кеш қой» деген кісіге, «Қайта сол жақсы, ерте барсаң, ас ішіп кет деп әуре қылады. Одан да қазір барып, амандықтарын біліп, мені өзір іздемейтіндей етіп қайтамыз» дейтін. Бала бастылау жеңгей ғана: «Мезгілсіз емес пе, үйлерінде жоқ шығар» дегендей болмашы наразылық айтатын. Бірақ, өзі де қонақшыл адам, ағаның ырқына кәнігі, кейде «жылап қалады-ау» деген баланы көтеріп, не шанаға салып, «тұнгі жорыққа» шығатынбыз. Ағаның достарында қалытқы жоқ қашан келсе де құшақ жайып қарсы алатын.

Кейде, осылайша, тұнгі сағат екі немесе үштің кезінде аға кенет «Ахметті көргісі келіп кетеді». Ошарылып онда бара саламыз. Ағасының «қолы тиіп» есігін ашқанға Ахаң да, оның әйелі Науат та мәз болысып, балаларды ысырып тастап, көрпе салып, дастархан жайып, тұн іші демей «міндетті тұрде» самаурын қойып, қаужандасады да қалады. Мен болсам, бірер кесе шайдан кейін бір жастыққа қисая салып, бұл ағалы-інілі екі адамның бірін-бірі бүгін көргендей ұзақ таңға әңгімелесіп, қимас сезіммен отыратындарына қайран қалушы едім.

Аға өмірге ғашық адам еді. Оның еліне, халқына деген мол маҳаббаты, жолдас-жораға, дос-жаранға, жақын-жуыққа деген құштарлық сезімінен де көрініс беретін. Түрлі жұмыстармен Ленинград, Москваға жиі барып жүретін ағаның жолға аттану рәсімі өзінше болатын. Ол сапарға шығады деген қуні «шығарып салушы» бірталай көңіл жақын адам сол, үйде бас қосатын. Әңгіме-дүкен қызып, келген жұрт дуылдасып отырғанда, аға өзінің жол жүретінін ұмытып кетіп, поезга шығатын уақытын өткізіп алатын. Жеңгей сәл сабырсыздық танытып: «Уақытты өзін шамалап отырмадың ба, мен келген қонақтың жайын ойлап жүргенде сағатты да байқамаппын, жолыңдан қалып қойғаның ұят болды ғой!» – деп сөйлей бастаса, аға тұрып: «Жол жүретін мен ғой, сен несіне абыржисың? Келген жолдастарды қимай отыра беріппін, қайтер дейсің, ертең де поезд болады ғой!» – деп саспай жауап беретін. Ағаның осы мінезін оның көзін көргендердің бәрі біледі...

Бұл кісінің сабырлылығы, ісіне мұқияттылығы мені қайран қалдыратын. Құнімен әдемілеп машинкаға басып қойған жұмысты таңертең келсем танымай қалам: тұнімен аударып-төңкеріп, кесіп-құрап, асты-үстін жазып-сызып қобыратады да қояды. Мен қынжылыңқырап: «Негіп тастағансыз?» – деп, қолыма ала бастасам, «Тимей-ақ қой, әлі ана мысалдарды тәптіштеу керек сияқты. Ілиясты тағы да біраз қарап едім, Горькийдің «Дауылпазын» өзіндей-ақ сөйлеткен екен. Сірә, мысалдың бірсыптырасын жаңарту керек шығар» деп отырғаны.

Құдайберген ағаның қарапайымдылығы, ізгілігі әулиеге пара-пар еді. Ешкімнен ештеме дәме етпейтіні, бірдеңені пайда қыла қояйын демейтіні оны періштедей-ақ көрсететін. Мен Құдайберген ағамен алғаш қызметтес болған он тоғыз жасымда оның білімімен ақыл-парасатына баға бере қоярлық халде емесім белгілі. Дегенмен ағаның абзал жаратылған жан екенін, өңге жүрттандырылған жеке-дара оқшаулығын сол кезде-ақ анғаратынмын. Оның

білімдарлығына, арабтың тілін орыстың тіліндегі менің еш күмәнім болмайтын.

Мынадай бір фактінің көзім көрді. Калинин ақсақалдың келуімен байланысты 1935 жылы Алматыға халық өнершілері шақырылды. Соның ішінде Сатыбалды ишанын Файзолласы дейтін зергер де келді. Бұл өзі кезінде медресе «Ғалияны» бітірген, одан кейін біраз уақыт Түркияда білім жалғастырган Торғай қазагы еді. Құдайберген аға осы адаммен екеуден-екеу, ас піскенше тек араб тілінде сұхбаттасып отырды. Кейін Файзолла қажы Құдайберген ағаның арабша еркін сөйлейтініне таң қалып, басын шайқап отырды.

Қазіргі қаламгерлердің көбі жазу столы, оңаша кабинеті болмаса «толғана» алмай, бап тілеп жүреді ғой. Құдайберген аға қолына қажетті кітап түсіп, ойына ой саларлық сәт түссе қалса, басқаны қойып, іске беріліп кірісіп кететін. Бұндай кезде ол отырған жері кухня ма, балалардың төсегі ме, біреудің үйі ме, әлде тіпті театрдың іші ме – бәрібір, маңайдағы тіршілікті ұмытып кететін. Оның сырын жақсы білетін жеңгей бұндай халде отырғанда ағаның маңынан шыбын ұшырмайтын.

Мен стенографиска бола жүріп талай ғалымдардың лекцияларын, жазушылардың шығармаларын стенографиялап жүрдім. Әдебиетшілердің ішінде Қажым Жұмалиевтың лекциясын жүрт селт етпей отырып тыңдайтын. Бірақ тіл білімінен оқылатын сабактардың бәрі бірден тартымды болмайтын. Ал, Құдайберген аға тілден лекция оқығанда, оның сөздерін тыңдауға тек филология емес, ҚазПИ-дің бүкіл басқа факультеттерінің студенттері жиналып қалатын, тіпті басқа пәндердің оқытушылары да келіп отырушы еді. Мен ағаның лекцияларына тек жазып алу үшін ғана емес, білім алу үшін де келетінмін. Менің қазақ тілінен алған бар білімім стенографистер курсы бола тұрса да, ағаның лекцияларын жаза жүріп, өзім үшін де біраз мәлімет жинадым.

Қазір өзі жоқ болса да, еңбегі еш кетпеген Құдайберген ағаны мен бақытты жан деп санаймын. Өніп-өскен бала-шағасын, үрім-бұтағын былай қойғанда, кейінгі мәдениетті қауым, оның шәкірттері, тіл білімінің кейінгі толқын жас буындары оның отын өшірмей, шырағын қайта маздатып жағып, еңбегін жарыққа шығарып, профессор Құдайберген Жұбановтың өмірін одан әрі жалғастырганы деп түсінемін.

Замана перзентіне одан артық қандай бақыт керек!

Ж.Жулаев

Друг сельских учителей (Воспоминания старого учителя)

С Худайбергеном я впервые познакомился в 1925 году. В тот год мы оба работали в Актюбинске, некоторое время были соседями по квартире. Я

тогда работал заведующим и учителем казахской начальной школы № 6, а Худайберген был инструктором по методике губоно.

В то время большинство книг в личной библиотеке Худайбергена было по педагогике, психологии. Особенно много он читал литературы по психологии. Ежедневно до 2-3 часов ночи сидел он, склонив голову над книгой.

Однажды я спросил его: «Худайберген, ты много читаешь книг по психологии, для чего это нужно!». Он ответил: «Когда ты работаешь среди людей, особенно среди молодежи, вооружая ее знаниями, наукой, и незнаком с психологией, особенно детской, то вся работа будет идти вслепую».

И позже, когда Худайберген достиг профессорского звания и переехал в Алма-Ату, мы не порывали связи, постоянно переписывались. Он редко отвечал на обыкновенные, бытовые письма, но когда его спрашивали о вопросах науки, воспитании, он не задерживал ответ. Будучи еще учителем семилетней школы пос. Алга Ключевого района Актюбинской области, я получил от него ответное письмо на свои вопросы. Это письмо сохранилось у меня.

Худайберген был весьма скромным человеком, он был чужд бюрократизму. Несмотря на постоянную занятость, он постоянно заботился о сельских школах, переписывался со многими учителями, давал им советы, а когда была возможность – лично беседовал с ними. Многие старые учителя, некогда работавшие на просветительском фронте вместе с Х.Жубановым, ныне пенсионеры, как Абдулла Беркинов, Опа Алпанов, не раз обращались к Худайбергену за помощью, советом по многим вопросам обучения детей.

За такую заботу и скромность учителя, знавшие Х.Жубанова, любили его, как самого близкого человека.

(Учитель Казахстана. 1957 г. 5 декабря)

E.Бірманов

Асыл аға

Сонау 20-шы жылдардың «Мешін-тауық» ашаршылығында жетім қалып, мектеп-интернатта тәрбиеленіп, сауат ашып жүрдім. Кейін Ақтөбе қаласының коммуна мектебінде оқып, орыс-қазақ тілінде білім алдым. Жиырмасыншы жылдардың ортасында Ақтөбеде тұнғыш совет-партия мектебі мен педагогикалық техникум ашылды. Бұл оқу орындары сол кездегі кедей-шаруа қазақтардың балалары үшін үлкен білім ордасы сияқты

болатын-ды. Ал, шынын айтқанда, ол уақытта орта білім беретіндегі қазақ оқытушылары губернияның өзінде саусақпен санарлықтай екен той. Өзінің ағартушылық қызметін төменнен бастаған Құдайберген ағамыз бұл тұста губерниялық оқу-ағарту бөлімінде жұмыс істеп жүріп, техникумда қазақ тілінен сабак берді. Міне, енді біздер, техникум оқушылары, осы ағамыздан дәріс алып, қазақ тілінен білімізді бұрынғыдан әлдеқайда шындағы түстік-ау. Тек программалық сабак қана емес, әдеби кітаптарды, газет-журналдарды құмарта оқуды да Құдекеңнен үйрендім. Мұғалімдердің кейбіреулерінде кездесіп қалатын қатыгездік, өркөкіректік осы ағамыздың бойында мұлдем жоқ еді. Бұл кісінің келбетінен біздер тек ұстамдылық, жанашырлық, ұлағаттылық, биязылық, қарапайымдылық қасиетті танитын болдық. Әр оқушысының сабак үлгірімін сұрағанда, бейне бір өзінің туған інісімен, баласымен сөйлескендегі ишарат танытушы еді. Сондықтан біздердің әрқайсымыз мұны туған ағамыз, қамқоршымыз, болашақта нағыз Адам болуға жолдама берушіміз санайтынбыз. Шынында да, солай болып шықты. Техникумда Құдайберген ағамыздан білім алғандардың бірталайы кейін совет, партия, баспасөз органдарында басшылық қызметте болып, бұл құндері партия, еңбек ардагерлері ретінде құрметті демалыста жүр.

Құдайберген ағай тек қазақ тілі ғана емес, бірнеше өзге тілдерді де менгерді, әрі әдебиеттің де түрлі саласына көніл бөлді. Губерниялық оқу-ағарту бөлімінде, әрі педтехникумде оқытушы қызметінде жүріп, 1928 жылдың қысында «Сегіз бен Мақпал» пьесасын жазды, мұны техникум студенттері Диқанбай Сахин, Жұсіп Сейілов, совет-партия мектебінің оқушысы Көздібаева сахнаға шығарды, қала тұрғындарына бірнеше рет көрсетілді.

Отызынши жылдың бас кезінде Құдайберген Жұбанов Ленинградқа оқуға кеткен-ді. Содан кейін оның қайда жүргенін білмейтін едім. Әуелі Ақтөбенің аудандық «Алға», содан соң облыстық «Социалды жол» газеттерінде жұмыс істеп жүріп, 1933 жылдың күзінде Алматы мединститутына оқуға түстім. Демалыс құні бір жолдасынмен колхоз базары қасында тұрғанымызда Құдайберген ағайға кездесе қалып, сәлем беріп едім, мені тани кетті. Газетте қызмет істеп жүріп, биыл мединститутқа келгенімді айттым. Ағайым: «Оқығаның жақсы-ау, бірақ медик болғаннан гөрі, журналистік саған қолайлылау еді той», – деді де қойды. Сонын біздерді ertіп базар ішіндегі үйғыр шайханасына апарды. Даюшы жігітке: «Айырықша заказдың үш лагманын әкеліңіз», – деді. Әрқайсымызға қос таяқшасымен үш үлкен кесені толтырып алып келді. Бұл тағамды менің тұнғыш рет көруім еді. Өте ыссы екен. Ағай әлгі екі таяқшамен көсіп, шұбатылған лапшаны асай бастады. Мен таяқшаны ұстай білмейтінімді айттып, бізге темір шанышқы беруін сұрадым. Ишекше шұбатылған ұзын лапшаны шетінен ауызға сүйретіп отырғанымда, ең соңғы шеті бетіме шылп ете түсті. Ұялғанымды қайтейін. Бірақ Құдекең «мұның не?» деген жоқ. «Ештеңе етпес, қарағым, үйренерсің. Бұл дүнген халқының ұлттық тағамы», – деді. 5-6 жылдан кейін алғашқы ұстазыммен кездессуім осылай болды. Бақсам, ағамыз Қазақ мемлекеттік

пединститутының кафедра менгерушісі екен. ҚазПИ ауласындағы оқытушыларға алған үйлердің бірінде тұратынын айтты.

Бұдан соң 1934 жылдың бас кезінде Совет көшесімен келе жатып, пединститут қасынан ағаймен екінші рет кездесіп, қолын алып сәлемдестім. Оқу жағдайымды сұрады. Мен былтырғы күзде өлкелік комсомол комитетінің тапсырмасымен мединститутты тастап, «Лениншіл жасқа» қызметке ауысқанымды есіне салғанымда: «Тіпті жақсы болған екен, жарайсың, жігітім, қадамың құтты, қаламың құшті болсын!» – деп қолымды қысты. Осы жұмыста, кейіннен Іле МТС саясаттық бөлімі газетінде, Алматы облыстық газетінде жұмыс істеп жүргенімде де Құдекен ағаймен талай кездесіп, сәлемдесіп, ақыл-кеңес алып жүрдім. Оның берген кеңесі әсер еткен болар, Ленинградтың журналистер институтына сырттай оқуға түсіп, алғашқы қысқы сессияға барғанымда, сырқаттанып қайттым. Сөйтіп, онда оқудың сәті түспеді.

Алматы облыстық газетінде хатшылық қызметінде жүрген кезде, «Каменское плато» курортында демалып жатқанымда, жеке адамға табыну салдарынан замандастары – әдебиетіміздің алыштары Сәкен, Ілияс, Бейімбет ағаларымыздың сонынан Құдекен де кесапатқа ұшырағанын естіп, қатты қапаландым. Амал нешік. Сөйтіп, ардақты ағаларымыз ғайып болды.

K.Ержанов

Жарыққа жетелегендер

Біз, аға ұрпақ алғашқы ұстаздарымыз Ұбырайдың шәкірттері едік. Орыс мектептерін оқып бітіргендер кексе қызметтерін атқарды, тілмаш, адвокат, орыс тілі мұғалімдері болды.

Солардың бірі қараңғы елден топ жарып шықкан, орыс, қазақ тілдерінің маманы, болашақ профессор Құдайберген Жұбанов еді. Менің ол кісіден дәріс алған таныстығым 1926 жылдан басталды.

Сол жылы Ақтөбеде педагогикалық техникум ашылып, біз – Торғайдағы Алтынсарин салдырған мектепте оқып, балалар үйінде тәрбие алған, оқып білімізді көбейтуге құштар жеті бала – осы техникумға келіп түстік. Ол кезде жоғары білімділер түгіл, орта білімді қазақтарды саусақпен санарлық еді. Педагогикалық техникум қазақтан орта білімді бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын бірден-бір оқу орны еді.

«Сауатсыз елде социализм құруға болмайды» деген Ленин өсietін жүзеге асыру үшін біз қыс оқып, жаз оқып сауатсыздықты жоюға, мәдениет жорығына аттандық.

Оқып, білім алуға сусаған біздер қыншылықтарға қарамастан, ұстаздарымыздың аузынан шықкан әрбір сөзін қағып алып, жаттағандай есте сақтайтынбыз. «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» дегендей, Құдайбергеннен алған ана тілі дәрісіміз ойымызды өсірді.

Біздің талабымызға сол кездегі білімді деген, көзі ашық, көкірекі ояу Алтынсарин мектептерінен өткен мұғалімдер іріктеліп алынған екен. Солардың ішінде Құдайберген, «Кедей» газетінің редакторлары Кенжеғали Абдуллин, Жиенғали Тілепбергенов, Үргыздан үш оқытушы бар екен.

Техникумның оқу үйі Некрасов көшесіндегі планерияның жаңындағы, қазіргі 5-балалар бақшасына орналасқан. Оның екі бөлмесінде Құдайберген семьясымен тұрады. Ақырап деген баласы сонда туды.

Құдайберген сабырлы, майда тілмен мағыналы сөйлейтін ұстаз еді. Ол көбінесе өздігінен оқып, білімін толықтыратын адам болатын.

Мұғалімдеріміз қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын. Сол кезде Ленинградта оқып жүрген інісі Ахмет техникумда орыстың сым аспаптары оркестрін ұйымдастырып, бірқатар оқытушылар балалайка, мандолин, гитара, скрипка аспаптарын үйренді, концерттерге қатынасты. Бұл орыс музика мәдениетін білуге жасалған алғашқы қадам еді.

Мұғалімдеріміздің басқаруымен «Мәдениет жорығы» қорына арнап, концерт, спектакль қоятынбыз. «Еңлік-Кебек», «Арқалық батыр», «Сегіз бен Мақпал» пьесаларын қойдық. Бас рольдерде аталас қарындасты Шарипа Жұзбайқызы Өтебаева (қазір Алматыда) ойнайтын.

«Жақсыдан – шарапат» дегендей, ұстаздарымыздың үлгі-өнегесі әсер еткен болу керек, техникумның бірінші кезегін ойдағыдай бітірдік.

Ол кезде ана тілін жақсы білетін жастар аздықтан біздерді әр салада қызмет істеуге жіберетін. Мен және бірнеше жолдастарым газет шығаруға мамандануым қажет болды. Педтехникумды бірінші болып бітірген Қазыбек Әзірмәмбетов, Хамит Құрмашев, Бисембай Ералин аудандық газеттердің редакторы, Ғұмар Аққұлов кейіннен республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы, Мұса Дінішев «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакторы, Габдыр Салықов, Сабыр Ильясов, Ерекеш Бірманов республикалық жастар газеттерінде істеді. Алғашқы басшы, партия, совет қызметкерлерінің де үшқан үясы Ақтөбе педтехникумы болатын.

1940-60 жылдары мен Құдайбергеннің туған жері Жұрын ауданында партия комитетінің бірінші секретары, онан кейін басқа қызметте болдым. Құдайбергеннің туған аулы бұрынғы «Жаңа тұрмыс» колхозы еді. Аудан орталығындағы қазақ орта мектебі Құдайбергеннің есімімен аталады.

Жақсының аты өлмейді деген осы.

A. Тлегенов

Незабываемая встреча

Актюбинское педагогическое училище, где я учился, находилось в то время в центре Октябрьского, Мугоджарского, Темирского, Байганинского районов – городе Темире.

В январе 1933 года наш старый учитель Хаким Косаев объявил о скорой встрече с Худайбергеном Жубановым, о его лекции. Студенты с нетерпением ждали встречи с известным ученым.

Мне посчастливилось увидеть этого человека раньше других студентов. Я и раньше заходил к редактору Темирской районной газеты «Социалистик майдан», бывшему своему наставнику Алпанову Опе. Зайдя на этот раз, я увидел у него гостя – известного ученого. Ему было более тридцати лет. Смуглый, с широким лбом, густыми черными волосами с проседью. Опа-агай и Худайберген сидели за дружеской беседой.

Назавтра Худайберген и Опа пошли на рынок. Не спеша, беседуя, они обошли базар. Я заметил у Худайбергена маленький блокнотик и коротенькую ручку. Он подходит к беседующим старики, слушает, иногда что-то записывает. Конечно, это для нас, молодых, было загадочно и непривычно.

После обеда Худайберген Жубанов пришел в училище, читал лекцию о развитии казахского языка, о словах, пришедших после революции. Лекция длилась полтора часа. Он лишь иногда заглядывал в блокнот, но лекция была очень интересной и содержательной. Мы узнали много интересного о своем родном языке.

После лекции ученый, отвечая на вопросы, остановился на богатстве казахского языка, на необходимости дальнейшего его исследования, развития, совершенствования пособий. На вопрос о том, что он записывал на базаре, Худайберген Куанович ответил:

–Богатство языка – у народа. Я записал из уст стариков много новых слов, названий.

После этого, вечером, он провел встречу со старшекурсниками училища. На встрече ученый говорил об известных в то время специалистах казахского языка Сауранбаеве, Балакаеве, ответил на многие вопросы, играл с молодежью в шахматы.

До сих пор у меня в памяти эта встреча с известным ученым, земляком Худайбергеном Жубановым.

(*Коммунист* (г. Эмба, Актюбинск, обл.). 1979 г. 29 декабря)

Ж.Балмагамбетова

Білімімен үлгі

Әлі есімде, 1936 жылдың күзді еді. Темірдегі педагогикалық училищеннің дайындық курсында оқып жүргенмін. Қазақ тілінен сабак беретін ағайымыз

Қама Қосаев «Қазақ тілінің грамматикасы» деген кітап шыққанын, оның авторы Қ.Жұбанов деген профессор екенін айтты.

Азғантай тиражбен шыққан жұқа мұқабалы кітап сол кісінің өзінің қолында ғана болатын. Ал біздер грамматиканың ережелерін соның айтуы бойынша дәптерге жазып алыш жүрдік. Бір күні ол тақтаға:

«Ауылдың алды айдын көл,

Айдын көлде шағала,

Айдын көлді жағала», – деп жазып, –кәне балалар, осыны талдал көрейік, – деді де, өзі түсіндіре бастады. Кейін білдік, мұғалім бұл мысалды Қ. Жұбановтың осы «Қазақ тілінің грамматикасынан» алған екен.

Сол жылы жазда «Професор Қ.Жұбанов келіпті, қазақ тілінің грамматикасы жайлы жоғары курс оқушыларымен әнгіме-кеңес өткізіпти», – деп естігенбіз. Ол кісінің келіп, кеткендігі жайлы сабак үстінде Қама ағайдан сұрадық. Ол үлкен үзіліс кезінде: «Жаңа сабак үстінде уақыт болмады. Енді профессор Құдайберген Жұбанов туралы аздал айтып берейін. Мүмкін, кейбіреулерің көрген боларсындар, май айында Темірге келіп кетті. Ол кісі осы аудандағы оқу бөлімін басқарған. Қазақтың тұңғыш тіл маманы. Қазақ тілінің жаңа грамматикасын жасады. Бұрын бізде араб әліппесі қолданылатын-ды. Қазақ жазуы үшін латын әліппесін қолданғандардың бірі. Қ.Жұбанов араб, парсы, түрік, орыс, монгол тілдерін біледі. Профессор, ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының менгерушісі», – деп таныстырған.

Ол кезде профессор деген атақ бізге таңсық. Оның үстінеге Қ.Жұбановтың бірнеше тілді менгерген адам екенін естігенде таң қалдық. «Ол соншама тілді қалай үйреніп, қалай менгерген» деген сұрақтар да қойдық.

Сол қадірлі ұстазым Қ.Қосаевтың ғұлама аға жайлы айтқаны әлі есімде, көңілде бәрі сайрап тұр. Білім теңізіне ерте сусындаған Қ.Жұбановтың ер туғасы алыстаған сайын биіктей түсетін сияқты. Оның ісі бәрімізге де үлгі.

Қазақ тілінің тұңғыш грамматикасын жасаушы, ғалым Құдайберген Жұбанов ағаның «Ауылдың алды айдын көл» деген мысалы есіме түс береді. Оның өзі де тіл білімінің айдын шалқар көлі екен деген ой кетпейді көңілден.

(Коммунизм жолы, 1979 ж., 20 декабрь)

К.Бекниязов

Мы помним его

Имя ученого, педагога Худайбергена Жубанова известно не только в его родном Мугоджарском районе, но и по всей республике. X.Жубанов

вложил много труда в исследование и развитие казахского языка. Свидетельством этому – десятки его научных трудов. Сейчас они широко используются учеными, преподавателями высших учебных заведений и средних школ. Доктор исторических наук, профессор Санжар Асфандияров приравнял и поставил его рядом с такими деятелями казахской литературы, как Сакен Сейфуллин и Мухтар Ауэзов.

Худайберген и со старшими, и с молодыми был всегда внимателен, приветлив. Мы были очень молоды в то время. Несмотря на это, Худайберген находил время на беседу с нами, при встрече расспрашивал об учебе, о наших планах, давал советы.

Никогда не угаснет в нашей памяти образ талантливого казахского ученого Худайбергена Жубанова.

(Коммунист (г. Эмба, Актюбинск. обл., 1979 г. 29 декабря)

Ж.Жолаева

Ағалардың ақ жолынан айнымай...

Біздің ата қонысымыз Шалқар маңындағы Қошқаратаның құмы деседі. Бірақ мен ес білгелі үйіміз Ақтөбе қаласында, соған жақын Алға поселкесінде тұрған-ды. Құдайберген ағамен біздің әке-шешеміздің алғаш танысуы да сол Ақтөбеде тұрған кезімізде болса керек. Мениң әкем Жангазы Жолаев бұл жайында «Ауыл мұғалімінің ақылшысы» («Қазақстан мұғалімі». 1957 жылғы 5 декабрь мақаласында былай деп жазған болатын: «...Менің Құдайбергенмен танысқаным – 1925 жыл. Өйткені сол жылы екеуміз де Ақтөбеде қызмет істедік, біраз уақыт бір пәтерде көршілес те болдық. Мен қаладағы № 6 қазақ бастауыш мектебінің менгерушісі әрі мұғалімі едім. Құдайберген губерниялық оқу бөлімінде методика жөніндегі нұсқаушы болатын.

Ол кезде Құдайбергеннің өз кітапханасындағы кітаптардың көбі педагогика, психология жөніндегі әдебиеттер болатын. Ол әсіресе психология туралы еңбектерді бас алмай оқытын. Құн сайын түнгі сағат 2-3-ке дейін сарылып кітап оқып отыратын. Бір күні мен одан: «Құдайберген, сен осы психология жөніндегі кітаптарды көп оқисың ғой, ол не үшін қажет?» – дегенімде, ол: «Өзің адамдар арасында, оның ішінде жастар арасында қызмет істеп, оларға ілім, білім үйрететін болсан, сүйте тұра психологияны, әсіресе балалардың психологиясын жете білмесен, қызметің не болмақшы? Ондай адам өз құралының тілін білмейтін ұста тәрізді», – деді.

Кейін Құдайберген профессор болып ғылым жолында еңбек етіп, Алматыға басқа қызметке ауысқан соң да мен онымен хат арқылы байланысып тұрдым. Ол жай шаруашылық жөніндегі хаттарға көп аса жауап қайтара қоймайтын, ал ғылым, білім, тәрбие мәселесі жөніндегі сұрақ

хаттарға жауапты кідіртпей беретін. Мен Ақтөбе облысының Ключевой ауданындағы Алға поселкесінде жеті жылдық мектептің мұғалімі болып жүрген кезімде келген хаттың біреуі әлі күнге дейін сақтаулы. Хатта қазақ тілінің грамматикасы, терминологиясы жөніндегі менің сұрақтарыма егжейтегжейлі жауап берілген. Хат 1936 жылы жазылған, көлемі – дәптердің 19 беті.

Құдайберген өте кішіпейіл адам болатын, менменсу дегенді өмірінде біліп көрген жан емес. Өзі жұмыс басты болып жүріп, ол ауыл мектептерінің жайын әрдайым есінен шығармайтын. Көптеген мұғалімдермен хат жазысып, хабарласып, реті келсе, жүзбе-жұз сөйлесіп, көмек беретін. Құдайбергенді ертеден білетін, ағарту майданында қызметтес болған, қазір пенсияға шыққан Абдолла Беркінов (Қазақ ССР-інің еңбек сінірген мектеп мұғалімі), Опа Алпанов сияқты қарт мұғалімдер де талай рет хат алыш, хат жазып, одан да жұмысына көмек сұрап отыратын.

Осындай қамқорлығы, кішіпейілдігіне бола Құдайбергенді мұғалімдер қатты ұнататын.

Профессор Құдайберген Жұбановтың ғылым майданындағы, қоғам қайраткері ретіндегі алуан еңбектері жайында республикамыздың ғалымдары, әрине, көптеген мақалалар, ғылыми еңбектер, естеліктер жазды. Ал мен осы адамның ұстаздығы, жаны жайсаң тәрбиешілігі, үлкен семьяның қамқоршы бас иесі болғаны жайында есімде қалған кейбір кезеңдерді айтқым келеді.

Құдайберген Қуанұлы Жұбановты 1928 жылдан бастап Ақтөбе қаласынан білемін. Құдайберген ағай біздікіне келіп әкеммен ұзақ әңгімелесетін. Менің жасырақ кезім, не айтқандары толық есімде жок, дегенмен жадымда қалғаны «мектеп», «оқу», «оқыту» деген сөздер. Москва, Ленинградқа кетіп бара жатса да немесе қайтқанда да біздікіне соқпай өтпейтін. Бірде (1930 ж.) ол кісі Ленинградтан қайтқан бетінде семьясымен біздікіне келді. Ағайдың ұстінде қара костюм, галстук таққан, шашы бурыл, сымбатты. Раушан женгей аққұба, талдырмаш, ұстінде әдемі тігілген желбіршекті күлгін крепдешин көйлек, аяғында байланатын ұзын қонышты бәтеңке. Қастарында үйелмелі-сүйелмелі екі бала – Мұслима мен Ақырап, киімдері бірдей – матроска. Бәрі де жарасып тұр. Сол кезде олар менің көзіме басқа ешкімге де ұқсамайтын ерекше жандар болып көрінді.

1934 жылдың күзі, Алматыға ҚазПИ-ге оқуға келдім. Қасымда жолдас қызым бар, документтерімді алыш институттың Совет көшесіндегі оқу корпусына келдік. Дәлізben жүріп келеміз. Қарсы алдымызда бір адам бізге қарап жыныш күліп келеді. Жақындай бере: «Сәлематсындар ма? Жәмила, әке-шешең аман ба?» – деді. Мен де тани кеттім: Құдайберген ағай екен. Менің не істеп жүргенімді, қайда тоқтағанымды сұрады. «Заттарыңды ал да, үйге кел, біздікінде тұрып оқы, өйтпесең женгей ренжиді», – деді де, адресін берді. Мен ертеңіне заттарымды алыш институттың оқытушы-профессорлары тұратын корпусындағы ағайлардікіне келдім. Женгей де қуаныш қалды. Ағай менің физика-математика факультетіне түскім келетінін қоштамады. Ағай:

«Рахмет-ақ математик болсын, сен тіл-әдебиет факультетіне түс, қазақ тілінің ашылмаған, анықталмаған жақтары көп. Жақсы оқысаң ғалым боласың», – деді. Мен, әрине, ол кезде «ғалым» дегеннің кім екенін, не істейтінін білгенім жоқ, бірақ ағайдың ұсынысына қарсылық жасамадым, сол факультетке түсіп оқи бердім.

Осы тұста ағайым Раҳметтің (кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі) бір айтқаны есіме түседі. Таşkentteгі Irrigation институтында (САИТИ) оқып жүрген кезі жолы түсіп бір себептермен Алматыға келеді. Жұбановты тауып алғып сәлемдеседі.

Професор тіл білімі туралы бұрын-соңды естімеген көптеген қызықты әңгімелерді майын тамызып айтып береді. Ағайым айтатын: «Мен тіпті оқып жүрген институтымды тастанап, ҚазПИ-ге ауысып, тілмен айналысқым келіп кетті», – деп.

«Көңіл сыйса, орын табылады» деген рас екен, кішкене-кішкене үш бөлмеде он шақты адам тұрдық. Оның үстіне бұл кісілердің үйіне құнбе-құн жазушылар, институттың оқытушылары, студенттері келіп тұрады. Басқа қалаларда оқып жүрген студент, аспиранттар да жазғы, қыскы демалыс кездерінде келіп-кетіп тұрады. Мысалы, доценттер Баталов, М.Жолдыбаев, жазушы F.Мұсірепов, аспиранттар I.Кеңесбаев, М.Балақаев, М.Қаратасев, X.Есенжанов, студенттер Т.Бисенов, F.Мұсабаев, К.Жаманбаевтар жиі келетін. Ағай да, жеңгей де кім келсе де қабақ шытпай, қошаметпен қарсы алатын.

Осы адамдардың қай-қайсысы да сол кезде профессор Жұбановтан білім, тәрбие, ақыл-кеңес алғаны сөзсіз. Қазір бұлардың көпшілігі республикамызда ғылымның, әдебиет, мәдениеттің көрнекті қайраткерлері.

«Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» дегендей, Құдайберген Куанұлы сөйлескен адамның білім дәрежесі өзінен көп төмен болса да, оны жақсылап тыңдал, ойын еркін айтуға мүмкіндік беретін еді.

1936 жылдың жазында Құдайберген мен Бейімбет Майлин семьяларымен Каменское платода екі киіз үй тігіп, жұмыс істеп жатты. Бейімбет «Аманкелді» пьесасын жазып бітіріп, Құдайберген қазақ тілі грамматикасының фонетика бөлімін аяқтап қалған.

Біз ағайдың қызы Мұслимамен жазғы демалысқа ауылға барып қайтып, Каменское платоға келсек, Бейімбет пьесасын ағайға оқып отыр екен. Мені Бейімбетке таныстырып:

–Студент, тәуір оқиды, тыңдал, пікір айтсын, – демесі бар ма?

Жазушы жалғастырып оқи берді. Бір актісін бітірген соң, Құдайберген:

–Қане, Жәмила, не айтасың? – деді. Маған айту қайда, ұялыш жөнді тыңдай да алмай отырғанмын. Менің қысылғанымды сезіп, далаға шығып, ойнауымызға рұқсат етті. Қазір ойласам, бұл жас қыранды аңға салған сияқты, ұстаздың баулып, тәрбиелегені екен гой... қайран ұстаз!

Құдайберген Куанұлы бізге «Тіл біліміне кіріспе», «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасы» курстарынан лекция оқыды. Тілдің коғамдық-

әлеуметтік мәнін, өз алдына ғылым екенін, оны зерттеудің теріс және дұрыс әдістерін біз алғаш Жұбановтан естіп білдік.

Жоғарыда аталған курсардан жазылған материалдар, оқулықтар болмады. Сондықтан лекторға да, студенттерге де көп қындықтар кездесті. Біздерді орыс лингвистерінің еңбектерімен таныстырып, оларды оқуды, қалай пайдалануды үйретті.

Професор қазақ тілінің кейбір құбылыстарын, категорияларын түсіндіргенде, басқа түркі тілдерімен салыстырып, ұқсастығына, айырмашылығына көніл бөлді. Тіпті өзіміз оқып жүрген неміс тілінен де мысалдар келтіріп, салыстыратын. Бұл біздің тіл білімі туралы түсінігіміздің тар шеңберде қалып қоймай, терен, жан-жақты болуына әсерін тигізді.

Лекцияларында студенттердің қолдарымен жасалған кейбір кесте, схемаларды қолданумен қатар, бор мен тақтаны көп пайдаланатын. Лекцияға өзі де беріліп, бізді де қызықтырып, баурап алатын. Кейде киімдерінің де бор болып қалғанын байқамайтын.

Професор ақырын сөйлеуші еді. Қызықтырып, көрнектілікпен түсіндірудің арқасында аудиторияда әр уақытта тыныштық орнап, лектордың сөзін жақсы естіп, конспектілеп отыратынбыз.

Лекцияның үзілісі кездерінде студенттер профессор Жұбановты қоршап алып, сұрақ жаудыратын. Тек сабак бойынша ғана емес, басқа да ғылым салаларынан, өнерден, оқыған кітап мақалаларынан да сұрақ беретін. Оларға ренжімей, ерінбей жауап қайыратын. Оқытушылар демалатын бөлмеге жетпей-ақ, жарым жолдан лекцияға қайтып оралатын кездері аз болмайтын.

Студенттердің әр нәрсеге қызығып сұрақ қойғандарын, кітап оқығандарын қатты бағалайтын. Өзінің үйіндегі кітаптарын да шәкірттеріне оқуға беріп тұратын еді.

Ұстазымыз студенттерді төменгі курсардың өзінен бастап-ақ тілге байланысты кейбір анықтау, талдау жасау сияқты жұмыстарға тартты. Мысалы: өзінің мектепке арналған «Морфология» кітабы жарық көргеннен кейін біздің курсағы бірнеше студентке тапсырма берді. Біріншіден, «Қазақ тілі грамматикасы. Бірінші бөлім. Жалпы морфология» аталатын оқулық жөнінде елге барғанда пән оқытушыларының пікірін білу; екіншіден, VII класс оқушыларынан жазба жұмыс алып, сауаттылығын байқау, әсіресе термин сөздерді жазуларына, жаңадан енген «ф», «х» әріптерін пайдалануларына талдау жасау. Мысалы, Ә.Ахметов Талдықорған мектебіне, Ә.Әбішев, Қ.Жаманбаев Қызылорда мектебіне, мен Ақтөбе мектебіне бөліндік. Кейін өз байқағандарымызды жазып әкеліп профессорға тапсырық.

Жоғарыда айтылғандай, қамқорлық профессор Жұбановтың білімге құштар жастарға деген ерекше сүйіспеншілігінен, ілтипатынан болса керек.

Қ.Жұбанов комсомол жиналыстарына да жиі қатынасып, кейбір мәселелерді шешуде ақыл-кеңес беріп отырды. Комсомолдардың бір жиналысында (1935 ж. болу керек) комсомол комитетінің оку секторы

үздіктер мен екпінділердің тізімін оқығанда, біреулер ана студент, мына студент байдың баласы (соның ішінде Сүлеймен Жүсілбеков бар), оларды өткізбеу керек, сызу керек деп өңештейді. Жұбанов өз сөзінде жақсы оқудың үлкен еңбекпен келетінін, олайша қараудың теріс екенін, студенттің еңбегін дұрыс бағалау қажеттігін айтЫП, даурықпаларды тоқтатты.

Профессор Жұбанов өзінің адамгершілік сипаттарымен, білімдарлығымен оқытуши профессорлар арасында да, студенттер қауымының арасында да зор беделге ие болды.

Құдайберген ағай үйінде де қызметтегі сыпайы қалпынанөзгермейтін. Үй-іші, бала-шагаға да жайлыш болды. Ашу шақырып, жанжал шығарған емес. Жұмыстан бас ала алмай жүрсе де, балаларына көңіл бөлуге уақыт табатын. Мектепте оқып жүрген балаларының сабактарынара-тұра болса да тексереді. Мұслиманыңжазған өлеңдерін, Ақыраптың салған суреттерін көріп тәуір жағын, кемшіліктерін көрсетеді. Балаларымен, жұбайы Раушанмен кинотеатрға барып тұратын. Сол жылдары театрда жүріп жатқан «Шұғаның белгісі», «Тұнгісарын», «Айман-Шолпанға» барғанымыз әлі есімде.

Інісі Ахметтікіне барғанда пианиноға ойнатып, Ахаңыңқоңыр дауысымен сызылта әндерін тыңдайтынбыз. Кейде бәріміз де қосылып кететінбіз.

Ой, заман, шіркін-ай десенші!

Көңілдерін қалдырмай, сонша жақын болғандықтан да, балалары папасын өте жақсы көретін. Папасы зекіп, нұқымаса да, барлық балалары да тәртіпті, жақсы болып өсті. Ол ата-анасының жеке бастарының үлгі-өнегелерінен де ғой деп ойлаймын.

Сол ел басына түскен ауыр күндерде ҚазПИ-ден талай профессор, оқытуши, тіпті студенттер де қамалды. Қ.Жұбановты да ұстап алып кетті. Көптеген студенттер комсомол қатарынан шығарылды. Мені де «халық жауы» Қ. Жұбановтың үйінде тұрган» деп комсомол қатарынан шығарды.

Ол заманда жаңың аши тұрса да, біреуге-біреу көмекке келу, қол үшін беру деген мүмкін емес. «Қараланған» адамның күйесі нахақтан тағы біреуге «жұға» салады. ҚазПИ-де Құдайберген ағаның артына мықтап түскен адамдар да болды... Олар Қ.Жұбановтың өзін ғана емес, оның шәкірттері мен пікірлестерін де «халық жауы» деп қаралады. Осындай «қараланған», Құдайберген «ұлым» деп атایтын сүйікті шәкірті Хамза Есенжанов, ағаның «інісі» аталатын Мұхаметжан Қаратаев ұсталып кетті. Өзін Құдайберген ағаның тұңғыш баласында сезінетін Мәулен Балақаев (ол Қ.Жұбанов ұсталатын ең соңғы күнге дейін жаңында бірге жүрген) көп әуре-сарсаңмен, әйтеуір аман қалды. Ал ағаның «зерек шәкірті» саналатын Г. Мұсабаев пен әдебиетші Қалижан Бекхожиндердің сол тұста кандай күйге түскендерінен көп хабарым жоқ. Бірақ «Профессор» атты мақаланың авторы Ғали Орманов біраз таяқ жеді.

Мен өз басым «төбеге ұрған танадай» болып, аяқ жолдан адасуға сәл қалдым. Бұрын періштедей көретін қайран ағамыз «жау» болып шықты,

жақын жүретін құрбы-құрдас маңайымнан безіп кетті, ешкіммен сырласуға, сөйлесуге болмайды. Не істерімді білмей, дал болдым да қалдым.

«Ерді кебенек ішінде таны!» дегендей, сол бір үрей мен болмашы үміттің алмағайып заманында өзінің адамшылық арын, сабырын жоғалтпай, «құтың отын ақымақ үріп өшірмесіне» сенімі берік азаматтар да болады екен. Соның бірі маған да кезікті. Ол – менің болашақ жар-жолдасым, алты баламның әкесі Дәмен Дінасылов еді. Менен бір-екі курс жоғары оқитын Дәмен осы Алматы облысының Кеген-Нарынқол жағынан келген екі беті сәл қызыл шырайланып тұратын, сұнғақ бойлы, қасы-көзі қыылған, сұлу жігіт болатын. Әдемі тенор даусы бар, екеуміз үйірмеде «Қыз Жібек пен Төлегеннің» арияларын айттып жүретінбіз. Мен қатты жабығып, «енди қайттім?» деген халге келіп жүргенде, Дәмен маған ақыл айтты:

—Сен өзінді былай аздыра берме, әлі кімнің кім екені танылып, қараланған адамдардың «ақ-қарасы» ашылады. Сенің жеке басында еш жазық жоқ. Алар жазанды алдың, енді бұдан әрі жасыма! – деп жұбатты. Бұл сөздер маған үлкен демеу болды, өзімді өзім қолға алып, институтты «үздік» бітірушілердің бірі болдым. Біз үйлендік. Мен № 12 мектепке мұғалім болып орналастым. Дәмен партиялық жұмыстарда болды. Мен кейін келе жолдасынан «заман жағдайын» сұрайтынмын. Менің түсінбейтінім: осыншама білімдар, инабатты «елім-халқым» деп жүрген аға секілді адамдардың бәрі «жаяу» болғанда, біздің «досымыз» кім? – деп ойлайтынмын. Дәмен маған ашып айта алмаса да, көп мәселеде түсінік беретін. Сондай бір екеу-ара кеңестің бірінде ол адамгершілік, парасат жайын дәлелдеп, мынадай бір мысал айтты: –Өзін аға тұтқан Құдакең тек жай ғылым иесі, профессор ғана емес, үлкен адамшылықтың, қазақ айтатын «бір аттығы артық» азаматшылықтың да биік тұғырында тұрган жан еді. Бірде, шамасы 1935 не 1936 жыл болуы керек, студенттер арасында: «Бізге мұғалімдікке Ахмет Байтұрсынов келетін болыпты, ол кісіні «Құдайдың» (аганы кейбір жастар осылай атайдын) өзі шақырыпты деген сыйыс тарап кетті. Сол – сол-ақ екен, ҚазПИ-дің сол кездегі директоры Сақаев, партия үйымының секретары Дүйменов бізді шақырып алып: ешбір желігу, топ болып қарсы алу деген болмасын! Байтұрсыновқа қошемет көрсеткен адам окудан шығады! – деп ескертті. Біз жым-жылас болдық... Содан межелі күні Федeração паркіндегі музей үйінде орналасқан «Ұлт мәдениеті институтының» директоры Алманов жолдас: «Ахаң бізден шығып, ҚазПИ-ге кетті» деп телефон соғыпты деген хабар алдық. Студенттер бөлмелеріне «сыймай», әр жерден қылтиып-қылтиып қарап жүр. Бір кезде етженді, шляпа киген, көзіне пенсне салған, қолына таяқ ұстаған, әсіресе бізге таңсық көрінгені – галстуғының қыстырығышы бар келбетті адам парктің ішіндегі аллеямен жүріп отырып, қазіргі Совет көшесінің арғы бетіне, ҚазПИ-дің қарсы алдына келді. Біз тырп етпедік! Тек ақ бурыл шашты профессор Құдайберген Жұбанов қана тез басып, келе жатқан адамның алдынан шығып, көшениң арғы бетіне өтіп қарсы алды. Олар сыпайы амандасты. Содан соң Құдакең құрметті қонағын қолтықтаған күйі институтқа алып кіріп, дәлізді бойлай жүріп отырып, «оку

бөлімінің» әкімшілігіне қарай кетті. Біздер аудиториямызға тығылып қала бердік...

—Кейін естідік, — деді Дәмен маған, сол сапарда Құдекең А.Байтұрсыновты өз кафедрасына қызметке шақырыпты, бірақ институт басшылығы бұған қарсы болыпты. Міне, қазақ тілін ғылыми пән етуді мақсат тұтқан бұл екі адамның бір-біріне деген ілтираты осындай болған. Олардың идеялық бағыт-бағдары да, ғылымға көзқарасы да, творчестволық ой-санасы да сәйкесе бермейтін, біреуі — «ескінің соңы», екіншісі — «жаңа сипатты» алғыр ғалым болатын. Сонда да бұлар адамшылық жолынан таймаған, бірінебірі сенген, бірін-бірі «кебенек ішінде» таныған адамдар еді...

Дәменнің айтуынша, осы жағдайдан кейін тағы біраз оқиғалар болса керек. Институт директоры Сақаев пен парторг Дүйменовке колективтің наразылығы күшейіп кетіпті. Көп арызды тексеруге ҚКП Орталық Комитетінің тарапынан А.Ф.Тевосян басқарған арнаулы комиссия шығыпты. Тексерудің қорытындылары Орталық Комитеттің бюросында қаралады. Істің мән-жайын бюроға баяндаған Анна Федоровна Тевосян — Алматыдағы Жоғары партия мектебінің директоры, Левон Исаевич Мирзоянның зайыбы екен. Сондықтан ба, әлде басқа себебі бар ма, Л.И.Мирзоян жолдас жай қатысып отырыпты да, бюро мәжілісін республика Халық Комиссарлары Советінің председателі Ораз Исаев жолдас басқарыпты. Білетіндердің айтуынша, Анна Федоровна елімізде Ауыр өнеркәсіп министрі болған атақты Тевосянныңқарындасты, оқымысты, адаптация қызметкері болса керек. Ол ҚазПИ-дегі шын жағдайларды ашып айтЫП болған соң, О.Исаев жолдас ең әуелі республика Халық ағарту комиссары, ел ішінде «Темір нарком» атанған Темір Жүргеновке түйіліп, Қазақстандағы «Қара шаңырақ» оқу орнына Сақаев секілді «кездейсік» адам қалайша директор болған? деген сауал қойып, қатал сын айтЫПты. Одан кейін Орталық Комитеттің идеология жөніндегі секретары Ілияс Қабылов жолдасқа қарап: «Мен мына Дүйменов деген «құды» білемін, бұл Қазақстанның онтүстік өңірін бұлдіріп келген алаяқ. Ондай адамға ҚазПИ түгіл, басқа орынның партия үйімін да сеніп тапсыруға болмайды! — деген үзілді-кесілді тұжырым жасапты. Бұл жайтардың бәрінің нағыз ортасында болып, Сақаев-Дүйменовтерге қарсы батыл қүрескен (Дәменмен бірге оқыған) Мұратбаев деген жігіт екен. Сол күндерде ол институт комсомол үйімінің бірінші секретары болғандықтан, жоғарыда айтылған бюро-мәжілісіне бірге шақырылса керек. Ұлы Отан соғысы жылдарында Мұратбаев қан майданда қаза табады...

Басы қазақ тіл білімінің екі майталманы арасындағықарым-қатынастан басталған «өткен өмір белестерінің» еске түскен бірері осылар.

Біз Дәмен екеуміз де ұзақ жыл ұстаздық етіп, өзімізді сағалап келген біраз жетім балалардың, ағайын-туыстардың оқып, білім алуына әліміз келгенше септігімізді тигіздік. Мүмкін, біздің бұл ісіміз де «ағалардың ақ жолынан аумау» үшін жасаған талпынысымыз болар. Қазір мен 70-ке келдім, пенсияға шығар алдындағы соңғы қызметім қаладағы алғаш ашылған қазақ мектеп-интернаттарының бірінің директорлығы болды. Ал Дәмен ҚазПИ-дің

партия тарихы кафедрасының доценті бола жүріп, құрметті демалысқа шықты. Қазір ол 74 жаста.

Құдайберген аға жайлышы естелігімді Раушан жеңгем турагы бір-екі ауыз сөзбен аяқтамақын.

Ерлері ұсталып кеткен әйелдердің кейбіреулері сондай сергелден кезде басы қатып, балаларын сақтай алмай да қалды. «Қайраты бар кісінің, ләззаты бар ісінің» демекші, Раушан жеңгей тез есін жинап, балаларымен елге көшіп кетті. Екі білекті сыбанып колхозда еңбек етті, бала-шағасын асырады, оқытты. Тұлпардың тұяғының сынығындағы Құдайберген Жұбановтың балаларын сақтап қалды. Мың да, бір рахмет сізге, Раушан жеңгей!

Алматыға көшіп келіп, қайнысы академик Ахмет Жұбановтың селбеуімен балаларын әрі қарай оқытып, мамандыққа баулыды. Қазір олардың әрқайсысы ортан қолдай қызметкер – Мұслима, Есет, Асқар – ғылым кандидаттары. Әке жолын қып кейбір балалары ғылыммен айналысты. Әрине, оқымысты әкелері тірі болғанда, олар бұдан да зор табысқа ие болар ма еді, кім білген?!

Мен осындағы тату-тәтті семьяда, өз балаларының қатарында аз да болса тәрбиеленгеніме, профессор Жұбанов сияқты абзал ұстаздан білім алғаныма өзімді бақыттымын деп санаймын. Тек ұстазымның сенімін ақтай алмадым, ғылым жолына түспедім, өйткені институтты «өте жақсы» деген бағамен бітіргенмен, сол кездегі жалпы жағдайға, сенімсіздікке байланысты аспирантураға қабылданбадым. Бірақ ұстазымның жарқын бейнесі есімде мәнгі сақталады. Шындық женді.

X.Меңдібаев

Ағаны көріп іні өсер...

1922 жыл. Январь айының бас кезі. Ауылдан уездің орталығы болған Темір қаласына бармақ болып, өзімнен 12 жас үлкен домбырашы әрі әнші Есқара деген ағайға еріп шықтым. Есқара ағай Жұбан аулының туған жиені болатын. Қалаға жақын жердегі бір ауылға қонып, таңертең сағат 8-9 шамасында Темірге келдік. «Кімдікіне, қай пәтершінің үйіне түсеміз», – деп сұрағанымда, ағай: «Осында нағашым бар, аты Құдайберген, өзі кішіпейіл, конақжай адам, ашық кісі, сонда барамыз. Сен өзің Құдайбергенді көргенің бар ма?» – деді. «Естігенім болмаса, көрген емеспін. Ол ағай өткен жазда біздің ауылда болып: «Келесі жылы ауылдарынан сауатсыздарды оқытатын мектеп ашамыз!» – деп уәде беріп кетіпті...», – дедім.

Қала тәртібімен таныс емес ел адамдарының әдетімен аттарымызды аулаға байлай салып: «Ассалау мағалайкум» деп салдырлай үйге кіріп келдік. Пәтер иесі Boқтыбайдың үйі екі бөлмелі екен. Кіре берістегі бөлмесінде үй иесі өздері, төргі бөлмесінде Құдайберген ағай әйелімен тұрады екен. Төргі бөлменің есігін аша бергенімізде, ар жағынан: «Торғайлар, тұра тұрындар

(«торғай» — біздің руымыздың аты), біз әлі киінгеніміз жоқ!» – деп жымия күліп шыққан ағай Есқарамен амандасты да, «Мына бала атқосшың ба?» – деп маған қарады. Есқара ағай: – Жақын туыс бала, арабша оқи да, жаза да біледі, төңкерістің алғашқы жылдарында 5 ай орыс мектебінде оқыды, табылса, қалаға қызметке де тұрғысы келеді, – деп мені таныстырып та үлгірді. Әлгіде, бөлменің есігін аңғырт аша берген кезімізде, төрдің он жағындағы кереуеттен тұрып жатқан жұмыртқадай аппақ жас сұлу келіншекті байқап қалғам. Бұл кісі – Құдайбергеннің ауыл-еліндегі бүкіл бала біткенге «мама», бұл күнде немере-шөберелерінің тілінде «ақ мама» атанған, біз сияқты қайнылары үшін «ақ женге» деп құрметтелетін кәдімгі Раушан женгеміз екен...

Құдайберген ағамыз – қалың қара бұйра шашты, дөңгелек жүзді, тік мүсінді, дene бітімі орта бойлыдан биігірек, келісті, өні қара торылау келген ажарлы жігіт екен. Әсем қоныр даусы, мағынасы терең сөздері мені еріксіз елтітіп, оның ойлы, кескінді жүзіне қарағыштай берем...

Боқтыбайдың әйелі төргі бөлмедегі кілем үстіне көрпе төсеп, дастарқан жайды. Дәстүрлі сәнімен шай әзірленді. Шай үстіндегі әңгіменің желісі, негізінен, оқу-ағарту, халықта білім беру, елді сауаттандыру жағдаяты болды. Құдайберген ағай өткен жазда Жиенғали Тілепбергенов екеуінің (Жиенғали да уездік оқу бөлімінде инспектор болған) мұғалімдерге арналған үш айлық курс ашып, ана тілі сабактарын оқыту жөнінде нұсқау-кеңес бергендерін, уездегі Темір-Орқаш болысының Тепсең, Шилі, Қопа секілді ауылдарында тұнғыш мектептер ұйымдастырып, енді алдағы жазда барлық ауылдық қеңестерде сауатсыздарды оқытатын мектептер ашуды ұйғарып отырғандарын айтты.

Құдайберген ағай күй тартатын, ән салатын өнерлі жігіттерді қатты құрметтейді екен. Шай дастарқаны жиналғаннан кейін Есқараға домбыра тарттырып, ән салдырды. Әрбір ән аяқталып біткен соң Есқарадан оның тарихын сұрап, кейбір айтқандарын қойын дәптеріне жазып алды отырды. Есқара ағай да қай әнді болмасын нәшіне келтіре, құйқылжыта салатын айтулы әнші еді. Оны 1934 жылы Ахан (А.Жұбанов) филармонияға алмақ болып, Алматыға шақыртқанда, Есқара: «Жасым қырықтан асты, жастардың ортасында менің енді жүру-тұруым да ыңғайсыз болар», – деп ауылдан ұзамай қалып еді.

Құдайберген ағамыздың ән-күй, жыр тыңдауға ерекше құмарлығын үақыт өте келе, әбден таныс-сырлас болған кездерімде де сан байқап, көзім қанықты. 1923 жылы жазда ол екі күн қатарынан қасынан кетпей Нұрпейіс Байғанин толғаған «Қобыланды батыр» жырын тыңдады. 1924 жылғы жазғы жәрменқеге Шалқар қаласынан Әли Құрманов келді. Кейін Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген артист болған Әлекен ол кезде жарауы түскен бәйге атындей ойнақшып тұрған жас жігіт еді. Сауда дүкеніне арналған жеті қанат бір киіз үйді уездік оқу-ағарту бөлімі арқылы Жәрменқе комитетінен сұратып алған Құдайберген ағай өзі басы-қасында болып екі күн ән салғызды. Қалада енді-енді қызығалдақтай гүлдеп келе жатқан ойын-сауық кештерінің қырдағы елге

жаппай өріс алуына мұның өзі де үлкен себепші болды. Сол ойын-сауықтарға мұрындық болған, мәдениет кештерін ұйымдастырған осы екі ағамыз еді. Жиенғали мен Құдекең 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған бір фельетонның, ізімен «Кек» атты пьеса жазып, Темірдің ауқатты татар саудагерінің жұн-тері жинайтын үлкен сарайында ойын көрсетті. Пьесаның мазмұнынан менің есімде қалғаны: бір бай 12 жыл есігінде жүрген өз жалшысын «тышқақ лақ» бермей үйінен қуып жібереді. Қорлық пен зәбірге шыдамай кектенген малай байдың тоқалымен көніл қосып, оны алыш қашып кетеді. Уездік сот, милицияның көмегімен бас бостандығын алған тоқал сүйген жігітіне қосылып, үйлі-баранды болып, аңсаған арманына жетеді...

Уездік қалада оқыған, көзі ашық қазақ қыздары болмағандықтан, пьесадағы әйелдердің рольдерін жігіттердің өздері ойнады. Байдың бәйбішесі кейпінде Жиенғали, ал тоқалы болып Әбдіхалық Отарбаев (орысша 2 кластық мектеп бітірген сұлу жігіт еді, 1937 жылы репрессияға ұшырап, құрбан болып кетті) ойын көрсеткендегі есімде. Сауық кешке қажетті киімдерді пәтерші қазақ үйлерінен сұрап алатын.

1922-24 жылдар аралығында Темір уезінің (Ақтөбе губерниясы) барлық жерінде қара шаруаны жаппай сауаттандыру ісі қатты қолға алышып, халық ағарту шаралары кеңінен өрістетілді. Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің қалың бұқараға түгел қара таныту жөніндегі қаулысы жарияланып, бұл мәселе аса маңызды әрі шұғыл жұмыс болып саналған тұс еді. Құдайберген аға осы жорыққа белсене араласты. Оқу жылы аяқталған соң уездің оң жақ өніріндегі Жем-Байсары болысын, Темір өзенінің төменгі ағысындағы Темір-Орқаш болысының ауылдарын аралап қайтуға елге шықты. Мен бұл кезде уездік жұмысшы-батырақ қызметкерлер кәсіподағының Жем-Байсары болысы мен Жем өзенінің жоғарғы ағысындағы ауылдық кеңестерде байлар мен батырақ-жалшылар арасында шарт жасататын нұсқаушы-үекіл болып қызмет істейтін едім. Құдайберген аға осы аталған жерлерді аралап, қалаға қайта оралғанынша қасында бірге жүрдім.

Ағай әрбір мектепте екі-үш күн болып, оқудың үш жылдық жұмыс қорытындыларымен, мұғалімдердің сабак беру тәжірибелерімен танысты. Оларға оқыту сапасын жақсарту жөнінде өз ақыл-кеңестерін берді. Сол жүрген жерлеріндегі сауатсыздарды оқыту ісіне де айрықша көніл бөлді. Қалаға арнайы адам жібертіп, сауат ашу мектептеріне қажетті қалам, қарындаш, кітап, дәптерлер алдырды. Сонымен бірге ауылдық кеңестермен келісіп, байлардың қосалқы үйлерін жазғы оқу жылы аяқталғанша, сауатсыздарды оқыта тұру үшін мұғалімдердің қарамағына алыш бергізді. Ол кезде болыс территориясында партия ұйымдары әлі құрыла қойған жоқ-ты, бірақ әрбір ауылдық Совет жанында комсомол ұялары бар болатын. Ағай қай жерге келсе де, комсомолдармен кездесіп, оқу-ағарту жұмысының маңызын түсіндіріп, жастарды сауат ашу жұмыстарына қолғанат болуға үгіттеп, ақыл-кеңесін аямады.

Құдайберген ағайдың кескін-келбеті, түр-тұлғасы қандай сұлу болса, жүрегі де сондай кіршіксіз таза, мінезі жұмсақ, сабырлы, кішіпейіл жан еді.

Шешенсімей ақырын сөйлейтін, соның өзінде әрбір сөзін, ой-пікірін тұжырымды, нақты да дәлелді етіп айтатын. Біреудің сыртынан қиянат сөз айтушы, ойланбай сөйлейтін адамды ұнатпайтын. Ондай әңгімелер қозғалған тұста қабағын сәл түйіп, үндеместен орнынан тұрып кететін.

Сол елде жүрген кезінің өзінде-ақ Құдайберген ағай қазақтың сөз қорын молайтуға, тілді тұтыну мәдениетін арттырып, тіл тану қабілеттерін дамытуға зор көңіл бөлетін. Ол кезде Темір қаласында жұма сайын уездің барлық ауылдарынан және көшпелі адай, табын елдерінен ұлан-асыр жұрт жиналатын базар болатын. Ағай да жұма сайын сол базарға барып, әңгімелесушілердің сөздеріне құлағын салатын, бұрын естімеген өрнекті сөз, мақал-мәтел, тіпті соны бір сөйленіс естісе де, қалт жібермей, қойын дәптеріне түртіп алатын.

Мен кейін де, Ақтөбе мен Алматыда оқып, қызмет істеп жүріп те ағаймен үнемі аралас-құралас болдым. Кездескен сайын мәнді, мағыналы әңгімелерін, ғибраты мол ақылды сөздерін тыңдадым. Оның бәрін айта берсең, көп әңгіме. Осы шағын естелігімде Құдайберген Куанұлы Жұбановтың қазақ ғылымы мен халық ағарту ісіне, мәдениет тарихымызға қосқан зор үлесін айтуды ағамен тұстас, қызметтес болған ғалым-азаматтардың еншісіне қалдырып, қадірменді ағамыздың өміріне қатысты көпшілік біле бермейтін бастапқы кезеңін еске алуды жөн көрдім.

Ал ағамыз ешқашан естен кетпейтін, ұмытылмайтын, ұмытуға болмайтын, өзі қатарлы тең-тұстастарынан шоқтығы биік, біртуар азамат, асыл жан еді-ау!.. Оның ағалық қамқорлығын көрген туған інілері – академик Ахмет, жастай опат болған мұғалім Мұхамбеди, Ұлы Отан соғысының құрбаны Нұрша Тәпеновті атамағанның өзінде, тұңғыш қазақ архитекторы Төлеу Бәсенов, Социалистік Еңбек Ері, металлург Нәби Жақсыбаев т.б. көптеген танымал азаматтар өсіп жетілді. Ал енді сол Ахандар бастаған аға буын ұрпақтың тәлімін көріп өскен жастар қаншама десенізші! Бұған тіпті Құдайберген мен Ахметтің өз балаларын мысал етсе де болғандай. «Әкені көріп ұл өсер, ағаны көріп іні өсер» деп халық бекер айтпағаны ғой!

F.Мұсабаев

Қ.Жұбанов – полиглот

Шығыстану ғылымымен кімдер шұғылданбады. Сонау ерте кезден бері қарай талайларды қызықтырған бұл ғылым Құдайберген Куанұлы Жұбановты да өзіне тартқан болатын. Сондықтан болар, Қ.Жұбанов қазақ тілін өзінің туыс тілдерімен (түркі тілдерімен) салыстыру жеткіліксіз деп билетін. Тіл ең көне құбылыс екенін ескере келіп, монгол, угро-фин тілдерімен салыстыра отырып, тұңғыс-манжур тілдерін місе тұттай, жапон тілі иероглифін оқумен шұғылданған болатын.

Рас, жапон-түркі тілдері арасында алшақтық мол. Жапон тілі тұңғысманжур тілі арқылы қытай-тибет тілдерімен ұштасатынын сезген Қ. Жұбанов жоғарыда аталған тілдер иероглифінің кілті – жапон тілі деп есептеп, жапон иероглифін игере бастаған-ды.

Үнді-европалық тілдердің негізін көне юнаннан (гректен) іздейтін Құдайберген Қуанұлы герман тілдерінен неміс тілін жақсы білсе, роман тілдерінен француз тілін кейін игерген еді. Семит тілдерінен арабты, үнді тобынан парсы тілін жақсы біліп қана қоймай, классикалық Шығыс әдебиетін түркі халықтарының әдебиетіндегі бойына сініріп, еңбектерінде сонысын талғап қолданғанын көреміз.

Полиглоттыққа академик Н.Я.Маррды, компаративистікке академик Самойловичті, шығыстануға академик Алексеев пен Позднеевтерді ұстаз еткен профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өз өмірінде көп еңбек етіп, қазақ тіл білімінің іргесін қалап, түркологияға үлес қосқан, шығыстану жөнінде құнды пікір айтқан тамаша ғалым еді. Сондықтан да ол тек тілші ғана емес, жалпы шығыстану саласында мол еңбек еткен ғалымдар салында тұрмак.

A.Ситдыков

Ученый-педагог

...Научнопедагогической общественности Казахстана хорошо известно имя первого в республике советского ученого-лингвиста профессора Худайбергена Жубанова. Бывший народный учитель, он прошел школу советской лингвистики при Академии наук СССР, а затем возглавил в аппарате Народного комиссариата просвещения республики научно-методическую и терминологическую работу, сочетая ее с активной деятельностью в учебных и научно-исследовательских учреждениях.

Состоявшиеся в эти годы исторические решения партии о школе, школьных программах и учебниках подняли еще выше социалистическое воспитательное и образовательное значение русского и казахского языков в школьном преподавании. Одновременно с этим необходимо было впервые издать переводные учебники по всем основам наук. В осуществлении всех этих неотложных мероприятий, возложенных на Народный комиссариат просвещения, неоценимую помощь оказал Х.Жубанов.

Школьные программы и учебник грамматики казахского языка, составленные на методологической основе советского языкоznания и советской дидактики, приобрели новое содержание на базе развивающихся возможностей и средств обогащения языка. В новой программе полностью были устраниены постаревшие «нормы» фонетического, морфологического, синтаксического и стилистического строя, сковывавшие рост и развитие языка; были подвергнуты существенному пересмотру старые правила

орфографии, мешавшие правильной транскрипции вновь принятых общественно-политических, научно-технических терминов и географических названий. Выпущенные под редакцией Х.Жубанова «Бюллетени терминологии казахского языка» помогли практическим работникам издательств и печати в улучшении качества издаваемой литературы.

Личные качества Х.Жубанова, его внимательное отношение к нуждам и запросам учительства, рядовых работников, учащейся молодежи, деловитость и требовательность к себе и другим, простота и скромность снискали ему глубокое уважение.

Его пример ревностного служения советской науке и своему родному народу, его значительный вклад в сокровищницу культуры казахского народа должны найти высокую оценку у нашей общественности. Нет сомнения, что Х.Жубанов займет достойное место в истории развития советской казахской школы, как крупный представитель педагогической и методической мысли.

(Учитель Казахстана. 1957 г. 5 декабря)

Ы.Маманов

Қазақ тіл білімінің көш бастаушысы

Елімізде сталиндік репрессияның қызу басталған кезі – 1937 жылы мен қазіргі Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданында қазақ орта мектебінде мұғалім болып істейтінмін. Ыбыр-сыбыр көбейіп, небір момын коллектив арасында беделді адамдарды НКВД ұстап кетіпті дегенді жиі естітін болдық. Қансонарда қызыл түлкіні көзі шалған аңшы мен құмай тазы тәрізді менің фамилиямды естіп, білген кейбір белсенді «ақ жүректер» маған көздерін тіге бастағанын сездім. Сол жылы оқу жылы аяқталысымен, «есің барда елің тап» дегендей, Алматыға келіп, № 37 орыс мектебіне қазақ тілінен мұғалім болып орналастым. Ол жылдары, бүгінгідей емес, республика бойынша барлық орыс мектептерінде қазақ тілі басқа пәндер қатарында тең праволы пән ретінде өтілетін. Сол жылы Алматыдағы орыс мектептерінде қазақ тілін оқытатын мұғалімдер арасында «халық жауы» деп сottалған азаматтардың әйелдері (Ф.Ғабитова-Жансүгірова, М.Омарова) және партия қатарынан шығарылған бірнеше бұрынғы басшы қызметкерлер бар екен.

Бір күні ҚазПИ-де профессор Қ.Жұбанов қазақ тілі мамандары, мұғалімдері үшін семинар ұйымдастырып, өзі лекция оқиды екен дегенді естіп, ҚазПИ-ге келдім. Бір аудиторияда жиырмаға жуық адам отыр екен, ішінде бірлі-жарым студенттер де бар секілді. Мен де арт жақта бір орынга отырдым. Бір кезде аудиторияға Құдайберген Жұбанов кіріп, отырғандармен сыпайы сөлемдесіп, лекция оқуға кірісті.

Мен бұрын Қ.Жұбановты сырттай танып, кейбір еңбектерін оқығаным болмаса, бетпе-бет жүздесіп, тіл қатысқан емес едім. Қ.Жұбанов үзіліс кезінде маған көзі түсіп:

—Сіз, семинарға жаңа қатысушысыз фой? — деп сұрады.

Мен орныман тұрып, аты-жөнімді, қайда істейтінімді айттым.

—Сонда, қай Маман, «Айман-Шолпандағы» Маман ба? — деп сұрады.

—Жоқ мен Ақсу ауданынанмын, — дедім.

—Е-е, онда «Қарағаш» мектебін салдырған Мамановтар, ақын Сараның руынан екенсің фой, — деді.

Мен ары қарай «Маманды» көп сөз етпесе екен дегендей рең білдіріп, құбіртікеп жауап қаттым. Жұбанов лекциясын жалғастырып оқып кетті. Лекция соңында Жұбанов көптеген сұрақтарға жауап берді.

Мен сол күннен бастап, семинардың бір мүшесі болып, үзбей қатысып жүрдім. Қ.Жұбановтың семинарда оқыған лекцияларының басты тақырыптары мынадай еді: 1) Орыс түркологтері, олардың еңбектерінің мазмұндары, оның ішінде менің есімде сақталғаны Мелиоранскийдің «Грамматика қазақ-киргизского языка» атты еңбегіне көбірек тоқталып, әр қырынан талдау жасап, өз пікірімен толықтыратын еді. 2) Маррдың «Тіл туралы жаңа ілімі» атты еңбегі болды. Ол кезде бұл тақырып одақ бойынша тіл білімінің үлкен ғылыми табысы ретінде танылатын. 3) Қазақ тілінің грамматикалық құрылымы мен фонетикаға лектор көп көңіл бөлетін еді. Қ.Жұбанов әсіресе қазақ тілінің фонетикасы, орфографиясы және орфоэпиясына қатысты лекция оқығанда, оның жүзінен әсерлі шабыт белгісі байқалатын еді. Бір лекция үстінде Қ.Жұбановтың:

—Мынау менің «Қазақ тілі фонетикасы» атты еңбегім фой, — деп бір қомақты папканы көрсеткені есімде. Сол еңбек басылып шыққан жоқ қазір ол еңбек «қолды болып» кетпесе, архивтің бір бұрышында жатуы ықтимал. Мұндай құнды еңбектің із-түзсіз жоқ болып кетуі мүмкін емес. Қ. Жұбанов әр семинардың соңынан тыңдаушыларға тапсырма ретінде тақырыптар ұсынып, келесі семинарда сол тақырып бойынша пікір айтуды талап ететін еді. Сол тақырыптарды талдау үстінде Қ.Жұбановтың: «Қазақ тіл білімі қазір жалғыз аяқ сүрлеу жол сияқты, оны жан-жақты зерттең, жетілдіру бәріміздің міндетіміз. Ғылымның қай саласы болмасын, пікір таласы арқылы ғана шынығып жетіледі. Соңдықтан сіздер семинардың пассив қатысушысы болмай, актив қатысушысы болыңыздар», — деп бірнеше рет айтқаны есімде.

Бұл жерде сөз арасы ретінде айта кететін бір жайт — қазақ тіл білімін зерттейтін тиісті мекемелер, қазақ тілі кафедралары, Қ.Жұбановтың үлгісімен, қазақ тіл білімін жетілдіру мақсатында жоспарға ендіріп, кезекті семинар жұмысын ұйымдастырып, пікір алысуга мән бермейді. Соның салдарынан қазақ тілі оқулықтарында, кейбір ғылыми еңбектерде қазақ тілі грамматикасына қатысты тақырыптар әр автордың еңбегінде әр түрлі баяндалады. Бұған көңіл аударып, қазақ тіл білімінің қамын ойлап жүрген ғалымдар аз. Олардың әрқайсысы өз ісімен жүр.

Сонымен, қай ай екені есімде жоқ, бір күні кезекті семинарға келсем, аудиторияда 4-5 мектеп мұғалімдері ғана отыр екен. Институт мұғалімдерінен ешкім жоқ. Біраз отырған соң мұғалімдер маған қарап: «Сен бәрімізден жасың кіші, Жұбановтың пәтеріне барып, біліп кел, бүгін семинар бола ма екен», – деді. Жұбановтың пәтері ҚазПИ-дің қарсысындағы үйдің екінші қабатында екенін білетінмін. Мен есік қаққанымда, Қ.Жұбановтың өзі есік ашып, кабинетіне кірдік. Мен келген шаруамды айттым. Жұбановтың өні жүдеу тартқан, үлкен бір уайымның, ызанын үстінде екенін бірден байқадым. Ол семинар өткізуге бара алмайтынын айтты, басқа сөз қатыса алмадық. Мен қоштасып, тезірек шығып кеттім. Көп ұзамай Қ.Жұбановтың ұсталып кеткенін естідік. Үйірмеге қатысып, Қ.Жұбановтың лекциясын ынтамен тындалап, өзіне зор құрметпен қарайтын мұғалімдер бір-бірімізben кездесіп қалған күндері Жұбановтың атын атауға қорқатын болдық...

Д.Әлімжанов

Iрі методист-ғалым

Профессор Құдайберген Жұбанов Абай атындағы педагогтік институтта қызмет істеген ірі методист ғалым еді. Ол қазақ тілін зерттеумен бірге, оның мектепке арналған программаларын жасап, оқулығын жазған, қазақ тілін оқыту методикасын жақсартуға үлкен мақсат қойған және оның тәртіппелуіне бағыт берген ірі ғалым болды. Ол сол кездің өзінде-ақ оқулық жазудың дұрыс принциптерін, тиімді оқыту әдістерін ұсынған болатын.

Мысалы, ол 1936 жылы РСФСР Оқу комиссариаты бекіткен «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінде: «Оқушыларға сөзді білдірмей, сөз мағыналарын негізге алмай, қазақ тіліндегі дыбыстарды түсіндіруге болмайды, сол сияқты сөйлемнің де материалы – сөз» деп көрсетті.

Профессор Қ.Жұбановтың өзінің оқулығында: баяндау, талдап түсіндіру, нақтылы тілдік факторлармен дәлелдеу, грамматикалық категорияларды ұштастырып отыру, бірін-біріне жетек ету, көрнекілік жолдармен түсіндіру сияқты әдістерді мол қолдануды ұсынды.

Ол өзінің берген методикалық бағыттары мен пікірлерінде: «Орыс методистерінен үлгі алу керек. К.Д.Ушинский, Л.Толстой т.б. методистердің білім беру жолындағы теорияларына әуестену керек». «Ереже болатын топшылаулар қазақ тілінің өз зандаулығынан алыну керек», «Тілдік фактілерді түсіндіретін материалдар көркем әдебиеттен, қазақ халқының мақал-мәтелдерінен алыну керек», – деген сияқты педагогикалық пікірлерін ұсынып отыратын. Оның «Қынын тауып қаламасан, байлауын тауып ұстапасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді» деген методикалық пікірі қазақ тілін оқыту методикасын жақсартудың ұйтқысы деуге болады.

Ғалымның осы сияқты білермандық даналығы, сабырлы мінезі, педагогтік озат қасиеттері шәкіртерінің есінде.

(«Қазақ университеті», 1964 ж., 23 декабрь)

Б.Кенжебаев

Құдайберген жөніндегі есімдегілер

Профессор Құдайберген Жұбановпен мен 1933 жылы, жаз айында, Алматыда таныстым. Оны маған жазушы Бейімбет Майлин таныстырды. Бейімбет тауда, қазіргі бала-шағасымен дем алыш жатыр еді. Бір жексенбі күні мен сонда қызырып бардым.

Менен кейін, көп ұзамай-ақ Бейімбеттің үйіне Құдайберген мен Елубай Өмірзаков келді. Бәріміз де күні бойы сонда бірге болдық: тау аралап, әңгімелесіп, дойбы ойнап, сөйлесіп отырдық.

Құдайберген жайдары, ашық-жарқын, әңгімешіл адам екен. Іркілмей, тартынбай неше түрлі қызық әңгіме айтып, мейірімізді қандырып, құлдіріп отырды.

Кейде Елубай, Құдайберген, Бейімбет – үшеуі кезек-кезек домбыра тартты. Елубай ән салды, өлең айтты. Кездейсоқ ұшырасуымыз әдейі ұйымдастырылған ойын-сауықтан кем болмады.

Ұмытпасам, сол жылы күзде болу керек: өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі үш кісіге: Құдайбергенге, Молдағали Жолдыбаевқа, маған қазақша саяси оқулықтарды қарап, тексеріп, пікір жазып беруді жүктеді.

Осы қызметті орындау үстінде Құдайберген өзінің жұмысқа үлкен жауапкершілікпен мұқият қарайтынын, іскер адам екенін байқатты. Тиісті кітаптарды түгел, жіті қарап шықты. Басқаларымыздан да солай істеуді талап етті. Бізге жетекшілік істеді. Қорытынды жазғанда, келелі пікірлер айтты.

1934 жылы күзді күні мен «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары болып істеуші едім. Газет Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына отыз жыл толуына байланысты бірсыптыра материалдар берді. Оларды мен жинастырдым, қолымнан өткіздім.

Сонда Құдайберген «Абай және күншығыс әдебиеті» деген тақырыпта көлемді мақала жазып берді. Мақаласында автор Абайдың түркі текті халықтардың ерте замандардағы жазба әдебиетімен, әдебиет нұсқаларымен жете таныс болғанын, олардан көптеген үлгі-өнеге алғанын айқын көрсеткен еді, Абай творчествосы түркі текті халықтар әдебиетімен тығыз, дәстүрлі байланыста екенін дәлелдеген еді.

Құдайберген өз мамандығы – тілге, тіл мәселелеріне ғана жетік емес, сонымен бірге әдебиетті, әдебиет мәселелерін жақсы білетін еді, әсіресе түркі текті халықтардың, қазақтың бұрынғы жазбаша, ауызша әдебиеттерін көп білетін еді.

Адам, азamat, ақылды ғалым Құдайберген Жұбановты мен жақсы көретін едім.

(«Қазақ университеті», 1964 ж., 23 декабря)

Ә.Шәріпов

Аяулы ұстаз еді ол

Отызыншы жылдардың бас кезі еді. Менің Абай атындағы Қазақ педагогика институтында оқып жүрген кезім. Ленинградтан аспирантураны бітіріп Құдайберген Жұбанов деген мұғалім келіпті. Ол білімдар кісі еken дейтін хабар лезде студент қауымының арасында тарап кетті. Өзін бетпе-бет көрген жоқ едік. Бір күні дәліздің қабырғасына ілінген сабақ кестесін қарасақ қазақ тілінен профессор Қ.Жұбановтың лекциясы дегенді көргенде біздің ол кісінің лекциясын тындауға қызыққанымыз бұрынғыдан да арта түскені әлі есімде.

1932 жылдың қыркүйек айының орта кезі болу керек. Біз, қазақ тілі және әдебиеті бөлімшесінің студенттері, 42-аудиторияда отырмыз. Бөлмеде тым-тырыс тыныштық. Жұрт үнсіз отыр. Бір мезгілде аудиторияның есігі ашылды. Орта бойлы, қара торы, қылауланған қара бұйра шашы кең мандайдан желкесіне қарай қарсы тараптап жас жігіт аудиторияға кіріп келді. Жылы жүзді адамға ұқсайды. Қолындағы портфелин алдындағы столға қойды да қоныр ғана үнмен: «Сәламатсыздар ма?» – деп, біздермен сыпайы ғана амандасты. Ол кісі кіріп келе жатқанда апыр-топыр орындарынан тұрған студенттерге: «Отыруға рұқсат», – деді. Біз орнымызға отырдық. Құдайбергеннің осындайда екі алақанын кезек-кезек сипай беретін әдеті бар сияқты. Үлкен көзімен отырған жұртты тегіс бір шолып өтті.

–Қымбатты студент жолдастар! Лекция оқуға кіріспес бұрын мен ең алдымен өзімді таныстырайын. Менің атым Құдайберген, фамилиям Жұбанов. Ленинград қаласында жоғарғы білім алдым, сонда аспирантурада оқыдым, өткен оқу жылының аяғында окуымды бітірген соң осы институтқа қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі және қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып тағайындалдым. Бүгін бірінші лекция оқыын деп тұрмын...

Біздер Құдайбергеннің қарапайым, өте инабатты ұстаз екенін бірден сезіндік. Дауысын көтермей, баяу ғана сөйлейтін кісі еken. Алғашқы лекциясы адам өмірінде әр ұлт тілінің маңызы өте жоғары екендігін көптеген мысал келтіре айтты. Бұл лекцияның қысқаша мазмұны мынадай еді: Қазақ тілінің сөз құрамы бай. Октябрь революциясынан кейінгі жылдары терминдік жаңа сөздермен бұрынғысынан да толыға, байи түскенін қазірдің өзінде байқауға болады. Келешекте жаңа сөз құрамы онан да көбейе түсетіндігінде күмән болмауға тиіс. Әр халықтың өкілдері өз тілін, ана тілін жетік білуге бар ынтасын салуға тиіс. Халықтың өзара қарым-қатынасы күшейген сайын,

бір заманда бір тайпы елге ғана түсінікті болып келген көптеген сөздер жаңа мағына-мазмұнға ие болып, барша халықтың сөз құрамының шекарасын кеңейте түсті.

Қазақ тілінде оқу құралдары жазыла бастады. Мектептерде дербес пән ретінде ана тілі мен туған әдебиеті оқылатын болды. Бұл совет заманындағы қазақ халқының ұлт мәдениетінің өсіп-өнуіне үлкен әсер ететіндігін дәлелдейді. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінін тандаулы үлгілерін баспадан бастырып шығарып, халық игілігіне жаратудың өзі ұлт тіліміздің өсіп-өркендеуіне де белгілі түрде әсер етеді.

Қазақ ұлтының адамдары дүниежүзі мәдениетін толық менгеру үшін ең алдымен көрші отырған орыс халқының тілін үйренуі, оның бай әдебиетін білуі өте қажет. Сондықтан да қазірдің өзінде орыс тілі мен әдебиеті қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында дербес пән ретінде оқытылып жатыр. Орыс тілі мен орыс әдебиетінің оқу құралдары қазақ оқушыларына арнайы жазылып жатқаны да қуанарлық іс. Өздеріне белгілі қазірдің өзінде орыс классик жазушыларының шығармалары қазақ тіліне аударылып басылып жатыр. Александр Сергеевич Пушкиннің, Иван Андреевич Крыловтың, Лев Николаевич Толстойдың кейбір шығармалары қазақ халқының классик ақыны әрі жазба әдебиетіміздің басы болған Абай және демократ-педагог Ыбырай Алтынсариннің аударуымен өткен ғасырдың екінші жартысында-ақ қазақ халқының арасына тарағанын білетін боларсыздар. Пушкиннің «Татьянаға хат» атты өлеңіне Абай атамыз ән шығарғаны да көпшілікке белгілі. Қазіргі кезде марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тіліне аударып, көпшіліктің оқып-білуіне мүмкіншілік туды. Мұның өзі де біздің халқымыздың тілінің өсіп-өркендереп келе жатқанына үлкен бір айғақ болады. Әр ұлттың туған тілі, оның рухани азығы екенін дәлелдеп жатудың қажеті болmas. Тіл жоқ жерде жеке ұлт болып ұзақ өмір сүре алмайды. Өйткені тіл – адам баласының біріне-бірінің қарым-қатынасына, өзара түсінісуіне қажетті басты құрал.

Қазақстанда баспа орындарының ұйымдасуы, қазақ тілінде газет-журналдардың көптеп шығуы, революциядан бұрын театр дегенді білмейтін қазақ халқының ана тілінде драма театрының ашылуы, ол театрда жұмыс істеуге кең даламыздың түкпір-түкпірінен Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзаков, Құләш Бәйсейітова, Шара Жиенқұлова, Құрманбек Жандарбеков, Манаrbек Ержанов, Серәлі Қожамқұлов, Қанабек Байсейітов сияқты, тағы басқа талантты да таланты өнер қайраткерлерінің астанаға келіп, театрдың бұғанасының тез қатып, халқының рухани азығының өсіп-өркендей түсініне қалтқысыз қызмет істеп келе жатқаны бүкіл қазақ халқының қуанышы болды.

Октябрь революциясына дейін тоғандалған ағын судай болып қанатын кең жая алмай келе жатқан ақын-жазушыларымыз да қазіргі кезде ағытылған арнадай өз өнерін халыққа таратуға, Октябрь революциясынан кейінгі он бес жылдың ішінде өзінің туған халқын советтік және коммунистік рухта тәрбиелуе жолында үлкен қызмет етіп келеді. Сәкен Сейфуллин, Илияс

Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сияқты жазушыларымыз көптеген роман, повестер, өлең-жырлар, драмалық шығармалар берді. Олардың шығармалары халқымыздың рухани азығы болды. Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы, Бейімбеттің повестері мен романдары, өлең-жырлары, Сәбиттің поэмалары мен өлеңдері, Ілиястің мазмұны терең өлеңдері мен поэмалары біздің совет қазақ әдебиетінің өрісін кеңітіп, қазақ халқының рухани азығына айналды. Аға буынның ізін қуа әдебиетімізге келген Асқар Тоқмағамбетов, Мәжит Дәулетбаев, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Жұмағали Сайн сияқты талантты жастар туған әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне, қалыптасуына үлкен септігін тигизетіндігіне әбден сенеміз. Жазушы қауымының туындыларының өсіп-өркендеуі біздің туған тіліміздің дамуына, тіл құрамының молая түсуіне, көптеген әсері болатындығына біз кәміл сенеміз...

Құдайберген әңгімесінің аяқ жағында бөлмедегі оқушыларды үлкен қарақаттай қара көзімен басын бір шұлғып тастап, жіті шолып өтті де: «Менің бағанадан бері айтқанымның бәрі – қазақ халқының мәдениетінің совет тұсында мейлінше өркендер-өсіп келе жатқанын, халқымыздың тілінің өсіп-жетілуіне, тіл қорының қарыштап молауына, мәдениетінің жетілуіне бірден-бір әсер ететіндігін сендерге түсіндіру еді», – деді. Дәл осы кезде конырау соғылды...

Үзіліс кезінде оқушылардың өзара әңгімесі Құдайбергеннің лекциясынан алған әсері болды. Біреулер:

- Өзі жылы жүзді кісі екен, – дейді. Енді біреу:
- Әр сөзін ой елегінен өткізіп, баяу сөйлейтін адам екен.
- Сөз саптасы білімді адамға ұқсайды.

–Әңгімені бірден тіл мәселесінен бастамай, қазақ халқының Октябрь революциясынан кейінгі жылдары мәдениет саласында қол жеткен табыстарынан бастауы да білгір адамның сөз толғауына ұқсайды екен.

–Қалай болса да, Ленинград сияқты үлкен қаладағы білімді ғалымдардан тәлім-тәрбие алған адам, мәдениетті адам кішіпейіл болады, – деп жастар өз ойларын, алған әсерін айтып дәлізде ерсілі-қарсылы жүрді де қойды.

Сөйтіп, Құдайберген Жұбановтың алғашқы әңгімесі студент жастарға үлкен әсер қалдырды. Ұстаздың талапты да талантты ғалым екендігін студент қауымы бірден байқады. Әрбірі өздерінше тұжырымдал, ойларын ортаға салып жүр.

Құдайберген бір әңгімесінде өзінің 1928 жылы Ленинград қаласындағы Шығыс тілдері институтын бітіргенін, онда орыс ғалымдары Мещаниновтан, Маловтан, Жирмунскийден, Виноградовтан тағы да басқа ғалымдардан тәлім-тәрбие алғанын, олардан оқығанын айтып берген болатын. 1932 жылы СССР Ғылым академиясының Тіл және ойлау институтының аспирантурасында оқығанын, онда тіл мәселесі жөнінде тиянақты да терең білім алғанын мақтан ететіндігін, ол жердегі ғалымдарға ризалық пейілін жасырмай айтушы еді. Ол кісінің әңгімелерін біздер ұйып тыңдаушы едік.

Құдайбергенді біздер ол кезде жасы біразға келген қартаң мұғалім деп жүрсек, бізге алғаш сабак беріп жүрген кезінде 32-33 жаста ғана екен. Ұстаз ағамыз лекциясында Маррдың яфет тілдері хақындағы теориясы жөнінде кең айтатын еді. Өзінің үлкен ұстазы – академик Мещанинов екендігін әр үақытта айтып отыратын. Профессор Жұбановтың лекциясы болады деген күні бірде-бір студент оқудан қалмай келетін. Ол кісінің лекциясын бәр-бәрі үйіп тындаушы еді. Оның лекциясының бірде-бір сөзін қалдырмай конспект жазып, қағаз бетіне түсіріп алуға тырысуши едік. Өйткені ол кезде жалпы тіл білімі жөнінде қазақ тілінде басылып шыққан оқулық болмайтын. Бір күні лекция оқып тұрып, Құдайберген партаның шет жағында отырған менің қасыма келіп, менің жазған конспектіме үніле қарап: «Әди, сен лекцияны өте үқыпты жазып алады екенсің. Оқулық жоқ болғандықтан, мұғалімнің лекциясын қалдырмай жазып алу іждиһаттыққа жатады», – деген ұстаздың бір ауыз сөзі мені қанаттандырды. Мен басқа ұстаздардың да оқыған лекцияларын толық жазып алатын болдым. Бірақ студенттер талғамды болады ғой. Кейбір нашар, мазмұнсыз оқылған басқа бір ұстаздардың лекциясын жазбаушы едік. Өйткені ол кезде дәптердің өзі де тапшы болатын. Болған күнде сатып алуға ақша да табыла бермейді.

Құдайбергеннің басқа мұғалімдерден ерекшелігі – лекция оқығанда аспай-саспай ақырын ғана, өзіне тән қоңыр даусымен оқушыларының көңіліне қонағындағы етіп оқитын. Грамматиканың кейбір тақырыптарын түсіндіргенде, ол кісі көптеген мысалдарды тақтаға жазып, бөлшек-бөлшек етіп, ауызға шайнап жүттірғандан түсіндіретін еді. Кейбір жағдайларда бор ұстазған он қолымен бетін сыйпаймын деп, байқамай маңдайуна аппақ етіп, бор жағып алатын. Бір күні студенттердің бірі Құдайбергеннеге қарап, қарқылдан күліп жібергені бар. Сол кезде ұстаз лекциясын тоқтатты да, әлгі күлгөн жігітке қарап: «Сен бір нәрсеге қуанып күлдің бе, болмаса, біреуді мазақтап күлдің бе?» – дегені. Студент ұстазға қарап, не айтарын білмей, орнынан тұрып, Құдайбергеннің бетіне қарай берді. Сол кезде Әділ Ермеков дейтін студент күлгөн жігітке қарап:

–Сен неге күлдің? Дұрыстап айтып бермейсің бе? – деді.

–Мінеки, мына бала дұрыс айтып тұр, – деді Құдайберген ағамыз.

–Аға, – деді Әділ Ермеков, –мұның күлгөні, менің түсінігімше, сіз байқамай қолыңызға жүққан бормен маңдайыңызды сипаған болуыңыз керек. Маңдайыңыздың борды сүртіп тастанышы, – деп орнына отырды.

–Міне, осыны айтпайсың ба? Босқа күлгөнше, – деді Құдайберген қалтасынан қол орамалын алып, маңдайына жүққан борды сүртіп таstadtы.

Бұл жерде айта кететін бір жай, сол Құдайбергеннің жақсы көретін оқушысының бірі Әділ Ермеков кейін ғылым кандидаты, доцент, институт директоры, кафедра бастығы, орта мектептерге арналған оқулықтардың авторы болды. Әділ – Құдайбергеннің жолын қуған, білгір ұстаз болған еді.

Бүкіл көшілік қауымға танымал ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы Файниден Мұсабаев үздік оқыған шәкірт еді. Ол Құдайбергеннің сөйлеген

кездегі сәл басын шүлғып тұратын, екі алақанын ұқалайтын әдетін де, ұстазының баяу ғана қағазға қарамай сөйлейтін мәнерін де бұлжытпай салатын. Ғайниден бір күні тіл үйірмесінде қазақ тіліндегі жазулардың мәні жөнінде баяндама жасап тұрған кезде, аудиторияның есігі ашылды. Ар жағынан Құдайбергеннің кіріп келе жатқанын байқаған Ғайниден өз мәнеріне бірден кешті. Дәл осы кезде жұрт ду күлді. Артқы парталардың бірінде отырған студенттің бірі: «Жаңағы мәнерінен айрылып қалдың ғой», – дегенде, жұрттың қайта күлгені. Ол күлкіге түсінбекен Құдайберген сәл ыңғайсыздынп, аң-таң болып тұрып қалды да:

–Неменеге күлесіндер? Ескертпей келген маған күлгеннен амансындар ма? – деді.

–Жоқ, жоқ, Ғайниденге күліп отырмыз, – деп студенттердің бірі жуып-шайып жатты.

–Е, олай болса, жақсы болды. Мен бұғін сендердің тіл үйірмелеріңің болатынын білген едім. Бір жұмысқа айналып, сәл кешігіп қалдым. Ғайниден, баяндаманды жалғастыра бер. Мен де тыңдайын, – деп ұстаз алдағы стол басындағы орындыққа отырды.

Ғайниденнің баяндамасын пейіл салып тыңдады. Баяндама бітісімен тыңдаушы жұрт әр түрлі сұрақтар қойды. Ол сұрақтарға Ғайниден мұдірместен жауап берді. Оның баяндама тақырыбын жақсы менгеріп, дұрыс жауап бергеніне ұстазымыз да риза болды. Ақырын ғана орнынан тұрған Құдайберген:

–Баяндама өте мазмұнды, бәріміздің де көңілімізден шықты, – деп, Ғайнекенді көңілдендіріп тастағаны.

Адам баласының күнкөрісіне, қарым-қатынасының дамып, ілгерілең түсүіне тілдің үлкен мәні барлығын көптеген дәлелдер келтіріп тағы да айтты. Ол кісі лекциясында, жиналыста сөйлеген сөзінде қағазға қарамай жатқа айта беретінін жоғарыда айттық. Бұғін де солай болды. Терең ойлы шешендей, мәнерлі сөйлеу – үй салатын шебердің қолымен қаланған кірпіштей тұзу болса, тыңдаушысын ұйытып, риза етеді. Ұстаз үйірмеде әнгімеленген мәселе туралы терең де мазмұнды қорытынды жасады.

Жазғытұрғы жылы күндердің бірі еді. Ол кезде Федeração паркі деп аталатын, қазіргі Панфиловшылар паркінің ағаштары жапырақ жайып, баяу соққан самал желге сыйбыр қағып тұр. Кәдімгі мамыр айының жайма-шуақ күндерінің бірі. Мен тұс ауа жатақханадан шығып, паркте серуендер келе жатыр едім. Парктегі үлкен шіркеудің шығысындағы қанатын кең жайған қарағайдың көлеңкесіндегі орындықта Құдайберген мен жеңгеміз салқынданап отыр екен. Мен әдейі бұрылып барып, ұстазыма сәлем бердім. Ол кісі кішіпейілділік ізетпен орнынан тұрып, менің қолымды алып амандасты. Мен үлкен кісіні қозғадым ба деп ыңғайсыздынп қалдым. Менің абдырап тұрғанымды сезген ұстаз:

–Қысылып қалдың ғой. Менің жасым сенен үлкен болса да орнынан тұрып сәлем беру – менің бала шағымнан әдеттенген машығым. Өзің киноға

баратып деп шықтың ба? – деп, оң жақтағы жалғыз қабат үйге қарай, иек қаққандай болды.

– Жоқ, киноға бармаймын. Бағанадан бері жатақханада сабаққа дайындалып отырған едім. Басым ауырып кеткені. Далада біраз серуендең қайтуға шыққан бетім еді, – дедім.

– Ертең, жұма күні, кешкі сағат жетіде Пушкин көшесі мен М. Горький көшесінің қылышындағы, анау тұрған клубта үлкен концерт болатын көрінеді. Қазір билет сатып жатыр екен. Мен жаңа ғана барып екі билет алдым. Концерт көргің келсе, ертерек билет сатып алмайсың ба? Концерте ән шырқайтындар Әміре Қашаубаев, Құләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Манарбек Ержанов, тағы да басқа өнер қайраткерлері көрінеді, – деп маған тәптіштеп түсіндірді.

«Ұстаз айтты, болды!» – дегендей, мен ол кісіге сәл қарап тұрдым да:

– Мен билетке барып келе қояйын, – деп жүгіре басып төмен қарай Пушкин көшесімен билет кассасына бардым. Билет алуға тұрған адамдар көп емес екен. Мен де кезекке тұрдым. Менің қалтамда 6-7 сом ғана ақша бар еді. «Алдыңғы жағына ұмтылмай-ақ қояйын» деген ой түйдім. Өйткені қабырғага жапсырылған баға көрсеткішті байқап қарасам, алдыңғы жақтың билеті бес сом екен. Сондықтан кассаға жақындаған келісімен арт жағынан бір билет беріңіз деп екі сом ақша ұсындым. Кассада отырған орта бойлы, семізше келген қара торы қазақ әйелі:

– Ең соңғы қатардың бағасы бір сом, – деп қолына ұсташқан екі сомның бір сомын қайтарып берді де, бір билет берді.

Мен арзан билет алғаныма қуанып, жүгіре басып, жаңағы Құдайберген отырған қарағайдың астындағы орындыққа келсем, ол кісі де, жұбайы да көрінбеді. Жан-жаққа көз жіберіп қарасам, ашық аландағы орындықтарға барып отырған екен. Біреулерден сұрасам ашық аланда консерваторияны жаңа бітіріп келген Ришат және Мұслім Абдуллиндер концерт береді дегені. Мен де ән тыңдайын деп, «алдыңғы жақтағы бір бос орынға отырайын» деген оймен кілт бұрылып, алға қарай журдім. Ұзын орындықтың шет жағында отырған Құдайберген қоңыр даусымен:

– Әди, біздің жанымызға отыр, – дегені.

– Рақмет, аға, – деп мен үнсіз келіп қасындағы бос орынға отырдым.

– Билет алдың ба?

– Алдым.

– Е, жақсы болды. Елден оқу сағынып келгеннен кейін қаланың мәдениет ошағының бәрін де көріп, білген жөн. Жуықта ғана менің інім Ахмет Жұбанов түпкір-түпкірден күйші-домбырашы, сыйызғышы адамдарды жинап, үлкен домбыра оркестрін құрған. Мүмкін сол оркестр де өз өнерін көрсетіп қалар. Онда, екеуіміз екі жеп биге шығамыз. Бір жағынан, әнші агаларыңың өнерін, екінші жағынан, оркестрдің тартқан күйлерін тыңдайтын боламыз.

– Ол оркестрде қобыз да болатын болар?

—Әрине, болады. Қазақ ән-күйлерін жинаған А.В.Затаевич дейтін кісіні естуің бар ма? Ол батыс, орталық, оңтүстік Қазақстанды жаяу-жалпы жүріп аралап, қазақ халқының 1500 ән-күйін жинап, бастырган. Біздің қазақ халқының ауыз әдебиеті де өте бай ғой. Батырлар жыры, лироэпос, ертегілер, айтыс ақындарының шығармалары, малдың төрт түлігіне байланысты әңгімелер тағы да басқадай әдебиет байлығымыз мол ғой. Откен ғасырда орыс ғалымы Радлов, одан кейін Диваев сияқты өнер иелері жинап бастырганын билетін боларсың. Ел-елге арнайы экспедиция жіберіліп, осындай байлықтарды жинатса, қандай абзal болар еді. Халқымыздың әлі күнге дейін жиналмай жатқан фольклор байлығы талай ұрпаққа жетеді. «Айман-Шолпан», «Қызы Жібек», «Ер Тарғын», тағы сол сияқты халық жырларын пьеса етіп сахнаға шығаруға әрекет етіп жатқан кісілер де баршылық. Соларға мен әр күні ақ тілек тілеп жүрмін.

—Ондей пьеса жазып жүрген кім екен?

—Мұхтар Әуезов ағаңды білесің бе? Сол кісіге жуықта жолыққанымда, ол өз ойын менен жасырмай айтқан еді.

—Мұхтар ағайды жақсы білемін. Ол кісі бізге қазақ фольклорынан сабак береді. Өзі өте шешен, білгір аға көрінеді.

Білсең болды. Ол кісі – екі айтпайтын адам. Өзі өте білімді, Ленинград университетін бітірген, қазақ тіліне де, орыс тіліне де бірдей жетік адам. Әттең бағы ашылмай жүр, – деп одан әрі бармай, үнсіз отыра берді.

Бір мезгіл терең ойға шомып кеткендей болған Құдайберген маған бүкіл денесімен бұрылып:

—Әди, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Бейімбеттің «Раушан – коммунистін», Сәбит ағаңның «Сұлушашын» оқыдың ба? – деп маған сынағандай көзін тіге қарады.

—Оқыдым, – деп мен ұстазыма қысқа ғана жауап бердім.

—Е, оқысаң болды. Оны сұрап отырғаным, адам баласының тілінің дамуына көркем әдебиеттің көптеген көмегі болады. Әр уақытта жаңа пайда болған көркем сөз кітаптарын оқып отырсаң, өзіннің де сөз құрамын молайып, сөйлеу тілін байи түседі. Келешекте халқымыздың откен тарихына барып, көркем туындылар жазатын кісілердің де саны көбейе түседі. Өйткені қазірдің өзінде жоғары дәрежелі мектептерде оқып жүрген жастарға үлкен аманат артамыз. Қазіргі заман өмірінен туған жаңа шығармалар пайда бола бастағанына өзіміз күә болып отырмыз. Менің ойымша, әдебиетіміздің негізін салған Сәкен, Бейімбет, Илияс сияқты ардагер аға буын жазушылардан басқа Асқар, Тайыр, Әбділда, Жұмағали, Саттар сияқты бір толқын жастар әдебиетімізге келді. Бұлардың ішіне Ғабитті қоспай отырмын, оның кейінгі жылдары шықкан бірнеше әңгіме, повестерін оқып көрген едім. Оның тілі бай, алысқа шабатын бәйге атындағы келешегі зор, үлкен үміт күттіретін жазушы екендігіне менің көзім жетті...

Дәл осы жерге келгенде сахнаға екі жас жігіт шықты. Оған қоса жас әйел шығып, микрофонға жақын келіп:

—Ришат және Мұслім Абдуллиндер ән шырқайды, — деп екі жас жігітті он қолын созып тыңдаушы жүртқа таныстыруды.

Ұстазымның әңгімесін бар пейіліммен қызыға тыңдалап отырған мен концерттің басталып кеткеніне, әңгіменің үзіліп қалғанына өкініш білдіргендей болдым.

Амал жоқ, қос Абдуллиндердің қосарлана салған әндерін тыңдадық. Олар қазақша да, орысша да, шетел тілінде де қүйқылжыта, сан түрлі ән шырқады. Дәл сол кезде бүкіл қаланың іші де, өзіміз отырған парктің түпкір-түпкірі де толқындата салған ағайынды Абдуллиндердің әніне толып кеткендей сезіндім. Өзіме-өзім іштей: «Мына екі жігіттің екеуі де күміс көмей, келешекте үлкен үміт күттіретін, халқымыздың ішінен қайнап шыққан жас таланттар екен», — деп ойладым. Қасымда отырған Құдайберген ұстазыма көз жіберіп, ұрлана қарасам, ол кісі де, қасындағы жеңгеміз де барлық көңілімен әнге құлақ қойып тыңдалап отыр екен. Мен сол құнгі ұстазбен кездесken шағымды, аз да болса, сұхбаттасқанымды осы құнгеде дейін есіме аламын. Құдайберген ағаның қуаныш сезімі, шаттанған кейпі бет келбетінен, сөйлеген сөзінен, күлімдеген көзінен, көңіл сырынан сырт қараған адамға көрініп-ақ тұратын. Ұстаздың көңіл-күйі менің де төбемді көкке жеткізгендей болды.

Құдайберген концерт бітісімен жеңгемізді қолтықтап, Красин көшесі мен Совет көшесінің қылышындағы екі қабат ағаш үйге қарай жүріп кетті. Мен де ол кісімен қоштасып, жатақханаға беттедім.

Ертеңінде Құдайбергеннің сабағы кесте бойынша бірінші еді. Ол сабакқа бір минут кешікпей, дәл мезгілінде аудиторияға кіріп келетін. Сондықтан біз бес-он минут бұрын келип, орын-орыннымызға отыра қалатынбыз. Бір мезгілде есік ашылды. Кіріп келе жатқан кісі Құдайбергенге ұқсамайды. Зер салыңқырап қарасақ, жас ассистент Сәрсен Аманжолов екен. Ол оқушылармен амандасты да, арт жақтағы бос партага барып отырды. Ол Құдайбергеннің лекциясына ылғи қатынасып отыратын болды. Көп ұзамай сағат дәл сегізді соққанда Құдайберген ағамыз күлімсіреп аудиторияға кіріп келді. Оқушылармен бас иіп амандасты да, лекциясына кіріспін кетті. Бүгінгі лекцияның тақырыбы: «Сөз таптары» жөнінде деді де, сөзін бастап кетті. Құдайберген толып жатқан мысалдарды келтіріп, түсіндіріп жатты. Кейбір мысалдарды тақтаға жазып көрсетіп те берді. Мен бұл жерде көпшілікке белгілі сөз таптарын айттып жатпаймын. Тек ұстаздың білгірлігін, өз ойын студенттерге түсіндіру қабілетінің күшті екенін айтқым келеді. Сондықтан да студенттер жым-жырт отырып тыңдайтын.

Құдайберген, менің білуімше, көп сөйлемейтін, жібек мінезді кісі еді. Бірде-бір адам жөнінде жақсы адам дегеннен басқа, жаман сөз айтпайтын. Оқушылармен сұхбаттасқанда да жайдары мінезімен, жымып күлген күлкісімен өзіне қаратып алатын. Ол өзінен кіші адамға да «сен» демейтін, «сіз» деп сөйлесетін. Жұрт алдында көкірегін көтеріп тұрмайтын. Қарапайым, жұмсақ мінезді адам екендігін көрген адам бірден сезетін. Қарамағындағы кісілерге дауыс көтермейтін.

Бір күні, 1937 жылдың қай айы екенін есімде жоқ, таңертең Құдайбергеннің сабағы болатын еді. Ол келмеди. Лекция оқылмай қалды. Біздер аң-таң болдық та қалдық. Ол жылы күн сайын бір-екі адамды НКВД алыш кетіп жатқан кез болатын. Біздер сезіктене бастадық. Ашықтан-ашық айтуға студенттердің өзі бірінен бірі қорқатын заман. Тіл қатыспайтын болдық. Тек күннің екінші жартысында Құдайбергенді «халық жауы» ретінде абақтыға жауыпты деген сүйк хабар жетті. Электр тогы соққандай, біздер мен-зен болдық та қалдық. Менің жүргігімей найза қадалғандай сезіндім. «Апыр-ay, Құдайберген ағайдың жау болатында мінезі жоқ еді ғой. Студенттерге білім гүлінің шоғын таратқаннан басқа ол кісінің не жазығы болды? Өз басым ұстазымды жау дегенге сенбедім. Көп жылдар осы ойда болдым. Бірақ біздің қолымыздан не келеді? Егер ол жау емес деп ашық айтсаң өзінді халық жауымен байланысы бар деп жазалайды. Сөйтіп, көп жыл бойы үнсіз жүре бердік.

Ол өзінің сүттен ак, судан таза екенін біле алмай кетті. Менің өзбасым қырқыншы жылдары оқу министрінің орынбасары кезімде, Құдайбергеннің баласы Есеттің Солтүстік Қазақстаннан Алматыға келіп, «Қазақстан мұғалімі» газетіне қызметке орналасуына, Фурманов көшесі мен Киров көшесінің қиылышындағы жалғыз қабатты, еңсесі төмен үйден пәтер алуына жәрдемдестім.

Басқадай көмек беру ол кезде менің қолымнан келмейтін болды.

Егерде Құдайберген осы уаққа дейін тірі болса, білім төріне талмастан, қажымастан самғайтын еді. Биікке қарай өрлей беретін жан еді-ay. Марқұмды жеке басқа табынған кездегі мейірімсіздік пен зұлымдық өмірден ерте алыш кетті. Енді біз ұстазымыздың адамгершілігіне, парасаттылығына, көлдей терең біліміне басымызды иеміз.

O.Хаймудин

Бәрі де бүгінгідей сезіледі

Бәрі де ойда, бәрі де бүгінгідей, бәрі де есте, бәрі де жанарымда, жаныма ұялаған, бәрі де өз белгісін, өз таңбасын, өз мөрін, өз шиширын жұдырықтай жүректе қалдырыпты.

Сталиндік репрессия кезеңінің мұндық қасірет, зарлы күйігін тартқандардың өмірін толық айтып бере алмасақ та, өзіміз білген, көрген, өз ауыздарынан естігендерімізді кейінгі ұрпақтарға жеткізу парыз деп білемін. Сондай бір жағдай – естен шықпайтын Құдайберген Куанұлы Жұбановтың бейнесі.

Әдемі пішіні, сүйкімді кескіні, биязы мінезі, майдай сөзі жүртты өзіне онай табындырып, икемдей ұйытып жіберетін. Оның сөзді жанама күйінде бастап, тікелей жаныңды жани сөйлейтін тәсіліне қайран калатынбыз. Бір сөзіне бір сөзін қабыстыра үйлестіріп, терендете түйіндей шертетін

шешенідігімен Құдайберген өзгелерді өзіне баурап алатын-ды. Оның аузынан тізіліп шыққан ана тіліміздің маржандарын «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінің беттерінен 1933-35 жылдары жібермей оқып, қанығатынбыз. Өзін күнде қоріп жүрсек те, тағы, тағы көре беруге ынтықтыратын аяулы ұстазымыз еді.

Пешенімізге екі түрлі жағдай жазылыпты, мен он сегіз жыл көрмегенді қоріп, 1956 жылы оралдым, ал қайран ұстазымыздан 1937 жыл көз жазып, содан қайтып көре алмадым.

К. Жұбановпен әуелгі жүздесуім 1931 жылы болды. Осы жылы Абай атындағы педагогика институтына түскем. Бір ретте анау-мынау қағаздарымды реттеп, деканатқа кірейін дей бергенімде, алдынан бір жылы жүзді аға кездесе кетті. Имене сәлем бергенімше өзі асты-ұстіме түсіп, кім екенімді, қайдан, неге келгенімді сұрап, шаруамды тез-ақ бітіріп жіберді. Сөйтсем, бұл кісі Құдайберген Жұбанов екен.

Біз, жастар, Құдекенің алдына барғанда еркін кіріп, көнілденіп шығатынбыз. Менің де алдымды кес-кестеген кедергілер қырқа асырмай, қысқа жіп күрмеуге келмей жүрген кезім болатын. Шешелерім бастаған 48 жанды соңымнан шұбатып қайда бас сұғып паналауды білмей, шарадай басым шақшадай болып жүрген кезім. Сонау 1926 жыл мен 1930 жылға дейін медресе мен Семей педтехникумынан алған біліміммен жан бағып тоқтап қалғым тағы келмей, жастық жігер, оқуға деген ынта 21 жасымда Алматыға айдал келген. Бағын жанып, жолың болайын десе қын емес екен, тағдыр мені осында Құдайберген ағамен кездестірді. Ол кісінің: «Білім – ырыс, бойыңда оны сініре алсаң, ойын – қыдыр, оны арнасымен тоқи алсаң, көкірек – алтын бесік, оны тербете алсаң, ұзын жолын қысқарып, қысқа қолын ұзарады» деген ақылын айтсаңызшы!

1933 жылы жаз айы еді. Халық ағарту комиссариаты шақырды деген сон екпемді қолыма алыш жүгіріп отырып қазіргі Ленин проспектіндегі 12 қабат үйдің орнында бұрын Т.Жүргенов салғызыған екі қабат үйге келсем, алдынан бір ағамыз – Әміржан Сытдықов шығып:

—Бүгін сен бастық болатын болдың, қазір Темірбек Жүргеновке ертіп барам. Отыр алдындағы орындыққа. Сені Құдайберген ағаң мақтапты. Онымен қашаннан таныс ең, бұрыннан білуші ме ең? — деп жатыр.

—Білемін. 1931 жылы танысып едім. Одан кейін сабакта да, көшеде кездессе де, ағамның өзі сөзге шақырып, үйір етуші еді. Сол ағаның арқасында бар ынтамды салып, жақсы оқып журмін, — дедім.

—Міне, адам танығыш, тамаша педагог-ұстаз, ғұлама адам ол, орыс, парсы, араб, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт т.т. тілдерді білетін ғалым. Оның білмейтін тілі, әдебиеті кемде-кем, — деп Әмір ағай да қосыла мақтай жөнелді.

Шіркіндердің бір-біріне деген адал ықыласы, бір-біріне берер қалтқысыз бағасы жай сөздерінің арасында да анқып, сезіліп, қуантатын еді. Сондай бір кездесулердің бірінде Құдайберген аға да:

—Әміржан Сытдықов ағаңмен таныс па ең? — деп сұрады.

—Иә, — дедім мен.

—Ендеше, ол кісіден қол үзбе. Әміржан ағаларың өте білгір ғалым, педагог. Ол – математик, физик, химик, биолог, ол – тілші, психолог, тарихшы, музыкант, ол – орыс, қазақ, түрік, араб, парсы, ағылшын тілдерін білетін ғұлама, бес аспап ғалым, – деп шұбыртып ала жөнелді.

Нақ бір-бірімен келісіп алғандай, олардың әрқайсысына деген адамшылық сипаттамалары қайран қалдыратын-ды.

Сөйтіп, Әмір ағай мені Темірбек Жұргеновтің алдына алып барды. Төмен қарай бұрқыраған қалың шашын жимай басын көтерген Жұргенов:

—Ал, Әміржан аға, әміріңізді айтыңыз, орындаібың. Мына жігітімізді Құдайберген Жұбанов табыс етіп, мақтауын жеткізген. Қолынан келері бар, адам болайын деп тұрған бала деген... —Әне өзі де келіп үлгерді Құдайбергеннің, — деді.

—Өзім келсем, Темірбек, Әміржан, осы балаға жәрдем беріп, тәрбиелеп адам етіп шығарайық! Өзі де өзегін созып соған ұмтылып, тырбанып жүрген тіршілігі бар бала. Сүйеніші жоқ, сонынан ерген қырық сегіз жаны бар. Шұбатып асырап, шұбатып бағып жүр. Сөйте жүріп, оқып, әрі жұмыс істейді. Бізге иек артпағанда, кіміңе асылады. Сідет артайын деп тұрған бала емес, өз бетімен өлейін деп тұрған бала – деді.

Сөйтіп ардақты үш ағаның қомегімен мен алты айлық кітапхана курсының бастығы етіп тағайындалды. Халық ағарту ісінің сол кездегі үш діңгегі бірлесе шұғыл кірісіп, тынымсыз қолға алып тындырып жатқан тығыз жұмыстарына қарамай, бір мен емес, жүрттың қамын ертенге қаратпай осылай шешу олардың күнделікті әдеті еді.

Бұл Қазақстанның мәдени-ағарту ісін өркендету, кадрлар дайындау, қазақ тілі, әдебиеті, тарихын оқытатын мектептер, техникумдар, институттар т.б. ашу, қысқа мерзімді курстердің программалары мен оку құралдарын жасау, қазақтың театрын құру жаппай қолға алынған кез. Олардың күнде бастары қосылатын орын – Халық ағарту комиссариатының комиссары Темірбек Жұргеновтің алды. Мұнда бұлармен бірге Санжар Асфендияров, Жұмат Шанин, Мұхтар Әуезов, Әбдірахман Қыдырбаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Телжан Шонанов, Әлжанов, Телжанов, F.Тоғжанов, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Уақас Алманов, Сәрсен Аманжолов, Жұмақан Құдерин т.т. бас қосып, кеш тарап жататын. Әрқайсысы өз міндетіне жауапты қарап, жедел орындалап, тез бітіріп, іске асыратын.

Әр ай сайын «Еңбекші қазақ» газетінің беттерінен Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың қазақ тілі оқулықтарының тақырыпқа жіктелген, екшенді, ғылыми мазмұнды жүйелерін жасаған оқулықтарын, С.Сейфуллин жасаған әдебиет тарихын, Әміржан Сытдықов жасаған программаларды, М.Әуезовтің «Айман-Шолпаның», Бейімбет Майлиннің «Жалбырын» т.б. құныға да қызыға оқитынбыз.

Бұл, 1932-1933 жылдар аралығындағы тым тығыз таяң шақ еді. М.Әуезов, Ә.Ермеков жаңа жарыққа шығып, Латиф Хамиди, Ахмет Жұбанов

пен Евгений Брусиловский консерватория бітіріп келіп, енді ғана жұмысқа орналасып жатқан мезгіл. Ол кездегі ең бір қыындық қазақтың халық музыка аспаптарының таптырмауы болды. Жамбыл бастаған ақындар айтысы домбырасыз басталып, Сауда көшесіндегі (қазіргі М.Горький көшесі) мешітте аяқталған, Ахмет Жұбановтың мандолині көзіне түскен Құдекен:

—Мына мандолиннің мойнын ұзарта салса, домбыра болып шықпай ма, Темірбек? Кейін халықтың бітеу ағаштан ойып жасайтын өз домбырасын жасатармыз. Қазіргі қажетімізді өтейтін қам ойластырайық. Артыныштартынып жатуды жағдай көтермейді, – деді.

Құдайберген Қуанұлының бұл пікіріне бас изеген жұрт дұрыс айтады десіп, осылай етуді құп көріп жатты.

Міне осы бір фактілердің өзі Құдайберген Қуанұлының қазақтың тіл білімі дамуының ғана емес, қазақтың мәдениеті дамуының да басында тұрып, қамқорлық жасаған жан-жақты адам екенін көрсетіп тұрған жоқ па!

Бүгінгі, тоқсаны толықсып қайта туып, адамдық аты ақталып, 90 жылдық тойы өткізілгелі отырған Құдайберген Қуанұлы Жұбановтай ғұламағалым, ірі қоғам қайраткері, көрнекті құрескер коммунистің есіміне бас иемін.

Н.Дияров

Ғалымның туған жерінде

Жолсыз жазаның тақсіретін тартып, азапты сәтті бастан кешкен кезінде де ертеңіне елегзи қарап, үлкен үміт еткен аяулы жандардың бірі Құдайберген Жұбановтың облыс орталығында басталған тоқсан жылдық торқалы тойы оның туған жері Орқаш өнірінде жалғасты.

Бұл күні Мұғаджар маңы бір сеуіп өткен жаңбырдан кейін ерекше түрге еніп, көктемгі көктің иісі жұпар шашып тұрған-ды. Ақтөбеден осында бет алған қонақтар мінген автомашина легі ауылға жақындағанда-ақ алдарынан мойындарына алқызыл галстук байлаған пионерлер тобы жүгіріп шықты. Олардың құшағын толтырған қызыл-сары дала гүлі лезде қонақтардың қолына ауысты. Орқаштықтар Жұбановтар әuletі мен олардың серіктерін осылай қарсы алды. Осы сәттегі риясыз көңіл-күй, жан тебірентерлік шуақты көрініс бұдан былай да қадам басқан сайын кездесумен болды.

«Орқаш» совхозының Мәдениет үйі дәл бүгінгідей болып адамдарға лық толып көрмеген шығар, сірә! Еңкейген кәріден еңбектеген жас балаға дейін осында. Ақ жаулықты әжелер кимешегінің құлақ тұсын молырақ ашып, кіреуке тартқан жанарларымен сахна төріне ілінген Құдайберген атамыздың суретіне сүзіле қарайды. Жастар жағы есіміне ғана қанық жерлес ғалымның тойында ол туралы жаңа лебіз, тың дерек естуге құмар.

Көрнекті ғалымның тоқсан жылдығына арналған кешті аудандық партия комитетінің бірінші секретары Б.Әйтпембетов ашып, қонақтарға сәт сапар тілегенмен кейін-ақ, зал іші сілтідей тынды. Мінбеке көтерілген әр шешенниң лебізі орқаштықтар үшін сонау қылышын кеткен жерлестерінің жан сәлеміндей қабылданып жатты.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры академик Ә.Қайдаров әңгімені туған тілдің қадір-қасиеті мен құдіреті туралы ой-толғамынан бастады. Осының өзі қысқа да болса мағыналы ғұмырын тіл ғылымының негізін салуға арнаған Құдайберген Жұбановтың кейінгі ұрпаққа қалдырған аманатындағы естілді. «Ғалымның туған топырағында басталған той Қазақстанның басқа да облыстарында жалғасады, – деді Ә.Қайдаров. – Әйткені, Құдайберген күллі қазақ халқының ұлына айналды. Оның есімі ел есінде мәңгі-бақи сақталады».

Бұл күні естеліктер аз айтылған жоқ. Оның ішінде жалпы жүртшылыққа бұрыннан таныс та, беймәлім де деректер аз емес еді. Ғалымның өкшелес інілерінің бірі ретінде, оны көзі көріп, әңгімелеріне құлақ түрген Жұрын станциясының қарт тұрғыны Төреахмет Әбдіров тебірене сөйлемді. Қ.Жұбановты өзіне ұстаз санайтын Сағын Амандықов: «Мен ол кісінің тәрбиесінде болдым. Құдайберген біз үшін мақтаныш тұтарлық кісі еді. Ол аз өмірінде ғылымға үлкен үлес қосты. Қазіргі кезде ана тілінің тағдырына жауапсыздықпен қарайтындарды көргенде көңілге қаяу түседі, ғалымның осыған байланысты ой-пікірлерін еске аламын», – деді.

Химия ғылымдарының докторы, академик Болат Ахметұлы Жұбанов есімін ақтөбеліктер бұрыннан да жақсы біледі. Ол жиналғандар алдында ғалымның өзі көріп-білген қасиеттеріне баса тоқталды. Әсіресе, оның інісі Ахметке көп қамқорлық жасағанын, тыным таппайтын енбекқорлығын мақтан тұта баяндады.

Осындағы жанында кейде ой қозғайтын орынды проблемалардың да ортаға ұсынылатыны бар. Орқаштағы орта мектептің оқытушысы Қангерей Сарқұлов Алматыдан келген ғалымдарға Қ.Жұбановтың жарық көрген кітаптарының өзінің туған ауылында мұлдем табылмайтынын, алдағы кезде осы жағына қамқорлық жасауын өтінді. Сол сияқты Ахмет Жұбановтың да әр жылдарда шыққан кітаптарын табу қыындығы айтылды. Шынында да, қазақ халқына қос арыс берген ауыл тұрғындарының бұл базынасы ескерерлік еді.

Тағы бір проблеманы Үргыз тарихи-өлкетану музейінің директоры Б.Мырзабаев қозғады. Ол ескерткіштер мен естеліктердің жиналар орталығы ретінде облыс өнірінде Қ.Жұбановқа арнап музей ашу қажеттігіне тоқталды. Бұл пікірді жиналғандар ырзалақпен қолдағанын атап айтудымыз керек.

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Тіл білімі институтының тіл мәдениеті бөлімінің менгерушісі Р.Сыздықованың «Уақыт ақтаған азамат» атты мақаласы таяуда ғана облыстық газетте жарияланғаны көпшілік есінде. Сонда «Қ.Жұбановтың «сегіз қырының біреуі – оның суретшілік пен ою-өрнек өнеріне икемділігі. Сурет салу жөнінде ол тіпті маман суретшілерден консультация алғып жүргенін інісі Ахмет те жазады»

делінген. Әке бойындағы осы қабілетті өз бойына дарытқан Құдайбергеннің ұлы Ақырап – СССР Суретшілер одағының мүшесі, Алматы көркемсурет училищесінің директоры. Жұртшылық алдында сөз сөйлеген А.Жұбанов әкесінің білгірлігі мен зеректігіне байланысты естігендері мен көңілге түйген ойларын айтып берді.

Жиын сонында Құдайбергеннің кенже ұлы Асқар Жұбановтың Қазақ ССР Ғылым академиясы атынан әкесінің портретін «Орқаш» совхозы еңбеккерлеріне сыйға тартуы жан тебірентерлік көрініс болды.

Ғалымды еске алу құрметіне арналған рәсімі мұнымен де аяқталған жоқ. Құдайберген атамыз қадірлеп өткен қазақ өнері бүкіл ауыл жұртшылығын баурап алды.

Шалқарлық термеші Асқар Әминов өзінің жұрт ұйытар қоныр да мұнды дауысымен қапыда қиянатқа ұшыраған азаматтың қапастан шырқаған әнін орындағанда көзіне жас алып көңілі босамаған жан қалмады.

Ортаға айтыскер ақындар шықты. Олар –қызылордалық Бекұзақ Тәнірбергенов, Бибігүл Жаппасбаева, Оңталап Нұрмұханов және ақтөбелік Өтепберген Әбдіразақов, Мұханбет Еңсепов, Жолдыбай Айтқұлов.

Әңгіме бастаудың Құдайберген атамыздың жазықсыз жапа шегіп, енді кеш те болса есімінің ел ортасына оралғандығынан өрбіткен ақындар бүгінгі күннің тақырыбын жырларына арқау етті. Олар қайта құру әкелген жаңалық пен жариялышты дәріптеді, көлеңкедей сүйретіліп қалмай келе жатқан кемшиліктерді өткір тілмен түйреді. Айтыс арасында халық алдына шығып тұрған термешілер де көрермендер ықыласына бөленді. Шалқарлық мектеп оқушысы Рысжан Отарбаева, ырғыздық Қоянбай Тобагабылов, мұғаджарлық Аманғали Әбдіраманов, ойылдық Аманкелді Жәкешов ауылдың кәріжасының құлақ құрышын қандырды.

Уақыт түн ортасынан ауғанына қарамастан, Орқаш өнірін тербеген әнжыр әуені бір сәтке де толастамады. Сол сәттің бәрінде де ине шаншарлық орын болған жоқ. Мәдениет үйінің залы ішіндегі көрермен қауым тапжылмастан отырып, қол шапалақтаумен болды. Ғалым атамыз кезінде арман етіп, бірақ өзі көре алмай кеткен жақсы күннің жарқын да сәулетті шағын оның ұрпақтары бүгінгі салтанатты сәтте айқын сезінгендей болды.

Салтанатты жиын сонында «Орқаш» совхозының директоры А.Ермабетова «Жұбановтар көктемі» аясында үйімдастырылған айтыстың жүлдегерлері атанған Б.Тәнірбергенов пен Б.Жаппасбаевага бағалы сыйлықтар тапсырды.

Адам баласының тірлікте алғы күнге үміт етумен ғұмыр кешетіні расқой. Сонау отыз жетінші жылғы жаппай жазалаудың жазықсыз құрбаны болып өмірден баз кешер сәтте де:

«Тәнірім өміріме саулық берсе, Жақсылық күн барына етпеймін шек», – деп көкіректегі ой-арманын қағазға түсірген Құдайберген Жұбановтың жылдармен өлшенбейтін мәңгілік ғұмыры сан мындаған кейінгі ұрпақ көкейінде жалғасады. Соның бір дәлелін Орқаш өніріндегі рәсім де көрсеткендей еді...

СӨЗ СОҢЫ

Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов ұлттық тіл білімінің қаз тұрып, ірге тебуіне мұрындық болды. Құдай берген дарыны мен алған білімін сарқа пайдаланып үлгемесе де, болашаққа елеулі еңбектер мен өрелі ой-тұжырымдарын мұра етіп қалдырды. Проф. Қ.Жұбановтың ғылыми мұралары – оқыған сайын жаңа қырынан таныла түсетін өміршең дүниелер және оларды терендей таныған сайын қазіргі тіл білімінің деңгейіне сай келетін ой-түйіндерге қанығамыз. Әмбебап ғалымның, парасатты ойшылдың оқыту ісіне байланысты лингводидактикалық және әдістемелік тұжырымдары да қазіргі білім беру бағытының бастауы деуге әбден лайық.

Асқан ғалымдығымен, инемен құдық қазғандай һәм «ақырын жүріп, анық басқан» тәлімгерлігімен қатар (қазақ тілінен ғана емес, орта мектепте математика, физика, химия, педагогика, психология, логика пәндерінен де сабак берген) Алла нәсіп еткен журналистік, ақындық, суретшілік қабілеті, музыка зерттеушісі, психолог, әлеуметтанушы, білікті үйымдастырушы, полиглот болғаны, қайраткерлігі Қ.Жұбанов тұлғасын асқақтата танытады. Қ.Жұбанов туралы естеліктерден ғалымның сымбатты, сұлу болғанын, жүргегінің кіршіксіз тазалығы үйлескен, сабырлы да байсалды, ұлық бола тұра, кішіктікті танытатын қарапайым, әрқашан адалдық жолын ұстанғанжан болғандығын, абзal жанның азаматтық тұлғасын байқаймыз. Айтпағымыз да осы болатын.

Алайда... Тілінің табиғатын таныта жүріп, ұлтының тірлігіне уайым қылған қайраткер ғұмырының қысқа болғаны қынжылтады қазағымды. Астана қаласында өткен ғалымның 100 жылдық мерейтойында сөз сөйлеген көркем әдебиетіміздің көрнекті тұлғасы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбайұлы: «...Оның бойында бір басына жетерлік ондаған адамды айрықша көзге түсіре алатындей ерекше іс-қабілет пен таланты бар, әрі *тілші*, әрі *әдебиетші*, әрі *өнертанушы*, әрі *тарихшы*, әрі *жазушы*, әрі *суретші*, әрі *шебер*, әрі *әдіскер*, әрі *педагог*, әрі *үйымдастырушы*, әрі *суреткер*, әрі *сазгер*. Бұл жайсанды ерте жоғалтқаннан біздің ұлтымыздың ұтылған ұпайын санап шығудың өзі мүмкін емес», – деп (157) Құдайберген Қуанұлының бар болмысы мен қабілет-қасиетін жайып салады.

Қ.Жұбановтың тіл ғылымына қатысты *бізге жеткен* еңбектері бойынша он шақты ғылыми диссертация мен жүзден астам мақала жарияланып, ғалымның ой-тұжырымдары бүгінгі ғылым түрғысынан зерделеніп жатыр, ғалымның мерейтойларына арналған конференцияларда баяндалуда. «Жұбановтану» атты теңіздің терендігіне бойлау ісі әлі де жалғаса бермек. Алайда ... *бізге жетпеген*, атаулары ғана белгілі еңбектері туралы өкінішпен ой қозгауға тұра келеді...

Проф. Қ.Жұбановтың 30-жылдарда жазғандарынан жеке кітап, кітапша болып шыққандары, сол кездегі «Ауыл мұғалімі», «Политехникалық мектеп», «Әдебиет майданы» сияқты журналдарда басылғандары,

жинақтарға енгізілген мақалалары, Терминком бюллетенідерінде жарияланған материалдары мүмкіндігінше жиналып алынды, газет беттерінде жарық көрген мақалаларының да біршамасы табылды. Қ.Жұбановтың өзінің айтуы бойынша және кітапша мұқабаларындағы баспа жарнамаларында көрсетілуіне қарап, ғалымның төмендегідей еңбектері болғанын, тек олардың басылуға дайын тұрған жерінен (баспалар мен редакцияларда) жоғалып кеткенін өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер өкінішпен айтады.

Академик Р.Сыздықтың материалдары бойынша, профессор Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген жалпы атпен он сериялы еңбек дайындаған. Соның екі сериясы ғана баспадан шығып үлгерген, қалған 8 сериясы баспаға тапсырылғанымен, «халық жауының» еңбегі ретінде жойылып жіберілген. Бұл жайында К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай: «Ол (Құдайберген Жұбанов) академиялық ғылымның сөздің шын мағынасындағы ұйымдастырушысы ретінде көрінді. Бұл ретте ғалымның тек алғашқы екі бөлігі жарыққа шығып үлгерген («Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан», «Көмекші, құрделі етістіктер жөніндегі ескертпелер») он тақырыпты қамтитын «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» сериясы – өзі басқарған академиялық Тіл-әдебиет секторының субелі өнімі екендігін айтқан жөн. Егер осыған Ісмет Кеңесбаевтың редакторлығымен шығуға тиісті «Научная грамматика казахского языка. Том I. Фонетика» атты көлемі 30 баспа табақ деп жоспарланған кітаптың қолжазбасын қосатын болсақ, ғалым мұрасы қомақтанған түсері еді. Амал не, қолжазба баспаның портфелинен үрланған», – деген дерек келтіре отырып, «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты он тақырыпты қамтитын сериялы еңбектің екінші бөлігі ғана баспа бетін көрді де 1937 жылы баспадан шығуға тиісті сегіз тақырыптың бізге тек аттары ғана келіп жетті, ал қолжазбаның қағаз бетіне түскен текстері редактордың қолында кетті ме, жоқ басқаша күйге ұшырады ма, – әйтеуір ғайып болды. Мұның өзі қазақ тіл білімі үшін орны толмас өкініш екендігі даусыз», – деп налиды авторлар.

Ғалымдар зерттеулерінен бізге Қ.Жұбановтың қаламынан туып, әртүрлі жағдайларда, әртүрлі жерлерде жоғалып кеткен еңбектерінің аттары ғана белгілі:

1. Смысл бессмысличных слов [Доклад].
2. Скотоводческие междометия казахов [Доклад].
3. Фылыми грамматиканың материалдары, 1 т. Фонетика. 30 б.т.
4. Фылыми грамматиканың материалдары, 2 т. Морфология.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. II бөлім, 6-классқа арналған, 140 б.
6. О частях речи в казахском языке [Исследования по казахскому языку. Вып. 3].
7. Двойные слова синонимического типа [Исследования по казахскому языку. Вып. 4].
8. Возникновение фонематического различия глухих и звонких [Исследования по казахскому языку. Вып. 5].

9. «Подражательные» слова как особые формы словообразования [Исследования по казахскому языку. Вып. 6].

10. Скотоводческие междометия казахов [Исследования по казахскому языку. Вып. 7].

11. К природе и генезису залоговых форм в казахском языке [Исследования по казахскому языку. Вып. 8].

12. Структура местоимений в казахском языке [Исследования по казахскому языку. Вып. 9].

13. Элементы кинетической сигнализации в женской речи казахов [Исследования по казахскому языку. Вып. 10].

14. Вопросы казахского языкоznания. Сборник. Под ред. проф. Х.Жубанова. Книга 1 (3).

15. Еще раз о глаголе «де» // Вопросы казахского языкоznания. Сборник.

16. Причины выпадения беглых гласных в казахском языке // Вопросы казахского языкоznания: Сборник.

17. Қазақ тілінің академиялық сөздігі. 1-бөлім [А-Азу]. Академический словарь казахского языка. Вып. 1 / Под. ред. акад. А.Самойловича и проф. Х.Жубанова. Объяснения слов на каз. и рус. языках. (Еңбектердің атаулары қай тілде жазылғанына сол қалпында берілді).

Енді осы енбектердің кейбірінің белгілі тарихына тоқталайық. «Мағынасыз сөздердің мағыналары» атты тұнғыш мақаласы (о баста баяндама мәтіні) екі рет жоғалған. Алғашқы рет 1930 жылы басуга жіберілген жерінен «Қазақстанды зерттеу қоғамының» қағаздарының арасына түсіп кетіп жоғалады. Кейін автор оны «Қазақтардың малға айтатын одағайлары» деген атпен қайта жазып, екінші рет баспаға ұсынғанда, 1937-1938 жылдары тағы жоғалып кетеді...

Тағы бір назар аударуға лайық мәселе – «Академиялық сөздікке» қатысты. КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл-әдебиет секторын басқара жүріп, Қ.Жұбанов академик А.Н.Самойловичпен бірлесіп, қазақ тілінің бес томдық «Академиялық сөздігін» шығару ісін қолға алғаны анықталып отыр. Сөздікті құрастырушылар әр сөздің анықтамасын орысша-қазақша екі тілде бермекші болған. 1936-1937 жылдары бұл сөздіктің I бөлімі «А – азу» деген сөзге дейін жасалып, баспаға дайындалған. Әкінішке қарай, айтулы екі түркологтың екеуі де құғын-сүргіннің құрбаны болып кетті де сол кезде әзірленіп біткен бірінші томның қолжазбасы мен қалған томдардың материалдары, яғни картотекасы із-түссіз жоғалады, дәлірек айтқанда, «ұстаганның қолында, тістегеннің аузында» кетеді. Әйтсе де 1-томның машинкага басылған түптемесі әр жерден «қылаң беріп» қалады. Демек, бізғалым мұрасына әлде де жабыла іздеу сала беруіміз керек (4).

Құдайберген Куанұлының 1925 жылы «Сегіз бен Мақпал» пьеса жазып, Ақтөбе қаласындағы кенес-партия мектебінің, педтехникумнің оқушыларының күшімен, өзінің режиссерлығымен сахнаға қойғандығын жоғарыда айтқанбыз. Сондай-ақ 1932 жылы Шалқар мен Таразы қыздың

айтысын жазып алған. Алайда олардың мәтіндерінің де тағдыры белгісіз. Бұлардан өзге тезистері, әртүрлі жазбалары, хаттары болмауы мүмкін емес. Оларды іздең тауып, жүршылыққа ұсыну кейінгі зерттеуші буынның алдындағы азаматтық міндегі, ғалымдық борыш деп білеміз!

Жұсіп Баласағұни: «Білік деген – бір қазық, бәрі соған оралар», – десе, тіл білімінің алтын қазығының бірі – Құдайберген Қуанұлы іспетті! Оған әлі неше ғасырдың ұрпақтары оралатының бір Алланың өзі ғана біледі!

ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М., Қеңесбаев И. Қазақ лингвистикасының негізгі салушы – Основоположник казахской лингвистики // Қазақстан мұғалімі – Учитель Казахстана». 1957 ж., 5 желтоқсан.
2. Әуезов М. Ірі оқымысты // Шығ. жинағы. XX том. –Алматы, Жазушы, 1985. –358-359-бб.
3. Қайдар Ә.Т. Ел мақтаны // Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған ғылыми конференция (19 желтоқсан, 1989) материалдары. –Алматы, 1990. –5-11-бб.
4. Сыздық Р. Ғалым-азамат (Профессор Құдайберген Жұбанов туралы). –Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. –68 бет + 8 бет суретті жапсырма.
5. Қенжебаев К., Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов (Деректі ғұмырнама. –Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2000. –280 бет.
6. Жұбанов Е.К. Толғауы тоқсан қызыл тіл... (Лингво-мәдениет танымының көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер. –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеті. –2010. –259-286-беттер.
7. Беркінов Ә. Зейінді шәкірт еді ол // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990. –301-б.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: «Ғылым», 1966.
9. Жұбанов А. Өнегелі ғұмыр // «Қазақ әдебиеті», 1957 ж., 5 желтоқсан.
10. Решетняк В. Народный интеллигент // Учитель Казахстана. 1957 г., 5 декабря.
11. Қазақ ССР тарихы. Социализм дәүірі. Қаз. ССР FA баспасы. – Алматы 1963. –529-531-беттер.
12. Урекенова Р.А. Первый председатель гостерминкома республики // К.Жубанов и казахское советское языкознание. –Алма-Ата 1990. –С.170.
13. «Казахстанская правда», 18.04.1936.
14. Ашинин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М. Репрессированная тюркология / Ф.Д.Ашинин, В.М.Алпатов, Д.М.Насилов. –М., Вост. лит., 2002. –С.202-207.
15. Жұбанов А.К. Ұлттық филологиямыздың тарихында алғаш профессор атағы берілген Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың тағдыры жайында // Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері»атты халықаралық дөңгелек үтел материалдары. –Алматы, 2011, 49-58-бб.
16. Балақаев М. Ұстаздың жарқын бейнесі // Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы: Ғылым, 1990.
17. Қеңесбаев И. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов // Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. –3-17-бб.

18. Қайдаров Ә.Т., Әбдірахманов А. Тіл білімінің тарланы // Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе университеті. – 1998. –7-13-бб.
19. Ысқақов А. Профессор Қ.Жұбанов және қазақ тіл білімі // Қазақстан мектебі. – 1965. –№ 3.
20. Оралбаева Н. Грамматиканың шыққанына елу жыл // «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1987 ж., 9 қаңтар.
21. Қасым Б. Қ.Жұбанов еңбектеріндегі ғылыми бағыттар // Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі. – Алматы, 2010. – 345-б.
22. Салқынбай А. Қ.Жұбанов және тіл тарихы // Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе, 2005.
23. Кеңесбаев І., Мұсабаев F. Көрнекті ғалым (Профессор Құдайберген Жұбановтың өмірі мен мұралары туралы) // «Жүлдыш» журналы, 1958. №6.
24. Томанов М. Қазақ тілі тарихының кейбір мәселелері // Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығынаарналған ғылыми конференция (19 желтоқсан, 1989) материалдары. –Алматы, 1990. –35-40-бб.
25. Сергалиев М.С. Профессор Қ.Жұбановтың синтаксистік зерттеулері // Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе: Ақтөбе университеті. –1998. –24-28-бб.
26. Сатыбалов А.А. К вопросу о лияной онамастике у Кумыков // Советское языкоzнание. –М., 1936.
27. Жубанова А. А. Общелингвистическая концепция Х.К.Жубанова: Афтореф. дисс... канд.филол.наук. –Алматы, 2000. –28 с.
28. Жұнісбеков Ә. Қазақ фонетикасының ғылыми курсын жасаушы // Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы: Ғылым, 1990. 193-б.
29. Сәдуақас Н.Ә. Профессор Қ.Жұбанов және қазақ тілінің фонетикасы: Филол.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 1999. –128 б.
30. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. –448 б.
31. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы // Аламан. –Алматы: Ана тілі, 1991. 84-б.
32. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
33. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
34. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998.
35. Оралбаева Н. Қ.Жұбановтың грамматика ілімі // «Жұбановтану жылнамасынан» атты профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 105 жыл толу мерейіне орай жинақталған дерек көздері. – Ақтөбе, 2004. –120-б.
36. Айғабылұлы А. Қ.Жұбанов және морфонология мәселесі // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі: Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 1999. –88-б.
37. Қосымова Г. Қ.Жұбановтың грамматикалық атаулар мен ереже-түсініктерді берудегі дүниетанымы // «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері»

атты профессор Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2009. –38-б.

38. *Маманов І.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

39. *Ганиев Ф.А.* О синтетических и аналитических падежах в татарском языке // Вопросы тюркологии. – Казань, 1970.

40. *Шаяхметов Қ.* Екі функциялы аффикстер. –Алматы, 1973.

41. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1991. –172-б.

42. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казах-киргизского языка. Ч.2. Синтаксис. –СПб, 1897.

43. *Жаңабекова А.* Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері: Филол.ф.к. ... дисс. –Алматы, 2000.

44. *Балтабаева Ж.* Профессор Қ.Жұбанов септік жалғауларының бірде ашық, бірде жасырын келуі туралы // «Құдайберген Жұбанов тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2004. –105-108-бб.

45. *Мұхтаров С.* Қ.Жұбанов және қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру принциптері // «Жұбанов тағылымы» атты Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған республикалық конференция материалдары. –Ақтөбе, 1998. –131-134-бб.

46. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. –80-б.

47. *Жұбаева О.* Қ.Кеменгерұлының тілтанымдық мұрасы және лингвистикалық тұжырымдамалары: филол. ф.к. ... дисс. –Алматы, 2002.

48. *Қордабаев Т.Р.* Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. – Алматы, 1953. –37-б.

49. *Жаңабекова А.Ә.* Қ.Жұбанов және функционалды бағыт (семантикалық шақ категориясы негізінде) // «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты профессор Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2009. –128-б.

50. *Жұбаева О.* Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі шақ категориясын танудағы ұстанымдары // «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты профессор Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2009. –120-б.

51. *Оралбаева Н.* Қ.Жұбанов – қазақ тілін ғылыми түрғыда зерттеуші ғалым // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі: Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 1999. –23-29-бб.

52. *Жолшаева М.* Аспектуалды семантика: форма және мазмұн: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009. – 280 б.

53. *Омарова А.* Профессор Қ.Қ.Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы: филол.ф.к. ... дисс. – Алматы, 1999. –122 б.

54. *Дұзмагамбетов Е. Қ.Жұбанов мұраларындағы одағай категориясының танымы* // «Жұбанов тағылымы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2002. –176-178-бб.
55. *Жұбанов Е.К. Қ.Жұбанов мұраларындағы одағай категориясының танымы* // «Жұбанов тағылымы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2002. – 177-б.
56. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989.
57. *Алдашев Н.М. Қ.Жұбанов және сөзжасам мәселесі* // «Жұбанов тағылымы» атты Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған республикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 1998. –116-б.
58. *Тектігүл Ж. Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары: филол.ф.к. ... дисс.* –Алматы, 1994.
59. *Қалиев Е.М. Қ.Жұбанов – когнитолог* // «Жұбанов тағлымы – VII» халықаралық ғылыми конференция материалдары (Қазақ тілінің теориялық негізін қалаған лингвист, қоғам қайраткері, профессор Қ.Қ.Жұбановтың 110 жылдық және белгілі лингвист ғалым, профессор Е.Қ.Жұбановтың 80 жылдық мерейтойларына арналған). I-II томдар. –Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы АқМУ РББ, 2009. –100-б.
60. *Садирова К.Қ. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі синтаксисіне қатысты пайымдаулары* // «Жұбанов тағлымы – VII» халықаралық ғылыми конференция материалдары (Қазақ тілінің теориялық негізін қалаған лингвист, қоғам қайраткері, профессор Қ.Қ.Жұбановтың 110 жылдық және белгілі лингвист ғалым, профессор Е.Қ.Жұбановтың 80 жылдық мерейтойларына арналған). I-II томдар. –Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы АқМУ РББ, 2009. –204-207-бб.
61. *Жұбанов А.Қ. Проф. Қ.Жұбанов және қолданбалы тіл білімінің жаңа бағыты* // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері / Жауапты ред. С.Құлманов. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. –27-32-бб.
62. *Мұрсалімов Т. Қ.Жұбановтың сөздердің байланысу формаларын жіктеу принциптері* // Қазақ тіл білімі: Ұрпақ жалғастығы мен дәстүр сабактастығы: Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 1999. –43-49-бб.
63. *Айтбай Ө. Тілғұмырлар.* –Алматы, 2010.
64. *Есенов Қ. Ғалымның синтаксис жайындағы ілімі* // Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған ғылыми конференция (19 желтоқсан, 1989) материалдары. –Алматы, 1990. –32-35-бб.
65. *Жанұзақов Т. Қ.Жұбановтың еңбектеріндегі жалқы есімдердің зерттелуі* // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі: Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 1999. –72-80-бб.
66. *Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке.* –Алматы: Издательство «Арыс», 2005. –304 с.
67. *Тектігүл Ж. Қ.Жұбанов күрделі есімдер синтаксисінің танымдық сипаты жайында* // «Жұбанов тағлымы – VII» халықаралық ғылыми

конференция материалдары (Қазақ тілінің теориялық негізін қалаған лингвист, қоғам қайраткері, профессор К.К.Жұбановтың 110 жылдық және белгілі лингвист ғалым, профессор Е.К.Жұбановтың 80 жылдық мерейтойларына арналған). I-II томдар. –Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы АқМУ РББ, 2009. –125-129-бб.

68. *Тектігүл Ж.* Тарихи грамматика танымдары. –Алматы, 2008. –356-бет.

69. *Оралбаева Н.* Қазақ совет тіл білімінің негізін қалаушы // Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған ғылыми конференция (19 желтоқсан, 1989) материалдары. –Алматы, 1990. –21-29-бб.

70. *Кун Т.* Структура научных революций. –М., 1977.

71. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.

72. *Маслова В.А.* Современные направления в лингвистике. –М.: Академия, 2008.

73. Лингвистический энциклопедический словарь. Главный редактор В.Н.Ярцева. –М. 1990. –464 б.

74. *Будагов Р.А.* Язык – реальность – язык. –М.: Наука, 1983.

75. *Құрманбайұлы Ш.* Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). –Алматы: «Сөздік-Словарь, 2005. –240 б.

76. Терминология мәселелері. 2-кітап. –Астана: «1-С-Сервис» ЖШС, 2006. –228 б.

77. Атаулар сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. – 184 б.

78. *Миров М.* Қ.Жұбанов лингвистикалық терминдер хақында // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі: Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 1999. –190-198-бб.

79. *Жұбанов Е.* Профессор Қ.Жұбановтың қоғамдық, саяси және әлеуметтік ой-толғамдары // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі: Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 1999. –80-86-бб.

80. Қазақ тілінің емле ережелері // Төте оқу. – 1938 ж. –26 апрель (№10-11) // Ауыл мұғалімі. – 1938. –9 наурыз. –48 б. №6.

81. *Үәлиұлы Н.* Біріккен сөз туралы // ҚР ФА Хабарлары. –2006, №3. –1-5-бб.

82. *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. –Алматы, 1971.–25-б.

83. *Жанұзақов Т.* // Атаулар жайлы сыр шерткен // Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған ғылыми конференция (19 желтоқсан, 1989) материалдары. –Алматы, 1990. –89-98-бб.

84. *Жанұзақов Т.* Қ.Жұбановтың еңбектеріндегі жалқы есімдердің зерттелуі // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі: Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 1999.–72-80-бб.

85. *Керимбаева С.А.* Ономастическая экспликация мифологической модели мира в казахском языке. Автореф. дисс. ... канд.филол.наук. – Алматы, 2003. 24 с.

86. Сыздық Р. Құдайберген Жұбановтың есімі мен еңбектерін тағы бір еске алсақ //«Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты профессор Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2009. –3-б.
87. Ақынова Д. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақұлдау/мақұлдамау модалдігінің функционалды-семантикалық өрісі. –Алматы, 2010.
88. Смагұлова Г.Н. Қ.Жұбанов және тілдегі гендерлік оппозиция // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері / Жауапты ред. С.Құлманов. –Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. –240-242-бб.
89. Оразалиева Э.Н. Қ.Жұбанов идеяларының паралингвистика мәселелерімен сабактастығы Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе, 2005.
90. Сұлтан Ж.И. Тілтанныңдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі: филол.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 2008.
91. Баяндина С.Ж. Қ.Қ.Жұбанов мұрасындағы тіл қызметінің көрінісі // «Жұбанов тағлымы» V республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе: Полиграфия «Отандастар», 2002. –88-91-бб.
92. Хасанұлы Б. Қ.Жұбанов мұралары – отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін. –Ақтөбе, 2000. –119 бет.
93. Оразбаева Ф. Қ.Жұбановтың педагогикалық мұрасы: лингводидактика және әдістеме // Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе, 2005.
94. Мұратбек Б. Профессор Қ.Жұбанов стиль және тіл мәдениеті жайында // Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе, 2005.
95. Серғалиев М.С. Қ.Жұбанов және стилистика мәселелері // «Жұбанов тағлымы» IV республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе, 2004. –24-29-бб.
96. Момын Б. Құдайберген Жұбанов қазақ тілінің мәдениеті жайында // Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе, 2005.
97. Леонтьев А.А. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. –М., 2005.–636 с.
98. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – «Ан Арыс» баспасы, Алматы, 2007. – 312 б.
99. Кемерова Ж. Профессор Қ.Жұбановтың когнитивтік пайымдаулары, тілдік негіздері // Жұбанов тағлымы. VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2005. – 530 б. – 71-83-бб.
100. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995.
101. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.

102. *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.
103. *B. фон Гумбольдт.* Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985.
104. *Мырзахметов М.* Абайтанудың сын сағатында // Коммунизм жолы. –1989. –17 май, №93.
105. *Қаратаев М.* Профессор-патриот // Жұбановтану жылнамасынан. –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемелекеттік университетінің редакциялық-баспа бөлімі. –2004.
106. *Манкеева Ж.А.* Профессор Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі этнотаңбалық жүйе // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері / Жауапты ред. С.Құлманов. –Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 32-34-66.
107. *Сейдімбек А.* Құй-шежіре. – Алматы, 1997.
108. Жұрын аудандық «Коммунизм жолы» газеті. 1959 ж., 22 декабрь, №122.
109. *Шекті.* Темір уезінен // Қазақ. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 314 б.
110. *Мектепов А.* Дүрбелең жылдар дүбірі // Ақтөбе. – 1990 ж, 22 желтоқсан.
111. *Жұбанов Қ.* Қазаққа дүшпандық // Қазақ. – 1917 ж., 19 мамыр.
112. *Жұбанов Қ.* Емтихан // Қазақ. – 1916 ж., 10 мамыр.
113. *Жұбанов Қ.* Қашаған // Қазақ. – 1918 ж., 16 қыркүйек.
114. *Жұбанов Қ.* Аянышты хал // Алаш. – 1917 ж., 22 ақпан.
115. *Жұбанов Қ.* Коммуна мектебі жетіжылдық болсын // Еңбекші қазақ. – 1926 ж., №10.
116. *Жұбанов Қ.* Аулақтан оқыту // Еңбекші қазақ. – 1926 ж., 19 қаңтар.
117. *Жұбанов Қ.* Сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектеп // Кедей. – 1925 ж., 14 қазан.
118. *Жұбанов Қ.* Мұғалімдер, зер сал, губатком, жәрдем ет // Кедей. – 1925 ж., 5 желтоқсан.
119. *Жұбанов Қ.* Тұпсіз астай, құдай және Ақтөбенің ілім-мәдениет орындары // Еңбекші қазақ. – 1928 ж., 21 тамыз.
120. *Жұбанов Қ.* Әйел теңдігі туралы // Еңбекшіл қазақ. – 1924 ж., 5 тамыз.
121. *Байменшин С.* «Кедей» кітапханасының бірінші кітабы // Ақтөбе. – 1995 ж., 19 тамыз.
122. *Жұбанов Қ.* Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі // Қазақ әдебиеті. – 1935 ж., 20 қараша.
123. *Нурадинов А.* О психологических аспектах лингвистического учения профессора Х.К. Жубанова // Жұбановтағымы. – Ақтөбе, 1998. – 191 бб.
124. *Өуезов М.* Қазактың қалам қайраткерлеріне (ашық хат) // Өуезов М. Шығармалар: –Алматы: Жазушы, 1969. – 11 т. –26 б.

125. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993.–229 б.
126. Омашев Н. Радиожурналистика. –Алматы: Экономика, 2005.
127. Назарбаев Н. Жаңа заманға бастайтын жаһандану бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын талап пен жүктелетін жауапкершілікте күшайте түседі // Егемен Қазақстан. – 2005 ж., 22 сәуір.
128. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1957 ж., 5 декабрь.
129. Решетняк В. Ұмытылмас дос // Қазақстан мұғалімі. –1957 ж., 5 декабрь.
130. Жолаев Ж. Ауыл мұғалімінің ақылшысы // Қазақстан мұғалімі. – 1957 ж., 5 декабрь. №50.
131. Ақшолақов Т. Педагог-ғалым // Қазақстан мұғалімі. –1970 ж., 8 январь.
132. Құрманова Н. Қазақ мектебінің 6-класында сын есімді оқыту: филол.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 1992.
133. Жұбанова М.К. Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында. –Алматы, 2002.
134. Жұбанова М.К. Ұлттық тәрбие тағылымы (Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасы негізінде). –Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2012. –19-б.
135. Жаманбаева К. Қ.Жұбанов және қазақ тілі пәнін оқыту мәселелері // Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе университеті. –1998. –134-137-бб.
136. Берікұлы Н. Қ.Жұбанов және дидактика мәселелері // Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе университеті. – 1998. –71-76-бб.
137. Рахметова Р.С. Құдайберген Жұбанов зерттеулеріндегі жаңа технологияның нышандары // Жұбанов тағылымы – V. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті редакциялық-баспа бөлімі. 2002. –234-237-бб.
138. Бақытжанова А.К. Қ.Жұбанов және аударманың лексика-семантикалық проблемалары» // Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе университеті. –1998. –143-147-бб.
139. Ромен Роллан. Жан Кристоф. Т. 4. –М., 1924. –С. 68.
140. Рыбкин Н. Сборник задач по геометрии. Ч. 2. Стереометрия. –М., 1934. –С.7.
141. «Социалистік Қазақстан». 1935 ж., 29 қантар, №25.
142. Ұлықпанова Ә. Өлеңмен ойын өрген ғұлама еді немесе Қ.Жұбановтың ақындығы жайында. –Ақтөбе, Ақтөбе университеті. –1999. – №4.
143. Ермеков Ә. Абзал жанды аяулы аға // Оңтүстік Қазақстан. –1969 ж., 10 декабрь.

144. *Орманов F.* Профессор // «Социалистік Қазақстан» газеті, 1937 ж., 21 наурыз, № 65.
145. *Басқаков Н.А.* Один из первых советских тюркологов // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы: Ғылым, 1990.
146. *Жұбанов Қ.* Он үш жас күш // «Лениншіл жас» газеті, 1935 ж., 14 қаңтар.
147. *Ысмайылов Е.* Грамматикадағы анархия туралы // «Социалистік Қазақстан» газеті, 1935 ж., 30 қыркүйек.
148. *Сарыбаев Ш.* Қазақ тіл білімі мәселелері. –Алматы: Арыс, 2000. 592-596-бб.
149. *Балақаев М.* Қазақ тілі грамматикасы туралы // Социалистік Қазақстан. –1937 ж, 15 май, №109.
150. *Жолаева Ж.* Ағалардың ақ жолынан айнымай // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990.
151. Әділқасымов Б. Қазақ тіл білімінің қос бәйтерегі (ұқастық пен жалғастық) // «Қазіргі қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистиканың өзекті мәселелері»: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. –Алматы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2012. –304-306-бб.
152. *Миров М.О.* Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі: филол.ф.к. ... дисс. –Алматы, 1999.
153. *Қарабалина А.Ә.* Қ.Жұбановтың жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері: филол.ф.к. ... дисс. –Атырау, 2007.
154. *Жазықова М.К.* Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы. филол.ф.к. ... дисс. –Алматы, 2008.
155. *Оралбай Ә.* Құдайберген Жұбановтың публицистикасы. филол.ф.к. ... дисс. –Алматы, 2007.
156. *Жұбанова М.* Жұбановтар әuletі және заман белестері / Мұслима Құдайбергенқызы Жұбанова. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2013. – 240 бет + 12 жапсырма сурет.
157. *Кекілбайұлы Ә.* Ұлттық руханиятының өзегі // Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Астана, 1999. –30-34-бб.

МАЗМҰНЫ

СӨЗ БАСЫ (М.Малбақов)

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА ТАҒДЫРЫ (А.Қ.Жұбанов, Ж.Сұлтан, С.Құлманов)

Тамыры терең тектілік

Ағартушы әке

Зейінді шәкірт

Жігерлі жас маман

Алғашқы аспирант

Тұнғыш профессор

Қайраткер қызметі – құжаттар тілімен

Айыптау мен ақталу

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ, ФАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

«Қ.Жұбанов – ғылым көгінің жарық жүлдзызы» (А.Қ.Жұбанов, С.Құлманов)

«Бірде бәсек, бірде қатаң» (З.М.Базарбаева)

«Сөз материалының түр сипаты» (Ж.Манкеева, А.Ә.Жаңабекова, О.Жұбаева)

«Қынын тауып қаламасаң...» (С.Құлманов)

Тілтаным теориясы туралы тұжырымдар (Б.Хасанұлы)

Толғауы тоқсан термин сөз (Ә.Айтбай, Т.Жанұзақ, К.Айдарбек, Б.Жонкешов)

Әліпби деп аландап, емле деп елендеген (Н.Уәли, Қ.Күдеринова, Н.Әміржанова)

Атаулардың астары (Т.Жанұзақ, Қ.Рысберген)

СОНЫ СҮРЛЕУ (А.Жұбанов, Ж.Манкеева, Қ.Рысберген, А.Жаңабекова, С.Құлманов, Ж.Сұлтан, Ф.Ермекбай)

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

Көркемдікті көздеген көреген көз (Ә.Айтбаев, Т.Жанұзақ, Ж.Манкеева)

«Қараңғыға «Ай» туғызған» қаламгер (Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбановтың публицистикасы» атты кандидаттық диссертациясы негізінде дайындаған – А.Барменқұлова)

Ұстаз-ғалымның ұшқыр тағылымы (Ф.Оразбаева)

Тәлімгер тілмаш (Ә.Айтбай, Қ.Айдарбек, Б.Жонкешов, Е.Бесіров)

Құдай берсе, құлай береді (Р.Сыздықтың «Ғалым азамат» және К.Кенжебав пен Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов» атты еңбектерінің негізінде дайындаған – С.Құлманов)

ӨШПЕС МҰРА (Ж.Сұлтан)

Жұбановтану жалғастығы (А.Е.Жұбанова)

«Елімнің мақтанышы – Даналарым» (Ұ.К.Мұхамбетова)

ЖҰБАНОВТАР ЖҰЛДЫЗЫ (Т.Жанұзақ)

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

СӨЗ СОНЫ

ПАЙДАЛАНГАН НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР